Том 23

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

# В. И. ЛЕНИН

## 23
## ТОМ

*Март–сентябрь 1913*

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

3К 2
Л 40

Л $\frac{10102-219}{401(07)-77}$ 6—77

## АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 23-томына 1913 жылғы март — сентябрьде жаңа революциялық дағдарыс өршіген жағдайда жазылған шығармалары еніп отыр. Бұл шығармалардың көпшілігі «Правда» газетінде және «Просвещение» журналында жарияланған болатын.

Бұл том «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары» деген мақаламен ашылады; томға «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген еңбек те енді. Маркстің қайтыс болғанына отыз жыл толуына арнаған бұл шығармаларында Ленин Маркс ілімінің революциялық мазмұнын, оның ұлы күші мен өміршеңдігін ашып көрсетеді, марксизм жауларымен ымырасыз күрес жүргізеді, Россияның жұмысшы табының күресі мен халықаралық жұмысшы қозғалысының жаңа тәжірибесі негізінде маркстік теорияның маңызды қағидаларын дамыта түседі.

Ленин «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары» деген мақалада марксизмдегі басты нәрсе — пролетариаттың социалистік қоғамды жасаушы ретіндегі бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін анықтау екенін атап көрсетеді. Ол мынаны атап көрсетеді: марксизмнің программалық документі — «Коммунистік Манифест» жарыққа шыққаннан бері бүкіл дүние жүзілік тарих үш дәуірден: бірінші — 1848 жылғы революциядан Париж Коммунасына (1871) дейінгі, екінші — Париж Коммунасынан бірінші орыс революциясына (1905) дейінгі, үшінші — орыс революциясынан кейінгі дәуірден өтті.

«Марксизм пайда болғаннан кейін,— деп жазады Ленин,— бүкіл дүние жүзілік тарихтың осы ұлы үш заманының әрқайсысы оны жаңадан растап берді және жаңадан тамаша жеңістерге жеткізді. Ал келешектегі тарихи заман пролетариаттың ілімі болып табылатын марксизмді мұнан да зор тамаша жеңіске жеткізеді» (4-бет).

Ғылыми болжамға негізделген осынау данышпандық сөздер таңғажайып дәлдікпен және толығынан жүзеге асты. Ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзат тарихында жаңа дәуірді — империализмнің күйреу, отаршылдық системасының жойылу, капитализмнен социализмге өту дәуірін ашты. Россияның жұмысшы табы Ленин бастаған большевиктер партиясының басшылығымен дүние жүзінде тұңғыш социалистік мемлекетті құрды, марксизмнің программалық идеяларын тұңғыш рет жүзеге асырды — социализм орнатты. Қазіргі уақытта бұл ілім бір миллиардтан астам халқы бар елдерді біріктіретін дүние жүзілік социалистік системада жүзеге асырылып жатыр. Марксизм-ленинизм идеялары ықпал өрісін үздіксіз кеңейтуде, марксизм-ленинизм алдыңғы қатарлы адамзаттың ақыл-ойын толық билеп алып отыр.

«Маркстің ілімі,— деп жазады Ленин «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген мақаласында,— құдіретті ілім, өйткені ол дұрыс ілім. Оның ілімі — адамдарға соқыр сенімнің қандайымен болса да, реакцияның қандайымен болса да, буржуазиялық езгіні қорғаудың қандайымен болса да ымыраға келмейтін сындарлы дүние танымды беретін толық қалыптасқан және жүйелі ілім» (46-бет). Ленин марксизмді дүние жүзілік цивилизацияның шыңы, XIX ғасырда адамзат жасаған неміс философиясы, ағылшын саяси экономиясы, француз социализмі сынды ең таңдаулы ілімдердің заңды мұрагері ретінде сипаттайды.

Ленин Маркс пен Энгельстің философиялық материализмді қалай қорғап, дамытқанын көрсетеді; олар диалектикалық және тарихи материализмді қалыптастырып, философияда революциялық төңкеріс жасады. Маркстік философиялық материализм адамзатқа дүние-

пі танудың және оны өзгертудің ұлы құралдарын берді. Ленин жаратылыс тану ғылымының ең соңғы жаңалықтары — радий, электрондар, элементтердің өзге түрге айналуы — идеализмнің әлдеқашан әшкереленген догмаларын қайталайтын буржуазияшыл философтардың ілімдеріне қарамастан, диалектикалық материализмді толығынан дәлелдеді деп атап көрсетті. Маркстің тарихи материализмі — қоғам дамуының заңдылықтарын, бір қоғамдық-экономикалық формациядан екінші, неғұрлым жоғарырақ формацияға өтудің сөзсіздігін ашатын біртұтас және сындарлы ғылыми теория — ғылыми ойдың аса ұлы жеңісі болды.

Маркстің экономикалық ілімін сипаттай келіп, Ленин мынаны атап көрсетеді: классикалық саяси экономияның табыстарына сүйене отырып, Маркс жаңа экономикалық ілімді жасады, ал бұл ілім саяси экономияда түбегейлі төңкеріс, нағыз революция туғызды. Қосымша құн туралы ілім Маркстің экономикалық теориясының іргетасы болып табылады. Маркстік саяси экономия капитализмнің сөзсіз құритындығын және социализмнің жеңіске жететінін, «еңбектің капиталды жеңетінін» ғылыми терең негіздеп береді.

Марксизм дегеніміз — дүниені революциялық жолмен қайта құрудың, социализмге өтудің сенімді жолын көрсететін ғылыми социализм. Капиталистік қоғамды айыптаған және сынаған утопиялық социализмнің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин утопистердің капитализмнен құтылудың шын мәніндегі жолын көрсете алмау себебін түсіндіреді. Маркс пен Энгельстің сіңірген ұлы еңбегі мынада: олар капитализмге ғылыми талдау жасап, оның даму заңдарын ашты, жаңа қоғамды орната алатын қоғамдық күшті — маркстік партия бастаған жұмысшы табын көрсетіп берді. Антагонистік таптарға бөлінген қоғамның дамуының негізі және қозғаушы күші тап күресі болып табылады. Дүние жүзілік тарихтың бүкіл барысы осыны дәлелдеп отыр.

Марксизм, деп жазады Ленин, өзіне барлық буржуазиялық ғылымның мейлінше дұшпандығы мен өшпенділігін туғызып отыр, өйткені бұл ғылым капитализмді қорғайды, ал марксизм оған қарсы аяусыз соғыс жа-

риялады. Буржуазия мен оның малайлары марксизмді жоққа шығаруға және құртуға барынша тырысып отыр. Бірақ бұл әрекеттердің бәрі күйреп келді және күйреп жатыр. Миллиондаған еңбекшілер марксизм-ленинизмнің ұлы ілімі төңірегіне топталған үстіне топтала түсуде.

Тарих диалектикасы мынадай, деп атап өтеді Ленин, марксизмнің теория жүзінде жеңіп шығуы оның дұшпандарын марксистер болып өңін айналдыруға мәжбүр етеді. Революциялық марксизмнің дұшпандары бұл тәсілді бұрын да пайдаланып келді, оған қазір де барып жүр. Ленин марксизмнің ашық жауларына қарсы да үзілді-кесілді күрес жүргізді, осы заманғы оңшыл социалистер сияқты, олар да ғылыми социализмнен біржола қол үзіп, пролетарлық революциядан, тап күресінен ашықтан-ашық безіп шыққан, капитализмді құлатудан бас тартуды, буржуазиямен «әлеуметтік татулықты», т. т. уағыздаған болатын.

«Тап күресінің либералдық және маркстік ұғымы туралы» деген мақалада тап күресі туралы мәселе марксизмнің ең негізгі мәселелерінің бірі деп атап көрсетіледі. Ленин оппортунистердің тап күресіне маркстік көзқарасты либералдық көзқараспен алмастырмақ болған әрекеттерін әшкерелейді. Буржуазия идеологтары капитализмді қорғаудың құлқынқұмарлық мүдделерін көздеп, тап күресін қырнағысы келеді, бұл ұғымды бұрмалағысы және тарылтқысы келеді, оның өткірлігін мұқалтқысы келеді, тап күресін ұсақ нәрселермен шектеп, ең басты нәрсені — мемлекеттік өкімет билігін жеңіп алуды оған енгізбеуге тырысады. Оппортунистер де дәл осындай позицияда тұр. Қоғамдық құбылыстарға революциялық тұрғысынан қараудан бас тартқан жойымпаздарға қарсы марксистердің барлық таластарының идеялық негізі нақ осында болатын. Тап күресі туралы маркстік революциялық ұғым, деп жазады Ленин, мемлекеттік өкімет құрылысын да, яғни буржуазиялық диктатураны жаңа мемлекетпен — пролетариат диктатурасымен алмастыру қажеттігін қосатын саясат мәселелерін де міндетті түрде қамтиды. Марксизм таптардың күресін мойындауды пролетариат диктатурасын мойын-

дауға дейін ұластырады деп Ленин талай рет атап көрсетті. Тап күресінің сипаты мен мақсаты жөніндегі лениндік анықтаманы большевиктік партия әрқашан да басшылыққа алып келді; бұл анықтаманың капиталистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін көкейтесті маңызы бар.

Осы томға енген шығармаларында Ленин капиталистік қоғам қайшылықтарының шиеленіскенін, өскен өндіргіш күштер мен олардың буржуазиялық қабыршағы, капиталистік өндірістік қатынастар арасындағы қақтығыстың ұлғайып бара жатқандығын, еңбек пен капитал арасындағы антагонизмнің, империалистік мемлекеттер мен оянып келе жатқан отарлар арасындағы қайшылықтардың күшейгенін көрсетеді. Капитализмнің — арам тамақтардың баюы үшін еңбекшілерді қанау системасының — күні өтіп барады, ол адамзат қоғамының прогресіне бөгетке айналуда,— осы қағида Лениннің бірқатар еңбектерінде дәлелденеді.

Капиталистік қоғам жағдайында ғылым мен техника, ашылған жаңалықтар мен өнер табыстары буржуазияның пайдасын көбейтетін құрал қызметін атқарады, ал олардың еңбекшілерге әкелетіні: қанауды күшейтеді, жұмыссыздықты көбейтеді, материалдық жағдайды нашарлатады. Ленин мұны тейлоризмді талдауға арналған «Тер сығып алудың «ғылыми» жүйесі» деген мақаласында айқын көрсетеді. Өндірісті ұйымдастырудағы жетілдіру атаулының бәрін капиталистер еңбекті интенсивтендіруді күшейту үшін — жұмыс күні ішінде жұмысшыдан неғұрлым көп еңбекті сығып алу үшін пайдаланады. «Жұмысшы алғашында қосымша ақы алады. Ал жүздеген жұмысшы жұмыстан шығарылған. Қалғандары жұмыста әбден титықтап, төрт есе интенсивтірек істейді. Жұмысшының бар күшін сығып алғаннан кейін, оны қуып шығарады» (21-бет). Бұл капиталистік құрылыс табиғатының өзінен туатын құбылыс.

Дамып келе жатқан техника, деп атап көрсетіледі «Техниканың ұлы жеңістерінің бірі» деген мақалада, еңбекшілерді жалдама құлдыққа душар етіп отырған капитализмнің қоғамдық жағдайлары шегінен барған

сайын асып шығып барады. Социализм тұсында техниканың дамуы, халық шаруашылығын электрлендіру еңбек жағдайын түбегейлі өзгертеді, жұмыс күнін 8 сағаттан 7 сағатқа дейін және одан да кемітуге мүмкіндік береді. Мұның өзі СССР-де социализм жеңгеннен кейін іс жүзінде жүзеге асырылып келеді.

Капитализм қайшылықтарының шиеленісуіне байланысты дүние жүзілік империалистік соғыстың қаупі күшейе бастады. Ленин бірқатар мақалаларында, атап айтқанда «Қарулану және капитализм» деген еңбегінде, барлық елдерде буржуазиялық саясатшылар отанды қорғау жайындағы жалған сөздерімен бүркемелеуге және ақтауға тырысқан саясатты — жанталаса қарулану саясатын әшкерелейді. Қаруланудың айлакер капиталистік «әдісін» әшкерелей келіп, Ленин зеңбірек, динамит және мылтық жасайтын фабрикалар мен заводтар *халықаралық кәсіпорындар* болып табылатынын, әр түрлі елдер капиталистерінің халықтарды бірлесіп алдап, тонап отырғанын көрсетеді.

Мәдениетті құртатын құралдармен «мәдениетті қорғау» туралы мылжыңдайтын, бейбітшілік мүдделерін, мәдениет пен цивилизацияны қорғауды тілге тиек етіп, жанталаса қаруланууды ақтайтын соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы айтылған Лениннің бұл ызалы сөздері қазір де орасан зор әшкерелегіш күшпен естіледі. Жел сөздерге сенбеңіздер, деп үйретеді Ленин еңбекшілер бұқарасын, одан да мұның кімге тиімді екеніне көз жүгіртіңіздер. Егер белгілі бір ұсыныстар мен шараларды қандай саяси немесе әлеуметтік күштер мен топтар ұсынып, қорғап отырғаны бірден байқала қоймаса, деп кеңес береді Ленин, әрқашан да бұл көзқарастар, ұсыныстар және шаралар *кімге тиімді* деген сұрақ қойған жөн. Ленин капитал алпауыттарының баюы үшін «халықтарды қарулану ісінде бәсекеге итермелейтін бір-бірімен тығыз байланысты халықаралық шайка» болып алған буржуазиялық саясатшыларды өлтіре әшкерелейді.

«Бейбітшіліктің бірден-бір кепілі,— деп үйретеді Ленин,— жұмысшы табының ұйымдасқан, саналы қозғалысы ғана» (158-бет).

Ленин басқыншылық және шағын елдердің ішкі істеріне дөрекі түрде араласудың империалистік саясатын, атап айтқанда Балқандағы халық бұқарасының демократиялық қозғалысын тұншықтыруға тырысқан европалық буржуазияның реакциялық саясатын масқаралады. Ол 1905—1907 жылдардағы орыс революциясы ояткан Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын жаныштауға тырысқан халықаралық буржуазияның әрекеттерін әшкерелейді. Пролетариат адамзаттың жарқын болашағы жолында, мешеулік пен тағылыққа, құлдыққа және адамның адамды қорлауына қарсы күрес жүргізіп отырғанда, империалистік буржуазия мешеулік, күні өткен, орта ғасырлық атаулыны қолдайды. Дамып және күшейіп келе жатқан пролетариат алдында қорыққандықтан күні өткен буржуазия капиталистік құрылысты қорғап қалу үшін реакциялық күштердің бәрімен қосылып, айуандыққа және қылмыс жасауға дейін барады.

Ленин отар халықтардың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресін пролетариаттың капитализмге қарсы күресінің құрамдас бөлігі деп қарайды. Ленин езілген халықтардың барлық цивилизациялық елдердегі пролетариат сияқты адал да сенімді одақтасы бар екенін, пролетариаттың жеңіске жетуін дүние жүзінде ешқандай күштің тоқтата алмайтынын, ол жеңістің Азия халықтарын да азат ететінін көрсетеді. Ленин революцияшыл пролетариаттың және Шығыстың отар халықтарының ортақ жауы — империализм екенін түсіндіріп берді, сөйтіп халықаралық пролетариат пен отар және тәуелді елдер халықтарының бірлігі мен жауынгерлік ынтымақтастығының ұлы идеяларын дәйектілікпен жүргізіп отырды. Лениннің мақалалары езілген халықтардың ұлт-азаттық қозғалысына деген ыстық сезімге және отаршылдық системаға деген өшпенділікке толы.

Азиядағы демократиялық қозғалыстың алдыңғы сапында қытай халқы күресті. Ленин Қытайдағы оқиғалардың қалай өрістеуін жіті қадағалап отырды, халықаралық буржуазияның қытай революциясын тұншықтыру, Қытайды бөліске салу және топау әрекеттерін әшкерелейді. Қытай халқының және Азияның басқа да

халықтарының ұлт-азаттық күресінің перспективаларына баға бере келіп, Ленин олардың әділ ісінің жеңетіндігіне кәміл сенім білдірді: Лениннің «дүние жүзінде ешқандай күш Азияда ескі крепостниктік тәртіпті қайта қалпына келтіре алмайды, азиялық және жартылай азиялық елдердегі халық бұқарасының қаһарман демократизмін жермен жексен ете алмайды» деген болжамын өмір толығынан растап шықты (3-бет).

Революциялық қозғалыстың өрістей түсуіне және империалистік соғыстың төніп келуіне байланысты буржуазия жұмысшы табын жікке бөлуге, пролетариаттың интернационалдық бірлігі мен ынтымағын бұзып, әлсіретуге тырысып, барлық жерде ұлтшылдық насихатты өршітіп бақты. Ленин ұлт мәселесі жөніндегі мақалалары мен рефераттарында жұмысшы табын буржуазиялық ұлтшылдық қаупінен сақтандырады, империалистік державалардың отаршылдық саясатын барған сайын ашық қолдап отырған II Интернационал партияларының теріс теориясы мен практикасын қатал айыптайды.

Осы томға енген шығармаларында, ең алдымен «Ұлт мәселесі жөніндегі тезистерде» және «Жұмысшы табы және ұлт мәселесі» деген мақаласында Ленин большевиктік партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясатын негіздейді, ұлт мәселесін революция туралы жалпы мәселенің құрамдас бөлімі деп қарайды. Ол партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасын ревизиялау әрекеттерінің қандайына болсын қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізеді, ұлттардың өзін өзі билеу және дербес мемлекет болып өмір сүру правосын марксизмнің программалық талабы ретінде дәйектілікпен қорғайды.

Ленин капитализмге қарсы күрестің жеңіп шығу мүдделері барлық ұлттар жұмысшыларының мейлінше тығыз бірлігін, пролетарлар армиясының бірлігін талап ететінін түсіндіреді. Революция пісіп-жетіле бастаған кезде буржуазия оның дамуын бөгеу үшін барлық құралдарды іздестіреді, осындай құралдардың бірі ұлтшылдық болып табылады, оның мақсаты — жұмысшылардың бірлігін әлсірету арқылы пролетарлық тап күресіне, бостандық пен демократия, социализм ісіне соққы беру. Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетар-

лық интернационализм — әр түрлі таптық лагерьлерге сәйкес келетін бітіспес жау саясаттар.

Түрлі ұлттардың жұмысшыларын бөлшектеп, оқшаулап тастамақ болған әрекеттердің қандайына болса да қарсы батыл күресе отырып, Ленин түрлі елдердің оппортунистері өршелене уағыздаған «мәдени-ұлттық автономия» ұранының марксизммен және революция мүдделерімен сыйыспайтынын көрсетеді. Ленин түрлі ұлттардың пролетариатын бөлшектейтін «мәдени-ұлттық автономия» ұранын буржуазиялық ұлтшылдықтың белгісі деп сипаттады. Бұл ұран пролетариаттың тап күресінің интернационализміне қайшы келеді, пролетариат пен еңбекшілер бұқарасын буржуазиялық ұлтшылдық идеясының ықпалына түсіруді жеңілдетеді, тұтас алғанда мемлекетті дәйекті демократиялық жолмен қайта құру міндетінен басқа жаққа бұрып әкете алады. Ленин былай деп көрсетеді: пролетариаттың ұраны — демократизмнің және дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті; бұл мәдениет әрбір ұлттық мәдениеттен оның дәйекті демократиялық және социалистік элементтерін алады.

Ұлт мәселесінің түбегейлі шешілуін тек социалистік революцияның жеңісі ғана қамтамасыз етеді. «Ескі дүниеге, ұлттық езушілік, ұлттық өзара қырқыс немесе ұлттық оқшаулану дүниесіне жұмысшылар барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің жаңа дүниесін, ешбір нұрсаттылыққа, адамды адамның ешқандай езуіне орын берілмейтін дүниені қарама-қарсы қояды» (164—165-беттер). Мұның өзі жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі орнаған Совет Одағындағы және Европа мен Азияның басқа да елдеріндегі социалистік қоғам жағдайында нақты шындыққа айналып отыр.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында халықаралық жұмысшы қозғалысында революцияшыл марксистер мен оппортунистер арасындағы күрес шиеленісе түсті. Бұл мәселелер Лениннің 1913 жылы жазылған және осы томға енгізіліп отырған бірқатар мақалаларында баяндалады. Ленин Англияның мысалы арқылы жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің тарихи тамырларын ашып береді, жұмысшы ұйымдарының рефор-

мист лидерлері жүргізіп келген буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатының қауіптілігін көрсетеді. Ленин Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, оның шынында да социализмнен тәуелсіз, бірақ либерализмге толық тәуелді екенін, өзінің идеологиясы мен тактикасы жағынан алғанда нағыз оппортунистік партия екенін көрсетеді.

Ағылшын парламентінде жекелеген жұмысшы депутаттардың теңіз министрлігінің бюджетін жақтап дауыс беруі социализмге опасыздық жасаудың, жұмысшы ісіне опасыздық жасаудың айқын мысалы болды, ал мұндай опасыздыққа оппортунизм алып барады. Ленин Индияның және басқа отарлардың жүздеген миллион халқын барып тұрған арсыздықпен езіп, тонауға көмектескен әскери флотты қорғаушылар рөлінде көрінген ағылшын «социалистерін» масқара етті. Осы факт арқылы Ленин оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатының қауіптілігін және апатқа ұшырататындығын түсіндіреді.

Бельгиядағы 1913 жылғы апрельдегі жаппай стачканың сабақтарын талдағанда бұл қағида тағы да ерекше баса айтылады. Бұл стачканың «сәттілігі *аз»* болуының себептерін аша келіп, Ленин ең алдымен Бельгия социалистерінің бір бөлегі арасында, әсіресе парламентарийлердің арасында оппортунизм мен реформизмнің үстем болып отырғанын көрсетеді. «Либералдарға онша жалтақтай бермеу керек, оларға онша сене бермеу керек, пролетариаттың дербес, қалтқысыз күресіне көбірек сену керек — Бельгиядағы стачканың бірінші сабағы, міне, осы». Стачканың «ішінара табыссыз» болуының екінші себебі — Бельгиядағы жұмысшы ұйымдарының әлсіздігі, пролетариат партиясының әлсіздігі. Ленин социалистік насихатқа көбірек көңіл болу қажет, «берік, принцип жағынан ұстамды және социализмге адал берілген, қатаң партиялық ұйымды топтастыру жөнінде көбірек жұмыс істелсін — Бельгиядағы стачканың екінші сабағы, міне, осындай» (162-бет) деп жазады.

Оппортунизмді социализмнің түбегейлі мақсаттарын ұмытушылық ретінде сипаттай келіп, Ленин революцияшыл жұмысшыларды ең көкейтесті талаптар жолын-

дағы күресті социализмнің түбегейлі мақсаттарымен байланыстыра білуге үйретті. Социализм — адамзатты жарылқай салатын дайын система емес, ол өзінің түбегейлі мақсаты — капитализмді құлатып, социализмнің жеңісіне жету жолындағы бүгін бір мақсаттан, ертең екінші мақсатқа қарай ілгері басып келе жатқан пролетариаттың тап күресі арқылы жеңіп алынады.

Ленин революцияшыл марксистерді буржуазиялық идеологияға қарсы, оның жұмысшы қозғалысына кіруге тырысқан әрекеттері атаулының бәріне қарсы талмастан күрес жүргізуге шақырды. Жұмысшылардың жан-жақтан буржуазиялық газеттердегі телегей-теңіз өтірікпен қоршалғандығы соншалық, олар қайткенде де шындық үшін күресуге, өтірікті тани білуге және оны жоққа шығара білуге үйренуі тиіс. Ленин буржуазиялық баспасөздің жалған насихатын қалай әшкерелеп, қалай жоққа шығарудың үлгілерін корсетіп береді.

Осы жөнінен алғанда «Капиталистік байлықтың өсуі» деген мақала ерекше назар аударарлық, мұнда акционерлік қоғамдардың дамуына байланысты капиталдың «демократиялануы» туралы буржуазияның ғалым малайларының пайымдаулары әшкереленеді. Ленин ұсақ акционерлердің аз ғана қаржыларын озіне там-тұмдап қосып алу арқылы ірі капитал озінің құдіреттілігін қалай арттыратындығын иланымды корсетіп береді. Акционерлік қоғамдар арқылы миллионерлер өздерінің миллиондарын ғана билеп қоймайды, сонымен қатар көптеген мың ұсақ қожайынсымақтардан жиналған қосымша капиталға да билік жүргізеді. «Капитализмді қорғаушы профессорлар ұсақ акционерлер санының өскенін коріп, меншікшілер санының өскені туралы мылжыңдайды. Ал іс жүзінде миллионер-шонжарлардың «қалтасы таяздардың» капиталына *деген* өктемдігі (кірісі де) артып отыр» (205-бет). Бұл нұсқаулар коммунистік және жұмысшы партияларға «халықтық капитализмнің» қазіргі буржуазиялық-апологетикалық теориясын әшкерелеуге және оны теріске шығаруға көмектеседі, ал бұл теория монополистік капитализмді жаңа қоғамдық құрылыс, мұнда жұмысшылар кәсіпорындарды меншіктенуші (ортақ иеленуші) болып алды-мыс,

мұнда еңбек пен капитал арасында татулық орнаған деп көрсетеді.

Ленин сондай-ақ неомальтусшілдіктің реакциялық, қорғалақ ілімін жұмысшы табына әкеп таңуға тырысқан әрекеттерге де батыл қарсы шығады. Бұл ілім, деп атап көрсетеді Ленин, қоғамда ұлы өзгерістер жасауға тиісті және оған әзір тұрған алдыңғы қатарлы, революцияшыл таппен сыйыспайды. Лениннің «Жұмысшы табы және неомальтусшілдік» деген мақаласындағы мына сөздері пролетариаттың революциялық күшіне деген мызғымас сенімге, жұмысшы табының капитализмге қарсы, социализм жолындағы күресіндегі ерлігіне деген шексіз ризашылық сезімге толы: «Біз өз әкелерімізден гөрі жақсы күресіп отырмыз. Біздің балаларымыз бұдан да жақсы күреседі, сөйтіп *олар жеңеді.*

Жұмысшы табы құрымайды, қайта ол күресте өседі, нығаяды, есейеді, топтасады, көзі ашылады және шынығады... Біз қазір жаңа үйдің іргетасын қалап жатырмыз, ал біздің балаларымыз оны салып бітіреді» (283-бет).

Осы томға енген шығармалардың басым көпшілігі революциялық өрлеу өсіп келе жатқан кезеңдегі Россиядағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдауға арналған. Ленин бұл шығармаларында елдегі саяси өмірдің аса маңызды жақтарын, таптардың және партиялардың күресін баяндайды. Көлемі шағын, бірақ мазмұны терең көптеген мақалаларда Ленин жұмысшылардың правосыздығы мен қаналуын, қайыршылануын, буржуазияның баюын, еңбекші шаруалардың күйзеліске ұшырауының күшеюін, тап күресінің шиеленісе түсуін айқын бейнелеп береді. Бұл шығармалар Лениннің, большевиктер партиясының жұмысшы бұқарасын топтастырып, тәрбиелеу және оларды революцияға әзірлеу жөнінде атқарған орасан зор жұмысын көрсетеді.

Ленин экономикалық және саяси жағдайды, елдегі таптардың арасалмағын терең талдау негізінде 1913 жылғы июньде революциялық жағдайдың туып отырғанын, Россиядағы саяси дағдарыстың жалпы ұлттық көлемде шиеленіскенін атап көрсетеді. Мұның өзі тап күресі шиеленісуінің, жұмысшы табы мен шаруалар-

дың буржуазиялық-помещиктік езгіге, қайыршылыққа, правосыздыққа, халықты қорлауға қарсы наразылығының өсуінің нәтижесі еді.

Ленин «Революцияшыл пролетариаттың маевкасы» деген мақаласында революциялық күрестің маркстік теориясы мен тактикасын байыта түскен революциялық ситуация туралы мынадай маңызды қағиданы ұсынады: «Бір ғана езушілік, қаншама зор болғанмен де, елде революциялық жағдайды әрқашан да туғыза бермейді. Революцияның болуы үшін *төменгілердің* бұрынғыша тұрғысы *келмеуі* көбінесе жеткіліксіз болады. Ол үшін мұның үстіне *жоғарғылардың* бұрынғыша қожайындық ете *алмауы,* басқара *алмауы* керек. Россияда біз қазір нақ осы жағдайды көріп отырмыз» (328-бет). Осы қағиданы дәлелдей келіп, Ленин елдегі революциялық дағдарыстың өршуі заңды құбылыс екенін, ол Россияның экономикалық және саяси өмірінің бүкіл даму барысы арқылы әзірленгенін көрсетеді.

Өте көп нақты материалға сүйене отырып, Ленин жаңа революцияның әлеуметтік-экономикалық және саяси тамырларын, себептерін ашып берді. Ол сол кездегі қоғамдық құрылыстың, крепостниктер мен қаражүздік Думаның өктемдігінің Россиядағы өндіргіш күштердің жағдайымен де, сондай-ақ бірінші орыс революциясы оятқан бұқараның саналылық дәрежесімен және талаптарымен де мүлде сәйкес келмейтіндігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Реакциялық қоғамдық-саяси құрылыс елдің өндіргіш күштерінің дамуын тежеп келді. Реформадан соңғы кезеңде Россияның өнеркәсібі өнім өндіруді бірнеше есе арттырғанымен, басты капиталистік елдермен салыстырғанда, ол өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жағынан және әсіресе өнімнің жан басына шаққандағы мөлшері жағынан көп артта қалған еді. «Россия,— деп жазды Ленин 1913 жылы августа,— адам айтқысыз, өте-мөте мешеу, қайыршы, жартылай жабайы ел, осы заманғы өндіріс құралдарымен Англиядан төрт есе, Германиядан бес есе, Америкадан он есе нашар жабдықталған ел болып қалып отыр» (396-бет). Әсіресе, цивилизацияның негізгі тіректерінің бірі — темір өнді-

ру жөнінен Россияның артта қалушылығы адам айтқысыз күшті болды.

Елдің экономика жағынан артта қалу себептерін — Россияда капитализмнің дамуы «тасбақаша баяу» жылжыған себебі не, бұл артта қалушылықтың барған сайын күшейіп бара жатқан себебі не екенін түсіндіре келіп, Ленин елдің экономикалық дамуын тежеп келген крепостниктік тәртіп қалдықтарының реакциялық ролі екендігін қайта-қайта баса айтады. Сонымен қатар Ленин россиялық империализмнің өзіндік өзгешелігін де ашып көрсетеді, оның бұл өзгешелігі монополистік капиталдың феодализм қалдықтарымен қабаттасып жатқанында, монополиялардың қазыналық поставкалар мен жәрдем қаржыларға тәуелділігінің күштілігінде болатын. Россияның ірі өнеркәсібінде монополистердің шағын тобы үстемдік жүргізді, бұл топ мемлекеттік жәрдемге және қаражүздік помещиктермен мәмлеге арқа сүйеді, ал қаражүздік помещиктер өздерінің орта ғасырлық жер иелігімен және өздерінің езгісімен халықтың көпшілігін қайыршылыққа, ал бүкіл елді артта қалушылық пен тоқыраушылыққа душар етіп отырды (397-бет).

Россия мен Америка Құрама Штаттары жұмысшыларының тұрмыс дәрежесін салыстыра келіп, Ленин орыс жұмысшысының орташа табысы американ жұмысшысынікінен төрт есе кем болғандығын атап көрсетеді. Бірақ патша өкіметі мен орта ғасырлық крепостниктік езгі өндіргіш күштердің дамуын бөгеп қана қойған жоқ және халықты қайыршылық тұрмысқа душар етіп қана қойған жоқ,— олар сонымен бірге елді мәдениет жағынан масқара мешеу қалдырды. Россия халықтың сауаттылық дәрежесі жөнінен Европада соңғы орында болды. Елде реакциялық күштердің үстемдік етуі халықты материалдық қайыршылық пен рухани қайыршылыққа бірдей душар етті.

Елдегі қоғамдық, экономикалық және саяси жағдайды, таптардың күштерінің арасалмағын терең зерттеу негізінде Ленин *Россия үшін революциялық жолдан басқа құтылу жолы жоқ* деген қорытынды жасайды. Жалпы саяси дағдарысты жоғарыдан реформалар жа-

сау жолымен бейбіт шешуге объективті жағдайлар ешқандай мүмкіндік қалдырмады. Контрреволюциялық система, деді Ленин 1913 жылы апрельде, сарқылып бітті, оның әлеуметтік күштері сарқылды; қазіргі Россияда жағдай ешқандай реформа мүмкін болмайтындай түрде қалыптасып отыр.

Ленин былай деп үйретті: төменгілердің езілуі де, жоғарғылардың дағдарысы да әлі революцияны туғыза алмайды; елде «езілудің енжар жағдайын ашынудың және көтерілістің белсенді жағдайына айналдыратын революциялық таптың» болуы қажет (330-бет). Ленин Россияда жақындап келе жатқан революцияның табысқа жетуінің кепілі алдыңғы қатарлы жұмысшы табы деп есептеді және халық бұқарасын революцияға көтере алатын тек осы тап қана деп білді. Большевиктік партия басқарған Россияның жұмысшы табы еңбекшілер бұқарасын революциялық күреске тартып, оларды өзінің саяси және экономикалық талаптарды біріктіретін жаппай революциялық аттаныстарының үлгісімен үйретіп отырды.

«Правдада» жарияланған бірқатар мақалаларында Ленин стачкалар туралы статистикалық деректерді толық талдап, олардың кеңінен құлаш жаюы мен пәрменділік сипатын атап өтеді. Әсіресе большевиктік партия ұйымдастырған 1913 жылғы май стачкасының ерекше зор маңызы болды. Ол Петербургте және провинцияда жұмысшы табының бой көрсетуіне мықты түрткі салды. 1913 жылғы маевкаға 420 мың жұмысшы қатысты. Россияда стачкалық қозғалыстың кең қанат жаюы бұқара арасында үгіт жүргізу үшін, оларды оятып, күреске тарту үшін революциялық заманда пролетариаттың өзіне қандай зор және теңдесі жоқ қару шыңдап алғанын көрсетіп берді. Ленин саяси стачкалардың Россиядағыдай көп болуы, стачкалардың мұндай табанды, әр алуан және жігерлі болуы дүние жүзінің ешбір елінде байқалмады деп атап көрсетті. Жұмысшы табы езілген және қаналып отырған бұқараны біріктіретін революция лагеріне іс жүзінде басшылық етті.

Пролетариат және шаруалар — «қозғалыстың қоғамдық күші болатындар, міне, осылар» (441-бет). Аграр-

лық мәселеге арналған мақалаларында Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңіске жетуі үшін жұмысшы табы мен шаруалар одағының шешуші роль атқаратындығы туралы программалық қағиданы дамытып, негіздейді. Ленин шаруаларды ортақ жау — патша самодержавиесіне қарсы, жер және саяси бостандық үшін жұмысшы табымен бірге және оның басшылығымен күресуге шақырды.

Шаруалар бейне бір «ауқаттанып, тәуірленіп келеді» деген қазына публицистерінің жорамалдарын жоққа шығара келіп, Ленин шаруалардың шындығында кедейленіп, күйзеле түскенін көрсетеді. Столыпиндік аграрлық саясат шаруалардың негізгі бұқарасының жерсіз қалып, қайыршылануын, ал кулактардың баюын күшейтті. Патша үкіметінің шаруаларды Сибирьге қоныс аудартуды күшейту арқылы Россия орталығындағы аграрлық қайшылықтарды бәсеңдетуге тырысушылығы толық сәтсіздікке ұшырады. Бұл тек дағдарысты аз ғана уақыт кейінге ысырды, бірақ оның есесіне, елдің орталығында да, Сибирьде де дағдарыс бұрынғыдан да қатты шиеленісіп, ұлғая түсті. Ленин, большевиктер шаруаларға бірден-бір дұрыс жолды көрсетіп берді, бұл жол аграрлық мәселені революциялық жолмен шешу еді.

Жұмысшылар мен шаруаларды біріктірген революция лагеріне «жендеттер мен крепостниктердің, монархия мен охранканың лагері» қарама-қарсы тұрды. Алайда, барлық айуандығы мен халықты қорлаушылығына қарамастан, ол лагерь жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысын тұншықтыра алмады. Кадеттерден бастап октябристерге дейінгі буржуазия контрреволюцияны барынша қолдап отырды; буржуазия жендеттер мен крепостниктерге ақша берді, революцияны даттап, барынша қаралап бақты, демократия мүдделерін сатып кетті. Ленин кадеттер мен октябристердің таптық бірлігін көрсетеді; олардың арасындағы алауыздықтар—демократиядан, жұмысшылардың революциялық қозғалысынан бәрінен де гөрі қатты қорқатын бәсекелестердің таласы ғана; буржуазияның барлық күш-жігері помещиктердің өз пұрсаттылықтарын

олармен бөлісуіне жетуге бағытталған еді. Алайда крепостниктер мен буржуазияның бірлесіп күш салуы революцияның өршуіне кедергі бола алмады. Патша өкіметі мен буржуазия Россияның экономикалық және саяси дамуының толғағы жеткен міндеттерін «осы жолда және осы берілген (үкімет пен қанаушы таптарға) құралдармен» (329-бет) шешуге дәрменсіз болды.

Большевиктік партия бұқараны революцияға әзірлеу жөнінде идеялық және ұйымдастырушылық орасан зор жұмыстарды өрістетті. Ленин большевиктерді жария жұмысшы ұйымдарындағы — кәсіподақтардағы, қауіпсіздендіру кассаларындағы, кооперативтердегі қызметін күшейтуге шақырады, сондай-ақ партияның бұл істегі әрбір табысын атап көрсетіп отырады. Ол «Правда» газеті мен IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракция сияқты аса маңызды жария органдардың қызметіне ерекше көңіл бөледі.

«Правдада» күн сайын дерлік жарияланып отырған Лениннің мақалалары бұқараны рухтандырып, топтастыра түсті, олардың революциялық күресте жеңіске жететіндігіне деген сенімін күшейте берді. Жұмысшы табының стачкалық күресін ұйымдастырудағы «Правданың» ролі әсіресе орасан зор болды; ол жұмысшылардың талаптарын тұжырымдап отырды, стачкашыларды басқа кәсіпорындар мен қалалар жұмысшыларының қолдауын ұйымдастырды, жұмысшылардың жаңа топтарын күреске көптеп тартты. Ленин большевиктік партияның бүкіл астыртын қызметін өрге бастыру үшін адамдар мен қаржының көбейе беруіне «Правданың» көмектесіп отырғанын атап көрсетті.

«Правданың» қандай революциялық роль атқарып отырғанын көрген патша үкіметі газеттің шығарылуын тоқтатуға әлденеше рет әрекет жасады. 1913 жыл ішінде «Правда» бірнеше рет атын өзгертті. Жұмысшы табы өз газетін табандылықпен қолдап отырды, сөйтіп қуғындаудың ешқайсысына қарамастан, газет шыға берді және өзінің тиражын көбейте берді.

Томға енген бірқатар шығармаларда Мемлекеттік думадағы большевиктік фракцияның жұмысын ұйымдастыру мәселелері баяндалады. Ленин большевик-депу-

таттарға күнбе-күн басшылық етіп отырды, Думадағы тактика мәселелері жөнінде нұсқаулар береді, жұмысшы депутаттарын самодержавиенің халыққа қарсы саясатын және кадеттердің жалған демократиясын әшкерелеу үшін, революциялық ұрандарды насихаттау үшін дума трибунасын пайдалануға үйретеді. Большевик-депутаттар жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының ауыр жағдайы мен мұқтаждықтары туралы, ұлт езушілігі туралы шындықты айтты, патша үкіметінің соғысқа әзірленіп жатқанын әшкереледі. Большевиктердің Думада сөйлеген аса маңызды сөздерін Ленин әзірледі немесе бұл сөздер оның қатысуымен әзірленді. 1913 жылы апрельде Ленин депутат Г. И. Петровскийге ұлт мәселесі жөнінде сөйленетін сөздің жобасын жібереді; майда Ленин әзірлеген жоба бойынша большевик депутат Думада 1913 жылға арналған мемлекеттік бюджет талқыланғанда сөз сөйлейді; А. Е. Бадаевқа «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» және Н. Р. Шаговқа «Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты (жалпы) туралы мәселе жөнінде» деген сөздердің жобасын әзірлеп береді.

Лениннің басшылығымен большевиктік партия оппортунизмге қарсы аяусыз күрес жүргізді, оппортунистердің революция мүдделеріне қандай зиян келтіретінін жұмысшы табына көрсетіп отырды. Лениннің «Правда» газетінде жарияланған көптеген мақалалары, әсіресе «Даулы мәселелер» деген еңбегі, партияны бүлдіруге, жұмысшы ұйымдарының бірлігін бұзуға әрекеттенген жойымпаздарға, троцкистерге және басқа оппортунистерге қарсы большевиктер жүргізген қажырлы күресті баяндайды. Ленин мынаны көрсетіп берді: жойымпаздардың «ашық партия» ұраны» — дегеніміз *«реформизм»* ұраны,— Россиядағы таптар мен саяси күштердің қазіргі арақатынасында,— революциядан *бас тарту* болып табылатын ұран. Астыртын жұмыс ұраны дегеніміз — революция ұраны» (338-бет). Ленин өрлеп келе жатқан жаңа революцияға қарсы күрескен либерал буржуазияны қолдаған жойымпаздардың сатқындық саясатын әшкерелейді. Жұмысшылар арасында өздерінің

ықпалынан айрылған жойымпаздар барған сайын буржуазиямен, кадеттермен біріге берді.

Ленин өздерінің ақшалай жарнасымен большевиктік «Правданы» және жойымпаздық «Луч» газетін қолдаған жұмысшы топтарының саны туралы статистикалық деректерді келтірді. Бұл объективті деректер Россия жұмысшыларының басым көпшілігі «Правда» жағында және оны қолдайды деп пайымдауға толық мүмкіндік берді; бұл деректер большевиктік партияның революцияшыл жұмысшы табының авангарды, барлық еңбекшілердің көсемі ретіндегі ролінің барған сайын күшейе түсіп отырғанын көрсетіп берді.

Революция өрлеген кезеңде Ленин, большевиктер жасырын жойымпаздарға және оларды қорғаушыларға қарсы күресті одан әрі жүргізе берді. Жұмысшы бұқарасымен байланысы жоқ және Россиядағы бірде-бір құпия ұйым қолдамайтын шетелдік топтар осындай роль атқарған еді. Оларға троцкистер, «впередшілдер» және басқалар жатты. Ленин 1913 жылы троцкистік антипартиялық Август блогын әшкерелеуге көп көңіл бөледі. Ол латыш большевиктерімен байланыс жасай отырып, латыш социал-демократиялық ұйымының бұл блоктан шығуы үшін күреседі. Томда басылып отырған «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның жобасы» бұған айқын дәлел.

* *
*

23-томға Ленин Шығармаларында бұрын басылмаған мынадай 8 еңбек кіреді: «Герман социал-демократиялық партиясының басқармасына хат», «Жұмысшы партиясы және либерал желокпелер (Потресов туралы)», ««Правданың» бір жылдығы (Жұмысшы газетін жұмысшылардың қолдауы)», «Қытайдағы партиялар күресі», ««Луч» газетінің 189-номеріндегі бас мақала жөнінде», «Помещиктер шет кәсіптегі ауыл шаруашылық жұмысшылары туралы», «Капиталистер және қарулану», ««Халыққа» арналған арзан ет».

«Герман социал-демократиялық партиясы басқармасына хатты» Ленин РСДРП Орталық Комитетінің пар-

тия қызметкерлерімен өткізілген Краков кеңесінің тапсыруымен жазды, бұл кезде партия жойымпаздарға қарсы қызу күрес жүргізіп жатқан болатын. Бұл хат жойымпаздар мен большевиктерді біріктіру мақсатында олардың бірлескен кеңесін шақыру жөнінде неміс социал-демократиясы лидерлерінің жасаған ұсынысына жауап болып саналады. Жойымпаздарға көмектеспекші болған неміс оппортунистерінің делдалдығын Ленин үзілді-кесілді қабылдамай тастады.

««Халыққа» арналған арзан ет» деген мақала Лениннің еңбекшілер бұқарасына оң қарапайым, ұғуға оңай мысалдар арқылы патша өкіметі мен буржуазияның халыққа қарсы саясатын әшкерелеу үшін титтей нәрсені де босқа жібермегенін, бұл мысалдарды үлкен саяси мәселелерді күн тәртібіне қою үшін пайдаланғанын көрсетеді.

«Дайындық материалдар» бөліміне үш еңбек: ««Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген мақаланың жоспары» және 1913 жылы июньде ұлт мәселесі жөнінде Цюрихте, Женевада, Лозаннада және Бернде оқылған рефераттың екі жоспары кіреді.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

# КАРЛ МАРКС ІЛІМІНІҢ ТАРИХИ ТАҒДЫРЛАРЫ[1]

Маркс іліміндегі басты нәрсе — пролетариаттың социалистік қоғамды жасаушы ретіндегі бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін айқындау. Маркс бұл ілімді баяндап бергеннен кейінгі жерде бүкіл дүние жүзіндегі оқиғалардың барысы ол ілімді растады ма?

Маркс оны алғаш рет 1844 жылы ұсынды. Маркс пен Энгельстің 1848 жылы шыққан «Коммунистік манифесінің» өзінде-ақ бұл ілім сындарлы, жүйелі түрде баяндалды, мұның өзі осы күнге дейін ең жақсы баяндау деп танылып отыр. Сол уақыттан бергі бүкіл дүние жүзілік тарих басты-басты үш дәуірге айқын бөлінеді: 1) 1848 жылғы революциядан Париж Коммунасына (1871) дейінгі дәуір; 2) Париж Коммунасынан орыс революциясына (1905) дейінгі дәуір; 3) орыс революциясынан кейінгі дәуір.

Маркс ілімінің осы дәуірлердің әрқайсысындағы тағдырына көз жүгіртіп өтейік.

## I

Бірінші дәуірдің бас кезінде Маркс ілімі әсте үстем болған жоқ. Ол социализмнің мейлінше көп фракцияларының немесе ағымдарының бірі ғана болды. Бұл кезде социализмнің негізінен біздегі халықшылдықпен тектес формалары: тарихи қозғалыстың материалистік негізін түсінбеушілік, капиталистік қоғамдағы әрбір таптың ролі мен маңызын айыра білмеушілік, демокра-

тиялық өзгерістердің буржуазиялық мәнін «халық», «әділдік», «право», т. т. туралы әр түрлі социалистіксымақ сөздермен бүркемелеушілік үстем болған-ды.

1848 жылғы революция Маркске *дейінгі* социализмнің осы даурықпа, ала-құла, айқайшыл формаларының бәріне өлтіре соққы берді. Барлық елдердегі революция қоғамның түрлі таптарын *қимыл үстінде* көрсетті. Республикашыл буржуазияның 1848 жылғы июнь күндерінде Парижде жұмысшыларды атуы *жалғыз* пролетариаттың ғана социалистік табиғатын түпкілікті айқындады. Либерал буржуазия реакцияның қандайынан қорыққаннан гөрі, жұмысшы табының дербестігінен жүз есе қатты қорқады. Қорқақ либерализм реакцияның алдында құрдай жорғалайды. Шаруалар феодализм қалдықтарының жойылуына қанағаттанып, тәртіп жағына шығады, оқта-текте *жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық либерализм* арасында ауытқып қана отырады. Таптық *емес* социализм мен таптық *емес* саясат туралы ілімдердің бәрі де бос сандырақ болып шығады.

Париж Коммунасы (1871) буржуазиялық өзгерістердің бұл дамуын аяқтады; республика, яғни таптық қатынастар неғұрлым ашық көрінетін мемлекеттік құрылыс формасы пролетариаттың ерлігі арқасында ғана орнықты.

Шырғалаңы көбірек болып, толық аяқталмай қалған даму басқа европалық елдердің бәрінде дәл сол қалыптасқан буржуазиялық қоғамға алып келді. Бірінші дәуірдің (1848—1871), дауылдар мен революциялар дәуірінің аяғына қарай Маркске дейінгі социализм *өледі*. Дербес *пролетарлық* партиялар: бірінші Интернационал (1864—1872) мен герман социал-демократиясы дүниеге келеді.

## II

Екінші дәуірдің (1872—1904) бірінші дәуірден өзгешелігі — ол «бейбіт» өтті, революциялар болған жоқ. Батыс буржуазиялық революцияларды аяқтады. Шығыс ондай революциялар жасау дәрежесіне әлі жеткен жоқ.

Батыс келешектегі өзгерістер заманына даярланудың «бейбіт» кезеңіне аяқ басады. Барлық жерде өзінің не-

гізі жағыпан пролетарлық социалистік партиялар қалыптасып, олар буржуазиялық парламентаризмді пайдалануды, өзінің күнделікті баспасөзін, өзінің ағарту мекемелерін, өзінің кәсіптік одақтарын, өзінің кооперативтерін құруды үйренеді. Маркстің ілімі толық жеңіп шығып, *өрісін кеңейтеді*. Пролетариаттың күшін іріктеу, жинау, оны келешектегі шайқастарға даярлау процесі баяу болса да ұдайы ілгері баса береді.

Тарихтың диалектикасы мынадай: марксизмнің теория жүзінде жеңіп шығуы оның дұшпандарын марксист болып *өңін айналдыруға* мәжбүр етеді. Іштей іріп-шіріген либерализм социалистік *оппортунизм* түрінде өзін қайта жандандырмақшы болады. Күштерді ұлы шайқастарға даярлау дәуірін олар сол шайқастардан бас тарту мағынасында ұғады. Жалдама құлдыққа қарсы күресу үшін құлдардың жағдайын жақсартуды олар құлдардың бостандық жөніндегі өз праволарын бес тиынға сатуы мағынасында түсіндіреді. Қорыққандықтан «әлеуметтік татулықты» (яғни құл иеленушілермен татулықты), тап күресінен бас тартуды, т. т. уағыздайды. Социалистік парламентарийлердің, жұмысшы қозғалысындағы түрлі чиновниктердің және «тілектес» интеллигенцияның арасында бұларды жақтаушылар өте көп.

## III

Оппортунистер «әлеуметтік татулықты» және «демократия» тұсында дауылдың қажетсіздігін айтып мақтанып үлгергенше, Азияда дүние жүзілік асқан зор дауылдардың жаңа көзі ашылды. Орыс революциясынан кейін іле-шала түрік, парсы, қытай революциялары болды. Біз қазір нақ осы дауылдар заманында және олар Европаға «қайта әсер еткен» заманда өмір сүріп отырмыз. Ұлы қытай республикасының тағдыры қандай болса да,— оған қазір әр түрлі «цивилизацияланған» қорқаулар тісін қайрап отыр,— енді дүние жүзінде ешқандай күш Азияда ескі крепостниктік тәртіпті қайта қалпына келтіре алмайды, азиялық және жартылай азиялық елдердегі халық бұқарасының қаһарман демократизмін жермен жексен ете алмайды.

Европада капитализмге қарсы үзілді-кесілді күрестің ұзақ уақыт кейінден қалуы бұқаралық күресті әзірлеудің және дамытудың шарттарына зер сала қарамайтын кейбір адамдарды торығуға және анархизмге бой ұрғызды. Біз қазір анархистік торығудың өресіздік, қажырсыздық екенін көріп отырмыз.

Сегіз жүз миллион халқы бар Азияның нақ сол европалық мұраттар жолындағы күреске тартылу фактісі торықтырмауы керек, қайта жігер беруі тиіс.

Азиядағы революциялар бізге либерализмнің нақ сол тұрлаусыздығы мен пасықтығын, демократияшыл бұқараның дербестігінің нақ сол ерекше маңыздылығын, буржуазия атаулыдан пролетариаттың нақ сол айқын бөлектенгенін көрсетті. Европаның да, Азияның да тәжірибесінен кейін кімде-кім таптық *емес* саясат, таптық *емес* социализм туралы айтатын болса, ондай адамды тура торға қамап, австралиялық кенгурумен қатар көрсетіп қою ғана керек.

Азиядан кейін — бірақ азияша емес — Европа да қимылдай бастады. 1872—1904 жылдардағы «бейбіт» дәуір келмеске кетті. Қымбатшылық және трестердің езгісі экономикалық күрестің шектен тыс шиеленісуін туғызып отыр, бұл шиеленіс тіпті либерализм әбден азғындатқан ағылшын жұмысшыларын да орнынан қозғалтты. Тіпті ең «тастай берік» деген буржуазиялық-юнкерлік елдің—Германияның өзінде де біздің көз алдымызда саяси дағдарыстың толғағы жетіп келеді. Империализмнің жанталаса қарулануы және оның саясаты қазіргі Европадан бәрінен де гөрі оқ-дәрі салынған бөшкеге ұқсайтын «әлеуметтік татулық» жасап отыр. Ал *барлық* буржуазиялық партиялардың іріп-шіруі, пролетариаттың өсіп-жетілуі ұдайы ілгерілеп келеді.

Марксизм пайда болғаннан кейін бүкіл дүние жүзілік тарихтың осы ұлы үш заманының әрқайсысы оны жаңадан растап берді және жаңадан тамаша жеңістерге жеткізді. Ал келешектегі тарихи заман пролетариаттың ілімі болып табылатын марксизмді мұнан да зор тамаша жеңіске жеткізеді.

*«Правда» № 50, 1 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫНА ХАТ[2]

Аса құрметті жолдастар!

Орталық Комитеттің ұсынысы бойынша Орталық Комитет пен социал-демократиялық жұмыстың түрлі салаларында жұмыс істеп жүрген жергілікті россиялық қызметкерлердің өкілдері бас қосқан кеңесіміз сіздердің 1912 жылғы 28 декабрьде жолдаған хатыңызды талқылады, бұл хатта сіздер «кеңес шақыруға және жарыс сөзге басшылық етуге» тілек білдіріпсіздер.

Біздің партиялық істерімізге сіздердің көңіл бөлгендеріңізге рақмет айта отырып, кеңес сонымен бірге сіздердің ұсынысыңызды *қабылдамауға* бір ауыздан қаулы алды.

Біздер, орыстың революцияшыл социал-демократтары, герман революцияшыл пролетариатының партиясын өте-мөте құрметтейміз. Біз орыс және герман социал-демократиялық партияларының арасында нағыз туысқандық қарым-қатынастар болуына ұмтыламыз. Сондықтан біз, ешқандай түсініспеушілік қалмауын көздей отырып, сіздердің ұсынысыңызды қабылдамағанда сүйенген дәлелдерімізді сіздерге, құрметті жолдастар, ашықтан-ашық баяндап көруге ұйғардық.

Сіздер жобалап отырған кеңестің *мақсатынан-ақ* бастайықшы!

Сіздер оның мақсаты «партияның бірыңғай программасын және ұйымдық уставын жасау» болуға тиіс деп

ойлайсыздар, сөйтіп екеуінің де біз жасаған жобасын сіздерге хабарлауды ұсынасыздар.

Алайда біздің партияның әлдеқашаннан бері-ақ партиялық программасы бар. Біздің программа 1903 жылдың өзінде-ақ, яғни бұдан он жыл бұрын, партиямыздың екінші съезінде бекітілген болатын. Міне, содан бері Россияның жүздеген мың, ал революция жылдары миллиондаған пролетарлары біздің партияның туы астында күресе отырып, осы программаға адалдығын дәлелдеді. Біз қазір де осы программаға адал болып қала береміз. Оны ревизиялауды біз *мүлде* керексіз деп есептейміз.

Партия программасын қайта карауды осы уақытқа дейін *тіпті* жойымпаздардың да талап етпегенін—қалай болғанда да ашық талап етпегенін — сіздердің естеріңізге саламыз.

Түрлі топтар мен топсымақтар жаңа программа жөнінде сөз жарыстырып жатса, мұның өзі *партияның жоқтығын* көрсетер еді. Бірақ РСДРП *өмір сүріп отыр,* Россияның жұмысшы табы бұрынғысынша соның туы астында күресіп келеді. Біздің партия өте ауыр уақыттарды басынан кешірді және қазірде де ішінара басынан кешіріп отыр. Бірақ жойымпаздар не десе о десін — партия өмір сүруін бір минут та тоқтатқан емес. Сірә, қайсыбір жаңа партия үшін қайсыбір жаңа партия программасын жасау туралы келіс сөздер жүргізу тек жойымпаздар үшін (яғни партиядан тысқары тұрған адамдар үшін) ғана тиімді болар. (Бұл айтылғандардың аздаған өзгерістермен партияның жаңа уставын жасауға да қатысы бар.)

Сонан соң. Бізді жойымпаздардан бөліп отырған—ең алдымен Россиядағы жаңа революция туралы мәселе жөнінде — терең принципті алауыздықтар бар. Біздің партия (оның ішінде Г. В. Плеханов бастаған *партияшыл*-меньшевиктер де) Россияның жұмысшы табы мен оның партиясы Россиядағы жаңа революция үшін күресуге тиіс деген көзқараста және тек осы революция ғана біздің елімізге шын саяси бостандық әпере алады деп есептейді. Жойымпаздар дәл осыны теріске шығарады. Олар өздерінің бүкіл тактикасында Россияның

дамуы азды-көпті дәрежеде бейбіт конституциялық жолмен өтеді деген жорамалға сүйенеді.

*Мұндай* түбегейлі пікір алалығынан партия жұмысының барлық мәселелері жөнінен толып жатқан алауыздықтар тумай қоймайтынын сіздер, құрметті жолдастар, оп-оңай түсінесіздер. Жойымпаздар біздің қазіргі РСДРП-ны жоққа шығарады, ал РСДРП (көптеген салаларда жария социал-демократиялық жұмысты жүргізе алатын және *жүргізіп* отырған болса да) енді тек құпия түрде ғана өмір сүре алатын болып отыр. Жойымпаздар қазіргі Россияда жария жұмысшы партиясын құра аламыз деген үмітпен біздің қазіргі ұйымымызды бүлдіруде. (Бұл арада тіпті либерал кадеттер де өз партиясын жария ете алмай жүргенін айта кеткен жөн.) Бүтіндей және тек қана жойымпаздар киліктірген жікке бөлінушілік, міне, осыдан келіп туып отыр.

Бұл таластарды, осы түбегейлі алауыздықтарды орыстың саналы жұмысшыларының өздері *ғана,* тек өзіміздің россиялық социал-демократиялық ұйымдарымыз ғана шешуі мүмкін екені, *басқа ешкімнің* шешпейтіні түсінікті.

Ал орыс жұмысшылары бұл бағытта қазірдің өзінде-ақ елеулі қадам жасады.

Жақында аяқталған IV Дума[3] сайлауы орыс пролетариатының басым көпшілігі революциялық программасы мен тактикасы бар біздің байырғы партиямыздың көзқарасын қостап отырғанын көрсетіп берді.

*Заң бойынша жұмысшы куриясынан сайланған 6 депутаттың бәрі де большевиктер.*

Осы 6 депутат жұмысшы Россияның $^9/_{10}$ бөлігінің атынан өкілдік етеді және олар өздерінің жойымпаздардың қарсыластары екенін ашық жариялап отыр.

Россиядағы *тұңғыш* социал-демократиялық күнделікті жұмысшы газетінің (С.-Петербургтегі «Правданың») негізін қалаған және оны қаржыландырып отырған жұмысшылардың өздері, ол газет жұмысшылардың тиын-тебеніне —атап айтқанда, нақ сол (большевиктік) бағыттағы жұмысшылардың тиын-тебеніне шығарыла-

ды. Жұмысшылардың орасан *көпшілігінің* бірлігі, сонымен, іс жүзінде томеннен, жұмысшылар бұқарасының қалың қойнауынан жасалуда. Тек *осындай* бірлік қана өміршең болады, тек сол бірлік қана жұмысшылардың күштерін толық топтастыруға жеткізеді.

Мұндай жағдайда неміс Parteivorstand'-тың* делдалдық етуін мүлдем қолайсыз деп есептейтіндігімізді, жолдастар, сіздерден жасыра алмаймыз. Жете білмегендіктен бе, әлде басқа бір себептен бе, әйтеуір Vorstand** біздер мен жойымпаздар жөнінде әділдік көрсете алмады. Ең болмағанда екі-ақ фактіні естеріңізге салайық.

1) Туысқан неміс партиясының Орталық органында («Vorwärts»)[4] 1912 ж. январьда болған біздің партия конференциясына[5] жойымпаздардың асқан дөрекілікпен шабуыл жасауына газеттің тұтас-тұтас бағаналары беріледі, ал біздің тым болмаса солардың айтқандарын тек фактілермен теріске шығаратын жауабымызды басудан да бас тартады, сөйтіп осы арқылы біз жөніндегі ең қарапайым міндеттерін де орындамайды.

2) Vorstand сайлау науқаны кезінде, біздің наразылық білдіргенімізге қарамастан, жойымпаздарға ақшалай жәрдем берді, ал Орталық Комитетке мұндай көмек беруден бас тартты. Vorstand Бундқа, Кавказ облыстық комитетіне және латыштарға, *яғни* жойымпаздардың Ұйымдастыру комитетіне[6] жәрдем берді, бұл жойымпаздардың Ұйымдастыру комитеті ең алдымен нақ осы 3 ұйымнан құралатынын әркім-ақ біледі. Жойымпаздар неміс жұмысшыларының ақшасына Петербургте Konkurrenzorgan'*** «Лучты»[7] шығаруға кірісті, ол *нақ сайлау болатын күні* шыға бастады да, жікке бөлінушілікті шиеленістіре түсті.

Жікке бөліну кезінде екінші жағына қарсы бір жағын жақтап ақшалай жәрдем көрсету — бүкіл Интернационалда бұрын-соңды мүлде болып көрмеген нәрсе. Осындай қадам жасап, Vorstand январь конференция-

* — Партия басқармасының. *Ред.*
** — Басқарма. *Ред.*
*** — бәсекелесуші орган. *Ред.*

сын жақтаушыларға қыр көрсетіп, өзінің әділдікті сақтай алмағанын аңғартты.

Өте-мөте өкінішті болса да, біз сіздерге мынаны ашық айтуға тиістіміз, жолдастар: неміс жолдастардың орыс істері жайында хабардар болуы өте *нашар жолға* қойылған. Россия ұйымдарын елемей, сіздердің біресе 12 «ағымның» (шетелдердегі жартылай студенттік топсымақтардың) кеңесін шақырмақшы болатындарыңыз да, біресе бес ұйымды шақыру жоспарын, т. т. ұсынатындарыңыз да осыдан. Жойымпаздардың сіздерді алдап соқпақшы болған арсыздық әрекеттері де: мәселен, 1912 жылдың жазында Харьков пен Москвада большевиктер жойымпаздармен бірікті-міс дегенге сүйеніп, жойымпаздардың сіздерден ақша алмақ болған әрекеті де осыдан. Ал енді істің шынына келгенде ол кезде нақ Харьков пен Москвада жойымпаздардың бітіспес жауы большевиктер депутат болып сайланған еді, олар (депутаттар Муранов пен Малиновский) жойымпаздармен *күресу үстінде* сайланған еді. Сайлау кезінде әбден қатты қырқысқан және өз араларынан социал-демократиялық фракцияға толық праволы емес мүше ретінде ғана, оның өзінде де алты дауыс қарсы болып, жеті-ақ дауыс көпшілікпен өткен *жалғыз* депутат — Ягелло шыққан топтарға (Бундқа, ППС-қа, ПСД-ға[8]) сайлау кезінде сіздердің ақшалай жәрдем бергендеріңіз де осыдан.

Мұны қоятын уақыт әлдеқашан жетті, жолдастар. Іске қатысты емес хабаршыларға құлақ қоюдың орнына, сіздер өз органдарыңыздың беттерінен Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы істің жайын объективті түрде түсіндіруге және оны принципті түрде баяндауға, атап айтқанда, жекелеген партиялық топтардың жауапты өкілдері қол қойған мақалаларды басуға орын беруге тиістісіздер.

Егер сіздер біздегі істің жайын біліп отырғыларыңыз келсе, онда сіздер, мәселен, Италиядағы, Англиядағы және т. т. бағыттардың күресін өздеріңіздің қалай қадағалап отыратындарыңыз сияқты, біздің істеріміз жайындағы деректерді документтер мен әдебиеттен

алуға тиістісіздер. Олай етпеген күнде, сіздер абайсыз бір қадам жасап қойып, оны орыс жұмысшылары өздерін көбінесе мүлде орынсыз қорлағандық деп ұғынып қалуы мүмкін.

*1913 ж. 2 (15) мартта жазылған*

*Бірінші рет 1960 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған*

*Машинкамен басылған көшірмесі бойынша басылып отыр*
*Неміс тілінен аударма*

# РОССИЯДАҒЫ ІРІ ПОМЕЩИКТІК ЖЕР ИЕЛІГІ МЕН ҰСАҚ ШАРУАЛАР ЖЕР ИЕЛІГІ

1861 жылғы 19 февральдың таяуда ғана өткен жылдығына байланысты Европалық Россияда жердің қазіргі кездегі бөлінісін еске салып өту артық болмайды.

Европалық Россияда жердің бөлінісі жөніндегі соңғы ресми статистиканы 1905 жылы ішкі істер министрлігі бастырып шығарды.

Осы статистиканың деректері бойынша, 500 десятинадан астам жері бар аса ірі помещиктер саны (шамамен алғанда) 30 000-дай болған, олардың жері — 70 000 000 десятинаға шамалас.



10 000 000-дай кедей шаруа үйлерінің де *сонша* жері бар.

Демек, орта есеппен алғанда, әрбір аса ірі помещикке шаққанда 330-ға жуық кедей шаруа семьясынан айналады, оның бер жағында әрбір шаруа семьясының жері 7 *(жеті)* десятинадай, ал әрбір аса ірі помещиктің жері — 2300 *(екі мың үш жүз)* десятинадай.

Мұны көрнекті түрде түсіндіру үшін жоғарыда басылып отырған сызба берілді.

Ортасындағы үлкен ақ төрт бұрыш,— бұл ірі помещиктің имениесі. Айналасындағы кішкене тор көздер,— бұл шаруалардың ұсақ учаскелері.

Тор көздер не бары — 324, ал ақ төрт бұрыштың көлемі осындай 320 тор көзге тең.

*«Правда» № 51, 2 март, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЖАЛҒАН ӘУЕНДЕР

Милюков мырзаның жалпыға бірдей сайлау правосы туралы мәселе жөнінде Мемлекеттік думада сөйлеген сөзі аса көңіл аударарлық, өйткені шешеннің демократия үшін маңызы зор бірсыпыра тақырыптарды қозғауына тура келген.

Жалпы біздің баспасөз — оның ішінде либералдық баспасөз де — принципсіз жиркенішті әдетке: Думада сөйленген сөздерді мақтайтын («Речьтегі»[9] Литовцев мырза) немесе даттайтын мақалалар жазумен ғана тынып, сол сөздердің *идеялық* мазмұнын *ешқашан да* талдамау әдетіне барған сайын қатты бой ұрып барады!

Жұмысшылар буржуазиялық саяси аярлыққа сенбейді. Жұмысшылар саясатты *үйренгісі* келеді. Осы тілекті ескеріп, біз Милюков мырзаның сөзін талдап көреміз.

«...Сіздер,— дейді Милюков мырза, *әрдайым* октябристерге сөзін арнап,— сіздердің өкіметпен белгілі бір міндеттемелер жағынан байланыстарыңыздың жоқ екені былай тұрсын, сіздердің өкіметпен тіпті алғыс айту жағынан да байланыстарыңыз жоқ»—

өйткені сайлаудың өзі сіздерге қарсы бұрмаланып жүргізілді-міс.

Милюков мырза өте білімді кадеттердің[10] бірі, профессор, редактор, т. т., осы дәлелді өте байсалды түрде дамытып, тіпті мынадай қосымша пікір де айтты:

«...сірә, Россияда үкіметтің қазіргі саясатын қолдайтын қоғамдық топ жоқ шығар...» («Россия» № 2236).

Бұл пайымдаулардың жалгандығы — тым сорақы-ақ. Тап сол Милюков мырза онан кейін *«міндеттің түйіні» «аграрлық мәселеде»* деп әділ айтқан француз Шальден цитат келтірді.

«Кертартпа III Думаға жету үшін,— дейді Шаль,— копшілікті шаруалардан помещиктерге аудару керек еді... Жер меншігі мен байлық аристократиясы (біздегі сайлау заңы бойынша Мемлекеттік дума мүшелерін сайлағанда) дауыстың $^5/_8$ бөлігінің блогын құра алады, ал азшылық әбден жанышталады: шаруаларды, орташа тап пен қалалық демократияны заң шығарушы сайлау өткізуге шақырмайды, сайлауды көруге шақырады, сайлауға қатысуға емес, сайлауда болуға шақырады».

Реакционер Шаль ақылмен және дұрыс пайымдайды. Милюков мырзаның сөзуарлығын *соққылайтын*... қызғылықты цитаттар келтіргені үшін Милюков мырзаға алғыс айтамыз! Россияда үкіметтің саясатын қолдайтын және *«өкіметпен»* таптық мүдделердің дәнекерлері арқылы байланысты қоғамдық «топ» (помещиктер — феодалдар немесе крепостниктер табының) *бар* екендігі айқын. Ал «міндеттемелер» және «алғыс айту» жағынан байланыстылық дегеніңіз тегінде ақымақтық болып табылады,— бұл есіңізде болсын, оқымысты кадет мырза!

Келесі мақалада* біз осы оқымысты кадеттің — ыстық ботқаны айналсоқтап жүрген мысықша — реакционер Шаль дұрыс көрсетіп берген *«міндеттің түйінін»* (яғни аграрлық мәселені) қалай айналсоқтап, төңіректеп жүргенін көрсетеміз.

*«Правда» № 55, 7 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

* Қараңыз: осы том, 15—17-беттер. *Ред.*

# «МІНДЕТ ТҮЙІНІ»

Милюков мырза цитат келтіріп отырған француз реакционері Шальдің Россия алдында тұрған «міндеттің түйіні» аграрлық мәселе деп дұрыс есептейтінін көрдік*.

Милюков мырза ақылды реакционердің ақылды сөздерін цитатқа келтірген, бірақ ол сөздерден мүлде ештеңе түсінбеген!

«...Сіздер (яғни октябристер мен үкімет: Милюков мырза *солармен* әңгімелесіп отыр!) осында өз қолдарыңызбен өткізген шаруаны тәуелді етуге бола ма? Ол осы кафедрадан жер туралы айтып отыр ғой, айтқанда I және II Мемлекеттік думалардағы тәуелсіз шаруа не айтса, соны айтып отыр ғой. Жоқ, мырзалар, орыс өмірінде орыс шаруасы сияқты неғұрлым тәуелсіз, неғұрлым табанды элемент жоқ». (Сол жақта қол шапалақталды және: «Дұрыс» деген дауыстар шықты.)

Тегі, екіжүзді кадеттер ғана қол соқса керек, өйткені, 1-ден, III және IV Мемлекеттік думаларда шаруалар *онша* «соны» айтып отырған *жоқ*, қайта I және II Мемлекеттік думалардағыдан гөрі неғұрлым осалды айтып отырғаны,— ал, 2-ден, орыс өмірінде анағұрлым тәуелсіз, анағұрлым табанды элемент *бар* екені барша жұртқа белгілі. Милюков мырзаның өзі сөзінде Россиядағы саяси бостандық үшін «бәрінен де көп нәрсені» *жұмысшылар* істеді деп, мойындауға *тиісті* болды. Әлде «тәуелсіздікті» басқа өлшеммен өлшеуге бола ма?

* Қараңыз: осы том, 13—14-беттер. *Ред.*

Бірақ әңгіменің мәнісі мұнда емес. Әңгіменің мәнісі мынада: 130 000 помещик пен шаруалар бұқарасының мүдделері *қазір* ымыраласа қояр ма екен? Милюков мырза дәл *жауаптан жалтарып кету үшін* осы мәселенің «төңірегінде мылжыңдады» да қойды.

Ал П. Милюковты мадақтау үшін «Речь» жалдап алған С. Литовцев мырза былай деп жазды: Милюковтың сөзі

«осы шиеленіскен және даулы мәселенің төңірегіндегі тұманды сейілтті. Жалпыға бірдей сайлау правосы көптеген адамдар үшін осы күнге дейін әлдененлей құбыжық, революцияшылдықтың шыңы болып отыр».

Міне, сөзуарлықтың тағы да бір үлгісі осындай!

Реакционер Шальден үйреніңдер, көбік ауыз либерал мырзалар! Міндеттің түйіні — аграрлық мәселе. Бұл мәселеде *қазір* 130 000 помещик семьялары мен 10 000 000 шаруа семьяларының мүдделері ымыраласа қояр ма екен? Солай ма, жоқ па?

Жалпыға бірдей сайлау правосы туралы мәселенің *«түйіні»* міне осында, Милюков мырза, ал сіз әрбір зерделі адамға айқын істің осы мәнісін бос сөздермен *бүлдіріп,* халықтың саяси санасын *аздырмақ боласыз.*

Егер сіз сұраққа: *солай* деп жауап беретін болсаңыз,— мен мұны сіздің: I және II Мемлекеттік думаларда не айтылса, шаруалар III және IV Мемлекеттік думаларда да *«соны»* (осалдау болғанымен де) айтып отыр деп *өз* мойындауыңыз арқылы бекерге шығарамын.

Егер сіз сұраққа: *жоқ* деп жауап беретін болсаңыз,— онда қазіргі Россиядағы жалпыға бірдей сайлау правосының *«бір жақты»* емес, ымыраластырушылық сипаты туралы сіздің *барлық* мылжың сөздеріңіз босқа қалады.

Ал Бисмаркты оқымыстысынып тілге тиек етуіңіз — тек қана балалық, өйткені Бисмарк жалпыға бірдей сайлау правосын Германияның буржуазиялық дамуы арқылы помещиктердің және барлық әлді шаруалардың, тіпті орта шаруалардың бір бөлегінің де, мүдделері *ымыраластырылып болған* кезде барып «берді».

Бәлкім, зерделі оқушы: бұдан Россияда жалпыға бірдей сайлау правосы мүмкін емес деген ұғым тумай ма?— деп сұрар.— Жоқ, деп жауап береміз біз зерделі оқушыға, бұдан Россияда реформистік көзқарас мүмкін емес деген ұғым ғана туады.

*«Правда» № 56, 8 март, 1913 ж.*
*Қол қойған В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## КРЕПОСТНИКТІК ТӘРТІПТІ ЛИБЕРАЛДЫҚ БОЯМАЛАУ

Кадеттер партиясының көсемі, либерал тарихшы Милюков мырза таяуда «Речьтің» бас мақаласында былай деп жазды:

«Россиядағы әлеуметтік теңсіздік (крепостниктік право) цивилизациялы дүниенің қай жеріндегіден болса да неғұрлым осал және кездейсоқ жасалған нәрсе болып шықты. Оның өзі қаламның бір тартылуына қарсылықсыз (!!!) көне салды. I Александрдың тұсында-ақ граф Строгановтың мүмкін деп айтқан болжамын Милютин мен Соловьев оп-оңай жүзеге асыра салды».

Біз барлық либерал тарихшылардың және бірсыпыра халықшыл тарихшылардың Россиядағы крепостниктік тәртіпті және крепостниктік мемлекеттік өкіметті боямалап көрсеткеніне дағдыланып кеткенбіз. Бірақ жоғарыда біз келтіргендей масқара «кереметтерді» айтуға бәрінің бірдей аузы бара берген емес.

Россиядағы крепостниктік право мен крепостниктік поместьелі сословие осал және кездейсоқ жасалған нәрсе болған жоқ, қайта «цивилизациялы дүниенің қай жеріндегіден болса да» анағұрлым «мықты», берік, қуатты, құдіретті нәрсе еді. Өз пұрсаттылықтарының біренсаранын ол «қарсылықсыз» емес, қайта асқан зор қарсылық көрсете отырып берді. Әлде, бәлкім, либерал мырза бізге «цивилизациялы дүниеден» Чернышевскийдің тағдыры сияқты мысалдарды көрсетіп берер?

Крепостниктердің пұрсаттылықтарын және сол пұрсаттылықтар үшін төленген адам айтқысыз ауыр *«тө-*

*лемді»* Милютин мен Соловьевтің *өздері* қорғаған-ды. Мұны ауызға алмастан, Милюков мырза Милютин мен К$^{0}$-ден кейін, *«олардың»* крепостниктік реформаларынан кейін, крепостниктік артықшылықтардың, өктемдік пен құдіреттіліктің жарты ғасыр бойы «жаны сірі» болып келгенін дәлелдейтін тарихты бұрмалап отыр.

Либерал тарихшылардың крепостниктік тәртіп пен крепостниктік реформаларды боямалайтын себебі не? Оның себебі — мұндай реформалар қайраткерлерінен либерал тарихшылар өздеріне ұнамды нәрсені — крепостниктер алдында құрдай жорғалаушылықты, өздерін сүйсіндіретін нәрсені — демократиядан қорқушылықты, оздері жақын тартатын нәрсені — реакциямен блок жасасуға ұмтылушылықты, өздеріне таныс нәрсені — тап күресін боямалауды көріп отыр.

Әңгіме әлдеқашан откен шақ туралы болып отыр. Сонымен қатар либералдардың («сырт пішіні либерал, ал жан-тәні чиновник»[11]) таптық күреске сол кездегі көзқарасы мен қазіргі көзқарасы — ұқсас құбылыс.

Крепостниктік тәртіпті боямалай отырып, Милюков мырза өзін, өзінің партиясын және аңқау адамдарды алдау үшін өзін өзі демократияға қосып есептейтін бүкіл орыс буржуазиялық либерализмін әбден жақсы суреттеп берді.

*«Правда» № 57, 9 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ТЕР СЫҒЫП АЛУДЫҢ «ҒЫЛЫМИ» ЖҮЙЕСІ

Американ капитализмі бәрінен алда тұр. Техниканың мейлінше дамығаны, прогрестің мейлінше шапшаңдығы — осының бәрі ескі Европаны янкилердің соңынан еруге мәжбүр етеді. Бірақ европалық буржуазия Америкадан демократиялық мекемелерді емес, саяси бостандықты емес, мемлекеттің республикалық құрылысын емес, жұмысшыны қанаудың ең жаңа тәсілдерін үлгі етіп алып отыр.

Қазір Европада, ішінара Россияда да, жұрт көбінесе американ инженері Фредерик Тейлордың «жүйесі» жайында бәрінен де көп сөз етіп жүр. Жақында Петербургтегі қатынас жолдары инженерлері институтының акт залында Семенов мырза осы жүйе туралы баяндама жасады. Тейлордың өзі бұл жүйені «ғылыми» жүйе деп суреттеді, ал оның кітабы Европада құлшына аударылып, насихатталып жүр.

Бұл «ғылыми жүйенің» мәнісі неде? Мұның мәнісі — бұрынғы мөлшердегі жұмыс күнінің ішінде жұмысшыдан еңбекті үш есе артық сығып алуда. Ең мықты және епті жұмысшыға жұмыс істеткізеді; әрбір операцияға, әрбір қимылға кететін уақыттың мөлшерін арнаулы сағат бойынша — секундқа және секундтың бөлігіне дейін есепке алады; жұмыстың ең үнемді және ең өнімді тәсілдерін белгілейді; таңдаулы жұмысшының жұмысын кинематографиялық лентаға түсіреді, т. т.

Ал осының нәтижесінде — нақ сол 9—10 сағаттық жұмыста жұмысшыдан үш есе артық еңбекті сығып

алады, оның барлық күш-қуатын рақымсыз титықтатады, жалдама құлдың жүйке және дене қуатының әрбір тамшысын үш есе шапшаңдықпен сорып алады. Ертерек өледі деймісіз?—Қақпа сыртында басқалары толып жатыр!..

Капиталистік қоғамдағы техника мен ғылымның прогресі тер сығып алу өнеріндегі прогресс болып табылады.

Тейлордың кітабынан алынған мысалды келтірейік.

Одан әрі өңделуге кететін шойынды арбаға тиеу жұмысы салыстырылады, ескі жүйе мен жаңа, «ғылыми» жүйе салыстырылады:

| | Ескі жүйе: | Жаңа жүйе: |
|---|---|---|
| Тиеу жұмысындағы жұмысшылар саны | 500 | 140 |
| Бір жұмысшының орта есеппен тиейтіні тонна (61 пұт) | 16 | 59 |
| Жұмысшының орташа табысы | 2 с. 30 т. | 3 с. 75 т. |
| Фабриканттың бір тонна жүкті тиеуге жұмсайтыны | 14,4 т. | 6,4 т. |

Капитал өз шығындарын *екі есе* және одан да көбірек кемітеді. Пайда өседі. Буржуазия мәз-мейрам, Тейлорларды көкке көтере мақтаныш етіп отыр!

Жұмысшы алғашында қосымша ақы алады. Ал жүздеген жұмысшы жұмыстан шығарылған. Қалғандары жұмыста әбден титықтап, төрт есе интенсивтірек істейді. Жұмысшының бар күшін сығып алғаннан кейін оны қуып шығарады. Жұмысқа тек жастар мен әлді адамдарды ғана алады.

Адамның терін сыққанда ғылымның барлық ережелеріне сәйкес сығып алады...

*«Правда» № 60, 13 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## БІЗДІҢ «ТАБЫСТАРЫМЫЗ»

Бюджет жөніндегі өзінің түсінік хатында финанс министрі де, барлық үкіметтік партиялар да біздің бюджеттің негізі берік деп өздерін де, өзгелерді де сендірмек болады. Мұның өзінде олар, былайша айтқанда, соңғы жылдары, күмәнсыз, өрге басқан өнеркәсіптің «табыстарын» тілге тиек етеді.

Біздің өнеркәсіп, Россияның бүкіл халық шаруашылығы сияқты, капиталистік жолмен дамып келді, солай дамып та отыр. Бұл дау тудырмайды. Мұны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Бірақ «даму» туралы деректермен ғана және «пәлен процент артып отыр» деген сияқты тоқмейілсіген даңғойлық пікірлермен ғана шектелу — Россияның осы деректерден көрініп отырған *адам айтқысыз* мешеулігі мен қайыршылығына *көз жұмып қарау* деген сөз.

Біздің бүкіл фабрика-завод өнеркәсібіміздегі өнімдердің құны 1908 жылы 4307 миллион сом еді, ал 1911 жылы 4895 миллион сом шамасында болды,— деп масаттанады финанс министрі.

Бұл цифрлардың *қандай маңызы* бар екеніне қараңыздаршы. Америкада әрбір он жыл сайын санақ жүргізіліп отырады. Біздегіге *ұқсас* цифрды табу үшін 1860 жылға, Америкада негрлер *құлдығы* жойылмай тұрған кезге, қайта оралу керек.

Өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің құны Америкада 1860 жылы 3771 миллион сом болған еді, ал 1870 жылдың өзінде 8464 миллион сом болды. 1910 жылы біз Амери-

када бұл соманың 41 344 миллион сом болғанын, яғни Россиядағыдан *тоғыз есе* дерлік артық екенін көреміз. Россияның халқы — 160 миллион, ал Американың халқы 1910 жылы 92 миллион болды, ал 1860 жылы 31 миллион болған еді!

Орыстың фабрика-завод жұмысшысының жылдық орташа табысы 1911 жылы 251 сом болды, бұл 1910 жылғыдан (барлық жалақылар сомасы бойынша) 8,2 процент көп,— деп масаттанады финанс министрі.

Америкада 1910 жылы өнеркәсіп жұмысшысының орташа табысы *1036 сом* болған, яғни орыс жұмысшысының табысынан *төрт еседен де* артық. 1860 жылы бұл табыс *576 сомға* тең, яғни *қазіргі* орыс жұмысшысының табысынан екі есе артық болған.

XX ғасырдағы Россия, үшінші июнь «конституциясының»[12] Россиясы *құлданушы Америкадан төмен тұр.*

Бір фабрика-завод жұмысшысының жылдық өнімділігі Россияда 1908 жылы — 1810 сом, ал Америкада 1860 жылы — 2860 сом. 1910 жылы — 6264 сом.

*Қазіргі* капитализмнің не екенін және оны қыспаққа алған крепостниктік тәртіптің орта ғасырлық езгісінің, шаруалардың қалың бұқарасының жағдайын ауырлатып отырған езгінің қандай екенін қысқаша түсіндіру үшін осы аздаған цифрлардың өзі-ақ жеткілікті.

Ал шаруалардың жағдайы қалайда ішкі рыноктың шеңберін әбден тарылтуға әкеп соқтырады, сөйтіп құлдық заманындағы американ жұмысшысынан 1911 жылы екі есе кем табыс тауып отырған жұмысшыны тұқырта түседі. Бірақ, басқасын былай қойғанда, дүние жүзілік рынок жағдайлары Россияның алдына екінің бірін қойып отыр: не капитализм басқаша қарқынмен және нағыз кең негізде ілгері басып отырған бәсекелестер оны жаныштап тастауы керек, не ол крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарынан құтылуы керек.

*«Правда» № 61, 14 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## КЕЛІСІМ БЕ ӘЛДЕ ЖІККЕ БӨЛІНУ МЕ?

### (ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ІШІНДЕГІ АЛАУЫЗДЫҚТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ)

Фракцияның жікке бөлінуі жөнінде 7 депутаттың хатынан аңғарылған қауіп социал-демократияның қоғамдық пікірін қатты алаңдатып отыр. Мәселеге жұмысшылар арасында әбден орынды ден қойылуда. Істің жайын дәл және анық ұғынып алуымыз қажет.

Бір жағында — жұмысшы куриясынан сайланған барлық алты депутат, яғни әрбір адамға аян, Россия жұмысшы табының орасан көпшілігінің өкілдері. Екінші жағында — фракция ішінде 1 дауыс артық алып кездейсоқ көпшілікке ие болған басқа 7 депутат.

Сырттай қарағанда талас 7 депутаттың басқа 6 депутатты «Луч» газетінің қызметкері болуға мәжбүр еткісі келетіндігі және «Правданың» «Лучпен» қосылуын жақтайтындығы жөнінде болып жатыр. 7 депутаттың бұл талаптары бізге — турасын айтайық — тіпті жөнсіз сияқты. Бағытын өзің жақтамайтын газетте кімді болса да «көпшілік дауыспен» күштеп жұмыс істеткізуге бола ма? (Мұндай зорлап әкелінген, еріксіз «қызметкерлерден» өзін өзі қадірлейтін әрбір редакцияның өзі-ақ бас тартатынын айтпасақ та болады.) «Правданың» «Лучпен» қосылуы туралы шындап әңгіме етуге бола ма?

Әрине, *болмайды!* Сондықтан біз турасынан былай деп мәлімдейміз: «Правда» жойымпаздықпен күресуден бас тартса, демек,— *«Луч» жойымпаздық уағыздан — «астыртын жұмысқа» қарсы, саяси стачкаларға және т. т. қарсы уағыздан бас тартпайынша* «Правда» «Луч-

пен» қосылса,— мұны пролетариат ісіне *опасыздық* жасағандық деп есептер едік. «Правда» мен 6 жұмысшы депутаты «Луч» қолқалап отырғандықтан ғана өзін өзі өлтірмек болды дегенге байсалды социал-демократ қайраткерлер сене қояр ма екен. Бұл туралы сөз болуы да мүмкін емес, ал 7 депутат өздерінің мүлде келісуге болмайтын және орындалмайтын «жоспарына» енді қайтып оралмаса, мұнысы дұрыс болады.

Алайда, фракция ішіндегі алауыздықтар туралы мәселе мұнымен бітпейді. «Лучқа» жұмыс істеуге еріксіз көндіру туралы таластың тасасында әлденендей басқа бір таластың, неғұрлым елеулі және маңызды таластың бар екенін әркім-ақ сезіп отыр. Бұл талас *фракцияның әрбір бөлегі жойымпаздыққа қалай қарайды* деген мәселеге келіп саяды.

Ал біздің ойымызша: бұл арада жұмысшылар ең алдымен жеті депутаттан олардың *жойымпаздыққа қалай қарайтындығы жөнінде тура, дәл, айқын да ашық айтуды* талап етуге праволы. Алты жұмысшы депутатының істегені сияқты, жеті депутат та ашықтап-ашық осылай етуге міндетті. III Мемлекеттік думадағы фракцияда депутаттардың басым көпшілігі *меньшевиктер* болған еді. Бірақ олар жойымпаздыққа мүлде *теріс* көзқараста болды. Ал оған қазір 7 депутат қалай қарайды? «Луч» туралы, яғни жойымпаздық туралы мәселені олардың өздері көтерді. Сондықтан олар «Лучтың» астыртын жұмысқа қарсы («Лучтың» 101 және басқа номерлерін қараңыз), саяси стачкаларға қарсы, азаттық қозғалысында жұмысшы табының гегемон болуына, т. т. қарсы уағызына өздерінің қалай қарайтындығын ашық және дәл айтуға екі есе артық міндетті. Бұлай етпейінше, қалыптасқан жағдайдан құтылу үшін бір адым да аттауға болмайды.

Біз турасынан былай дейміз: егер социал-демократиялық фракцияда «Лучтың» 101-номеріндегі мақалаға ұқсас («астыртын жұмысты» ұнатудың етек алуы «қайғылы» факт, т. т.) сөздерді Дума трибунасынан сөйлейтін бір депутат бола қалған күнде,— *мұндай депутаттан сөзсіз қол үзген болар едік*. Сонда, орнынан тұрып, бұл шешеннің пікірі социал-демократияның пікірін

білдірмейді демеген социал-демократ депутат жұмысшы табының алдындағы өз борышына опасыздық жасаған болар еді.

Біздің бұл пікіріміз дұрыс па, жоқ па? Біз бұл мәселені саспай-ақ жұмысшылардың төрелігіне береміз...

Фракцияның екі жартысының арасында елеулі алауыздықтар болып отырғанда, *екі жақ та бірдей келісімге келуге талпынған* жағдайда ғана бірлік сақталуы мүмкін. Программалық мәселелерді бір дауысы ғана артық кездейсоқ көпшілікпен «шешу» *жік туғызғандық* болады. Мұны әркім-ақ түсінеді. Бірлікті шын тілейтін адамдар мәселелерді бұлайша «шешу» жолымен ешқашан да жүрмейді.

Құрамы осындай болып отырған фракцияда бұл келісімнің жасалуы мүмкін бе? Келісім жасау бұл уақытқа дейін мүмкін *болған-ды.* Мысал: IV Дума жұмысының бас кезінде оқылған фракция декларациясы. Фракция жойымпаздық талаптарды қабылдамай тастады; ал мұның өзі екі жақтың келісімге келуіне мүмкіндік берді. Егер адал ниет болса, егер жеті депутат жік туғызайық демесе, мұның өзі барлық маңызды саяси мәселелер жөнінде бұдан былай да мүмкін *болады.*

Декларация[13] мысалы — жікке бөлінуді болдырмау үшін *не істеу керек* екенін көрсететін мысал. Ал «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі мысал жікке бөлінуді болдырмау үшін *нені істемеу керек* екенін көрсететін мысал болып табылады. Чхенкели жолдастың істегеніндей, бұл талапты ұсынудың өзі социал-демократия программасын *бұзғандық* деген сөз. Егер осы күнге дейін жойымпаздар бұл талап программаға «қайшы келмейді» деп сендіріп келген болса, енді оларды тіпті бундшылдардың өздері-ақ әшкерелеп отыр; бундшылдар («Цайттың»[14] 9-номерін қараңыз) Чхенкелиді «ұлт мәселесіндегі ресми теория жақтайтын нақ сол қатып-семген көзқарастан тайып кеткендігі» үшін құттықтап отыр. 6 дауысқа қарсы 7 дауыспен программаны бұзу *жікке бөлінуді* әзірлегендік *деген сөз.* Мұны әрбір саналы жұмысшы түсінеді.

Сонымен — *келісімге келу керек немесе жікке бөліну керек*! Мәселе осылай қойылып отыр.

Біздің ұсынатынымыз не? — *Келісімге келу!*

Мұндай келісімге келу мүмкін бе?— Иә!

Мұндай келісімге келу керек пе?— Иә!

Мұндай келісімге келу үшін не істеу керек?— Программаны бұзбау керек, «астыртын жұмысты» даттамау керек, бұрыннан ұстап келген туға адал болып қалу керек! Оқушы көріп отырғандай, біздің қоятын талаптарымыз қарапайым.

7 депутат пен 6 депутаттың келісімге келуін жақтайық, жікке бөлінуге қарсы шығайық! Барлық саналы жұмысшылар, міне осыны талап етуге тиіс.

*«Правда» № 62, 15 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: Б. Б.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## «БАСЫ АРТЫҚ АҚША»

Жағымпаз «Новое Время»[15] бастаған үкіметтік газеттер мемлекеттік шаруашылықтың тамаша нәтижелері үшін үкіметімізді жер-көкке сыйғызбай мақтап отыр. Ойлап қараңыздаршы: 450 миллион сом «басы артық ақша» бар! Үйден шыққаны жоқ, үйге кіргені бар — мінеки, көрер болсаңыздар, «біз» шаруашылықты осылай жүргізіп отырмыз.

Сөйтіп қаражүздік помещиктер мен октябристік көпестердің «Новое Время» газеті осындай 450 миллион сомдық басы артық ақшаң болып тұрғанда соғыссаң да ешбір қорқыныш жоқ деген қорытындыға келеді.

Алайда финанс министрінің 1913 жылғы бюджетке арналған түсініктеме хатына көз жүгіртіп көрейікші;— ол түсініктемеден өзін өзі мақтаудан басқа (хатта мұндай мақтану баршылық!), атышулы «басы артық ақшаның» қайдан шыққандығы туралы *дәл деректер* табылмас па екен?

Министр мырзаның түсініктеме хатын ашып қарасақ, одан мынаны оқимыз (I бөлімнің 15-беті): 1908—1912 жылдардағы бесжылдық ішінде *заемдардан* қазынаға $339^{1}/_{2}$ миллион сом түскен. Осы уақыт ішінде 252,1 миллион сомдық заем сатылып алынған.

Демек, заемдар, жалпы және тұтас алғанда, *87,4 миллион сомға көбейген.* «Басы артық ақшаның» бірінші «көзі», міне, осы. Көріп отырсыздар, ақша дегеніңіз оп-оңай табылып жатыр.

Дегенмен, одан әрі барайық. Жұртқа мәлім, *1908 жылғы 1 октябрьден бастап* қазыналық арақтың бағасы ақырғы шегіне дейін арттырылды, атап айтқанда, шелегіне 8 сомнан 8 сом 40 тиынға дейін өсірілді (бұл кәдімгі бір шелек арақтың бағасы, ал асхана шелегіне 11 сомнан 12 сомға дейін өсірілді).

Осындай «финанс шарасының» нәтижесінде қазыналық арақтың орташа бағасы 1908—1912 жылдардағы бесжылдық ішінде шелегіне 8 сом 48 тиын, яғни өткен төртжылдыққа қарағанда (1904—1907 жылдарда — бір шелегі 8 сом 06 тиын еді) дәл *42 тиын* қымбат болды.

5 жыл (1908—1912 жылдар) ішінде қазына барлығы $440^1/_2$ миллион шелек қырық градустық ішімдік сатты. Шелегіне 42 тиыннан түскен пайда *185 миллион сом болған.*

«Басы артық ақшаның» екінші көзі, міне, осындай!

Үшінші көзі, қазыналық темір жолдар, 4 жыл ішінде (1908—1911), *егер* қазынаның $2^1/_4$ миллиард сом мөлшерінде жұмсаған капиталына төленетін проценттер мен өтемдерді *есептемесек,— 53 миллион сом* «таза пайда» берді!! 1912 жылғы бұл «пайданы» 1911 жыл мөлшерінде, яғни 105 миллион сом делік. Сонда бүкіл бесжылдық ішіндегі «пайда» *158 миллион сом* болады. Әлбетте, мұндай мемлекеттік «шаруашылық», миллиардтаған шығындарға төленетін проценттер мен өтемдер «есептелмейтін» болса, мемлекеттік сиқыршылыққа көбірек ұқсайды. Ескерте кетейік, *4 жыл ішінде* (1908—1911) қазынаның темір жолдарға жұмсаған капиталдарына төленетін проценттер мен өтемдерді *397,6 миллион сом* деп белгілеген қайдағы бір «солшыл журналист» емес (құдай сақтасын!), мұны белгілеген *Мемлекеттік бақылаудың өзі.* Бүкіл бесжылдық ішінде, 1908—1912 жылдарда, бұл *500 миллион сом* болады![16]. Бұл — *жыртқыштық шаруашылықтың* үлгісі.

«Басы артық ақшаның» үш көзінің қорытындысын шығарайық [30-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Сірә, жеткілікті шығар? Тым ұсақ «көздерді» көрсетіп жатудың қажеті жоқ.

Біздегі крепостник-помещиктердің асқан финанс данышпандары екені айқын емес пе? Қарызға ақша алу,

| | | |
|---|---|---|
| 1) заемдардан | 87,4 | млн. сом |
| 2) қазыналық арақтың бағасын көтеруден | 185 | » » |
| 3) қазыналық темір жолдардан *(жұмсалған капиталдардан алынатын 500 млн. сомдық процент пен өтемді есептемегенде)* | 158 | » » |
| *Барлығы* | 430,4 | млн. сом. |

арақтың бағасын котеру, жұмсалған («шаруашылыққа») миллиардтардың проценттері мен өтемдерін «есептемеу» — бұл данышпандық емей немене?

Бұл біздің бюджеттің «беріктігін» көрсететін дәлел емей немене?

*«Правда» № 62, 15 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ҚЫТАЙ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІРІ ТАБЫСЫ

Азиядағы халық бұқарасының алдыңғы қатарлы демократиясының соншама құрбандықтар жасап құрған ұлы Қытай республикасының соңғы кезде ең ауыр финанс қиыншылықтарына ұшырағаны мәлім. Цивилизациялы деп есептелетін, ал іс жүзінде ең реакциялық саясатты жүргізіп отырған алты «ұлы» держава Қытайға заем беруді тоқтатқан финанстық консорциум (серіктік) құрды!

Мәселе мынада: Қытайдағы революция Европа буржуазиясының арасында бостандық пен демократия ісіне ынта туғызған жоқ,— ондай сезімге тек пролетариат қабілетті, ал пайдакүнемдік серілері қабілетсіз,— қайта Қытайды *тонауға,* Қытайды бөлісіп ала бастауға, Қытайдан жер жырып алуға тырысушылықты туғызды. Алты державаның (Англияның, Францияның, Россияның, Германияның, Жапонияның, Америка Құрама Штаттарының) «консорциумы» республиканы әлсіретіп, күйрету үшін істің жайын Қытайдың банкрот болуына дейін жеткізуге тырысты.

Осы қаражүздік консорциумның *сәтсіздікке ұшырауы* бүкіл дүние жүзінің еңбекші бұқарасы тілектес болып отырған жас республиканың ірі табысы болды. Америка Құрама Штаттарының президенті өз үкіметі бұл консорциумды бұдан былай қолдамайтын болады және ол ең таяу арада Қытай республикасын ресми түрде *танитын* болады деп мәлімдеді. Қазір американ банкілері консорциумнан *шықты.* Америка енді американ капита-

лы үшін қытай рыногын ашып, Қытайдағы реформалар ісін жеңілдетіп, Қытайға өте-мөте қажет болып отырған финанс көмегін көрсетеді.

Американың ықпалымен Қытай жөніндегі саясатын Жапония да өзгертті. Әуелгі кезде Жапония Сунь Ят-сеннің Жапонияға келуіне тіпті рұқсат бергісі де келмеген еді! Қазір ол бұл сапарға барып та қайтты, Жапониядағы демократтардың бәрі республикалық Қытаймен одақ жасасуды шаттана құттықтады; енді Қытаймен *одақ* жасасу кезектегі мәселе болып отыр. Американ буржуазиясы сияқты, Жапон буржуазиясы да Қытай республикасын тонаудан және бөлісіп алудан гөрі, Қытаймен тату болу саясаты өзіне пайдалырақ екенін түсінді.

Әлбетте, тонаушылық консорциумның бұл сәтсіздікке ұшырауы Россия жүргізіп отырған реакциялық сыртқы саясаттың да елеулі жеңіліске ұшырағанын көрсетеді.

*«Правда» № 68, 22 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЕСКІ МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ ҚАУСАҒАН КӘРІЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

Ең көрнекті кадеттердің бірі, депутат Шингарев, жуырда Петербургте: «Жаңа Дума және ескі міндеттер» деген тақырыпта лекция оқыды.

Қазіргі кезеңге сай, қызықты, тартымды тақырып.

Әдеттегіше, біздің кадет октябристерге[17] қаһарын төгіп бақты. «Октябристер,— деп лепірді ол,— оң қанатқа қосылуға қысылады, ал солшылдарға қосылуға батылы бармайды» («Речь» № 70). «Солшылдарға» біздің ер жүрек (демократиялық аудиторияның алдында ер жүрек) кадет, сірә, прогрессистерді[18] қосқан болса керек. Кадеттердің бұл ең жақын достары мен саяси серіктерінің өздері 3/4 бөлігі мөлшерінде октябристер екенін Шингарев мырза айтпай кетті.

Шингарев мырза кадеттердің прогрессистермен іс жүзінде тұрақты, аса тығыз блок құрып отырғанына *қарамастан,* демократияның кадеттерді «солшылдар» деп санағанын тілейді, ал прогрессистер кадеттер мен октябристердің *аралығында* тұр ғой! Басқаша айтқанда: іс жүзінде күмәнсыз *анти*демократиялық прогрессистердің шырмауында бола отырып, кадеттер демократияны өзіне тартқысы келеді.

«Зеріккендік,— деді Шингарев мырза IV Дума жөнінде,— шалғайдағы станцияда тоқтап қалған поезд жолаушыларының халін еске түсіреді. Бойларын жазу және поезды жүргізу үшін жолды жолаушылардың өздерінің тазартуына тура келді. Бірақ, қалай дегенмен, заң шығарушы ауыр машинаны қозғау үшін тек жолаушылардың күші ғана қажет емес. Біздің рефор-

маларымызға үш құлып салынған, ол құлыптар —3 июнь заңы, жоғарғы палата және атқарушы өкіметтің жауапсыздығы. Бұл құлыптардың қалай ашылатынын — ыңсыз-шыңсыз, бейбіт жолмен ашыла ма немесе басқа жолмен ашыла ма,— оны тарих көрсетеді. Замандастар мүлде босқа қарап отыра алмайды; олар ескекті жабыла есуге тиіс» («Речь» № 70).

Тарихқа сілтей салу қандай оңай! Шингарев мырза мен кадеттер тарихты тілге тиек еткенде, Маркстің: олар қамшыны жақтағанда, мұның өзі тарихи қамшы[19] еді деген дәлелмен жақтайды деп көрсеткен адамдары *сияқты* болады.

Әрине, «құлыптардың *қалай* ашылатынын тарих көрсетеді», бұл — даусыз ақиқат, бірақ оның пайдасы жоқ. Бұл — қаусаған кәріліктің сылтауы. Саясатшыға құлыптарды *қай* тап ұстап отыр және оларды *қай* таптар *қандай* құралдармен ашады деген сұрақ қойылып отыр.

«Тарих» бұдан $7^1/_2$ жыл бұрын көрсеткенін, атап айтқанда: либералдық реформизмнің нәтижесіздігін, «құлыптарды» ұстап отырған таппен татулық туралы либералдық армандардың нәтижесіздігін «көрсетеді».

*«Правда» № 71, 26 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: М.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# «МҰНАЙ ТАПШЫЛЫҒЫ» ТУРАЛЫ

«Мұнай тапшылығы» туралы, мұнайдың шамадан тыс қымбаттағаны туралы, тұтынушыларды тонап алу үшін мұнай өнеркәсібі шонжарларының қылмысты стачка жасауы туралы мәселенің Думада, ал Думадан тыс жерлерде онан да күштірек назар аудартқаны әбден заңды және оның ашу-ыза тудырғаны әбден түсінікті.

Аздап бүркемелеген формада синдикатшыларды — мұнай корольдерін[20] *қорғаған* сауда және өнеркәсіп министрі мырза мен ізгі крепостник-помещиктердің жәбірлену сезімін құлшына білдіріп отырған Марков 2-ші мырзаның арасындағы жекпе-жек, осы жекпе-жек (Мемлекеттік думаның 22 марттағы мәжілісінде болған жекпе-жек) жұмысшы табы мен бүкіл демократия тарапынан өте-мөте назар аударуға тұрарлық. Бұл жекпе-жек Россияның «билеуші» екі табының, «жоғарғы тап» деп аталатын (ал іс жүзінде өте жексұрын, оңбаған, тонаушы) екі табының, крепостник-помещиктер табы мен финанс шонжарлары табының өз арақатынастарының бәрін әбден айқын көрсетіп отыр.

Мұнай синдикаты туралы мәселе жай қарағанда жеке мәселе сияқты. Бірақ бұл олай емес. Іс жүзінде бұл — билеп-төстеуші екі таптың Россияны басқаруы туралы (немесе, дұрысырақ айтқанда, Россияны тонауы туралы) жалпы және негізгі мәселе көріністерінің бірі ғана. Марков 2-шінің сөзі мұнай «корольдерін» қорғаушыға олжа бөлісkенде жәбірленген *құмүйіздердің* көзқарасы тұрғысынан берілген тамаша жауап болды. Мар-

ков 2-ші мырзаның бұл арада «өзіне өзі бұрылып қарай алмағаны», өзін өзі (және өзінің помещик-достарын) айнадан қарап көрмегені таңданарлық нәрсе емес. Мен Марков 2-ші мырзаға қызмет көрсетуге тырысып көрейін; мен оның алдына айна қойып берейін. Мен оған өзінің суретін салып берейін. Мен Марков 2-ші мен Хвостовтың мұнай корольдерімен, керосин синдикатының шонжарларымен, Бакудің миллионерлерімен арадағы «жанжалы» — *үй ішінің* жанжалы, халық дәулетін ұрлаушы *екі* ұрының жанжалы екенін көрсетіп берейін. «Ағайынның азары болса да, безері жоқ». Бір жағынан, министр мырза және Нобель мырза оның $К^0$-і болып, Сенаттағы, Мемлекеттік советтегі[21] достарымен және т. б. қоса алғанда Хвостов және Марков мырзалар — *«ағайындар»*. Тек осы ағайынды және тату сыбайластардан Россияның ондаған миллион жұмысшылары мен күйзелген шаруаларының тым қатты жәбір көруіне тура келіп отыр!

Мұнай мәселесінің түйіні неде?

Ең алдымен, мұнайшы мырзалардың мұнай бағасын арсыздықпен өсіруінде; мұны капиталистік пайдакүнемдіктің бұл «серілері» скважиналар мен заводтардың өнімділігін әдейі *тежеу* арқылы істеп отыр.

Бұл пункттерге қатысы бар негізгі деректер Думада бұрын келтірілген болатын, бірақ менің бұдан арғы баяндауым әбден түсінікті болуы үшін, мен сол деректерді дегенмен қысқаша қайталап өтуге тиіспін. 1902 жылы мұнайдың бағасы әр пұтына 6 тиын еді. 1904 жылы ол 14 тиынға дейін өсті. Онан кейін бағаның «секіруі» одан да гөрі «қызығырақ» бола бастады, мысалы, бесінші жылғы революциядан кейін, 1908—1909 жылдары, мұнайдың бағасы әр пұтына 21 тиынға дейін, ал 1912 жылы *38 тиынға дейін* жетті.

Сонымен, 10 жыл ішінде баға *алты еседен артығырақ* өсті! Ал мұнай өндіру осы уақыттың ішінде 1900—1902 жылдардағы 600—700 миллион пұттан 1908—1912 жылдарда 500—585 миллион пұтқа дейін *кеміді.*

Бұл цифрлар есте сақтауға тұрарлық. Бұлар жөнінде ойлану қажет. Бүкіл дүние жүзінде өндіріс орасан зор қарыштап өрлеген он жылдың ішінде мұнай өндірудің

кеміп кетіп, оның бағасының *алты еседен астам* өскендігі ойланатын нәрсе.

Сауда және өнеркәсіп министрі мырза ымы-жымы бір саудагерлер мен өнеркәсіпшілерді қорғай келіп, тура адам айтқысыз бейшаралық дәлелдер келтіреді.

Отынға сұраным өсіп отыр, деді ол, автомобиль және авиация өнеркәсібінің мұнайға сұранымы өсіп отыр, бұл «дүние жүзілік» құбылыс деп жұбатты біздер мен орыс халқын министр мырза.

Ал Америкада ше? — деп сұраймыз біз. Мұндай сұрақ өзінен-өзі туады, өйткені Американың мұнай өндіру жөнінен Россияның бірден-бір елеулі бәсекелесі екені жұрттың бәріне мәлім. Россия мен Америка екеуі 1900 жылы бүкіл дүние жүзінде өндірілген мұнайдың $^9/_{10}$ бөлігінен астамын, ал 1910 жылы $^8/_{10}$ бөлігінен астамын берді.

Егер әңгіме «дүние жүзілік» құбылыс туралы болып отырса, министр мырза, онда Америкада да *сондай жағдай* болуға тиіс емес пе? Сөйтіп, зейін қоя тыңдамаушыларда *әсер* туғызып тастау үшін ымы-жымы бір мұнай талаушыларды қорғаған министр мырза, Америка жайында цифрлар келтірді... *бірақ тек 2 жылдың ғана цифрын келтірді!!* Соңғы екі жылдың ішінде Америкада мұнай бағасы екі есе қымбаттады, Румынияда да солай болды.

Өте жақсы, министр мырза! Алайда ақырына дейін неге салыстырмасқа? Салыстырған соң шындап салыстыру керек. Цифрды ойыншық етуге болмайды. Россия туралы қай уақыт ішіндегі деректер келтірілсе, Америка туралы да *сол уақыт ішіндегі* деректерді алу керек. Ал мұның өзі — статистиканы адалдықпен қолданудың қандайының болсын ең негізгі, ең қарапайым, ең айқын шарты екені түсінікті емес пе?!

Министр мырзаның өзі келтірген, 1902 жылғы ең төмен бағамен салыстырғанда, Россияда баға 10 жыл ішінде *алты еседен* астам өсті. Ал Америкада ше? Онда бағаның *мұндай* өсуіне ұқсас еш нәрсе де болған жоқ. 1900 жылдан 1910 жылға дейін Америкада баға *кеміді.* Соңғы жылдары баға бірқалыпты болды.

Ендеше, қорытынды қандай болмақ? Америкада екі есе, Россияда *алты есе* өскен. Ал Америкада мұнай өндіру 1900 жылы Россиядағыдан *аз* болды, ал 1910 жылы Россиядағыдан *үш есе артық* болып шықты!!

Миллионер мұнайшылардың стачкасын ебдейсіз қорғаған министр мырзаның мұны айтқысы келмеді. Ал факт көрініп тұр. Қандай цифрды алсаңыз да, Америкада соңғы 10 жылдың ішіндегі қымбаттау Россиядағыдан *өлшеусіз кем* екені, ал мұнай өндіру Россияда масқара тоқырап қалған, тіпті кері кеткен кезде, Америкада *мықтап* өсіп отырғаны күмәнсыз болып шығады.

Біздің министріміздің қымбаттау «дүние жүзілік» құбылыс дегенге иек артуында шындық аз да, өтірік көп екенін біз енді бірден көріп отырмыз. Иә, барлық жерде де қымбаттап жатыр. Иә, мұны туғызатын жалпы капиталистік себептер де бар.

Бірақ Россияда жағдайдың *төзгісіз* болып отырған себебі, атап айтқанда, бізде тап осы мұнай қымбаттауының өлшеусіз күштілігінде, ал өнімділік өсуінің орнына тоқыраудың болуында. Россияда жағдайдың *мүлде төзгісіз* болып отырған себебі, атап айтқанда, капитализмнің кең, еркін, тез дамуының орнына біз тоқырауды, іріп-шіруді көріп отырмыз. Нақ сол қымбатшылық бізде сондықтан да жүз есе артық зардап шектіреді.

Россияда 170 миллион халық бар, ал Америкада 90 миллион, яғни оның жартысынан сәл көбірек халық бар. Ал мұнай қазір Америкада біздегіден *үш есе* көп, ал тас көмір *он сегіз* есе көп шығарылады. Тұрмыс дәрежесі Америкада, жұмысшылардың табысына қарағанда, Россиядағыдан *төрт есе* жоғары.

Олай болса, министр мырзаның бұл қырсық — дүние жүзілік құбылыс болып отыр деген сөздерінде қандай өрескел өтірік бар екені айқын емес пе? Осы қырсықтың өзі Россияға, он есе демегенмен, төрт есе *ауыр* тиіп отыр.

*1913 ж. ерте дегенде 26 мартта (8 апрельде) жазылған*

*Бірінші рет 1940 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ КАДЕТТІК ЗАҢ ЖОБАСЫ

Кадеттердің бостандықтар жөнінде Мемлекеттік думаға енгізген заң жобаларының ішінде жиналыстар туралы да заң жобасы бар.

Кадеттер өздерін демократиялық партиямыз деп есептейді. IV Мемлекеттік думаға енгізілетін жиналыстар туралы заң жобасының тек қана насихаттық сипаты бар екенін, ягни оны енгізудің мақсаты — жиналыстар бостандығы принциптерін насихаттау, тарату, түсіндіру екенін олардың түсінбеуі мүмкін емес.

Кадеттердің заң жобасын тура осы тұрғыдан бағалау керек: ол жоба жиналыстар бостандығының мәнін, бұл бостандықтың маңыздылыгын және оған жету шартын Россия халқына *түсіндіруге* көмектесе ала ма?

Жоқ. Заң жобасын жасаған демократтар *емес,* либерал чиновниктер. Жобада үстірт, парықсыз бюрократиялық ережелер көп, онда демократия тұргысынан қажетті нәрсе жоқ.

Рельс бойында жиналыс өткізуге (§ 3),—Мемлекеттік дума мәжілісі болып жатқан жерден бір шақырым жерде жиналыс өткізуге және т. т. тыйым салынады (§ 4); қалаларда алдын ала мәлімдеме жасау талап етіледі, ал деревняларда ол талап етілмейді (§§ 6 және 7) және тағы сондайлар,— бұл не? Бұл бейшаралық, адам күлерлік, мүсәпірлік, бюрократтық қоқыстардың бәрі неге керек?

Мұның бәрі Европаның *контрреволюциялық* заңдарынан көшіріп алынган; осының бәрінен бастан-аяқ де-

мократияға сенімсіздік көрсету және демократияны тұншықтыру замандарының иісі мүңкіп тұр, мұның бәрі сұмдық ескірген. Дәл осы қалаларда, мысалы, көпшілік жиналыстары жөнінде газеттерде хабарлайды,— ал «мәлімдеменің» нақұрыстық былығы неге керек?? Бұл мынау үшін керек, билеп төстеушілерге: біздер, кадеттер, «мемлекеттік» козқарас тұрғысын ұстап отырмыз, біздер «тәртіп адамдарымыз» (яғни демократияның жауларымыз), чиновниктік шым-шытырықты, біздер де «бағалай білеміз» дегенді дәлелдеу үшін керек, тек осы үшін ғана керек.

Ал қазіргі демократия үшін маңызды және елеулі нәрсе жобада жоқ. Жиналыстар өткізу үшін бұқараға үйдің болуы маңызды нәрсе. Айталық, азаматтардың белгілі бір аз ғана тобының талап етуі бойынша қоғамдық үйлердің, мектептердің және т. т. *бәрі* кешкілікте және жалпы алғанда бос уақыттарда жиналыс өткізуге тегін және ешбір кедергісіз халықтың қарамағына берілуге *тиіс* дейтін *заң* қажет. Францияда солай етеді, ал мұндай демократиялық салтқа Пуришкевичтердің дөрекілігінен басқа кедергілердің болуы мүмкін де емес.

Бірақ мәселенің мәні де мынада: кадеттердің бостандықтар туралы заң жобасы бүкіл рухы, бүкіл мазмұны жағынан, демократиялық жоба *емес*, либералдық-чиновниктік жоба болып отыр.

*«Правда» № 72, 27 март, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# БАЛҚАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ШОВИНИЗМ

Балқан соғысы[22] аяқталып келеді. Адрианопольдің алынуы болгарлардың шешуші жеңіске жеткенін аңғартады, ал мәселенің ауыр салмағы соғыс қимылдары майданынан ұлы державалар дейтіндердің қырқысуы мен бақастығы майданына біржолата ауып отыр.

Балқан соғысы — Азия мен шығыс Европада орта ғасырлықтың күйрегенін білдіретін дүние жүзілік оқиғалар тізбегіндегі буындардың бірі. Балқанда біріккен ұлттық мемлекеттер құру, жергілікті феодалдардың езгісін жою, әр түрлі ұлтқа жататын балқан шаруаларын помещиктік езгіден біржолата азат ету,— балқан халықтарының алдында тұрған тарихи міндет, міне, осындай болатын.

Бұл міндетті балқан халықтары федерациялық балқан республикасын құру арқылы қазіргіден он есе оңай және жүз есе кем құрбандықпен шеше алатын еді. Толық және дәйекті демократизм жағдайында ұлттық езгі де, ұлттық қырқыс та, дін айырмашылығын қоздыру да мүмкін болмайтын еді. Балқан халықтарының шын мәнісінде тез, кең және еркін дамуы қамтамасыз етілетін еді.

Балқанның көкейтесті мәселелерінің буржуазиялық және династиялық мүдделер билеген соғыс арқылы шешілуінің тарихи себебі не? Басты себеп — Балқанда пролетариаттың әлсіздігі, ал онан соң Европаның қуатты буржуазиясының реакциялық ықпал жасауы мен қысым көрсетуі. Сол буржуазия өз үйінде де, Балқанда

да шын бостандықтың болуынан қорқады, ол басқаның есебінен пайда табуға ғана тырысады, ол өзінің тонау саясатын оңайлату үшін, Балқанның езілген таптарының еркін дамуын қиындату үшін шовинизм мен ұлттық араздықты қоздырады.

Балқан оқиғалары жөніндегі орыс шовинизмінің жексұрындығы Европа шовинизмінің жексұрындығынан кем соқпайды. Ал кадеттердің либералдық бос сөздермен бүркелген, әдемілепген, бояған шовинизмі қаражүздік газеттердің дөрекі шовинизмінен әлдеқайда жексұрын әрі зиянды. Бұл газеттер Австрияға ашықтан-ашық айдап салып отыр,— Европа елдерінің ішіндегі ең артта қалған бұл елде (жақша ішінде айта кетелік) Россияға қарағанда халыққа анағұрлым көп бостандық қамтамасыз етілген. Адрианопольдің алынуы жөнінде кадеттік «Речь» былай деп жазды: «жаңа жағдайлар орыс дипломатиясының неғұрлым табандырақ болуына толық мүмкіндік береді...».

Әңгіме шовинистік мақсаттарды көздеудегі табандылық туралы ғана болуы мүмкіндігін түсінбегенситін «демократтарға» не жетсін! Родзянконың үйіндегі сәскелікке, 14 мартта, Милюков пен Ефремов, Гучков, Беннигсен, Крупенский мен Балашовтың шүйіркелесе бас қосқаны таңырқарлық нәрсе емес. Ұлтшылдар, октябристер, кадеттер дегендеріңіз,— жексұрын, бостандыққа мүлде қас буржуазиялық ұлтшылдық пен шовинизмнің әр түрлі сарындары ғана!

*«Правда» № 74, 29 март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ПРОСВѢЩЕНІЕ

## Ежемѣсячный журналъ.

## № 3.

Мартъ.

СПБ. 1913 годъ.

«Просвещение» журналының 1913 ж. марттагы 3-номерінің титул парагы; журналда В. И. Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген мақаласы басылган

*Кішірейтілген*

## МАРКСИЗМНІҢ ҮШ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ҚҰРАМДАС ҮШ БӨЛІМІ[23]

Маркстің ілімі бүкіл цивилизациялы дүниеде марксизмді «зиянды секта» сияқты бірдеңе деп қарайтын барлық буржуазиялық ғылымның (қазыналық ғылымның да, либералдық ғылымның да) мейлінше дұшпандығы мен өшпенділігін туғызып отыр. Басқаша көзқарасты күтуге де болмайды, өйткені тап күресіне негізделген қоғамда «бір жағына бүйрегі бұрмайтын» әлеуметтік ғылымның болуы мүмкін емес. Қайткен күнде де, *бүкіл* қазыналық және либералдық ғылым жалдама құлдықты *қорғайды*, ал марксизм бұл құлдыққа қарсы аяусыз соғыс жариялады. Жалдама құлдық қоғамында бір жағына бүйрегі бұрмайтын ғылым болады деп үміттену — капиталдың пайдасын азайтып, жұмысшыларға төленетін ақыны көбейту керек емес пе деген мәселеде фабриканттардың өзіне бүйрегі бұрмайды деп үміттену сияқты көзсіз аңқаулық.

Бірақ бұл аз. Марксизмде дүние жүзілік цивилизация дамуының даңғыл жолынан *қалтарыста* пайда болған әлдеқандай томаға-тұйық, қатып-семген ілім мағынасындағы «сектанттыққа» ұқсас еш нәрсе жоқ екендігін философияның тарихы мен әлеуметтік ғылымның тарихы әбден айқын көрсетіп отыр. Керісінше, Маркстің бүкіл кемеңгерлігі дәл мынада: ол адамзаттың озық ой-пікірі қазірдің өзінде алға қойған мәселелерге жауап берді. Оның ілімі философияның, саяси экономияның және социализмнің асқан ұлы өкілдері ілімінің тура және тікелей *жалғасы* ретінде пайда болды.

Маркстің ілімі — құдіретті ілім, өйткені ол дұрыс ілім. Оның ілімі — адамдарға соқыр сенімнің қандайымен болса да, реакцияның қандайымен болса да, буржуазиялық езгіні қорғаудың қандайымен болса да ымыраға келмейтін сындарлы дүние танымды беретін толық қалыптасқан және жүйелі ілім. Оның ілімі — XIX ғасырда адамзат жасаған неміс философиясы, ағылшын саяси экономиясы, француз социализмі сынды ең таңдаулы ілімдердің заңды мирасқоры.

Біз марксизмнің осы үш негізіне және сонымен бірге оның құрамдас үш бөліміне қысқаша тоқталып өтпекшіміз.

## I

Марксизм философиясы — *материализм.* Европаның ең жаңа тарихының бүкіл оне бойында, əсіресе XVIII ғасырдың аяқ кезінде, орта ғасырлық қоқсық атаулыға қарсы, мекемелер мен идеялардағы крепостниктік тəртіпке қарсы шешуші шайқас өріс алған Францияда материализм жаратылыс тану ғылымдарының барлық ілімдерінен айнымайтын, соқыр сенім атаулыға, жəдігөйлікке, т. т. дұшпан, бірден-бір дəйекті философия болып шықты. Сондықтан демократияның жаулары материализмді «бекерге шығаруға», оның абыройын түсіруге, оған жала жабуға барлық күшін салып тырысты жəне əрқашан да, қалай болғанда да, дінді қорғауға немесе қолдауға барып саятын философиялық идеализмнің əр алуан формаларын жақтады.

Маркс пен Энгельс философиялық материализмді барынша батыл қорғады жəне бұл негізден ауытқу атаулының мейлінше қате екендігін талай рет түсіндіріп берді. Олардың көзқарастары Энгельстің: «Людвиг Фейербах» жəне «Дюрингті теріске шығару» деген шығармаларында неғұрлым айқын жəне толық баяндалған; бұл шығармалар — «Коммунистік Манифест»[24] сияқты — əрбір саналы жұмысшының қолынан түспейтін кітап болып табылады.

Бірақ Маркс XVIII ғасырдың материализмінде тоқталып қалмай, философияны ілгері бастырды. Ол философияны неміс классикалық философиясының, əсіресе,

өз тарапынан Фейербахтың материализміне жеткізген Гегель системасының табыстарымен байытты. Бұл табыстардың бастысы — *диалектика,* яғни неғұрлым толық, неғұрлым терең және сыңаржақтылықтан ада даму туралы ілім, бізге мәңгі дамып отыратын материяны бейнелеп беретін адамзат білімінің относительділігі туралы ілім. Жаратылыс тану ғылымының ең соңғы жаңалықтары — радий, электрондар, элементтердің өзге түрге айналуы — буржуазиялық философтардың ілімдеріне қарамастан, олардың ескі, шірік идеализмге «жаңадан» қайталап соғуына қарамастан, Маркстің диалектикалық материализмін тамаша дәлелдеп берді.

Маркс философиялық материализмді тереңдете, дамыта келіп, оны ақырына дейін жеткізді, оның табиғатты тануын *адамзат қоғамын* тануға қолданды. Маркстің *тарихи материализмі* ғылыми ойдың аса ұлы жеңісі болды. Тарихқа, саясатқа көзқараста осыған дейін үстем болып келген хаос пен озбырлықтың орнына өндіргіш күштердің өсуі нәтижесінде қоғамдық өмірдің бір укладынан екінші, неғұрлым жоғары укладқа,— мысалы, крепостниктік құрылыстан капитализм,— қалай дамып шығатынып көрсететін таңғажайып сындарлы, жүйелі ғылыми теория келді.

Адамның танымы одан тәуелсіз өмір сүретін табиғатты, яғни дамудағы материяны бейнелейтіні сияқты, адамның *қоғамдық танымы да* (яғни философиялық, діни, саяси, т. с. түрлі көзқарастар мен ілімдер) қоғамның *экономикалық құрылысын* бейнелейді. Саяси мекемелер экономикалық негіздің қондырмасы болып табылады. Біз, мысалы, қазіргі Европалық мемлекеттердің әр түрлі саяси формалары буржуазияның пролетариатқа үстемдігін нығайтуға қалай қызмет ететіндігін көріп отырмыз.

Маркстің философиясы — адамзатқа, әсіресе жұмысшы табына, танымның асқан ұлы құралдарын берген, толық қалыптасқан философиялық материализм.

## II

Маркс экономикалық құрылысты саяси қондырма тұрғызылатын негіз болып табылады деп танып, осы экономикалық құрылысты зерттеуге мейлінше көп көңіл бөлді. Маркстің басты еңбегі — «Капитал» қазіргі қоғамның, яғни капиталистік қоғамның, экономикалық құрылысын зерттеуге арналған.

Маркске дейінгі классикалық саяси экономия ең дамыған капиталистік ел — Англияда қалыптасты. Адам Смит пен Давид Рикардо, экономикалық құрылысты зерттей келіп, *еңбек құн теориясының* негізін салды. Маркс олардың ісін жалғастырды. Ол бұл теорияны мықтап негіздеп, дәйекті түрде дамытты. Ол қандай товардың болса да құны сол товарды өндіруге жұмсалатын қоғамдық-қажетті жұмыс уақытының мөлшерімен анықталатынын көрсетті.

Буржуазиялық экономистердің заттардың қатынасын (товардың товарға айырбасталуын) ғана көрген жерден Маркс *адамдар арасындағы қатынасты* ашты. Товар айырбасы рынок арқылы болатын жеке өндірушілердің арасындағы байланысты бейнелейді. *Ақша* бұл байланыстың барған сайын тығызырақ бола түсіп, жеке өндірушілердің бүкіл шаруашылық тіршілігін ажырағысыздай біртұтас етіп біріктіретіндігін көрсетеді. *Капитал* бұл байланыстың одан әрі дамығандығын көрсетеді: адамның жұмыс күші товарға айналады. Жалдама жұмысшы өзінің жұмыс күшін жердің, фабрикалардың, еңбек құралдарының иелеріне сатады. Жұмыс күнінің бір бөлегін жұмысшы өзінің және өз семьясының күн көрісіне керекті шығындарды өтеуге жұмсайды (жалақы), ал жұмыс күнінің екінші бөлегінде жұмысшы тегін еңбек етіп, капиталиске *қосымша құн,* капиталистер табы пайдасының негізін, байлығының негізін жасайды.

Қосымша құн туралы ілім — Маркстің экономикалық теориясының іргетасы.

Жұмысшының еңбегімен жасалған капитал, ұсақ қожайындарды күйзелтіп, жұмыссыздар армиясын туғызып, жұмысшыны қыспаққа салады. Өнеркәсіпте ірі өндірістің жеңгендігі бірден-ақ көзге түседі, бірақ біз егін-

шілікте де нақ сол құбылысты көріп отырмыз: ірі капиталистік егіншіліктің артықшылығы арта түсіп, машина қолдану ұлғаяды, шаруа шаруашылығы ақша капиталының тұзағына ілігіп, мешеу техниканың езгісімен құлдырап, күйзеліске ұшырайды. Егіншілікте ұсақ өндірістің құлдырау формалары басқаша, бірақ оның құлдырауының өзі даусыз факт.

Капитал ұсақ өндірісті қиратып, еңбек өнімділігін арттыруға, аса ірі капиталистердің одақтарына монополиялық жағдай туғызуға әкеп соғады. Өндірістің өзі барған сайын қоғамдық өндіріске айнала береді,— жүз мыңдаған, миллиондаған жұмысшылар жоспарлы шаруашылық организмінде байланысты болады,— ал жалпы еңбектің өнімін ат төбеліндей капиталистер иемденеді. Өндіріс анархиясы, дағдарыстар, рынокқа жан сала таласу, халық бұқарасының күн көрісінің қамтамасыз етілмеуі өсе түседі.

Жұмысшылардың капиталға тәуелділігін арттыра отырып, капиталистік құрылыс бірлескен еңбектің құдіретті күшін туғызады.

Товар шаруашылығының алғашқы белгілерінен, қарапайым айырбастан, бастап Маркс капитализмнің дамуын оның жоғарғы формаларына дейін, ірі өндіріске дейін қадағалап зерттеп шықты.

Ал барлық капиталистік елдердің, ескі капиталистік елдердің де, жаңа капиталистік елдердің де, тәжірибесі Маркстің бұл ілімінің дұрыстығын жыл өткен сайын бірден бірге көп жұмысшыларға айқын көрсетіп отыр.

Капитализм бүкіл дүние жүзінде жеңіп шықты, бірақ бұл жеңіс — еңбектің капиталды жеңуінің табалдырығы ғана.

## III

Крепостниктік құрылыс құлатылып, жарық дүниеге *«еркін»* капиталистік қоғам келген кезде,— бұл еркіндік еңбекшілерді езудің, қанаудың жаңа жүйесі екендігі бірден білінді. Осы езгіні бейнелеп, соған қарсы наразылық білдіру ретінде дереу әр алуан социалистік ілімдер пайда бола бастады. Бірақ бастапқы социализм *утопиялық* социализм болды. Ол капиталистік қоғамды

сынады, айыптады, қарғап-сіледі, оны құртуды арман етті, жақсы құрылыс туралы қиялдады, байларға қанаудың адамгершілікке жатпайтындығын ұғындырмақ болды.

Бірақ утопиялық социализм нағыз шығар жолды көрсете алған жоқ. Ол капитализм тұсындағы жалдама құлдықтың мәнін түсіндіре де алмады, оның даму заңдарын аша да алмады, жаңа қоғамның жасаушысы болуға қабілетті *қоғамдық күшті* таба да алмады.

Оның бер жағында, феодализмнің, крепостниктік құрылыстың құлауына жеткізген қауырт революциялар Европаның барлық жерінде, әсіресе Францияда, бүкіл дамудың негізі және оның қозғаушы күші *таптар күресі* екендігін барған сайын айқын көрсете түсті.

Саяси бостандықтың крепостниктер табын жеңуінің ешқайсысы да жанталасқан қарсылықсыз болған емес. Капиталистік елдердің ешқайсысы да капиталистік қоғамның түрлі таптары арасындағы өліспей беріспейтін күресті басынан кешірмей, азды-көпті еркін, демократиялық негізде қалыптасқан емес.

Маркстің кемеңгерлігі мынада: ол осыдан бүкіл дүние жүзілік тарихтың үйретіп отырған қорытындысын басқалардан бұрын жасап, оны дәйекті түрде жүзеге асыра білді. Бұл қорытынды — *тап күресі* туралы ілім.

Адамдар адамгершілік, діни, саяси, әлеуметтік сөздердің, мәлімдемелердің, уәделердің қай-қайсысының болсын ар жағында белгілі бір таптардың *мүдделері* тұрғанын аңғара білуге үйренбейінше, олар саясатта алдау мен алданудың әрқашанда аңқау құрбаны болып келген және әрқашан солай бола береді. Реформа мен жақсартуды жақтаушылар, қандай да болсын ескі мекеме, қаншама тұрпайы, шірік сияқты көрінгенімен, белгілі бір үстем таптардың күшіне сүйенетінін түсінбейінше, ескілікті жақтаушылар оларды әрдайым ақымақ қылып отырады. Ал бұл таптардың қарсыласуын жаншып отыру үшін *бір ғана* құрал бар: бізді қоршаған қоғамның өз ішінен ескіні жойып, жаңаны жасай алатын — және өзінің қоғамдық жағдайы жағынан соны істеуге *тиісті* — күш болу қолынан келерлік күштер-

ді тауып, олардың көзін ашып, күреске ұйымдастыру керек.

Барлық езілген таптардың осы күнге дейін еңсесін басып келген рухани құлдықтан құтылудың жолын пролетариатқа тек Маркстің философиялық материализмі ғана көрсетіп берді. Жалпы капитализм құрылысындағы пролетариаттың шын жағдайын Маркстің экономикалық теориясы ғана түсіндіріп берді.

Бүкіл дүние жүзінде, Америкадан Жапонияға дейін және Швециядан Оңтүстік Африкаға дейін, пролетариаттың дербес ұйымдары көбейіп келеді. Пролетариат өзінің тап күресін жүргізе отырып, көзін ашып, тәрбие алып келеді, буржуазиялық қоғамның соқыр сенімдерінен құтылып келеді, барған сайын тығыз топтасып, өз табыстарының мөлшерін шамалай білуді үйреніп келеді, өзінің күштерін шынықтырып, қарыштап өсіп келеді.

*«Просвещение» № 3, март, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Просвещение» журналының текстi бойынша басылып отыр*

## ӘҢГІМЕ

*Бірінші бөгде адам.* Мен жұмысшылардың арасында «алтау мен жетеу» үшін болып жатқан күресті қолымнан келгенше әйтеуір зер сала қадағалап келемін. Екі газетті де[25] қарап отыруға тырысамын. Мүмкін болғанынша, буржуазиялық баспасөз бен қара баспасөздің пікірлерін салыстырамын. ...Сонда не десеңізші? Меніңше, күрес ауыр формаларға ұласып бара жатқан сияқты, ол бақастыққа, ұрыс-керіске айналып бара жатқан сияқты, мұның салдары — қайткен күнде де — орасан зор азып-тозу болмақ.

*Екінші бөгде адам.* Түкке түсінбеймін. Елеулі бір нәрсе үшін болған күрестің ауыр формаларға *ұласпағаны,* сірә, дүниеде болған ба еді? Елеулі мәселе күрес арқылы шешіліп жатқандықтан да, бұл арада «жеңіл-желпі» «жанжалмен» іс бітпейді. Партия құрылысының принциптерін теріске шығаруға дағдыланып алған және әлі де теріске шығарып отырған адамдар мейлінше қасарысып қарсылық көрсетпейінше беріспейді. Қасарысып қарсылық көрсету барлық жерде және қашанда «ауыр формалар» туғызады, айтыс-тартысты принцип саласынан бақастық саласына аударуға *әрекет* жасауды туғызады. Ал бұдан не шықпақ? Соған бола партия құрылысының негізгі принциптері жолында күресуден бас тарт дейсіз бе?

*Бірінші бөгде адам.* Сіз менің қойған мәселемнен сәл-пәл жалтарасыз да, «шабуылға көшуге» тым асығасыз. Қарар «шығаруға» жұмысшылардың әрбір үйірмесі екі

1.

## Разговоръ.

Первый подорожній. Я наблюдаю, какъ могу внимательно, борьбу среди рабочихъ изъ-за „шестерки" и „семерки". Стараюсь слѣдить за обѣими газетами. Сопоставляю, по мѣрѣ возможности, отзывы буржуазной и черной печати. ... И знаете-ли, что? Мнѣ кажется, что борьба принимаетъ уродливыя формы, что она вырождается въ склоку, въ дрязги, что результатомъ будетъ во всякомъ случаѣ громадная деморализація.

Второй подорожній. Ничего не понимаю. Гдѣ это видана на свѣтѣ борьба изъ-за чего-либо серьезнаго, которая бы не принимала уродливыхъ формъ? Именно потому, что борьбой

В. И. Лениннің «Әңгіме» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1913 ж.

*Кішірейтілген*

жақтан да асығады, оның бер жағында бір-бірінен зілді сөзін асырып түсіру үшін жарыс секілді бірдеңе өріс алып барады. Социалистік сәулені іздеген жұмысшы адамдар бұқарасын жұмысшы баспасөзінен аулақтататын қаншама балағаттау бар, олар газетті, мүмкін, не түсінбеушілік сезіммен, не социализм үшін әйтеуір бір ұялғандықтан лақтырып тастайтын болар... Мүмкін, тіпті социализмнен ұзақ уақыт түңілер. Балағаттасу жарысы алдыңғы орындарға «бокс мамандарын» шығаратын қайсыбір «табиғи *емес* іріктеу» жағдайын туғызады... Екі жақтан да дұшпанын қорлайтын есерсоқтықты қолпаштаушылық қуатталады. Социалистік партия пролетариатқа *осындай* тәрбие беруге тиіс пе? Бұл оппортунизмді мақұлдағандық немесе, ең болмағанда, соған жол бергендік болып шықпай ма, өйткені оппортунизм дегеніміз жұмысшы қозғалысының *түбегейлі* мүдделерін өткінші табысқа құрбан ету ғой. Жұмысшы қозғалысының түбегейлі мүдделерін екі жағы да өткінші табысқа құрбан етеді... Социалистік жұмысқа қуанудың, оған берілудің, оған байсалды қараудың орнына, социалистер бұқараны социализмнен аулақтататын болып шығады. Осыдан келіп, пролетариат социалистерден *бөлек-ақ* социализмге келеді деген күйіністі сөздер еріксіз есіңе түседі.

*Екінші бөгде адам.* Біз екеуміз де бөгде адамдармыз, яғни күреске тікелей қатыспайтын адамдармыз. Бірақ өздерінің көз алдында не болып жатқанын аңғара келіп, бөгде адамдардың күреске екі тұрғыдан қарауы мүмкін. Сырттай қарай отырып, былайша айтқанда, күрестің тек сыртқы жағын ғана көруге болады: бейнелеп айтқанда, түйілген жұдырықтарды, өңі қашқан беттерді, ұнамсыз оқиғаларды ғапа көруге болады; мұның бәрін айыптауға, бұған жылап-сықтауға және қынжылуға болады. Ал сонымен қатар, сырттай қарай отырып, жүріп жатқан күрестің *мағынасын* түсінуге де болады; оның өзі күрестегі «эксцестер» немесе «ұшқарылықтар» дейтіннің көріністері мен суреттерінен гөрі біраз, ғапу етерсіз, қызығырақ және тарихи маңыздырақ нәрсе. Елігусіз күрес болмайды. Ұшқарылықсыз елігу болмайды; ал, мені алсаңыз, мен таптардың, партиялардың,

фракциялардың күресінен ең алдымен «ұшқарылықты» көретін адамдарды бәрінен де жек көремін. Менің осындай адамдарға әрқашан да: «меніңше, ішсең іш, бірақ ақылыңды ішпе» деп — кешіріңіз — айқайлағым келеді де тұрады.

Ал бұл жерде үлкен, тарихи үлкен іс тындырылып жатыр. Жұмысшы партиясы қалыптасып келеді. Жұмысшы дербестігі, жұмысшылардың *өз* фракциясына ықпал жасауы, өз партиясының мәселелерін жұмысшылардың өздерінің шешуі — болып жатқан оқиғалардың асқан зор тарихи ұлы мағынасы, міне, осында, біздің көз алдымызда игі тілектен *фактіге* айналып отырған нәрсе, міне, осы. Сіз «ұшқарылықтардан» қорқасыз, оған қайғырасыз, ал мен Россияның жұмысшы табын іс жүзінде жетілдіріп, кемелдендіре түскен күресті қуана-қуана қадағалап келемін, мен тек өзімнің — бөгде адам екеніме, өзімнің бұл күрестің қайнаған ортасына еніп кете алмайтыныма ғана күйінемін...

*Бірінші бөгде адам.* «Ұшқарылықтардың» да қайнаған ортасына ма? Ал егер «ұшқарылықтар» жалған қарарлар жасауға дейін жететін болса, онда сіз де осыны көрсететін, бұған зығырданы қайнайтын, бұған қайткенде де тыйым салуды талап ететін адамдарға «өш» болып шығасыз ба?

*Екінші бөгде адам.* Қорқытпай-ақ қойыңызшы! Қорқыта алмайсыз! Сіз, құдай ақына, жалған мәліметтерді жариялаудың жариялығын айыптауға әзір тұратын адамдарға ұқсап барасыз. Бір жолы «Правдада» бір социал-демократтың саяси жағынан адал еместігі туралы, көп уақыт өткеннен кейін теріске шығарылған хабар басылғаны есімде. Сол хабар жарияланған уақыттан бастап теріске шығарылған уақытқа дейін әлгі эсдек не күйде болғанын көз алдыма келтіре аламын! Бірақ жариялық дегеніміз өзінің салған жарасына өзі шипа болатын семсер емес пе. Жалған қарарлар жасалады дейсіз бе? Бұрмалаушыларды әшкерелейді де, қуып шығады. Бар болғаны сол ғана. Айтарлықтай шайқастар болған жерде лазареттер де болатыны рас. Бірақ өзін майдан «лазареттерімен» қорқытуға немесе жүйке-

сін құрытуға көну — мүлде кешірімсіз нәрсе. Қасқырдан қорыққан орманға бармас деген.

Ал оппортунизмге, яғни социализмнің негізгі мақсаттарын ұмыту жайына келетін болсақ, сіз ауру бастың сақинасын сау басқа теліп отырсыз. Сіздіңше, бұл түбегейлі мақсаттар — күнделікті іс үшін, осы минуттың қажеті үшін болатын «күнәлы» күреспен байланысы жоқ «бейкүнә мұрат» сияқты бір нәрсе болып шығады. Мәселеге бұлайша қарау — социализмді тәтті сөзге, мүләйімсіп монтансуға айналдыру деген сөз. Бүгінгі тандағы көкейтесті іс жолындағы әрбір күресті түбегейлі мақсаттармен *тығыз байланыстырып* отыру керек. Күрестің тарихи мағынасын тек осылайша түсіну ғана, оны тереңдете және шиеленістіре отырып, тобыр, айқай, шу, арпалыс бар жерлердің бәрінде болмай қоймайтын, бірақ өзінен-өзі жойылатын жаман нәрсені, «есерсоқтықты», «боксті» аластауға мүмкіндік береді.

Сіз пролетариатты тәрбиелеуші социалистік партия туралы айтып отырсыз. Иә, мәселенің өзі де осы күресте партиялықтың *нақ* сол *негізгі* принциптерін сақтап қалуда болып отыр. Әрбір жұмысшы үйірмесінің алдына: Думада *о л қандай* саясатты жүргізгісі келеді, *о л* ашық партия мен астыртын жұмысқа қалай қарайды, Думадағы фракцияны ол партияның *үстінен* қарайды деп есептей ме немесе керісінше дей ме деген мәселе қатаң, ымырасыз, дереу және тура жауап беруді талап ететін формада қойылғалы отыр. Шынында мұның бәрі — партия болмысының әліппесі ғой, шынында мұның өзі партияның болуы керек пе немесе болмауы керек пе деген мәселе ғой.

Социализм адамзатты жарылқай салатын дайын система емес. Социализм — өзінің түбегейлі мақсатына күн санап *жақындай түсіп,* сол мақсатына *бола* бүгінгі бір мақсаттан ертеңгі екінші мақсатқа қарай ілгері басып келе жатқан қазіргі пролетариаттың тап күресі. Социализм бүгін Россия деп аталатын елде, саналы жұмысшылардың өздерінің жұмысшы партиясын құру ісін аяқтау кезеңінен, либерал интеллигенция мен «Думадағы социал-демократиялық интеллигенцияның» бұл

құрылысқа *кедергі жасау* әрекеттеріне қарамастан, өтіп жатыр.

Жойымпаздар жұмысшылардың өз жұмысшы партиясын құру ісіне *кедергі жасап отыр* — «алтаудың жетеуге қарсы» күресінің мәні мен мағынасы, міне, осы. Бірақ олар оған кедергі жасай алмақ емес. Күрес ауыр, бірақ жұмысшылардың табысқа жетуі қамтамасыз етілген. Күрестің «ұшқарылығынан» әлсіздер немесе қорқып қалғандар-ақ қобалжи берсін,— мұны бастан кешірмейінше, бір қадам да ілгері басуға болмайтындығын ертең солардың өздері-ақ көреді.

*1913 ж. март — апрельде жазылған*

*Бірінші рет 1932 ж. 5 майда «Правда» газетінің 123-номерінде басылған*
*Қол қойған: К — в*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ҚАЗІРГІ РОССИЯ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ[26]

## ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Бұдан бірнеше күн бұрып Краковте орыс социал-демократиясының аса көрнекті көсемдерінің бірі Ленин жолдас баяндама жасады. Бұл арада Ленин орыс социал-демократиясындағы «большевиктік» бағыт деп аталатын, яғни ең радикалдық, ымырасыз бағыттың көсемі екенін галициялық оқушылардың есіне сала келіп, баяндаманың қысқаша мазмұнын келтіреміз.

Россиядағы жұмысшы қозғалысын сипаттай келіп, баяндамашы оның Батыс елдері үшін де зор маңызы бар екенін атап корсетеді, өйткені социалистік революциялар дәуірінде Батыс елдерінде де Россияда болған құбылыстарға ұқсас құбылыстар болатыны сөзсіз. Мысал ретінде баяндамашы біршама тыныш жағдайдан бұқаралық қозғалыстар тууына кенеттен көшуді көрсетті. 1895 жылы Россияда ереуілшілер 40 мың ғана болған еді, ал 1905 жылы январьдың ішінде ғана 400 мың адам ереуіл жасады; бүкіл жыл бойына бұл цифр 3 миллионға дейін өсті.

Россиядағы қазіргі саяси жағдай сол кезде болған революцияның, таптық шайқастардың тәжірибесі нәтижесінде қалыптасты. Бір жапон орыс революциясын «қабілетсіз үкімет тұсында болған әлсіз революция» деп атады. Алайда үкімет революцияның тәжірибесін толық пайдаланды. Бұл жөнінде үкіметтің шаруаларға көзқарасын еске салсақ та жеткілікті. Әуелі, I Дума сайлауы туралы заңды жасаған кезде, үкімет тыныш, патриархаттық элемент ретінде шаруаларға үміт артқан

еді. Бірақ жер үшін күресіп жатқан орыс шаруасы өзінің жаратылысы жағынан алғанда, рас, кейбір утопист халықшылдардың ойлағанындай социалист болмағанмен, қалай дегенмен де демократ болып шыққан кезде,— міне, осы кезде үкімет сайлау заңын өзгертіп, төңкеріс жасады.

Қазіргі Дума — ойыншық емес, ол реакцияшыл топтардың, крепостник-помещиктермен және буржуазияның жоғарғы топтарымен біріккен патша бюрократиясының шын өкімет органы.

Орыс либералдарының ролі қандай болды? I және II Думаларда либералдар шаруаны жұбатуға, оны революциялық жолдан конституциялық жол деп аталатын жолға түсіруге тырысты. Алайда, помещик жерлерінің бір бөлегін сатып алу жөнінде кадеттер жасаған ұсыныс орыс шаруасын талауға, алдауға жаңадан әрекет жасау ғана болғаны айқын еді. Бұл, ең алдымен, шаруаларды үнемі солға қарай итермелеп келген Думадағы социал-демократтар тактикасының арқасында іске аспай қалды.

Октябрь ереуілі[27] орыс либерализмі үшін бет бұрыс кезеңі болды. Революцияға дейін либералдар «революция өкімет болуға тиіс» (Струве) деп келген еді; кейін олар «эксцестер» деген үкімет тарапынан ғана болатынын жақсы білсе де, революцияның эксцестерінен сақтанғансып, әуенін өзгертті. Октябристер либерализмнен бөлініп, тура үкімет жағына шықты, соған малайлық ете бастады. Октябристердің лидері Гучков князь Трубецкойға: бұдан былайғы революциялық дүмпулер буржуазияның әл-ауқатының өзіне қатер туғызады деп нақ сол кезде жазған болатын.

Қазіргі контрреволюцияның таптық негізі осындай. Заңсыздық ашықтан-ашық жасалып жатады, үкіметтің таптық бейнесі әшкереленді. Революцияшыл элементтер жөнінде заңсыз әрекеттер жасағаны үшін үкімет мадақтап, ордендермен наградтайды. Мысалы, жуырда, депутат Петровский жолдастың үйіне тінту жасалған кезде, оны заңсыз түрде бөлмеге жауып қойған болатын, ал кейін осы жөнінде Думада сұрау қойылған

кезде министр ондай қызметі үшін полицияға ризашылық білдіру керек деп мәлімдеді.

Революция кезіндегі таптық шайқастардың тәжірибесін пайдалана отырып, Столыпин өзінің шаруаларды ауқатты ұсақ буржуазияға және жартылай пролетарлық элементтерге жіктеу жөніндегі атышулы аграрлық саясатын жүзеге асыра бастады. Бұл жаңа саясат Катков пен Победоносцевтің* ескі «патриархаттық ұрандарын» келеке ету болды. Бірақ үкімет басқаша істей алмады.

Сонымен, қазіргі контрреволюциялық системаны енгізе отырып, үкімет помещиктер мен үрейленген буржуазияға арқа сүйеді. Рас, «біріккен дворяндар»[28] 1906 жылдың өзінде-ақ Думаны таратып жібертуге тырысқан-ды, бірақ өзінің шаруалар жөніндегі аграрлық саясатынан және революциядан үрейленген буржуазия психологиясының өзгеруінен нәтижелер күткен үкімет ол кезде төңкеріс жасауға асыға қоймады.

Енді бұл контрреволюциялық система *сарқылып бітті*, оның әлеуметтік күштері сарқылды. Қазіргі Россияда жағдай ешқандай реформа мүмкін болмайтындай түрде қалыптасып отыр. Дума ұсақ-түйекпен шұғылдануда; ал егер ол қандай да бір шешім шығарған күнде де, оны Мемлекеттік совет пен патша сарайы қабылдамайды немесе танымастай етіп өзгертеді. *Реформалық мүмкіндіктер қазіргі Россияда жоқ.* Сондықтан, Думаға әр алуан бостандықтардың әр түрлі «принципті» жобаларын ұсынатын, ұсынғанда Дума оларды ешбір жағдайда да қабылдай алмайтынын, нақ білетіндігінен ұсынатын, кадеттер тактикасының демагогиясы айқын. «Құдайға шүкір, біздің конституциямыз бар!» — деп лепірді Милюков. Бірақ Россияның ішкі жағдайының қиындығы соншама, оның тіпті Азиямен салыстырғанда да артта қалғандығы айқын бола тұрса да, қазіргі құрылыстың тұсында ешқандай реформаның болуы мүмкін емес. Тіпті октябристердің баспасөзі де «бұдан әрі бұлайша өмір сүру мүмкін емес» деп жазып отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 287-бет. *Ред.*

*Жаңа революцияның алдында* тұрған пролетариаттың міндеттері, міне, осыдан айқын болып отыр. Көңіл көтеріліп келеді. 1910 жылы ереуілшілер саны ресми статистика бойынша 40 мың ғана еді, ал 1912 жылдың өзінде-ақ 680 мыңға жетті; бұлардың 500 мыңы саяси ереуілдерге қатысқандар.

Россия социал-демократиясының тактикасы, міне, осыдан айқын болып отыр. Ол ұйымды, баспасөзді және т. б. нығайтуға тиіс; мұның өзі социалистердің, ең алдымен неміс социал-демократиясының, Батыста әлдеқашан жасалған тактикасының әліппесі. Дегенмен РСДРП-ның бірінші міндеті — бұқараны *демократиялық революцияға* тәрбиелеу. Батыста бұл міндет қазір тұрған жоқ, онда күн тәртібінде мүлде басқа міндет — капиталистік құрылысты жоюға қалың бұқараны жұмылдыру — жинау, көзін ашу, ұйымдастыру міндеті тұр.

Егер біз назарымызды Россияда жақындап келе жатқан революцияның мәселесі мен социал-демократияның сол революциядағы міндеттеріне аударатын болсақ, онда біз орыс социал-демократтарының лагеріндегі «жойымпаздар» деп аталатындармен болып жатқан таластардың мәні неде екенін түсінетін боламыз. Жойымпаздық әсте орыс социал-демократтарының бір бөлегі ашқан жаңалық емес; алғашқы жойымпаздар «халықшылдар» болды, олар 1906 жылдың өзінде-ақ «Русское Богатство»[29] журналында: астыртын жұмыс жойылсын, республика жойылсын! деген ұран тастады. Жойымпаздардың құпия партияны жойып, ашық партия құрғысы келеді. Егер тіпті «прогрессистердің» де (октябристер мен кадеттердің қоспасы) жариялықты сұрауға батылы бармағанын еске алсақ, мұның өзі әсіресе адам күлерлік нәрсе. Мұндай жағдайда жойымпаздық ұрандар тұп-тура опасыздық жасау болып табылады! Әрине, құпия партия жария мүмкіндіктердің бәрін: баспасөзді, Думаны, тіпті қауіпсіздендіру[30] туралы заңды да пайдалануға тиіс,— бірақ тек үгіт пен ұйымды кеңейту үшін ғана пайдалануға тиіс; ал үгіттің мәні революциялық үгіт болып қала беруге тиіс. *Россияда конституция бар деген жалған үмітке қарсы күресу*

*керек, ал реформистік ұрандарға революция, республика ұрандарын қарама-қарсы қою керек!*

Ленин жолдастың баяндамасының мазмұны, міне, осы. Қатысушылардың біреуі ұлт мәселесіне оның қалай қарайтыны жөнінде сұрақ бергенде, баяндамашы: әрбір ұлттың «өзін өзі билеу», өз тағдырын өзі шешу, тіпті Россиядан бөлініп шығу правосын Россия социал-демократиясы толық мойындайды деп жауап берді. Өйткені орыс революциясы, демократия ісі (Германияда болған сияқты) біріктіру, орталықтандыру ісіне тіпті де байланысты емес. Россияны демократияландыруға байланысты мәселе, ұлт мәселесі емес, аграрлық мәселе.

Сонымен қатар Ленин жолдас әр түрлі ұлттар пролетариатының революциялық армиясының елді толық демократияландыру жолындағы күресте толық бірлігі болуы қажеттігін баса айтты. Америкада, Бельгияда және Швейцарияда болып отырғанындай, ұлт мәселесін тек осы негізде ғана шешуге болады. Баяндамашы Реннердің ұлт мәселесі жөніндегі қағидаларына қарсы пікірлер айтты және мәдени-ұлттық автономия ұранына үзілді-кесілді қарсы шықты. Россиядағылардың кейбіреулері Россия бұдан былай австриялық жолмен, іріп-шіріген, баяу жолмен дамиды деп пайымдайды. Алайда біз социал-демократияның ішіндегі ұлттық күрестің қандайынан да сақтануға тиіспіз — өйткені ол революциялық күрестің ұлы міндетін жоққа шығаруы мүмкін; бұл жөнінде Австриядағы ұлттық күрес бізге сақтандыру[31] есепті болуға тиіс. Насихат жұмысын грузин, армян, татар және орыс тілдерінде қатар жүргізіп отырған Кавказдағы социал-демократия бізге үлгі болуы тиіс.

*1913 ж. 22 апрельде «Naprzód» газетінің 92-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*
*Поляк тілінен аударма*

## БІЛІМПАЗ ДЕПУТАТТАР

2 апрельдегі кешкі мәжілісте, Лена оқиғалары туралы[32] қойылған сұрауды талқылау керек деген жұмысшы депутаттардың талабына қарсы шығып, октябрист Л. Г. Люц былай деді:

«Екі күннен кейін Ленадағы оқиғалардың жылдығы. Сірә, социал-демократтар жұмысшыларды қандай да болсын бір жанжалдарға итермелеу үшін олардың сезімдерін *будировать* еткісі келетін шығар...».

Орысша «будировать» деп айтылатын французша «bouder» деген сөздің мағынасы — ашулану, күйіп-пісу. Ал Люц мырза, сірә, бұл сөзді «будоражить» немесе, бәлки, «возбудить» деген сөзден шығаратын болса керек. І Думада бір шаруа «прерогативы» деген сөзді «рогатки» деген мағынада қолданғанда, буржуазиялық депутат мырзалар мен буржуазиялық баспасөз қандай күлкіге батты десеңізші! Әйткенмен де бұл қатені кешіруге болатын бір реті бар,— үстемдік етушілердің түрлі «прерогативалары» (яғни ерекше праволары) орыс өмірі үшін шынында да рогатка болып отыр. Бірақ Люц мырзаның білімпаздығы оның білімпаз достары мен олардың баспасөзінің күлкісін «будировать» ете алмады.

*«Правда» № 83, 10 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: Б.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## «КІМГЕ ТИІМДІ?»

Латынша «cui prodest» (куи продэст),—«кімге тиімді?» деген нақыл сөз бар. Белгілі бір ұсыныстарды, шараларды, т. т. қандай саяси немесе әлеуметтік топтардың, күштердің, тұлғалардың жақтайтыны бірден көріне қоймаса, әрқашан да: «Кімге тиімді?» деген сұрақ қойған жөн.

Белгілі бір саясатты тікелей *кімнің* жақтайтындығы маңызды емес,— өйткені қандай да болсын бір көзқарасты қорғау үшін капитализмнің қазіргі ізгі системасының тұсында кез келген бай адам адвокаттардың, жазушылардың, тіпті депутаттардың, профессорлардың, поптардың, тағы басқалардың әлденешеуін әрқашан да «жалдап» немесе сатып, не өзіне қаратып ала алады. Біз сауда-саттық кезінде, буржуазия намысты да, арды да саудаға салудан ұялмайтын кезде өмір сүріп отырмыз. Ақылы жетпегендіктен немесе қанына сіңген әдет бойынша белгілі бір буржуазиялық ортадағы үстем көзқарастарды қорғайтын аңқаулар да болады.

Жоқ, саясатта белгілі бір көзқарастарды тікелей *кімнің* жақтайтындығы оншама маңызды емес. Осы көзқарастардың, осы ұсыныстардың, осы шаралардың *кімге тиімді* екені маңызды.

Мәселен, «Европа», өздерін «цивилизациялымыз» деп атайтын мемлекеттер, қазір қарулану үшін тосқауылдарға қарамай жанталаса жарысқа түсіп отыр. Мыңдаған газеттерде, мыңдаған кафедралардан патриотизм туралы, мәдениет туралы, отан туралы, бейбітшілік

туралы, прогресс туралы сан саққа жүгірткен айқайшу көтеріп, зар қақсап жүр,— мұның бәрі де неше түрлі қырып-жою құралдарына, зеңбіректерге, «дредноуттарға» (ең жаңа типтегі броненосецтер), т. т. жұмсалған ондаған және жүздеген миллион сом жаңа шығындарды ақтау үшін істеліп отыр.

Әлеумет мырзалар! — дегің келеді «патреоттардың» осы бос сөздерінің бәрі жөнінде. Бос сөзге сенбеңдер, онан да *кімге тиімді* екеніне көз жіберіңдер!

Жуырда «Армстронг, Уитверс және $К^0$» деген атақты ағылшын фирмасы өзінің жылдық есебін жариялады. Фирма көбінесе неше түрлі қару-жарақ шығарады. Балансының сомасы 877 мың фунт стерлинг, яғни *8 миллион сомның шамасы* болып шықты, дивиденді *12$^1/_2$ проценттен* келді!! 900 000 сомға жуығы сақтаулы капиталға жатқызылған, т. т. және т. б.

Қаруланууға жұмысшылар мен шаруалардан сығып алынатын миллиондар мен миллиардтар, міне, қайда кетеді десеңізші. Дивиденттер 12$^1/_2$ проценттен айналған,—мұның өзі 8 жылда капитал *екі есе көбейді* деген сөз. Ал директорларға берілген түрлі сыйлықтар, т. т. бұл арада есепке кіріп те отырған жоқ. Англияда Армстронг, Германияда Крупп, Францияда Крезо, Бельгияда Кокериль, ал барлық «цивилизациялы» елдерде мұндайлар қаншама? Ал толып жатқан жабдықтаушылар ше?

Шовинизмді órшіту, «патриотизм» туралы (зеңбірек патриотизмі туралы), мәдениетті (мәдениетті құртатын құралдармен) қорғау туралы мылжың сөздер және тағысын-тағылар міне *кімге тиімді* десеңізші!

*«Правда» N 84, 11 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## АНГЛИЯДА

### (ОППОРТУНИЗМНІҢ ҚАЙҒЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ)

Ағылшын жұмысшы партиясы[33],— мұны Англияның социалистік *екі* партиясынан: Британ социалистік партиясы[34] мен Тәуелсіз жұмысшы партиясынан[35] айыра білу керек,— өте-мөте оппортунистік және либералдық жұмысшы саясатының рухы әбден сіңген жұмысшы ұйымы болып табылады.

Англияда толық саяси бостандық бар, сондықтан социалистік партиялар әбден ашық өмір сүреді. Бірақ «Жұмысшы партиясы» — ішінара саяси емес, ішінара либералдық жұмысшы ұйымдарының парламенттегі өкілдігі, әйтеуір «астыртын жұмысты» балағаттап жүрген біздегі жойымпаздардың тілейтіні сияқты қойыртпақ бірдеңе.

Ағылшын жұмысшы партиясының оппортунизмін XIX ғасырдың екінші жартысында Англияда болған ерекше тарихи жағдайлармен түсіндіруге болады, ол кезде «жұмысшы аристократиясы» ағылшын капиталының ерекше көп пайдасын бөліскенде белгілі бір дәрежеде ортақтас болып отырған еді. Енді бұл жағдайлардың дәурені өтіп барады. «Жұмысшы партиясының» батпаққа белшесінен батқанын енді тіпті «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» өзі — яғни Англиядағы *социалистік* оппортунистер де көріп отыр.

«Тәуелсіз жұмысшы партиясының» органы «Labour Leader»-дің («Жұмысшылар Көсемі»)[36] соңғы номерінен мынадай бір ғибрат аларлық хабар кездестіреміз. Ағылшын парламентінде теңіз министрлігінің сметасы

талқыланады. Социалистер оны *қысқарту* керек деп ұсыныс енгізеді. Буржуазия, әрине, үкіметті *жақтап* дауыс беріп, оны қабылдатпай тастайды.

Ал «Жұмысшы партиясының» депутаттары ше?

15 депутат қысқартуды жақтап, яғни үкіметке қарсы дауыс береді; 21 депутат мәжілісте *болмайды;* 4 депутат *үкіметті жақтап,* яғни қысқартуға қарсы дауыс береді!!

Әлгі төрт депутаттың екеуі өздерінің сайлау округтеріндегі жұмысшылар қару-жарақ өндіретін өнеркәсіптен табыс табушы еді дегенді дәлел етеді.

Социализмге *опасыздық* жасаудың, жұмысшылар ісіне *опасыздық* жасаудың айқын мысалы, міне, осындай, оппортунизм, міне, осыған жеткізіп отыр. Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, бұл опасыздық Англияның социалистері арасында барған сайын кең айыпталып отыр. Басқалардың қателерінен орыс жұмысшылары да ғибрат алып, оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатының мейлінше қатерлі екенін түсіне білулері керек.

*«Правда» № 85, 12 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## АШЫҚ ПАРТИЯ ЖӘНЕ МАРКСИСТЕР

*«Правда» №№ 85, 95, 110, 122, 124 және 126, 12, 26 апрель, 15, 29, 31 май және 2 июнь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр, ол мына жинақтың текстімен салыстырылған «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, СПБ., 1914*

## I. 1908 ЖЫЛҒЫ ШЕШІМ

Көптеген жұмысшыларға «Правда» мен «Лучтың» арасында болып жатқан күрес керексіз және түсініксіз болып көрінеді. Әрине, газеттің кейбір номерлерінде жекелеген, кейде жай, мәселелер жөнінде басылған айтыс мақалалар күрестің мақсаты мен мазмұны туралы толық түсінік бермейді. Осыдан келіп жұмысшылардың заңды наразылығы туады.

Оның бер жағында күресті туғызып отырған жойымпаздық туралы мәселе — қазіргі кезеңде жұмысшы қозғалысындағы ең маңызды және ең көкейтесті мәселелердің бірі. Бұл мәселемен әбден таныспай тұрып, ол туралы белгілі бір пікірге келмей тұрып, саналы жұмысшы болу мүмкін емес. *Өз* партиясының тағдырын өзі шешкісі келетін жұмысшы, айтыс тіпті ә дегенде оншама түсінікті болмаса да, айтыстан тартынып қалмайды, қайта шынын іздестіріп, ақиқатқа көзін жеткізеді.

Ақиқатқа қалай көз жеткізу керек? Бір-біріне қайшы пікірлер мен пайымдауларды қалай түсініп алу керек?

Қандай да болса бір нәрсе үшін қызу күрес болып жатса, онда ақиқатты анықтау үшін дауласушылардың мәлімдемелерімен қанағаттанбай, *фактілер* мен *документтерді* өзі тексеруі керек екенін, *куәлардың* берген түсінігі бар-жоғын және ол түсініктердің дұрыс-бұрысын өзі анықтап білуі керек екенін әрбір парасатты адам түсінеді.

Дау жоқ, мұны істеу әрқашан оңай бола бермейді. Кез болған, еcітуге *тура келетін,* неғұрлым «ашық» байбалам салынған нәрсеге және сондайларға сене салу анағұрлым «оңай». Ал тек осыған ғана қанағаттанатын адамдарды «жеңілтек», тиянақсыз адамдар деп атайды және олармен ешкім шындап санаса бермейді. Белгілі дәрежеде *өздігінен* еңбек етпейінше, ешбір елеулі мәселеде ақиқатқа жетуге болмайды, ал кімде-кім еңбектен қорықса, ол ақиқатқа жету мүмкіндігінен өзін өзі жұрдай қылады.

Сондықтан біз сөзімізді осындай еңбектен қорықпайтын, *фактілерді, документтерді, куәлардың берген түсініктерін өздігінен* түсінуге және *табуға* тырысып бағуға бел байлаған жұмысшыларға ғана арнаймыз.

Ең алдымен мынадай сұрақ туады: жойымпаздық деген не? Бұл сөз қайдан шыққан, оның мағынасы не?

«Луч» былай дейді: партияны жою, яғни партияны тарату, бұзу, партиядан безу қасақана ойдан шығарылған өтірік қана. Мұны «фракцияшыл»-большевиктер меньшевиктерге қарсы ойлап шығарып жүр-міс!

«Правда» былай дейді: бүкіл партия төрт жылдан астам уақыт бойы жойымпаздықты айыптап, онымен күресіп келеді.

Кімдікі дұрыс? Ақиқатты қалай табу керек?

Сірә, мұның бірден-бір әдісі мынадай болса керек: жойымпаздар партиядан *біржолата бөлініп шыққан* 1908 жылдан 1912 жылға дейінгі соңғы 4 жыл ішіндегі партия *тарихынан* фактілер мен документтерді іздеп тауып алу керек.

Қазіргі жойымпаздар *әлі* партияда *болған* нақ осы төрт жыл — жойымпаздық деген ұғым қайдан және қалай шыққанын *тексеру* үшін ең маңызды кезең.

Мұнан шығатын бірінші және негізгі қорытынды: кімде-кім *партияның* 1908—1911 жылдардағы фактілері мен документтерін *елеусіз қалдырып,* жойымпаздық туралы сөз ететін болса, ол адам жұмысшылардан ақиқатты жасырады.

Партияның бұл фактілері мен документтері қандай?

Ең алдымен — *партияның* 1908 жылғы декабрьде қабылданған *шешімі*[37]. Егер жұмысшылар өздерін бала

сияқты көріп, ертегі мен өтірік айтып басын қатыра сөйлеспесін десе, өздерінің кеңесшілерінен, басшыларынан немесе өкілдерінен — жойымпаздық туралы мәселе жөнінде 1908 жылғы декабрьде *партияның шешімі* болды ма, онда не делінген? деп сұрауға тиіс.

Бұл шешім жойымпаздықты *айыптап*, оның не екенін *түсіндіріп* берген болатын.

Жойымпаздық — «партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің қазіргі партия ұйымын *жоюға»* (яғни таратуға, қиратуға, бұзуға, тыйым салуға), «оны қайткен күнде де, тіпті мұның өзі партияның *программасынан, тактикасынан* және дәстүрлерінен (яғни бұрынғы тәжірибесінен) *«көріне бас тарту* болып шығатынына қарамастан жариялық шеңберіндегі» (яғни заңды, «ашық» өмір сүретін) «бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысқан әрекеттері».

Мұнан төрт жылдан астам уақыт бұрын партияның жойымпаздық туралы қабылдаған шешімі, міне, осындай болған еді.

Жойымпаздықтың мәні неде екені, оның не үшін айыпталатыны осы шешіммен айқын көрінеді. Оның мәні «астыртын жұмыстан» *безуде*, оны жоюда, оны қайткен күнде де заңдылық шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен *алмастыруда*. Демек, партия тіпті де жария (заңды) жұмысты, тіпті де оның қажеттігін алға қоюды айыптап отырған *жоқ*. Партия ескі партияны бейнесіз, «ашық», партия деп атауға болмайтын бірдеңемен *алмастыруды* айыптайды және сөзсіз айыптайды.

Партия өзінің өмір сүруін қорғамайынша, өзін құртуымен, жоюымен, мойындамауымен, өзінен безуімен сөзсіз күреспейінше өмір сүре алмайды. Бұл өзінен-өзі айқын нәрсе.

Кімде-кім өмір сүріп отырған партиядан қайдағы бір жаңа партияға бола безетін болса, оған: істеп көріңіз, жаңа партияны құрыңыз, бірақ сіз ескі, қазіргі, өмір сүріп отырған партияның мүшесі бола алмайсыз деу керек. Партияның 1908 жылғы декабрьде қабылдаған шешімінің мағынасы, міне, осындай; ал партияның өмір сүруі туралы мәселе жөнінде мұнан өзге шешімнің болуы мүмкін емес екені айқын.

Жойымпаздық, әрине, *ренегаттықпен, программа мен тактикадан безушілікпен, оппортунизммен* идея жағынан *байланысты.* Жоғарыда келтірілген шешімнің соңғы жағы осыны көрсетіп те отыр. Бірақ жойымпаздық дегеніміз тек оппортунизм *ғана* емес. Оппортунистер партияны теріс жолға, буржуазиялық жолға, либералдық жұмысшы саясатының жолына бастайды, бірақ олар партияның өзінен *безбейді,* оны жоймайды. Жойымпаздық дегеніміз партиядан *безуге* дейін *баратын* оппортунизм. Партияның өмір сүріп отырғанын мойындамайтын адамды өз *қатарына* алатын болса, партияның тіршілік ете алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Қазіргі жағдайларда астыртын жұмыстан безу дегеніміз ескі партиядан безу екендігі де әбден түсінікті.

Партияның 1908 жылғы бұл шешіміне жойымпаздар қалай қарайды?— деген сұрақ туады.

Мәселенің түйіні — осында, жойымпаздардың ақ ниеттілігі мен саяси адалдығы осы арада сыналады.

Олардың бірде-біреуі, ақылынан адаспаған болса, партияның осындай шешімінің бар екенін және оның бұзылмағанын бекерге шығара алмайды.

Ал енді келіп жойымпаздар біресе бұл мәселені орағытып, партияның 1908 жылғы шешімі жөнінде жұмысшыларға *ештеңе айтпай,* біресе бұл шешімді большевиктер өткізген деп лепіріп (көбінесе оған балағат сөздер қосып), әдейі жалтарып жүр.

Бірақ балағаттаған сөздер жойымпаздардың әлсіздігін ғана көрсетеді. *Партияның меньшевиктер* өткізген *шешімдері,*— мысалы, 1906 жылы Стокгольмде қабылданған муниципализация туралы шешім[38] бар. Бұл жалпыға мәлім. Көптеген большевиктер бұл шешімді қостамайды. Бірақ олардың ешқайсысы да мұның *партия шешімі* екенін теріске шығармайды. Жойымпаздық туралы 1908 жылғы шешім де дәл сондай *партия шешімі* болып табылады. Бұл мәселе жөніндегі жалтарудың қандайы болса да жұмысшыларды адастырғысы келгендікті ғана білдіреді.

Кімде-кім партияны сөз жүзінде ғана мойындағысы келмесе, ол бұл арада ешқандай жалтарысқа жол бермейді және *партияның* жойымпаздық мәселе жөніндегі

*шешімі* туралы ақиқатқа көз жеткізеді. Бұл шешімге 1909 жылдан бастап Плеханов бастаған *партияшыл меньшевиктердің бәрі* қосылды; Плеханов өзінің «Дневник»[39] атты басылымында да, басқа да толып жатқан маркстік басылымдарда да кімде-кім партияны жоятын болса, оның партияда бола алмайтынын талай рет және әбден айқын түсіндірді.

Плеханов меньшевик еді, солай болып қала береді де. Демек, жойымпаздардың партияның 1908 жылғы шешімін «большевиктік» сипаттағы шешім дейтін дағдылы дәлелдері онан бетер теріс.

Жойымпаздардың Плехановты балағаттаған сөздерін біз «Лучтан» немесе «Наша Зарядан»[40] неғұрлым көп кездестіретін болсақ, мұның өзі жойымпаздардың айтқандарының қате екенін, олардың ақиқатты шумен, байбалам салумен жәпе жанжал шығарумен көлегейлеуге тырысатынын соғұрлым айқын дәлелдейді. Жаңадан келген адамды мұндай тәсілдермен кейде бірден үндетпей тастауға болады, бірақ жұмысшылар, қалай дегенмен де, өздері түсініп алып, көп ұзамай ол балағат сөздерден бойын аулақ салады.

Жұмысшылардың бірлігі қажет пе? Қажет.

Жұмысшы ұйымының бірлігі болмайынша жұмысшылар бірлігінің болуы мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес.

Жұмысшы партиясының бірлігіне не бөгет болып отыр? Жойымпаздық жөніндегі таластар бөгет болып отыр.

Демек, ол партияның тағдырын *өздері* шешіп, *оны қорғап қалуы* үшін жұмысшылар бұл таластардың мәнін түсініп алуы тиіс.

Бұған алғашқы адым — *партияның* жойымпаздық туралы *бірінші* шешімімен танысу. Жұмысшылар мәселеден жалтару немесе басқаға бұрып әкету әрекеттерінің қандайын болса да серпіп тастап, бұл шешімді жақсы білуге және ол жайында зер сала ойлануы тиіс. Бұл шешім туралы әбден ойланғаннан кейін әрбір жұмысшы жойымпаздық туралы мәселенің мәнісі неде екенін, бұл мәселенің неге мұндай маңызды, мұндай «толғағы жеткен» мәселе болып отырғанын, неліктен бұл мәселенің төрт жылдан астам реакция заманында

партияның алдына қойылып келгенін түсіне бастайды.

Келесі мақалада біз партияның жойымпаздық туралы мұнан үш жарым жылдай уақыт бұрын қабылданған тағы бір маңызды шешімін қарастырып өтеміз, ал содан кейін мәселенің қазіргі жайын анықтап беретін фактілер мен документтерге көшеміз.

## II. 1910 ЖЫЛҒЫ ШЕШІМ

Бірінші мақалада («Правда» № 289) біз алғашқы және негізгі документті келтірдік, қазіргі таластардағы шындықты түпкілікті білгісі келетін жұмысшылардың бұл документпен, атап айтқанда: партияның 1908 жылғы декабрьдегі жойымпаздық туралы мәселе жөніндегі шешімімен танысуы қажет.

Енді біз партияның тап сол мәселе жөнінде мұнан үш жарым жыл бұрын, 1910 жылы январьда[41] қабылдаған, маңыздылығы кем емес, екінші шешімін келтіріп, соны қарастыралық. Бұл шешімнің ерекше маңызы бар, себебі — бұл шешімді бірі қалмастан барлық большевиктер, онан кейін впередшілдер дейтіндердің бәрі, ақырында (бұл бәрінен де маңыздырақ), меньшевиктер мен қазіргі жойымпаздардың *бәрі* түгелдей, сондай-ақ «ұлттық» (яғни еврей, поляк, латыш) марксистердің бәрі *бір ауыздан* қабылдаған болатын.

Бұл шешімнің ең маңызды жерін толық келтірелік:

«Буржуазиялық контрреволюция заманындағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихи жағдайы, буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі ретінде, бір жағынан, құпия социал-демократиялық партияны теріске шығаруды, оның ролі мен маңызын төмендетуді, дәйекті социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын шұнтитуға әрекет жасауды, т. т. сөзсіз туғызады; екінші жағынан, социал-демократияның думалық жұмысын және жария мүмкіншіліктерді пайдалануды теріске шығаруды, мұның екеуінің де маңыздылығын түсінбеуді, дәйекті социал-демократиялық тактиканы қазіргі кезеңнің ерекше тарихи жағдайларына бейімдей білмеуді, т. т. сөзсіз туғызады.

Мұндай жағдайларда социал-демократиялық тактиканың ажыратылмас элементі — пролетариаттың таптық күресінің барлық саласында социал-демократиялық жұмысты кеңейту

және тереңдету жолымен және бұл ауытқулардың қауіптілігін түсіндіру жолымен екі ауытқуды да жеңу болып табылады»[42].

Бұл шешімнен айқын көрінетін нәрсе мынау: мұнан үш жарым жыл бұрын марксистердің бәрі, барлық ағымдар түгелдей, маркстік тактикадан екі түрлі *ауытқушылық* бар екенін *бір ауыздан* мойындауға тиіс болды. Бұл ауытқулардың екеуі де *қауіпті* деп танылды. Екі ауытқудың екеуі де кездейсоқ нәрсе емес, жеке бір адамдардың теріс ниетінен туған нәрсе емес, өзіміз бастан кешіріп отырған дәуірдегі жұмысшы қозғалысының *«тарихи жағдайынан»* туған нәрсе деп түсіндірілді.

Ол ол ма. Партияның бір ауыздан қабылданған шешімінде бұл ауытқулардың *таптық* тегі мен маңызы көрсетілді. Өйткені марксистер күйреу мен ыдырауды жалаң, мазмұнсыз көрсетумен тынбайды. Демократия мен социализмді жақтаушылардың көбінің басында ыдырау, сенімсіздік, уайым, түсінбеушілік күшті екенін жұрттың бәрі көріп отыр. Мұны мойындап қою жеткіліксіз. Ауа жайылушылық пен ыдыраудың *таптық* тегі қандай екенін, пролетариат достарының арасындағы «аласапыранға» пролетарлық емес ортадан шыққан қандай *таптық* мүдделер дем беріп жүргенін түсіну керек.

Ал партияның шешімі мұнан үш жарым жыл бұрын бұл маңызды мәселеге былай деп жауап берді: марксизмнен *ауытқуларды* «буржуазиялық контрреволюция» тугызады, *«пролетариатқа буржуазияның тигізген ықпалы»* тугызады.

Пролетариатты буржуазияның ықпалына түсіру қаупін тугызып отырган бұл ауытқулар қандай? Бұл ауытқулардың «впередшілдікпен»[43] байланысты және социал-демократияның Думадағы жұмысын, жария мүмкіндіктерді пайдалануды теріске шығаратын бірсуі *мүлде дерлік жойылды.* Мұндай қате, маркстік емес көзқарастарды Россияда енді социал-демократтардың ешқайсысы уағыздап отырған жоқ. «Впередшілдер» (соның ішінде Алексинский және басқалар) партияшыл меньшевиктермен қатар «Правдада» жұмыс істей бастады.

Партияның шешімінде көрсетілген екінші *ауытқу* нақ *жойымпаздық* болып табылады. Мұның өзі астыртын жұмысты «теріске шығару» және оның ролі мен маңызын «кеміту» жөніндегі пікірлерден айқын көрініп отыр. Ақырында, бізде мұнан *үш жыл* бұрын жарияланған, ешкім теріске шығармаған нағыз дәлме-дәл документ бар; ол *барлық* «ұлттық» марксистерден және Троцкийден (жойымпаздарға іздесе де таба алмайтын жақсы куәлардан) шыққан документ; бұл документте турадан-тура былай деп мәлімделген: «шынында қарарда көрсетілген ағымды *жойымпаздық* деп атаған жөн болар еді, онымен *күресу қажет*...».

Сонымен, қазіргі таластарды түсініп алғысы келетін әрбір адам таныс болуға тиісті негізгі және аса маңызды факт мынадай: мұнан үш жарым жыл бұрын партия *бір ауыздан* жойымпаздықты марксизмнен ауа жайылған «қауіпті» ауытқу, бұл ауытқумен күресу қажет, бұл ауытқу *«пролетариатқа буржуазияның тигізген ықпалын»* көрсетеді деп таныды.

Демократияға қарсы пиғылдағы, жалпы алғанда контрреволюциялық пиғылдағы буржуазияның мүдделері пролетариаттың ескі партиясын *жоюды*, таратып жіберуді талап етеді. Буржуазия жұмысшы табының партиясын *жоюшылыққа* бағытталған идеялардың бәрін де кең таратып, қолдап отырады. Буржуазия ескі міндеттерден безушілікті таратуға тырысады, ол міндеттерді «кемітуге», шұнтитуға, қырнауға, өңін айналдыруға, Пуришкевичтер мен К° өкіметінің негіздерін батыл құртудың орнына, солармен ымыраластыруды немесе келістіруді алға қоюға тырысып бағады.

Жойымпаздық дегеніміз безушілік пен ренегаттықтың осы буржуазиялық идеяларын пролетариат арасына таратушылық болады.

Мұнан үш жарым жыл бұрын партияның *бір ауыздан* қабылданған шешімінде көрсетілген жойымпаздықтың *таптық* мәні, міне, осындай. Жойымпаздықтың мейлінше зияндылығы мен қауіптілігін, оның жұмысшы қозғалысына, жұмысшы табының дербес (сөз жүзінде емес, іс жүзінде дербес) партиясының топта-

суына кесел келтіретінін бүкіл партия, міне, осында деп біледі.

Жойымпаздық дегеніміз,— жұмысшы табының ескі партиясын жою (яғни тарату, бұзу) ғана емес,— сонымен қатар пролетариаттың *таптық дербестігін* бұзу, оның санасын *буржуазиялық* идеялармен аздыру.

Жойымпаздыққа берілген бұл бағаны біз келесі мақалада айқын түсіндіреміз; ол мақалада жойымпаздық «Лучтың» аса маңызды пайымдаулары толық келтіріледі. Ал қазір жоғарыда айтылғандарға қысқаша қорытынды жасалық. Жалпы алғанда «лучшылдардың», әсіресе Ф. Дан мен Потресов мырзалардың, «жойымпаздық» дегеннің бәрі ойдан шығарылған нәрсе деп көрсетпек болған әрекеттері — «Луч» оқушыларының мүлде бейхабарлығы ескеріліп жасалған, өзінің жалғандығы жағынан адам таңырқарлық жалтарыстар. Іс жүзіне келгенде, партияның 1908 жылғы шешімінен басқа, партияның *бір ауыздан* қабылданған 1910 жылғы шешімі де бар, онда жойымпаздыққа жұмысшы табына қауіпті және қатерлі ауытқушылық, пролетарлық жолдан буржуазиялық ауытқушылық деп толық баға берілген. Партияның берген бұл бағасын тек жұмысшы табының дұшпандары ғана жасыра алады немесе орағытып өте алады.

## III. 1908 ЖӘНЕ 1910 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЕШІМДЕРГЕ ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Осының алдындағы мақалада («Правда» № 95 (299)) біз жойымпаздық жөнінде буржуазияның пролетариатқа ықпалының көрінісі бір ауыздан қабылданған партиялық шешімнің дәл сөздерін келтіргенбіз.

Бұл шешім, біздің жоғарыда көрсеткеніміздей, *1910 жылғы январьда* қабылданған болатын. Енді біз жойымпаздық деген нәрсе болған емес және қазір де жоқ деп сендіруге батылы барып отырған жойымпаздардың мінез-құлқына көз жіберіп көрелік.

1910 жылғы февральда, сол кезде жаңа шыға бастаған «Наша Заря» журналының 2-номерінде Потресов мырза тұп-тура былай деп жазды: «сындарлы және

ұйымдасқан иерархия» (ягни «мекемелер» сатысы және жүйесі) «ретінде *партия жоқ»*, сондықтан «ұйымдасқан тұтас нәрсе ретінде *іс жүзінде енді жоқ нәрсені»* жоюға болмайды («Наша Заряның» 1910 жылғы 2-номерінің 61-бетін қараңыз).

Бұл партия бір ауыздан шешім қабылдағаннан *кейін* бір айдан соң, не тіпті одан да аз уақыттың ішінде айтылган сөз!!

Ал 1910 жылгы мартта жойымпаздардың нақ сол Потресов, Дан, Мартынов, Ежов, Мартов, Левицкий және К⁰ қызмет ететін басқа бір журналы, мысалы, «Возрождение»[44] журналы, Потресов мырзаның сөздерін атап көрсетіп, айқын түсіндірді:

«Жоятын ештеңе де жоқ және,— біз (ягни «Возрождениеніц» редакциясы) өзімізден қосып айтайық,— бұл иерархияны оның ескі, астыртын жұмыс түрінде қалпына келтіру туралы армандау тек зиянды, реакциялық утопия, бір кезде ең реалист болган партия өкілдерінің саяси сезімталдыгы жоғалғанын көрсететін утопия» («Возрождение», 1910 ж., № 5, 51-бет).

Партия жоқ, ал оны қалпына келтіру — зиянды утопия,— айқын, нақты сөздер, міне, осы. Партиядан анық және турадан-тура безу дегеніміз осы. Астыртын жұмысты тастап, ашық партия туралы «армандаған» адамдар партиядан безді (және жұмысшыларды одан безуге шақырды).

Астыртын жұмыстан осылай кетуді бұдан кейін 1912 жылы «Невский Голоста»[45] да (1912 ж., № 6), «Наша Заряда» да (1912 ж., № 6), әбден айқын және ашықтан-ашық П. Б. Аксельрод қолдады.

«Істің жайы осындай болып отырганда фракциясыздық туралы сөз қылу,— деп жазды П. Б. Аксельрод,— түйеқұсқа ұқсау, өзіңді де, өзгелерді де алдау деген сөз». «Фракция болып қалыптасу мен топтасу партиялық реформаны немесе, дұрысырақ айтқанда, партиялық революцияны жақтаушылардың тікелей міндеті және кезек күттірмейтін борышы болып табылады».

Сонымен, П. Б. Аксельрод — тура *партиялық революция жасау* жағында, ягни ескі партияны жойып, жаңа партия құру жағында.

1913 жылы «Лучтың» 101-номеріндегі қол қойылмай басылған редакциялық бас мақалада: «кей жерлерде жұмысшылар арасында астыртын жұмысқа бүйрек бұрушылық тіпті жанданып, нығайып барады», бұл *«қайғылы факт»* деп тура айтылған еді. Бұл мақала тіпті «Луч» тактикасын жақтаушылар арасында да «наразылық туғызғанын» мақаланың авторы Л. Седовтың өзі де мойындады («Наша Заря», 1913 ж., № 3, 49-бет). Сонымен қатар Л. Седовтың өзінің берген түсінігі тағы да «Лучты» жақтаушының, атап айтқанда Анның жаңадан наразылығын туғызды, Ан «Лучтың» 181-номерінде Седовқа қарсы мақала жазды. Ан Седовтың «астыртын жұмыс біздің қозғалыстың саяси қалыптасуына, социал-демократиялық жұмысшы партиясын құруға бөгет болады» дегеніне наразылық білдірді. Ан астыртын жұмыс керек пе, жоқ па дегенге келгенде «әрі-сәрі» бірдеңе айтқан Л. Седовты келеке етеді.

«Лучтың» редакциясы Анның мақаласына сала құлаш соңғы сөз жазып, онда Ан «Л. Седовты сынағанда теріс кетті» деп тауып, *Седовты жақтады.*

Біз «Луч» редакциясының пайымдауларын да, Анның өзінің жойымпаздық қателерін де тиісті жерінде талдаймыз. Қазір бұл туралы сөз болып отырған жоқ. Қазір біз өзіміз жоғарыда келтірген документтерден туатын негізгі және басты қорытындыға мұқият баға беруге тиістіміз*.

Бүкіл партия 1908 жылы да, 1910 жылы да жойымпаздықты айыптап, теріске шығарады, бұл ағымның таптық негізі неде екенін, қауіптілігі неде екенін ег-

---

*«Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта Ленин осы абзацты «негізгі» деген сөзге дейін мынадай текспен алмастырған (қолжазба бойынша басылып отыр):

««Живая Жизньнің»[46] 8-номерінде (19 июль, 1913 ж.) В. Засулич, ондаған жойымпаздық пайымдауларды қайталай келіп, былай деп жазған: «жаңа ұйым (социал-демократтар партиясы)... жұмысқа көмектесті ме немесе кедергі жасады ма, оны айту қиын». Бұл сөздердің партиядан безумен барабар екені айқын. В. Засулич: ұйымдардың қаңырап қалған «себебі, ол кезде онда істерлік ештеңе де болмады» деп, партиядан қашқандықты ақтайды. В. З. партияның *орнына* «қалың топ» деген таза анархиялық теория жасайды. Бұл теорияға жасалған егжей-тегжейлі талдауды «Просвещениенің» 1913 жылғы 9-номерінен қараңыз (қараңыз: Шығармалар, 19-том, 395—417-беттер. *Ред.).*

Ал мұның мәні неде...», *Ред.*

жей-тегжейлі және айқын түсіндіреді. Жойымпаздық газеттер мен журналдардың *бәрі:* «Возрождение» де (1909—1910), «Наша Заря» да (1910—1913), «Невский Голос» та (1912), «Луч» та (1912—1913)*,— *бәрі бірдей,* партияның ап-айқын, тіпті бір ауыздан қабылданған шешімдерінен *кейін, көрінеу* жойымпаздық ойлар мен пайымдауларды қайталап отыр.

Бұл пайымдаулармен, бұл уағызбен келіспейтіндігін *тіпті «Луч» жағындағылар да* мәлімдеуге *мәжбүр* болып отыр. Бұл факт. Ендеше, жойымпаздықтың Троцкий, Семковский және басқа көптеген қамқоршыларының істеп отырғанындай, жойымпаздарды «қудалап отыр» деп байбалам салу — барып тұрған арсыздық, өйткені мұның өзі ақиқатты өрескел бұрмалағандық.

Менің *бес* жылдан астам уақыт ішіндегі (1908—1913) документтерді келтіруім арқылы дәлелденген ақиқат мынадай: жойымпаздар партияның барлық шешімдерін келеке етіп, партияны, яғни «астыртын жұмысты» жамандауын және қудалауын қоймай келеді.

Партияның талас және толғағы жеткен мәселелерін асқан байсалдылықпен *өзі* түсініп алғысы келетін, бұл мәселелерді *өзі* шешкісі келетін әрбір жұмысшы осы ақиқатты,— әрбір жұмысшы осы ақиқатты ең алдымен ұғып алуға тиіс, бұл үшін партияның жоғарыда келтірілген шешімдерін және жойымпаздардың пайымдауларын зерттеп, тексеру жөнінде өз бетімен шаралар қолдануға тиіс. Өз партиясының мәселелері мен *тағдырын* зейін сала зерттейтін, ақылға салып ойлайтын, өздігінен шешетін адам ғана партияның мүшесі және жұмысшы партиясын құрушы деген атаққа лайықты.

---

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта: ««Новая Рабочая Газета» да (1913—1914)» деген сөздер қосылып, мынадай жоласты ескерту берілген:

«Мысалы, «Новая Рабочая Газетаның»[47] 1914 жылғы 1-номеріндегі жаңа жылдық бас мақаланы қараңыз: «Ашық саяси қимыл партиясына апаратын жол — партиялық бірлікке де жеткізетін жол» (ашық партияны құрушылардың бірлігіне ме?). Немесе 1914 жылғы 5-номерін қараңыз: «жеңу (жұмысшы съездерін ұйымдастыру жолына қойылатын кедергілердің бәрін жеңу) дегеніміз коалициялар бостандығы үшін, яғни социал-демократиялық жұмысшы партиясының ашық өмір сүруі жолындағы күреспен тығыз байланысты жұмысшы қозғалысының жариялығы үшін нағыз шынайы күрес жүргізуден басқа ештеңе де емес». *Ред.*

Жойымпаздарды «қудалау» жөнінде (яғни тым қатты және жөнсіз тиісу жөнінде) партия «айыпты» ма *немесе* партияның қаулыларын *тікелей бұзуды*, партияны *жоюды, яғни бұзуды қасарыса уағыздап отырған* жойымпаздар айыпты ма деген мәселеге немқұрайды қарауға болмайды.

Партияны бұзушыларға қарсы бар күшін салып күреспесе, партияның өмір сүре алмайтыны анық.

Осы негізгі мәселе жөніндегі документтерді келтіре отырып, біз келесі мақалада *«ашық партияны»* уағыздаудың *идеялық* мазмұнына баға беруге көшеміз.

## IV. ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫҢ ТАПТЫҚ МӘНІ

Біз мұның алдындағы мақалаларда («Правда» №№ 289, 299 және 314) марксистердің бәрі 1908 жылы да, 1910 жылы да жойымпаздықты өткендегіден безушілік деп біржола айыптағанын көрсеткенбіз. Марксистер жұмысшы табына жойымпаздық пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізу екенін түсіндірді. Ал жойымпаздық басылымдардың *бәрі* 1909 жылдан 1913 жылға дейін марксистердің шешімдерін өрескел бұзып келді және бұзып отыр.

«Луч» пен «Наша Заряда» жойымпаздар әлі күнге дейін қорғап жүрген «ашық жұмысшы партиясы» немесе «ашық партия үшін күрес» деген ұранды алып көрелік.

Бұл ұран маркстік, пролетарлық ұран ба, әлде либералдық, буржуазиялық ұран ба?

Бұл сұраққа жауапты жойымпаздардың немесе басқа топтардың ниғылдары мен жоспарларынан іздемеу керек,— өзіміз бастан кешіріп отырған дәуірдегі Россияның қоғамдық күштерінің арақатынасына талдау жасаудан іздеу керек. Ұрандардың маңызы авторларының ниеттеріне қарай анықталмайды, елдегі *барлық* таптар күштерінің нақ арақатынасына қарай анықталады.

Крепостник-помещиктер мен *олардың* «бюрократиясы» саяси бостандық рухындағы өзгерістердің бәріне де қас. Бұл түсінікті. Мешеу, жартылай крепостниктік

елде буржуазия өзінің экономикалық жағдайына қарай бостандыққа ұмтылмай тұра *алмайды*. Бірақ буржуазия реакциядан гөрі, халықтың белсенділігінен *көбірек* қорқады. Бұл ақиқатты бесінші жыл ерекше айқын дәлелдеді; оны жұмысшы табы өте жақсы түсінді; оны тек оппортунистік және жартылай либерал интеллигенттер ғана түсінбеді.

Буржуазия — либерал және контрреволюцияшыл. Оның адам күлерлік әлсіз, бейшара *реформизмі* осыдан туады. Реформаларды арман ету бар да — реформа бермек түгіл, тіпті берілгендерінің өзін қайтып алып отырған крепостникпен шындап есеп айырысудан қорқу бар. Реформаларды уағыздау бар да — халық қозғалысынан қорқу бар. Крепостниктерді ығыстырып шығаруға тырысу бар да — *олардың* көмегінен айрылып қалудан қорқу, *өздерінің* артықшылықтарынан айрылып қалудан қорқу бар. Бүкіл билікті крепостниктерге беретін, артықшылықтарды буржуазияға беретін 3 июнь системасы таптардың осындай арақатынасына негізделіп құрылған.

Пролетариаттың таптық жағдайы оның артықшылықтарды «бөлісуіне» немесе олардан кімнің болса да айрылып қалуынан *қорқуына* ешбір мүмкіндік қалдырмайды. Сондықтан тек өз пайдасын ойлаудан аспайтын, мардымсыз және топас реформизм пролетариатқа мүлде жат. Ал, бір жағынан, шамадан тыс езілген және артықшылықтардың орнына аштыққа ұшырап отырған шаруалар бұқарасы, екінші жағынан, сөз жоқ, ұсақ буржуазиялық шаруалар бұқарасы,— либералдар мен жұмысшылардың арасында сөзсіз толқып отырады.

Объективтік жағдай осындай.

Бұл жағдайдан мынадай айқын қорытынды туады: ашық жұмысшы партиясын құру ұраны, өзінің таптық тегі жағынан алғанда, контрреволюцияшыл либералдардың ұраны. Бұл ұранда реформизмнен басқа түк те жоқ;— бірден-бір толық демократияшыл тап болып отырған пролетариат бүкіл демократияға ықпал жүргізу жолында өзінің либералдармен күресу міндетін түсінеді дегеннің нышаны да жоқ;— крепостниктердің, «бюрократияның» және т. т. қандай болса да артық-

шылықтарының нағыз негізін жою туралы ой да жоқ;—саяси бостандықтың және демократиялық конституцияның жалпы тіректері туралы да ой жоқ; — мұның есесіне бұл ұранда ескіден үн-түнсіз безушілік, демек, ренегаттық және жұмысшы партиясын таратушылық (жоюшылық) бар.

Қысқаша айтқанда: либерал буржуазия өз ортасында не *істеп отырса,* бұл ұран контрреволюция дәуірінде жұмысшылар арасында да *нақ соны уағыздаушылықты* таратады. Сондықтан, егер жойымпаздар жоқ болса, онда есі бүтін буржуа-прогрессистер жұмысшы табына осындай уағыз тарату үшін интеллигенттерді тауып алуға немесе жалдап алуға *тиіс* болар еді!

Жойымпаздардың *сөздерін* жойымпаздардың *дәлелдерімен* тек мисыз адамдардың ғана салыстыруы мүмкін. Олардың *сөздерін* либерал буржуазияның *істерімен* және соның объективтік жағдайымен салыстыру керек.

Осы *істерге* көз жіберіп көріңіздерші. 1902 жылы буржуазия астыртын жұмысты *жақтады.* Астыртын «Освобождениені»[48] шығаруға ол Струвені жіберді. Жұмысшы қозғалысы 17 октябрьге[49] әкеліп соққанда, либералдар мен кадеттер астыртын жұмысты тастады, ал содан кейін онан безді, оны керексіз, есуастық, күпә және құдайдан безгендік («Вехи»[50]) деп жариялады*. Астыртын жұмыстың *орнына* либерал буржуазияда *ашық партия үшін күресу* пайда болды. Бұл—кадеттер (1905—1907) мен прогрессистердің (1913) жариялыққа қарай дамылсыз жасаған әрекеттері дәлелдеп отырған тарихи факт.

Кадеттердің «жұмысы ашық, оны ұйымдастыруы жасырын» екенін көреміз; қайырымды, яғни санасыз жойымпаз А. Власов кадеттердің істерін «өз сөзімен» тек қайталап айтып беріп отыр.

Либералдардың астыртын жұмыстан безіп, «ашық партия үшін күресу» ұранын қабылдағаны неліктен?

---

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта «Вехи» деген сөз алынып тасталып, мынадай жоласты ескерту берілген:

«Талай рет басылып шыққан және контрреволюциялық либерализмнің осы идеяларынан тамаша мағлұмат беретін «Вехи» дейтін ғажап кітап бар». *Ред.*

Струвенің опасыз болғандығынан емес пе? Жоқ. Қайта, бұған тура керісінше. Струве екінші жаққа шығып кетті, өйткені бүкіл буржуазия жалт берді. Ал буржуазияның жалт берген себебі: 1) 1905 жылы 11 декабрьде[51] пұрсаттылықтар алды және тіпті 1907 жылы 3 июньде де *шыдауға болатын* оппозиция жағдайына ие болды; 2) халық қозғалысынан өзі өлердей қорықты. «Ашық партия үшін күресу» ұранын «жоғары саясат» тілінен қарапайым да түсінікті тілге аударғанда мынадай болып шығады:

— Помещик мырзалар! біз сіздерді жарық дүниеден аластап тастағысы келеді екен деп ойламаңыздар. Жоқ. Аздап ығысыңыздар, бізге, буржуаға да, отыратын орын (ашық партия) болсын,— сонда біз сіздерді Тимошкиндерден және саблер батюшкаларынан[52] гөрі бес есе артық «ақылмен», айламен, «оқымыстылықпен» қорғаймыз.

Кадеттерге еліктеп, «ашық партия үшін күресу» ұранын ұсақ буржуалар,— халықшылдар қабылдады. 1906 жылғы августа Пешехонов мырза мен «Русское Богатстводағы» сыбайластар астыртын жұмыстан безіп, «ашық партия үшін күрес» жариялады, өздерінің программасынан дәйекті демократиялық, «астыртын жұмыс» ұрандарын шұнтитып тастады.

Осы мещандардың «кеңейтілген және ашық партия» туралы реформистік мылжыңының салдарынан бұлар барша жұрттың көз алдында *ешқандай* партиясыз қалды, бұқарамен *ешқандай* байланыссыз қалды, ал кадеттер мұндай байланыс туралы тіпті арман етуді де қойды.

Жойымпаздықты осылай, тек осылай еткенде ғана, таптардың жағдайына талдау жасау арқылы, контрреволюцияның жалпы тарихы арқылы ғана *түсінуге* болады. Жойымпаздар — жұмысшылар арасына либералдық азғындық таратуға буржуазия жіберіп отырған ұсақ буржуазиялық интеллигенттер. Жойымпаздар — марксизмге опасыздық жасаушылар, демократияға опасыздық жасаушылар. Олардың (либералдардың да, халықшылдардың да) «ашық партия үшін күресу» ұраны өткендегіден безуді және *жұмысшы табынан*

*іргесін аулақ салуды* бүркемелеу болып табылады. Бұл — жұмысшы куриясы бойынша IV Думаның сайлауы арқылы да, жұмысшы газеті «Правданың» шығу тарихы арқылы да дәлелденген факт. Өткендегіден безбеген, *соның* рухында, соны күшейту, нығайту және дамыту үшін «ашық жұмысты» және түрлі «мүмкіндіктерді» пайдалана білген адамдардың ғана бұқарамен байланысы бар болып шыққаны барша жұртқа аян.

Үшінші июнь системасы дәуірінде мұның басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Жойымпаздардың (яғни либералдардың) программаны және тактиканы «шұнтитқандығы» туралы біз келесі мақалада соз етеміз.

## V. «АШЫҚ ПАРТИЯ ҮШІН КҮРЕСУ» ҰРАНЫ

Мұның алдындағы мақалада («Правда» № 122) біз «ашық партия» немесе «ашық партия үшін күресу» ұранының объективтік, яғни таптардың қарым-қатынасымен анықталатын мәнін қарастырғанбыз. Бұл ұран буржуазияның тактикасын құлдық ұрып қайталағандық, ал буржуазия үшін бұл ұран оның революциядан безгендігінің немесе оның контрреволюцияшылдығының шынайы көрінісі болып табылады.

«Ашық партия үшін күресу» ұранын қорғау жолында әсіресе жойымпаздар көп қолданатын кейбір әрекеттерді қарастырып корелік. Маевский де, Седов та, Дан да, «лучшилдардың» бәрі де ашық *партияны* ашық жұмыспен немесе ашық *қызметпен* шатастыруға тырысады. Бұлайша шатастыру — турадап-тура софистика, ойын, оқушыны алдау.

Біріншіден, 1904—1913 жылдардағы кезеңде социал-демократтардың ашық қызмет істегені *факт.* Ашық партия деу интеллигенттердің партиядан безгендікті бүркемелеп жүрген *бос сөзі.* Екіншіден, партия жойымпаздықты, яғни ашық партия ұранын талай рет айыптады. Бірақ партия ашық қызметті айыптамағаны былай тұрсын, қайта оны тастап кеткен немесе одан безген адамдарды айыптады. Үшіншіден, 1904—1907 жылдары ашық қызмет социал-демократтардың *бәрінде-*

*ақ өте-мөте* дамыған еді. Бірақ «ашық партия үшін күресу» ұранын ол кезде социал-демократтардың *бірде-бір* ағымы, *бірде-бір* фракциясы көтерген жоқ!

Мұның өзі — тарихи факт. Жойымпаздықты *түсінгісі* келетін адамның мұны ойлап көруі керек.

«Ашық партия үшін күресу» ұранының жоқтығы 1904—1907 жылдары ашық қызметке бөгет болды ма? Ешбір бөгет болған жоқ.

Социал-демократтардан *ол кезде* мұндай ұран неге шықпады? Оның себебі нақ мынада: ол кезде социал-демократтардың бір бөлегін барып тұрған оппортунизмге еліктіріп әкеткен контрреволюцияның жүгенсіздігі болған жоқ еді. Ол кезде «ашық партия үшін күресу» ұраны оппортунистік бос сөз екені, «астыртын жұмыстан» безу екені *өте-мөте айқын* көрінген еді.

Осы тарихи бет бұрыстың мәпіне зер салып көріңіздерші, мырзалар: 1905 жылғы дәуірде, ашық қызмет тамаша дамыған кезде, «ашық партия үшін күресу» ұраны болған *жоқ;* контрреволюция дәуірінде, ашық қызмет неғұрлым нашар дамыған кезде, социал-демократтардың бір бөлегінде (буржуазиядан соң іле-шала) «астыртын жұмыстан» безу және «ашық партия үшін күресу» ұраны пайда болады.

Мұндай бет бұрыстың мәні мен таптық маңызы қалайша айқын бола қоймас екен?

Ақырында, төртінші және ең басты жағдай мынадай. Ашық қызмет *екі түрде,* бір-біріне қарама-қарсы екі бағытта болуы мүмкін (және болып отырғаны байқалады): ескіні жақтап және бүтіндей соның *рухында,* соның ұрандары мен тактикасы *жолындағы* қызмет және ескіге *қарсы,* одан безу, оның ролін, оның ұрандарын және сондайларды кеміту жолындағы қызмет.

Ашық қызметтің принцип жағынан осы бір-біріне қас, ымырасыз екі түрінің болуы — 1906 жылдан бастап (кадеттер және Пешехонов мырза мен К⁰) 1913 жылға дейінгі («Луч», «Наша Заря») дәуір үшін әбден даусыз тарихи факт. Сондықтан: егер екеуі де бірдей ашық қызмет істеп отырған болса, бұл арада таласатын не бар? деген аңқаудың (немесе уақытша аңқаусыған адамның) сөзін езу тартпай тыңдауға бола ма? Бұл

қызметті «астыртын жұмысты» жақтап, соның рухында жүргізу керек пе, немесе оның маңызын кемітіп, оған қарсы, оның рухынан тыс жүргізу керек пе, мұндағы талас, міне, осында, аса құрметтім! Осы ашық қызмет либералдық рухта ма немесе дәйекті демократиялық рухта ма, талас — тек осында, *«тек»* қана осында! Талас «тек» ашық жұмыспен *шектелуге* бола ма дегенде ғана: 1902 жылы ашық жұмыспен шектелмеген, 1906—1913 жылдары онымен әбден «шектелген» либерал Струве мырзаны еске түсіріңдерші!

«Ашық партия үшін күресу» ұраны деген «маркстік дерлік» сөздердің құрандысын жамылған либералдық (струвелік) идеяларды жұмысшылар арасына тарату екенін «Лучтагы» біздің жойымпаздар ешбір түсіне алмайды.

Немесе, сол «Луч» редакциясының Анға берген жауабындағы мына пайымдауын алып қараңызшы (№ 181):

> «...Социал-демократиялық партия жағдай астыртын жұмыс істеуге мәжбүр етіп отырған азғана жолдастардан ғана тұрмайды. Егер *партия* тек астыртын жұмыспен ғана шектелетін болса, онда партияның қанша мүшесі болар еді? 2—3 жүз ғана ма? Ал бүкіл социал-демократиялық жұмысты іс жүзінде мойнымен көтеріп жүрген мыңдаған, бәлкім, тіпті он мыңдаған жұмысшылар қайда қалар еді?».

Ойлай білетін адам үшін бұл пайымдаудың авторларын либералдар деп тануға осының өзі-ақ жетіп жатыр. Біріншіден, олар «астыртын жұмыс» жайында көрінеу өтірік айтып отыр: «астыртын жұмыстағылар» тіпті де «жүздеген» ғана адам емес. Екіншіден, дүние жүзінің барлық жерінде де партия мүшелерінің саны социал-демократиялық жұмысты жүргізетін жұмысшылардың санымен салыстырғанда *«шағын»*. Мысалы, Германияда социал-демократиялық партияда 1 миллион ғана мүше бар, ал социал-демократтарға 5 миллиондай адам дауыс береді, ал пролетарлар болса 15 миллионға жуық. Партия мүшелері санының социал-демократтар санымен салыстырғанда қандай пропорцияда болатыны түрлі елдерде түрліше тарихи жағдайларға қарай белгіленеді. Үшіншіден, бізде «астыртын жұмысты» ауыстыратын

еш нәрсе *жоқ*. Демек, «Луч» *бейпартиялық* немесе *партиядан тыс* жұмысшыларды партияға *қарсы* дәлел қылады. Мұның өзі — бұқараны оның алдыңғы қатарлы *саналы* отрядынан бөлектегісі келетін либералдың дағдылы тәсілінің дәл өзі. *Партияның тапқа* көзқарасын, 1895—1901 жылдарда «экономистердің» түсінбегені сияқты, «Луч» та түсінбейді. Төртіншіден, «социал-демократиялық жұмыс» бізде ескінің *рухында*, соның ұрандары жолында жүргізілгенде ғана шын мәнінде *социал-демократиялық* жұмыс болып табылады.

«Лучтың» пайымдаулары — шын өмір сүріп отырған партия ұйымына енгісі келмей, бейпартиялық, бытыранды, сана-сезімі жетілмеген тобырды оған қарсы айдап салып, бұл ұйымды *бұзуға* тырысатын либерал интеллигенттердің пайымдаулары. Социал-демократтар пролетариаттың өкілдері емес, өйткені олардың «тек» он бестен бір бөлігі ғана «партия» қатарында дейтін неміс либералдары да осылай істеп жүр!

«Лучтың» онан да гөрі дағдылы: «біз», «Европадағы сияқты», ашық партия жағындамыз дейтін пайымдауын алыңызшы. Либералдар мен жойымпаздар, *бүгінгі* «Европадағы сияқты», конституцияны және ашық партияны тілейді; бірақ олар Европаның осы бүгінгі күнге жеткен жолымен жүргілері келмейді.

Жойымпаз және бундшыл Косовский «Лучта» бізді австриялықтардан үлгі алуға шақырады. Бірақ ол тек мынаны: австриялықтарда конституция *1867 жылдан бері* бар екенін және сол конституцияны: 1) 1848 жылғы қозғалыссыз, 2) 1859—1866 жылдардағы, жұмысшы табының *әлсіздігі* Бисмарк пен $К^0$-ге атақты «жоғарыдан жасалған революция» арқылы *құтылып кетуге* мүмкіндік берген кездегі, терең мемлекеттік дағдарыссыз мүмкін бола алмағанын ұмытады. Ал Косовскийдің, Данның, Лариннің және барлық «лучшылдардың» үйреткенінен не шығады?

Мұнан шығатыны тек мынау ғана: олар біздегі дағдарысты *тікелей* «жоғарыдан революция жасау» рухында шешуге жәрдемдесіп отыр! Бірақ олардың мұндай жұмысы столыпиндік жұмысшы партиясының «жұмысы» *болып табылады.*

Қайда қарасақ та — барлық жерде біз жойымпаздардың марксизмнен де, демократиядан да безіп отырғанын көреміз.

Біз келесі мақалада өзіміздің, социал-демократиялық, ұрандарымызды шұнтиту қажеттігі туралы олардың пайымдауын толық қарастырып шығамыз.

## VI

Біз жойымпаздардың маркстік ұрандарды қалай күзеп шұнтитатынын қарастырғалы отырмыз. Бұл үшін бәрінен гөрі олардың август конференциясының шешімдерін алған жөн болар еді, бірақ түсінікті себептер бойынша бұл шешімдерді тек шетел баспасөзінде ғана талдау мүмкін болып отыр. Ал бұл жерде «Лучты» алуға тура келеді; «Луч» Л. С.-тың мақаласында (№ 108 (194)) жойымпаздықтың бүкіл мәнін, бүкіл рухын тамаша дәл баяндап берді.

Л. С. мырза былай деп жазады:

«...Депутат Муранов әзірге ішінара үш талапты ғана, ленинпілдердің сайлау платформасы негізделген, жұртқа мәлім, үш китті ғана мойындайды; олар: мемлекеттік құрылысты толық демократияландыру, сегіз сағаттық жұмыс күні және жерді шаруаларға беру. «Правда» да әлі осы көзқараста қалып отыр. Ал оның бер жағында біз, бүкіл европалық социал-демократия сияқты» («біз, құдайға шүкір, бізде конституция бар деп сендіретін Милюков сияқты» деп оқыңыз) «ішінара талаптар қоюда үгіттік құралды көреміз, бұл құрал жұмысшы бұқарасының күнделікті күресімен есептескенде ғана табысқа жете алады. Бір жағынан, жұмысшы қозғалысын онан әрі дамыту үшін принциптік маңызы бар нәрсе ғана, екінші жағынан, бұқара үшін көкейтесті мәселе бола алады,— біз қазіргі кезде социал-демократия назарын аударуға тиісті нәрсені ішінара талап ретінде алға қоюға болады деп есептейміз. «Правда» алға қойып отырған үш талаптың тек біреуі ғана — сегіз сағаттық жұмыс күні — жұмысшылардың күнделікті күресінде роль атқарады және атқара алады. Қалған екі талап қазіргі кезде насихат тақырыбы бола алады, бірақ үгіт тақырыбы бола алмайды. Насихат пен үгіттің айырмасы туралы Г. В. Плехановтың «Аштықпен күрес» деген кітапшасының тамаша беттерін қараңыз» (Л. С. шатасып отыр: Плехановтың 1899—1902 жылдарда «экономистермен» айтысын еске түсіру оған «ауыр» соғады, ал Л. С. солардан көшіріп алып отыр!).

«Сегіз сағаттық жұмыс күнінен басқа жұмысшы қозғалысының қажеттерінен, сол сияқты орыс өмірінің бүкіл барысынан алға қойылып отырған мұндай ішінара талап: коалиция бостандығын, әр түрлі ұйым бостандығын, осыған жататын жиналыстар мен сөз бостандығын, ауызекі сөз және баспасөз бостандығын талап ету болып табылады».

Жойымпаздардың тактикасы, міне, осындай. Байқап отырсыздар ма, Л. С.-тың «толық демократияландыру, т. т.» деген сөздермен суреттейтіні де, оның «жерді шаруаларға беру» деп атайтыны да «бұқара үшін көкейтесті мәселе» болып табыл*майды;* оларды «жұмысшы қозғалысының қажеттері» және «орыс өмірінің бүкіл барысы» алға қойып отырған *жоқ!!* Бұл пайымдаулар қандай ескірген және орыстың маркстік практикасының *тарихын* ұмытпаған, демократияның міндеттерінен безген «экономистермен» оның көп жылдар бойы жүргізген күресін ұмытпаған адамдарға бұлар қаншама таныс пайымдаулар десеңізші! *Сол кезде* жұмысшыларды либералдық жолға түсіруге тырысқан Прокопович пен Кусқованың көзқарастарын «Луч» қандай таланттылықпен көшіріп алған десеңізші!

Дегенмен «Лучтың» пайымдауын зер сала талдап көрейік. Парасатты ой тұрғысынан алып қарағанда, бұл пайымдау тура ақылдан адасқандық. Шынында да, ақылдан адаспай тұрып, жоғарыда көрсетілген «шаруалар» (яғни шаруалар пайдасын көздейтін) талабын «бұқара үшін көкейтесті» талап *емес* деуге болар ма? оны «жұмысшы қозғалысының қажеттері мен орыс өмірінің бүкіл барысы алға қойып отырған» *жоқ* деуге болар ма? Бұл теріс қана емес, бұл — барып тұрған сорақылық. Россияның XIX ғасырдағы бүкіл тарихы, бүкіл «орыс өмірінің барысы» бұл мәселені *алға қойды,* оны көкейтесті, барынша көкейтесті *мәселе етті,* мұның өзі Россияның *бүкіл* заң шығару ісіне де әсер етті. «Лучтың» мұндай сұмдық өтірікке баруы қалай?

«Луч» мұндай өтірік айтуға тиіс еді, өйткені «Лучты» *либералдық* саясат құл етіп алған, ал либералдар шаруалар талабын қабылдамауға келгенде (немесе «Луч» сияқты кейінге қалдырғанда) мығым-ақ. Либерал буржуазия осылай істеп отыр, өйткені оның *тап-*

*тық* жағдайы оны помещиктердің ыңғайына жығылуға, халық қозғалысына қарсы болуға мәжбүр етеді.

«Луч» жұмысшылар арасына либерал помещиктердің идеяларын таратып, демократияшыл шаруаларға опасыздық жасайды.

Онан кейін. Одақтар бостандығы ғана «көкейтесті мәселе» болғаны ма? ал адамның жеке басына тимеу ше? жүгенсіздік пен озбырлықты жою ше? жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосы ше? біртұтас палата ше? т. т. ше? Мұның бәрі де көкейтесті мәселелер екенін әрбір сауатты жұмысшы, таяуда ғана бастан өткергендері есінде бар әрбір адам өте жақсы біледі. Мұның бәрі — көкейтесті мәселелер екенін либералдардың бәрі де мыңдаған мақалалары мен сөздерінде мойындайды. Ал «Лучтың» *бостандықтардың*, аса маңыздысы болғанмен, тек біреуін ғана көкейтесті мәселе деп жариялап, ал саяси бостандықтың, демократия мен конституциялық құрылыстың түбегейлі шарттарын сызып тастаған, кейінге қалдырған, «насихат» архивіне берген, үгіттен аулақ шығарып тастаған себебі не?

*Либералдарға қолайсыз нәрсені* «Луч» қабылдамайды, мұның себебі осы, тек осы ғана.

Жұмысшы қозғалысы қажеттерінің және орыс өмірі барысының бұқара үшін көкейтестілігі тұрғысынан қарағанда Муранов пен «Правданың» үш талабының (қысқартып айту үшін — дәйекті марксистердің талаптары) арасында айырма *жоқ*. Жұмысшылар талаптары да, шаруалар талаптары да, жалпы саяси талаптар да бұқара үшін *бірдей* көкейтесті талаптар, бұл талаптарды жұмысшы қозғалысының қажеттері де, «орыс өмірінің бүкіл барысы да» *бірдей* алға қойып отыр. Біздің баяулық пен мұқияттылыққа табынушымызға ұнамды «ішінаралық» тұрғысынан қарағанда да бұл үш талаптың бәрі бірдей: түпкі мақсат жағынан алғанда олар «ішінара талаптар», ал, мысалы, жалпы «Европа» жөнінен қарағанда бұлар өте жоғары талаптар.

«Луч» неге 8 сағаттық жұмыс күнін қабылдап, басқаларын қабылдамайды? «Лучтың» жұмысшылар *атынан:* 8 сағаттық жұмыс күні олардың күнделікті күресінде «роль атқарады», ал жалпы саяси талаптар мен

шаруалар талаптары ондай роль *атқармайды* деп айтуы неліктен? Фактілер бізге мынаны көрсетеді: бір жағынан, жұмысшылар күнделікті күресте жалпы саяси талапты да, шаруалар талабын да қояды,— ал екінші жағынан, олар көбінесе жұмыс күнін там-тұмдап болса да кеміту үшін *күреседі.*

Әңгіме неде?

Әңгіме «Лучтың» реформизмінде, ол өзінің осы либералдық өресіздігін, дағдысынша, «бұқараға», «тарихтың барысына» және басқаларға *аудара салады.*

Жалпы алғанда реформизм мынада: жұрт ескі, үстем таптың басты негіздерін жоюды талап етпейтін өзгерістер үшін,— ол негіздердің *сақталуымен сыйысатын* өзгерістер үшін,— үгіт жүргізумен тынады. Сегіз сағаттық жұмыс күні капитал өктемдігін сақтаумен сыйысады. Жұмысшыларды өз жағына тарту үшін орыс либералдарының өздері-ақ бұл талапқа қол қоюға («мүмкіндігіне қарай») әзір. Ал «Луч» «үгіттегісі» келмейтін талаптар болса капитализмге дейінгі, крепостниктік заман негіздерін сақтаумен *сыйыса алмайды.*

«Луч» помещиктік билікті жойғысы келмейтін, бірақ билік пен артықшылықтарды бөлісіп алғысы ғана келетін нақ либералдарға қолайсыз нәрсені үгіттен шығарып тастайды. «Луч» нақ реформизм тұрғысынан қарағанда сыйымсыз нәрсені шығарып тастайды.

Міне, пәленің басы қайда жатыр.

Ішінара талаптарға Муранов та, «Правда» да, марксистердің бәрі де қарсы емес. Мұның бәрі түк те емес. Мысалға қауіпсіздендіруді алайық. Біз ішінара талаптар туралы мылжың сөздер арқылы, *реформизм* арқылы халықты *алдауға* қарсымыз. Біз қазіргі Россиядағы *либералдық реформизмге* — осы утопиялық, пайдакүнемдікті көздейтін өтірік, конституциялық жалған үміттерге сүйенетін, помещиктер алдында құлдық ұру рухына толы реформизмге қарсымыз. Белгілі бір «ішінара талаптарға» Муранов та, «Правда» да қарсы емес екенін өзі мойындап отырса да, «Лучтың» жалпы алғанда «ішінара талаптар» туралы бос сөзбен былықтырып және жасырып отырған істің мәні, міне, осында.

«Луч» маркстік ұрандарды күзеп шұнтитады, оларды тар, реформистік, либералдық өлшемге сыйғызғысы келеді, сөйтіп жұмысшылар арасына буржуазиялық идеяларды таратады.

Марксистердің жойымпаздарға қарсы күресі — халық бұқарасына ықпал ету үшін, оларды саяси жағынан ағарту және тәрбиелеу үшін алдыңғы қатарлы жұмысшылардың либерал буржуаларға қарсы күресінің көрінісі, бұдан басқа ештеңе де емес.

# МӘДЕНИЕТТІ ЕВРОПАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ АЗИАТТАР

Белгілі агылшын социал-демократы Ротштейн немістің жұмысшы баспасөзінде ағылшын Индиясындағы бір ғибрат аларлық және дағдылы оқиға жайында әңгімелейді. 300 миллионнан астам халқы бар бұл елде революцияның неліктен мұнша тез өршіп отырғанын осы оқиға бізге қандай пайымдаулардан болса да жақсы көрсетеді.

Индия провинцияларының біріндегі үлкен қала Рангунде (200 000-нан аса тұрғыны бар) газет шығарып тұратын ағылшын журналисі Арнольд «Британ сотын қорлаушылық» деген атпен мақала басып шығарды. Мақалада жергілікті ағылшын судьясы Эндрью (Andrew) әшкереленген. Осы мақаласы үшін Арнольдты бір жыл түрмеге жабуға үкім шығарылған, бірақ ол Лондонда байланыстары болғандықтан, істі онан әрі жүргізіп, Лондондағы жоғарғы инстанцияға дейін «барады». Индия үкіметінің өзі енді жазаны дереу «кемітіп», 4 айға түсіреді, сөйтіп Арнольд бостандыққа шығады.

Шатақ неден туды?

Ағылшын армиясының полковнигі Мак-Кормиктің көңілдес әйелі болған, ал оның үйінде Анна дейтін 11 жасар үнді қызы қызметшілікте жүрген. Мәдениетті ұлттың тамаша өкілі Аннаны алдап әкеліп зорлайды да, үйіне қамап қояды.

Дәл осы кезде Аннаның әкесі өлім халінде жатыр екен, ол қызына кісі жібереді. Сонда осы оқиғаның бә-

рін деревнядағылар біліп қояды. Ашу қысқан халық қатты ашынады. Полиция Мак-Кормикті тұтқынға алу туралы қаулы етуге мәжбүр болады.

Бірақ судья Эндрью оны кепілге босатады, ал одан кейін әлденеше рет заңды ұятсыздықпен аяққа басып, Мак-Кормикті ақтап жібереді! Мұндай жағдайда текті мырзалардың бәрінің істейтініндей, тамаша полковник Аннаны жезөкше деп шығарып, оны дәлелдеу үшін бес адамды куәға тартады. Ал Аннаның шешесі куәға тартқан сегіз адамнан судья Эндрью тіпті жауап та алғысы келмейді!

Журналист Арнольдты жалақорлығы үшін соттаған кезде сот председателі «сэр» («жоғары мәртебелі») Фокс оның істі куәлардың жауаптары бойынша тексеруіне рұқсат етпейді.

Мұндай оқиғалардың Индияда мыңдап, миллиондап болып жататыны әркімге де айқын. «Жалақор» Арнольдтың (Лондондағы беделді журналистің баласы!) түрмеден құтылып шығып, істі жария етуіне тек мүлдем ерекше жағдайлар ғана мүмкіндік беріп отыр.

Ағылшын либералдары Индияны билеу ісіне өздерінің «таңдаулы» адамдарын қоятынын ұмытпаңыздар. Жуырда белгілі радикал жазушы, «Европа ғылымының жұлдызы», әрбір Европа және орыс либералының алдында «аса құрметті адам» саналатын Джон Морли (Morley) Индияның вице-королі, Мак-Кормиктердің, Эндрьюлердің және Фокстердің басшысы болды.

Азияда қазірдің өзінде-ақ *«европалық»* рух оянып отыр: Азия халықтары демократия тұрғысынан саналы бола бастады.

*«Правда» № 87, 14 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## КӨПЕСТЕРДІҢ ЕСЕБІ

Шонжар-миллионерлер, біздегі ірі өнеркәсіптің билеп-төстеушілері, «өнеркәсіп пен сауда өкілдері съездерінің советіне» біріккен. Осы съездер советі өзінің «Промышленность и Торговля»[53] деген мерзімді баспасөз органын шығарып тұрады. Бұл журналдың ауыр оқылатын, лепірме және басым көпшілігі шала сауатты келетін мақалаларында біздің Кит Китычтердің мүдделері қорғалады.

Олар әсіресе земство өкілдігі мен земство салығының әділетсіздігіне наразы. Крепостник-помещик сорлы Кит Китычті ренжітеді де жүреді, бар болғаны сол ғана! Уездік земство жиналыстары мүшелерінің құрамы туралы ғибрат аларлық кесте мынадай («Промышленность и Торговля», 1913 ж., № 3):

| | Мүшелер саны | % |
|---|---|---|
| 1-сайлау жиналысынан (дворян-помещиктер) | 5 508 | 53,4 |
| 2-сайлау жиналысынан (сауда-өнеркәсіп орындары және т. т.) | 1 294 | 12,6 |
| 1-және 2-сайлау жиналыстарын қоса алғанда | 290 | 2,8 |
| Селолық қоғамдардан | 3 216 | 31,2 |
| *34 земстволық губернияларда барлығы* | 10 308 | 100,0 |

Шынында да, земство өкілдігінің әділетсіздігі тым сорақы. Бұдан Россияда земстволар түгелдей крепостник-помещиктердің қолына берілген деген айқын да даусыз қорытынды шығады.

Бұл қызық деректер әрбір сауатты адамды өкілдіктің осындай біркелкі болмауын туғызатын жағдайлар жайында ойға қалдырады.

Бірақ Кит Китычтер мен олардың жалдама шимайшылары жалпы саяси мәселелер туралы ойлай алады деп және саяси білімге әуестене алады деп күту, әрине, адам күлерлік болар еді. Кит Китыч — өзінің «көп» төлеп, ал дворянның «аз» төлейтіндігіне ғана назар аударады. Кит Китычтің жалдап алған шимайшысы: 34 земстволық губернияда 1-сайлау жиналысы беретін $24^1/_2$ миллион сом;— 2-сайлау жиналысы беретін — 49 миллион сом және селолық қоғамдар беретін — $45^1/_2$ миллион сом земстволық салықтардың (үстеме салықтардың) сомасын келтіреді. Бұл салықтарды ол земство мүшелерінің санына бөледі, сөйтіп «бір ценздің құнын» анықтайды!! Сонда: дворяндық ценз $4^1/_2$ мың сом, көпестік ценз — 38 мың сом, шаруалар цензі — 14 мың сом «тұратын» болып шығады.

Көпестердің жалдама қорғаушылары, міне, қалай пайымдайды десеңізші: беттері бүлк етпестен, сайлау правосына сатуға-сатып алуға болатын нәрсе деп қарайды. Земстволық үстеме салық төлеушілер оны төлеу арқылы мүшелер жіберу правосын да *сатып алатын* сияқты!

Шынында да, земство салықтарының біркелкі еместігі, әрине, өрескел-ақ. Бірақ бұл біркелкі болмаудың бар ауыртпалығы өнеркәсіпшілерге емес, *шаруаларға* және жұмысшыларға түседі. Егер шаруалар өздерінің нашар, тозған, көп жыртылған жерлерінен $45^1/_2$ миллион сом төлегенде, помещиктер $24^1/_2$ миллион сом төлейтін болса, мұның өзі, басқаларының бәрін былай қойғанда, земство салықтары түрінде «мужиктерден» ондаған миллион сом *алым* алынатындығын айқын көрсетеді емес пе!

Кит Китычтер мұны көрмейді. Олар тек дворяндардың емес, олармен «бірдей дәрежеде» көпестердің де артықшылығы болғанын ғана тілейді.

*«Правда» № 90, 20 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ф.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ТЕХНИКАНЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСТЕРІНІҢ БІРІ[54]

Бүкіл дүние жүзіне белгілі ағылшын химигі Вильям Рамсей (Ramsay) газды тікелей тас көмір қабаттарынан өндірудің әдісін ашты. Рамсей мұны іс жүзіне асыру туралы бір тас көмір рудниктерінің иесімен қазірдің өзінде-ақ келіс сөз жүргізіп жатыр.

Сонымен, қазіргі техниканың ұлы міндеттерінің бірі шешілуге жақындап келеді. Оның шешілуі туғызатын төңкеріс орасан зор болмақшы.

Қазіргі уақытта тас көмірдегі қуатты пайдалану үшін оны елге жағалай тасып, көптеген жеке кәсіпорындар мен үйлерде жағады.

Рамсейдің ашқан жаңалығы капиталистік елдер өндірісінің осы, ең маңызды деп айтарлық, саласындағы орасан зор техникалық революция болып табылады.

Рамсей көмірді жер бетіне шығармай-ақ, тура, сол жатқан жерінде *газға* айналдырудың әдісін ашты. Мұндай тәсіл, тек онан гөрі оңайырақ, кейде тұз өндіруде қолданылады: тұзды тура жер бетіне шығармайды, су қосыперітеді, сонан соң барып осы тұзды суды құбырмен тартып шығарады.

Рамсейдің әдісі тас көмір рудниктерін газ өндіретін орасан зор дистилляция аппараттары сияқты етеді. Газдың қуаты газ моторларын қозғалысқа келтіреді, бұл моторлар, бу машиналары кезіндегіге қарағанда, тас көмірдегі қуатты *екі есе артық* пайдалануға мүмкіндік береді. Газ моторлары, өз тарапынан, энергияны электрге айналдыру қызметін атқарады, электрді тех-

ника қазірдің өзінде-ақ арасы тым шалғай жерлерге жеткізе алады.

Мұндай техникалық төңкеріс жасалғанда электр тогының құны қазіргі құнының *бестен біріне* дейін, мүмкін тіпті *оннан біріне* дейін төмендеген болар еді. Қазір тас көмірді өндіруге және оны жер-жерге тасып жеткізуге пайдаланылып отырған орасан көп адам еңбегі үнемделген болар еді. Тіпті өте мардымсыз және қазір игерілмей жатқан тас көмір кендерін де пайдалануға болар еді. Үйлерге жарық беру және оларды жылыту шығындары барынша кеміген болар еді.

Өнеркәсіпте бұл жаңалық туғызған төңкеріс өте зор болады.

Бірақ қазіргі капиталистік құрылыста бұл төңкерістің бүкіл қоғам өміріндегі нәтижелері осы жаңалықтың социализм тұсында туғызатын нәтижелеріндей бола алмайды.

Капитализм тұсында көмір өндірудегі миллиондаған кенші жұмысшыларының еңбегін «азат ету» дегеннің жаппай жұмыссыздықты, қайыршылықтың орасан зор өсуін, жұмысшылар жағдайының нашарлауын туғызатыны сөзсіз. Ал асқан зор өнер табысынан түсетін пайданы Моргандар, Рокфеллерлер, Рябушинскийлер, Морозовтар — олардың нөкеріндегі адвокаттар, директорлар, профессорлар және капиталдың басқа да малайлары қалталарына салады.

Социализм тұсында Рамсейдің әдісін қолдану миллиондаған кенші жұмысшылардың, т. т. еңбегін «азат ете отырып», *жұрттың бәрі үшін* жұмыс күнін 8 сағаттан, мысал үшін айтқанда, 7 сағатқа дейін, тіпті онан да қысқартуға мүмкіндік береді. Барлық фабрикалар мен темір жолдарды «электрлендіру» еңбек жағдайының тазалығын анағұрлым жақсартып, миллиондаған жұмысшыларды түтіннен, шаңнан, қоқыстан құтқарады, лас, жиіркенішті шеберханалардың таза, жарық, адамға лайықты лабораторияларға айналуын тездетеді. Әрбір үйде электр жарығының болуы, оны электрмен жылыту миллиондаған «үй күңдерін» өмірінің төрттен үш бөлігін көңірсіген ас үйде өткізу қажеттігінен құтқарады.

Капитализм техникасы еңбекшілерді жалдама құлдыққа душар етіп отырған қоғамдық жағдайлардың шеңберінен барған сайын *асып шығып барады.*

*«Правда» № 91, 21 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## «ПРАВДАНЫҢ» БІР ЖЫЛДЫҒЫ

### (ЖҰМЫСШЫ ГАЗЕТІН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ)

«Правданың» бірінші номері жарыққа шыққаннан бері бір жыл өтті. Ол 1912 жылы Россияда жұмысшы қозғалысының апрель-май айларындағы атақты өрлеуі туғызған *жұмысшы* газеті ретінде пайда болды.

Орасан зор қиыншылықтар мен қудалауларға қарсы күресе отырып, «Правда» жұмысшы табының қолдауы арқасында орнығып, нығайды (қазіргі Россияда жұмысшы газеті қаншалықты «берік» болуы мүмкін екендігіне қарай орнығып, нығайды). «Правда» *жұмысшы* газеті деп *аталып* қана қойған жоқ: қай газет болса да өзіне қалаған атын қоя алады. «Правда» өзінің бағыты жөнінен де, жұмысшылар бұқарасынан шыққан өзінің оқушылар қауымы жөнінен де, жалпы алғанда өзінің мазмұны жөнінен де, жекелеп алғанда жұмысшылар корреспонденцияларының көптігі жөнінен де (алғашқы 99 номерінде жұмысшылардың 1783 корреспонденциясы шықты; *барлық шыққаны — бес мыңға жуық)* және, ақырында, «Правданы» жалпы алғанда жұмысшылардың, әсіресе, жұмысшы топтарының *қолдауы жөнінен де іс жүзінде* жұмысшы газеті болып алды.

Жұмысшы топтарының ақшалай жарнасымен «Правданы» қолдағаны туралы деректердің айрықша зор маңызы бар екенін біз «Правдада» (1912 жылғы 80 және 103-номерлерін қараңыз) бұрын да атап көрсеткенбіз*. Жұмысшылардың финанс көмегі газетті жақсарту үшін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер және 22-том, 77—79-беттер. *Ред.*

ордайым мейлінше маңызды және қажетті бола тұрса да, мұның маңызы финанс көмегінің шеңберінен әлдеқайда асып түседі.

Ал жұмысшы топтары жарналарының маңызы барлық саналы жұмысшылар үшін, Россияның бүкіл жұмысшы табы үшін өзінің моральдық, тәрбиелік, ұйымдық маңызы жөнінен онан да артық болмаса, кем емес. *Өздерінің* жұмысшы газетін оны жаздырып алумен ғана, таратумен ғана емес, сонымен қатар ұдайы қосатын жарнасымен *дұрыс* қолдауға дағдылана отырып, жұмысшылар осы арқылы *өз* бағытындағы газеттің төңірегіне онан сайын тығыз топтаса түсуде, жұмысшылар идеялық жағынан топтасқан нәрсеге *ұйымдасуда*, жұмысшылар қайсыбір көрші немесе таныс фабрикадан жарналар түскені жөніндегі есептерді көріп, өздерінің сана-сезімінің оянуындағы жетістіктерін тексереді. Сондықтан жұмысшы топтарының жұмысшы газетіне *тұрақты* (көп болмаса да, *тұрақты* болғаны жақсы) жарна төлеу және қаржы жинау әдетін барлық күшті сала ұлғайта және дамыта түсу қажеттігін жеткілікті талап етуге болмайды.

Жарияланған есептерден мәлім болып отырғанындай, «Правда» шыққанға дейін төрт мың сомнан астам ақша жиналған болатын, оны 500 жұмысшы тобы «Звезда»[55] газеті арқылы жіберген-ді. Біздің газетіміз шыққан күннен бастап 10 апрельге дейін ғана, «Правдада» тек осы мерзім ішінде басылған есептер бойынша 3932 сом 42 тиын ақша түскен. Оның 79,9 проценті — әр түрлі категориядағы пролетарлардан, 20 проценті — интеллигенцияның әр түрлі топтарынан және $^{1}/_{10}$ проценті шаруалардан түскен. Барлық сома мына аудандар бойынша былай бөлінеді: Петербург ауданы — 66,3 процент (2605 сом 81 тиын), оның 10 проценті ғана интеллигенцияның үлесіне тиеді. Москва, Владимир және Кострома аудандары — 4,6 процент, мұның ішінде Москва ауданында ғана интеллигенция ақша берген. (Бұл арада мына жағдайды айта кету керек: осы үш ауданның «Правдаға» жинаған ақшасының үлесі аз болған себебі, басқа себептердің үстіне, оларда Москва газетіне[56] арнап қаржы жиналды. Біздің газет арқылы ғана

жіберілген ақша екі мың сомнан асады, соның 70 проценті осы үш ауданның, ал 25 проценті Петербург ауданының үлесіне тиеді. Петербург жұмысшыларының саяси жетілгендігі бұл жерден де көрініп отыр; олар Москва газетін шығаруға да белсене қатысты); Урал, Сибирь, Прибалтика өлкесі және Польша — 10,3 процент; Харьков және Екатеринослав аудандары — 4,4 процент; жер-жерден (Финляндия, Батыс Европа және басқалары) — 14,5 процент.

Бұл цифрлар «Правданың» иесі кім екенін, оның кімнің қаржысымен шығып тұрғанын және газеттің жұмысшылар бұқарасымен қаншалықты байланысты екенін жеткілікті дәрежеде көз жеткізе баяндайды.

Шығарыла бастаған бір жылдың ішінде «Правданың» бұл жөніндегі табыстары *өте* зор. Цифрларды көп келтіріп, оқушыларды жалықтырмау үшін жұмысшы топтарының «Правдаға» қанша рет ақша жинағаны туралы деректерді ай сайын емес, жылдың тоқсандары бойынша (яғни үш ай аралығы бойынша) келтіреміз.

| Жылдар | Жұмысшы топтары қанша рет ақша жинаған | |
|---|---|---|
| | «Правда» газетіне | Москва жұмысшы газетіне |
| 1912 жылдың 1-тоқсаны | 108 | — |
| » » 2 » | 396 | — |
| » » 3 » | 81 | — |
| » » 4 » | 35 | 5 |
| 1913 жылдың 1 » | 309 | 129 |
| 1913 жылғы апрельдің алғашқы 10 күні | 93 | 43 |
| *Жиыны:* | 1 022 | 177 |

Сөйтіп, шығарыла бастаған бір жылдың ішінде «Правда» *бір мыңнан астам жұмысшы топтарының* тарапынан қолдау тапқанын, Россияның *басты* өнеркәсіпті ауданының, атап айтқанда Москваның орталық ауданының, *жұмысшы* газетінің негізін қалағанын көріп отырмыз.

Бір мың жұмысшы тобының «Правданы» *ақшалай* қолдауы оны бұдан әлдеқайда көп жұмысшы топтары-

ның *барынша* қолдайтынын білдіретіні,— «Правданың» төңірегіне *ондаған мың* жұмысшылардың топтасып, біріккенін көрсететіні өзінен-өзі түсінікті. Ақшалай жарна төлеген топтардың саны өздерінің хаттарымен, корреспонденцияларымен газетке көмектескен, газетті таратуға, жұмысшылардың жаңа тобын, еңбекшілердің жаңа тобын онымен таныстыруға, т. т. және т. с. жәрдемін тигізген «Правданың» оқушылары мен достары топтарының санынан әлденеше есе кем екендігі даусыз.

Жұмысшы табы астанада либералдық ауытқуларға жаны қас, *өзінің*, маркстік, жұмысшы газетін қаз тұрғызып, өнеркәсіпті Россияның орталығында *екінші* жұмысшы газетінің негізін қалаған «алдыңғы қатарлы адамдардың» тұтас бір авангардын өсіріп шығарды. Алдыңғы қатарлы саналы жұмысшылардың «Правда» үшін және Москваның жұмысшы газеті үшін атқарған істері жұмысшылардың өз табының көзін ашу және ұйымдастыру үшін атқарған үлкен жұмысының бүкіл көлемі жайында біздің ешбір қатесіз айтуымызға мүмкіндік береді. Өйткені «Правда» мен Москва газеті, осы ұлы істің маңызды бөлегі бола тұрса да, дегенмен, соның *бір бөлегі* ғана.

Жаппай бірлесіп күш жұмсап, тынбастан, табанды жұмыс жүргізіп, алдыңғы қатарлы жұмысшылар енді, өздерінің жұмысшы газетінің алғашқы жылғы табыстарымен жігерлене отырып, пролетариаттың барған сайын негұрлым қалың бұқарасының көзін ашып, марксизм идеяларының төңірегіне топтастырудың ұлы ісін жалғастыра береді.

*«Правда» № 92, 23 апрель, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ФАКТІЛЕР ЖАЙЫНДА

«Правданың» бір жылдыгы әрбір саналы жұмысшының (және, оның үстіне, әрбір саналы демократтың) ойын дәйекті демократтар мен марксистердің осы газетінің жұмыс *қорытындысына* еріксіз аударады.

Қорытынды туралы мәселе, әлбетте, Россияның алдыңгы қатарлы жұмысшыларының көпшілігі «Правда» жагында тұр ма деген мәселемен байланысты. Өйткені, егер буржуазиялық жаздырып алушыларға газет өткізу үшін қажет болса — оның қайда өтіп жатқаны, ол белгілі бір тапты және қандай тапты топтастырып отыр ма, жоқ па, бұл бәрібір болса,— марксист үшін және дәйекті демократ үшін газет шын алдыңғы қатарлы таптарды *агарту* және *топтастыру* органы ретінде маңызды.

Біз үшін газетіміздің қайда және қалай тарап жатқаны бәрібір емес. Біз үшін газетіміз Россияның алдыңгы қатарлы табын, яғни жұмысшы табын ағартуға және топтастыруға іс жүзінде қызмет етіп отыр ма, жоқ па, соны *білу* бәрінен де гөрі маңыздырақ.

Мұны *білу* үшін сұраққа жауап берерлік *фактілерді* іздестіру керек.

Әр түрлі адамдар факт дегенді түрліше түсінеді. Буржуазиялық журналистер тексеруге болатын бірде-бір *дәл,* анық факт келтірмей, шімірікпестен өтірік айтады.

Буржуазиялық журналистерге либерал жұмысшы саясатшылары, жойымпаздар еліктейді. Солардың бірі,

және «әлдебіреу» емес, Ф. Д.-ның өзі «Лучтың» 57 (143)-номерінде былай деп жазды:

«...Біздің газетіміз («Луч») шынында Россияның алдыңғы қатарлы, сапалы жұмысшыларының толық оннан тоғыз бөлігінің органы екенін біз күнделікті жұмысымызда мақтанышпен сезінеміз (қандай сезімтал адамдар десеңізші!), бұл фактіні теріске шығаруға болмайды».

Осындай Хлестаковтар немесе Ноздревтер — келемеждеуге тұрарлық адамдар, «Правда» солай істеді де. Бірақ бір ғана келемеждеу жеткіліксіз. Жұмысшылар өздерін де, санасы жетілмеген жолдастарын да Ноздревтерге алдатпау үшін фактілерді *өздері* талдап, *өздері* тексеруге үйренуге тиіс.

Фактілерді қалай іздеп, қалай тексеру керек? Бәрінен де гөрі «Правда» мен «Лучтың» *жұмысшылар* арасына (либерал интеллигенция арасына емес, бұлар түгелдей дерлік жойымпаздар) таралу жайын білген жақсы болар еді. Бірақ мұндай фактілер жоқ.

Басқа фактілер іздеп көрелік.

Өздерінің ақшалай жарналарымен «Правда» мен «Лучқа» ерікті түрде көмектесіп отырған *жұмысшы топтары* туралы деректерді алайық. Бұл деректер екі газетте де *басылып отырады*. Бұлар *фактілер*. Бұларды әркім де тексере алады, әркім де бұларды зерттей келіп, журналистикада соншалықты көп Ноздревтерді әшкерелей алады.

«Правда» жарты жыл ішіндегі, атап айтқанда, 1912 жылдың алғашқы жартысындағы бұл фактілерді бір рет берді (1912 жылғы 80-номерді қараңыз*), және бұл фактілерді ешкім де бекерге шығара алмады. Енді *бүкіл* 1912 жылғы және 1913 жылдың бас кезіндегі фактілерді келтірелік [109-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Кез келген оқушының «Правда» мен «Лучты» алып, бұл деректерді тексеріп қарауына, ал егер одан қате тапса, бұл есепті түзетуіне болады.

Міне, бұлар Ф. Д. мен басқа да «лучшыл» мырзалар-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер. *Ред.*

| Жылдар | Газеттерге жұмысшы топтары қанша рет ақша жинаған | | |
|---|---|---|---|
| | «Правдаға» | «Лучқа» | Москва жұмысшы газетіне |
| 1912 жылдың 1-тоқсаны | 108 | 7 | — |
| » » 2 » | 396 | 8 | — |
| » » 3 » | 81 | 9 | — |
| » » 4 » | 35 | 65 | 5 |
| 1913 » 1 » | 309 | 139 | 129 |
| » апрельдің 10 күні | 93 | 28 | 43 |
| *Барлығы* | 1 022 | 256 | 177 |

дың мақтаншақтығы мен өтірігін ажыратуға кедергі жасамайтын шын *фактілер.*

Бұл фактілер «Лучтың» 9/10 бөлікке ноздревтік сілтеме жасауын тамаша дәлелдейтіні рас емес пе?

«Лучтың» «оннан тоғыз» жақтастары, ал бұл есепке көрінеу көзге және ашықтан-ашық бундшылдар мен латыштардың «жоғарғылары» кіреді, «Луч» шыға бастаған *жарты жылдан* аса уақыттың ішінде (1912 жылдың 4-тоқсаны мен 1913 жылдың 1-тоқсаны және апрельдің он күні) «Правда» мен болашақ Москва газетінің топтастыра алғанының *жартысын* да топтастырған жоқ. Сонда осы көрінеу көзге *азшылықты* «оннан тоғызға» дейін өсіру ноздревтік тәсіл емес пе?

Буржуазиялық газеттердің осындай ұшан-теңіз өтіріктерімен жұмысшылар жан-жағынан бірдей қоршалып отыр, сондықтан олар қайткен күнде де шындық үшін күресуге тиіс, өтірікті тани білуді және оны теріске шығаруды үйренуге тиіс. Жұмысшы партиясын жоюшылардың қате көзқарастарын сабырлылықпен *теріске* шығарып отыру керек. Ал жұмысшыларды арсыздықпен аздырып отырған ноздревтік, сұрқия өтірікті бетіне басып, өтірікшілерді жұмысшылар ортасынан аластау керек.

Жұмысшылар өз қимылдарының бірлігін тілейді. Жұмысшылардың мұнысы дұрыс. Қимыл бірлігінсіз жұмысшыларға күн жоқ.

Ал ойлап көріңізші, азшылықты көпшілікке бағын-

дырмайынша бірлік *қалай* болады? Мұнсыз бірліктің болуы мүмкін емес екенін әркім де түсінеді.

Демек, егер тіпті жойымпаздар партияны жоюшылар болмаса да, жұмысшылар көпшіліктің қандай *көзқараста* болып отырғанын білуге міндетті. Мұны білмейінше, жұмысшылар *қимыл бірлігіне* жете алмайды (өйткені партияда бар және партияда жоқ жұмысшылардың жиі-жиі бірге қимыл жасауына тура келеді).

Партия жөніндегі қандай да болса өтірікке қарсы аяусыз күреспейінше, жұмысшылар *өз* партиясын құра алмайды. Ал өтірікті әшкерелеу үшін *дәл* фактілер іздеу керек, оларды тексеру керек және тексерілгендерінің маңызына ой жүгірту керек.

Саналы жұмысшылар, жойымпаздықтың дұшпандары, жұмысшы баспасөзін жасауда бірінші орынды жеңіп алғаны даусыз. Олар сөзсіз басым көпшілікті жеңіп алды. Осы бір елеулі әрі маңызды мәселе жөнінде таратылып жүрген өтіріктің қандайына болса да олар жек көріп, жиренe қарайды.

*«Правда» № 92, 23 апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: К. П.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ҚОНЫС АУДАРУ ІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жұртқа мәлім, 1905 жылдан кейін үкімет, өзінің Европалық Россиядағы «жаңа» аграрлық саясатына байланысты, шаруаларды Сибирьге қоныс аудару ісін дамытуға ерекше күш жұмсады. Помещиктер бұл қоныс ауыстыруларды, былайша айтқанда, саңылаудың ашылуы және Россияның орталығында аграрлық қайшылықтардың «бәсеңдетілуі» деп білді.

Ал нәтижесінде не болды? Қайшылықтар бәсеңдеді ме, әлде неғұрлым кең аренаға ауысып шиеленісе түсті ме?

Ең әуелі шаруалардың Сибирьге қоныс аударуы туралы жалпы деректерді келтірейік.

1861 жылдан 1885 жылға дейін 300 000-дай, яғни жылына 12 мың шаруа қоныс аударды; 1886 жылдан 1905 жылға дейін 1 520 000-дай, яғни жылына 76 мыңдай шаруа қоныс аударды; 1906 жылдан 1910 жылға дейін 2 516 075-тей, яғни жылына 500 мыңдай шаруа қоныс аударды.

Контрреволюциялық дәуірде қоныс аудару орасан зор өсті. Күмән жоқ, Россияның орталығында жағдай осыдан *уақытша* «жеңілдеуге» тиіс еді.

Бірақ *қанша* уақытқа және *қандай күш жұмсау арқылы болды?*

Бұған қоныс аудару толқынының 1909 жылдан бастап *бәсеңдегені* туралы және қайта көшкен қоныс аударушылар санының мейлінше өскені туралы деректер жауап береді. Бұл деректер мынадай:

| Жылдар | Қоныс аударушылар саны (мың есебімен) | Қайта көшкен қоныс аударушылар % |
|---|---|---|
| 1905 | 39 | 10 |
| 1906 | 141 | 4 |
| 1907 | 427 | 6 |
| 1908 | 665 | 6 |
| 1909 | 619 | 13 |
| 1910 | 316 | 36 |
| 1911* | 183 | 60 |

Сонымен, қоныс аударуды ресми түрде қуаттаушы мырзалар жағдайды не бары *төрт* жылға ғана (1906—1909) жеңілдете алды. Бұдан кейін *жаңа дағдарыс* басталды, өйткені «қайта көшкен» қоныс аударушылардың саны орасан зор — 36 процент және 60 процент — өсіп отырған жағдайда қоныс аударушылар санының мықтап кемігені, ешбір күмәнсыз, дағдарысты көрсетеді және, оның үстіне, аса елеулі, өлшеусіз кеңірек аренаны қамтыған дағдарысты көрсетеді.

Қайта көшкен қоныс аударушылардың отыз алты және алпыс процент болуын Россияда да, Сибирьде де дағдарыстың шиеленіскені деу керек. Россияға нағыз соры қайнаған, барынан жұрдай болған, ызаланған кедейлер қайтып жатыр. Үкіметтің жанталаса күш салуына қарамастан, жүздеген мың қоныс аударушыларды орналастыруға мүмкіндік болмауы *себепті* Сибирьде жер мәселесі мейлінше шиеленісуге тиіс болды.

Сонымен, бұл келтіріліп отырған деректердің мынаны көрсететіні даусыз: Россиядағы бесінші жылдың аграрлық дағдарысына қарсы қоныс аудару жолымен күресу дағдарысты ең қысқа уақытқа ғана және, оның үстіне, біз бастан кешіріп отырған кездің қарсаңында дағдарыстың шамадан тыс зор шиеленісуі, дағдарыс аренасының өте зор кеңеюі арқылы *кейінге қалдыра* алды.

Үкіметтік жалаң статистикалық деректерден шығарылған бұл қорытындыны орман-тоғай ведомствосының, Сибирьде 27 жыл қызмет істеген және осындағы қоныс аудару ісімен әдейі танысқан бұрынғы чиновнигі А. И. Комаров мырзаның «Қоныс аудару ісі туралы

* 11 айдың деректері.

шындық» (Спб. 1913 ж. бағасы 60 тиын) деген кітапшасы тамаша дәлелдейді.

Кітапша көбінесе автордың 1908—1910 жылдары «Новая Русь»[57] газетінде жазған (бүркеншік атпен) фельетондарынан құрастырылған, бұл фельетондарда «Сибирь жерлері мен орман-тоғайларының мемлекет тарапынан сұмдық талан-таражға салынуы немесе, дәлірек айтқанда, бүлдірілуі, онымен салыстырғанда бұрынғы бір кезде башқұрт жерлерін талан-таражға салу түк емес» екені жайында «зілсіз-қалжың» түрінде әңгімеленген.

Автор «қоныс аударудың әбігерімен» (оның газеттегі фельетондары осылай деп аталған), талан-тараждармен, байырғы тұрғындар мен қоныс аударушылардың күйзеліске ұшырауы және қайыршылануымен, «тиімді орман шаруашылығы деп аталатынның толық бүлінуімен», қоныс аударушылардың кейін Россияға қашып келіп, «Русьтің жүздеген мың қаңғыбас» армиясын құруымен, ақырында, саңылаусыз топастықпен, әуре-сарсаңмен және арыз-шағым жеткізу жүйесімен, қазына мүлкін ұрлаушылықпен және барлық істі жүргізудегі бейберекетсіздікпен басы қатқан ізгі ниетті чиновниктің көзқарасындағы адам.

Фельетондар «зілсіз-қалжың» сарында жазылғанына қарамастан, немесе, дәлірек айтқанда, *нақ сондықтан да* бұлар тұтас алғанда ескі, крепостниктік әуре-сарсаңның қайсыбір улы иісінің, қоңырсығының, тұншықтырғыш иісінің ерекше күшті әсерін қалдырады. Осындай құралдармен және тәсілдермен жүргізілген, осындай әлеуметтік элементтер басқарған, осындай жағдайда болып жатқан жаңа, буржуазиялық, аграрлық саясаттан апатқа ұшыратудан басқа ештеңе де шықпақ емес.

Премьер-министр Столыпиннің және егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы Кривошеин мырзаның 1910 жылы августа Сибирьге барып қайтуының көрінісі мынадай. «Тайга» станциясында министр вагонының есігі алдынан сөйленген сөз «... барлығы да тап-тамаша, сондықтан да ойдағыдай».

«Бұл адам күлерлік сапар,— деп жазады байырғы қызметші,— Ұлы Екатеринаның Новороссияға барған сапарына өте

ұқсас, оның бер жағында Потемкиннің ролін, Петербургте жасалған ұйғарым бойынша, Томск губерниясындағы қоныс аудару және жерге орналастыру ісінің меңгерушісі Шуман мырзаның атқаруына тура келді... бұл саяхат менің қызметімді тастап, осы кітапшаны бастырып шығаруыма соңғы түрткі болды».

Ізгі ниетті сорлы чиновниксымақ: шыдамаған-ақ екен!

Қоныс аударушылық толқыны ең жоғары өрлеген кезеңдегі қоныс аудару әбігершілігінің көрінісі мынадай.

«Учаскелер әзір емес, оларға апаратын жолдар салынбаған, қоныс аудару пункттері әлі салынып бітпеген... Қоныс аударушылардың ормандағы дачалардан қалаған жерлеріне өз беттерімен орналасуы, бір кезде Сибирьде дворян жер иелігін орнатуға арналған оброк статьясындағы жерлерді, бос жатқан учаскелерді басып алуы және басқалары басталды, ал одан кейін, әрине, өз беттерімен қоныстанушыларды қуып шығу басталды, мұның өзі толып жатқан қайғылы және көбінесе өте қатал әрекеттермен қабат жүргізілді, ал бұларды суреттеп жазу артық болар еді». Қоныс аудартушы чиновниктер «кеше ғана дерлік орнатылған ормандағы қазыналық дачаларды тілімдеп алуға» мәжбүр болды. «Қоныс аудару пунктінде селеңдеп жүріп алатын, қоныс аударту басқармасының босағасын босатпайтын, неге екені беймәлім, топырлап губерниялық басқармаға баса-көктей кіріп алатын, бірде-бір үкімет мекемесіне тегі тыным бермейтін қажып, қалжыраған ондаған адамдарды әйтеуір орналастырып, солардан әйтеуір құтылу үшін, тілімдеп ала берді, ең алдымен көзіне не түссе, соны ала берді».

«Әлденеше жүздеген миллион сом» ақша талан-таражға салынып, босқа шашылып жатыр. «Қорытындылардың бірі,— деп жазады автор,— атап айтқанда, қоныс аудару ісін болашақтағы Сибирь земствосының қолына беру қажеттігі еріксіз алға қойылып отыр». Россиялық аңқау «адал» чиновник-ай, ол мұндай «тришка шекпенін» земствомен... жамап-жасқауға болады деп ойлайды.

Орман шаруашылығының көрінісі мынадай: «күтпеген жерден бақыт кез болған» қоныс аударушыларға ағаш сатуға рұқсат етілді; 300 десятина ежелгі құрылыс ағашының десятинасын олар 17 сомнан сатты. Ежелгі құрылыс ағашының десятинасы, тіпті Сибирь

бағасы бойынша да, құрып кеткенде, 200 сом тұрады. Және бір көрініс: қоныс аударушылар мердігер Жоголевке 25 000 шпалды әрқайсысын 4 тиыннан сатады. Ол кескені үшін әр шпалға 5 тиыннан, тасып шығарғаны үшін 25 тиыннан, кемемен жеткізіп бергені үшін 10 тиыннан төлейді, ал қазынадан *әр шпалға 80 тиыннан алады...* Пуришкевичтермен және Россия тіршілігіндегі пуришкевичшілдікпен барынша жымдасып бара жатқан алғашқы қорлану заманының октябристік капитализмі, міне, осындай!

Жерге орналастыру көріністерінің ұзақ тізбегі мынадай. Минусинск уезі — «Сибирьдегі Италия». Минусинскінің байырғы тұрғыны 4 десятинадан жер алып, «меншіктің қасиетті праволарын танып білді». Оның пайдалануынан ондаған мың десятина шұрайлы жер тартып алынды.

«Соңғы уақытта бұл Италияда, мемлекеттік шаруашылықтың жалпы қойылуы арқасында, ресми тілмен айтқанда, «қуаңшылық» үзбей байқалып тұрады...

...Енисей уезінде атақты Обь-Енисей каналы бар, ол бірқатар жылдар бойында қазынаның миллиондаған сомын жайбарақат жұтып қойды, бірақ сонда да ол жүк тасуға жарайтындай әлі оңып тұрған жоқ, өйткені ол қазылуға тиісті емес жерден қазылған болатын...

«Куриинск қоныс аудару учаскесі... Алтай тұз заводы жанындағы бұратаналардың жерінен құрылған еді. Ал егер, жерлерін алып қойғаннан кейін, бұратаналарға ащылау тиген болса, жаңадан қоныстанғандарға тіпті тұздай ащы болды — суы ішуге мүлдем жарамсыз болып шықты. Құдық қазудан да еш нәтиже шықпады. Сонда қоныс аудару басқармасы жерді бұрғылауға әкелген еді, бұрғылап шығарған суы бұрынғыдан да ащы болды. Қоныстанғандар енді деревнядан 7—8 шақырым жердегі Енисей өзеніне барып су алып тұрады, демек «барлығы да ойдағыдай»...»

... Аса бағалы қарағайлы дачаны қарағай жібек құрты тып-типыл етіп жеп қойды. Ағашқа құрт түсе бастаған кезде, орманшы кредит беру туралы *қағаз жазуға* тиіс еді. Питермен хаттар алысып, байланыс жасап жүргенде, орман құрып бітті... «Орман жасау деп аталатынның бәрі,— деп жазады қарт орманшы,— ақырында жоқ болды».

Ал чиновниктер әлемінде азды-көпті адал адамдарды үстінен шағым беру арқылы құртып жібереді (118-бет), сөйтіп «жоғарғы өкімет адамдары» 35 жылдан қызмет еткен орманшыларды, егер олар батылы барып шындықты айта қалса, «өшір үніңді!» деп зекіп сөйлетпей тастайды (121-бет). «Пасықтық пен көргенсіздік дәуірі»,— деп ашынады, бұл «дәуірдің» басын «жақсы» бастықтың есуас бастықпен ауысуынан бастап есептейтін қайырымды Комаров мырза.

Автор өзінің суреттеулеріне мынадай сөздермен қорытынды жасаған:

«...Егер менің айтқандарымның бәрі анекдот тәрізді болып көрінсе, соның өзінде де бұл—өмір шындығының анекдоттары, оларға бізді россиялық, былайша айтқанда, конституциялық өмір үйретті, ал нағыз орыс өмірі шындығы дегеніміздің бәрі түгелдей және мейлінше сорақы анекдот емес пе екен».

Қайта көшкен қоныс аударушылар жөнінде Комаров мырза бір «ер жүрек» медиктің олар 6 проценттен аспайтын еді-міс дегенін келеке етеді. Бұл мәселе жөнінде біз жоғарыда дәл цифрлар келтірдік.

«Басқаларын кім білсін,— деп жазады Комаров мырза,— ал Россия помещиктері бұған (кейін қайтып жатқан қоныс аударушылар санына) өте-мөте көңіл қойып отыр. Бұл түсінікті де: өйткені болашақта аса қорқынышты роль атқарғалы отырған элемент қайтып жатыр. Қайтып жатқандар өзінің бүкіл өмірі бойы батырақ болған және өзіне, ертектегі Антейдей, адам айтқысыз алып күш берген нәрседен қол үзіп кеткендер емес. Күні кешегі қожайын, өзін жерден бөлек өмір сүре аламын дегенді ешқашан ойына да алып көрмеген адам қайтып келіп жатыр. Ал бұл адам,— оны орналастыра алмай, аздырып-тоздырғанына және бұрынғы қожайыннан, егіншіден оның өзін ғана емес, оның үстіне бүкіл үй ішін де түкке тұрғысыз адамдарға айналдырғанына орынды түрде қанды кек тұтқан бұл адам мемлекеттік құрылыстың қандайына болса да аса қатерлі. Ал мұны, 1905 жылдан бері көзі қанған, ақылы кірген маңдай алды кісілер есепке алып отыр».

1910 жылдың көктемінде автор Европалық Россияда дворяндардың жетекшісімен, өте кертартпа сенімдегі, автордың өзі құрметтейтін және сенетін адаммен кездескен.

«Ойбай, есепке алып отырмыз және есептегенде қандай,— деді ол маған: бізді деревнядан қалаға тектен-текке сырғытып жіберген жоқ қой. Мужик құтырына қарайды. Жастардың бәрі дерлік бұзақы, оның үстіне сіздің Сибирьден мына ашынғандар қайтып келіп жатыр.

Маған,— деп жазады қайырымды Комаров мырза бұдан әрі,—«Сибирь жері жөнінде» сұрастырып білу үшін келушілердің ішінде менің бір кезде асық ойнап, доп қағысқан, ақырында, бірге төбелесіп, жұдырықтасқан, ал кейін ұмытысып кеткен балалық шақтағы бір досым келіп жолыққанда, мен сүйкімді Петр Федоровичті онан бетер түсіндім. Амал бар ма, ол қазір, менің бұрынғы жұдырықтасудағы серігім емес, аздап ақ кіре бастаған қаба сақалды, қасқа бас, келісті мужик екен. Әңгімелесе келіп, өткен-кеткенді еске түсірдік, мен 1905 жылға да соғып өттім. Айта кету керек, біздің уезд ол дәуірде помещик усадьбаларының өрт жалынына оранып, дворян жерлері талқандалған уездердің бірі болған, сондықтан да менің тарапымнан өз досыма, жаңылмасам, мынадай түрде кінә тағуым әбден орынды нәрсе еді:

— Сендердің 1905 жылы мұнда нендей сойқан салғандарыңды сайтан білмесе, кім біледі! Жақсы орналасу үшін ол өнеге емес...

Мұны айтқанда мен, әрине, эсдек және эсер мырзалардың жер мәселесі теориясын эсте есіме алған жоқ болатынмын, саяси экономиямен аздап болса да таныстығы бар адамның қайсысына да ол теория мүлдем қолдануға болмайтын нәрсе тәрізді ғой, ал ол былай деп жауап қайырды:

— Сенің бұл сөзіңнің жөні бар... Сен дұрыс айтасың... Біздің олай істемеуіміз керек еді.

— Әрине, солай еді,— деп мен бір-бірімізді түсініскенімізге қуанып, тыныштандыра сөйледім.

— Дұрыс, дұрыс... Үлкен қателік жасадық... Ешкімді де құтқармауымыз керек еді...

— Сонда бұл қалай дегенің?

— Ол былай, айтар болсақ, әбден тып-тыпыл етіп тазалап шығу керек еді!.. Бірін қалдырмай...

Осыны айтқанда жүзі жарқын тартып, беті күлімдеп отырды, күлімдеген, нұрлы, ақ пейіл балаларша аңғал қарайтын көздерінің аңғарынан сүйкімді әжімдері көрініп тұрды...

Бірақ менің, шынымды айтайын, тұла бойым мұздап кетті, бәлкім, төбе шашым тік тұрған болар: бұл ақ пейіл адамдар осындай болса, онда өздерінің үлесті жерлерінен айырылып, мәңгілік құр алақан қалған, мына қайтып келіп жатқандардан не күтуге болады?!

Әй, осы Россияға марқұм премьер мен октябрист мырзалар сыйға берген «күштілерге қол арту-ай»: бара-бара мұның өзі, қоныс аудару сергелдеңіне байланысты, шынында талай кесапатқа соқтыруы мүмкін-ау» (75-бет).

Жайбарақат пиғылдағы қайырымды интеллигенттің жарқын жүзді, ақ пейіл, аңғал, келбетті, қасқа бас мужикпен осы әңгімесімен біз де тоқталық.

*«Правда» №№ 96 және 99;*
*27 апрель мен 1 май, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ВЕХИШІЛДЕР ЖӘНЕ ҰЛТШЫЛДЫҚ

## (БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЗАМЕТКА)

«Русская Мысль»[58] — іш пыстыратын журнал. Бұл журналда бір нәрсе ғана қызғылықты. Мұнда *«вехишіл»*-либералдар, «Вехи» деген әйгілі ренегаттық кітаптың қызметкерлері мен соны жақтаушылар жазып тұрады; бұл кітапта бостандықтың кешегі жақтаушылары *бұқараның бостандық жолындағы күресін* жамандап, балағаттады, оның үстіне жұмысшылар мен шаруалардың демократияшыл бұқарасы «интеллигенцияның» жетегіндегі мал есебінде көрсетілді, бұл барлық қаражүздіктердің жауыр болған әдісі.

Орыстың либералдық «зиялы қоғамының» революцияға қарсы, демократияға қарсы бет бұруы кездейсоқ құбылыс емес, қайта 1905 жылдан кейін болмай қоймайтын құбылыс. Буржуазия жұмысшылардың дербестігінен және шаруалардың оянуынан шошыды. Буржуазия, әсіресе неғұрлым бай буржуазия, өзінің қанаушылық жағдайын қорғаптай отырып: революция болғаннан гөрі реакция болғаны жақсы деп шешті.

Ақшалы қапшықтың осы таптық пайдакүнемдік мүдделері либерализмнің арасында кең және терең *контрреволюциялық* ағымды, демократияға қарсы ағымды, қандай да болмасын империализмді, ұлтшылдықты және шовинизмді қорғайтын және қандай да болмасын қара түнекті қорғайтын ағымды туғызды.

Либералдардың бұл безушілігі, ренегаттығы саналы жұмысшыларды таңдандырмайды, өйткені жұмысшылар ешқашан либералдар жөнінде онша жақсы пікірде

болған емес. Бірақ ренегат-либералдардың нені уағыздап отырғанын, олардың жалпы алғанда демократияға қарсы, әсіресе социал-демократияға қарсы *қандай идеялар арқылы* күрескісі келетінін қадағалай білген абзал.

«Орыстың интеллигенттік қоғамы,— деп жазады «Русская Мысльде» Изгоев мырза,— Европа өмірінің негізгі мәселесі — пролетариаттың буржуазияға қарсы социализм үшін күресі деген сенімде болды, ал көпшілігін алғанда қазір де осы сенімде болып отыр...»

Изгоев мырза Германиядағы поляктарда олардың өз ұлттығын жақтап немістерге қарсы жүргізген күресінде, жаңа орташа сословие, «демократиялық орташа тап» құрылып, өсіп келе жатқанын көрсете келіп, бұл пікірді «жорта айтылған, теріс пікір» дейді.

«Интеллигенттер» дегенде Изгоевтың айтып отырғаны іс жүзінде социалистер мен демократтар. Пролетариаттың буржуазияға қарсы күресін негізгі мәселе деп санауды либерал *ұнатпайды.* Демократия мен социализмнің *елеулі* мәселелерінен *көңілді басқа жаққа аудару* үшін либералдар ұлттық күресті қоздырып, оны өршітуге тырысады.

Іс жүзіне келгенде «Европа өмірі мәселелерінің» ішінде социализм 1-орында да, ұлт күресі 9-орында тұр, оның бер жағында демократизм неғұрлым дәйекті түрде жүргізілсе, ол ұлттық күрес соғұрлым әлсіздеу, зиянсыздау болады. Пролетариаттың социализм жолындағы күресін, дүние жүзілік құбылысты, шығыс Европаның езілген ұлттарының бірінің өзін езіп отырған реакцияшыл буржуазияға қарсы күресімен салыстыру тіпті адам күлерлік нәрсе (оның бер жағында *поляк* буржуазиясы бұл арада ыңғайы келген жердің бәрінде де пролетариатқа қарсы *неміс* буржуазиясына құлшына қосылып кетеді).

*«Просвещение» № 4, апрель, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Просвещение» журналының текcті бойынша басылып отыр*

# ЛИБЕРАЛДАР ЖӘНЕ ОДАҚТАР БОСТАНДЫҒЫ

Кен съезі[59] одақтар бостандығын жақтаған пікір білдірді. Либерал буржуазияның аса ірі газеттерінің бірі — «Киевская Мысль»[60] бұл жөнінде былай деп жазады:

«Съездің сіңірген аса маңызды еңбегінің өзі де жұмысшылардың ұйымдасуға праволы екендігін жариялағанында, жұмысшылар үшін осы коалиция бостандығы болу талабын қолдағанында болып отыр.

1908—1909 жылдардағы үзілістен кейін Россияда жұмысшы қозғалысы қайта басталып, оның басына күшейтілген және жиіленген жазалаулар қардай жауған кезден бері қарай коалиция бостандығы болу талабы барған сайын жұмысшы табы *бұқарасының* талабына айналып келеді. Бірақ коалиция бостандығының талабы осы кезге дейін тек жұмысшылар арасында ғана бүгінгі күннің ұраны деп танылған еді. Либералдық қоғам оған мүлде немқұрайды қараған еді. Енді бірсыпыра өнеркәсіпшілер қатысқан съезд жұмысшы табының талаптарын моральдық жағынан қолдауға мәжбүр болып отыр».

Жұмысшы табының талаптары мен ұрандарын *шұнтиту* үшін либералдар өздерінің кең тараған, пайдакүнемдік жолға қойылған баспасөзін қалай пайдаланатынын біз бұл жерден айқын көріп отырмыз. Жұмысшылардың *«бүгінгі таңдағы ұрандары»* басқаша, шұнтитылмаған ұрандар екені либералдарға әбден мәлім. Либералдар өздерінің либералдық өресіздігін жұмысшыларға әкеп *таңады,* оны жұмысшылар «бұқарасының» пікірі деп көрсетеді: мұның өзі саяси пұрсаттылықтардың және саяси правосыздықтың негізгі

көздерімен либерал буржуазияның санасқысы келмеуіне жауапкершілікті бейне бір ысылмаған тәрізді боп көрінетін бұқараға аудара салудың ескі, жауыр болған тәсілі! Мұның өзі «либерал» крепостниктердің тәсілі, олар помещиктердің пұрсаттылықтарын *толық* жою «бұқара» үшін «бүгінгі таңдағы ұран» *емес* деп бұдан жарты ғасыр бұрын айтқан болатын.

Бір қызығы, либералдар өздерін өздері ұстап береді. Съездің талабы толық емес,— дейді олар. Неліктен дейсіз ғой? Міне, құлақ салып көріңіз:

«Коалиция правосын жақтай келіп, съезд өзінен бұл правоны жүзеге асыру толып жатқан праволық шарттардың сөзсіз болуын талап ететінін жасыра алмады. Одақтар мен қоғамдардың жалпы бостандығы жоқ жерде кәсіптік ұйымдарға бостандық берілуі мүмкін емес. Жұмысшы баспасөзінің бостандығы либералдық және демократиялық баспасөз бостандық алып отырған жерде ғана болуы мүмкін. Әкімшілік бақылау үстем болып отырған жерде және халық бұқарасы заң шығарушы мекемелер сайлауына қатыстырылмайтын жерде коалиция бостандығының жүзеге асырылуы мүмкін емес. Егер съезд дәйекті болып қала бергісі келсе, ол осы шарттарды жүзеге асыру қажеттігін атап көрсетуге тиіс еді».

Сонымен, съезд дәйекті емес. Ал оның дәйексіздігі неде? Оның *бірнеше* реформаны санап көрсетпегендігінде — деп жауап береді либерал.

Ал, мырзалар, өздеріңіз *бәрін* санап көрсетіп пе едіңіздер?

Әрине, жоқ! Сіздер жекелеген бостандықтарды *«жүзеге асыру»* үшін «болуға тиісті» *«шарттарға»* таяп келдіңіздер, бірақ сіздер ол шарттарды көрсеткен жоқсыздар. Сіздер солардың алдына келіп тоқтап қалдыңыздар. Сіздер енді «жұмысшы табы бұқарасының»: *реформалар* емес, *«реформа»* деген ұранынан қорқасыздар. Сіздер, шынына келгенде, Струвенің көзқарасында тұрсыздар. Струве бұл ұранды 17 октябрь *қарсаңында* көктемде қабылдаған еді, бірақ қазір қабылдамай отыр, өйткені бүкіл буржуазия, тіпті нағыз либерал буржуазияның өзі де, оңға қарай бұрылып кетті.

Осыған ұқсас жағдай крепостниктік правоны жойған кезде болған еді. Дәйекті демократтар Добролюбов пен Чернышевский либералдарды *реформизмі* үшін

орынды келеке етті; ол реформизмнің астары әрдайым бұқараның белсенділігін кеміту, помещиктердің төлем және басқалары тәрізді пұрсаттылықтарының жұрнағын болса да сақтап қалу болатын.

Либералдар өз реформизмінің бейшаралығын «жұмысшы табы бұқарасына» аудара салуға бекерге әуреленеді!

*«Правда» № 101, 4 май, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# «ЛУЧ» ПЕН «ПРАВДА» ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІНЕ

«Луч» пен «Правда» газеттерінің редакцияларынан қазіргі алауыздықтардың мәнін байыптап және айқын баяндауды талап еткен жұмысшылардың хаттары осы газеттердің екеуінде де сан рет басылған еді. Мұның өзі заңды әрі табиғи талап болатын, сондықтан осы редакциялардың оны қалай орындағанын қарастырып көрген жөн.

«Правдада» «Даулы мәселелер»* деген тақырыппен талап қойылған түсіндірме мақалалар басылып шықты. Олардың мазмұны қандай? Бұл мақалалар даулы мәселелер жөніндегі *партия шешімдерін* баяндайды және түсіндіреді. Осы мақалалардың авторы арқылы «Правда»: таласта кімдікі дұрыс екенін, шындық қайда екенін шешу үшін — партия тарихынан фактілер мен документтер іздестіру керек, жеке адамға қатыстының бәрін, өсек-аяңдардың бәрін былай тастап, таластың қоғамдық түп-тамырларын түсіну керек деп мәлімдейді. Мәселе,— дейді «Правда» жойымпаздармен талас жайында,— «жеке бір адамдардың теріс ниетінен туған нәрсе емес, жұмысшы қозғалысының тарихи жағдайында»**. Таласты шындап тексеріп, анығына жеткісі келген адам осы тарихи жағдайды түсініп алуға күш салуы керек.

«Ауа жайылушылық пен ыдыраудың,— дейді «Прав-

* Қараңыз: осы том, 71—79-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 77-бет. *Ред.*

да»,— *таптық* тегі қандай екенін, пролетариат достарының арасындағы «аласапыранға» пролетарлық емес ортадан шыққан қандай *таптық* мүдделер дем беріп жүргенін түсіну керек»*.

Бұл — мәселені шындап қойғандық. Мұның өзі «Правда» мен «Лучтың» арасындағы елеулі таласты түсінуде өздеріне көмек сұрап отырған жұмысшылардың талабына тура жауап береді. Осы жолмен жүре отырып, жұмысшылар партия өмірінің *фактілерімен* танысады, бұл таластағы дұрыс және принципті нәрсені ұсақ-түйек және кездейсоқ нәрседен ажырата білуді үйренеді, ауа жайылушылықтың *таптық* түп-тамырларын іздестіретін болады.

Мүмкін, жұмысшы, фактілерді біле келіп, документтерді және басқаларды қайта-қайта оқи келіп, ақыр аяғында «Правдаға» қосылмас та — бұл оның өз көзқарастарының, өз тәжірибесінің ісі. Бірақ, қалай болған күнде де, ол «Правданың» көрсеткен жолымен жүре отырып, көп нәрсені үйренеді және бүкіл талас жөнінде өзіне-өзі есеп береді.

Орын алып отырған алауыздықтармен өздерін таныстыруды өтінген жұмысшылардың талабына «Правда» осылайша жауап беріп отыр. Ал «Луч» қалай істеп отыр?

«Правдада» «даулы мәселелер» туралы мақалалардың басылуымен бір мезгілде «Лучта» осы тақырыпқа арналған үлкен фельетон басылды. Онда бірде-бір *факт* келтірілмеген, таластың шынайы қоғамдық мазмұнын автор ойына да алмайды, бірде-бір документті де оқушының есіне салмайды.

Екі номерді бірдей алып жатқан осы үлкен фельетон түгелдей өсекке және бас араздық тұспалға толы. Мұнда жұмысшы оқушыға бір марксистің «күйгелектігі» және «тамаша айтқырлығы» туралы, екінші біреудің «адамшылықтан тыс» қылықтары, үшіншісінің «арсыздығы» туралы хабарланады. Таластың бәрі «бас араздықтан», «орын үшін таласқан күңкілден», партия ішіндегі «билік үшін күрестен» деп түсіндіріледі. Ал

* Қараңыз: осы том, 77-бет. *Ред.*

сөйте отырып, егер іске қалың жұмысшы бұқара араласатын болса, өз ықпалынан айрылам деп қорқатын қайдағы бір «революция шеберлері» барлығына кінәлы деген қазыналық баспасөзге лайық сыбыс таратылады.

Өсек-аяң, кикілжің, кісінің жеке басына тиісумен бас қатыру, сөйтіп өз көзқарасын түсіндіру қажеттігінен жалтарып кету — міне, автордың және оның шығармасын басып отырған газеттің мақсаты осы. Ал егер бұл жай ғана өсек болса — бір сәрі ғой. Мұның өзі ызалы ренегаттың өсегі — әңгіме, міне, осында. Оқып көріңізші, екінші фельетонның бас жағында ол «арандататын, арандатушы сөздер» туралы, «бұқараға жиіркеніп қарайтын, таңғажайып адамдардың партиядағы диктатурасы» туралы, 1905 жылдың шын берілген қызметкерлерін «ешқандай болар-болмас мәдениетті ортада жол беруге болмайтын» қылық көрсеткен «революциялық істің шеберлері» деп кекеткені туралы жазады. Ал мұның өзі «Земщинадан»[61], «Вехиден» алынып отыр ғой!..

Осының бәрі «Новое Времяда» жазылып отырған жоқ, өзін жұмысшы газеті деп санайтын газетте жазылып отыр, осының бәрі өз көзқарасыңды шындап айтып бер деген жұмысшылардың талабына жауап ретінде ұсынылып отыр! Міне, осының бәрінен соң айтыстың қатаң формаларына қарсылық білдіруге және «Правданы» масқаралап, өзін әдептіліктің үлгісымағы етіп көрсетуге «Лучтың» батылы барады.

«Правдаға» қарама-қарсы, «Луч» — бірігуді жақтайтын және ішкі кикілжіңнің тыйылуын тілейтін газет дегенге әлі де болса сенетін жұмысшыларға біз аталған фельетонды оқып шығуға және оны нақ сол мәселелердің «Правдада» қалай талқыланып отырғанымен салыстырып көруге ыждағаттап кеңес береміз.

*«Правда» № 102, 5 май, 1913 ж.*
*Қол қойған: «Правда» мен «Лучтың» оқушысы*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ИОСИФ ДИЦГЕННІҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫНЫҢ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛДЫҒЫНА

Бұдан жиырма бес жыл бұрын, 1888 жылы, Германияның аса көрнекті социал-демократиялық философ-жазушыларының бірі, былғары илеуші-жұмысшы Иосиф Дицген қайтыс болды.

Иосиф Дицгеннің қаламынан туған шығармалар (көпшілігі орыс тіліне де аударылған): «Адамның ми жұмысының мәні» (1869 жылы жарыққа шыққан), «Социалистің таным теориясы саласына экскурстары», «Философия аквизиті» және басқалар. Дицгенге және философия мен жұмысшы қозғалысы тарихында оның алатын орпына Маркс 1868 жылғы 5 декабрьдің өзінде-ақ Кугельманға жазған хатында ең дұрыс баға берген болатын:

«Дицген,— деп жазды Маркс,— маған «Ойлау қабілеті» туралы қолжазбасының үзіндісін әлдеқашан жіберген еді; онда ұғымдардың кейбір шатысуына және тым жиі қайталануына қарамастан, тамаша әрі, жұмысшының дербес ойының жемісі іспеттес, қайран қаларлық ойлар көп»[62].

Дицген диалектикалық материализмге, яғни Маркстің философиясына өздігінен келген жұмысшы — оның маңызы, міне, осында. Жұмысшы Дицгенге мінездеме беру үшін аса бағалысы — оның өзін бір мектептің негізін салушымын деп санамағаны.

Иосиф Дицген Маркс туралы 1873 жылдың өзінде-ақ, Маркстi әлі аз ғана адамдар түсінетін кезде, тұтас бір *бағыттың басшысы* деген-ді. И. Дицген Маркс пен Энгельстің «қажетті философиялық мектебі болды» деп

атап көрсетті. Ал 1886 жылы, Энгельстің «Анти-Дюрингі» — марксизмнің басты философиялық шығармаларының бірі — жарыққа шыққаннан кейін көп уақыт өткен соң, Дицген Маркс пен Энгельс туралы тұтас бір бағыттың «жұрт таныған негізін салушылар» деп жазды.

Буржуазиялық философияның, яғни идеализм мен агностицизмнің (оның ішінде «махизмнің» де) ізбасарлары атаулыға баға бергенде осыны есте ұстау керек, бұлар И. Дицгеннің дәл осы *«кейбір шатысқанына»* жармасқысы келіп жүр. Мұндай бас июшілерді И. Дицгеннің өзі күлкі етіп, маңына жуытпаған болар еді.

Саналы болу үшін жұмысшылар И. Дицгенді оқуға тиіс, бірақ оның Маркс пен Энгельстің ілімін баяндауы *ылғи дұрыс бола бермейтінін,* философияны тек Маркс пен Энгельстен ғана *үйренуге* болатынын бір минут та *ұмытпауы* керек.

И. Дицген тұрпайыланған, оңі айналдырылған *материализмнің* ең бір етек алып тұрған дәуірінде жазды. Сондықтан И. Дицген материализмнің тарихи өзгерістерін, материализмнің *диалектикалық* сипатын, яғни даму тұрғысында болудың қажеттігін, адамның әрбір танымының относительділігін ұғудың, дүниедегі барлық құбылыстардың жан-жақты байланысы мен өзара тәуелділігін ұғудың, табиғи-тарихи материализмді тарихқа материалистік тұрғыдан қарауға дейін жеткізудің қажеттігін ерекше баса көрсетіп отырды.

Адам танымының относительділігін баса көрсеткенде И. Дицген идеализм мен агностицизмге қателесіп жол беріп, көбінесе шатасып қалады. Философиядағы идеализм дегеніміз дін ғылымнан жоғары немесе ғылыммен қатар қоятын, немесе дінге жалпы орын беретін поппылдықты, діни ілімді азды-көпті дәрежеде зымияндықпен қорғау. Агностицизм дегеніміз (гректің «а» — *жоқ* және «гносис» — *білім* деген сөздерінен шыққан) материализм мен идеализм аралығында ауытқу, яғни практикада материалистік ғылым мен поппылдық аралығында ауытқу. Канттың жақтастары (кантшылдар), Юмның жақтастары (позитивистер, реалистер, тағы басқалар) және қазіргі «махистер» агнос-

тиктерге жатады. Сондықтан буржуазияның ең реакцияшыл философтарының кейбіреулері, ғылымның қас жаулары және попшылдықты тікелей қорғаушылар И. Дицгеннің қателерін «пайдаланып» көрді.

Бірақ, жалпы және тұтас алғанда, И. Дицген — материалист. Дицген — попшылдық пен агностицизмнің жауы. «Бұрынғы материалистермен,— деп жазды И. Дицген,—біздің ұқсастығымыз тек мынада ғана: біз материяны идеяның алғы шарты немесе бастапқы негізі деп танимыз». Философиялық материализмнің мәнінің өзі де осы «тек мынада ғана» дегенде жатыр.

«Материалистік таным теориясы,—деп жазды И. Дицген, адамның таным мүшесі еш қандай метафизикалық сәуле шығармайтынын, қайта оның өзі табиғаттың бір бөлшегі — табиғаттың басқа бөлшектерін бейнелейтін бөлшегі екенін мойындауға келіп саяды». Мәңгі қозғалыстағы және өзгерістегі материяның адам танымындағы материалистік бейнелену теориясы,— бүкіл үстіртін, профессорлық философияның өшпенділігі мен қорқынышын, жалақорлығы мен бұрмалауын туғызатын теория дегеніміздің өзі дәл осы. Сөйтіп, «попшылдықтың дипломды малайлары» идеалист-профессорларды, реалистерді, т. с. Дицген шын революционердің жалынды жігерімен қаншама құлшына түйреді, масқаралады десеңізші! И. Дицген философиядағы «партиялар» жөнінде, яғни материализм мен идеализм жөнінде: «барлық партиялардың ішіндегі ең жексұрыны — аралықтағы партия»,— деп әділ жазған.

«Лучтың» редакциясы мен С. Семковский мырза («Луч» № 92) осы «жексұрын партияларға» жатады. Редакция: «жалғыз философиялық көзқарасқа қосыла қоймаймыз» дейді де, бірақ Дицгеннің баяндауы «дұрыс және анық» деген «ескертпе» айтады.

Мұның өзі шылғи өтірік. Семковский мырза *Дицгенге Маркстің берген бағасы* туралы жұмған аузын ашпай, И. Дицгеннің *дәл сол «шатысқан жеріне»* жармаса кетіп, оны масқара бүлдіріп, бұрмалаған. Ал оның бер жағында, марксизм философиясына ең жетік социалист Плеханов та, Европадағы таңдаулы марксистер де *бұл бағаны толық мойындаған болатын.*

Семковский мырза «дүние біреу ме, әлде екеу ме» деген мәселе жөнінде де (бұл бір «түбірлі мәселе» сияқты! Жарқыным-ау, тым болмаса Энгельстің «Людвиг Фейербахын» оқып, үйренсеңізші), дүние мен құбылыстар туралы мәселе жөнінде де (Дицген шын дүниені құбылыстарға ғана сайыпты-мыс; мұның өзі И. Дицгенге поптар мен профессорлардың жапқан жаласы) сандырақтағанда, философиялық материализмді де, Дицгенді де бұрмалап отыр.

Бірақ Семковский мырзаның барлық бұрмалауларын тізіп шығу мүмкін емес. Марксизмге ынта қоятын жұмысшылар «Луч» редакциясының марксизм *жойымпаздарының одағы* екендігін біліп қойсын. Біреулері (Маевский, Седов, Ф. Д., т. с.) астыртын жұмысты, яғни пролетариат партиясын, екінші біреулері (Потресов, Кольцов және басқалар) — пролетариат гегемондығы идеясын, үшінші біреулері (Семковский мырза мен К⁰) — Маркстің философиялық материализмін, төртінші біреулері (бундшылдар Косовский, Медем, тағы басқалар — «мәдени-ұлттық автономияны» жақтаушылар) — пролетарлық социализмнің интернационализмін, бесінші біреулері (өзінің рента теориясы мен «жаңа» социологиясы бар Маслов мырза) — Маркстің экономикалық теориясын жоймақшы, тағысын-тағылар, тағы сондайлар.

Семковский мырза мен оны бүркеп отырған редакцияның марксизмді сорақы бұрмалауы—осы әдебиетші «жойымпаздар одағы» «қызметінің» ең айқын үлгісымақтарының бірі ғана.

*«Правда» № 102, 5 май, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

## БУРЖУАЗИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТЫ

Үкіметтік газеттер мен либералдық газеттер «Балқан» саясаты жөніндегі хабарларға, қауесеттерге, долбарлар мен есептерге лық толы. Мұнда не жоқ десеңізші! Бір «сенсация» екіншісінен асып түседі, бір хабар екіншісінен «қызықтырақ». Кеше соғыс бейне бір басталып кетуге — Австрия Черногориямен, Болгария Сербиямен соғысуға — мүлде әзір тұрған сияқты еді. Бүгін кешегі хабарларды жарыса теріске шығарып, «бейбітшілік қамтамасыз етілді» деп сендіруде.

Кеше — Эссад-паша жөнінде, оның Черногория королімен құпия шарты, Албанияда өкіметті басып алу жайындағы оның зұлымдық жоспарлары жөнінде қызықты ертегілер айтылды. Бүгін — әлгі ертегілер теріске шығарылып, Австрияның Эссадпен сөз байласқандығы жөнінде «қызықты» жаңа хабарлар тарап отыр.

Тоғышар жұрт осы ойдан шығарылған бос сөздерді құлағын тігіп тыңдайды, өсек-аяңды таза шындық деп санайды да, алаяқтарға көзін жұмып ереді, ал алаяқтар болса дәл өздеріне керек нәрсемен «қоғамдық» пікірді елітуге тырысады. Тоғышар жұрт өздерінің жетекте кетіп отырғанын, «патриотизм» туралы, «отанның абыройы мен беделі» туралы, «ұлы державалардың топ-топқа бөлінгені» туралы даурықпа жел сөздермен финанс алаяқтарының және капиталистік авантюристер агаулының құлық-сұмдықтарын әдейі бүркемелеп отырғанын сезбейді. «Ең соны», «ең қызықты» хабар-

ларды пайда түсіріп сатумен ғана шұғылданатын үлкен-үлкен буржуазиялық газеттердің күн сайып ойдан шығарып отырған қызықты жаңалықтары нағыз маңызды мәселелерден, «жоғары» саясаттың нағыз шын астарынан көпшіліктің көңілін нақ басқа жаққа *аударуға* арналған.

Европадағы консервативтік газеттер, біздегі қаражүздік, октябристік, сондай-ақ бейпартиялық газеттер бұл ойынды дөрекі әрі қолапайсыз жүргізіп отыр — мысалы, Россияда олар күн сайын Австрияға айдап салады және Россияны славяндардың «қорғаушысы» етіп көрсетеді. «Речь» сияқты және сондай органдарға ұқсас либералдық газеттер *дәл әлгіндей ойын* жүргізіп отыр, Австрияның абайлап қана «қытығына» тиіп, өздерін европалық концерт мәселелерін талқылаушы мемлекеттік қайраткерлер етіп көрсетіп, әлгі ойынды тек шебер, ептілікпен бүркемелеп жүргізіп отыр.

Ал іс жүзінде Австрияның Россиямен, үш жақты одақтың үш жақты келісіммен[63] осы қырқысының бәрі, осы жымысқы айла-шарғыларының бәрі,—осының бәрі капиталистік жылпостар мен капиталистік үкіметтердің олжа бөлісуден туған талас-тартыстары ғана. Қайткенде «өздері» көбірек алу, қайткенде «өзгелерге» азырақ беру жөніндегі мәселеге тоғышарды тартуға тырысады, осыдан туатын қырқысқа тоғышарды еліктіруге, қызықтыруға тырысады.

Соғыстың шығындарын төлеу үшін Сербияда, Болгария мен Грецияда,— немесе мобилизация шығындарын өтеу үшін Австрияда,— немесе дәл әлгілер үшін және ұлы державалық саясат үшін Россияда шаруалар мен жұмысшылардың терісін қаншалықты сыдырып алатындығы туралы, Балқан елдерінің «жаңа» мемлекеттерінде немесе Армнияда, не Монғолияда демократиялық мекемелердің қамтамасыз етілетін-етілмейтіндігі және нақ қалай қамтамасыз етілетіндігі туралы,— бұл туралы жазбайды да, айтпайды да. Бұл — қызық емес. Халықаралық жыртқыштардың пайдасы бұған байланысты емес. Пайдаларды «тып-тыныш» ала беруге тіпті демократиялық мекемелер де кедергі жасайды. Ұлы

державалардың саясатын *әшкерелеудің* орнына кертартпа газеттер де, либералдық газеттер де осы саясаттың жыртқыштарын қайткенде *жақсы* тойындыруға болатыны туралы пікірлер айтумен шұғылданып отыр.

*1913 ж. 26 апрельде (9 майда) жазылған*

*1913 ж. 4 майда «Правда» газетінің 101-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# РОССИЯДАҒЫ СЕПАРАТИСТЕР МЕН АВСТРИЯДАҒЫ СЕПАРАТИСТЕР

Марксизмнің Россиядағы әр алуан өкілдерінің ішінде еврейлер немесе, дұрысын айтқанда, солардың бір бөлегі, бундшылдар дейтіндер *сепаратизм* саясатын, яғни (бүтіннен) бөліну немесе оқшаулану саясатын жүргізіп отыр. Бундшылдарды еврей пролетариатының «бірден-бір» өкілі деп тану жөніндегі талабын жұмысшы табы партиясының көпшілігі қабылдамай тастаған кезде, 1903 жылы бундшылдардың *партиядан шыққаны* жұмысшы қозғалысы тарихынан мәлім.

Олардың партиядан шығып кетуі сепаратизмнің жұмысшы қозғалысы үшін өте зиянды көрінісі болды. Іс жүзінде еврей жұмысшылары барлық жерде партияға Бундтан тысқары кірген және кіріп те отыр. Бундшылдардың *жеке* (оқшауланған, сепараттық) ұйымдарымен қатар *әрқашан* жұмысшылардың — еврейлердің де, орыстардың да, поляктардың да, литвандардың да, латыштардың да, т. б.— *ортақ* ұйымдары болып келді.

Онан соң, 1906 жылы Бунд партияға қайтадан келген кезде партия оған сепаратизмді тоқтатуды, яғни жер-жерде *барлық* және *қандай* ұлттың болсын жұмысшы-марксистерін біріктіруді шарт қылып қойғаны Россиядағы марксизм тарихынан мәлім. Бұл шарттың 1908 жылғы декабрьде партияның ерекше шешімі[64] арқылы *арнаулы түрде* мақұлданғанына қарамастан, бундшылдар оны орындаған *жоқ*.

Россиядағы Бунд сепаратизмінің қысқаша тарихы осындай. Амал не, бұл тарихты жұмысшылар аз біледі

және оның жайын аз ойлайды. Практикалық жағынан бұл тарихпен поляк марксистері, литван (әсіресе Вильнода 1907 ж.), латыш (сол кезде Ригада), оңтүстік пен батыстағы орыс марксистері жақсы таныс. Айта кетелік, кавказдық марксистер, соның ішінде кавказдық меньшевиктердің *бәрі де,* бундшылдардың сепаратизмін теріске шығара отырып, соңғы кезге дейін жергілікті жерлерде барлық ұлтгардың жұмысшыларын *біріктіргені,* тіпті қосып келгені мәлім.

Сондай-ақ, корнекті бундшыл Медемнің «Ұлттық қозғалыс формалары» (Спб. 1910) деген белгілі кітапта бундшылдардың жергілікті жерлерде ешқашан бірлікті жүзеге асырмағанын, яғни әрқашан сепаратист болып келгенін мойындағанын да атап корсете кетелік.

Халықаралық жұмысшы қозғалысында сепаратизм туралы мәселе 1910 жылы Копенгагендегі конгресте[65] оте-моте қызу қойылды. Чех жұмысшылары мен неміс жұмысшыларының бұрынғы бірлігін бұзып, Австриядағы *чехтар* сепаратистік корсетті. Копенгагендегі халықаралық конгресс сепаратизмді *бір ауыздан* айыптады, бірақ чехтар, амал не, осы кезге дейін де сепаратистер болып қалып отыр.

Пролетарлық Интернационалда жалғыз қалғанын сезген чех сепаратистері өздеріне пікірлестерді ұзақ уақыт және бостан-босқа іздеген еді. Ондай пікірлестерді олар, *бундшылдар мен жойымпаздар түрінде,* тек енді ғана тауып отыр. Сепаратистер немісше шығарып отырған «Чехославянский Социал-Демократ» журналсымағы 3-номерінде (Прага, 15 апрель, 1913 ж.) «Жақсылыққа қарай бет бұрыс» деген тақырыппен мақала басқан. Бұл бейне бір «жақсылыққа» қарай (ал іс жүзінде сепаратизмге қарай) «бет бұрысты» чех сепаратистері байқапты... қайдан деп ойлайсыз ба, оқушы?.. жойымпаздардың *«Наша Зарясынан», бундшыл* В. Косовскийдің мақаласынан байқапты!

Ақырында, міне, чех сепаратистері пролетарлық Интернационалда жалғыз емес екен! Олар, әрине, тіпті жойымпаздарға, тіпті бундшылдарға жармасқанға да мәз. Бірақ Россияның саналы жұмысшыларының бәрі: Интернационал бір ауыздан айыптаған чех сепаратис-

терінің жойымпаздар мен бундшылдардың етегіне жармасып отырғаны жайында, осы факт жайында мықтап ойлануға тиіс.

Жұмысшы қозғалысының мүдделері мен міндеттеріне барлық ұлттар жұмысшыларының (жергілікті жерлерде, төменнен жоғарыға дейін) Кавказда соншалықты ұзақ уақыт және соншалықты ойдағыдай жүзеге асырылып келген бірлік сияқты толық бірлігі ғана сай келеді.

*1913 ж. 26 апрельде (9 майда) жазылған*

*1913 ж. 8 майда «Правда» газетінің 104-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[66]

## (ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚОСЫМШАЛАР)

Біздің халық, былай дегеніме кешіріңіз, «ағарту» министрлігіміз өз шығындарының өте-мөте тез өсіп отырғанына барынша мақтанады. Премьердің және финанс министрінің 1913 жылғы бюджетке түсінік хатында халықты ағарту-сымақ министрлігінің революциядан кейінгі жылдардағы сметасы туралы деректер жинағы бар. Бұл смета 1907 жылғы 46 миллион сомнан 1913 жылы 137 миллион сомға дейін артқан. Орасан зор өскен: бас-аяғы алты жылдың ішінде үш есеге жуық өскен!

Адам күлерлік азғантай цифрлардың өсімін процентпен есептегенде олар әрқашан *«орасан»* тез өсетінін Россиядағы полицейлік «тәртіпті» немесе *тәртіптің жоқтығын* үстіртін мақтаушыларымыз бекерге ұмытып жүр. Егер үш тиыны бар қайыршыға бес тиын беретін болсаңыз, оның «байлығының» өсуі бірден «орасан зор»: түп түтас 167 процент болып шыға келеді!

Егер министрлік халық санасын *қараңғылау* және Россиядағы халыққа білім беру ісінің қайыршылық жағдайын *жасыру* мақсаттарын көздемесе, оның *басқаша деректерді* келтіргені жөн емес пе еді? Атап айтқанда, біздің бүгінгі бес тиын бақырымызды біздің кешегі үш тиын бақырымызбен салыстыратын деректерді емес, біздің қолымызда бар нәрсені цивилизациялы мемлекетке *қажет* нәрсемен салыстыратын деректерді келтіргені жөн болмас па еді? Өзін алдағысы келмейтін және халықты алдағысы келмейтін адамның қай-қай-

сысы да министрліктің осындай деректерді келтіруге *міндетті* екенін,— *осындай* деректерді келтірмегендіктен министрлік өзінің борышын орындамағанын мойындауға тиіс. Халыққа және халық өкілдеріне біздің мемлекеттік мұқтаждарымызды *түсіндірудің* орнына, министрлік цифрларды олай да, бұлай да үстіртін сапырыстырып, ескі, еш нәрсені түсіндірмейтін, цифрларды үстіртін түрде қайта-қайта келтіріп, бұл мұқтаждарды *күңгірттендіріп* отыр.

Менің қолымда, әрине, халыққа білім беру ісімен таныстыру жөнінде министрліктің қолында бар құралдар мен деректемелердің жүзден бір бөлігі де жоқ. Бірақ мен дегенмен тым болмаса *кейбір* деректемелерді тауып алуға тырыстым. Сондықтан мен біздің халықты «қараңғылауымыздың» қазыналық жайын шын *анықтайтын талассыз,* ресми деректер келтіре аламын деп батыл айтамын.

Мен 1910 жылға арналған ресми, үкіметтік «Россия Әржылдығын» алып отырмын,— мұны ішкі істер министрлігі шығарған (С.-Петербург. 1911).

Оның 211-бетінде мынадай сөздерді оқимыз: Россия империясындағы оқушылардың *барлық* саны, төменгі мектептерді де, орта мектептерді де, жоғары мектептерді де және оқу орындарының барлық түрін қоса алғанда, 1904 жылы 6 200 172 адам, ал 1908 жылы — 7 095 351 адам болды. Көбейгені көрініп тұр. *Бесінші* жыл, Россияда халық бұқарасының жаппай оянған жылы, пролетариаттың басшылығымен бостандық жолында халықтың ұлы күресі болған жыл, міне, осы жыл біздің тіпті қазыналық мекемемізді де жылжымай тұрған орнынан қозғалуға *мәжбүр етті.*

Бірақ төрешілдіктің сақталуы салдарынан, крепостник-помещиктердің өктемдігі салдарынан, *тіпті* «ведомстволық» прогресс неғұрлым тез болған жағдайда да біздің қандай *қайыршылыққа* ұшырап отырғанымызды қараңызшы.

Сол «Россия Әржылдығы» сол мақаласында 1908 жылы Россияда 1000 адамға 46,7 оқушыдан келгенін (1904 жылы 1000 адамға 44,3 оқушыдан келген еді) есептеп шығарады.

Ішкі істер министрлігінің басылымдарынан алып, Думаға хабарлауға халық ағарту министрлігі ерінген бұл цифр нені көрсетеді! 1000 адамға *50 оқушыдан кемірек* келетін бұл пропорция нені көрсетеді?

Бұл цифр, төрешілдіктің салдарынан халықты қараңғы қалдыруды қорғаушы мырзалар, біздің мемлекетімізде крепостник-помещиктердің өктемдігінен Россияның *адам айтқысыз* артта қалып отырғанын және тағылығын көрсетеді. Мектеп жасындағы балалар мен жасоспірімдердің саны Россияда 20 проценттен астам, яғни барлық халықтың *бестен бір бөлігінен артық.* Бұл цифрды өздерінің департаменттік чиновниктері арқылы білін алу *тіпті* Кассо мен Коковцов мырзаларға да қиын емес еді.

Сонымен, мектеп жасындағы балалар 22 процент те, оқып жүргендері—4,7 процент, яғни *бес есе дерлік кем!!* Мұның өзі Россиядағы балалар мен жасөспірімдердің *бестен төртіне* жуығы білім алудан *сырт қалып* отыр деген сөз.

Оқу, көз ашу және білім алу мағынасында алғанда халық бұқарасы осынша *жұрдай болған* мұндай тағы елдің,— міне, осындай елдің Европада Россиядан басқа біреуі де қалған жоқ. Ал халық бұқарасының, әсіресе шаруалардың, мұндай тағылануы кездейсоқ нәрсе емес, талай ондаған миллион десятина жерлерді басып алған, Думадағы да, Мемлекеттік советтегі де, сондай-ақ тек осы мекемелердегі ғана емес, бұлардан да біршама *төмен мекемелердегі...* мемлекеттік өкіметті де басып алған помещиктердің езгісі тусында мұның өзі *болмай қоймайды.*

Россияның крепостниктік мемлекеттік құрылысы жас ұрпақтың бестен төртін сауатсыздыққа душар етіп отыр. Помещиктік өкіметтің халықты осылайша топастандыруына Россиядағы сауатсыздық сай келеді. Айтылып отырған үкіметтік «Россия Әржылдығы» (88-бетінде) Россияда халықтың не бары 21 проценті сауатты, ал (халық санынан) мектеп жасына *дейінгі*, яғни 9 жасқа дейінгі балаларды алып тастағанда, не бары 27 проценті сауатты деп есептейді.

Ал Швеция мен Дания сияқты цивилизациялы елдерде сауатсыздық мүлде жоқ, немесе Швейцария мен Германия сияқты елдерде сауатсыздар не бары 1—2 процент. Тіпті артта қалған Австро-Венгрия да өзінің славян халқына крепостниктік Россиядан анағұрлым мәдениеттірек тұрмыс жағдайларын жасап отыр. Австрияда сауатсыздар — 39 процент, Венгрияда — 50 процент. Егер өздері ойланудан безуді және халықты ойланудан бездіруді оздерінің «мемлекеттік» мақсаты етіп қоймаған болса, біздегі шовинистер, оңшылдар, ұлтшылдар және октябристер осы цифрлар жөнінде *ойланғаны* жөн болар еді. Ал егер олардың өздері ойлану дегенді қойған болса, онда Россияның халқы ойлануға,— қай тап өзінің мемлекеттегі үстемдігімен орыс шаруаларын материалдық қайыршылық пен рухани қайыршылыққа душар етіп отырғаны туралы да ойлануға барған сайын *үйреніп отыр.*

Сауаттыларының саны жағынан Америка алдыңғы қатарлы елдерге *жатпайды.* Онда сауатсыздар 11 процент дерлік, ал негрлер арасындағы сауатсыздар — 44 процент. Бірақ американ негрлері «халық ағарту» жөнінен орыс шаруаларынан, қалай дегенмен де, *екі еседен артығырақ* жақсы жағдайда тұр. Американ негрлерінің осыншама жаншылып отырғаны американ республикасына ұят нәрсе, бірақ олар орыс шаруаларынан гөрі бәрібір бақыттырақ,— ал олардың бақыттырақ болатын себебі — американ құл иеленушілерін халық мұнан дәл жарты ғасыр бұрын тас-талқан қылды, бұл сұр жыланды тапап тастады, Америкадағы құл иеленушілік пен құл иеленушілік мемлекеттік құрылысты, құл иеленушіліктің саяси пұрсаттылығы атаулыны жермен-жексен етті.

Кассо, Коковцов және Маклаков мырзалар орыс халқын да американ үлгісіне еліктеуге үйрететін болар.

Америкада 1908 жылы *17 миллион* оқушы болды, яғни *мың адамға 192 оқушыдан келді* — бұл Россияға қарағанда *төрт еседен астам көп.* Мұнан қырық үш жыл бұрын, 1870 жылы, Америка енді ғана өзінің еркін өмірін *құра бастаған* кезде, елді құл иеленуші алпауыттардан *тазартқаннан* кейін,— мұнан қы-

рық үш жыл бұрын Америкада 6 871 522 оқушы болған еді, яғни 1904 жылғы Россиядағы оқушыдан көбірек, ал 1908 жылғы Россиядағы оқушымен бірдей *дерлік* болған еді. Бірақ сол кезде де, 1870 жылы, Америкада 1000 адамға шаққанда 178 *(жүз жетпіс сегіз)* оқушы, яғни *қазіргі* Россиядағыдан артық-кемі жоқ төрт есе көп оқушы болды.

Мұнан жарты ғасыр бұрын американдар жеңіп алған *бостандықты* халықтың табанды, революциялық күресі арқылы Россияның *әлі де* жеңіп алуы керек болып отырғанына жаңа дәлел міне, осы, мырзалар.

Россиядағы халықты қараңғы қалдыру министрлігінің 1913 жылғы сметасы 136,7 миллион сом болып белгіленіп отыр. Мұның өзі әрбір адамға (1913 ж. 170 миллион) не бары 80 тиыннан келеді. Егер тіпті «ағарту ісіне арналған қазына шығындарының жалпы сомасының» финанс министрі мырза өзінің бюджетке түсінік хатының 109-бетінде көрсетіп отырған цифрын, атап айтқанда 204,9 миллион сом деген цифрды алатын болсақ та, бір адамға 1 сом 20 тиыннан ғана келеді екен. Бельгияда, Англияда, Германияда халыққа білім беру шығындарының сомасы бір адамға 2—3 сомнан, тіпті 3 сом 50 тиыннан келеді. Америкада 1910 жылы халыққа білім беруге 426 миллион доллар, яғни 852 миллион сом жұмсалды, яғни 1 адамға 9 сом 24 тиыннан келеді. Мұнан қырық үш жыл бұрын, 1870 жылы, америкаң республикасы халыққа білім беруге жылына 126 миллион сом, яғни 1 адамға *3 сом 30 тиыннан* жұмсады.

Бізге қазыналық шимайшылар мен қазыналық қызметкерлер, әрине, Россия кедей, оның ақшасы жоқ деп қарсы шығады. Иә, солай, халыққа білім беру туралы әңгіме болғанда Россия кедей ғана емес, ол — қайыршы. Оның есесіне Россия помещиктер билейтін крепостниктік мемлекетке жұмсалатын шығынға, полицияға, әскерге, арендаға және «жоғары» шен алуға дейін жеткен помещиктерге төленетін он мыңдаған жалақыға, кеше Кореяда немесе Ялу өзенінде, бүгін Монғолияда және түрік Армениясында жүргізілетін авантюра мен тонаушылық саясатқа жұмсалатын шығындарға келген-

де өте «бай». Халық крепостник-помещиктердің езгісін мойнынан лақтырып тастарлық дәрежеге жетіп, көзін ашқанға *дейін* Россия халық ағарту шығындары жөнінде *әрқашан* кедей және қайыршы ел болып қала береді.

Әңгіме халық мұғалімдерінің жалақысына келгенде де Россия кедей бола қалады. Мұғалімдерге болмашы тиын-тебен төленеді. Халық мұғалімдері ашығуда және от жағылмайтын, ит байласа тұрғысыз дерлік үйлерде бүрсең қағады. Халық мұғалімдері шаруалардың қыстыгүні үйінде ұстайтын малымен бірге тұрады. Халық мұғалімдерін, бастықтардың жөнсіз кінәлауы мен қудалауын былай қойғанда, кез келген урядник, кез келген деревнялық қаражүздік немесе ерікті күзетші және тыңшы қуғынға салып отырады. Халық ағарту ісінің адал қызметшілеріне ақы төлеуге келгенде Россия жарлы, бірақ ол жатыпішер-дворяндарға, соғыс авантюраларына миллиондаған және ондаған миллион сомды шашуға, қант заводшылары мен мұнай корольдеріне және сол сияқтыларға сыйға тартуға келгенде Россия өте бай.

Революциялық соғыс арқылы бостандық ала білген халықтың *қалай* өмір сүріп отырғанын орыс помещиктері мен *солардың* үкіметі езіп отырған халықтарға көрсету үшін,— американ өмірінен тағы бір соңғы цифрды келтірейін, мырзалар. 1870 жылы Америкада жылына 37,8 миллион доллар, яғни орта есеппен бір мұғалімге 189 доллардан немесе *377 сомнан* жалақы алатын 200 515 мұғалім болды. Мұның өзі бұдан *қырық жыл* бұрын болған еді! Ал қазір Америкада *523 210* мұғалім бар, олар жылына 253,9 миллион доллар, яғни бір мұғалім 483 доллардан немесе *966 сомнан* жалақы алады. Егер... егер Россияның бүкіл мемлекеттік құрылысы, төменнен жоғарыға дейін, американ мемлекеттік құрылысындай, демократиялық құрылыс етіліп қайтадан құрылған болса, Россияда да, оның өндіргіш күштерінің тіпті қазіргі дәрежесінде, қазірдің өзінде, халыққа надандықтан, қараңғылықтан және езілгендіктен құтылуға көмектесіп жүрген халық мұғалімдері армиясын бұдан кем емес жалақымен қамтамасыз етуге әбден мүмкін болар еді.

Не крепостник-помещиктердің билеп-төстеуіне, үшінші июнь тәртібіне немесе бассыздықтарына көніп, қайыршылық пен тағылық жағдайда қала беру керек— не бостандықты жеңіп ала *білу,* оған *бел байлау* арқылы бостандық пен цивилизацияға жету керек — халық ағарту министрлігі сметасының орыс азаматтарына беретін көрнекі *с а б а ғ ы,* міне, осындай.

Бірақ мен осыған дейін мәселенің тек бір ғана материалдық немесе тіпті финанстық жағын қозғап отырдым. Россиядағы оқушылар мен оқытушылардың рухани бейшаралығының, кемсітілуінің, жаншылуының, правосыздығының көрінісі бұдан анағұрлым қайғылы немесе, дұрысын айтқанда, анағұрлым жиіркенішті. Халық ағарту министрлігінің бұл жөніндегі барлық қызметі — азаматтардың праволарын, халықты тек қорлау ғана болып отыр. Полициялық тыңшылық, полициялық озбырлық, жалпы алғанда халықты және әсіресе жұмысшыларды ағарту ісіне полициялық *кедергілер* жасау, өзінің көзін ашу үшін халықтың өзі жасап жатқан нәрсені полицияның *б ү л д і р у і,* — сметасын оңшылдардан октябристерге дейін қоса алғанда помещик мырзалар мақұлдайтын министрліктің *барлық* қызметі, міне, осыған келіп саяды.

Ал сөздерімнің дұрыстығын, IV Думаға мүше мырзалар, сіздерге *дәлелдеп беру* үшін, мен *тіпті* сіздер, помещик мырзалар, қарсы бола алмайтын куә тартамын. Бұл куә —III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі, 2-ші және 3-ші Самара әйелдер гимназияларының қамқоршылық советінің мүшесі, Самара қалалық думасының жанындағы мектеп комиссиясының мүшесі, Самара губерниялық земствосының тексеру комиссиясының мүшесі, халық училищелерінің бұрынғы инспекторы, октябрист *Клюжев* мырза. Мен (III Думаның ресми анықтамасы негізінде) бұл октябристің шендері мен атақтарын үкіметтің *өзі,* біздің помещиктік земстводағы помещиктердің *өздері* Клюжев мырзаны біздің халықты ақымақтандыру министрлігіміз «жұмысының» (тыңшылық және жендеттік «жұмысы») аса көрнекті орындарына қойғанын сіздерге *дәлелдеп беру* үшін тізіп келтіріп отырмын.

Егер бір адам өзінің бүкіл мансабын заңнан таймайтын және құдайдан қорқатын қызметші-чиновник етіп өткізген болса, ол, әрине, Клюжев мырза. Егер бір адам жергілікті жердегі, провинциядағы өзінің адал қызметімен дворян және помещик мырзалардың сеніміне ие болса, ол, әрине, Клюжев мырза.

Ал енді осы ең сенімді (крепостниктік тұрғыдан алғанда) куәның *ү ш і н ш і* Думада халық ағарту министрлігінің сметасы бойынша сөйлеген сөзінен сіздерге бірнеше цитат келтірейін.

Самара земствосы — деді III Думада Клюжев мырза — кейбір екі класты селолық училищелерді төрт класты училищелерге айналдыруды өтініш ету жөніндегі Клюжев мырзаның ұсынысын *бір ауыздан* қабылдаған еді. Округ қамқоршысы—деді заңнан таймайтын және құдайдан қорқатын Клюжев мырза — *б а с т а р т ы п  о т ы р*. Неліктен? Ресми түсінік: *«мектеп жасындағы балалар санының аздығынан»*.

Сонымен, Клюжев мырза мынадай салыстыру жасайды: *бізде* (ол помещиктер езіп-жаныштаған Россияны айтып отыр), бізде Самара селоларының 6000 тұрғынына *б і р д е - б і р* төрт класты училище жоқ. Сердобол қаласында (Финляндия) *2800* адамға — *төрт* орта (және ортадан жоғары) мектеп бар.

Октябрист мырзаның және көп еңбегі сіңген Передоновтың*... кешіріңіз, жаңылыс айтыппын ғой... көп еңбегі сіңген Клюжев мырзаның III Думада жасаған салыстыруы осындай. Халық өкілдері болмағанмен, помещиктің өкілдері болып отырған өкіл мырзалар, осы салыстыру жөнінде ойластырып көріңдерші! Училище ашуды сұраған кім? Солшылдар емес пе? Мужиктер емес пе? Жұмысшылар емес пе? Құдай сақтасын!! Мұны *бір ауыздан* сұрап отырған Самара земствосы, яғни Самара *п о м е щ и к т е р і*, оның ішінде де ең қаражүздік помещиктер. Ал үкімет, қамқоршы арқылы, мектеп жасындағы балалар санының *«аздығын»* сылтау етіп бас тартады!! Олай болса, үкімет Россиядағы халық ағарту ісіне *кедергі* жасайды, үкімет —

* Передонов — Сологубтің «Әзәзіл» деген романындағы тыңшы әрі кеще мұғалімнің типі.

Россиядағы халық ағарту ісінің қас жауы деп менің айтқаным түгелдей және барынша дұрыс болып отырған жоқ па?

Егер біз Финляндияда мәдениет, цивилизация, бостандық, сауаттылық, білімді әйелдер және тағы сондайлар бар екенін көріп отырсақ, онда мұның *бір ғана* себебі—Финляндияда Россия үкіметі сияқты «қоғамдық апат» *жоқ*. Енді Финляндияны да осы апатқа ұшыратпақ, Финляндияны да құлдықтағы ел етпек болып отыр. Бұлай ете алмайсыздар, мырзалар!! Саяси құлдықты Финляндияға күшпен енгізу жөніндегі әрекеттеріңмен сіздер Россия халықтарының саяси құлдықтан оянуын ғана тездетесіздер!

Мен октябрист куә Клюжев мырзаның тағы бір сөзін келтірейін. Клюжев мырза өзінің сөзінде: «педагогтар қалай іріктеледі?» деп сұрады да, өз сұрағына өзі былай деп жауап берді:

«Самараның бір марқұм болған қайраткері, Попов, өлерінде әйелдердің мұғалімдер семинариясын ашуға деп капитал қалдырған екен». Сол семинарияның бастығы етіп кімді тағайындады деп ойлайсыздар. Попов марқұмның өсиетін орындаушы былай деп жазады: «Бастық орнына *гвардия генералының жесірі* тағайындалыпты, ал ол, өзінің мойындауына қарағанда, әйелдердің мұғалімдер семинариясы деп аталатын оқу орнының бар екенін алғаш рет естіген»!!

Бұл фактіні мен Демьян Бедныйдың мысалдар жинағынан, басып шығарғаны үшін «Просвещениеге» штраф салынып, ал оның редакторы түрмеге отырғызылған мысалдан алып отыр деп ойлап қалмаңыздар, мырзалар[67]. Жоқ. Бұл факт осы фактінің мәні жайлы *ойлаудан* да қорқатын (құдайдан қорқатын, полициядан қорқатын адам) октябрист Клюжевтің сөзінен алынып отыр. Өйткені Россиядағы халық ағарту ісінің Россия үкіметінен өткен залым, одан өткен ымырасыз жауы жоқ екенін бұл факт тағы да талассыз дәлелдейді. Ал халыққа білім беру ісіне капитал беретін мырзалар ақшаны босқа, тіпті бостан-босқа шашатындарын түсінуі керек. Халыққа білім беру ісіне ақша беремін деп олар *іс жүзінде* ақшаны *гвардия генералдарына* және солардың *жесірлеріне* беретін адамдар болып шығады. Ондай

ақша бергіштер, егер ақшаны босқа шашқысы келмейтін болса, ақшасын социал-демократтарға беруі керек екенін түсінуге тиіс; *жалғыз* социал-демократтар ғана бұл ақшамен халыққа «гвардиялық генералдарға»... және қорқақ, заңнан таймайтын Клюжев мырзаларға шын тәуелсіз *нағыз* білім бере алады.

Сол Клюжев мырзаның сөзінен тағы бір цитат келтірейін:

«Семинаристердің жоғары оқу орындарына түсуіне жол беру туралы біздің Мемлекеттік думаның (үшінші Думаның) тілегі бекер әурешілік болды. Министрлік біздің тілектерімізге құлақ асуды мүмкін деп таппады». «Айта кетейік, үкімет тек семинаристердің ғана емес, сонымен қатар жалпы шаруа және мещан сословиелері балаларының да жоғары білім алуына кедергі жасайды. Бұл жылтыр сөз емес,— деп лепіреді халық ағарту министрлігінің октябрист чиновнигі,— шындық. Гимназияларда оқып жүрген 119 000 адамның 18 000 адамы ғана шаруалар. Ал халық ағарту министрлігінің барлық оқу орындарында шаруалар не бары 15 процент қана. Діни семинариялардағы 20 500 оқушыдан не бары 1300 адам ғана шаруа. Кадет корпустарына және сол сияқты оқу орындарына шаруаларды мүлде жібермейді» (Клюжевтің сөзінен алынған бұл цитаттар, айта кетелік, К. Добросердовтың 1912 жылғы «Невская Звезданың» 1912 ж. 22 майдағы 6-номеріндегі мақаласында келтірілген).

Клюжев мырза III Думада осылай деді. Бұл куәның айғақ сөздерін IV Думаның билеп-төстеуші мырзалары да теріске шығара алмайды. Ал куә, өзінің еркіне *қарсы* және өзінің ықтиярынан *тыс*, жалпы алғанда Россияның және әсіресе халыққа білім беру ісінің қазіргі жағдайына берілген *революциялық* бағаны түгелдей растап отыр. Өйткені, шынында да, үкіметтің көрнекті чиновниктері бірінің және үкіметтік октябристер партиясының көрнекті қайраткерлері бірінің сөзіне қарағанда, мещандар мен шаруалардың білім алуына *кедергі жасап отырған* үкіметтің құны қандай болмақ?

Ойлап қараңыздаршы, мырзалар, сол мещандар мен шаруалардың көзқарасы тұрғысынан алғанда ондай үкіметтің құны қандай болмақ!

Оның үстіне мынаны ұмытпаңыздар: мещандар мен шаруалар Россияда халықтың 88 проценті, яғни халық-

тың артық-кемі жоқ *оннан тоғыз бөлігі.* Ал дворяндар не бары *бір жарым процент.* Сөйтіп, міне, халықтың оннан тоғызынан үкімет мектептер мен барлық түрлі оқу орындарына ақша алады да, *бұл ақшамен* дворяндарды оқытады, мещандар мен шаруалардың оқуына *кедергі жасайды!!* Мұндай дворяндар үкіметінің, халықтың *жүзден бірінің* пұрсаттылықтарын қорғау үшін оның оннан тоғызын езіп отырған бұл үкіметтің құны қандай болатыны айқын-ақ емес пе??

Ақырында, менің куәмның, халық ағарту министрлігінің октябрист чиновнигі мырзаның, III (және IV) Думаның мүшесі Клюжевтің сөзімен соңғы бір цитатты келтірейін:

«1906—1910 жылдардағы бес жыл ішінде,— дейді Клюжев мырза,— Қазан округінде орта оқу орындары мен халық мектептерінің 21 директоры, халық училищелерінің 32 инспекторы, қалалық училищелердің *1054* мұғалімі қызметтен шығарылды, ал бұлардың орын ауыстырғандары *870* адам. Ойлап қараңыздаршы,— деп таңырқайды Клюжев мырза,— біздегі мұғалімдер қалай тыныш ұйқтай алсын? Астраханьда ұйықтар алдында ертең Вяткадан бір-ақ шықпасына ол сенімді емес. Қоянша тұқырып жүрген педагогтың көңіл күйіне көз салып көріңіздерші!».

Бұл таңырқап отырған қайдағы бір «солшыл» мұғалім емес, октябрист. Бұл деректерді өз қызметіне мығым чиновник келтіріп отыр. Бұл — *сіздердің* куәңыз, оңшыл, ұлтшыл және октябрист мырзалар!! Міне, осы «сіздердің» куәңыз үкіметтің мұғалімдерге жасап отырған нағыз жүгенсіз, нағыз арсыз, нағыз жиркенішті озбырлығын мойындауға мәжбүр болып отыр!! *Сіздердің* бұл куәңыз, IV Думаның және Мемлекеттік советтің билеп-төстеуші мырзалар, орыс үкіметі Россияда мұғалімдерді қоянша *«тұқыртып ұстайтын»* фактісін мойындауға мәжбүр болып отыр!!

Сонымен, осы фактіге, орыс өмірінің сан мыңдаған осындай фактілерінің біріне сүйене отырып, біз орыс халқынан және Россияны мекендеген барлық халықтардан былай деп сұраймыз: бізге үкімет дворяндардың пұрсаттылықтарын қорғау үшін, халық мұғалімдерін *«тұқыртып ұстау»* үшін керек пе? Мұндай үкіметті халықтың *қуып жібергені* жөн емес пе?

Иә, орыстың халық мұғалімдері қоянша тұқыртып ұсталуда! Иә, Россия халқының оннан тоғызының білім алуына үкімет кедергі жасап отыр. Иә, біздің халық ағарту министрлігіміз — полициялық тыңшылық жасау, жастарды жәбірлеу, халықтың білімге деген құштарлығын қорлау министрлігі. Бірақ, IV Думаға мүше мырзалар, орыс шаруаларының, әсіресе орыс жұмысшыларының бәрі бірдей, тіпті де бәрі бірдей *қоян* сияқты емес. Жұмысшы табы мұны бесінші жылы дәлелдеп берген, ал ол нағыз бостандық үшін және кассолық емес, дворяндық емес, *нағыз халық* ағарту ісі үшін революциялық күреске өзінің қабілетті екенін тағы да дәлелдей алады және дәлелдегенде анағұрлым сенімді, анағұрлым көрнекі, анағұрлым елеулі түрде дәлелдеп береді!

*1913 ж. 27 апрельде (10 майда) жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XVI том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ ЕҢБЕГІ

Қазіргі капиталистік қоғамның қойнауында қайыршылық пен езілушіліктің бірден көзге түсе қоймайтын көптеген жағдайлары бар. Мещандардың, қолөнершілердің, жұмысшылардың, қызметшілердің, ұсақ чиновниктердің тозғындаған семьялары *жақсы* деген күннің өзінде әрең-әрең күнін көріп, сұмдық қайыршылануда. Мұндай семьяларда миллион-миллиондаған әйелдер күн сайынғы шамадан тыс қиналған еңбегімен, осы өз еңбегінен басқаның бәрінен «үнемдеуі» арқылы болмашы тиын-тебенге семьясын асырап, киіндіруге тырысушы «үй күңдерінің» күнін кешуде (немесе, дұрысын айтқанда, азап шегуде).

Капитал осы әйелдерден өзі мен семьясына бір тілім нанға «қосымша табыс табу» үшін сұмдық аз ақыға да көнетін жұмысшы әйелдерді үйде істейтін қызметші етіп қуана-қуана алады. Барлық елдердің капиталистері (ертедегі құл иеленушілер мен орта ғасырлардағы крепостник помещиктер сияқты) дәл осы әйелдерден ең «қолайлы» бағамен өздеріне ашыналарды қанша алам десе, сонша алады. Сонымен, жезөкшелік жөніндегі «адамгершілік наразылықтың» (жүз наразылықтың 99-ы екіжүзді наразылық) ешқайсысы әйел тәнін осылайша саудаға салуға қарсы ештеңе істей алмайды: жалдама құлдық бар болып отырғанда, жезөкшелік те сөзсіз бола бермек. Адамзат қоғамының тарихында езілген және қаналушы таптардың бәрі езушілерге, біріншіден, өздерінің ақысы төленбеген еңбегін және, екіншіден, өз әйелдерін «мырзаларға» ашыналыққа бе-

руге әрқашан мәжбүр болды (олардың қаналуы да осыдан).

Құлдық, крепостниктік және капитализм бұл жағынан бірдей. Қанаудың тек *формасы* ғана өзгереді; қанау қала береді.

Парижде, «әлем астанасында», цивилизация орталығында, қазіргі уақытта «өз үйінде қаналатын қызметші әйелдердің» жасаған заттарының *көрмесі* ашылды.

Көрмеге қойылған әрбір заттан билетті көресіз, ол билет өз үйінде істейтін жұмысшы әйелдің осы затты жасап шығарғаны үшін қанша *алатынын* және ол әйелдің мұндайда күніне, сағатына қанша жасай алатынын көрсетеді.

Сонда қалай деңіз? Үйінде істейтін жұмысшы әйел жасап шығарған товарының *ешқайсысынан* $1^1/_4$ франктен, яғни 50 тиыннан артық таба *алмайды*. Ал жұмыстардың орасан көбінен түсетін табыс бұдан да төмен. Мысалы, абажурларды алайық. Бір дюжинасының ақысы — 4 тиын. Немесе қағаз қапшықтарды алайық — 1000 қапшыққа — 15 тиын, табыс — сағатына *алты* тиын. Ленталы кішкентай ойыншықтарды, т. т. алыңыз — сағатына $2^1/_2$ тиын. Гүл жасауды алыңыз — сағатына *екі-үш* тиын. Әйелдер мен еркектердің іш киімін алыңыз — сағатына *екі* тиыннан алты тиынға дейін. Осылай болып кете береді.

Біздің жұмысшы қоғамдары мен кәсіптік одақтардың да осындай «көрме» ұйымдастырғаны жөн болар еді. Бұл көрме буржуазияның көрмелер арқылы жинайтын орасан зор түсімін бермейді. Пролетар әйелдердің мұқтаждығы мен қайыршылығының көрмесі басқа пайда береді: ол көрме жалдама жұмысшылар мен күңдерге өз жағдайын түсінуге, өз «тұрмысына» көз жіберуге, мұқтаждықтың, қайыршылықтың, жезокшеліктің және дәулетсіздерді қорлау атаулының осы мәңгілік езгісінен құтылу жағдайларын ойластыруына көмектеседі.

*1913 ж. 27 апрельде (10 майда) жазылған*

*1913 ж. 5 майда «Правда» газетінің 102-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ҚЫТАЙДАҒЫ ПАРТИЯЛАР КҮРЕСІ

Қытай халқы ескі, орта ғасырлық тәртіпті және оны қолдаған үкіметті құлата алды. Қытайда республика орнады және өзінің қозғалыссыз, тоқырап жатқандығымен барлық ұлттар қаражүздіктерінің жүрегін ұзақ уақыт қуанышқа бөлеп келген азиялық ұлы елдің *тұңғыш парламенті,*— тұңғыш қытай парламенті сайланды, бас қосты, сөйтіп оның өз мәжілістерін бастағанына да бірнеше апта болды.

Қытай парламентінің екі палатасының төменгі палатасында Сунь Ят-сенді жақтаушылар аздап көпшілік болды, Го (немесе Куо) Мин-Тан партиясы, «ұлтшылдар» еді;— бұл партияның мәнін орыс жағдайына лайықтап білдіру үшін оны радикалдық-халықтық республикалық партия, демократия партиясы, деп атау керек. Жоғарғы палатада бұл партияны анағұрлым едәуір көпшілік жақтайды.

«Радикалдар» және т. с. сияқты әр қилы аттары бар неғұрлым ұсақ баяу немесе консервативтік партиялар бұл партияға қарсы тұр. Іс жүзінде бұл партиялардың *бәрі реакционерлердің,* атап айтқанда: бюрократтардың, помещиктер мен реакцияшыл буржуазияның партиясы деген сөз. Бұлардың бәрі Қытай кадеті, республиканың уақытша президенті, диктатордың қылықтарын барған сайын көрсетіп отырған Юань Ши-кайға ойысып отыр. Кадет сияқты, кеше ол монархист болды,— бүгін, революцияшыл демократия жеңгенде, ол республикашыл,—

ертең ол қайтадан монархиялық мемлекеттің басшысы болмақшы, яғни республиканы сатып кетпекші.

Сунь Ят-сеннің партиясы Қытайдың өнеркәсіп пен сауда жағынан анағұрлым дамыған, Европаның әсерін неғұрлым көбірек көрген, неғұрлым алдыңғы қатарлы *оңтүстігіне* сүйенеді.

Юань Ши-кайдың партиялары Қытайдың артта қалған *солтүстігіне* сүйенеді.

Алғашқы қақтығыстар әзірге Юань Ши-кайдың жеңісімен аяқталды: ол барлық «баяу» (яғни реакциялық) партияларды біріктірді, «ұлтшылдардың» біразын бөліп алды, парламенттің төменгі палатасының председательдігіне *өз* кандидатын өткізді және, парламенттің еркіне *қарамастан,* «Европадан», яғни европалық миллиардерлерден — алаяқтардан *заем* алатын болды. Тұз монополиясынан табыс келтіру үшін ауыр, тікелей өсімқорлық шарттар негізінде заем алуға келісім жасалды. Мәселе пайда табуда болып отырғанда заем қай халықтың болса да бостандығын тұншықтыруға әзір тұрған европалық жыртқыш және аса реакцияшыл буржуазияға Қытайды кіріптар етеді. Ал 250 миллион сомға жуық заем европалық капиталистерге орасан зор пайда түсіреді.

Европа пролетариатынан реакцияшылдық қорқудан барып, европалық буржуазия Қытайдың реакцияшыл таптарымен және топтарымен одақ жасасып отыр.

Бұл одаққа қарсы күресу Сунь Ят-сен партиясы үшін тіпті де оңай емес.

Бұл партияның әлсіздігі неде? Оның әлсіздігі мынада: бұл партия қытай халқының *қалың бұқарасын* революцияға әлі *жеткілікті түрде* тарта алған жоқ. Қытайда пролетариат әлі мүлде әлсіз,— сондықтан демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу жолында батыл және сапалы күрес жүргізуге қабілетті алдыңғы қатарлы тап жоқ. Пролетариат сияқты басшысы болмағандықтан шаруалар сұмдық езіліп-жаншылған, енжар, қараңғы, саясатқа немқұрайды қарайды. Ескі және әбден шіріп біткен монархияны революциялық жолмен құлатуға қарамастан, республиканың жеңгеніне қарамастан, Қытайда жалпыға бірдей сайлау

правосы *жоқ!* Парламент сайлауы цензілі сайлау болды, құны 500 сомдай меншігі барлар ғана сайлады! Қытай республикасын белсене қолдауға халықтың нағыз қалың бұқарасының әлі соншалықты *нашар* тартылғаны, міне, осыдан да көрініп отыр. Ал *бұқараның* мұндай қолдауынсыз, ұйымдасқан және табанды алдыңғы қатарлы тапсыз республика баянды *бола алмайды.*

Дегенмен де Қытайдағы революциялық демократия, оның көсемі Сунь Ят-сеннің ірі кемшіліктеріне қарамастан (өзінің пролетарлық тірегі болмауына байланысты қиялшылдығы мен тартыншақтығы), халықты ояту үшін, бостандық пен дәйекті демократиялық мекемелерді жеңіп алу үшін өте көп іс істеді. Қытай шаруаларының барған сайын неғұрлым қалың бұқарасын қозғалыс пен саясатқа тарта отырып, Сунь Ят-сеннің бұл партиясы мұнысы арқылы (бұл тартуы қандай дәрежеде болып жатқанына қарай) Азия прогресі мен адамзат прогресінің ұлы факторына айналып отыр. Елдің реакциялық күштеріне сүйенуші саяси алаяқтардан, авантюристер мен диктаторлардан бұл партияның жеңіліп қалуы қалайда мүмкін болуына қарамастан оның еңбегі еш уақытта зая кетпек емес.

*1913 ж. 28 апрельде (11 майда) жазылған*

*1913 ж. 3 майда «Правда» газетінің 100-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ДЕРЕВНЯНЫҢ «ТЫНЫШТАНҒАНЫ» ТУРАЛЫ ПОМЕЩИК ӘУЕНІ

Егер «Новое Время» газеті тиімді алаяқтыққа да икемделе алатын, үкіметке де, билеуші помещиктер табына да жарамсақтанатын нағыз арсыз газеттердің бірінің «даңқына» әбден лайықты түрде ие болып отырса, онда бұл газеттің қызметкері Меньшиков мұндай даңққа қос-қосынан ие болып отыр және екі есе лайықты түрде ие болып отыр.

Меньшиковтың мақалаларынан чиновниктік немесе капиталистік немесе бариндік Петербургтің қандай «топтарының» оған белгілі бір мақаланы жазуға *тапсырғанын* жұрт екінің бірінде-ақ қателеспей біле қояды. Таяуда осы Меньшиковқа «аристократиялық» Мемлекеттік советті оны бейне бір «демократиялық» етіп өзгертуді көздеген жоспарлардан қорғау жөнінде мақала жазу тапсырылды. Бұл мақаланы мәртебелі помещиктік топтардың тапсырғаны айдан анық. Деревняның атышулы «тыныштанғаны» туралы мәселеде помещиктің әуенін тыңдап көру өте-мөте тағылым аларлық нәрсе.

«Петербургке провинциялардан келетіндер, помещиктер мен қоғам қайраткерлері маған тым жиі соғып тұрады...». Меньшиков осылай дейді. Оған помещиктер соғып тұра ма, әлде атақты помещиктердің ауыз бөлмелеріне оның өзі соғып тұра ма, бұл өз алдына бір мәселе. Қалай болғанда да ол помещиктердің әуеніне басып отыр, сондықтан оның мақаласы да помещиктердің ашық айтқан сөздерімен таныстыру үшін ғана бағалы.

«Егер оларға сенетін болсаң,— ал оларға неге сенбеске,— деп жалғастырады помещиктің әуені,— 1905—1906 жылдардағы пугачевшілдік әсте тоқталған жоқ. Ол тыншыды, ол басқаша, онша шулы емес формаларға көшті, бірақ өзінің бүлдіру ісін жалғастырып отыр. Рас, помещиктердің усадьбаларын талау үшін және оларды өртеу үшін шаруалар бұрынғыдай тұтас топ құрап, ат-арбалы керуен болып жүрмейді. Дегенмен өрт үнемі шығып жатыр — бірде үйді, бірде қырманды, бірде сарайды, бірде қамбаны, бірде маяланған және баулап жиналған астықты өртеп жібереді. Егін мен шабындық әлі де нағыз оңбағандықпен, нағыз өрескел түрде тапталып жатыр... Біздің парламенттік заманымыздың жеті жылы ішінде деревнядағы анархияға қарсы күрес бір адым да ілгері басқан жоқ».

Меньшиков «Новое Времяда» осылай деп жазады. Сірә, оған, қаражүздік-октябристік лагерьде айтылып жүргеніндей, «бұзақыларды» қудалап, жаңа жазалау шараларын қолдапуға «қоғамдық пікірді» әзірлеу тапсырылған болса керек. Бірақ, тапсырманы орындай отырып, помещик малайы помещиктердің шын ниетін және олардың үрейленуінің шын себептерін айтып қойып отыр.

Помещик мырзалардың *мүлде тоқталмаған, бірақ басқа формаларға көшкен* 1905—1906 *жылдардағы «пугачевшілдікке» қарсы* жаңа жазалау заңдары мен қаулылар арқылы күрескісі келіп отырғанын жазып та қояйық, ұмытпайық та.

Аздап таңқаларлық бір ғана жай бар. 1905 және 1906 жылдары үкімет пен біріккен дворяндар советі өздерін де, басқаларды да: «пугачевшілдік» дегеніміз қауымдық жер иелігінің және шаруалар арасында жерге жеке меншік мекемелерінің жетілмегендігінің салдары деп сендіріп еді. Енді үкімет агенттерінің бәрі, үкіметтік партиялардың, газеттердің бәрі қауымның күйреп, ыдырағаны туралы, жерге жаңаша орналастырудың және шаруалар арасында жерге жеке меншік тәртібін орнатудың «орасан» табыстары туралы ызыңымен құлақты сарсытып болды. Егер осылай болса, онда қауым туғызды-мыс дейтін «пугачевшілдік» тоқталуға тиіс еді!

Ал егер, помещиктердің Меньшиков арқылы сендіріп отырғанындай, ол «әсте тоқталмаған болса»,— демек, онда мәселе әсте қауымда болмағаны ғой. Демек, «жерге жаңаша орналастырудың» атышулы табыстары жай лақап болғаны ғой.

Помещик мырзалардың мадақтап отырған саясатының күйрегені қайткен күнде де анық.

*1913 ж. 28 апрельде (11 майда) жазылған*

*1913 ж. 4 майда «Правда» газетінің 101-номерінде басылған*
*Қол қойған: М. П.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

Француз және неміс парламентарийлерінің өткен жексенбі күні, 11 майда (ескіше 28 апрельде), Бернде болған конференциясы Европа буржуазиясының соғыс пен бейбітшілікке қалай қарайтынын тағы да еске салып отыр.

Конференцияны шақыруға мұрындық болған Эльзас-Лотарингия және Швейцария өкілдері еді. Франция мен Германияның социалистік депутаттары ұйымшылдықпен келді. Ал буржуазиялық депутаттардан француз радикалдары мен «радикал-социалистері» (іс жүзінде социализмге мүлде жат, ал көбінесе оған жау ұсақ буржуазиялық демократтар) едәуір көп келді. Германиядан буржуазиялық депутаттар тым аз келді. Национал-либералдар (кадеттер мен октябристер арасындағы, біздегі «прогрессистер» сияқты аралық бірдеңе) құттықтау жіберумен ғана тынды. «Центр» партиясынан (Германиядағы демократизм ойынын ойнауды тәуір көретін католиктік ұсақ буржуазиялық партия) *екі адам* келуге уәде берген еді,.. бірақ... келмей қалғанды жөн көрді!

Көрнекті социалистерден конференцияда Швейцария социал-демократиясының ардагері Грейлих және Август Бебель сөз сөйледі.

Басым көпшілігін алғанда француз халқы мен неміс халқының екеуі де бейбітшілікті тілейтінін және халықаралық жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді

талап ететінін мəлімдейтін, шовинизмді айыптайтын қарар бір ауыздан қабылданды.

Конференцияның бейбітшілікті жақтап үлкен сес көрсету болғаны күмəнсыз. Бірақ конференцияға қатысқан жəне қарарды жақтап дауыс берген аз ғана буржуазиялық депутаттардың əдемі сөздеріне сеніп қалу үлкен қате болар еді. Бейбітшілікті шын тілейтін болған күнде, бұл буржуазиялық депутаттар Германияда қару-жарақтың көбейтілгенін турадан-тура *айыптауға* (Германияның армиясы 140 000 адамға көбейтіліп отыр; үкіметтің бұл жаңа ұсынысын, социалистердің батыл қарсылығына қарамастан, Германияның буржуазиялық партиялары қабылдайтыны талассыз),— дəл сондай-ақ, армиядағы қызмет мерзімін үш жылға дейін ұзарту туралы француз үкіметінің ұсынысын да айыптауға тиіс еді.

Буржуазиялық депутат мырзалардың мұны істеуге батылы бармады. Милиция құруды, яғни тұрақты əскерді халықты жаппай қаруландырумен алмастыруды батыл талап етуге де олардың шамасы келмеді. Буржуазиялық қоғам шеңберінен шықпайтын бұл шара əскерді демократияландыруға жəне бейбітшілік туралы мəселені бір адым болса да *елеулі* түрде ілгері бастыруға бірден-бір қабілетті шара еді.

Жоқ. Жұмысшы қозғалысынан қорыққандықтан Европа буржуазиясы соғысқұмарларға жəне реакцияға жанталаса жармасып отыр. Болмашы ұсақ буржуазиялық демократтар бейбітшілікті батыл тілеуге əлсіз, ал оны қамтамасыз етуге онан бетер дəрменсіз. Өкімет — банктердің, картельдердің жəне жалпы алғанда ірі капиталдың қолында. Бейбітшіліктің бірден-бір кепілі — жұмысшы табының ұйымдасқан, саналы қозғалысы ғана.

*1913 ж. 2 (15 майда) жазылған*

*1913 ж. 7 майда «Правда» газетінің 103-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## АЗИЯНЫҢ ОЯНУЫ

Қытайдың ғасырлар бойы толық тоқырап қалған елдердің үлгісі атанып келгені жуырда ғана емес пе еді? Ал қазір Қытайда саяси өмір қайнап, қоғамдық қозғалыс пен демократиялық өрлеу өріс алып отыр. 1905 жылғы орыс қозғалысынан кейін іле-шала демократиялық революция бүкіл Азияны — Түркияны, Персияны, Қытайды қамтыды. Ағылшын Индиясында толқу күшейіп отыр.

Бір қызығы, революциялық-демократиялық қозғалыс қазір Голландия Индиясын да, Ява аралы мен Голландияның 40 миллионға жуық халқы бар басқа отарларын да қамтыды.

Бұл демократиялық қозғалысты таратушы, біріншіден, Явадағы халық бұқарасы, бұлардың арасында ислам туын бетке ұстаған ұлтшылдық қозғалыс оянды. Екіншіден, сол жерге бейімделіп кеткен европалықтардан капитализм жергілікті интеллигенция құрды, олар Голландия Индиясының тәуелсіздігін жақтап отыр. Үшіншіден, Явадағы және басқа аралдардағы едәуір көп қытай халқы өз отанынан революциялық қозғалысты ала келді.

Голландиялық марксист Ван-Равестейн, Голландия Индиясының осы оянуын суреттей келіп, Голландия үкіметінің ежелгі деспотизмі мен озбырлығы қазір байырғы халық бұқарасының арасында батыл тойтарыс пен қарсылық кездестіріп отыр деп көрсетеді.

Революция қарсаңындағы кезеңге тән құбылыстар басталып отыр: одақтар мен партиялар таңғажайып тез пайда болуда. Үкімет оларға тыйым салып, сол арқылы жұрттың одан бетер өшігуін, қозғалыстың жаңадан өршуін туғызып отыр. Мәселен, Голландия үкіметі жуырда «Индия партиясын» таратып жіберді, себебі, оның уставы мен программасында *тәуелсіздікке* ұмтылу туралы айтылыпты. Голландиялық «ұр да жықтар» (реті келген соң айта кетелік, клерикалдар мен либералдар мақұлдаған: европалық либерализм іріді!) мұнда Голландиядан бөлінуге деген қылмысты ниет бар деп білді! Таратылып жіберілген партия, әрине, басқа атпен қайта тірілді.

Явада байырғы халықтың 80 000 мүшесі бар ұлттық одағы пайда болды, ол қазірдің өзінде бұқаралық митингілер ұйымдастырып жүр. Демократиялық қозғалыстың өсуі толастайтын емес.

Дүние жүзілік капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржолата оятты. Езілген, орта ғасырлық тоқырауда тағыланған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге, адамның ең қарапайым праволары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмтылып отыр.

Дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің жұмысшылары дүние жүзілік азаттық қозғалысының әлемнің барлық бөліктерінде және барлық формаларда осылай қуатты түрде өсіп отырғанын ықылас қоя, шаттана қадағалап отыр. Жұмысшы қозғалысының күшінен үрейленген Европа буржуазиясы реакцияның, соғысқұмарлардың, попшылдық пен қара түнектің құшағына құлай кетті. Ал осы тірілей шіріп бара жатқан буржуазияның орнын Европа елдерінің пролетариаты мен Азия елдерінің жас, өз күшіне және бұқараға сенімі мол демократиясы басып келеді.

Азияның оянуы мен Европаның алдыңғы қатарлы пролетариатының өкімет билігі үшін күресінің басталуы XX ғасырдың басында дүние жүзілік тарихтың жаңа кезеңі ашылғанын көрсетеді.

*«Правда» № 103, 7 май, 1913 ж.*
*Қол қойған: Ф.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## БЕЛЬГИЯДАҒЫ СТАЧКАНЫҢ САБАҚТАРЫ

Жұртқа мәлім, Бельгия жұмысшыларының жаппай стачкасы жартылай жеңіспен аяқталды[68]. *Әзірге* жұмысшылардың клерикалдық үкіметтің комиссия тағайындау жөніндегі *уәдесіне* ғана қолы жетті; бұл комиссияның қарауына тек земстволық сайлау правосы мәселесі ғана емес, сонымен қатар жалпы мемлекеттік сайлау правосы мәселесі де жататын болады. Таяуда Бельгияның премьер-министрі депутаттар палатасында комиссия майда тағайындалмақшы деп уәде берді.

Әрине, министрдің уәдесі («жоғарыдан» берілетін жалпы уәде атаулының бәрі сияқты) мүлде жеңіл-желпі айтыла салған бірдеңе. Егер жалпы саяси жағдай ескі, ымыраға келмейтін, ыңғайға көнбейтін және қарыспа клерикалдық (қаражүздік-поптық) «табиғи нәрседе» жаппай стачка туғызған белгілі бір саңылауды дәлелдемесе, болмашы жеңіс туралы сөз қылуға да тұрмас еді.

Үкіметті жеңудің осы бір болмашы бөлшегінен гөрі Бельгия жұмысшы табы бұқарасының арасындағы ұйымшылдықтың, тәртіптің, күреске деген шабыт пен ынта-жігердің табысын стачканың жеңісі деуіміз керек. Бельгияның жұмысшы табы өзінің социалистік партиясының ұраны бойынша табанды күрес жүргізе алатынын дәлелдеді. «Біз керек болған жағдайда стачканы тағы да қайталаймыз!» Стачка кезінде жұмысшы көсемдерінің бірі айтқан бұл сөздер қаруды қолына берік ұстап отырған, ол қаруды қайтадан қолдануға әзір отырған бұқараның пікірін білдіреді. Ал стачканың капиталға қаншалықты зор шығын келтіретінін, Бельгия капиталы герман капиталынан, т. т. мүлдем артта қалғысы келмесе, кеңшілік жасаудың қаншалықты

қажет екенін стачка Бельгияның капиталист мырзаларына дәлелдеп берді.

Бельгияда берік конституциялық тәртіп әлдеқашан орнаған болатын, саяси бостандық халықтың әлдеқашанғы игілігіне айналған. Саяси бостандық тұсында жұмысшылардың алдынан даңғыл, кең жол ашылады.

Стачканың сәттілігі *аз* болуының себептері қандай? Басты себеп екеу.

Бірінші себеп — Бельгия социалистерінің бір бөлегі арасында, әсіресе парламентарийлердің арасында оппортунизм мен реформизмнің үстем болуы. Либералдармен одақтасып жүруге дағдыланған бұл парламентарийлер өздерінің бүкіл іс-әрекетінде өздерін либералдарға тәуелдіміз деп сезінеді. Сондықтан стачканы белгілеу кезінде ауытқулар болды, бұл ауытқулар бүкіл пролетарлық күрестің табысты болуына, оның күшіне, ауқымына кедергі жасамай қоймады.

Либералдарға онша жалтақтай бермеу керек, оларға онша сене бермеу керек, пролетариаттың дербес, қалтқысыз күресіне көбірек сену керек — Бельгиядағы стачканың бірінші сабағы, міне, осы.

Ішінара сәтсіздіктің екінші себебі —Бельгиядағы жұмысшы ұйымдарының әлсіздігі мен *партияның* әлсіздігі. Бельгиядағы жұмысшы партиясы — саяси жағынан ұйымдасқан жұмысшылардың саяси жағынан ұйымдаспаған жұмысшылармен, «таза» кооператорлармен, кәсіпшілдермен, т. т. одағы. Бұл — Бельгиядағы жұмысшылар қозғалысының ірі кемшілігі, бұл кемшілікті «Киевская Мысльде» Егоров мырза және «Лучта» жойымпаздар бекерге ескермей жүр.

Социалистік насихатқа көбірек көңіл бөлінсін, берік, принцип жағынан ұстамды және социализмге адал берілген, қатаң партиялық ұйымды топтастыру жөнінде көбірек жұмыс істелсін — Бельгиядағы стачканың екінші сабағы, міне, осындай.

*1913 ж. 2 (15) майда жазылған*

*1913 ж. 8 майда «Правда» газетінің 104-номерінде басылған*
*Қол қойған: К. О.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Россия — ұлт жағынан ала-құла ел. Үкіметтің саясаты, буржуазия қолдап отырған помещиктердің саясаты — бастан-аяқ қаражүздік ұлтшылдық сіңген саясат.

Бұл саясаттың зілі Россия халқының *көпшілігі* болып табылатын оның халықтарының *көпшілігіне* қарсы бағытталған. Ал мұнымен қатар, ұлттық күрес арқылы немесе ұлттық мәдениет үшін күрес арқылы жұмысшы табының назарын өзінің дүние жүзілік ұлы міндеттерінен басқа жаққа *аударып әкетуге тырысып,* басқа ұлттардың (поляк, еврей, украин, грузин және т. б.) буржуазиялық ұлтшылдығы да бас көтеріп келеді.

Ұлт мәселесі барлық саналы жұмысшылардың оны айқын қойып, шешуін талап етеді.

Буржуазия бостандық үшін халықпен бірге, еңбекшілермен бірге күрескен кезде ол ұлттардың толық бостандығын және толық тең праволылығын жақтаған еді. Алдыңғы қатарлы елдер, Швейцария, Бельгия, Норвегия және басқалары, шын демократиялық құрылыс тұсында еркін ұлттар тату тұра алатындығының немесе бірінен-бірі бейбіт бөліне алатындығының үлгісін көрсетіп отыр.

Қазір буржуазия жұмысшылардан қорқады, Пуришкевичтермен, реакциямен одақтасуды көздейді, демократизмді сатып кетеді, ұлттарды езуді немесе олардың тең праволы болмауын жақтайды, *ұлтшылдық* ұрандармен жұмысшыларды аздырады.

Ұлттардың шын бостандығы мен барлық ұлттар жұмысшыларының бірлігін бүгінгі күні жалғыз пролетариат қана қорғайды.

Әр түрлі ұлттардың еркін және бейбіт түрде бірге тату тұруы үшін немесе әр түрлі мемлекет болып (өздеріне бұл қолайлы болған кезде) бөлінуі үшін, міне бұл үшін жұмысшы табы жақтап отырған толық демократизм керек. Ешбір ұлтқа, ешбір тілге ешбір пұрсаттылық берілмесін! Аз ұлтқа ешқандай қысым, ешқандай әділетсіздік жасалмасын!— міне, жұмысшы демократиясының принциптері осы.

Капиталистер мен помещиктер қалай болған күнде де әр түрлі ұлттар жұмысшыларының арасына жік салғысы келеді, ал осы дүниенің билеп-төстеушілерінің өздері, миллиондар түсіретін «кірісі мол» «істердің» (Лена кен орындары сияқты) акционерлері тәрізді бірге тамаша тату тұрады — православиеліктер мен еврейлер де, орыстар мен немістер де, поляктар мен украиндар да, *капиталы* барлардың бәрі де, барлық ұлттардың жұмысшыларын жабыла қанайды.

Саналы жұмысшылар барлық және әр алуан ағартушылық, кәсіптік, саяси және т. б. жұмысшы ұйымдарында барлық ұлттар жұмысшыларының *толық бірлігі* болуын жақтайды. Украиндардың тең праволылығын теріске шығарумен және кемсітумен кадет мырзалар өздерін масқаралай берсін. Барлық ұлттардың буржуазиясы ұлттық мәдениет туралы, ұлттық міндеттер туралы, т. т. және т. с. жалған сөздермен өздерін жұбата берсін.

Жұмысшылар өздерін ұлттық мәдениет немесе «мәдени ұлттық автономия» туралы ешқандай тәтті сөздермен бөлшектеуге көнбейді. Барлық ұлттардың жұмысшылары ұйымшылдықпен, қоян-қолтық, ортақ ұйымдарда шын мәдениеттің кепілі — толық бостандық пен толық тең праволылықты қорғайды.

Жұмысшылар бүкіл дүние жүзінде өзінің, бостандықты уағыздаушылар мен езушіліктің жаулары әлдеқашан әзірлеген интернационалдық мәдениетін жасайды. Ескі дүниеге, ұлттық езушілік, ұлттық өзара қырқыс

немесе ұлттық оқшаулану дүниесіне жұмысшылар барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің жаңа дүниесін, ешбір пұрсаттылыққа, адамды адамның ешқандай езуіне орын берілмейтін дүниені қарама-қарсы қояды.

*1913 ж 3 (16) майда жазылған*
*1913 ж. 10 майда «Правда» газетінің 106-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

---

## ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Россияда соңғы жылдарда өнеркәсіптің өрлеуі, әрқашандағысындай, құрылыс өнеркәсібінің тез өркендеуімен қатар жүрді. Таяуда «Вестник Финансов»[69] осы мәселе жөнінде Россияның 158 қаласының қалалық басқармаларынан анкета толтырып алды (сұрақтарға жауап алды). Веселовский мырза «Русское Слововда»[70] бұл анкетаның мынадай деректерін келтіреді: жыл сайын салынған және қайта салынған үйлер:

| | |
|---|---|
| 1907 ж. | 11 961 |
| 1908 » | 13 709 |
| 1909 » | 15 093 |
| 1910 » | 16 674 |

Бас-аяғы үш жылдың ішінде құрылыс өнеркәсібі бір жарым есе дерлік өскен! Өнеркәсіптің осы өрлеуінен капиталист мырзалардың қыруар пайда тауып отырғаны кірпіштің бағасынан көрініп тұр. Петербургте мың кірпіштің бағасы 33 сомға дейін, ал неғұрлым өнеркәсіпті Москвада 36 сомға дейін жеткен.

Қалалық кірпіш заводтары тек 50—60 қалада ғана бар, сондықтан құрылысшы-капиталистердің шамадан тыс ашылған аранымен күресу мүмкіншілігі түкке тұрғысыз. Цензілі сайлау правосының салдарынан, сайлау бостандығының, т. т. мүлде жоқ болуы салдарынан біздің қалаларымыздың өзі де қала мүдделері деп өз қалталарының қамын ойлайтын ат төбеліндей азғана шонжарлардың қолына түгелдей беріліп қойған.

Құрылыстарда ақылға сыймайтын қандай бассыздықтар болып жататынын, қандай ұқыпсыздық, адам өміріне қандай арсыздықпен қараушылық болып жататынын, мұны салынып жатқан үйлердің бірсыпырасының жұрттың бәріне белгілі құлауы көрсетіп отыр. Құрылыс жұмысының күшеюі — мердігерлердің, инженерлердің, капиталистердің қалтасына түсетін мың-мыңдаған сом ақша, капитал мақсаты үшін жұмысшылардың толып жатқан құрбандықтар жасауы,— өнеркәсіптің «өрлеуі» дегеніміз, міне, осы.

Ал жүз мыңдаған құрылысшы жұмысшылардың жағдайы қалай?

Олардың жалақысы туралы біз анкетадан төмендегіні көреміз. Құрылысшы жұмысшының күндік ақысы қалалардың үлкен-кішілігіне қарай былайша өзгеріп отырады:

| Қалалардың халқы | | Құрылысшы жұмысшының күндік ақысы |
|---|---|---|
| Тұрғыны | 5 000-ға дейін | 1 с. 33 т. |
| » | 5 000 – 10 000 | 1 » 36 » |
| » | 10 000 – 25 000 | 1 » 41 » |
| » | 25 000 – 50 000 | 1 » 53 » |
| » | 50 000 – 75 000 | 1 » 56 » |
| » | 75 000 – 100 000 | 1 » 87 » |
| » | 100 000 және одан көп | 1 » 80 » |

Тіпті ең ірі деген қалалардың өзінде жұмысшыға тәулігіне төленетін ақы екі сомға да жетпейді! Жұмысшылардың қазіргі қымбатшылық жағдайда, семьясын көбінесе басқа қалада немесе деревняда ұстау қажет болып отырған жағдайда, қандай жоқшылық көріп отырғанын көз алдыңа елестетіп көруге болады. Оның үстіне, құрылыс жұмыстары — жыл бойына созылмайтын маусымдық жұмыстар. Жұмыс істеген бірнеше ай ішінде жұмысшы семьясы мен өзін жыл бойы асырай аларлықтай табыс келтіруі тиіс.

Жұмысшылардың қайыршылығы, олардың күн көріспен мүлде қамтамасыз етілмеуі — келтірілген цифрлар, міне, осыны көрсетеді.

Фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларына қарағанда, құрылыстағы жұмысшылардың бірлесуі мен

ұйымдасуы қиынырақ. Сондықтан да алдыңғы қатарлы жұмысшылар құрылысшы жұмысшылардың көзін ашып, оларды ұйымдастыруға барынша қамқорлық жасауға тиіс, өйткені құрылысшы жұмысшылардың өзінің жұмысшы газетінен, өзінің жұмысшы одағынан, өзінің неғұрлым жетілген жолдастары — пролетарлардан басқа көмек іздейтін жері жоқ.

*1913 ж. 4 (17) майда жазылған*

*1913 ж. 9 майда «Правда» газетінің 105-номерінде басылған*
*Қол қойған: Ф.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ТАҒЫ ДА ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

«Правданың» 96(300)-номерінде мен Россиядағы қоныс аудару жайында басты деректерді келтірген едім*. Бұл деректер 1911 жылмен аяқталған және соның өзінде де толық емес (11 ай ішіндегі) деректер болатын. Енді Кауфман мырза «Речьте» жуырда жарияланған ресми есептерден бүкіл 1911 жылғы және 1912 жылғы деректерді келтіріп отыр.

Қоныс аударушылар саны өскен екен, бірақ болмашы ғана: 190 мыңнан (1911 ж.) 1912 жылы 196 жарым мыңға дейін өскен. Ал қайта оралушылар саны: 36 мыңнан (1911 ж.) 58 мыңға дейін (1912 ж.) жетіп, мықтап өскен.

Бұл құбылысқа берілетін түсінік бізге жаңа аграрлық саясаттың күйрегенін бұрынғыдан да терең ашып береді. Барлық қоныс аударушылардың $^3/_4$ бөлігінен $^4/_5$ бөлігіне дейіні осы кезге дейін Малороссия губерниялары мен орталық қара топырақты губерниялардан болған еді. Бұл — Россияның крепостниктік тәртіптің қалдықтары бәрінен де гөрі күшті, жалақы бәрінен де гөрі төмен, шаруалар бұқарасы өте-мөте ауыр жағдайда күнелтіп отырған орталығы.

Бұл орталықтың — Россия «жүрегінің» күйзелген, қайыршыланған, аш-жалаңаш бұқарасы қоныс аударып, сергелдеңге түсті (1907—1909 жылдар), ал —ақы-

---

* Қараңыз: осы том, 111—112-беттер. *Ред.*

рында келіп, ол қоныс аударушылардың 60 проценті қайта көшті, яғни бұрынғыдан бетер күйзеліп, ашына түсті.

Енді қоныс аудару толқыны басқа ауданнан, атап айтқанда, бұл кезге дейін қоныс аударушылары мүлде аз болған Поволжьеде басталып отыр.

Мұның мәнісі неде?

«Егіннің шықпай қалуында», 1911 жылғы аштықта!!... Аштық Россияның жаңа ауданын қамтыды. Ашыққан халықтың Сибирьге қарай қашуы тағы күшейді. Сибирь Россияның орталығындағы шаруалардың ізінше Поволжье шаруаларын да бұрынғыдан бетер күйзелтіп, ашындыратынын біз қазірдің өзінде біліп отырмыз.

Басқа сөзбен айтқанда, Сибирьге қоныс аудару жағдайдан бұлайша шығуға болмайтынын әуелі—орталықтың шаруаларына, енді — Поволжьенің шаруаларына іс жүзінде көрсетіп берді.

«Жаңа» аграрлық саясат Россияның бір өңірінен кейін екінші өңірін, бір ауданның шаруаларынан кейін екінші ауданның шаруаларын күйзеліске ұшыратып, шын құтылу жолының бұл емес екенін барлық шаруаларға бірте-бірте анықтап беруде.

*1913 ж. 4 (17) майда жазылған*

*1913 ж. 9 майда «Правда» газетінің 105-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## «БРИТАН СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ» СЪЕЗІ

«Британ социалистік партиясы» 1911 жылы Манчестерде құрылды. Оған ертеректе «Социал-демократиялық федерация»[71] деп аталып келген бұрынғы «Социалистік партия» және бірнеше бытыранды топтар мен жеке адамдар, соның ішінде өте қызба, бірақ принциптілігі шамалы және бос сөзге үйір социалист Виктор Грейсон кірген болатын.

Теңіз жағасындағы Блекпул (Blackpool) деген қалашықта жаңаша 10—12 майда Британ социалистік партиясының екінші съезі болды. Оған не бары 100 делегат — барлық делегаттардың үштен бірінен азырағы қатысты, партияның ескі басқармасына қарсы делегаттардың көпшілігінің қиян-кескі күресіне байланысты, бұл жағдай сырттай қараушыларға ауыр әсер етті. Ал Англияның буржуазиялық баспасөзі (Россияның буржуазиялық баспасөзі қалай істесе, дәл солай істеп) партияның өз басқармасына қарсы өте шиеленіскен күресінің оқиғаларын қалт жібермей, әсірелеуге және даурықпаға салуға тырысып отыр.

Социализмдегі ішкі күрестің *идеялық* мазмұнында буржуазиялық баспасөздің ісі жоқ. Оған тек сенсация мен қызығырақ жанжал ғана керек...

Ал БСП-ның (Британ социалистік партиясының) ішіндегі күрестің идеялық мазмұны өте елеулі болған еді. Ескі басқарманы партияны құрушылардың бірі Гайндман басқарды. Ол қарулану және соғыс туралы аса маңызды мәселе жөнінде партиямен санаспай, тіпті

партияға қарсы бірнеше жылдан бері әрекет жасап келген еді. Германия тарапынан Англияны талқандап, құлдану қаупі төніп отыр, сондықтан да Англияны қорғау үшін социалистер «тиісті» (яғни күшті) флот болуы талабын қоргауы керек! деген ой Гайндманның басынан кетпейді.

Социалистер «күшті» флотты қоргаушылар ролін атқарып жүр — ал мұның өзі флоты Индияда *үш жүз миллион* халықты, Египетте және басқа отарларда ондаған миллион халықты нағыз арсыз, крепостниктік түрде құлдануға және талауға көмектесіп отырған елде орын алуда.

Агылшын буржуазиясына (консерваторлар мен либералдарға) Гайндманның бұл әулекілігінің ұнағаны түсінікті. Сондай-ақ, ағылшын социал-демократтарының — олардың абыройына болар — бұл масқаралық пен бассыздыққа конбей, оган қарсы қызу күрескені де түсінікті.

Күрес ұзақ және кескілескен күрес болды; мәмлеге келуге әрекет істелінді, бірақ Гайндман илікпеді. Сондықтан сөз болып отырған съезде Гайндманның басқармадан кетуіне тура келгендігін, басқарма құрамының жалпы алғанда $^3/_4$ бөлігінің қайта жаңартылғанын (оның 8 мүшесінің тек екеуі: Квелч пен Эрвинг ғана қайта сайланды) ағылшын социализмінің үлкен жетістігі болды деп санауымыз керек.

Съезд ескі басқармаға қарсы қарар қабылдады. Ол қарарда былай делінген:

«Съезд өз елдерінде каруланудың күшеюіне қарсы жігерлі күрес жүргізгені үшін француз және неміс жолдастарды құттықтайды және соғыс туралы Штутгартта, одан кейін 1912 жылы Базельде қабылданған қарарларға бағынуға міндетті интернационалдық социалистік партияның құрамдас бөлігі ретінде Британ социалистік партиясын қарулануды өсуіне қарсы бар күшін сала күресе отырып және қарулануға деген қазіргі жөнсіз көп шығындарды азайтуға тырыса отырып, дәл жоғарыдағыдай саясатты Великобританияда да жүргізуге міндеттейді».

Қатаң қарар. Бірақ қатаң болса да, шындықты айта білу керек. Егер ағылшын социал-демократтары өз бас-

қармасының ұлтшылдық теріс әрекеттеріне қатаң түрде қарсы шықпаған болса, олар «Тәуелсіз (социализмге тәуелсіз, бірақ либералдарға тәуелді) жұмысшы партиясы» дейтіннің оппортунистеріне қарсы күресу правосынан айрылған болар еді.

Социал-демократтардың арасындағы ішкі күрес жөнінде буржуазиялық баспасөз залымдығы мен қулығын жасай берсін. Социал-демократтар өздерін пәк жандармыз деп есептемейді; өзін қоршаған буржуазиядан пролетариатқа көбіне белгілі бір жиіркенішті дерт жұғып отыратынын олар біледі,— жиіркенішті, жексұрын капиталистік қоғамда мұның өзі болмай қоймайды. Бірақ социал-демократтар өз партиясын тура және батыл сынау арқылы емдей біледі. Ал олар өз партиясын Англияда да емдей алатынына дау жоқ.

*1913 ж. 5 (18) майда жазылған*

*1913 ж. 14 майда «Правда» газетінің 109-номерінде басылған*
*Қол қойған: В.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# IV ДУМАҒА БАҒА

Жұмысшы табының өкілдері саналатын социал-демократтардың IV Думаға берген бағасы белгілі. Бұл баға помещиктік және помещиктік-буржуазиялық Думаның таптық сипатын, сондай-ақ үстемдік етуші таптармен осы Думада кейбір нәрселер жөнінде ығысып жатқан үкіметтің сипатын да есепке алуға негізделген.

Бірақ *оңшылдардың өздері* және оның бер жағында *помещик мырзалардың* бұл Думаны қалай бағалайтынын көру де ғибрат аларлық.

Бұл жөнінде Кишинев қаласының бастығы, жер иесі Синадино мырзамен болған, оңтүстіктегі газеттерде басылған әңгіме көңіл аударарлық; ол III Думада ұлтшыл болған-ды, ал IV Думада «центр» партиясында, яғни октябристерден *оңшылырақ* партиядағы адам деп есептеледі. Сірә, бұл да сондай бір шонжар болса керек, бұдан сенімдіректі іздеудің де керегі болмас! Ал оның берген бағасы мынадай:

«Төртінші Дума дегеніміз тек қана көз бояушылық: Мемлекеттік советте халық өкілдерімен мүлде санаспайтын және, осылай деп айтуға болса, оларға қарсы әрекет жасайтын адамдар отыр. Қайталап айтамын, Дума көз бояушылық қана және мұндай жағдайда елге ештеңе бере алмайды. Мен Мемлекеттік советтің әрекеттерін сипаттап беру үшін орыс тілінен анықтама таба алмай отырмын. Бұл — французша «саботаж» дейтіннің өзі...».

Осы өкпелі помещиктің Дума жөнінде және біздегі үкімет жөнінде шындықты айтып отырғаны соншалық,

бұл шындық жұмысшылардың зер сала қарауына тұрарлық. Жалпы демократия үстем реакцияның системасы мен «тәртібі» жөніндегі шындық пікірді реакционерлер өзара араздасып қалғанда ғана, ол мырзалардан ести алады ғой.

Бір помещик (немесе бірнеше помещик) өкпелеп қалған екен — мемлекеттік басқару мен мемлекеттік құрылыстың помещиктік «тәртібі» қаралап суреттелетіні сондай, бұл суреттеу тіпті социал-демократиялық прокламациядан алынған сияқты болып көрінеді!

Өкпелі оцшыл помещик мырза, IV Дума да, III Дума да — көз бояушылық емес, өйткені олар үкіметке, мысалы, оның бюджетін бекітіп береді. Бірақ әңгіменің түйінінің өзі мынада: бүкіл помещиктік тап пен буржуазияның барлық жоғарғы топтары үкіметке көмектесіп отырса да, «жүк орнынан қозғалар да емес»!

Үкіметтің помещиктермен және буржуазиямен одақтасу мүмкіндігі жасалды. Дума *мұндай* одақтың жасалуы үшін қолынан келгеннің *бәрін* істеп жатыр. Бірақ сонда да конституцияға аздап болса да ұқсас ештеңе шықпай отыр. Ескі мемлекеттік құрылыс сол күйінде. Министрлер де сондай адамдар, олар, сірә, ертең өздерінің не болатынын, ертеңгі күн өздеріне не бұйыратынын білмей, «қара басы үшін» (Синадиноның сөзі бойынша) «қалтырауда» .

Сонымен, Дума мен Советтің бүкіл «қызметі» де, нағыз қарапайым, нағыз октябристік, нағыз ұсақ-түйек реформаларды сенімсіз деп либералдардың байбалам салуының бәрі де,— және, ақырында, өкпелі «зац шығарушы»-помещиктің ашықтан-ашық мойындауы да,— осының бәрі қазіргі Россияда конституциялық жалған үміттер мен реформистік ниеттердің мүлде мағынасыздығын көрсетеді.

*1913 ж. 5 (18) майда жазылған*

*1913 ж. 15 майда «Правда» газетінің 110-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# «ЛУЧ» ГАЗЕТІНІҢ 189-НОМЕРІНДЕГІ БАС МАҚАЛА ЖӨНІНДЕ

...* «Қол жетерлік құралдардың бәрін қолданып» күрес жүргізу керек деген бос сөздер ешкімді ешнәрсеге міндеттемейді. Мұның өзі айдан анық. Керісінше, бұл бос сөздер либералдардың жалтарғыштығын ақтау үшін нақ әдейі таңдап алынған. «Қол жетерлік» құралдар деген не? Орыс либерализмі үшін ең *арсыздық* құралдардың «қол жетерлік» құрал екенін білмейтіндей «Лучтың» бас мақаласын жазушының шынымен соншалық балаша аңқау, саясатта соншалық аңғал болғаны ма?? Біледі, бірақ либерализмді боямалап, әдейі үндемей отыр.

Демократияны дөрекі түрде алдау арқылы (жақсы-ақ арсыздық құрал!) Думаға өтіп алған либерал миллионер, фабрикант Коновалов «прогрессистік» «Русская Молва»[72] газетінде кадеттерді октябристермен біріктіру мақсатымен, *жарты миллион сом* капиталы бар «Русская молва» қоғамын құруға рұқсат алды.

Бұл факт. «Луч» мұны біледі. Ал «Луч» осы Коноваловтармен және олардың жалдама жазушыларымен бірге «қол жетерлік құралдардың бәрін қолданып күресу» туралы қарарға қол қоя салып отыр. Мен әрбір жұмысшыдан және әрбір сауатты шаруадан былай деп сұраймын: Пуришкевич және К° мырзалардың мазасын онша ала қоймайтын құралдарды ғана Коноваловтар *көріне көзге* «қол жетерлік» құралдар деп есептеп отырғанда, әлгі қарардың «қол жетерлік» деген қасақана ту-

* Мақаланың бас жағы табылмады. *Ред.*

сіниксіз сөздермен *халықты алдап отырғаны* айқын емес пе?

Бұл айқын. Коновалов мырзалардың,— әрине, тек Коноваловтардың ғана емес, барлық либералдардың — бүкіл қызметі Пуришкевич және К$^0$ мырзалардың аман болуы мен артықпа жағдайларының негіздерін *әлсіретпейтін* құралдарды ғана бұлардың *қол жетерлік* құралдар деп санайтынын әбден дәлелдеді.

Алдаушылықты мыңыншы рет әшкерелеп (біз мұны істеуден жалықпайымз), «қол жетерлік» деген сөзсымақтың «мәні» неде екенін (немесе тура шындықты тілесеңіз, *жиіркеніштілігі* неде және *жалғандығы* неде екенін) аңқау, немесе надан, не болмаса зердесіз демократтарға түсіндіру үшін кеңеске бару керек еді.

Мұның өзі — орыс саяси сөздігіндегі ең бір жиіркеніштi, ең бір жексұрын, ең бір пасықтық сөз. Грамматика тұрғысынан қараганда: «Мен қол жетерлік құралдарды ғана мойындаймын» деу ерсі, өйткені *қол жетпес* нәрсеге қол жетпейтінін кім білмейді? Бірақ мәселенің түйінінің өзі де мынада: бұл арада мәселе грамматикалық мәселе емес, саяси мәселе. Жұмысшылардың қол жетерлік деп есептейтіні Коноваловтардың, Милюковтар мен К$^0$-нің айтқандары *емес*.

Теріс мысалды алайын. Родзянконың сөзін бүгін «конституциялық» сөз деп жариялайтын, ал ертең октябристерді (17 октябрьден бері немесе тіпті онан да ертерек кезден өзіне опасыздық жасамай жүрген және Пуришкевичтерге опасыздық жасамайтын октябристерді) пасықтығы үшін балағаттайтын «құралды» жұмысшылар қол *жетпейтін* құрал деп есептейді.

Жұмысшылар мұндай құралды және мұндай тәсілді «қол жетпейтін» арсыздық деп есептейді, мен мұны анық білемін. Коноваловтар мен Милюковтар мұны «қол жетерлік» «конституциялық тактика» деп есептейді.

Енді дұрыс мысалды алайын... Айтпақшы... 129-статья... Жоқ, білсеңіздер, мырзалар, бұл мақалада, бұл газетте немесе бұл журналда дұрыс мысалды *алмауға* маған рұқсат етіңіздер! Бірақ оның есесіне, егер мен кеңеске қатысқан болсам және егер кеңесте

Коноваловтар мен Милюковтар сөз тасымаймыз деп уәде берген болса, онда мен нақты, жақсы, тамаша, аса нанымды, әрі тарихи, әрі статистикалық, дұрыс мысал келтірер едім!.. Бір жағынан, жұмысшылардың, екінші жағынан, Коноваловтар мен Милюковтардың жалпы алғанда қимыл саласында, жекелеп алғанда *қалта* саласында нені жетерлік деп есептейтінін баяндап беру, құдай ақы, қызықтырарлық-ақ нәрсе... Бірақ сабыр сақтайын...

Кеңеске бару керек еді. Онда «басқа жерлердегіден» гөрі сөз бостандығы көбірек бола *алар еді*. Онда демократияға реформизмнің зияндылығы туралы пікір айтуды ұсыну керек еді — көтерілген мәселе тұрғысынан алғанда мұның өзі орынды болар еді. Сонда *екі* қарар: либералдар үшін «қол жеткісіз» (бірақ жұмысшылар мен саналы ұсақ буржуаға, олардың біразына болса да, қол жетерлік), демократиялық және либералдық қарар және Коноваловтарға «қол жетерлік» қарар болып шығар еді. Жұртшылық қарардың екеуін де оқыр еді немесе бұл екі қарар туралы естір еді де, оларға *ой жүгіртер* еді. Байыбына барар еді. Ақылға салар еді. Жұрт салыстырып та, салғастырып та көрер еді.

Сөйтіп, біраз уақыт өткеннен кейін либералдық сөзсымақтармен және бос сөздермен шырмалған демократияның бір бөлегінен либералдық арсыздықты «қол жеткісіз» деп, басқа бірдеңелерді қол жетерлік деп есептейтін демократия сөзсіз *бөлініп шыға* бастар еді. Мұның өзі *де* «бірлескен қимыл» болар еді,— тек либерализмге «қол жетерлік» шеңберлер туралы либералдармен бірге болған әңгімелер рухындағы қимыл болмас еді.

Иә, иә, «Луч» газетін жексұрын либералдар басқарып отыр, бірақ 189-номердегі сияқты тағы да бірнеше осындай пайдалы бас мақалалар болса, сонда жұмысшылардың осы «есуас пастырьларды» біржола біліп алуына бұл жетіп жатыр. Осыдан танбаңыздар, лучшыл мырзалар, жолдарың болсын!

*1913 ж. ерте дегенде 10 (23) майда жазылған*
*Қол қойған: Бөгде адам*

*Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр*

# ШАРУАЛАР ӘЛДЕНІП КЕЛЕ МЕ ӘЛДЕ КЕДЕЙЛЕНІП БАРА МА?

Осы тақырыппен Я. П-в мырза деген бір қазыналық шимайшы қазыналық «Торгово-Промышленная Газетаға»[73] (№ 100) шағын мақала басып шығарды; мұнда ол, әрине, шаруалар әлденіп келеді және «дау жоқ... жыл сайын үнемі көтеріліп келеді» деп дәлелдейді.

Автор келтірген деректердің *тура қарама-қарсы* жағдайды көрсететіні өте-мөте ғибрат аларлық! Қазыналық шимайшылар мен қазыналық газеттердің арсыз өтірігін айқын көрсететін дәлел!

Автордың деректері қандай екен? Ең әуелі айта кетейік, автор деректердің қайдан алынып отырғанын дәл көрсетпейді. Сондықтан біз қазыналық шимайшының мәлімсіз деректі бірінші қолдан цитатқа ала салуына және цитатты дұрыс келтіргеніне бір сәт те сенбеуге тиіспіз.

Алайда бір сәтке автор цитатты дұрыс келтіріп отыр деп ойлап көреликші.

«Кейбір земстволар,— деп жазады ол,— мысалы, Москва земствосы шаруалар кедейленіп бара ма әлде әлденіп келе ме дегенді анықтау үшін анкета (сұрақ қоюды) қолданады. Земствоның жергілікті жердегі адамдары жалпы жауап қайырады, ол жауаптар кейін есептеледі.

Осындай көп жылдық (6 жыл ішіндегі) зерттеулердің нәтижесі,— деп жазады Я. П—в мырза,— орталық өңір жөнінде едәуір қызықты цифры бар ақпар болып отыр, атап айтқанда: әр түрлі 100 жауап былайша бөлінеді»

Шаруалардың экономикалық әл-ауқатын көрсететін жауаптар:

| Жылдар: | Көтеріліп келеді | Төмендеп барады | Бір қалыпта тұр | Барлық жауаптар |
|---|---|---|---|---|
| 1907 | 15 | 44 | 41 | 100 |
| 1908 | 8 | 53 | 39 | 100 |
| 1909 | 8 | 64 | 28 | 100 |
| 1910 | 21 | 34 | 45 | 100 |
| 1911 | 32 | 16 | 52 | 100 |
| 1912 | 38 | 15 | 47 | 100 |

Сонымен, қазыналық газеттің шимайшысы: «соңғы үш жыл... шаруалардың экономикалық дәрежесі үнемі көтеріліп, соған сәйкес «төмендеп барады» және «бір қалыпта» деген рубрикалар проценті азайып келе жатқанын көрсетті» деген қорытындыға келеді.

Цифрларға зер сала қарап көріңізші. Алғашқы үш жыл бойында айқын және орасан зор *төмендеу* бар. Соңғы үш жыл бойында *көтерілу* бар, бірақ бұл алғашқы үш жыл бойындағы төмендеуден анағұрлым баяу!!

Бұл ауытқулардың «егін шығымдылығының ауытқуларымен орайлас келетінін» Я. П — в мырзаның өзі де мойындайды.

Оның *жалпы* қорытындыға келгенде егін шыққан үш жылмен шектеліп, егін шықпаған үш жылдықты *ұмытып отырғаны* неліктен? Шаруашылығының қорытындысын шығара келгенде өзінің пайдасын көрсетіп, *зиян шеккенін жасырған* кепесті біз қалай деп атаған болар едік? Біз оны алаяқ деп атаған болар едік, солай емес пе, қазыналық газеттің қазыналық шимайшысы мырза?

Міне, пайдаларды ғана емес, сонымен қатар шеккен зияндарды да, плюстерді ғана емес, сонымен қатар минустерді де, егін шығымдылығын ғана емес, сонымен қатар «егіннің шықпай қалғандығын» да есепке алу жөніндегі онша қиындығы жоқ, бірақ алаяқтардан басқа жұрттың бәріне міндетті операцияны жасап көрелікші. Мұның үшін 6 жыл ішіндегі деректерді қосып алып, оны 6-ға бөлу керек (керемет қиын емес пе, қазыналық публицист мырза, ә?). Сонда бүкіл контрреволюциялық алты жылдықтың *орташа* дерегін шығарып аламыз.

Бұл деректер мынадай. 100 жауаптан былай болып шығады:

Қолайлылары (шаруалар «әлденіп келеді» дегендері) — 20, қолайсыздары (шаруалар «кедейленіп барады» дегендері) — 38, орташалары («бір қалыпта тұр» дегендері) — 42.

Қорытынды осындай. Бұл нені көрсетеді?

Шаруалардың *кедейленіп, күйзеліп бара жатқанын көрсетеді.* Контрреволюцияның 6 жылы ішінде қолайлы *емес* жауаптардың саны, орта есеппен, қолайлы жауаптардың санынан *екі есеге жуық көп!!*

Бұл қорытындыны бүкіл Россияға қолдана келіп және 20 миллион шаруа семьясын ала отырып, мұны былайша айқын етіп көрсетуге болады:

Алты жылдың ішінде 4 миллион шаруа семьясы әлденді, 7 миллион 600 мың семья кедейленді, 8 миллион 400 мың семья бұрынғы қалпында (яғни қайыршылық қалыпта) қалды!

Ал мұның өзі помещиктер мен буржуазия алтынды күректеп алып отырған көтеріңкі баға дәуірінде болып отыр.

Шаруалар, сірә, помещиктік Дума мен помещиктік үкіметке алғыс айтып, батасын беретін шығар.

*1913 ж. 10 (23) майда жазылған*

*1913 ж. 16 майда «Правда» газетінің 111-номерінде басылған*
*Қол қойған: Ф.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# АРТТА ҚАЛҒАН ЕВРОПА ЖӘНЕ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ АЗИЯ

Бұл сөздерді салыстыру ерсі сияқты. Европаның алдыңғы қатарлы екенін, Азияның артта қалғандығын кім білмейді? Бірақ осы мақаланың бас тақырыбына алынып отырған сөздерде ащы да болса шындық бар.

Тамаша өркендеген техникасы, бай, жан-жақты мәдениеті мен конституциясы бар цивилизациялы және алдыңғы қатарлы Европада әмірін жүргізіп отырған буржуазия, өсіп және нығайып келе жатқан пролетариаттан қорқып, мешеуліктің, күні өтіп бара жатқанның, орта ғасырлықтың бәрін қолдайтын тарихи кезең туды. Күні өтіп бара жатқан буржуазия іргесі шайқалған жалдама құлдықты сақтап қалу үшін дәурені өткен және дәурені өтіп бара жатқан күштердің бәрімен бірігіп отыр.

Алдыңғы қатарлы Европада мешеуліктің бәрін қолдайтын буржуазия әмірін жүргізіп отыр. Біздің заманымызда Европа буржуазияның *арқасында* емес, оған *қарамастан* алдыңғы қатарлы болып отыр, өйткені жақсы болашақ жолындағы күрескерлердің миллиондаған жасағын жалғыз пролетариат қана көбейте береді, тек сол ғана мешеулікке, тағылыққа, пұрсаттылықтарға, құлдыққа, адамды адамның қорлауына аяусыз қас болуды бойына сақтап, жұртқа таратып отырады.

«Алдыңғы қатарлы» Европада тек пролетариат *қана алдыңғы қатарлы* тап болып табылады. Ал тірі* буржуа-

* Бұл арада, сірә, «іріп-шіріп бара жатқан» деп оқу керек шығар. *Ред.*

зия құрып бара жатқан капиталистік құлдықты қорғап қалу үшін тағылық, айуандық және қылмыс жасаудың бәріне бел байлап отыр.

Сондықтан *бүкіл* европалық буржуазияның осы іріп-шіріп бара жатқанына финанс жылпостары мен алаяқ капиталистердің пайдақорлық мақсаттарына бола, оның Азиядағы *реакцияны* қолдап отырғанынан асатын күшті мысал келтіруге бола қояр ма екен.

Азияда барлық жерде қуатты демократиялық қозғалыс өсіп, өріс алып, нығайып келеді. Буржуазия онда *әлі де* халықпен бірге реакцияға қарсы шығып отыр. *Жүздеген* миллион адам ұйқыдан оянып, өмірге, жарыққа, бостандыққа талпынып отыр. Коллективизмге апаратын жолдың демократия арқылы өтетінін білетін барлық саналы жұмысшылардың жүрегінде бұл дүние жүзілік қозғалыс қандай қуаныш туғызып отыр десеңізші! барлық адал демократтар жас Азияға қандай тілектес болып отыр десеңізші!

Ал «алдыңғы қатарлы» Европа ше? Ол Қытайды талап жатыр және Қытайдағы демократия жауларына, бостандық жауларына көмектесіп жатыр!

Жай ғана, бірақ сабақ боларлық бір есеп, міне, мынадай. Қытайдың жаңа заемы Қытай демократиясына *қарсы* жасалып отыр: «Европа» әскери диктатура әзірлеп жатқан Юань Ши-кайді *жақтайды*. Оның Юань Ши-кайді жақтайтын себебі не? Себебі, ол пайдалы жылпос. Заем 84 сомы 100 сомға бағанып, 250 миллион сомдай сомаға алынатын болып отыр. Мұның мәнісі: «Европаның» буржуасы қытайларға 210 миллион сом *береді;* ал қытай жұртшылығынан олар 225 миллион сом алады деген сөз. Міне сізге бірнеше апта ішінде-ақ *15 миллион сом* таза пайда табу деген! Шынында да, мұның *«таза»* пайда екені рас емес пе?

Ал егер қытай халқы заемды мойындамаса ше? Қытайда республика бар ғой, ал парламенттегілердің көпшілігі заемға *қарсы* болса ше?

О, онда «алдыңғы қатарлы» Европа «цивилизация», «тәртіп», «мәдениет» және «отан» туралы шу көтереді! онда Европа *зеңбіректің* аузын бұрады да, «артта қалған» Азияның республикасын авантюрист, опасыз және

реакцияның досы Юань Ши-каймен одақтаса отырып, тапап тастайды!

Бүкіл билеуші Европа, бүкіл европалық буржуазия Қытайдағы реакция мен орта ғасырлықтың барлық күштерімен *одақтасып отыр.*

Оның есесіне бүкіл жас Азияның, яғни Азиядағы жүздеген миллион еңбекшілердің барлық цивилизациялы елдердің пролетариаты сияқты сенімді одақтасы бар. Оның жеңісіне дүние жүзінде ешбір күш кедергі бола алмайды, ол жеңіс Европа халықтарын да, Азия халықтарын да азат етеді.

*1913 ж. 10 (23) майда жазылған*

*1913 ж. 18 майда «Правда» газетінің 113-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ПОМЕЩИКТЕР ШЕТ КӘСІПТЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қаражүздік помещиктердің газеті «Новое Время» ауыл шаруашылық жұмысшыларының табыс іздеп Германияға және басқа европалық елдерге кетуі жөнінде помещиктердің Польшадағы және жалпы алғанда Россияның шекараға іргелес жерлеріндегі қызықты таластарын келтіреді.

Бұлай сыртқа кету тез өсіп келеді. 1901 жылы жылына 218 мың адам кетеді деп есептелді. 1911 жылы сыртқа кетушілер 740 мың адам болып шықты, яғни 1901 жылғыға қарағанда үш еседен астам көп болды. 1912 жылы сыртқа кетушілер, сірә, 800 мыңдай болса керек.

Оның бер жағында поляк шаруалары мен жұмысшыларынан басқа, Россияның орталығынан орыс жұмысшыларының да Германияға кете бастағанын айта кету керек. «Енді тулалықтарды, орелдіктар мен рязаньдықтарды шекарада және шетелде де жиі кездестіруге болады». Селодағы жұмыстарға баратын жұмысшыларға он айлық шетелдік *тегін* паспорттар беру бұл қозғалысты күшейте түсуде.

Бұл неден туып отыр? Себебі: орыс шаруалары барған сайын күйзеле түсуде, крепостниктер мен правосыздық жаншытап отырған шаруашылық тіршіліктің жалпы тоқырауының салдарынан Россияда жалақы барған сайын азая түсуде. Россияда жалақы крепостниктік дәуірдегіден төмен дәрежеде болып отыр.

Россияда ауыл шаруашылық жұмысшысына төленетін орташа жылдық ақы 62 сом деп есептеледі; азық-

түлік құны ретінде жылына 46 сомды қосқанда, төленетін ақының бүкіл құны жылына 108 сом болып шығады. Ал Германияда орташа ақы жылына *180 сом,* яғни *екі еседей жоғары!!* (Жақшаның ішінде айта кетелік, Англияда село жұмысшысына жылына 300 сом, ал Америкада 500 сом ақы төленеді.)

Правосыз, аш-жалаңаш және қайыршы Россиядан *жүздеген мың* жұмысшылардың табыс іздеп Германияға, онан да әрі ұзап — Данияға, Швейцарияға, Францияға жосылуы түсінікті нәрсе. Ол жерлерде жұмысшылар неғұрлым жоғары мәдениетті, жерді әлдеқайда жақсы ұқсатуды, әлдеқайда жоғары өнім алуды, ең бастысы — саяси бостандықты, жұмысшы баспасөзі мен жұмысшы ұйымдарының бостандығын қоруге үйренеді.

Міне, сөйтіп, помещик мырзалар былайша таласады: біреулері біздің жұмысшыларды егіншіліктің ең жақсы тәсілдеріне бұлай жаппай үйрету қожайып үшін пайдалы дейді. Ал екінші бір помещиктер жұмысшылардың шет кәсіпке кетуі олар кетіп қалған жерлерде жалақыны көтеріп жібереді деп ызаланады.

Жалпы айтқанда Россияда— және әсіресе орыс заңдарында — әлгі *екінші* помещиктердің пікірі басым, бұлар шаруалардың «отырықшы» (яғни жерге матаулы), көнбіс (олардың ешқайда кете алмайтындай болуы үшін), жаншылған, тағылanған жандар (қалай жақсы тұруға болатынын және басқа елдерде жұмысшылардың қалай жақсы тұратынын көрмеу үшін) болуын тілер еді.

Бір тәуірі, бұл крепостник-помещиктер орыс өмірін қалай бүлдірсе де, қалай бұзса да,— олар орыс мужигін де өзінің меңіреу түкпірінен сүйреп шығаратын бүкіл дүние жүзілік капитализмді тоқтатуға қазірдің өзінде-ақ дәрменсіз болып қалды.

*1913 ж. 10 (23) майда жазылған*

*1913 ж. 18 майда «Правда» газетінің 113-номерінде басылған*
*Қол қойған: Д.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ЖАҚСЫ ЕМЕС!

## (ТАҒЫ ДА «ЛУЧ» ПЕН «ПРАВДА» ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІНЕ)

«Праваның» 102-номерінде* мен оқушы-жолдастардың назарын «Лучтың» 93 және 94-номерлерінде басылған фельетонға аударған едім.

Мен бұл фельетонды «Правдада» сонымен *бір мезгілде* басылған «Даулы мәселелер»** деген мақалалармен салыстырған едім. Мен былай дедім: «Правда» бұл мақалаларда оқушыға ұйым мен тактиканың даулы мәселелерін шешуге керекті фактілер мен документтер береді, ал «Луч» айтылып отырған фельетонда жұмысшылардың таластың мәнін түсінуіне көмектеспейтін, қайта тек олардың басын қатыратын өсек-аяң жазып, жеке адамдарға тиіседі.

Мен былай дедім: 1905 жылдың қайраткерлері туралы жазғанда бұл фельетон олар туралы үрейленген помещиктердің және жұмысшыларға ызаланған либералдардың органдарында жазылатын тілмен жазады.

«Луч» маған қарсы жұмысшы Германды салды. Жұмысшы Герман — өте батыл және тілмар адам. Сондықтан ол мені өте қатты сөкті. Мені «оқушы-жолдастарды адастырғысы келеді», «көріне көзге өтірік айтып отыр» деді және менің айтқандарымның ешбіреуі шындығында болған емес деді. Мені осылайша толып жатқан қылмыстар жасады деп кінәлай келіп, жұмысшы Герман «Лучтағы» бірқатар мақалалардың аттарын тізіп көрсетеді де, мақаласын сонымен аяқтайды.

---

* Қараңыз: осы том, 124—126-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 71—74-беттер. *Ред.*

Жақсы! Ал енді «Лучтағы» мен шынында да айтқан және цитат келтірген фельетонды қайда қоясың? Ол жайында жұмысшы Герман өз мақаласының еш жерінде *бір ауыз сөз де айтпады,* менің одан келтірген сөздерімнің дұрыс-бұрыстығына дау айтуға да тырыспады, менің бұл фельетонды жұмысшы баспасөзіне лайықсыз деп сипаттағаныма да қарсы ештеңе айтпады. Бұл қалай сонда? Мені өзіңіз мықтап сөктіңіз, жақсы кісіау, бірақ сөйге тұра менің «Лучтың» фельетоны туралы айтқан бірде-бір сөзімді теріске шығара алмағаныңыз былай тұрсын, теріске шығаруға әрекет жасап та көрмедіңіз.

Мен әңгіме еткен фельетон 93 және 94-номерлерде болды ма?— Болды. Ендеше, «шынында ондай ештеңе де болған емес» деп жазуға сіздің қандай хақыңыз бар?

Алауыздықтарды сабырлы түрде талқылаудың орнына бұл фельетонның осек-аяңға, кикілжіңге толы екені рас па? Сіз бұл сөзге қарсы ештеңе де айта алмадыңыз ғой! Онда маған «жолдастарды адастырғысы» келеді деп күдіктенуге қандай хақыңыз бар?

Сіз өзіңіздің не жазғаныңызды түсінесіз бе? Жұмысшы газетінің қызметкерін «көріне көзге өтірік айтып отыр» және «оқушыларды адастырғысы» келеді деп айыптайтын болсаңыз сіз — менің алдымда емес, «Правда» жағындағылардың, яғни оның жұмысшы оқушыларының бәрінің алдында жауап беруге әзір болуыңыз керек екенін ойладыңыз ба.

«Лучтың» 93 және 94-номерлеріндегі фельетон даулы мәселелерді түсіндірмейді, қайта өсек-аяңмен және «жеке адамдарға тиісумен» оқушылардың басын қатырады деген кінәлауымнан сіз «Лучты» қорғамақшы болдыңыз. Сондықтан бұл үшін сіз тап сол «Лучтың» бетінде бірқатар дәлелсіз айыптар тағып, («Оқушы» (яғни мен) оқушы-жолдастарды адастырғысы келеді деп) көріне көзге жала жаптыңыз, яғни 94-номердегі фельетон үшін мен «Лучты» не үшін айыптасам, нақ соның өзін маған істедіңіз де қойдыңыз. *Өзіңіздің мақалаңызбен сіз менің «Лучты» айыптағанымды* теріске шығарған жоқсыз, қайта *растап шықтыңыз.*

Енді сіз, мүмкін, мұның бәрі өзімнің тәжірибесіздігімнен болды дерсіз. Жақсы! Бірақ сіздің мақалаңызды редакция қарап шықты ғой. Ол неге сізді сақтандырмады? Мені айыптайтын болсаңыз, сіз ең алдымен мен әңгіме еткен фактілер туралы менің сөздерімді теріске шығаруыңыз керек екенін, бұл фактілер жөнінде тағы да үндемей өте шықпауыңыз керек екенін редакция неге сізге айтпады? Неге? — Оның себебі, сірә, редакция 93 және 94-номерлердегі фельетон жайында менің айтқандарымның бәрі рас екенін білген болар, менің айтқандарымды теріске шығаруға болмайтынын білген болар. Сондықтан да сізді жай ғана сөгіп шығуға айдап салды, яғни бірінші мақалада редакцияны мен нақ қандай тәсілі үшін айыптаған болсам, тағы да сол тәсілін қайталады.

«Луч» редакциясының қолында сіз — қол қойып отырған «жұмысшы» — жақсы роль атқарып отырсыз ба?

*«Правда» № 114, 19 май, 1913 ж.*
*Қол қойған: Оқушы*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ПОМЕЩИКТІК ТӘСІЛІ

IV Мемлекеттік думаның бюджет жөніндегі жарыс сөздерінде, әрқашанғыдай, қоқсық тым көп болды. Марков 2-шінің Коковцовты аяғынан шалмақ болып күш салуы да,— Коковцовтың «біздің» саясат пен біздің бюджеттің крепостниктік сипатын бос сөздермен «жуып-шаюға» күш салуы да,— кадеттердің аңғал жұртты Коковцов IV Думада *нақ кадеттермен* «санасу керек деп мойындады-мыс» деп сендірмек болып күш салуы да,— міне, осының бәрі де іш пыстыратын, ығыр қылған, екіжүзділік қоқсық.

Дегенмен қоқсық үйіндісінің ішінде ақиқаттың ұшығы да бар. Марковтар, Коковцовтар, Шингаревтер оларды тереңірек жасыруға тырысты. Соларды сыртқа алып шығу керек.

> «Мен жерге орналастыру мәселесіне соншама ұзақ тоқталдым,— деп лепірді Коковцов 13 майда,— себебі, Россияның келешегінің барлық тетігі шынында осы мәселеде жатыр...»

«Барлық» тетік туралы және жалпы «келешек» туралы айту керек емес, «бюрократия» мен крепостник-помещиктердің өктемдігінің үшінші июнь системасының болашағы туралы айту керек. Деревняның *ескі* уклады тұсында *біздің* өз билігімізді сақтап қалуымызға болмайды — деп шешті ащы тәжірибеден тағылым алған бұл помещиктер. Билікті сақтап қалу үшін ескі деревняны буржуазиялық деревня етіп қайта құруды

өзімізше жүргізуіміз керек. «Жерге орналастыру мәселесінің» негізі мен мәнісі міне, осындай.

«...Үкімет мұны істеп шыға ала ма, ол (жерге орналастыру) үкіметтің де, заң шығарушы мекемелердің де көздеп отырған пайдасының бәрін келтіре ме,— деді одан әрі министр,— мұны келешек көрсетеді...»

Келешек *бәрін де* ашып береді, *бәрін де* көрсетеді, оған дау жоқ. Ол крепостниктердің қалай күш салғанының және демократияны бастап келе жатқан пролетариаттың қалай күш салғанының *қорытындысын* көрсетеді. Бірақ «байсалды» (кадет көзімен қарағанда) Коковцов мырзаның цифрлары мүлде ештеңе көрсетпейді. Жерге орналастыру туралы өтініштердің саны тез өсіп келеді — деп лепіреді Коковцов, Думадағы оңшылдар да осылай деп лепіреді. Бұл өтініштер 1907 ж.— 221 мың, 1908 ж.—385 мың, 1909 ж.—711 мың, 1910 ж.—651 мың, 1911 ж.—683 мың, 1912 ж.— 1183 мың, барлығы —3834 мың болды.

«Орналастырылғаны» — 1 592 000 үй.

Келешек туралы пікір айтуға министрдің келтірген «дәлелдері» мен материалдары осындай.

Ал енді *сол* 13 майда *үкімет* газеті «Новое Время» 1911 жылы Самара уезінде жүргізілген земстволық үй басы санағының деректерін келтіреді. Бұл уезде «орныққандар» саны 40 процентке дейін дерлік жеткен — яғни Россия бойынша орта мөлшерден жоғары болған. Уезд, демек, үкіметке нағыз «қолайлы» уезд.

Сонымен, қалай болды? «Орныққандардың» жалпы санынан нағыз хуторлықтар *жүздің үшінен де кемірек* (2,9%) болған; отрубқа не бары 1/16 бөлігі ғана (6,5%) бөлініп шыққан, ал *оннан тоғызынан көбірегі* (90,6%) жерді аралас танап арқылы иеленетін болған!!

«Орныққандардың» оннан тоғызы бұрынғыша аралас танапты жерлерде иелік етеді. Шаруашылық жағдайлары тіпті *нашарлап кеткен,* себебі, аралас танапты жерді *бұрын* қауым жиі-жиі қайта бөлістер өткізу арқылы аз да болса «түзетіп» отыра алатын еді.

Орналастырылған жердің *үштен бір бөлігі* не бары 4 жылдың ішінде-ақ басқа адамдардың қолына көшіп

кетті. Шаруалардың жерсіз қалуы, ал одан гөрі тезірек қайыршылануы өсіп барады, жерге орналастырудағы былық өсіп барады. Деревняда адам айтқысыз мұқтаждық өсе түсіп отыр. Ашаршылық өсе түсіп отыр. Жерсіз қалған шаруалардың, дымы жоқ пролетарлардың саны өсіп келеді. Атышулы помещиктік жолмен жерге орналастырудың салдарынан бұрынғы кіріптарлыққа және аралас танапты жерге *шырмалған*, «қожайынсымақ» қайыршылардың саны өсіп келеді.

*Шаруаларды* жерге орналастырудың *помещиктік* тәсілі бұл кіріптарлықты шеше алмайтыны анық. Оны тек кең демократиялық негізде жүргізілген жерге орналастыру ғана жоя алады.

*1913 ж. 16 (29) майда жазылған*

*1913 ж. 21 майда «Правда» газетінің 115-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ҚАРУЛАНУ ЖӘНЕ КАПИТАЛИЗМ

Англия — дүние жүзіндегі ең бай, ең еркін және ең алдыңғы қатарлы елдердің бірі. Ағылшын «қоғамы» мен ағылшын үкіметі — нақ француз, герман және т. б. үкіметтері сияқты — әлдеқашан-ақ үсті-үстіне қарулану жолына түсіп отыр.

Енді, міне, ағылшын баспасөзі,— әсіресе жұмысшы баспасөзі,— қаруланудың айлалы капиталистік «әдісін» көрсететін аса қызық деректер келтіріп отыр. Англияның теңіздегі қару-жарағы өте-мөте зор. Англияның кеме жасайтын заводтары (Викерс, Армстронг, Броун және басқалар) дүние жүзіне мәлім. Англия және басқа елдер соғысқа әзірленуге жүздеген және мыңдаған миллион сом жұмсап жатыр,— әрине, мұның бәрі де тек бейбітшілік мүдделеріне бола, мәдениетті сақтау мүдделеріне бола, отанның, цивилизацияның және т. б. мүдделеріне бола ғана істеліп отыр-мыс.

Ал кеме жасау, оқ-дәрі, динамит, зеңбірек және т. с. жасау кәсіпорындарының акционерлері мен директорлары болып адмиралдар және Англияның екі партиясының: консервативтік партиясының да, либералдық партиясының да атақты мемлекет қайраткерлері істеп жүргенін көреміз. Халықтарды қарулану ісінде жарысуға итермелейтін, бұл аңғал, ақымақ, топас және конбіс халықтардың терісін, бейне бір қой қырыққандай *сыпыратын* бір-бірімен тығыз байланысты халықаралық шайка болып алған буржуазия саясатшыларының қалтасына алтын тура сел болып құйылып жатыр!

Қарулану ұлттық іс, патриоттық іс деп есептеледі; жұрттың бәрі құпияны қатаң сақтайды деп жорамалданып отыр. Ал кеме мен зеңбірек, динамит пен мылтық жасайтын фабрикалар мен заводтар дегеніңіз *халықаралық кәсіпорындар,* бұларда әр түрлі елдердің капиталистері Италияға қарсы Англия үшін де, Англияға қарсы Италия үшін де кемелер немесе зеңбіректер жасап беріп, әр түрлі елдердің «жұртшылығын» жұмыла алдап отыр, оларды жұрдай қылып тонап отыр.

Айлалы капиталистік әдіс дегенің осы! Ол — цивилизация, тәртіп, мәдениет, бейбітшілік дей отырып, кеме жасайтын, динамит шығаратын және басқа капитал жылпостары мен алаяқтарының жүздеген миллион сомды тонауы!

Англия үш жақты одаққа дұшпан үш жақты келісімге кіреді. Италия үш жақты одаққа кіреді. Атақты Виккерс фирмасының (Англия) Италияда *бөлімшелері* бар. Бұл фирманың акционерлері мен директорлары (сатқын газеттер арқылы және консерваторлардың, либералдардың, қайсысынікі болса бәрібір, сатқын парламенттік «қайраткерлері» арқылы) Англияны Италияға, Италияны Англияға айдап салады. Ал пайданы Англияның жұмысшыларынан да, Италияның жұмысшыларынан да алып отырады, халықты мұнда да, онда да жұрдай қылып тонайды.

Консерватор және либерал министрлер мен палата мүшелері — олардың бәрі бірдей дерлік осы фирмаларға қатысушылар. Жең ұшынан жалғасады. «Ұлы» либерал министр Гладстонның баласы — Армстронг фирмасының директоры. Англиядағы аса белгілі теңіз маманы және бір «ведомствоның» шені жоғары қызметкері, контр-адмирал Бэйкон 7000 фунт стерлинг (60 000 сомнан аса) ақы алатын болып Ковентридегі артиллерия қарулары фабрикасына қызметке ауысты, ал Англияның бірінші министрі 5000 фунт (45 000 сомдай) алады.

Әлбетте, барлық капиталистік елдерде де дәл осылай болып жатыр. Үкіметтер — капиталистер табының приказчиктері. Приказчиктерге ақы жақсы төленеді. При-

казчиктердің өздері де жарнашылар. Олар «патриотизм» туралы даурықпа сөздерді жамылып, қойды бірге қырқып, жүнге кенеліп жатыр.

*1913 ж. 16 (29) майда жазылған*

*1913 ж. 21 майда «Правда» газетінің 115-номерінде басылған*
*Қол қойған: Ф р.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ДӘРМЕНСІЗДІК ЖӘНЕ САСҚАЛАҚТАУ ТУРАЛЫ

(ЗАМЕТКА)

Қазіргі социал-демократтар мен «болар-болмас социал-демократтардың» арасындағы ыдырау мен бүлінудің себептері — сыртқы себептер (қудалаулар және басқалар) ғана емес, сонымен қатар *ішкі* себептер де. Орасан көп ескі «көрнекті қызметкерлер» мүлдем сасқалақтап қалды, жаңа жағдайдан (үшінші июнь системасының контрреволюциясы) мүлде еш нәрсе түсінбеді, сөйтіп бүгін солға, ертің оңға дәрменсіз «ауытқуымен» қолына алған жұмысының бәрін әбден былықтырып болды.

Осындай сасқалақтаудың, дәрменсіздіктің және былықтырудың үлгісі — А. Власовтың «Лучтың» 109 (195)-номеріндегі мақаласы.

А. Власовтың мақаласында бірде-бір пікір, бірде-бір нәрлі сөз жоқ. Бастан-аяқ былық және жойымпаздардан қол үзбек болып босқа тырбанып, дәрменсіз солардың соңынан сүйретілу. Партия бізде кейде «бұрын» «жұмысшылардың өздерінсіз» құрылды деу немесе «астыртын жұмыстың қызметі көбінесе (!!?) социализмнің идеяларын дерексіз (!?) насихаттауға сайып отырды» деу дұрыс емес. Партияның программасын және тактикасының негіздерін жасаған ескі «Искраның» (1900—1903) тарихы мұны толық теріске шығарады. Партияның міндеті қазір «ашық *жұмыс істеу* (!!?), бірақ оны жасырын ұйымдастыру» деу дұрыс емес. «Ашық партия үшін күресу» ұранының жойымпаздық мазмұны неде екені «Правданың» 108 (312)-номерінде оныншы рет

мейлінше ұғымды түрде түсіндіріле тұрса да, А. Власов мұны мүлде ұқпаған.

«Правда» «ескі партия ұйымының жұмысын үлгі етіп алу керек» деп кеңес береді деу қате. «Бұл (жаңа) астыртын жұмыс қызметінің сипатын, яғни тактиканы қысқаша да болса белгілеп алу қажет» — («біздер, практиктер»!) дейді А. Власов адам күлерлік түрде маңғазданып. Партия 1908 жылғы декабрьдің *өзінде-ақ*, ескі міндеттер мен әзірленудің *жаңа* формаларының *«үлгісін»* айқын көрсетіп, *өзінің* тактикасын және өзінің ұйымын «белгілеп алған» (ал 1912 және 1913[74] жылдарда ол тактикасын растаған және түсіндірген) болатын. Егер А. Власов мұны осы уақытқа дейін түсінбеген болса, онда өзінен көрсін: оның бар бітіретіні — жойымпаздықтың үзінділерін қайталау, ал жойымпаздықпен арадағы таласымыз, айта кетелік, тіпті де «ұйымдық мәселе» жөнінде болып отырған жоқ.

*1913 ж. 16 (29) майда жазылған*

*1913 ж. 21 майда «Правда» газетінің 115-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. Ильин*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ТҰРМЫС ҚЫМБАТШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛИСТЕРДІҢ «АУЫР» ТҰРМЫСЫ

Тұрмыс қымбатшылығы өскен үстіне өсе түсіп отыр. Миллиондар мен ондаған миллиондарды күреп алып, капиталистердің одақтары бағаны үнемі көтеруде, ал шаруалар бұқарасы барған сайын күйзелуде, жұмысшылардың семьяларының әрең-әрең күн көруінің өзі барған сайын қиынға түсіп отыр, тоя тамақ ішпеуге, ең қажетті нәрсенің өзінен бас тартуға тура келіп отыр.

Біздегі өнеркәсіпші-миллионерлердің органы — «Промышленность и Торговля» — қымбатшылықтың күшейгені туралы мынадай деректер келтіреді. Бірқатар белгілі бір, өте-мөте маңызды өнімдердің бағаларын қосу арқылы анықталатын *баға көрсеткіші* дейтін нәрсе соңғы жылдардың ішінде бағаның үнемі артып отырғанын көрсетеді. *Апрель* айының деректері, міне, мынадай:

| | Баға көрсеткіші |
|---|---|
| 1908 жылы | 2 195 |
| 1909 » | 2 197 |
| 1910 » | 2 416 |
| 1911 » | 2 554 |
| 1912 » | 2 693 |
| 1913 » | 2 729 |

Соңғы алты жылдың ішінде баға 2195-тен 2729-ға дейін, яғни артық-кемі жоқ 24 процент өскен!! Сөз байласып алған капиталистердің еңбекші халық бұқарасын,

әсіресе жұмысшыларды тонауы тамаша «прогресті» байқатып отыр.

Ал капиталист мырзалар — аты аталған журналда да, үкіметтің қайырымдылықпен рұқсат етіп отырған өздерінің сансыз көп қоғамдары мен одақтарында да — саудa мен өнеркәсіпке салық салудың *«әділетсіздігіне»* шағым айтуын әлі қоймай отыр!

Мұның өзі күлкілі нәрсе болар еді-ау... бірақ жұмысшылардың күлуге мұршасы жоқ.

Сорлап қалған, бейшара өнеркәсіпші-миллионерлер *қалаларда қозғалмайтын мүліктерге* салынған салық жөнінде министрдің документінде келтірілген мынадай деректерді хабарлайды.

1910 жылы бұл мүліктерден түскен кіріс 239 миллион сом делінген (әрине, төрешілдік әдіспен, чиновниктер белгілеген, сондықтан бейшара көпестер сословиесінің қаншама ондаған миллионды жасырғанын түсінуге болады). 1912 жылы, яғни не бары екі жылдан кейін, қалаларда қозғалмайтын мүліктерден түсетін кіріс (Польша Патшалығын қоспай, тек Россияны алғанда) енді 500 миллион сом болып отыр.

Барлығын алғанда *екі жылдың ішінде* қалаларда қозғалмайтын мүліктердің түсірген таза кірісі 250 миллион сомнан артық өскен!! Шаруалар мен жұмысшылардың адам айтқысыз мұқтаждығының, қайыршылығы мен ашығуының миллиондаған жылғаларынан жиналған қандай алтын өзеннің капиталистердің қалталарына келіп құйылып жатқанын осыдан-ақ көруге болады.

«Қазіргі қымбатшылық»,— ат төбеліндей азғана капиталистер көз көріп, құлақ естімеген дәрежеде байып жатқанда, еңбекшілердің қайыршыланып, күйзеліп, тоналуының қазіргі (капиталистік) формасынан басқа ештеңе де емес.

Бейшара капиталистер: өздеріне салынатын салық көрінеу «әділетсіз» деп шағынады. Шынында да, ойлап қараңыздаршы: оларға түсетін *таза* кірістен 6 проценттен алады. 1910 жылы олардан (Польшаны қоспағанда Россияда) 14 миллион сом, 1912 жылы 29,8 миллион сом алынған.

Қорыта келгенде, сорлап қалған миллионерлердің төлейтін салығы екі жылдың ішінде 16 миллион сомға жуық өскен.

Сіздер қалай ойлайсыздар, жұмысшы жолдастар: *таза* кіріс 240 миллионнан 500 миллионға дейін, яғни *260 миллион сом* көбейіп отырғанда, екі жылдың ішінде жүз немесе екі жүз миллион сом салық алу керек емес пе еді? Жұмысшылардан және қайыршы шаруалардан алынған 260 миллион сом *қосымша* пайдадан мектептерге, ауруханаларға, ашығушыларға көмек көрсетуге, жұмысшыларды қауіпсіздендіруге, қарапайым нарық бойынша, екі жүз миллион сом алу керек емес пе еді?

*1913 ж. 17 (30) майда жазылған*

*1913 ж. 22 майда «Правда» газетінің 116-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАРУЛАНУ

Неміс рейхстагының бюджет комиссиясы алғашқы рет оқылған түрінде әскери заң жобасын қабылдады. Оның қабылдануы қамтамасыз етілетініне күмән жок. Юнкерлердің — біздегі Пуришкевич пен Марковтың осы ағайындарының — үкіметі халықты жаңадан езу жөнінде, сонымен қатар қырып-жою қаруларын шығаратын фабрикант мырзалардың пайдаларын көбейту жөнінде де герман буржуазиясымен бірге ынтымақтасып «жұмыс істеуде». Оқ-дәрілер мен әскер жабдықтары заттарын шығаратын фабриканттар сауданы жақсы жасауда. Пруссиядағы дворяндардың бұла өскен балалары «қосымша» офицерлік орындар алуға алдын ала масаттануда. Билеп-төстеуші таптардың бәрі разы,— сидеше қазіргі парламенттер билеп-төстеуші таптардың ырқынан шықпайтын құрал емей немене?

Жаңадан қарулануды ақтау үшін, әдеттегісінше, «отанға» төніп отырған қауіптерді әсірелеп корсетуге тырысады. Айтар болсақ, герман канцлері неміс филистерін *славяндар қауіп төндіріп отыр* деп үрейлендіреді. Көрмейсіңдер ме, Балқандағы жеңістер бүкіл «неміс дүниесіне» дұшпан «славяндарды» күшейтті!! Панславизм, барлық славяндарды немістерге қарсы біріктіру идеясы,— төніп отырған қауіп, міне, осы, деп иландырмақ болады юнкерлерді канцлер.

Неміс социал-демократтары осы екіжүзді, шовинистік қылықтарды өз баспасөзінде, өздерінің парламентте және жиналыстарда сөйлеген сөздерінде де әшкереледі

және әшкерелеп отыр. Халқының көпшілігі славяндар болып отырған және саяси бостандық пен конституциялық тәртіпті көптен бері пайдаланып отырған мемлекет бар деді социал-демократтар. Ол — Австрия. Осы мемлекеттің тарапынан соғыс ашу ниеті болып отыр деп қорқу — барып тұрған сорақылық.

Социал-демократтар тығырыққа әкеп тіреген герман канцлері панславистердің Петербургтегі даурықпа манифестациясын тілге тиек етті. Тамаша дәлел! Қарулар, бронь, зеңбіректер, оқ-дәрі және басқа да «мәдени» қажеттерді шығаратын фабриканттар Германияда да, Россияда да байығысы келеді, ал жұртшылықты ақымақ ету үшін олар біріне-бірі сілтейді. Немістерді орыс шовинистерін айтып, орыстарды неміс шовинистерін айтып, қорқытады! Бұлардың екеуі де капиталистердің қолында бейшаралық роль атқарып отыр, өйткені капиталистер болса Россия Германияға қарсы соғыс ашады деп ойлаудың өзі күлкілі екенін әбден жақсы біледі.

Неміс шовинистерінің, қайталап айтамыз, рейхстагта көпшілік болуы қамтамасыз етілген. Бірақ неміс жұмысшыларының арасында ашыну күшеюде, халық ақшасын шовинистердің арсыздықпен тонауына қарсы күрестің парламенттік құралдарын ғана емес, басқа құралдарын да қолдануды талап ету күшеюде. 1-ші Вюртемберг сайлау округі (Штутгарт) социал-демократтарының жалпы жиналысында мынадай қарар шығарылғаны атап өтуге тұрарлықтай:

«Жалпы жиналыс әскери заң жобасына қарсы күрестің парламентте онша жігерлі түрде жүргізілмей отырғанына өзінің өкінішін білдіреді. Жиналыс қару-жарақ шығаратын фабриканттар тарапынан халықтың қалтасына тағылықпен жасалған жорыққа мүмкін болған құралдардың бәрін қолданып қарсылық көрсетуді қажет деп табады. Сондықтан жиналыс рейхстагтың социал-демократиялық фракциясынан заң жобасы комиссиядан түгелдей бүкіл рейхстагтың талқылауына түскенде, фракция обструкция жасаудан да тайынбай, мейлінше жігерлі түрде күреске шығады деп күтеді. Жиналыс осы кезге дейінгі партияның парламенттен тыс жүргізіп келген күресін жеткіліксіз деп санайды. Жиналыс партияның басқармасынан оның бүкіл еңбекші халықты қамтитын қимылдарды, соның ішінде бұқаралық стачкаларды да ұйымдастыруға кірісуді талап етеді».

Жұмысшылардың неғұрлым батыл, пәрменді, бұқаралық күресінің қажеттігін түсінгендік герман социал-демократиясының арасында баяу болса да үздіксіз өсіп келеді. Егер парламенттік фракцияда және жұмысшы қозғалысының чиновниктері арасында көп болып отырған оппортунистер мұндай күреске қарсылық көрсететін болса, онда жұмысшы бұқарасы арасында ол күрес барған сайын көбірек тілектестік кездестіріп отыр.

*1913 ж. 17 (30) майда жазылған*

*1913 ж. 22 майда «Правда» газетінің 116-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## КАПИТАЛИСТІК БАЙЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

Капиталистер өздерінің кірістері жөнінде ашық айтуды ұнатпайды. «Коммерциялық құпия» қатаң сақталады, сондықтан бейхабар адамдарға байлықтардың жасалу «сырын» ашу өте қиын. Жеке меншік қасиетті нәрсе: меншікшінің ісіне ешкім қол суға алмайды. Капитализмнің принципі, міне, осындай.

Бірақ капитал жеке меншіктің шеңберінен әлдеқашан асып түсіп, акционерлік кәсіпорындардың құрылуына әкеліп отыр. Бірін-бірі білмейтін жүздеген, мыңдаған акционерлер біртұтас кәсіпорын құрады; ал епті жылпостар «коммерциялық құпияны» бүркеніп, кәсіптес жолдастарының қалтасын қаққанда жеке меншікші мырзалардың талай рет аузы күюге тура келген-ді.

Қасиетті жеке меншік өзінің қасиеттілігінің бір бөлегін құрбан етуге тиіс болды: акционерлік кәсіпорындарды дұрыс есеп жүргізіп отыруға және есептерінің басты қорытындыларын жариялап отыруға заң бойынша міндеттеуге тура келді. Әрине, жұртты алдап соғу бұдан тыйылған жоқ, тек басқа формаға ғана ауысты, анағұрлым айлалы бола бастады. Ірі капитал дүние жүзінің барлық түкпірлерінде бытыраған акционерлердің шағын капиталдарын өзіне там-тұмдап қосып алып, бұрынғысынан да гөрі құдіретті бола түсті. Акционерлік қоғамдар арқылы миллионер енді өзінің миллионын ғана билеп қоймайды, сонымен қатар, мүмкін, 8000 ұсақ қожайынсымақтан жиналған, айталық, 800 мың сомдық қосымша капиталға да билік жүргізеді.

Бірақ оның есесіне капитализмнің сорақылығы да халық бұқарасына неғұрлым айқын, анық бола түсіп отыр.

Мысалы, Россиядағы қауіпсіздендіру қоғамдарының 1902 жылдан 1911 жылға дейінгі 10 жыл ішінде жарияланған есептерінің қорытындысы мынадай болып отыр.

Акционерлік капитал 1902 жылы $31^1/_3$ миллион сом (21 акционерлік кәсіпорында) болған еді, ал 1911 жылы (сол 21 кәсіпорында) 34,8 миллион сом болды. Әдетте капиталдың көбісі ат төбеліндей миллионерлердікі болады. 10 немесе 20 шонжардың 18 миллион сомдық акциялары болады, өздері көпшілік акцияларға ие болған соң, олар «ұсақ» акционерлердің қалған 13 немесе 16 миллионын емін еркін билеуі мүмкін.

Капитализмді қорғаушы профессорлар ұсақ акционерлер санының өскенін көріп, меншікшілер санының өскені туралы мылжыңдайды. Ал іс жүзінде миллионер-шонжарлардың «қалтасы таяздардың» капиталына *деген* өктемдігі (кірісі де) артып отыр.

Біздегі қауіпсіздендіру корольдерінің он жыл ішінде қалай өріс жайғанын қараңыз. Акционерлік капиталдың дивиденді *орта есеппен* 10 жыл ішінде 10 проценттен *асып* отырды!! Аз пайда ма? Онжылдықтың ең жаман деген жылында бір сомына 6 тиыннан, ал ең жақсы деген жылдары — 12 тиыннан «табыс тапты»!

Запас капиталдар екі есе өсті: 1902 жылы олар 152 миллион сом еді, ал 1911 жылы 327 миллион сом болды. Мүлік екі есеге жуық өсті: 1902 жылы 44 миллион еді, 1911 жылы 76 миллион болды.

Қорытып айтқанда, жиырма бір кәсіпорында он жыл ішінде 32 миллион сомдық *жаңа* мүлік пайда болды!

Бұл мүлікті «жинаған» кім?

Жұмыс істемегендер, яғни акционерлер, ең алдымен акциялардың көпшілігін иеленіп отырған миллионер-шонжарлар.

Ел аралап, қауіпсіздендірілушілерді ұйымдастырып, солардың мүліктерін қарап көріп, есебін шығарып, жүздеген қызметшілер жұмыс істеді. Ол қызметшілер сол қызметші күйінде қала берді. Олар жалақыдан басқа (көпшілігі үшін жалақының тіпті семьясын ептеп-сеп-

теп асырауға да жеткіліксіз екені мәлім) ештеңе алмайды. Олар ешқандай мүлік те жия алмайды.

Егер шонжарлардың біреуі *директорлық* «жұмысқа» қолын тигізген болса, онда ол бұл үшін министрлік жалақымен де, сыйлықтармен де *ерекше* наградталып отырды.

Ал акционер мырзалар болса өздерінің жұмыс *істемегендігі үшін* байыды. Купон қырқуда «еңбек етіп», олар он жыл бойы орта есеппен жылына үш миллионнан таза пайда түсіріп отырды, оның үстіне 32 миллион сом қосымша капитал жинап алды.

*1913 ж. 19 майда (1 июньде) жазылған*

*1913 ж. 9 июньде «Правда» газетінің 131-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# НЕМІС КАТОЛИКТЕРІНІҢ БҰҚАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ

Халық бұқарасы правосыз, саяси бостандық жоқ, өкімет озбырлығы жайлап алған мешеу мемлекеттерде азды-көпті кең көлемді саяси ұйымдар деген жоқ. Тек помещиктердің немесе өнеркәсіпші-миллионерлердің ат төбеліндей азғана тобы «одақтар бостандығымен» пайдаланады, бірақ осы ат төбеліндей азғана топ өздерінің барлық назарын жоғарыға, «сфераға», өкіметке аударып, халық бұқарасын ұйымдастыруға ұмтылмайтыны былай тұрсын, тіпті бұл ұйымдастырудан оттан жаман қорқады.

Конституцияның негіздері және мемлекеттік істерге халықтың қатысуы қамтамасыз етілген мемлекеттерде бұқараны ұйымдастыруға социалистер ғана емес (олардың бірден-бір күші бұқараның көзін ашу және оны ұйымдастыру), сонымен қатар *реакциялық партиялар* да ұмтылады. Егер мемлекет құрылысы демократияландырылған болса, онда капиталистердің бұқарадан тірек іздеуіне *тура келеді,* ал бұл үшін бұқараны клерикализм (қаражүздік пен дін), ұлтшылдық-шовинизм, т. т. ұрандарымен ұйымдастыру керек.

Саяси бостандық тап күресін жоймайды, қайта, керісінше халықтың ең артта қалған топтарын күреске тартып, оларды саясатқа және өз көзқарастарын, өз мүдделерін қорғауға үйретіп, әлгі күресті неғұрлым саналы етіп, неғұрлым кеңейте түседі.

Мысалы, герман реакциялық «центр» партиясының, яғни католиктер партиясының халық бұқарасын қалай

ұйымдастырып отырғанына қарап көру ғибрат аларлық. Олар дін және «патриотизм» ұрандарын жамылып, капитализмді қорғауға бұқараның ықыласын тудыруға ұмтылады. Сөйтіп, Германияда католиктер халықтың азшылығы болғандықтан да, ал бұл азшылықтың бір кезде мемлекет тарапынан қуғын көргендігінен де, Германияда католиктер халық бұқарасының соқыр сенімі мен қараңғылығын ұйымдастыра алды. Ал еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасы қуғын көрушілерге әрқашан ішкі түйсік бойынша тілектестік білдіріп отырады. Реакционер-католиктер осы пиғылды пайдалана білді.

Католиктер «Католиктік Германия халықтық одағы» деп аталатын бұқаралық ұйым құрды. Одақтың 3/4 *миллион мүшесі* бар. Ұйым бір орталыққа қатаң бағындырылған. Оның мақсаты: «христиандық» (ал іс жүзінде *капиталистік)* құрылысты қорғау және «қиратушы» (яғни социалистік) талпыныстарға қарсы күресу.

Одақты 24 мүшеден тұратын басқарма басқарады. Бұлардың 9-ы басқарманың іс жүргізу жұмысымен шұғылданады, ал қалғандары — түрлі округтердің, жекелеген ірі қалалардың, т. т. өкілдері. Әрбір 20—40 католик семьясына бір-бірден «жұрт сенген өкіл» белгіленеді. Жұрт сенген өкілдердің бәрі басқарманың директивалары бойынша жұмыс істейді.

Католик мырзалар социал-демократтарға қарсы күресе отырып, әдетте, социал-демократ үгітшілер жұмысшылардың тиын-тебенімен күн көреді деп даурығады. Бірақ католиктердің өздері де *өз* ұйымында дәл осылай істеп отыр: азды-көпті маңызды деген пункттің қай-қайсысында да болсын олардың *ақы алатын үгітшілері* бар.

Партия басқармасында жұмыстың ұйымдастырылуы фабрикадағыдан әсте аумайды. Арнаулы 20 қызметші «әдебиетпен» шұғылданады: біреуі дін ілімін, екінші біреуі аграрлық мәселені, үшінші біреуі социал-демократиялық қозғалысты, 4-сі — қолөнершілерді қадағалап зерттейді, т. т. Газет, журналдардан қиындылар алады, көшірмелер жасайды, тіркеп отырады. Стенографтар жұмыс істейді. Ерекше кітапханада 40 000 том бар.

Газеттерге хаттар—«корреспонденциялар» жазылады, олар ондаған католиктік газеттерде басылады. Ерекше «әлеуметтік-саяси», ерекше «апологеттік» (яғни дін мен христиандықты қорғайтын) корреспонденция жүргізіледі. Барлық мәселелер жөнінде сериялы кітапшалар басылады. Жылына түрлі рефераттардың 5000-ға дейін конспектілері жөнелтіледі. Ерекше бөлім кинематограф арқылы насихат жұмысын жүргізумен шұғылданады. Анықтама бюросы әр қилы анықтамаларды тегін береді: 1912 жыл ішінде 18 000 мыңнан астам анықтама берілген.

Католик студенттер насихат, үгіт жұмысына үнемі тартылып отырады,—бұған әсіресе бос уақыттар да пайдаланылады. Жұрт сенген өкілдер (олар бірнеше *ондаған мың* адам) ерекше «әлеуметтік курстарға» жиналып тұрады. Социал-демократтарға қарсы күресуге арнайы «үйрету» үшін партия басқармасы жанында екі айлық арнаулы курс жұмыс істейді. Шаруалар үшін, мұғалімдер үшін, приказчиктер, т. б. үшін екі апталық арнаулы курстар ашылған.

Немістің католик-қаражүздіктері жаман жұмыс істеп отырған жоқ. Бірақ олардың барлық жұмысы герман социал-демократтарының жұмысына еліктеудің нашар түрі болып табылады.

*1913 ж. 20 майда (2 июньде) жазылған*

*1913 ж. 26 майда «Правда» газетінің 120-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ЖҰМЫСШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ДЕМАЛЫС ТУРАЛЫ

Басқа елдердегі сияқты, Германияда да металл өңдеуші жұмысшылар саналы және ұйымдасқан пролетарлардың алдыңғы қатарында тұр. Айтқандайын, олар жұмысшылардың *тынығуы* үшін дұрыс *демалыс* белгілеу туралы мәселе көтерді.

Көріп отырсыздар, заводшылар бұл шарадан туатын шығындардың «ауыртпалығын» сылтауратып, оған бар күшімен қарсылық көрсетуде. Бірақ неміс металлистері өздерінің одағы арнайы басып шығарған кітапшасында осы пайдакүнемдік, екіжүзділік сылтауларды дәл цифрлар келтіре отырып, теріске шығарды. Германияның металлургия өнеркәсібінің 93 акционерлік кәсіпорнында 1905 жылдан 1910 жылға дейінгі кезең ішінде таза пайданың орта есеппен 13,4 процент болғанын жұмысшылар дәлелдеп берді!!

Барлық жұмысшылардың дұрыстап демалуына мүмкіндік беру үшін әлгі пайданы не бары 2 процент кемітсе де жетіп жатыр.

Бірақ қазіргі уақытта демалыс беру жүйесі әлі де болса мүлде нашар дамыған және капиталистер оны көбінесе жұмысшыларды байлап-матап ұстау мақсатында қолданады. Неміс металлистері демалыс мәселесі жөнінде 1908 және 1912 жылдары екі анкета (екі сұрау) жүргізді.

1908 жылы жұмысшыларға демалыс берілген 138 кәсіпорын болған. Осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 75 591 жұмысшыдан 13 579 жұмысшы, яғни 17,9 проценті демалыс алған.

1912 жылы жұмысшыларға демалыс берілген 389 кәсіпорын болған. Жұмыс істейтін 233 927 жұмысшыдан 34 257 жұмысшы, яғни 14 проценті демалыс алған.

Металлургия өнеркәсібінің әрбір 1000 кәсіпорнының не бары тек *үш* кәсіпорнында ғана демалыс берілген! Жұмысшы металлистердің барлық санының тек 1,8 проценті ғана, яғни *елуден бір* бөлігінен азырағы демалыс алған.

Демалыс беретін кәсіпорындардың көпшілігі — атап айтқанда олардың оннан тоғызынан астамы — заводта едәуір ұзақ уақыт істеген жұмысшыларға ғана демалыс беруге рұқсат етеді. 389 заводтан (233 927 жұмысшысы бар) 140 209 жұмысшысы бар 84 заводта жұмысшының *бестен он жылға дейін* (!!) жұмыс істеуі талап етіледі,— сонда ғана ол демалысқа шығуға право алады.

Мұндай демалыстың жұмысшылар үшін адам күлерліктей болмашы ғана жақсартқандық екені, *көбінесе* жұмысшыларды заводта байлап-матап ұстаудың амалы екені және стачкаларға қарсы күресудің құралы екені айқын!

Көп ретте демалыс мерзімі (аталған кәсіпорындардағы жұмысшылардың 72 проценті үшін) бір *аптадан* аспайды. Жұмысшылардың 10 проценті үшін демалыс мерзімі — *бір аптадан кем,* тек 16 проценті үшін ғана — *бір аптадан артығырақ* (екі аптаға дейін).

Демалыс беретін кәсіпорындардың көпшілігінде (97 процентінде) жұмысшылар демалыс уақытында бұрынғы ақысын немесе орташа апталық ақысын алады.

Қорыта келгенде біз мынаны көреміз: жұмысшыларға берілетін демалыс алдыңғы қатарлы елдің тіпті алдыңғы қатарлы өнеркәсібінің өзінде сұмдық аз дамыған. Бірақ дұрыс және жеткілікті демалудың қажеттігін жұмысшылар барған сайын кең түсініп келеді, сондықтан ұйымдасқан жұмысшылар өздерінің табандылығы арқасында бұл салада да табыстарға жетеді.

*1913 ж. 20 майда (2 июньде) жазылған*

*1913 ж. 31 майда «Правда» газетінің 124-номерінде басылған*
*Қол қойған: Н. Н.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ЛИБЕРАЛДЫҢ БҮКПЕСІЗ АЙТҚАН СӨЗДЕРІ

Жуырда «Русские Ведомостидің»[75] редакторы В. М. Соболевский қайтыс болды. Либералдар оны «табанды прогресшіл қайраткер» еді деп қолпаштады. Оның жеке басының қасиеттері туралы айтты да, жазды да. «Русские Ведомостидің» саяси бағыты туралы мәселені орағытып өтті.

Біздегі либералдарға: «оппозицияшылдық», «прогрессизм» деген ескірген, сүреңсіз, жалпы күңгірт сөздерден артық ұнайтын ештеңе жоқ. Ал бұл сөздердің тасасында не бар, белгілі бір қайраткер *қандай* оппозицияда болған еді, ол *қандай* тапқа қызмет етіп еді, міне, мұны олар ажыратып жатуды ұнатпайды. Либералдарға бұл ұнамайды.

Бірақ демократия шындыққа жетуі керек. В. М. Соболевскийді прогресшіл деп қолпаштай беріңіздер, ол өздеріңіздің праволарыңыз. Бірақ халықты саясатқа шын үйреткілерің келсе, *оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен өзінше ұштастырған «Русские Ведомостидің» *бағытын* ұмытпаңыздар.

Л. Пантелеев мырза «Речьте» В. М. Соболевскийді еске түсіруге мақала арнай отырып, ол «біздің прогресшіл қоғамымыздың қолындағы күштердің бар-жоғы жөнінде үлкен скептик» болған еді деп жазады.

Бұл арада бәрі де түсініксіз: бұл скептицизм қандай болған еді? Қай қоғам туралы әңгіме болып отыр? Пантелеев мырза цитатқа алып отырған В. М. Соболевскийдің мына сөздері бұл сырды шым-шымдап ашып береді:

«көпшілігін алғанда крепостниктік право дәстүрлері мен әдеттеріне әлі де әбден белшесінен батып отырған қоғам не бере алады? Миллиондаған жартылай құлдардан, қайыршылардан, аштардан, маскүнемдерден, надандардан жаңа құрылысқа қандай қолдау күтуге болады?»

Бүкпесіз айтылған осы сөздерді жариялауды орынды деп тауып отырған Пантелеев мырза орыс либералдарының демократияға көзқарасын әлгі сөздердің қалайша түсіндіретінін байқамаған.

1905 жылы жазда «Русские Ведомости» либералдық ғылымның жұлдызы Виноградов мырзаның: бұл жартылай құлдарға онша еріге барудың керегі жоқ, олардың момындау және сабырлылау болуы керек деп дәлелдеген мақаласын басты. «Русские Ведомости» өзінің оқиғаларға деген контрреволюциялық көзқарасын өзге либералдық газеттерден бұрын дерлік әбден айқын көрсетті.

Скептицизмнің де скептицизмі болады. Қоғам қайраткері жөнінде: *қай* тап жөнінде ол скептик болды? деп сұрау керек. Соболевский (өзінің «Русские Ведомостиі» сияқты) шаруалар жөнінде скептик және тіпті пессимист болды. Помещиктер жөнінде ол оптимист болды: Соболевский помещиктерді «реформаға» қабілетті, «жаңа құрылысқа шын тілектес», «мәдениетті адамдар» және т. с. деп бейнеледі. Осы помещиктік либерализмнің (жартылай құлдық емес, мүлдем құлдықтың) халықшылдықпен қойыртпағы ояныт келе жатқан «миллиондаған жартылай құлдарды» құлдық моральға және құлдық саясатқа *үйреткен* «көзі ашық», ауқатты, қарны тоқ либералдық қоғамның іріп-шіруінің белгісі болды. Ол қоғам, осы либералдық қоғам, помещиктер алдында құлдық ұруға «белшесінен батқан» қоғам болды, ал «Русские Ведомостидің» халықшылдығы көнбіс мужик пен либералсынған бариннің патриархтық Русін бәрінен де гөрі көбірек бейнелейді.

*1913 ж. 21 майда (3 июньде) жазылған*

*1913 ж. 1 июньде «Правда» газетінің 125-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ФАБРИКАНТТАР ЖҰМЫСШЫ СТАЧКАЛАРЫ ТУРАЛЫ

## I

Москвадағы П. П. Рябушинскийдің баспаханасында «Москва өнеркәсіп ауданының заводшылары мен фабриканттарының қоғамы 1912 жылы» (Москва, 1913 ж.) деп аталатын қызық кітап жарыққа шықты. Бағасы көрсетілмеген. Фабрикант мырзалар өз басылымдарын сатуға шығаргысы келмейді.

Қоғамның председателі Юлий Петрович Гужон, осы жылғы 30 мартта қоғамның жылдық жиналысын аша келіп, өнеркәсіпшілерді өз ұйымының «жұмыс істей бастаған жетінші жылының басталуымен» құттықтады, сөйтіп өнеркәсіпші мырзалар «өздерінің бірлігі арқылы өнеркәсіпшілер корпорациясының құдіреттілігі туралы түсінік туғыза білді, онымен санаспауға болмайды» деп лепірді. «Енді осы құдіреттіліктің беделін нығайту қоғамның жаңа мүшелерінің басты міндеті болуға тиіс»,— деді Гужон мырза.

Көріп отырсыздар, мұның өзі онша сауатты сөз емес, қайдағы бір әскери хатшының сөзіне ұқсас, бірақ оның есесіне тәкаппарлық жетіп жатыр.

Кітаптың фактілер келтірілген бөлімдерін қарап көрелік. Оның үштен бір бөлігінен астамы (19—69-беттері) — *стачкаларға* арналған бөлім. 1912 жылы ереуіл жасаған жұмысшылардың жалпы санын өнеркәсіпші мырзалар былайша анықтайды. [215-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Бұдан өнеркәсіпші мырзалардың деректері *кемітіліп алынғанын* көру оп-оңай. Бірақ біз әзір бұған тоқталып

| Стачкалардың категориялары | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны | |
|---|---|---|
| | 1912 ж. | 1911 ж. |
| Экономикалық стачкалар | 207 720 | 96 730 |
| Оның ішінде: | | |
| Металлургия өнеркәсібінде | 64 200 | 17 920 |
| тоқыма өнеркәсібінде | 90 930 | 51 670 |
| басқа салаларда | 52 590 | 27 140 |
| Саяси стачкалар | 855 000 | 8 380 |
| Оның ішінде: | | |
| Лена оқиғаларына байланысты | 215 000 | |
| 1 майды мейрамдау | 300 000 | |
| күзгі саяси стачкалар | 340 000 | |
| *Барлығы* | 1 062 720 | 105 110 |

жатпай (алты мың жұмысшы қатысқан Лена стачкасы енгізілмеген, өйткені Лена кен орындары фабрика инспекциясының бақылауына жатпайды), фабриканттық статистикаға көз жіберіп көрелік.

1912 жылы ереуіл жасаған жұмысшылардың саны Россиядағы жұмысшылардың барлық санының *тең жартысынан көбірек*, атап айтқанда 51,7 процент. Оның ішінде экономикалық стачкаларға жұмысшылардың *оннан бір* бөлігі (10,1 процент), ал саяси стачкаларға *оннан төрт* бөлігі (41,6 процент) қатысқан.

«Өткен жылға тән нәрсе,— деп жазады фабрикант мырзалар,— саяси стачкалар санының шамадан тыс өсуі болды, бұл стачкалар әлсін-әлі жұмыстың бірқалыпты барысын үзіп тастап, бүкіл өнеркәсіпті қысылшаң жағдайда ұстады». Жылдың екінші жартысында болған аса маңызды стачкалар атап-атап көрсетіледі: август — Ригада жұмысшыларды сайлау правосынан айыруға қарсы стачка; сентябрь — Варшавада Кутомарадағы каторгада болған оқиғаларға байланысты стачка; октябрь — Петербургте уәкілдердің сайлауын бұзуға байланысты стачка, Ревельде 1905 жыл оқиғаларын еске түсіру жөніндегі стачка, Петербургте әскери флот матростарының ісі жөніндегі белгілі үкімге байланысты

стачка; ноябрь — Петербургте Севастополь үкіміне байланысты және Дума ашылған күнгі стачка, сонан соң Л. Толстойдың қайтыс болғанына екі жыл толуына байланысты тағы бір стачка; декабрь — Петербургте жұмысшыларды қауіпсіздендіру мекемелеріне тағайындауға байланысты стачка. Осыдан фабрикант мырзалар мынадай қорытынды жасайды:

«Қыр көрсету ереуілдерінің бірінен соң бірі жиі болуы, жұмысшылардың жұмысты тоқтатуға ұйғарған себептерінің мейлінше әр алуандығы және олардың үлес салмағының әр түрлілігі саяси жағдайдың әбден қиындағанын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар фабрика-завод тәртібінің нашарлағанын да көрсетеді». Мұнан кейін әдеттегісінше «қатаң шаралармен»: штрафтармен, сыйлықтар бермей қоюмен, локауттармен қоқан-лоққы жасау келеді. «Отандық өндірістің мүдделері,—деп мәлімдейді фабриканттар,—завод тәртібін Батыс Европа елдеріндегідей дәрежеге көтеруді қатаң талап етеді».

Фабрикант мырзалар «тәртіпті» «батыстағы» дәрежеге дейін көтергісі келеді, бірақ «саяси жағдайды» солай көтеруді ойлағысы да келмейді...

Стачкашыларды аудандарына қарай, өнеркәсіп салаларына қарай, стачкалар нәтижесінің сәтті-сәтсіздігіне қарай бөлу туралы деректерді келесі мақалаларға қалдыра тұралық.

## II

Москва фабриканттар қоғамының 1912 жылы ереуіл жасаған жұмысшыларды аудандарына қарай және өндіріс салаларына қарай бөлу туралы деректері өте нашар талданған. Біздегі миллионерлердің кітап құрастырғанда және кесте тексерген кездерінде қандай болса да бір гимназисті көмекші етіп жалдап алғаны жалпы артық болмас еді. Есептегендегі қателер мен сорақылықтар, мысалы, 23, 26, 48-беттердегі деректерді салыстырғанда бадырайып-ақ тұрады. Біз көпестердің мәдениеті туралы және «құдіретті беделі» туралы сөз қылуды ұнатамыз, ал тіпті нағыз қарапайым жұмыстың өзін жөндеп істей алмаймыз.

Тұтас алғанда 1912 жыл ішінде, осы жылдың соңғы жеті айының ішінде болған стачкалардың — *тек эко-*

*номикалық* стачкалардың — фабриканттық статистикасын аудандар бойынша келтірейік:

| Аудандар | Бүкіл 1912 ж. ішінде | | 1912 ж. соңғы 7 айы ішінде | |
|---|---|---|---|---|
| | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны | Жоғалған күн саны (мың) | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны | Жоғалған күн саны (мың) |
| Москва | 60 070 | 799,2 | 48 140 | 730,6 |
| С.-Петербург | 56 890 | 704,8 | 35 390 | 545,7 |
| Прибалтика | 18 950 | 193,5 | 13 210 | 153,6 |
| Оңтүстік | 23 350 | 430,3 | 22 195 | 427,6 |
| Польша патшалығы | 21 120 | 295,7 | 12 690 | 249,9 |
| *Барлығы* | 180 380 | 2 423,5 | 131 625 | 2 107,4 |

Фабриканттық статистиканың жарамсыздығын, яғни мүлде толық еместігін көру үшін оңтүстік жөніндегі цифрларға көз жіберсек жеткілікті. Сірә, 1912 жылдың соңғы 7 айының цифрлары дұрысырақ болса керек, өйткені бұл арада (тек осы арада ғана) стачкашылар аудандарына қарай да, өнеркәсіптің негізгі салаларына қарай да, стачкалардың нәтижелеріне қарай да егжей-тегжейлі бөліп келтірілген.

Аудандар бойынша алынған дерек бізге Петербург жұмысшыларының экономикалық күресте де (саяси күресті айтпағанның өзінде) Россияның барлық жұмысшыларының алдында келе жатқанын көрсетеді. Санкт-Петербург ауданы стачкашыларының саны (1912 жылдың соңғы 7 айында 35 мың) Москва ауданында ереуілге шыққандардың (48 мың) $^{3}/_{4}$ бөлігіне жуық болады, ал бұл ауданда фабрика-завод жұмысшыларының саны Петербург ауданындағыдан *төрт есе дерлік* көп. Польша патшалығында жұмысшылар Санкт-Петербург ауданындағыдан сәл-пәл көп, ал стачкашылары үш есе дерлік аз.

Москва жөнінде, әрине, тоқыма өнеркәсібіндегі конъюнктураның (яғни рынок жағдайының) өте нашар екенін ескеру керек, бірақ Польшада экономикалық стачкаларға қатысқан стачкашылардың $^{2}/_{3}$ бөлігі — тоқымашылар, ал біз тоқымашылардың осы стачкала-

рының Польшада өте-мөте ойдағыдай өткенін төменіректе көреміз.

Сонымен, Петербург жұмысшылары 1912 жылы қалған Россияның жұмысшыларын экономикалық қозғалысқа белгілі бір дәрежеде тартып отырған.

Екінші жағынан, стачкалардың *табандылығы* жөнінен оңтүстік пен Польша алда келеді: мұнда 1 стачкашыға жоғалған күн саны 19 күннен келеді, ал Петербург пен Москвада 15 күннен (Прибалтика ауданында 12 күннен) айналады. Орта есеппен алғанда бүкіл Россияда 1 стачкашыға 16 стачкалық күннен келеді. Фабриканттық статистиканы құрастырушы мырзалар бүкіл 1912 жылға 13,4 күн цифрын көрсетеді. Демек, жылдың екінші жартысында жұмысшылардың қайсарлығы және олардың күресінің табандылығы бұрынғысынан неғұрлым өсе түскен.

Статистика онан әрі стачкалық күресте жұмысшылар *табандылығының өскенін* корсетеді. 1895—1904 жылдарда стачкалардың 1 жұмысшыға келетін орташа ұзақтығы 4,8 күн деп есептелген еді, ол 1909 ж.— 6,5 күн, 1911 ж.—7,5 күн (саяси стачкаларды шығарып тастағанда 8,2 күн), ал 1912 ж. — 13,4 күн болды.

Сонымен, 1912 жыл экономикалық күресте жұмысшылар *табандылығының өсіп келе жатқанын* және стачкашылардың саны жағынан — жұмысшылардың санымен салыстырғанда — бірінші орынды Питердің алып отырғанын көрсетті.

Келесі мақалада стачкалардың ойдағыдай өтуі туралы деректерді алып қарастырамыз.

## III

Фабриканттардың статистикасы 1912 жылы ереуіл жасаған жұмысшыларды (экономикалық стачкалар) өндіріс салаларына қарай былайша бөліп көрсетеді [219-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Фабриканттық статистиканың мүлде толық еместігі және оны қорытудың мүлде олақтығы бұл арада бұрынғыдан гөрі де бадырайып тұр: жинақтап алғанда стачкашылар алғашқы бес ай ішінде (79 970) және

| Өндіріс салалары | Бүкіл 1912 ж. ішінде | | 1912 ж. соңғы 7 айы ішінде | |
|---|---|---|---|---|
| | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны | Жоғалған күн саны (мың) | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны | Жоғалған күн саны (мың) |
| Металлистер | 57 000 | 807,2 | 40 475 | 763,3 |
| Тоқымашылар | 85 550 | 1 025,8 | 66 590 | 930,6 |
| Басқалары | 37 830 | 590,5 | 24 560 | 413,5 |
| *Барлығы* | 180 380 | 2 423,5 | 131 625 | 2 107,4 |

соңғы жеті ай ішінде 211 595 болды, бірақ 180 және 207 мың емес!

Стачкашылардың санын *кемітіп отырғанын* фабрикант мырзалардың өздері дәлелдеді.

Жұмысшылардың жалпы санына шаққандағы стачкашылар жөнінен де, стачкалардың ұзақтығы жөнінен де металлистер алда келеді: ереуіл жасаған бір металлиске 18 стачка күнінен, бір тоқымашыға 14 күннен, ал басқа салаларға 16 күннен келеді. Металлургия өнеркәсібінде рыноктың жақсы жағдайда болып отырғаны, көріп отырғанымыздай, жұмысшыларды тиындап ақы қостырып алу жолында күресу қажеттігінен ешбір құтқармайды екен!

Стачкалардың нәтижелеріне келетін болсақ, фабриканттардың статистикасы 1912 жылды жұмысшыларға 1911 жылдан гөрі *қолайсыздау* болды деп жариялайды. 1911 жылы ереуіл жасаған жұмысшылардың 49 проценті жеңіліске ұшыраған екен, ал 1912 жылы 52 проценті жеңіліске ұшыранты-мыс. Бірақ бұл деректер нанымды емес, өйткені екі түрлі мерзім: *бүкіл* 1911 жыл мен 1912 жылдың 7 *айы* салыстырылған.

1912 жылғы стачкалар қорғаныс сипатында емес, шабуыл сипатында болды. Жұмысшылар еңбек жағдайларын *нашарлату үшін емес,* оларды *жақсарту үшін* күресіп келеді. Демек, ереуіл жасағандардың 52 проценті жағдайларын жақсарта алмаған, 36 проценті толық немесе ішінара табысқа *жеткен,* жағдайларын жақсартқан, ал 12 процентінің нәтижелері анықталмай отыр. Бұл 12 процентке келгенде фабриканттар, сірә, өздерінің жеңіліске ұшырағандығын жасырып отырған

болса керек, өйткені капиталдың еңбекке қарсы әрбір табысына олар ерекше көңілін аударып, мәз-мейрам болады.

1912 жылдың соңғы 7 айындағы стачкалардың ойдағыдай болғанын аудандар және өнеркәсіп салалары бойынша салыстырсақ, біз мынадай көрініске тап боламыз.

Москва ауданындағы стачкалар бәрінен де гөрі сәтсізірек болған: ереуіл жасағандардың 75 проценті жеңіліске ұшыраған (яғни жағдайларын жақсарта алмаған); онан кейін жеңіліске ұшырағандары былай болып келеді: Петербург ауданында 63 процент, оңтүстікте 33 процент, Прибалтикада 20 процент және Польшада 11 процент. Демек, соңғы *үш* ауданда жұмысшылар *орасан зор* жеңістерге жеткен. Бұл үш ауданда 48 мың стачкашының *27 мыңы* жағдайларын жақсартқан, *жеңген;* 11 мыңы жеңіліске ұшыраған; 10 мыңы жөнінде нәтижелері анықталмай қалған.

Мұның керісінше, алғашқы екі ауданда (Москва мен Петербург) 83 мың стачкашының *20 мыңы* ғана жеңіп шыққан; 59 мыңы жеңіліске ұшыраған (яғни жағдайларын жақсарта алмаған), ал 4 мыңы жөнінде нәтижелері анықталмай қалған.

Өнеркәсіп салалары бойынша алғанда жеңіліске ұшыраған стачкашылардың проценті: тоқымашыларда — 66 процент, металлистерде — 47 процент және басқаларында — 30 процент.

Рынок жағдайлары бәрінен де гөрі тоқымашыларда нашар. Москва ауданында ереуіл жасаған 38 мың тоқымашының *6 мыңы* ғана жеңген, 32 мыңы жеңіліске ұшыраған; Петербургте жеңгендер — 4 мың, жеңіліске ұшырағандар — 9 мың. Оның есесіне Польшада тоқымашылардың жеңгені —*8 мың,* жеңіліске ұшырағаны— 400 ғана.

Стачкалардың (экономикалық) соңғы екі жыл ішіндегі финанс қорытындыларын фабриканттардың статистикасы былайша анықтайды [221-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Қорыта келгенде, екі жыл ішінде фабриканттардың жоғалтқаны — 1,8 миллион сом; жұмысшылардың жо-

| | Өнеркәсіпшілердің тікелей зияндары | Жалақыдан жоғалтқандары | Елдің өндірістен жоғалтқандары |
|---|---|---|---|
| | (мың сом есебімен) | | |
| Металлургия өнеркәсібі | 558 | 1 145 | 4 959 |
| Тоқыма » | 479 | 807 | 6 010 |
| Басқа салалар | 328 | 529 | 3 818 |
| *Барлығы* 1912 жылы | 1 365 | 2 481 | 14 787 |
| » 1911 » | 402 | 716 | 4 563 |

ғалтқаны — *3 миллион сом;* өндірістің жоғалтқаны — 19 миллион сом.

Фабрикант мырзалар осы арада нүкте қояды. Пайпай, кемеңгерлер-ай! Ал жұмысшылардың *ұтысы* қайда?

Екі жылдың ішінде *125 мың жұмысшы* жеңіп шықты. Бұлардың еңбек табысы жылына—30 миллион сом. Олар 10 проценттен 25 процентке дейін үстеме қосуды, ал кейде 40 процентке дейін үстеме қосуды талап етті, мұны фабриканттардың өздері де мойындайды. 30 миллион сомның 10 проценті *3 миллион сом* болады. Ал жұмыс күнінің қысқартылуы ше?

Ал «жұмысшылар жолдастарының келісімінсіз жұмыстан шығарыл*масын*» деген талап сияқты *«жаңа»* (фабриканттардың сөзі) талаптар ше?

Жоқ, фабрикант мырзалар! Тіпті экономикалық жағынан алғанда да (саяси стачкалар туралы айтпағанның өзінде) жұмысшылардың жеңістері *керемет зор.* Буржуазия жұмысшылардың ынтымақтастығын да, пролетарлық күрестің жағдайларын да түсінбейді.

Екі жыл ішінде 300 000-ға жуық жұмысшы экономикалық күреске 3 миллион сом берді. *Бірден* 125 мың жұмысшы тікелей пайда көрді. Ал бүкіл жұмысшы табы бір адым алға басып отыр.

*1913 ж. 23—25 майда (5—7 июньде) жазылған*

*1913 ж. 30 майда, 2, 5 және 9 июньде «Правда» газетінің 123, 126, 127 және 131-номерлерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМАНЫҢ ЖОБАСЫ[76]

Россияның жұмысшы қозғалысындағы революциялық өрлеу, ел ішінде саяси дағдарыстың шиеленісуі, аздыкөпті таяу болашақта экономикалық дағдарыстың төніп отырғаны, социал-демократияның көптеген топтары мен үйірмелерінің арасындағы ауытқулар мен ауа жайылушылық,—міне осының бәрі саналы латыш жұмысшыларын өз жолдастарын Латыш өлкесі социал-демократиясының өткелі отырған IV съезіне мықтап әзірленуге және қазір революциялық социал-демократияның алдында тұрған міндеттерді мұқият талқылауға шақыруға мәжбүр етеді.

Латыш социал-демократиясының әр түрлі ұйымдарының бір топ мүшесі біздің социал-демократиялық жұмысшы партиясының өмір сүруінің өзіне және оның қызметінің барлық бағытына қатысты неғұрлым маңызды принципті мәселелер жөніндегі және әсіресе латыш социал-демократиясының қазіргі Орталық Комитеті қасарысып елемей отырған немесе біздің сеніміміз бойынша, теріс шешіп отырған мәселелер жөніндегі көзқарастарының мынадай *платформасын* барлық социал-демократиялық ұйымдарға талқыланатын материал есебінде ұсынады.

## СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЖАЛПЫ ТАКТИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ БАҒА БЕРУ

Контрреволюцияның үстемдігі социал-демократтар арасында терең идеялық ыдырауды және ой солқылдақтығын туғызғаны кімге болса да құпия емес. Ан жолдастың («Лучтың» 95-номерінде) тауып айтқанындай, «біреуі орман кезіп, біреуі отын іздеп» басының ауған жағына кеткен социал-демократтар қай жерден болса да кездесіп отыр. Социал-демократияның баспасөзінде жұмысшылар революцияға әзірленуге және революцияны күтуге тиіс емес, демократиялық революция аяқталды деген және т. б. көзқарастар айтылып жүр. Қалай дегенмен де, Латыш өлкесі социал-демократиясының қазіргі Орталық Комитеті қолдап отырған жойымпаз дейтіндер («Наша Заря» және «Луч») өздерінің тактикалық пікірлерінің бәріне РСДРП-ның ешбір жауапты тобы немесе ұйымы азды-көпті айқын, дәл және ресми түрде баяндамаған осы сияқты көзқарастарды үнемі негізге алып келеді.

Осы бағыттағы баспасөзден біз бірде Россияның қазіргі мемлекеттік құрылысының октябрьге дейінгі құрылысынан принципті айырмашылығы бар дегенді (бейне бір біз саяси бостандықтың негіздерін жеңіп алу үшін революцияға енді мұқтаж болып отырмағандай-ақ),— бірде россиялық социал-демократтардың қазіргі тактикасын конституция тұсындағы Европа социал-демократтарының тактикасымен, мысалы, XIX ғасырдың 70 жылдарындағы австриялықтар мен немістердің тактикасымен салыстыруды (Милюковтың пікірінше, бейне бір Россияда қазірдің өзінде конституция бардай-ақ),— бірде ашық жұмысшы партиясы мен коалициялар бостандығы ұранын (елде саяси бостандық пен буржуазиялық конституцияның жалпы негіздері мен тіректері бар болғанда ғана түсінікті ұранды) алға қоюшылықты және басқа сол сияқтыларды қадам басқан сайын кездестіреміз.

Мұндай жағдайларда социал-демократияның тактикалық міндеттерін дәл белгілеуден және саяси жағдайға баға беруден бас тарту немесе ондай белгілеу мен он-

дай баға беруді кейінге қалдыру — идеясыздыққа, ыдырауға, сары уайымшылдыққа, дүдəмалдануға қарсы күреспеу ғана емес, тіпті турадан-тура ыдырауға көмектесу деген сөз, социал-демократияның бұрынғы, партиялық, революциялық шешімдерін жоятын көзқарастарды қолдауға жанама түрде араласу деген сөз.

Оның бер жағында РСДРП-ның осы көкейкесті, түбегейлі мəселелер жөнінде нақты партиялық жауабы бар. Ол жауап 1908 жылғы декабрь қарарында берілген, бұл қарар — партиялық-міндетті қарар, оны ешкім күшінен айырған жоқ.

Осы қарар қабылданғаннан бергі өткен жылдар оның дұрыстығын — оның самодержавиенің табиғаты өзгерді, либерализм контрреволюцияшыл, т. т. деп көрсеткен жəне оның самодержавие, аздап өңделген болса да, өмір сүруін тоқтатқан жоқ, 1905 жылғы революцияны туғызған жағдайлар сол күйінде қалып отыр, социал-демократиялық партияның алдында революциялық шешімді жəне революциялық тактиканы талап ететін *ескі міндеттер* тұр деген қорытындысын əбден растап шықты. РСДРП-ның нақ сол (1908 ж. декабрьдегі) конференциясының шешімдері сөзсіз талап ететін: Дума трибунасын жəне *барлық* жария мүмкіндіктерді пайдалану *түгелімен* осы революциялық тактика рухында жəне РСДРП-ның ескі революциялық міндеттері *үшін* іске асырылуға тиіс.

Сондықтан біз барлық социал-демократиялық ұйымдарға, айтар болсақ, РСДРП-ның 1912 ж. январь конференциясы да растаған бұл қарарды тағы да мұқият талқылауды жəне *Латыш өлкесі социал-демократиясының съезіне с о л  қ а р а р д ы  а й қ ы н  т ү р д е  р а с т а п  ш ы ғ у д ы  ұсынуды жөн көреміз.*

Біз «социал-демократиялық ұйымдардың» 1912 ж. август (жойымпаздық) конференциясының[77] партиялық емес тəсіліне барлық жолдастардың назарын баса аударамыз, ол конференция кезеңге баға беру туралы жəне жалпы тактикалық міндеттерді белгілеу туралы мəселені кезектен алып тастады, сөйтіп *революциялық міндеттерден безудің* қандайына болсын (революция

жөніндегі «болжам» дәлелденбеді деген сылтаумен және т. т.) есікті кең ашып тастады.

Біз август конференциясында сондай үлкен роль атқарған және өзінің IX конференциясында революциялық міндеттерден осылайша безуде демократиялық республика және помещиктік жерлерді конфискелеу ұранын алып тастауға дейін барған Бундқа әсіресе қатты наразылық білдіреміз!

## РСДРП БІРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Жұмысшылардың экономикалық және саяси күресі неғұрлым кең өрістеген сайын, олар бірліктің қажеттігін соғұрлым күшті сезінеді. Жұмысшы табының бірлігі болмайынша оның күресі табысты болуы мүмкін емес.

Бірліктің мәні неде? Әлбетте, *социал-демократиялық партияның бірлігінде*. Латыш социал-демократиялық жұмысшыларының бәрі социал-демократиялық партияға кіреді және бұл партия — құпия, астыртын партия екенін, басқа партия жоқ және болуы мүмкін емес екенін өте жақсы біледі.

Сондықтан бірлікті *іс жүзінде* (сөз жүзінде емес) төменнен, жұмысшылардың өздері арқылы, солардың астыртын партия ұйымдарында жүзеге асырудан *басқа* жүзеге асыруды ойға алуға да болмайды.

*Латыш өлкесі социал-демократиясының съезі бірліктің нақ осындай*, айтар болсақ, РСДРП Орталық Комитеті жанында өткен 1913 ж. февраль кеңесі қойған *талаптарын айқын мойындауға тиіс*.

Егер «Луч» бірлікке *осылайша* шақыруды «лениндік партияны» келеке етумен қарсы алған болса, егер Бунд («жұмысшы қозғалысының еврей қайраткерлері» арқылы) бұл шақыруды қабылдамай тастаған болса, онда мұнысымен «лучшылдар» да, бундшылдар да өздерінің жойымпаздарға жататындығын *д ә л е л д е й д і*.

Құпия партияны, сөз жүзінде емес, іс жүзінде мойындайтын латыш социал-демократиялық жұмысшылары бірлік пайдасына айтылған жария тақпақтармен өздерін алдата қоймайды. Кімде-кім бірлікті тілейді екен, құпия партияға барсын!

## ЖОЙЫМПАЗДЫҚҚА КӨЗҚАРАС

Әуелі партияның шешімдері мен шетелдегі баспасөзде қойылған жойымпаздық туралы мәселе қазір Россияның барлық саналы жұмысшыларының талқысына салынып отыр. Латыш социал-демократиялық жұмысшылары да бұл мәселе жөнінде жалтарыстар мен сылтауларды болғызбауға, оның айқын қойылып, жан-жақты талқылануына және нақты шешімін табуына күш салуға тиіс.

Жойымпаздар — ашық қозғалыстың қайраткерлеріміс дейтін ертегілер енді жетер. Бұл ертегілерді партияшылдардың, жойымпаздарға қарсылардың, астыртын жұмысты сөзсіз жақтаушылардың ашық қозғалыстың *барлық* салаларында да жойымпаздардан *анағұрлым күшті* екенін дәлелдеген *фактілер* теріске шығарып отыр.

Жойымпаздық дегеніміз — астыртын жұмысты, яғни құпия (бірден-бір өмір сүріп отырған) партияны теріске шығарғандық немесе кемсіткендік. Тек астыртын жұмыс қана *революциялық* тактиканы жасап, оны құпия баспасөз арқылы да, *жария* баспасөз *арқылы да* бұқараға жеткізіп отырады.

РСДРП-ның 1908 ж. декабрьдегі және 1910 ж. январьдағы ешкім бұзбаған, партияның қай мүшесіне болса да міндетті шешімдері жойымпаздықтың нақ осындай мазмұнын әбден айқын және дәл анық мойындап, оны сөзсіз айыптады.

Солай бола тұрса да, «Наша Заря» мен «Луч» жойымпаздық уағыз жүргізуін тоқтатпай келеді. «Лучтың» 15 (101)-номерінде олар жұмысшылардың астыртын жұмысқа ынта-ықыласының артқанын *өкінішті* нәрсе деп жариялады. «Наша Заряның» 3-номерінде (1913 ж., март) осы мақаланың авторы (Л. Седов) өзінің жойымпаздығын *одан да бетер* анық көрсетті. Мұны *тіпті* «Лучта» (№ 95) *Ан да* мойындады!! Ал «Лучтың» редакциясы Анға жауабында *жойымпаз Седовты қорғайды.*

Латыш социал-демократиялық жұмысшылары қайткенде де Латыш өлкесі социал-демократиясының съезі *«Наша Заря» мен «Лучтың» жойымпаздығын батыл айыптайтын* етуге тиіс. Бұл органдардың іс-әрекеті РСДРП Орталық Комитеті жанында өткен 1913 жылғы февраль кеңесінің жойымпаздық туралы қабылдаған қарарын түгелдей растады және күн сайын растап отыр.

### ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІН ҚОЛДАУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Латыш өлкесі социал-демократиясының қазіргі Орталық Комитеті август конференциясы мен Ұйымдастыру комитетін жойымпаздық мекемелер ретінде *емес,* қайта РСДРП-ның *бірлігі үшін* қолдайтынын көрсетіп отыр. Бірақ мұндай жауап тек балалардың ғана көңілін аулай алады, ал латыш социал-демократиялық жұмысшылары бала емес.

Август конференциясын ұйымдастырушылар оған Плехановты да, «Вперед» тобын да *өздері* шақырған еді. Бұлардың біріншісі де, екіншісі де январь конференциясына қатыспады, яғни ағымдар күресінде өздерінің *бейтараптығын* сөзбен емес, іспен *дәлелдеді.*

Ал осы бейтарап социал-демократтар не деді? Плеханов пен Алексинский август конференциясын жойымпаздық конференция деп батыл мойындады. Бұл конференцияның қарарлары оның жойымпаздық сипатын әбден дәлелдейді. Август конференциясының шешімдеріне өзінің қосылатынын мәлімдеген «Луч» жойымпаздық уағыз таратып жүр.

Россияның социал-демократиялық жұмысшылары кімге еріп келеді?

Мұны жұмысшы куриясы бойынша Дума сайлауы және жұмысшы баспасөзі туралы деректер дәлелдеп берді.

II Думада жұмысшы куриясының 47 проценті (23 депутаттан 11 депутат), III Думада — 50 проценті

(8 депутаттан 4 депутат), ал IV Думада — 67 проценті (9 депутаттан 6 депутат) большевиктердікі болды. Жойымпаздарға қарсылардың жұмысшы баспасөзін («Правда» мен Москва газетін) 1199 жұмысшы тобы қолдады, ал «Лучты» не бары 256 жұмысшы тобы ғана қолдады.

Сонымен, Латыш өлкесі социал-демократиясының қазіргі Орталық Комитеті — революцияшыл социал-демократиялық латыш жұмысшыларының атынан —Россияның социал-демократиялық жұмысшыларының басым көпшілігіне *қарсы* жойымпаздарды қолдап отыр!

Бұған тыйым салу қажет. Біз бәріміз де астыртын жұмысты және революциялық тактиканы мойындаймыз. Біз осы тактиканы жүзеге асырып отырған РСДРП Орталық Комитетін қолдауға тиістіміз, ал оны Россияның социал-демократиялық жұмысшыларының басым көпшілігі астыртын жұмыста *да,* ашық қозғалыста *да* жақтап отыр.

## ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мәселе социализм тұрғысынан өзінің жалпы принциптік қойылуы жөнінен де, практикалық-ұйымдық жағынан да (біздің өз партиямызды құру) барлық социал-демократиялық ұйымдардың талқылауын және шешуін мейлінше қатты талап етеді.

Жойымпаздардың 1912 жылғы август конференциясы — тіпті бейтарап меньшевик Плехановтың мойындауы бойынша да—РСДРП программасын *«социализмді ұлтшылдыққа бейімдеу»* рухында *бұзып отыр.*

Шынында да, бұл конференция, партияның II съезінің шешіміне қарамастан, бундшылдардың ұсынысы бойынша «мәдени-ұлттық автономия» ұранын мүмкін нәрсе деп мойындады.

Бұл ұран (Россияда еврей ұлтшылдарының *барлық буржуазиялық* партиялары қорғайтын) социал-демократияның *интернационализміне* қайшы келеді. Демократтар ретінде біз қандай да бір ұлтты қандай да болса, тіпті болмашы түрде болса да езуге, кейбір ұлтқа қандай болсын артықшылықтар берілуіне

сөзсіз қарсымыз. Біз, демократтар ретінде, ұлттардың өзін өзі билеу бостандығын осы сөздің *саяси мағынасында* (РСДРП программасын қараңыз), яғни бөлініп шығу бостандығын талап етеміз. Біз мемлекет ішіндегі барлық ұлттардың сөзсіз *тең праволы болуын* және қандай болса да аз ұлт атаулының праволары сөзсіз қорғалуын талап етеміз. Біз облыстардың кең түрде өзін өзі басқаруын және автономиялы болуын талап етеміз, ол облыстар, былайша айтқанда, ұлттық белгісі жөнінен де межеленуге тиіс.

Осы талаптардың бәрі — дәйекті демократтың қай-қайсысына болса да және әсіресе социалистке міндетті талап.

Бірақ социалистер жалғыз демократиялық талаптармен шектеліп қалмайды. Социалистер *буржуазиялық ұлтшылдықтың* барлық және алуан түрлі, өрескел және жымысқы көріністерінің бәріне қарсы *күреседі. Бір* ұлттың пролетариаты мен буржуазиясын *біріктіретін, әр түрлі* ұлттардың пролетариатын *бөлектейтін* «мәдени-ұлттық автономия» ұраны да нақ сондай көрініс болып табылады.

Социал-демократтар әрқашан *интернационализм* тұрғысында болды және бола береді. Барлық ұлттардың тең праволылығын крепостниктерден және полицейлік мемлекеттен қорғай отырып, біз *«ұлттық мәдениетті»* жақтамаймыз, *интернационалдық* мәдениетті жақтаймыз, бұл мәдениетке әрбір ұлттық мәдениеттің тек бір бөлігі ғана, атап айтқанда: әрбір ұлттық мәдениеттің дәйекті-демократиялық және социалистік мазмұны ғана кіреді.

«Мәдени-ұлттық автономия» ұраны жұмысшыларды ұлттардың мәдени бірлігі елесімен алдайды, ал іс жүзінде қазір әрбір ұлтта помещиктік, буржуазиялық немесе ұсақ буржуазиялық «мәдениет» басым болып отыр.

Біз ұлттық мәдениетке қарсы болғанда, оны буржуазиялық ұлтшылдық ұрандардың бірі деп қарсы боламыз. *Біз ақырына дейін демократиялық және социалистік пролетариаттың интернационалдық мәдениетін жақтаймыз.*

Ұлттардың мейлінше толық тең праволылығы мен мемлекеттің нағыз дәйекті демократизмі тұсында *барлық* ұлттар жұмысшыларының бірлігі болуы — біздің ұранымыз да, бүкіл халықаралық революциялық социал-демократияның ұраны да, міне, осы. Шын пролетарлық осы ұран пролетариат пен буржуазияның «ұлттық» бірлігінің жалған елесін және жалған үмітін туғызбайды, ал «мәдени-ұлттық автономия» ұраны сондай елесті сөзсіз туғызады және еңбекшілер арасына сондай жалған үміт таратып отырады.

Бізге, ұлт жағынан өте-мөте араласып жатқан халқы бар өлкеде тұратын латыш социал-демократтарына, бізге, латыштардың, орыстардың, эстілердің, немістердің және т. т. буржуазиялық ұлтшылдығының өкілдері арасындағы латыш социал-демократтарына,— бізге «мәдени-ұлттық автономия» ұранының буржуазиялық жалғандығы өте-мөте айқын. Бізге *барлық* ұлттар жұмысшыларының барлық және алуан түрлі ұйымдарының *бірлігі* туралы өзіміздің социал-демократиялық ұйымымызда практика жүзінде сыннан өткен ұран өте-мөте қымбат.

«Мәдени-ұлттық автономия» ұраны көбінесе Австрияны тілге тиек ету арқылы ақталып жүр. Бұл сылтау жөнінде мыналарды ескеру керек: 1-ден, Австрияның ұлт мәселесі жөніндегі ең басты теоретигі Отто Бауэрдің (оның «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген кітабындағы) көзқарасын тіпті К. Каутский сияқты сақ жазушы да ұлттық жағы *асыра бағаланып*, интернационалдық жағы *сорақы түрде жеткіліксіз бағаланған* деп танып отыр (қараңыз: К. Kautsky: «Nationalität u. Internationalität»*. Орысша аудармасы бар);— 2-ден, Бауэр *де*, Каутский *де* еврейлер үшін ұлттық автономияны *мойындамай отырған* кезде, ал Каутский (сол еңбегінде) шығыс Европаның еврейлері (Галиция мен Россияның) ұлт емес, *каста* деп тура мәлімдеп отырған кезде, бізде тек бундшылдар *ғана* өздерінің барлық буржуазиялық еврей партияларымен бірге осы уақытқа дейін «мәдени-ұлттық

* — К. Каутский: «Ұлттық және интернационалдық». *Ред.*

автономияны» қорғап келді;— 3-ден, Австрия социал-демократтарының брюнндік (1899 ж.) ұлт программасы да бүкіл мемлекет ішіндегі бір ұлттың барлық ұлт облыстарының одақтасуын талап етуіне дейін ғана барып, экстерриториялық (дербес) ұлт автономиясын толық мойындаған *жоқ* (Брюнн программасының 3-параграфы);—4-ден, бұл, көрнеу ымырашылдық (және интернационализм тұрғысынан қанағаттанғысыз) программа да Австрияның өзінде *толық сәтсіздікке* ұшырады, өйткені ымырашылдық татулыққа жеткізбеді, қайта чех сепаратистерінің бөлініп шығуына әкеліп соқты;— 5-ден, Копенгаген съезінде бүкіл Интернационал бір ауыздан айыптаған сол чех сепаратистері өздеріне бунд сепаратизмінің жақындығын мәлімдейді (қараңыз: «Der cechoslavische Sozialdemokrat» *№ 3*, сепаратистер органы, мұны *Прагадан* тегін алуға болады, *Prag*, Hybernska 7);— 6-дан, Бауэрдің өзі *жергілікті жерлерде* әр алуан ұлттардың саяси социал-демократиялық ұйымдарының бірлігі болуын талап етеді. Бауэрдің өзі Австрия партиясының қазір *толық* жікке бөлінуге әкеліп соғып отырған «ұлттық құрылысын» қайшылығы бар және тұрлаусыз деп есептейді.

Бір сөзбен айтқанда, Австрияны тілге тиек ету бундшылдарды *жақтау емес*, қайта *қарсы* шығу болады.

Төменнен бірігу, барлық жұмысшы ұйымдарындағы барлық ұлттардың жұмысшы социал-демократтарының жергілікті жерлерде толық бірігуі және қосылуы — біздің ұранымыз, міне, осы. Буржуазиялық-алдамшы және ымырашыл «мәдени-ұлттық автономия» ұраны жойылсын!

Партиямыздың құрылысында да біз федерацияға *қарсымыз*, біз барлық ұлттардың социал-демократтарының жергілікті (тек орталық қана емес) ұйымдарының *бірлігін* жақтаймыз.

Съезд мәдени-ұлттық автономия ұранын да, партия құрылысындағы федерация принципін де қабылдамауға тиіс. Бүкіл 1898—1912 жылдардағы кезеңдегі (партия тарихының тұтас *14* жылы ішіндегі) поляк социал-демократтары сияқты, Кавказ социал-демократтары

сиякты, латыш социал-демократтары да социал-демократиялық интернационализмге адал болып қала беруге тиіс.

*1913 ж. 25 майдан (7 июньнен) ертерек жазылган*

*1913 ж. августа латыш тілінде «Cinas Biedris» газетінің 4-номерінде басылган*

*Орыс тілінде бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шыгармаларының 2—3 басылуларында басылган, XVII том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# 1912 ЖӘНЕ 1905 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАЧКАЛАР

Москва ауданының заводшылары мен фабриканттары қоғамының экономикалық стачкалар жөніндегі статистикасы 1912 жыл мен 1905 жылды біршама салыстырып қарауға мүмкіндік береді. Бұл жерде біз өндірістердің үш тобымен: металлистермен, тоқымашылармен және «басқалармен» шектелуге тиістіміз, өйткені бұдан толығырақ талдауды фабриканттар қоғамының статистикасы бермей отыр.

Салыстырмалы деректер мынадай:

| | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны (экономикалық стачкалар): | | |
|---|---|---|---|
| | 1905 ж. | 1911 ж. | 1912 ж. |
| Металлистер | 230 216 | 17 920 | 78 195 |
| Тоқымашылар | 559 699 | 59 950 | 89 540 |
| Басқалары | 230 527 | 18 880 | 43 860 |
| *Барлығы* | 1 020 442 | 96 750 | 211 595 |

1905 жылғы деректер *тек қана* экономикалық стачкаларға қатысты; аралас, саяси да, экономикалық та, стачкалар алынбаған. 1911 және 1912 жылдардың деректері, сірә, өте толық емес болса керек.

Бұл деректерді салыстыру бізге мынаны көрсетеді: егер 1905 жылғы қозғалысты негізге алатын болсақ, 1911 жылы тоқымашылардың стачкалық жігері металлистер мен «басқалардың» жігерінен *жоғары* болған. 1911 жылы стачкашылардың жалпы санының жартысы-

нан едәуір артығы тоқымашылар болды және олар металлистерден үш еседен аса көп болды. 1905 жылы ереуіл жасаған тоқымашылардың саны металлист стачкашылардың санынан $2^1/_2$ есе ғана артық болған еді.

«Басқаларға» келетін болсақ, бұлардағы және металлистердегі стачкашылардың саны 1905 жылы да, 1911 жылы да шамамен алғанда бірдей деп көрсетілген.

Керісінше, 1912 жылы металлистер «басқалардан» көп озып, тоқымашыларды қуып жетуге жуықтап, керемет тез ілгері басты.

1912 жылы ереуіл жасаған металлистердің саны олардың 1911 жылғы санынан *төрт еседен* астам артқан. Ал осы мерзім ішінде тоқымашы стачкашылар саны не бары бір жарым есе ғана (60 мыңнан 89 мыңға дейін) өскен де, басқалары $2^1/_2$ есе өскен.

Демек, металлистер 1912 жылғы рыноктың өздеріне тиімді жағдайын өте жақсы пайдаланған. 1911 жылдың табыстары жігерлендіре түскен металлистер бұрынғысынан анағұрлым кең және батыл шабуылға көшкен.

Өнеркәсіптің «басқа» салаларындағы жұмысшылар да 1912 жылы тиімді жағдайда болған еді. Олардың экономикалық күресі металлистердің күресінен де табыстырақ болған-ды. Бірақ олар өздерінің тиімді жағдайларын металлистерге қарағанда нашар пайдаланды.

Тоқымашылардың жағдайы 1912 жылы өндірістің барлық салаларындағыдан жаман болды; олардың экономикалық күресі сәтсіздеу болды. Осыған сәйкес оларда стачкашылардың саны да анағұрлым баяу өсті.

Москва ауданының фабриканттары 1913 жылы стачка толқыны бәсеңірек болар деп дәмеленеді. Олардың 1912 жылғы есебінен біз мынаны оқимыз: «тоқыма өнеркәсібіндегі жағдай қазірдің өзінде әбден айқындалып отыр; жаңа өнім әбден анықталғанға дейін фабрикалардың жұмысы баяу қарқынмен жүріп отырады, ал мұндай жағдайларда жұмысшылардың стачка жасауы мүлде ессіздік болар еді».

Бұл жорамалдың қаншалықты дұрыс болып шыққанын көре жатармыз. Қалай болған күнде де 1912 жыл

да, 1913 жылдың басы да *экономикалық* стачкалардың *барлық* «стачка толқынындағы» үлесі шамалы ғана болғанын көрсетті.

*1913 ж. 25 майда (7 июньде) жазылған*

*1913 ж. 8 июньде «Правда» газетінің 130-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## 1912 ЖЫЛҒЫ СТАЧКАЛАРДЫҢ БҰРЫНҒЫҒА ҚАРАҒАНДА ТАБЫСТЫЛЫҒЫ

Москва ауданының заводшылары мен фабриканттарының қоғамы 1912 жылдың соңғы 7 айындағы стачкалардың табыстылығы жайында статистика жасап берді. Бұл статистикада бүкіл 1912 жыл ішінде экономикалық стачкаларға қатысқан (қоғамның деректері бойынша, сөзсіз азайтып көрсетілген) барлық 211 595 жұмысшыдан 131 625 жұмысшыны қамтыған.

Бұрынғы жылдардағы стачкалардың табыстылығы жайындағы статистиканы біз сауда және өнеркәсіп министрлігінің революция алдындағы он жыл (1895—1904) мен революциялық үш жыл (1905—1907) ішіндегі ресми басылымдарынан көреміз.

Амал не, деректер біртектес емес — ал фабриканттар қоғамының жинаған деректері өте нашар талданған. Стачкалардың табыстылығын есепке алу үшін жүргізілген ресми статистика стачкаларды: 1) жұмысшылардың пайдасына аяқталған, 2) — қожайындардың пайдасына аяқталған және 3) — ымыраласумен аяқталған стачкалар деп үш разрядқа бөледі. Ал фабриканттардың статистикасы стачкаларды: 1) жұмысшылардың жеңілуімен аяқталған, 2) — жұмысшыларды толық немесе ішінара қанағаттандырумен аяқталған және 3) нәтижесі анықталмаған стачкалар деп бөледі.

Бұл екі деректі (шартты түрде болса да) тек мынадай тәсілмен ғана салыстыруға болады. Ымыраласумен аяқталған немесе нәтижесі анықталмаған стачкалардағы стачкашылар санын *ұтымды* стачкалар мен *ұтылған*

стачкаларға бірдей етіп бөлдік, сөйтіп қорытындысында осы екі рубрика ғана қалды (әрине, шамамен). Сонда салыстыру қорытындысы мынадай болды:

| | | Стачкашылар саны | Олардың стачканы ұтқандары | Ұтқандардың проценті |
|---|---|---|---|---|
| | | (мың есебімен) | | |
| Революция алдындағы 10 жыл ішінде | 1895—1904 жж. | 424 | 159 | 37,5 |
| Революцияның үш жылы ішінде | 1905 ж. | 1 439 | 705 | 48,9 |
| | 1906 » | 458 | 233 | 50,9 |
| | 1907 » | 200 | 59 | 29,5 |
| Бүкіл | 1911 » | 96 | 49 | 51,0 |
| Соңғы 7 айда | 1912 » | 132 | 55 | 41,6 |

Бұл деректердің бәрі де экономикалық стачкаларға ғана қатысты, ал оның бер жағында 1911 және 1912 жылдардың деректері толық емес. Бүкіл 1912 жыл ішінде экономикалық стачкаларға қатысқан стачкашылардың саны (212 мың) олардың 1907 жылғы санынан *асып түсті.*

1911 жылдың ішіндегі экономикалық стачкалардың табыстылығы, бақсақ, үздік болған екен, ол тіпті ең табысты революциялық жыл — 1906 жылдан да асып түскен. Ол кезде ереуіл жасаған жұмысшылардың 50,9 проценті ұтқан еді, енді (1911 ж.) 51,0 проценті ұтып отыр.

1912 жылғы стачкалар табыстылығы жағынан алғанда *бесінші* жылғыдан төмен (1905—48,9 проценті жеңген еді, 1912—41,6 проценті жеңіп отыр), бірақ бұл, 1907 жылды (29,5 проценті жеңген) айтпағанның өзінде, 1895—1904 жылдар (37,5 процент) арасындағы *онжылдықтың* орташа табысынан едәуір асып түседі.

Бұл деректерді батыс европалық деректермен салыстырып көруге тұрарлық. Германияда XX ғасырдың бүкіл алғашқы онжылдығы ішінде (1900—1909) стачкаға қатысқандар 1897 мың болды (бұл Россиядағы революцияның *не бары екі жылында* бір ғана экономикалық стачкашыларды алсақ, сонымен бірдей). Бұлардың 698 мыңы немесе 36,8 проценті ұтып шықты, яғни Россия-

дағы революцияның алдындағы он жыл ішіндегіден аз ғана кемірегі ұтып шыққан. Англияда 1900—1909 жылдардағы 10 жыл ішіндегі стачкашылар саны — 1884 мың. 1234 мыңнан 588 мыңы немесе 47,5 проценті ұтып шықты, яғни біздегі революцияның алдындағы он жыл ішіндегіден әлдеқайда кобірегі, бірақ 1905, 1906 және 1911 жылдардағыдан кемірегі ұтып шыққан. (Англия мен Германияда ұтып шыққан жұмысшылардың саны Россия үшін қолданылған тәсілмен анықталды.)

Россияда *бір ғана* 1905 жылы жеңіп шыққан жұмысшылардың саны Германияда немесе Англияда *10 жыл ішінде* жеңіп шыққан жұмысшылардың санынан *көп*. Қазіргі пролетариаттың бойында әлі де қаншама ұшантеңіз күш сақталып жатқанын осыдан-ақ аңғаруға болады.

*1913 ж. 25 майда (7 июньде) жазылған*

*1913 ж. 12 июньде «Правда» газетінің 133-номерінде басылған*
*Қол қойған: Н.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## «ТАРИХИ» ФОРМУЛАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Үкіметке сенім көрсетпеу (ішкі істер министрлігінің сметасы бойынша) дейтін формуланы октябристер мен кадеттердің берген дауыстарымен IV Думаның қабылдағаны баспасөздің назарын әлі де аударып отыр. Шындығында да: бұл формула — либералдық баспасөздің оған берген түсініктемесінің нақ өзі сияқты — байыпты талқылауға тұрарлық формула. Бұл арада шынында да принципті мәселелер көтерілген: ол мәселелерге қайта-қайта оралып отыру қажет.

«Речьтің» бас мақалашысы (№ 137) бұл формуланың қабылданған күні, 21 май, «тарихи датаның маңызын сақтайды» деп салтанатты түрде мәлімдеді. Мұндай даурыққан, айқай-шуы көп бос сөздерге біздің либералдар — мейлінше шебер-ақ, бірақ Думаның осы шешімінің *маңызы туралы* мәселені байыпты талдау жөніндегі бірінші әрекеттің өзі ол сөздердің ғажайып идеясыздығы мен дәрменсіздігін аңғартып отыр.

Либералдар Дума формуласының маңызын анықтайтын ең негізгі және даусыз *фактілерді* көргісі келмейді.

1-ден, бұл формуланы қабылдаған партиялардан октябристер де, *прогрессистер де (іс жүзінде* кадеттер бұлармен тығыз байланысты!) сметаны қабылдамай тастауды ұсынған жоқ. Ал сметаны кадеттердің қабылдамай тастағансуы демократияны алдаусырату үшін жасалған сырт көрініс қана еді, өйткені кадеттердің *іс жүзінде* октябристерді қолдайтынын жұрттың бәрі өте жақсы білді.

«Тарихи» формула — бос сөз, өйткені бюджетті қабылдамай тастау жөніндегі өзінің «парламенттік» даусыз правосын жүзеге асыруға буржуазиялық партиялардың *көпшілігінің* батылы барған жоқ. Ал кадеттер болса, өздерімен октябристер де, прогрессистер де келіспеген күнде,— Думада да, елде де *түкке тұрмайды.*

2-ден, формуланың идеялық-саяси *мазмұны* неге келіп тіреледі? *«Кең реформаларды* мейлінше тезірек жүзеге асыруды талап етеміз»,— октябристер қабылдаған формулада осылай делінген. Прогрессистер де осылай деп жазды. «Центрдікі» де (яғни жартылай октябристердікі, жартылай ұлтшылдардікі) дәл осының өзі, тіпті одан да күштірек айтылған: *«түбегейлі реформаларды»* делінген! Кадеттердің формуласы да түгелдей нақ сол реформистік тұрғыда болып отыр: олардың тек сөздері ғана өткірлеу, ал идеялары — түгелдей реформистік идеялар.

3-ден, кадеттерден бастап октябристерге дейін, формулалардың бәрінде *реакциялық* көзқарас айқын білдірілген.

Бұл жөнінен, «Речьтің» жалған сендірулеріне қарамастан, октябристік формула оңшылдау емес, қайта прогрессистердің, тіпті кадеттердің формулаларынан да солшылырақ. Өздеріңіз көріп, төрелік етіңіздер:

1) прогрессистерде: (министрлік) «ел ішінде мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін аласапыран ұрығын сеуіп отыр»;

2) кадеттерде: «мұндай жағдай мемлекеттік және *қоғамдық* қауіпсіздік үшін елеулі қауіп болып отыр»;

3) октябристерде: «министрлік халықтың заң мен өкіметті құрметтеуін жойып отыр, сөйтіп оппозициялық пиғылды күшейтті».

«Биік саясат» тілінен қарапайым тілге аударғанда мұның өзі бір-ақ нәрсе: кадеттер де, октябристер де, прогрессистер де *помещиктердің* қауіпсіздігін, әлбетте, жеке адамдар ретінде емес, тап ретінде, қазіргі система тұсындағыдан да жақсырақ қорғауға *уәде беріп отыр.*

4-ден, осы айтылған үш партияның үшеуі де ұлтшылдық пен шовинизм көзқарасында: министрлік «Россияның күш-қуатын әлсіретіп отыр-мыс» (октябристер мен

прогрессистерде) немесе «мемлекеттің сыртқы куш-қуатын» (онан да айқынырақ!) «әлсіретіп отыр-мыс» (кадеттерде).

Либералдар айтпай және бұрмалап отырған фактілер осындай. IV Думаның «тарихи» формуласы — бюджетке дауыс берген және реакциялық ұлтшылдық пен шовинизмнің көзқарасын айқын білдірген *жағдайда* үкіметті айыптап, «негізгі реформалар» жасау тілегін білдіру үшін прогрессистердің делдалдығы арқылы кадеттердің октябристермен *келісімге келуі.*

*1913 ж. 27 майда (9 июньде) жазылған*

*1913 ж. 2 июньде «Правда» газетінің 126-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ҚОЛДАЙТЫН КІМ?

IV Думаның ішкі істер министрлігінің сметасы бойынша жасаған атышулы формуласын біздегі либералдық баспасөз былай деп түсіндіреді: «үкімет өзімен-өзі ғана болып әрекет жасап отырған секілді». «Қаржы алып отыратын газеттер мен қаржы алып отыратын ат төбеліндей саясатшылдардан басқа үкіметтің ел ішінде достары жоқ, ал ол газеттер мен саясатшылдар қаржы беріліп отырғанда ғана сенімді».

Мұның өзі «байсалды», профессорлық «Русские Ведомостидің» пікірі, ойнамаңыздар!

«Үкімет мүлде оқшау қалып отыр, сөйтіп тіпті оның өзі құрған саяси топтардан да қолдау таппай отыр». Бұл — «Речьтің» пікірі.

Либералдық лагерьдегі профессорлардың, адвокаттардың, жазушылар мен депутаттардың осы пайымдауларынан байқалып отырғанындай балалықтың үлгісін табу, сірә, оңай болмас. «Құдайға шүкір, парламенті жоқ», елдегі шынында да ем қонбас парламенттік кретинизм деген, міне, осы!

Өзімен-өзі болып отыр, дейсіздер ме сіздер?!

Ал сіздер, профессор және депутат мырзалар, біріккен дворяндар советі дегенді естімеп пе едіңіздер? *оның* үкімет саясатын қолдағаны туралы ше? помещиктер табының Россияның жақсы өңірлеріндегі жүздеген миллион десятина жақсы жерлері туралы ше? нақ сол таптың еншісіне тиіп отырған барлық аса маңызды, азаматтық және әскери лауазымдар туралы ше? нақ сол

таптың ортасынан шыққан қант және басқа да финанс корольдері туралы ше?

Естімедіңіздер ме? Пай-пай, либерализмнің кемеңгер мемлекеттік сабаздары-ай!

Үкімет мүлде оқшау қалып отыр, оның ел ішінде достары жоқ, дейсіздер ғой?

Ал сіздер не істеп отырсыздар, мырзалар? Сіздер прогрессистермен және октябристермен бірге ішкі істер министрлігінің сметасына дауыс бердіңіздер ғой!

Ешкімге міндетті емес «тілек» білдіріп, қанша тілесең, сонша ақшаны оп-оңай бере салатын таныс миллионерлердің қанша екенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Сіздер, мырзалар, осы миллионерлерді өзіміздің достарымыз деп атауға хақымыз бар деп, өздеріңізді (миллионшылар ортасында) «оқшау қалдық» деп білмейсіздер ме.

Бірақ сіздер үкіметке өз формулаңыз арқылы материалдық қана емес, оның үстіне зор *идеялық* қолдау көрсеттіңіздер. Мұның өзі өте маңызды, сондықтан өздеріңіз үшін қытыққа тиетін мәселені жұртшылық алдында сіздердің орағытып кетулеріңізге біздер жол береді екен деп ойламаңыздар.

Думада не туралы талас болды? Полиция реформасы және «праволық құрылыстың дұрыс шекарасы» жөнінде тілек білдіріп... ақша беру керек деді ұлтшылдар. Ақша беру керек, бірақ түбегейлі немесе кең реформалар жасауға тілек білдіру керек деді октябристер, сөйтіп өздерінің *контрреволюциялық* ұлтшылдық пен шовинизм көзқарасын сөзсіз жақтайтынын *қосып* айтты.

Сөйтіп либералдардың бәрі көзбояушылық жасап отыр: қосымша туралы үндемей, олар «түбегейлі реформаларды» талап етуді мақтан етеді! Қайдағы бір данасынған жойымпаздың нұсқауы бойынша, олардың тізіміне «коалициялар бостандығы мен аграрлық заңдарды қайта қарауды» қосу ғана жетпей қалған...

Крепостник-помещиктер реакцияны жақтайды. Буржуазия реформаны жақтайды. Буржуазия өзінің «формуласы» арқылы үкіметке моральдық соққы берді. Бірақ бұл буржуазия *сонымен қатар* өзінің контрреволюцияшылдығын баса көрсету арқылы үкіметке мо-

ральдық *қолдау* көрсетті! Ал *мұндай* қолдаудың ондаған «моральдық» соққылардан да жүз есе артығырақ шын және неғұрлым салмақтырақ маңызы бар.

Думадағы «тарихи» формула үшінші июнь системасының тұйыққа тірелгенін жүзінші рет дәлелдеді. Жоғарыда көрсетілген позицияда қала берсе, буржуазия тұйықтан шығуға дәрменсіз. Тарих тәжірибесі бізді мынаған үйретіп отыр: егер дағдарыстың нақ либералдар жалтарып, бойын аулақ салып отырған шешімі табылмаса, буржуазия реформалар туралы ондаған жылдар бойы арман етуге, тұйыққа тіреліп, әуре-сарсаң болуға және Пуришкевичтердің қамытын киіп жүре беруге бар.

*1913 ж. 27 майда (9 июньде) жазылған*

*1913 ж. 5 июньде «Правда» газетінің 127-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛ ЖЕЛӨКПЕЛЕР

## (ПОТРЕСОВ ТУРАЛЫ)

...* Потресов мырза Г. В. Плехановтың 1905 жылғы августа шыққан мақаласын цитатқа келтіреді (дұрысы: құн-жұн етеді). Бұл кезде социал-демократиялық партияның III съезінде (Лондон, май 1905) топтасқан большевиктер мен меньшевиктер (сол кезде Женевада болған «конференция») бір-бірінен толық және ресми түрде бөлінген болатын. Большевиктерде және меньшевиктерде 1905 жылы да, 1906 жылдың көктемінде де бөлек баспасөз органдары болды.

Мұның бәрі жалпыға мәлім тарихи фактілер, ал желөкпе Потресов мырза осы фактілердің ұмытылғанын пайдаланып отыр.

Бұл фактілерді оның *атамауына* тура келеді, өйткені олар желөкпенің ұятсыздығын әшкерелейді!

Сол кездегі социал-демократиялық *екі* партияның *бірде-бірінде* (ал Плеханов ол кезде екі партиядан да шет тұрған-ды) Г. В. Плеханов мақаласының бейпартиялық мәні туралы, ондағы жойымпаздық туралы, онда партияны бүлдіру немесе жоққа шығару туралы *партияның бірде-бір* шешімі жоқ!

Осымен бәрі айтылды, жалтарушы және бой тасалаушы либерал желөкпе мырза.

Жойымпаздық дегеніміз — 1908 жылы декабрьде де, 1910 жылы январьда да *партияның* ресми шешімдері (барлық ағымдар *бір ауыздан)* айыптаған *ағым.*

* Қолжазбаның бірінші беті табылмады. *Ред.*

Плехановтың мақаласынан партияның *бірде-бір* конференциясы (немесе басқа мекемесі) жойымпаздықты *ешқашан* «тапқан» емес. *Осымен бәрі айтылған!* А. Н. Потресов мырза ескі мақалаға жармасып отыр, оны, Потресовты, оның жойымпаздық *бағытын бүкіл партияның* айыптаған фактісін *басып тастау* үшін толып жатқан цитаттар келтіріп отыр.

Либерал интеллигенцияның Потресов мырза тәрізді желөкпелері *жұмысшы партиясының* шешімдеріне марғаздана мұрын шүйіріп, мейлінше жиіркеніп қарайды. *Партияның* шешімдерінде олардың, бұл желөкпелердің, шаруасы да жоқ!

Ал жұмысшы партиясының либералдық «Лучта» және В. Чернов мырзаның Либкнехттен халықшылдықты «тапқаны» сияқты, Плехановтың ескі мақалаларынан жойымпаздықты «тапқан» либерал Потресов мырзада шаруасы жоқ.

Партияның жойымпаздықты айыптауынан Потресов мырзаның мылжыңмен құтылып кетпек болып әуреленуі аянышты да күлкілі!

Потресов мырза мен «Луч» Плехановпен *кінәласу* туралы тек босқа мылжыңдап, оқушыны адастырып жүр. Олар өздерінің Плехановты айыптамақ болған әуресін кімнің де болса *айыптап,* күлкі қылатынын біледі.

*1913 ж. 27 майда (9 июньде) жазылған*

*Қолжазба бойынша, бірінші рет толық басылып отыр*

# «ПРАВДА» БУНДШЫЛДАРДЫҢ СЕПАРАТИЗМІН ДӘЛЕЛДЕДІ МЕ?

«Правданың» 104 (308)-номерінде «Россиядағы сепаратистер мен Австриядағы сепаратистер»* деген мақала басылған еді. Енді Вл. Косовский мырза «Лучтың» 119 (205)-номерінде мұны теріске шығарып отыр, дәлірек айтқанда осы мақала жөнінде «Правдаға» қарсы бірсыпыра балағат сөздер айтып отыр. *Өз* ұйымының тағдырын ойлайтын жұмысшыларға біз даулы мәселелерді *орағытып өткен* лучшыл мырзалардың осы бүйректен сирақ шығарушылығын ғана көрсете аламыз.

«Правда» бундшылдардың сепаратизмін немен дәлелдеді?

1) Олардың 1903 жылы *партиядан шығуымен* дәлелдеді. Косовский мырзаның балағат сөздері бұл фактіні титтей де теріске шығара алмады. Косовский мырзалар фактілерді теріске шығаруға *дәрменсіз* болғандықтан да балағаттап отыр.

2) Еврей жұмысшыларының *барлық жерде де Бундқа қарамастан* партияға кіргендігі және кіріп отырғандығы арқылы дәлелдеді.

Ал бұған қарсы Бундтың нашар қорғаушысы аузын да аша алмайды!

3) Жергілікті жерлерде *барлық ұлт* жұмысшыларының бірлігі туралы партияның шешімін, 1906 жылы қабылданған және 1908 жылы арнайы түрде қуатталған шешімді[78] Бундтың ашықтан-ашық *бұзуымен* дәлелдеді.

---

* Қараңыз: осы том, 134—136-беттер. *Ред.*

Косовский мырза бұған қарсы бір ауыз сөз айта *алмады!*

4) Бундшыл Медемнің: бундшылдар ешқашан жергілікті жерде бірлікті жүзеге асырған емес, яғни қашан да сепаратистер болып келді деп мойындауымен дәлелдеді.

Косовский мырза бұған ешбір қарсылық көрсете алмады!

Ойлап қараңызшы, оқушы, «Правданың» басты-басты *төрт* қағидасына қарсы *мүлде еш нәрсе* айта *алмайтын* мырза қалайша балағаттамасын, қалайша долданбасын?

Онан соң «Правда» сепаратизмі үшін *бүкіл* Интернационал бір ауыздан айыптаған Австриядағы чех сепаратистерінің органынан дәлме-дәл цитат келтірді. Бұл органдағылар сепаратистер жөнінде «жақсылыққа қарай бұрылғаны» үшін Косовский мырзаны (оның жойымпаздық «Наша Зарядағы» мақаласын) *мақтайды.*

Бұл қалай, Косовский мырза? Біздің цитатымыз дұрыс емес пе? Косовский мырза оның дұрыс екенін біледі, сондықтан: «чехтардың қайдағы бір газетсымағынан алынған әлденендей бір пікір» деп дәрменсіз ызаланады.

Өтірік айтпаңыз, сепаратист мырза және еврей либералы! Өтірік сізге жәрдемдеспейді, ол сізді тек әшкерелейді.

«Әлденендей бір пікір» емес және «чехтардың қайдағы бір газетсымағында» емес, чех сепаратистерінің немісше *органында* жазылған *арнаулы* мақала. Бұл — факт, ал сіз оны теріске шығарған жоқсыз.

Мен сепаратистерді қорғап отырған жоқпын — деп ақталады Косовский мырза «Наша Зарядағы» өзінің мақаласын баяндай отырып.

Солай ма еді? Демек, *чех сепаратистері* сізді *теріс түсінген ғой??* Бундтың бейшара либерал көсемдері-ай! Оларды дұшпандары ғана емес, тіпті *достары* да *«түсінбепті»!*

Бірақ өтірігі ашылған ұсақ суайт жалтару мен балағаттау арқылы құтылмақ болғысы келетінін жұмысшылардың қайсысы болса да жақсы түсінеді. Жұмысшыларды мұнымен қорқыта алмайсыздар, мырзалар.

«Правда» бундшылдардың сепаратистер екенін дәлелдеді. Вл. Косовский мырза мұны теріске шығара алмады.

В. Косовский, Медем және К⁰ мырзалар — еврей жұмысшыларын буржуазияшылдық ұлтшылдықпен және сепаратизммен аздырып жүрген бір топ либерал интеллигенттер. Осы үшін «Правда» бундшылдармен айқасты және айқасады да.

Жұмысшы партиясына еврей социал-демократ жұмысшылары Бундқа қарамастан және Бундқа қарсы барып кіреді.

*1913 ж. 28 майда (10 июньде) жазылған*

*1913 ж. 5 июньде «Правда» газетінің 127-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ЛИБЕРАЛДАР IV ДУМАНЫ ЖАҚТАУШЫЛАР РОЛІНДЕ

III Дума өмір сүре бастаған алғашқы кезде-ақ марксистер,— жекелеген мақалаларда ғана емес, ресми шешімде,— үшінші июнь системасы Думаның екі көпшілігін: оңшыл-октябристік және октябристік-кадеттік* көпшілігін әдейі жасағанын көрсетті. Бұлардың екеуі де реакциялық негізде тұр, помещикке буржуазия қолдауының керектігі сияқты, екеуі де үкіметке *керек.*

Ал енді біз мына күйге жетіп отырмыз: либералдар IV Думаны ұдайы қорғауға және ол үшін *«халықтың және қоғамдық қолдауды»* талап етуге кірісіп отыр.

Адам сенгісіз нәрсе, бірақ факт. Осы сөздер «Речьтің» 139-номерінің бас мақаласында жазулы. Ішкі істер министрлігінің сметасы бойынша IV Думаның дауысқа салуынан гөрі осы бас мақала «тарихи» деген атқа әлдеқайда көбірек лайық. Бас мақала шынында да программалық мақала. Думаның елге, елдің Думаға көзқарасы туралы мәселе демократияға өнеге боларлықтай кең түрде қойылып, жете түсіндіріледі.

«Дума дегеніміз — тек декорация. Думаның қызметі — алдау мен екіжүзділік, ал Думаның идеологтары халықты тек алдауға ұрындырып, оны конституциялық жалған үміттермен жемдейді деп беруді,— деп жазады либералдардың басты органы,— социал-демократтарға-ақ қалдырайық».

Думаның, *төртінші* Думаның, жаңа *идеологтарын* құттықтаймыз! Аянышты сол ғана, олар — міне,

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 184-бет. *Ред.*

осындай надан жандар. Социал-демократтар партиясы III және IV Дума тек декорация деп ешқашан айтқан емес, қайта осылай деп ойлайтын және осылай дейтін солшыл халықшылдардың қатесін әрқашан түсіндіріп келді, III және IV Дума — контрреволюциялық күштердің елеулі және іскерлік одағының мекемесі деп әрқашан дәлелдеп келді.

«Қоғамдық күрес майданында әзір өзінің жоқтығымен ғана сезілетін қоғамдық күштерді күтуде (?),—деп жазады «Речь»,— Дума қоғамдық күш *болып табылады»*.

Дау жоқ, либерал мырзалар, Дума дегеніміз — күш. Тек қандай күш? Помещиктік және буржуазиялық контрреволюциялық күш. Ал егер кадеттер демократиялық күштердің майданда «болмай отырғанын» ғана «көретіп» болса, онда бізге: көргісі *келмейтін* адам — кез келген соқырдан да жаман дейтін даналық сөзді ескерту ғана қалады.

Біз кішкене ғана тарихи салыстырма келтірелік: мұнап он сегіз жыл бұрын, 1895—1896 жылдары, ондаған мың жұмысшылардың қозғалысын[79] либералдық қоғам көрген еді және *өте* жақсы көрген еді. Ал қазіргі кезде осы «қоғам» одан он есе зор нәрсенің «жоқтығын» ғана көріп отыр. Көргісі *келмейтін* адам — кез келген соқырдан да жаман деген осы.

Ал осы көргісі келмеушілік демократиядан сырт айналған кадеттік және октябристік буржуазияның таптық мүдделерінен шығады.

«Біз қоғамдық пікірді,— деп жазады «Речь»,—Думаны *өз* күшіміз деп тануға шақырамыз... қоғамда Думаға ынта туғызу қоғамдық еріктің тікелей көрінісі», т. т. және т. т.

Октябристерді және октябристік Думаны осылай дәріптеу үшін либералдар мен кадеттер қандай масқаралыққа дейін құлдырап, қандай оңбаған және қандай лас нәрсеге жегуге тиіс болды десеңізші! Кадеттер дегеніміз аңқауларды алдау үшін әдемі түске боялған октябристердің дәл өзі екеніне жүзінші, мыңыншы дәлел, міне, осы.

Тағы бір тарихи салыстырма келтіріп аяқталық. Бұдан жарты ғасыр бұрын пруссиялық октябристер және кадеттер[80] Бисмаркке қарсы реформалар талап еткен формулалар арқылы ғана емес, онымен қатар қарыз беруден бас тарту арқылы да «күрескен» болатын. Ал ақыры не болды? Пруссияда «үшінші думалық» сайлау заңы осы уақытқа дейін үстем болып отыр. Осы уақытқа дейін Пруссия буржуазияның адам айтқысыз экономикалық қуаты оның помещиктер алдында адам айтқысыз бас шұлғуымен қосыла көрініп отырған елдердің үлгісі болып келеді.

Думадағы кадеттік-октябристік блокты қолдау емес, бұл блоктың ішкі шіріктігін және демократияның дербес міндеттерін түсіндіру — жұмысшы табы мүдделерінің және бүкіл демократия мүдделерінің талап етіп отырған нәрселері, міне, осы.

*1913 ж. 28 майда (10 июньде) жазылған*

*1913 ж. 6 июньде «Правда» газетінің 128-номерінде басылған*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ФРАНЦИЯДАН

(БІЗДІҢ ТІЛШІМІЗДЕН)

Біздің газетімізде Густав Эрвенің көрсеткен тұрлаусыздығының ғажап үлгісі туралы бұдан бұрын айтылған болатын. Осы пысық журналист және үгітші, социалистік мектептен өтпеген және социалистік білім алмаған адам, жұмысшы партиясына буржуазиялық интеллигенттің барлық әдеттерімен және қылықтарымен (профессорлар қағарынан) көшті. Ол оппортунист ретінде бастады. Сонан соң «барып тұрған солшылдарға» жалт берді де, көпке дейін антимилитаристік рухтағы айқай-шумен буржуазияны «қорқытып», жартылай анархистік нәрселерді уағыздап жүрді.

Жақында ол анархистерден сырт айналып, партияға, парламенттік күресті және тәрбиелік-ұйымдастыру жұмысын мойындауға қайта орала бастады. Бірақ мұнда да біздің пысық интеллигентсымақ тұрақтай алмады, тағы да оппортунистерге жалт берді. Соңғы минуттың әсеріне тым берілгіш және тұрлаусыз ауытқуға бейім импрессионист ретінде оның Франциядағы шовинизмнің, ұлтшылдық пен империализмнің қазіргі реакциялық толқынынан «қорыққаны» соншалық, ол буржуазиялық радикалдармен «блок», яғни одақ жасау саясатына қайтып оралуды уағыздауға кірісті. Францияда республиканы сақтап қалу үшін, байқайсыз ба, радикалдармен блок жасау қажет екен,— әйтпесе реакционерлер Францияда монархияны немесе империяны қайтадан қалпына келтіреді екен!

Барып тұрған оппортунистер болмаса, француз социалистері тұрлаусыз Эрвені күлкі етіп, блокқа қарсы үзілді-кесілді наразылық білдіретінін айтудың да қажеті жоқ. Жақында жұмысшы партиясының Францияның оңтүстігінде шығарылатын органдарының бірі көрнекті социалистердің *блокқа қарсы* бірқатар пікірлерін келтірді.

Социалистер реакцияға қарсы науқанды бастады және жүргізіп те отыр — деп әділ айтады әлгі көрнекті қызметкерлер,— социалистер үш жылдық әскери қызметке қайта оралу туралы (яғни реакциялық, казармалық, мүлде демократиялық емес армияға қайта оралу туралы) заңға қарсы наразылықты бұқараға таратты. Социалистер *пролетарлық блокты,* яғни социалист-жұмысшылардың синдикалист-жұмысшылармен одағын жүзеге асыруда. Радикалдардың және «радикал-социалистердің» (біздің халықшылдарға ұқсас ұсақ буржуазиялық партия) тек болмашы бөлегі ғана социалистердің осы нағыз демократиялық науқанын қолдап отыр, онда да қобалжи қолдап отыр.

Блоктың қажеті не? Ауытқушылармен одақ жасау бұқараның тегеурінін әлсіретіп, ауытқушылықты күшейтеді! Ал радикалдар қандай жағдайда болсын реакцияға қарсы *шығатындықтан* социалистер олардың қолдауынан ешқашан бас тартқан емес.

Міне сіздерге Шарль Дюмон мен Альфред Массэ мырзалар,— деп жазады бір социалист,— нағыз «радикал-социалистер», бұлар үш жылдық қызмет туралы заңды министрлік орын тие ме деп дәмеленетіндіктен *қорғап отыр.* Міне сіздерге радикалдардың көсемі, осы заңды *жақтап* науқан жүргізуші Клемансоның «өзі». Міне сіздерге радикалдардың екінші бір өте көрнекті көсемі Леон Буржуа, бұл да осы заңды жақтаушы. Ақырында, депутаттар палатасы жанындағы әскери комиссияда бұл заң *тек қана* социалистердің 4 даусына қарсы 17 дауыспен қабылданды.

Радикалдар мен «радикал-социалистердің» осы ұятсыз буржуазиялық партиясымен бұл арада қандай блок болмақ? Бұқара арасында ол партияға *қарсы* үгіт жүргізе отырып қана француз социалистері барлық демо-

кратиялық элементтерді осы партиядан *бөліп* ала алады, сөйтіп, оның белгілі бір бөлегін солға, демократияға баруға *мәжбүр ете* алады. Сайлауда бұқараға толық тәуелді болғандықтан (өйткені Францияда, әлбетте, жалпыға бірдей сайлау правосы және парламентарлық басқару бар), көптеген радикалдар бұқара арасында көріне қадірсіз реакциялық заңды *жақтап* біржолата дауыс беруден бұрын әуелі қатты ойланып алатын болар.

Францияда (барлық жерлердегі сияқты) демократия мен республиканың бірден-бір елеулі сүйеніші — ол бұқара, жұмысшылар бұқарасы, ал олардан кейін ұсақ шаруалардың бұқарасы, бірақ буржуазиялық партиялардың парламенттік епшілдері, майрампаздары, мансапқорлары мен авантюристері емес, өйткені бұлар ертең (министрлік орынға бола немесе қандай да бір концессия сияқты тиімді іске бола немесе миллионерлердің синдикатындағы лауазымға, т. с. бола) демократияны да, отанды да сатып кету үшін (жалдама құлдыққа қарсы Париж жұмысшыларының көтерілісінен қорыққанынан 1871 жылы француз буржуаларының Францияны Бисмаркке сатқанындай) бүгін өздерін «радикал-социалистерміз» деп жариялайды.

Блок жасасу идеясымен күресуші және бұқара арасында социалистік жұмыс пен үгітті өрістетуші француз социалистерін тек қызу құттықтауға болады.

*1913 ж. 30 майда (12 июньде) жазылған*

*1913 ж. 5 июньде «Правда» газетінің 127-номерінде басылған*
*Қол қойған: Ф.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ШАРУАЛАР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ

Халықшылдық газеттер мен журналдардан біз жұмысшылар мен «еңбекші» шаруалар бір тап деген пікірді жиі кездестіреміз.

Бұл козқарастың мүлдем терістігі қазіргі мемлекеттердің бәрінде де азды-копті дамыған капиталистік ондірістің, ягни рынокта капиталдың қожайындық етуінің және оның еңбекшілер бұқарасын жалдама жұмысшыларға айналдыруының үстем екенін түсінетін әркімге-ақ аян. Ал «еңбекші» шаруа деп жүргеніміз іс жүзінде *ұсақ қожайын* немесе ұсақ буржуа, ол әрқашан дерлік — не өзгенің жұмысына жалданады, не өзі жұмысшылар жалдайды. «Еңбекші» шаруа, ұсақ қожайын болғандығынан саясатта да қожайындар мен жұмысшылардың арасында, буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқып отырады.

«Еңбекші» шаруаның осы қожайындық, немесе буржуазиялық, табиғатының ең айқын дәлелдерінің бірі ауыл шаруашылығындағы *жалдама еңбек* туралы деректер болып табылады. Буржуазияшыл экономистер (соның ішінде халықшылдар да) әдетте, жалдама еңбексіз-ақ жүргізіле беретін шаруашылықты ұсақ ондіріс деп түсініп, егіншіліктегі ұсақ ондірістің «өміршеңдігін» дәріптейді. Ал шаруалардағы жалдама еңбек туралы дәл деректерді олар жақтырмайды!

Бұл мәселе жөнінде ең жаңа ауыл шаруашылық санақтары арқылы: Австриядағы 1902 жылғы санақ пен

Германиядағы 1907 жылғы санақта жиналған деректерді қарастырып көрелік.

Неғұрлым дамыған елде егіншіліктегі жалдама еңбек те соғұрлым күштірек болады. Германияда ауыл шаруашылығындағы барлық 15 миллион жұмысшыдан $4^1/_2$ миллионы, ягни 30 проценті; Австрияда 9 миллион жұмысшыдан $1^1/_4$ миллионы, ягни 14 процентке жуығы жалдама жұмысшы болып шықты. Егер біз әдетте шаруа (немесе «еңбекші») шаруашылығына жатқызылатын шаруашылықтарды, атап айтқанда 2-ден 20 гектарға дейін (гектар десятинаның — $^9/_{10}$ бөлігі) жері бар шаруашылықтарды алатын болсақ, онда жалдама еңбектің Австрияда да едәуір дамығанын көреміз. 5-тен 10 гектарға дейін жері бар шаруашылықтар — 383 мың; олардың 126 мыңы жалшы ұстайды. 10-нан 20 гектарға дейін жері бар шаруашылықтар — 242 мың, олардың 142 мыңы (ягни $^3/_5$ бөлегіне жуығы) жалшы ұстайды.

Сонымен, ұсақ шаруа («еңбекші») егіншілігі *жүздеген мың* жалдама жұмысшыларды қанайды. Шаруалар шаруашылығы неғұрлым ірірек болса, сан жағынан едәуір семьялы жұмысшы күшімен қоса жалдама жұмысшылардың саны да соғұрлым көбірек болады. Мысалы, Германияда әрбір 10 шаруа шаруашылығына мынадай жұмысшыдан келеді:

| Шаруашылықтар: | Семьялы | Жалдама | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 2 – 5 гектарлы | 25 | 4 | 29 |
| 5 – 10 » | 31 | 7 | 38 |
| 10 – 20 » | 34 | 17 | 51 |

Неғұрлым ауқатты шаруалар, жері көп болғандықтан, семьясында «өз» қызметшілерінің саны көп бола тұрып, *оның үстіне* көптеген *жалшы* ұстайды.

Бүтіндей рынокқа тәуелді капиталистік қоғамда егіншіліктегі жаппай ұсақ (шаруалық) өндіріс жалдама еңбекті жаппай қолданбайынша *мүмкін емес.* «Еңбекші» шаруа деген тәтті сөз жалдама еңбектің осы қаналуын *бүркеп,* жұмысшыны тек алдайды.

Австрияда $1^1/_2$ миллиондай (2-ден 20 гектарға дейін жері бар) шаруалар шаруашылығы *жарты миллион* жалдама жұмысшы жалдайды. Германияда 2 миллион

шаруалар шаруашылығының $1^1/_2$ *миллионнан аса* жалдама жұмысшысы бар.

Ал неғұрлым ұсақ қожайындар ше? Олардың өздері жалданады! Олар — ұлтарақтай жері бар жалдама жұмысшылар. Мысалы, Германияда — жері 2 гектардан кем шаруашылықтар $3^1/_3$ миллиондай (3 378 509). Олардың ішінен *дербес* егіншілер — *жарты миллионға жетпейді* (474 915), ал *жалдама жұмысшылар — 2 миллионнан* азғана кем (1 822 792)!!

Сонымен, қазіргі қоғамдағы ұсақ егіншілердің жағдайының өзі оларды лажсыздан ұсақ буржуаға айналдырады. Олар жалдама жұмысшылар мен капиталистердің арасында әрдайым ауытқып жүреді. Шаруалардың көпшілігі жоқшылық көріп күйзеледі, пролетарларға айналады, ал азшылығы капиталистерге еріп, село халқы көпшілігінің соларға тәуелділігін қолдап отырады. Сондықтан капиталистік елдердің бәрінде де шаруалардың көпшілігі түрлі реакциялық және буржуазиялық партияларға қосылып, жұмысшылардың социалистік қозғалысынан осы күнге дейін сырт қалып отыр. Жалдама жұмысшылардың тап күресін дәйекті жүргізетін дербес ұйымы ғана шаруаларды буржуазияның ықпалынан құтқара алады және оларға капиталистік қоғамда ұсақ өндірушілер жағдайының әбден тұйыққа тірлетінін түсіндіре алады.

Россияда шаруалардың жағдайы капитализм тұрғысынан алғанда Австрияда, Германияда және т. с. көріп отырған жағдаймен бірдей. Біздің «ерекшелігіміз» — біздің мешеулігіміз: шаруалардың алдында капиталистік жер иеленуші тұрған жоқ, Россияның экономикалық та, саяси да мешеулігінің ең басты тірегі болып табылатын *крепостник* ірі жер иеленуші тұр.

*1913 ж. 30 майда (12 июньде) жазылған*

*1913 ж. 11 июньде «Правда» газетінің 132-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ТАП КҮРЕСІНІҢ ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАРКСТІК ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ

### ЗАМЕТКА

Жойымпаз А. Ерманский «Наша Заряда» ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының саяси ролі туралы мәселе жөніндегі оның (және Гушканың) көзқарасын менің сынағаныма («Просвещение» № 5—7)* ашулы сөздерді үйіп-төгіп қатты шүйлікті.

Ерманский мырза ұрысқақ қылықтары және бұрынғы көрген «жәбірлерін» (соның ішінде 1907 жылы С.-Петербургте социал-демократиялық ұйымды жікке бөлуге босқа әуреленген Дан мырза мен К° көрген «жәбірді») еске түсірулері арқылы мәселенің шын мәнін *жауып тастауға* тырысады.

Бірақ ендігі таластың мәнін біз Ерманский мырзаның орынсыз жәбір көргенін, жойымпаздардың жеңілістерін еске түсіру арқылы жауып тастауына қайткенмен жол бермейміз. Өйткені ендігі талас өте маңызды принциптік мәселеге қатысты, ал бұл мәселе алуан түрлі мыңдаған желеулермен үнемі қайта-қайта көтеріліп отыр.

Бұл — марксизмді либералдық түрге бояу туралы, тап күресіне маркстік, революциялық, көзқарасты либералдық көзқараспен алмастыру туралы мәселенің нақ өзі. Марксистердің жойымпаздарға қарсы барлық таластарының осы идеялық негізін түсіндіруден біз жалықпаймыз.

А. Ерманский мырза былай деп жазады:

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 319—338-беттер. *Ред.*

««Марксист» Ильин өнеркәсіптік ұйымдардың қызметінде, мен (Ерманский) өз мақаламда сипаттағанымдай, «жалпы ұлттық (ішінара тіпті интернационалдық) көлемдегі» тап күресі бар деуіме ешбір келіспейді. Неге? Неге десеңіз, мұнда *жалпы* ұлттықтың және *жалпы* мемлекеттіктің негізгі белгісі: мемлекеттік өкімет құрылысы жоқ»..» («Наша Заря», 55-бет.)

Міне, мәселенің мәнін орағытып өту үшін мүмкін және мүмкін емес нәрселердің бәрін істеп келе жатқан А. Ерманскийдің нақ өзінің мәселенің *мәнін* баяндаған түрі бұл! Оның көзқарастарын бұрмалады деп және барлық күнәны қаншама үйіп-төгіп мені қалай айыптаса да, тіпті 1907 жылғы жікке бөлінуді еске түсірудің «тасасына» тығылып, қалай бұлтақтаса да, бәрібір шындық жеңеді.

Сонымен, менің тезисім айқын: жалпы ұлттықтың негізгі белгісі — мемлекеттік өкімет құрылысы.

Сіз бұл көзқарасқа қосылмайсыз ба, менің ашулы қарсыласым? Сіз мұны бірден-бір маркстік көзқарас деп санамайсыз ба?

Онда сіз туралап неге айтпайсыз? Сіз теріс көзқарасқа дұрыс көзқарасты неге қарсы қоймайсыз? Егер, сіздің пікіріңізше, жалпы ұлттықтың негізгі белгісі—мемлекеттік өкімет құрылысы деу тырнақшаға алынған марксизм ғана болса, онда сіз неге менің қатемді теріске шығармайсыз, марксизмді *өзіңіздің* қалай түсінетініңізді неге айқын, анық бұлтақсыз баяндамайсыз?

Егер біз А. Ерманский мырзаның жоғарыда келтірілген пайымдауларының *ізінше* келетін мына пікірлерін цитатқа алсақ, бұл сұрақтардың жауабы оқушыға түсінікті болады:

«Ильин бүкіл мемлекеттік құрылысты қалайда өзгертуге жету үшін орыстың ірі буржуазиясы өзінің тап күресін басқаша жүргізгенін тілейді. Ильин тілейді, бірақ буржуазия тілемейді,— бұған, әрине, «Маркс айтқан мағынадағы тап күресі ұғымын тап күресінің *либералдық* ұғымымен алмастырып отырған «жойымпаз» Ерманский кінәлы»».

Бұлтарып отырған жойымпазды *қылмыс үстінде* ұстап алуға мүмкіндік беретін Ерманский мырзаның бүкіл тирадасы түгелімен, міне, осы.

Көз алдымызда бұлтарып жатыр.

Жалпы ұлттықтың «негізгі белгісін» мен дұрыс көрсетіп отырмын ба әлде жоқ па?

Мен істің нақ осы мәнін көрсеткенімді А. Ерманский мырзаның өзі мойындауға мәжбүр болды.

Ал Ерманский мырза өзінің ұсталғанын сезіп, жауаптан жалтарады!

Мен көрсеткен негізгі белгінің дұрыс-бұрыстығы туралы мәселені орағытып өтіп, «ұсталған» Ерманский мырза бұл мәселеден Ильин не «тілейді», буржуазия не «тілейді» деген мәселеге секіріп түседі. Бірақ Ерманский мырзаның секірістері қаншама батыл, қаншама ашынулы болғанымен де, ол өзінің ұсталғанын жасыра алмайды.

Егер талас тап күресі *ұғымы* туралы болып отырған болса, бұл жерде «тілеудің» не қатысы бар, сүйікті оппонентім?! Менің сізді маркстік *ұғымды* либералдық ұғыммен алмастырдыңыз деп айыптап отырғанымды, менің жалпы ұлттық тап күресіне мемлекеттік өкімет құрылысын қоса есептейтін *маркстік* ұғымның «негізгі белгісін» көрсеткенімді сіз өзіңіз мойындауға тиісті едіңіз.

А. Ерманский мырзаның, ашулы болғанмен, керемет олақ айтысушы екені соншалық, ол *өзінің мысалымен* жалпы алғанда жойымпаздықтың, жекелеп алғанда оның, Ерманскийдің, қателері тап күресінің либералдық ұғымымен байланысты екенін айқын түсіндірді!

Тап күресі туралы мәселе — марксизмнің ең негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтан нақ осы тап күресі *ұғымына* толығырақ тоқталу керек те.

Тап күресі атаулының бәрі саяси күрес[81] болып табылады. Маркстің осы терең мағыналы сөздерін либерализм идеялары билеп алған оппортунистердің теріс түсінгені және оны бұрмалап түсіндіруге тырысқаны мәлім. Мысалы, жойымпаздардың ағалары «экономистер» оппортунистердің қатарына жататын. «Экономистер» таптардың арасындағы кез келген қақтығыс саяси күрес болып табылады деп ойлады. Сондықтан *саясат* үшін жүргізілетін неғұрлым жоғары дәрежедегі, дамыған, жалпы ұлттық *тап* күресін көргісі келмеген «экономистер», бір сомға бес тиын қосу үшін күресуді «тап

күресі» деп білді. «Экономистер», сонымен, енді өркен жая бастаған тап күресін мойындап, оның дамыған түрін мойындамаған. Басқаша айтқанда, «экономистер» либералдардан әрі барудан бас тартып, неғұрлым жоғары дәрежедегі, либералдарға қолайсыз тап күресін танудан бас тартып, тап күресіндегі либерал буржуазия тұрғысынан қарағанда төзуге болатын нәрсені ғана мойындады. «Экономистер» бұл арқылы либерал жұмысшы саясатшыларына айналып кетті. «Экономистер» бұл арқылы тап күресінің маркстік, революциялық, ұғымынан бас тартты.

Онан әрі. Тап күресі саясат саласын қамтығанда ғана нағыз, дәйекті, дамыған күрес болады деп есептеу әлі жеткіліксіз. Саясатта да ұсақ-түйектермен шектелуге болады, тереңірек, негізгісіне дейін баруға да болады. Тап күресі саясатты қамтып қана қоймай, сонымен қатар саясаттағы ең негізгі нәрсені: мемлекеттік өкімет құрылысын алғанда *ғана* марксизм тап күресін әбден дамыған «жалпы ұлттық» күрес деп таниды.

Керісінше, жұмысшы қозғалысы біраз нығайған кезде, либерализм тап күресін теріске шығаруға бата алмайды, бірақ тап күресі ұғымын тарылтуға, қырнауға, шұнтитуға тырысады. Либерализм тап күресін саясат саласында да мойындауға әзір, бірақ тек саясат саласына мемлекеттік өкімет құрылысы *кірмейтін* болсын деген бір ғана шартпен мойындайды. Тап күресі ұғымын либералдық тұрғыдан осылайша бұрмалауды буржуазияның қандай таптық мүдделері туғызатынын түсіну қиын емес.

Міне, сонымен Ерманский мырза баяу және тиянақты чиновник Гушканың еңбегін қайталап баяндай келіп, тап күресі ұғымын либералдық тұрғыдан шұнтитуды *сезбей* (немесе көргісі келмей?) оған қосылған кезде, мен Ерманский мырзаға оның осы негізгі теориялық және жалпы принциптік қатесін көрсеткен едім. А. Ерманский мырза менің айтқанымды теріске шығара алмай, ашуланып, ұрсыса бастады, жалтарып, бұлтақтай бастады.

Мұның өзінде А. Ерманский мырзаның олақ айтысушы болып шыққандығы соншама, ол өзін өзі мүлде

айқын әшкерелеп алды! «Ильин тілейді, бірақ буржуазия тілемейді»,— деп жазады ол. Енді біз «тілеудің» бұл айырмашылықтарын пролетарлық (марксизмнің) және буржуазиялық (либерализмнің) көзқарастардың қандай ерекшеліктері туғызғанын білеміз.

Буржуазия тап күресін қырнағысы «келеді», оның ұғымын бұрмалағысы және тарылтқысы, оның өткір жүзін *мұқалтқысы* «келеді». Пролетариат бұл алдаудың әшкереленуін «тілейді». Марксист буржуазияның тап күресі туралы марксизмнің атынан сөйлейтін адам цифрларды келтіріп қана қоймай, «үлкен» цифрларға масаттанып қана қоймай, тап күресінің буржуазиялық *ұғымының* тарлығын және де *пайдакүнемдік* тұрғыдан тарлығын *әшкерелеуін* тілейді. Либерал буржуазияны және оның тап күресін бағалағанда ол күрестің тарлығын *айтпай,* бұл күреске «негізгінің» және ең мәнді нәрсенің енгізілмегендігін *айтпай* бағалауды «тілейді».

А. Ерманский мырза ұсталғанда Гушка мырзаның қызғылықты, бірақ идеясыз немесе табына отырып жинақтаған цифрларын *либералша* пайымдаймын деп ұсталды. Ал осынысы әшкереленген кезде А. Ерманский мырзаға балағаттау мен бұлтақтаудан басқа еш нәрсенің қалмағаны түсінікті.

А. Ерманский мырзаның мақаласынан алған цитатымызды тоқтаған жерімізден одан әрі жалғастырайық:

> «Шынына келгенде бұл арада тек бір Ильин ғана мәселенің шын жайын зерттеуді өзінің беретін бағасымен, оның үстіне (!!) ұлы француз революциясының тарихынан алынған шәкірттерге лайық үлгілер бойынша алынған шаблондық өлшеммен алмастырып отырғаны айқын».

А. Ерманский мырзаның шатасқаны соншалық, ол өзін барған сайын аяусыз «құртып» барады! Ұлы француз революциясының «шаблондарына» қарсы бұл ашулы шүйілігуімен оның либерализмінің қаншалықты әшкереленіп, беті ашылып отырғанын ол сезбейді!

Сүйкімді Ерманский мырза, жағдайды маркстік тұрғыдан, немесе либералдық тұрғыдан, немесе реакциялық тұрғыдан және т. с. *тұжырымдамай,* бағаламай тұрып, «мәселенің шын жайын зерттеуге» болмайты-

нын сіз (жойымпазға түсіну қаншалықты қиын бола тұрса да) түсінсеңізші!

Қайырымды чиновник Гушканың «зерттеуін» сіз, Ерманский мырза, либералдық тұрғыдан бағаладыңыз және солай бағалап та отырсыз, ал мен маркстік тұрғыдан бағалаймын. Бүкіл мән осында. Өзіңіздің сыни талдауыңызды мемлекеттік өкімет *құрылысы* туралы мәселенің *табалдырығына* әкеп тоқтатып, сіз мұнымен *өзіңіздің* тап күресі туралы ұғымыңыздың либералдық тарлығын *дәлелдедіңіз*.

Дәлелдеуді керек етіп отырған нәрсенің өзі де осы еді.

Ұлы француз революциясының «шаблонына» қарсы шүйлігуіңіз сізді түп-тура ұстап береді. Өйткені бұл арада әңгіме шаблонда емес екенін, француз үлгісінде емес екенін әркім-ақ түсінеді,— мысалы, кең көлемдегі стачкалар, әсіресе саяси стачкалар, *ол кездегі* «шаблон мен үлгі» жағдайында болған жоқ және бола да алмады.

Әңгіме мынада, жойымпаз болған соң сіз *революциялық* көзқарасты қоғамдық оқиғаларды бағалауға қолдануды ұмытқансыз. Міне, бәленің басы қайда жатыр! Маркс өзінің ойын XVIII ғасырдың аяғындағы «шаблондармен және үлгілермен» тіпті де шектеген емес, бірақ ол тап күресін әрқашан неғұрлым *тереңнен алып бағалап* (егер сізге неғұрлым «оқымысты» сөз ұнайтын болса, қайырымды Ерманский мырза, «тұжырымдай келіп»!), оның «негізгіге» тоқталатын-тоқталмайтынын әрқашан аша келіп, ой жалтақтығы атаулыны, жетілмеген, шұнтиған, мәні әдейі бұрмаланған тап күресін бүркемелеу атаулыны әрқашан аяусыз түйреп, әрқашан революцияшыл көзқарасты қолданған.

XVIII ғасырдың аяғында тап күресі бізге өзінің қалайша саяси күреске айналып келе жатқанын, өзінің қалайша шын «жалпы ұлттық» формаларға жететінін көрсетіп берді. Содан бері капитализмнің де, пролетариаттың да даму өрісі орасан биік дәрежеде өзгерді. Бұрынғының «шаблондары», мысалы, күрестің, ішінара жоғарыда менің көрсеткенімдей, жаңа *формаларын* зерттеуде ешкімді де бөгемейді.

Бірақ марксистің көзқарасы *әрқашан,* үстірт емес, терең «бағалауды» талап етеді, *либералдық* бұрмалаулардың, үндемей кетулердің, жасқаншақ бүркеулердің бишаралығын әрқашан әшкерелеп отырады.

Жойымпаздар қоғамдық құбылыстарға революциялық тұрғыдан қарауды ұмытып, тап күресінің маркстік ұғымын либералдық ұғыммен қалай алмастыратынын табандылықпен тамаша түсіндіріп бергені үшін А. Ерманский мырзаны құттықтаймыз.

*«Просвещение» № 5, май, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Просвещение» журналының текcтi бойынша басылып отыр*

## КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ САЛЫҚТАР

Біріккен октябристер мен кадеттердің қатысуымен П. Мигулин мырза шығаратын «Новый Экономист»[82] журналынан (1913, № 21) Құрама Штаттардағы табыс салығы туралы қызықты заметканы көрдік.

Жоба бойынша 4000 доллардан (8000 сом) аспайтын табыстардың бәрі де бұл салықтан босатылады. 4000 доллардан асатын табыс сомасынан 1 проценттен,— 20 000-нан асатын табыс сомасынан 2 проценттен салық алу, т. т., табысының өсуіне қарай процентін де осылай аздап көбейтіп отыру ұйғарылған. Демек, үдемелі-табыс салығы, бірақ өте-мөте баяу үдейтін, миллион табыстың иесі, мысалы, жалпы алғанда 3 проценттен кем төлейтін салық жобаланып отыр.

Жоба осы салық 4000 доллардан аса табысы бар 425 000 табыс иелерінен — 70 миллион доллар (140 миллион сом шамасы) береді деп есептейді, ал «Новый Экономистің» октябристік-кадеттік редакциясы бұл жөнінде мынаны айтады:

> «700 миллион сом баж салығы табыстарымен және 500 миллион сом акциз алымдарымен салыстырғанда, табыс салығынан түсетін 140 миллион сом шамалы ғана түсім және ол жанама салықтың маңызын кемітпейді».

Амал не, үдемелі-табыс салығын сөз жүзінде мойындауға және тіпті программасына жазуға әзір біздің либерал-буржуазиялық экономистеріміз табыс салығының *қандай* мөлшерлерін *олардың* міндетті деп санайтынын айқын және дәл айтқысы келмепті.

Жанама салықтың маңызын кемітетін ғана мөлшерді ме, нақ қанша кемітетін мөлшерді мө, немесе жанама салық мүлдем жойылатын мөлшерді ме?

«Новый Экономистің» әңгіме етіп отырған американ статистикасы бұл мәселе жөнінде сабақ аларлық мысал келтіреді.

Жобаның деректері бойынша 425 000 капиталистің (70 миллион доллар салық болғанда) табыстар сомасы 5413 миллион доллар деп белгіленеді. Бұл жерде кемітіліп айтылғаны айқын: бір миллионнан астам табысы барлар *100 адам* деп көрсетіліп, ал олардың табыстары 150 миллион доллар деп алынған. *Он шақты* американ миллиардерлерінің табысты анагұрлым көп алатыны белгілі. Америкада финанс министрі миллиардерлермен «сыпайы» болғысы келеді...

Бірақ капиталистер үшін осы тым «сыпайы» деректердің өзі бір жайтты тамаша суреттейді. Статистика бойынша Америкада не бары 16 миллион семья бар. Олардың, демек, *жарты миллионға жуығы* капиталистерге жатады. Қалған көпшілігі — жалдама құлдар немесе капиталдың езгісіндегі ұсақ егіншілер және т. с.

Америкада еңбекші бұқара табысының мөлшері статистика бойынша бірқатар адамдар үшін әжептәуір дәл-ақ белгіленген. Мысалы, 6 615 046 өнеркәсіп жұмысшысы (1910 ж.) 3427 миллион доллар, яғни жұмысшы басына 518 доллардан (1035 сом) алған. Онан соң 1 699 420 темір жол жұмысшысы 1144 миллион доллар (бір жұмысшыға 673 доллардан) алған. Онан әрі, 523 210 халық мұғалімі 254 миллион доллар (кісі басына 483 доллардан) алған.

Осы еңбекші бұқараны қоса есептегенде және цифрларды жинақтай келгенде мынаны көреміз: 8 800 000 жұмысшы 4800 миллион доллар табыстан кісі басы 550 доллардан алады; 500 000 капиталист 5500 миллион доллар табыстан кісі басы 11 000 доллардан алады.

Жарты миллион капиталист семьясы 9 миллионға жуық жұмысшы семьясынан *көп* табыс алады. Сонда мынадай сұрақ туады: жанама салық пен жобаланып отырған табыс салығының ролі қандай болмақ?

Жанама салық 1200 миллион сом, яғни 600 миллион доллар береді. Америкада бір семьяға 75 сомнан (37 жарым доллар) жанама салық келеді. Осы салықты капиталистер мен жұмысшылардың табысымен салыстырып көрелік:

| | Миллион семья | Барлық табыс | Барлық жанама салық | Табысқа шаққанда салық %-і |
|---|---|---|---|---|
| | (миллион доллар есебімен) | | | |
| Жұмысшылар.... | 8,8 | 4 800 | 330 | 7 |
| Капиталистер..... | 0,5 | 5 500 | 19 | 0,36 |

Біз жанама салықты жұмысшылар сомына 7 тиыннан, ал капиталистер сомына тиынның *үштен бірін* төлейтінін көреміз. Пропорциялы түрде жұмысшылар капиталистерден *20 есе* көп төлейді. Жанама салықтар жүйесі *барлық* капиталистік елдерде лажсыздан осындай «тәртіп» (тым жөп-жосықсыз тәртіп) туғызады.

Егер капиталистер табыстан жұмысшылармен бірдей процент төлейтін болса, онда капиталистерден 19 миллион емес, *385 миллион доллар* салық алынуы керек болар еді.

Америкада жобаланып отырған *осындай* үдемелі-табыс салығы істің жайын көп өзгерте ме? Өте аз өзгертеді. Капиталистерден онда 19 миллион доллар жанама салық + 70 миллион доллар табыс салығы, яғни не бары 89 миллион доллар *немесе табыстың не бары бір жарым проценті* алынар еді!!

Капиталистерді орташалар (4—10 мың доллар, яғни 8—20 мың сом табысы бар) және байлар (20 мың сомнан аса табысы бар) деп бөліп көрелік. Сонда: орташа капиталистер — 304 000 семья, табыстары — 1813 миллион доллар, бай капиталистер — 121 000 семья, табыстары — 3600 миллион доллар болып шығады.

Егер орташа капиталистер жұмысшылардың қазіргі төлеп отырғанындай, яғни табысынан 7 проценттен төлейтін болса, бұл 130 миллиондай доллар берген болар еді. Ал бай капиталистердің табысынан 15 процент алу 540 миллион доллар берген болар еді. Сонда мұның жалпы сомасы *барлық жанама салықты жабудан да*

*артылған болар еді.* Соның өзінде капиталистердің,— табыс салығын шығарып тастағанда,— орташасы 11 мың сомнан, ал байы 50 мың сомнан табыс түсірген болар еді.

Біз мынаны көреміз: социал-демократтардың жанама салықтардың бәрін *толық* жойып, оларды ойыншық салықпен емес, нағыз үдемелі-табыс салығымен алмастыру жөніндегі талабы — *әбден* жүзеге асырылатын талап. Мұндай шара, капитализмнің негіздерін қозғамай-ақ, халықтың оннан тоғызына бірден орасан зор жеңілдік берген болар еді; ал, екіншіден, ішкі рыноктың өсуі нәтижесінде және жанама салықты жинау үшін енгізілетін экономикалық тұрмыстың сорақы қысымдарынан мемлекетті құтқару нәтижесінде қоғамның өндіргіш күштерін дамытуға аса зор түрткі болар еді.

Капиталистердің қорғаушылары әдетте ірі табыстарды есепке алудың қиыншылығын айтады. Ал іс жүзінде банктердің, сақтық кассаларының және тағы сондайлардың қазіргідей дамып отырған жағдайында бұл қиыншылықтар тек ойдан шығарылған нәрселер ғана. *Бірден-бір* қиыншылық — капиталистердің таптық пайдақорлығы мен буржуазиялық мемлекеттердің саяси құрылысында демократиялық емес мекемелердің өмір сүруі.

*1913 ж. 1 (14) июньде жазылған*

*1913 ж. 7 июньде «Правда» газетінің 129-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. Ильин*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# БОГДАНОВ МЫРЗА ЖӘНЕ «ВПЕРЕД» ТОБЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[83]

## («ПРАВДАНЫҢ» РЕДАКЦИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯСЫ ҮШІН)

Партия тарихын Богданов мырзаның бұрмалауы жөнінде редакцияның істеп отырғаны зығырданыңды қайнататындығы соншалық, осыдан кейін, шынында, тіпті қызметкер болып қалар-қалмасыңды білмейсің.

Мәселе қалай болған еді?

Менің мақаламда Богданов мырзаға («Вперед» тобының мүшесі емеске) қарсы *ләм деген сөз жоқ* еді; жалпы *айыптайтын* ләм деген сөз жоқ еді.

*Бүкіл партия бір ауыздан* айыптаған бағыт *«впередшілдікпен байланысты»** деген *фактіні* мен өте сақ түрде атап өткен болатынмын.

Бұдан артық бір сөз жоқ. Бұдан өзгені Богданов мырзаның өзі де цитатқа *келтіре алмады!*

Ал енді осы фактіге соқпай кетуге бола ма? деген сұрақ туады. Болмайды, өйткені партия жойымпаздықты да, шақырымпаздықты да *бірден* айыптады. Кімде-кім жойымпаздыққа байланысты партия тарихын сөз ете отырып, бұл фактіге соққысы келмесе, ол *алаяқ* болған болар еді. Редакция менен алаяқтықты талап еткен жоқ шығар деп ойлаймын. Солай деп ойлауға мен міндеттімін де, өйткені редакция 95-номерге өзінің қосылатынын мәлімдеді!

*Факт дұрыс па?* Дұрыс екеніне редакция қосылады. Впередшілдердің өздері де шақырымпаздықты «заңды

* Қараңыз: осы том, 77—78-беттер. *Ред.*

сарын» деп жариялап отырғандықтан *қосылмаудың* өзі қиын!!

Ал егер факт дұрыс болса, бұл жөнінде Богданов мырзаның *өтірік айтуына* қалайша («әділ болу үшін») жол беруге болады?? Мен бұған редакция *«Вперед»* тобының тарихымен таныс емес дегеннен басқа жауап таба алмаймын (егер біреулер философ Богдановтың жұмысшыларға үйретіп жүрген реакциялық пасықтығына мейлінше іш тартып отырмаса).

*«Вперед»* тобының әбден ыдырап жатқанын редакция, сірә, білмейтін болса керек. Богданов мырза әлдеқашан шығып кеткен — оның «философиясын» *впередшіл* Алексинский баспасөзде *айыптады,* тағы да сол Алексинский *баспасөзде* «пролетарлық мәдениетті» (впередшілдердің платформасынан) айыптады. Мұны редакция білмей ме?

«Вперед» тобынан енді Богданов та, Домов та, Лядов та, Вольский де, Степинский де *шығып кетті* (Луначарский де шығуға жақып — *Париждегі жаңа листоктарды* қараңыз). Редакция мұны білмеді ме?

Редакция «Впередтегі» Богданов мырзадан (Алексинский сияқты) *қол үзген* жақсы элементтеріне *қарсы* буржуазияшыл өтірікшілердің жаман (үмітсіз) элементтерін қолдайды!!

Мұның не екенін сайтан білсін бе! Мұның өзі ақиқатты, *партияны* қорлайтын бірдеме ғой.

Мен осыған қоса жіберіліп отырған заметкамның *толық* басылуын қатты талап етемін. Мен әрқашан да редакцияға жолдастық түрде өзгерту правосын беріп келген едім, бірақ осы мақаладан бастап, Богданов мырзаның хатынан кейін, мен өзгертуге және т. с. право *бермеймін.* Егер баспайтын болсаңыздар, *«Просвещениеге»* беріңіздер, ал мен партия тарихын бұрмалауға қарсы айқасуға *толық еріктімін* деп санаймын. Жойымпаздарға қарсы күресеміз де, шақырымпаздықты *бүркейміз* — мұның өзі шектен шыққан оңбағандық позиция екені соншалық, мен бұл кемістіктің себебі *істі білмеушілік* қана деп ойлаймын.

Редакция: Богданов мырзаның «Вперредтің» платформасын *теріс* баяндағанына және *фактілерді* теріс көрсеткеніне көзіміз жетті,— деуі керек.

Мен дереу жауап беруді талап етемін. Богданов мырзаның оңбаған өтірігін көре тұрып, мен кезекті мақалаларды жаза алмаймын.

Қызметіңізге әзір *В. Ильин*

*1913 ж. 3 (16) июньде жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларында басылған, XVI том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ТЕРІС БАҒА[*]

## («ЛУЧ» МАКЛАКОВ ТУРАЛЫ)

...* либералдардың программалары мен қарарлары.

«Лучтың» (№ 122) бас мақаласында біз осы маңызды сөзге мүлдем теріс баға беруді кездестіреміз. «Кадеттік доктринерлік»—«Лучтың» одан көріп отырғаны, міне, осы. Депутат Маклаков өз ізін өз құйрығымен білдірмей кететін жануарға ұқсатылады. «Өз сөзіне біркатар қосымшалар енгізіп, ол оның оппозициялық мазмұнын мүлдем жойып жіберді»— дей келіп, «Луч» В. Маклаков мырзаның «реакция — тарихи заң», (Бисмарктың үйретуі бойынша) либералдық түрде басқару керек кезеңдерді деспоттық түрде басқару керек кезеңдерден айыра білу жөн деген сөздерін келтіреді.

«Мұндай сөздерді, демократияның өзін өзі билеу правосын қорғайтын саяси қайраткер емес (?), профессор айта алады» деп қорытынды жасайды «Луч».

Жоқ, В. Маклаков мырза мүлде доктринер емес және де оның сөзі мүлде профессорлық сөз емес. Ал В. Маклаковтан демократияның праволарын қорғауды күту — тіпті кісі күлерлік нәрсе. Бұл — өз табы саясатының нағыз «ішкі сырын» қорықпастан ашып беріп отырған либерал-буржуазияшыл жылпос. В. Маклаков мырза үкіметті *«революцияны* (революция бәсеңдеген кезінде) *немен жаныштап бітіруге болатынын* түсіне алатын еді», бірақ түсінбеді деп кінәлайды.

---

* Қолжазбаның бірінші беті табылмады. *Ред.*

«Үкімет революцияға қарсы күрескен кезде, оның мұнысы дұрыс, бұл оның борышы»,— деп лепірді В. Маклаков мырза, сонан соң оған қоса: «революция жеңген кезде ол да соны істейді, ол контрреволюцияға қарсы күреседі», деді (бұл жерде «тәжірибелі» шешен, неге екені белгісіз, тек қана келер шақты қолданып, адам күлерліктей жаңылып отыр). В. Маклаков мырза үкіметті «аласапыранға қарсы, революцияға қарсы күрескені үшін емес, тәртіптің өзіне қарсы күрескені үшін» кінәлайтынын бірнеше рет қайталап айтты.

В. Маклаков мырза Столыпинді жанып жатқан үйдің әйнегін қиратататын өрт сөндірушіге теңеді.

Бұл әйгілі сөздің негізгі сарыны және басты мазмұны — тіпті де профессорлық емес, доктринерлік емес, ал қызу, табанды контрреволюцияшылдық екені осыдан-ақ айқын көрініп тұр. «Жанжалдың» ұсақ-түйегі туралы газет бетіндегі шу істің мәніп негұрлым көлегейлей түскен сайын, бұған соғұрлым көбірек тоқталу қажет. Либерализм саясатының оған тән осы негізгі белгісін түсінбей тұрып, бұл саясатты және оның таптық тамырларын *түсінуге* болмайды.

«Жұрт не десе де әрқашан қылышынан қан тамған адам болып қала берген Бисмарктың мемлекеттік кемеңгерлігіне бас июде доктринерліктің жаман түрі бар емес пе?»— деп лепіргенде «Луч» өзінің істі таңырқарлықтай және адам күлерліктей түсінбегендігін көрсетеді.

Бұл жерде доктринерліктің не қатысы бар, мырзалар? Бұл мүлдем лағып кету ғой. В. Маклаков «аласапыранға қарсы және революцияға қарсы күресті» мақұлдайтынын, «өрт сөндірушіні» мақұлдайтынын айдан айқын айтып отыр; әлбетте, В. Маклаков мұның нағыз: темір мен қан деген соз екенін тамаша түсінеді. В. Маклаков табысты *болса*, нақ *сондай* саясатты *жақтайтынын* айдан анық айтып отыр! Әйнекті қирату керек—деп үйретеді ол—әйнек қиратудан қорықпаңдар, сіздер мен біздер қуйрек кісілер емеспіз, профессорлар емеспіз, доктринерлер емеспіз, бірақ қиратқанда Бисмаркша қирату керек, яғни табысты түрде, бур-

жуазияның помещиктермен одағын *нығайта отырып* қирату керек.

Ал сіздер,— дейді В. Маклаков үкіметке,— әйнекті қиратқанда, өрт сөндірушіше емес, бұзақыларша *басқа* қиратасыздар.

Бисмарк Германияның контрреволюцияшыл помещиктерінің өкілі еді. Оларды контрреволюцияшыл либерал буржуазиямен берік одақ жасау арқылы *ғана* (бірнеше он жылдарға) сақтап қалуға болатынын ол түсінді. Ол осындай одақты құра алды, өйткені пролетариаттың қарсыласуы әлсіз еді, ал сәтті болған соғыстар *кезекті* міндетті шешуге: Германияның ұлттық бірігуіне көмектесті.

Бізде контрреволюцияшыл помещиктер бар. Контрреволюцияшыл либерал буржуа бар. В. Маклаков — солардың ішінен біріншісі. Ол өзінің сөзімен Пуришкевичтер мен $К^0$ алдында өзінің шексіз малайлық етіп, оңбағандығын көрсете беруге әзір екенін дәлелдеді. Бірақ «некелік одақтың» табысты болуы үшін бұл жеткіліксіз. Кезекте тұрған тарихи міндетті шешу керек, біздің ол міндетіміз, тіпті де ұлттық бірігуде емес (ол жағы бізде әбден жеткілікті...), *аграрлық мәселеде* болып отыр,.. оның өзін пролетариаттың анағұрлым күшті қарсылық көрсететін жағдайында шешу керек болып отыр.

Орыс Бисмаркын аңсайтын бейшара либерал В. Маклаков бұл жөнінде бірде-бір айқын сөз айта алмады.

*1913 ж. 4 (17) июньде жазылған*

*Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған*
*Қол қойған: W.*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ДЕПУТАТ ФРАНК БҰҚАРАЛЫҚ СТАЧКАНЫ ЖАҚТАЙДЫ

Баденнің белгілі социал-демократы, оппортунистік қанаттың ең көрнекті өкілдерінің бірі Франктің Пруссияда сайлау реформасы үшін күресудің құралы ретінде бұқаралық стачканы жақтап сөйлеген сөзі герман социалистік партиясындағы оқига деп қарарлық нәрсе.

Берлин маңындагы Вильмерсдорфтың социал-демократиялық партия ұйымы Франкті осы тақырыпқа реферат оқып беруге шақырды. Буржуазиялық газеттер «Баденнен» бейбіт және коңіл суытатын сөз шығады деп күтіп, жиналыс жөнінде даурығысып алды. Тегін жарнама ғажап болды. Жиналыс зор, ерекше әсерлі болып шықты.

Бірақ Франк—Берлиннің радикалдық ниеттегі жұмысшылары алдында сөйлегендіктен бе, әлде өзі оңтүстік Германияның анағұрлым еркін құрылысына дағдыланған оңтүстіктің адамы болған соң, «юнкерлердің» (немістің дворян-қаражүздіктерінің) ұятсыз үстемдігін Берлинде жақынырақ байқай бастағаннан кейін оған ызалангандығынан ба,— әйтеуір бұқаралық стачканы жақтап қызу сөз сөйледі.

Шешен Пруссиядагы ішкі саясатты суреттеуден бастады. Юнкерлердің үстемдігін, Пруссия ландтаг-сеймін сайлаудың реакциялық заңын (біздің үшінші думалық заң сияқты), ең қарапайым демократиялық кепілдіктердің де жоқтығын Франк аяусыз түйреді. Пруссия

сайлау заңы бойынша жезөкшелер үйін ұстаушы бірінші разрядты сайлау правосымен, ал премьер-министр тек үшінші разрядты сайлау правосымен пайдаланатынын және Пруссиядағы «тәртіпке» мұның өзі тән нәрсе екенін шешен атап айтқанда жиналыстағылар оның берген бағасын ду күлкімен қызу қостағандай болды.

Берлин жұмысшылары, деп әзілдеді Франк, Яговпен (1910 жылы демонстрацияға тыйым салуға бекер әуреленген қала бастығы) күресі арқылы көшедегі маневр ісінде өздерінің таланты бар екенін дәлелдеді.

Шешен тарихтағы: Англиядағы чартистердің[85], 1893, 1902 және 1912 жылдардағы бельгиялықтардың, 1903 жылғы шведтердің, 1904 жылғы итальяндардың, 1905 жылғы орыстардың бұқаралық стачкаларының мысалдарын еске түсірді;— шешен бұл мысалға толығырақ тоқталып, сол кезде орыс жұмысшыларының өз көршілері мен бауырларына, Австрия жұмысшыларына, қандай көмек көрсеткенін баса айтты. Жалпыға бірдей сайлау правосын жеңіп алу үшін австриялықтар үшін *ол кезде* саяси стачкамен қорқытудың өзі-ақ жеткілікті болды.

Пруссияда да, Германияда да,— деп желпіне сөйледі Франк,—дүние жүзіндегі ең жақсы жұмысшы қозғалысы, нағыз көп тарайтын жұмысшы баспасөзі бар. Бүкіл дүние жүзі пролетариатынан бұқаралық күреске үйренейік те! (Жиналыстағылардың қызу мақұлдауы және қол шапалақтауы.)

Әлбетте, күрестің жаңа түрі құрбандықтарға және қауіптерге ұшыратады,— деді одан әрі Франк,— бірақ саяси шайқастардың құрбандықсыз және қауіпсіз болғанын кім көрген? Күрестің қажеттігін түсінеді екенбіз, біз оны ақырына дейін жүргізуге тиіспіз, жолымызда су астында тастар болатынына қарамастан, біз өз кемемізді ілгері қарай жүргізе беруге тиіспіз. Кімде-кім су астындағы тастардан қорқып айлақта қалса, оған ештеме бола қоймайды, бірақ ол арғы жағаға, өз ұмтылыстарымыздың мақсатына ешқашан жете де алмайды.

Франктің жиналыстағылар қуанышпен қарсы алған сөзі неміс жұмысшыларын реакцияның қаншалықты

ашындырғанын тағы да көрсетті. Герман пролетариатында қуатты наразылық баяу, бірақ қалтқысыз пісіп жетіліп келеді.

*1913 ж. 5 (18) июньде жазылған*

*1913 ж. 11 июньде «Правда» газетінің 132-номерінде басылған*
*Қол қойған: Карич*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## КАПИТАЛИСТЕР ЖӘНЕ ҚАРУЛАНУ

Ағылшынның жұмысшы баспасөзі интернационалдық жолмен біріккен капиталистер синдикаттарының халықтарды соғысқа қалай итермелеп отырғанын әшкерелеу жөніндегі өзінің назар аударып, тағылым аларлық науқанын одан әрі жүргізуде.

Міне сізге Нобельдің *динамит тресі* (немесе синдикаты). Оның капиталы 30 миллион сом. Соңғы жылдағы таза пайдасы 3 300 000 сом. Он бір процент таза пайда келтірген, жаман емес қой — солай емес пе?

Сонымен, адамды қыратын материалдармен сауда жасайтын инабатты жалдаптар өздерінің жылдық есебінде келтірген табыстарын: «соғыс жабдығына биылғы жылы сұраным күшті болды» деген қысқа сөйлеммен жай ғана түсіндіреді.

Енді қайтсін! Капиталистік баспасөз және капиталистерге қызмет етуші саяси қайраткерлер соғыс туралы шу көтеріп, жаңа қаруларды талап етіп отыр — мұның өзі соғыс жабдықтарын шығарушы өнеркәсіпшілерге соншалық тиімді!

Ал енді бұлар, осы өнеркәсіпшілер, кімдер?

Олар *барлық* ұлттардың біріккен капиталистері, министрлердің бауырластары, парламент мүшелері және тағы сондайлар!

«Динамит» тресінің (бұл Германиядағы *төрт* динамит фабрикасының иесі болмаған күнде, жарнашысы болып табылады) акционерлері ішінен біз мынадай есімдерді кездестіреміз:

Неміс армиясы: генерал фон Мюльбург, майор барон фон Фрич, т. т.;

Британ армиясы: генерал Дж. Дональд, полковник Нейль, Финдли, т. т. жэне т. с.;

Француз армиясы: полковник Франсуа Ляффарг;

Лорд Глэнконнер, *ағылшын премьер-министрінің* әйелі Асквит ханымның бауыры, сэр Норс, министр, Гарольд Теннант, парламент мүшесі, «Неміс банкі», «Ганновер банкі» *жэне тағы басқалар.*

«Мемлекеттің күш-қуаты» туралы жэне «патриотизм» туралы даурығысып отырған түрлі парламенттердегі *ұлттық* партиялардың көсемдері (IV Думадағы кадеттердің, прогрессистердің, октябристердің кешу формулаларын қараңыз![86]) бұл патриотизмді былайша жүзеге асыруда: Францияны Германияға қарсы, Германияны Англияға қарсы каруландырып отыр жэне т. т. Бұлардың бэрі — соншалық жалынды патриоттар. Бұлардың бэрі «мемлекеттің күш-қуаты» туралы—эрине, өз мемлекетінің дұшпанға қарсы күш-қуаты туралы— соншалықты қам жейді, күйіп-піседі.

Міне бұлар динамит трестері мен өзге де трестердің (синдикаттардың) басқармаларында жэне акционерлерінің жиналыстарында осы «дұшпандармен» бірге мэжіліс құрады, сөйтіп миллиондаған сом таза пайда жияды жэне — эрқайсысы «өз» халқын — басқа халықтармен соғысуға итермелейді.

*«Правда» № 133,*
*12 июнь, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ НЕОМАЛЬТУСШІЛДІК

Дәрігерлердің Пирогов съезінде[87] аборт туралы, яғни әдейі түсік тастату туралы мәселе көп әңгіме болды және көп талас туғызды. Баяндаманы Личкус қазіргі мәдениетті деліпіп жүрген мемлекеттерде түсік тастату өте-мөте көп таралып отырғаны туралы деректер келтірді.

Нью-Йоркте бір жылдың ішінде 80 000 әдейі түсік тастатылған, Францияда ондай жайт ай сайын 36 000-нан болады екен. Петербургте әдейі түсік тастату проценті 5 жылдың ішінде екі еседен артығырақ көбейген.

Дәрігерлердің Пирогов съезі: қолдан аборт жасатқаны үшін ананы жазаға тарту еш уақытта орын алуға тиіс емес, ал дәрігерлер «пайдақорлық мақсат көздеген» жағдайда ғана бұл үшін қудалануға тиіс деген шешім қабылдады.

Жарыс сөзде сөйлегендердің көпшілігі, аборт үшін жазаламауды жақтай келіп, әрине, неомальтусшілдік[88] (бала бітірмеудің шараларын істеу) деп аталатын мәселені де қозғады, сонық өзінде мәселенің әлеуметтік жағына да тоқталды. Мысалы, Вигдорчик мырза, «Русское Словодағы» есеп бойынша, «бала бітірмеу шараларын құттықтау керек» деді, ал Астрахан мырзаду қол шапалақтаулар арасында былай деп лепірді:

«Біз аналарды бала табу керек деп, тапқанда оларды оқу орындарында бүлдіру үшін, оларға жеребе салу үшін, оларды

өзін өзі өлтіру халіне дейін жеткізу үшін табу керек деп ыландыруға тиісціз!».

Егерде Астрахан мырзаның бұлайша тақпақтағаны ду қол шапалақтатты деген хабар рас болса, онда бұл факт мені таңдандырмайды. Тыңдаушылар мещандық психологиялы орташа және ұсақ буржуалар болған. Олардан нағыз пасық либерализмпен басқа не күтуге болады?

Ал жұмысшы табының тұрғысынан алғанда «әлеуметтік неомальтусшілдіктің» бүтіндей реакцияшылдығы мен бүтіндей бейшаралығының Астрахан мырза келтірген сөздерден гөрі айқынырақ көрінісін табуға бола қояр ма екен.

«...Бала тапқанда оларды бүлдіру үшін табу керек...» Тек осы үшін ғана ма? Біздің ұрпақты жарымжан етіп, құртып отырған қазіргі тұрмыс жағдайларына қарсы олар бізден гөрі жақсырақ, ұйымшылдау, саналырақ, батылырақ *күресу* үшін неге таппасқа??

Шаруаның, қолөнершінің, интеллигенттің, жалпы алғанда ұсақ буржуа психологиясының пролетариаттың психологиясынан түбегейлі айырмашылығы, міне, дәл осында. Ұсақ буржуа өзінің құрып бара жатқанын, тіршіліктің біртіндеп қиындап бара жатқанын, өмір сүру үшін күрес біртіндеп қатал болып бара жатқанын, өзінің және семьясының жағдайы барған сайын тұйыққа тіреліп бара жатқанын көріп, сезіп отыр. Талассыз факт. Сондықтан ұсақ буржуа бұған қарсылық білдіреді.

Бірақ *қалай* қарсылық жасайды?

Ол үміті үзіліп құрып бара жатқан, өзінің келешегінен күдер үзген, езілген және қорқақ таптың өкілі ретінде қарсылық жасайды. Ештеңе істей алмайсың, тым болмаса біздің көрген азабымыз бен каторгалық тұрмысымыздан, біздің қайыршылығымыз бен көрген қорлығымыздан азап шегетін балалар аз болсын,— ұсақ буржуаның ыңқына шыққан үні, міне, осы.

Саналы жұмысшы бұл көзқарастан мүлде аулақ. Бұл сияқты зарлаушылық қаншалық шыпайы және қаншалық сезім тербетерлік болса да, ол өз санасын ондай

нәрсемен көлегейлете алмайды. Иә, біздер, жұмысшылар да, ұсақ қожайындар бұқарасы да, адам төзгісіз езгі мен азап шегуден еңсе көтере алмастай тұрмыс кешіп отырмыз. Біздің ұрпақтың жағдайы әкелеріміздің тұрмысынан ауырырақ. Бірақ біз бір жағынан әкелерімізден анағұрлым бақыттымыз. *Біз күресуге үйрендік және тез үйреніп келеміз* — күрескенде ең тәуір деген әкелеріміздің күрескеніндей жеке дара күреспейміз, буржуазиялық сөзқұмарлардың өзімізге іштей жат ұрандарына бола күреспейміз, өз ұрандарымызға, өз табымыздың ұрандарына бола күресеміз. Біз өз әкелерімізден гөрі жақсы күресіп отырмыз. Біздің балаларымыз бұдан да жақсы күреседі, сөйтіп *олар жеңеді.*

Жұмысшы табы құрымайды, қайта ол күресте оседі, нығаяды, есейеді, топтасады, көзі ашылады және шынығады. Біз — крепостниктік тәртіп, капитализм және ұсақ өндіріске келгенде пессимистерміз, бірақ біз — жұмысшы қозғалысы мен оның мақсаттарына келгенде жалынды оптимистерміз. Біз қазір жаңа үйдің іргетасын қалап жатырмыз, ал біздің балаларымыз оны салып бітіреді.

Міне сондықтан — тек сондықтан да — біз неомальтусшілдіктің, ілдалдалап өзіміз күн көрсек те жетер, ал баланың болмағаны-ақ жөн болар деп үрейлене күңкілдейтін, дүмше, өзін ғана сүйетін мещандық қосаққа арналған бұл ағымның, сөзсіз жауымыз.

Әлбетте, аборт жасауды немесе күні бұрын сақтану шаралары жөніндегі медициналық шығармаларды таратуды және тағы сол сияқтыларды қудалайтын заңдардың бәрінің сөзсіз жойылуын талап етуімізге бұл еш қандай кедергі келтірмейді. Ондай заңдар — үстем таптардың екіжүзділігі ғана. Бұл заңдар капитализмнің дертіне шипа болмайды, қайта оны өте-мөте қатерлі етеді, әсіресе езілген бұқараға өте-мөте қатерлі етіп жібереді. Медициналық насихат бостандығы және еркек, әйел азаматтардың ең қарапайым демократиялық праволарын қорғау деген — өз алдына. Неомальтусшілдіктің әлеуметтік ілімі деген — бір басқа. Саналы жұмысшылар бұл реакциялық және қорғалақ ілімді қазір-

гі қоғамның ең алдыңғы қатарлы, ең күшті, ұлы өзгерістерге ең дайын табына зорлап таңу әрекеттеріне қарсы әрқашан да нағыз аяусыз күрес жүргізеді.

*1913 ж. 6 (19) июньде жазылған*

*1913 ж. 16 июньде «Правда» газетінің 137-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# БУРЖУАЗИЯШЫЛ ЖЫЛПОС-ФИНАНСИСТЕР МЕН САЯСАТШЫЛАР

Англияның жұмысшы баспасөзі финанс «операцияларының» жоғары саясатпен байланысын әлі күнге әшкерелеп келеді. Бұл әшкерелеулер барлық елдер жұмысшыларының назар аударуына тұрарлықтай, өйткені мұнда капиталистік қоғамдағы мемлекет басқарудың нағыз негізі ашылып отыр. К. Маркстің үкімет дегеніміз —капиталистердің істерін басқарушылардың комиссиясы[89] деген сөздері мейлінше толық расталып отыр.

«Рабочий Вождь» газетінің (жаңаша 12 июньдегі) 24-номерінің тұтас бір беті түгелдей көбінесе соғыс жарағы заттарымен сауда жасайтын акционерлік компаниялардың жарнашылары — немесе директорлары — болып тұрған ағылшын министрлерінің (7 есім), бұрынғы министрлердің (3 есім), епископтар мен архидиакондардың (12 есім), пэрлердің (47 есім), парламент мүшелерінің (18 есім), үлкен газет иелерінің, финансистер мен банкирлердің есімдері тізіміне арналған.

Мақаланың авторы, Уолтон Ньюболд, бұл мәліметтерді банкілік, сауда-өнеркәсіптік, финанстық және т. с. ресми анықтамалардан, патриоттық қоғамдардың (*флот лигасы* сияқты) есептерінен, т. т. жинап алған.

Бұл жайт бір кезде орыс деректері бойынша Рубакиннің суреттегеніне әбден ұқсас болып шыққан; Рубакин Россияда қанша аса ірі помещиктер Мемлекеттік советтің мүшелері, жоғары ұлықтар екенін жазғанды;— енді Мемлекеттік думаның мүшелері, акционер-

лік компаниялардың жарнашылары мен директорлары, т. т. деп қоса айтуға болады. Рубакиннің бұл деректерін, әсіресе финанстық және сауда-өнеркәсіптік кәсіпорындарға қатысуы жайында, ең жаңа анықтамалар бойынша толықтыру әбден уақтылы істелген іс болар еді.

Біздің либералдар (әсіресе кадеттер) тап күресі «теориясын» өте-мөте жақтырмайды, қазіргі мемлекеттердегі үкімет таптардан *тыс* немесе таптардан *жоғары* тұра *алады* деген өз көзқарасын әсіресе жақтайды. Алайда, мырзалар, егер сіздерге жағымсыз «теория» өмір шындығына дәл келіп отырса қайтеміз? егер қазіргі заң шығару мен қазіргі саясат *негіздерінің* бәрі бізге қазіргі мемлекеттердің бәрінің құрылысы мен басқарылуының таптық сипатын айқын көрсетіп отырса қайтеміз? егер тіпті аса көрнекті саяси қайраткерлердің, палаталар мүшелерінің, жоғары лауазым иелерінің, т. т. құрамы туралы мәліметтер экономикалық үстемдіктің саяси үстемдікпен ажырағысыз байланысты екенін көрсетіп отырса қайтеміз?

Тап күресін теріске шығару немесе бүркеу — саясаттағы екіжүзділіктің ең жаман түрі, бұрынғыша, ескіше патриархалдық көзқарастардан айрылмай, таптардың нағыз шиеленіскен және тікелей күресінен бәрінен де аулақ тұрған халықтың неғұрлым мешеу жіктерінің, ұсақ қожайынсымақтардың (шаруалардың, қолөнершілердің және басқаларының) қараңғылығын және соқыр сенімдерін саудаға салу. Ал шаруаның қараңғылығы мен мешеулігінің бар екендігі либерал интеллигенттер тарапынан халықты аздырудың және оны құлдықта ұстаудың ең әккілік тәсілі болып табылады.

*1913 ж. 6 (19) июньде жазылған*

*1913 ж. 23 июньде «Правда» газетінің 142-номерінде басылған*
*Қол қойған: М.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# ҚАЗІРГІ ҮКІМЕТТІҢ АГРАРЛЫҚ САЯСАТЫ (ЖАЛПЫ) ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[90]

1905 жылғы революциядан кейін үкіметтің жер жөніндегі саясаты өзінің бұрынғы сипатын күрт өзгертті. Бұрын самодержавие өзін халық бұқарасы алдында «таптардан жоғары» тұрған, шаруалар қалың бұқарасының мүдделерін қорғаушы, оларды жерсіз қалудан және күйзелуден сақтаушы етіп көрсетуге тырысып, Катков пен Победоносцевтің бағытын жүргізіп келген еді. Әлбетте, мужик жайындағы осы екіжүзді «қамқорлық» бұрынғы, революцияға дейінгі Россияның аталған «қайраткерлері» қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында топастықпен дөрекі түрде жүргізген нағыз крепостниктік саясатты іс жүзінде бүркеп келді. Самодержавие ол кезде шаруа бұқарасының мүлдем мешеулігіне, қараңғылығына және сана-сезімінің кемдігіне бүтіндей сенген еді. Өзін үлесті жерлерді «иеліктен айырмауды» қорғаушы, «қауымды» жақтаушы етіп көрсеткенде, самодержавие революцияға дейінгі заманда Россия экономикасының бір қалыпта тұруына және шаруа халқы көпшілігінің саясат жағынан терең ұйқыда жатқанына сүйенуге тырысқан-ды. Жер жөніндегі бүкіл саясат ол кезде түгелімен крепостниктік-дворяндық саясат болған еді.

1905 жылғы революция енді самодержавиенің жер жөніндегі бүкіл саясатына бет бұрыс туғызды. Столыпин біріккен дворяндар советінің әмірін дәл орындай отырып, оның өз сөзімен айтқанда, «күштілерге иек артуға» ұйғарды. Бұл — пролетариаттың және демокра-

тиялық шаруалардың қалың топтарының Россияда *бесінші* жылғы революция туғызған күшті оянуынан кейін біздің үкімет *өзін әлсіздердің* қорғаушысы етіп енді *көрсете* алмайтын болды деген сөз. Россияның ескі, крепостниктік, мемлекеттік құрылысына алғашқы соққыны (әлі жеткіліксіздеу болса да) бере білген халық мұнысы арқылы саяси ұйқыдан өзінің соншалықты оянғанын — үкімет «қауымды», «үлесті жерлерді иеліктеп айырмауды» қорғайды, таптардан жоғары тұрған үкімет әлсіздерді қорғайды деген ертегі шаруалар арасында қадірін біржолата жойғанын дәлелдеді.

Бесінші жылға дейін үкімет құлдықтың, көнбістіктің, бас иіп бағынушылықтың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан саяси соқыр сенімдерінен арылуға дәрменсіз бүкіл шаруа бұқарасының езілгендігі мен бір қалыпта тұруын өзіне тірек болады деп сене алған еді. Шаруалар бас иіп бағынып және қараңғы болып тұрған кезде, үкімет іс жүзінде тек крепостниктік-помещиктердің және өзінің абсолютизмін сақтап қалудың қамын жей тұрса да өзін «әлсіздерге иек артатын» сияқты етіп, яғни әлсіздердің қамын жейтін сияқты етіп көрсете *алатын* еді.

1905 жылдан кейін бұрынғы саяси соқыр сенімдердің терең және кең түрде бұзылғандығы соншалық, үкімет және оны басқарған крепостник-дворяндардың біріккен советі мужиктің қараңғылығын және оның қойдай жуастығын бұрынғыдай пайдалана берудің мүмкін еместігін көрді. Үкімет өзі күйзелтіп, әбден қайыршылық халге, күйзелушілікке және ашаршылыққа жеткізген мужик халқы *бұқарасымен татулықтың ешбір бола алмайтынын* көрді. Шаруалармен «татулықтың» мүмкін еместігін түсінушілік «біріккен крепостниктер советінің» саясатына өзгеріс енгізді. Совет қалайда шаруаларды жікке бөлуге, сөйтіп одан бесінші жылы революцияшыл бұқараның тегеурінінен аз да болса зиян көрген помещиктік орасан зор имениелердің тыныштығы мен дербестігін *«қорыққанынан емес, ождан бойынша» бұқарадан* қорғай алатын «жаңа помещиктер», меншік иесі-ауқатты шаруалар тобын құруға әрекеттенуге ұйғарды.

1

Къ вопросу объ аграрной политикѣ (общей) современнаго правительства.

Земельная политика правительства после революции 1905 года резко изменила свой прежний характер. Раньше самодержавие вслед за Катковым и Победоносцевым, старалось представить себя в глазах народных масс стоящим „над классами“, охраняющим интересы широкой массы крестьян, оберегающим их от обезземеления и разорения. Разумеется, эта лицемерная „забота“ о мужиках на деле прикрывала чисто крепостническую политику, которую наглядно „№ 1.“

В. И. Лениннің «Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты (жалпы) туралы мәселе жөнінде» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1913 ж.

*Кішірейтілген*

Демек, революциядан кейін үкіметтің жер жөніндегі бүкіл саясатында болған бет бұрыс тіпті де кездейсоқ нәрсе емес. Керісінше, бұл бет бұрыс үкімет үшін және «біріккен крепостниктер советі» үшін *таптық тұрғыдан қажеттілік* болды. Үкіметтің басқаша істеуге лажы қалмады. Үкімет шаруалар бұқарасы мен өзінің арасында «татулықтың» ешбір бола алмайтындығын, шаруалардың ғасырлар бойғы крепостниктік ұйқыдан оянғанын көрді. Крепостник-дворяндардың «жаңа помещиктермен», яғни байлармен — меншік иесі-шаруалармен, шаруа буржуазиясымен *одағына* сүйенуі үшін үкіметке жан үшыра күш жұмсау арқылы, деревняны қалай да болса күйзелтушілік арқылы шаруаларды *жікке бөлуге,* деревняны кулактар мен ауқатты мужиктердің «емін-еркін тонауына» беруге *тырысудан* басқа еш нәрсе қалмады.

«Біріккен крепостниктер советіне» жан-тәнімен беріле қызмет еткен, оның саясатын жүргізген Столыпиннің өзі: «маған 20 жыл тыныштық беріңдер, мен Россияны реформалаймын» деген еді. «Тыныштық» дегенде ол *моладағыдай тыныштықты,* деревняның басқа түскен адам айтқысыз ауыр күйзелушілік пен қайыршылықты қыңқ етпестен, қойдай көнбістікпен көтере беретін тыныштығын айтты. «Тыныштық» дегенде ол шаруалардың біржола тырп етпеуін, қараңғылығын, қарсылық білдірмеуін, помещик мырзаларға қолайлы және жақсы болу үшін ғана ыңсыз-шыңсыз, қабақ шытпай аштан өлуге, өзінің жерін беруге, деревнядан кетуге, азып-тозуға әзір болуып көргісі келетін *помещиктердің* тыныштығын айтты. Россияны реформалау дегенде Столыпин деревняда тек ырза болған помещиктер, ырза болған кулактар мен обырлар және де бытыраңқы, қараңғы, дәрменсіз, әлсіз батырақтар ғана қалатын өзгерісті айтты.

Столыпиннің Россияға мұндай 20 жыл моладағыдай тыныштықты бар ниетімен тілеуі помещиктің тұрғысынан алғанда әбден табиғи және түсінікті нәрсе еді. Бірақ біз «реформалаудың» да, «тыныштықтың» да болмағанын, қайта 30 миллион шаруаның аштыққа ұшырағанын, қайыршылық пен күйзелушіліктің құлақ

естіп, көз көрмеген дәрежеде (тіпті көп азап шеккен Россияда да құлақ естіп, көз көрмеген) асқынғанын, ал шаруалар арасында ызалану мен қобалжу өте-мөте күшейгенін білетін едік, енді біз осының бәрін көріп те, сезініп те отырмыз.

Бюджетті бекіту арқылы Мемлекеттік думаның мақұлдауына тағы да ұсынылып отырған үкіметтің жер жөніндегі «столыпиндік» саясаты деп аталатын саясатының (оны, әрине, Думадағы помещиктік партиялар мақұлдайды) бұл *күйреуінің* себебін түсіну үшін мен біздегі жер жөніндегі «жаңа» саясаттың, басты *екі*, былайша айтқанда, *к ө з і р і н е* біраз толығырақ тоқталып өтпекпін. Олар:

біріншіден, қоныс аудару

және, екіншіден, атышулы *хуторлар.*

Қоныс аударуды алатын болсақ, помещиктерге шаруалардың саяси жағынан оянғанын көрсеткен 1905 жылғы революция помещиктерді аздап клапанды «ашуға» және қоныс аударуға жасалған бұрынғы кедергілер орнына Россиядағы жағдайды «жеңілдетуге» тырысуға, *тынышсыз* шаруаларды Сибирьге көбірек *көшіріп жіберуге* тырысуға мәжбүр етті.

Үкімет табысқа жетті ме? Ол шаруаларды қандай да болса *тыныштандыра* алды ма және Россия мен Сибирьде олардың хал-жағдайын жақсарта алды ма? Дәл керісінше болды. Үкімет *Россияда* да және *Сибирьде* де шаруалардың хал-жағдайын тек онан бетер шиеленістіріп, нашарлата түсті.

Мен мұны қазір сіздерге дәлелдеп беремін.

1913 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасына финанс министрінің жазған түсінік хатынан біз дағдылы ресми оптимизмді және үкімет саясатының «табыстарын» асыра дәріптеуді кездестіреміз.

Қоныс аударушылар, дейді бізге, бос жатқан аудандарды «мәдениетті мекендерге» айналдыруда, қоныс аударушылар байып жатыр, өздерінің шаруашылығын жақсартуда және тағысын-тағылар және тағы сондайлар. Кәдімгі қазыналық асыра дәріптеушілік! Әбден жауыр болған *«бәрі де тәп-тәуір», «Шипкада бәрі де тып-тыныш»* деушілік.

Тек өкініштісі сол, түсінік хатта кері қайтқан қоныс аударушылар туралы деректер жайында *мүлдем еш нәрсе айтылмай отыр!!* Түсініксіз және мәні бар үндемеушілік!

Иә, мырзалар, *бесінші* жылдан кейін қоныс аударушылардың саны орта есеппен жылына жарты миллион жанға дейін өсті. Иә, 1908 жылға дейін қоныс аударушылық толқыны ең жоғары деңгейіне: бір жыл ішінде қоныс аударушылар 665 мыңға жетті. Бірақ сонан кейін толқын *тез басылып,* 1911 жылы *189 мыңға* дейін түседі. Қоныс аударушыларды үкіметтің мақтаулы «орналастыруы» *көпірме сөз* болып шыққаны айқын емес пе? Революциядан кейін не бары алты жылдан соң үкіметтің *таз кебіне қайта түсіп* отырғаны да айқын емес пе?

Ал, кері қайтқан қоныс аударушылардың саны туралы деректер,— финанс министрі мырзаның «түсінік» (дұрысын айтқанда көмескілеу) хатында әдейі айтылмай қалған деректер,— міне осы деректер бізге кері қайтқандар санының *сұмдық* көбейгенін, *1910 жылы — 30 және 40 процентке* дейін, *1911 жылы 60 процентке дейін* көбейгенін көрсетеді. Кері қайтқан қоныс аударушылардың бұл орасан зор толқыны шаруалардың адам айтқысыз апатқа, күйзелушілікке және қайыршылыққа ұшырағандығын көрсетеді, олар Сибирьге кету үшін барлық үйлерін сатты, ал енді біржолата күйзелушілік пен қайыршылыққа ұшыраған қалпы Сибирьден кейін қайтуға мәжбүр болып отыр.

Әбден күйзелушілікке ұшыраған, кері қайтқан қоныс аударушылардың осы орасан зор тасқыны бізге үкіметтің қоныс аудару саясатының *толық күйрегендігін мейлінше* айқын сипаттайды. Сибирьде ұзақ тұрып қалатын қоныс аударушылар шаруашылығының жақсаруы туралы кестелер келтіру (қоныс аудару басқармасының сметасына жазылған түсінік хатта осылай істелген), соның өзінде *ондаған мың* кері қайтқан қоныс аударушылардың толығынан және біржолата күйзелгендігін *айтпау* — деректерді тура бұрмалау болып табылады! Мұның өзі Думаның депутаттарын ойыншық үйлермен, жалпы көңілген тұрмыс жайлы

балаларға айтатын ертегілермен алдарқатқандық болады, ал біз іс жүзінде күйзелушілік пен қайыршылықты көріп отырмыз.

Финанс министрінің түсінік хатында кері қайтқан қоныс аударушылардың саны туралы, олардың ашынған, қайыршылық халі туралы, олардың әбден күйзелгендігі туралы деректерді *жасырып қалу* үкіметтің *шындықты жасыруға жанталаса* әрекет жасағандығы деген сөз, мырзалар. Босқа әрекеттену! Шындықты жасыра алмайсың! Шындық өзін еріксіз мойындатады. Россияға *қайта оралған,* күйзелген шаруалардың қайыршылық халі, Сибирьде бұрыннан тұратындардың күйзелген қайыршылық халі өздері жайында сөз қозғауға *мәжбүр етеді.*

Үкіметтің қоныс аудару саясатының күйреуі туралы өзімнің осы қорытындымды айқын түсіндіру үшін мен тағы да Сибирьдегі орман ведомствосында 27 жыл,— *жиырма жеті жыл,* мырзалар!— қызмет істеген бір чиновниктің, қоныс аудару ісінің барлық жай-жапсарымен таныскан чиновниктің, бізде қоныс аудару ведомствосында істеліп жатқан бар жөнсіздіктерге *шыдай алмаған* чиновниктің пікірін келтірейін.

Бұл чиновник — 27 жыл қызмет етіп, Столыпин мен Кривошеиннің, премьер-министр мен егіншілік және жерге орналастыру ісі бас басқарушысының 1910 жылы Сибирьге барған атышулы сапарын *«сайқымазақ сапар»* деп мойындамай тұра алмаған — 27 жыл қызмет еткен статский советниктің өз сөзі бұл, статский советник *А. И. Комаров* мырза!! Осындай «сайқымазақ сапарлар» арқылы болып жатқан бүкіл Россияны алдауға шыдай алмай, бұл чиновник *қызметін тастап,* біздегі қоныс аудару саясатының күллі талан-таражын, күллі қазына ұрлаушылығын, күллі сорақылығын, тағылығын, күйзелтушілігін шындықпен баяндайтын ерекше кітапша шығарды.

Бұл кітапша «Қоныс аудару ісі туралы шындық» деп аталады, ол С.-Петербургте осы 1913 жылы шыққан, 60 тиын тұрады,— әшкерелеу материалдарының молдығына қарағанда қымбат емес. Біздің үкімет, әдетінше, қалған «істері» мен «басқару салаларының» бәрін-

дегі сияқты, қоныс аудару ісінде де бар күшін салып шындықты жасырады, «қоқсықты үйден» шығаруға қорқады. Чиновник Комаров қызметте жүрген кезінде *көзден таса болуға* тиіс болды, өзінің әшкерелеу хаттарын газетке *бүркеншік атпен* жазуға тиіс болды, сондықтан бастықтар да тілшінің дәл үстінен *«түсуге»* тырысты. Қызметін тастап, шындықты айтатын әшкерелеу кітапшалар шығаруға чиновниктердің бәрі бірдей мүмкіндік ала бермейді! Бірақ біз жалғыз осындай кітапша бойынша-ақ жалпы осы «қаратүнек патшалықта» қандай шірік, жиреніштi қаңыраушылықтың жайлап алғанын елестете аламыз.

Чиновник А. И. Комаров тіпті еш қандай да революционер емес. Тіпті де ондай емес! Социал-демократтар мен социалист-революционерлердің теорияларына ресми дұшпан екенін оның өзі де айтады. Жоқ, бұл шамалы ғана, ең қарапайым, адалдық пен ізгілікті де әбден қанағат ететін кәдімгі ресми түрдегі россиялық чиновник. Бұл — бесінші жылғы революцияға дұшпан пиғылдағы және контрреволюциялық үкіметке қызмет етуге әзір адам.

Тіпті осындай адамның да қызметін тастап, өз басы күнәдан аулақ болғанды артық көруінің мәні бар. Ол біздегі қоныс аудару саясаты дегеннің *«рационалды орман шаруашылығы деп аталатын* шаруашылықты *толығынан қирату»* (138-бет) болып отырғанына шыдай алмады. Ол *«бұрыннан тұрып келе жатқан халықты біртебірте қайыршылыққа»* апарып соқтыратын «олардың қолайлы жерлерін *экспроприациялауға»* (яғни тартып алуға) шыдай алмады. (137 және 138-беттер). Ол «Сибирь жерлері мен ормандарының,— бір кездерде *башқұрт жерлерін талан-таражға салу да* мұның қасында *түк емес,*— мемлекет тарапынан *т а л а н - т а р а ж ғ а салынуына,* немесе дұрысын айтқанда, *т а л қ а н д а л у ы н а»* (3-бет) шыдай алмады.

Бұл чиновниктің қорытындысы, міне, мынадай:

«Бас қоныс аудару басқармасының жұмысты кең көлемде жүргізуге *мүлдем дайындығының жоқтығы»,*—«жұмыста жоспарлылықтың мүлдем жоқтығы және жұмыстың сапасының нашарлығы», «ауыл шаруашылығына топырағы жарамсыз, суы жоқ немесе *суы ішуге келмейтін* учаскелер бөлу» (137-бет).

Қоныс аудару толқыны көтерілген кезде, чиновниктер қапылыста сасқалақтап қалды. Олар «қоныс аудару пунктінде телмірген, қоныс аудару басқармасының босағасында талай сағат тұрған *шаршап, қажыған ондаған адамдарды* әйтеуір орналастыру үшін, олардан әйтеуір құтылу үшін «кеше ғана дерлік жайғастырылған қазыналық орман-тоғай дачаларын тілімдеді» — ең алдымен көзіне түскенін ала берді» (11-бет).

Мінеки, екі мысал. Қоныс аударушыларға *Куринск* қоныс аудару учаскесін бөліп береді. Оны Алтай тұз заводының жанындағы бұратаналардан тартып алынған жерлерден құрастырады. Бұратаналар тоналды. Жаңа қоныстанғандар ішуге жарамайтын сортаң сумен қалды! Қазына құдық қазуға босқа ақша шашады. Нәтиже шықпайды. Жаңа қоныстанғандар *7—8* шақырым (жеті және сегіз!) жерге суға барып жүр!! (101-бет).

Мана өзенінің жоғарғы жағына орналасқан «Выездной» учаскесі. Оған 30 семья қоныстандырды. Ауыр жағдайда жеті жыл отырғаннан кейін жаңа қоныстанғандардың бұл жердің егіншілікке жарамсыз екеніне әбден көздері жетеді. *Барлығы дерлік қашып кетеді.* Қалғандарының біразы аң және балық аулаумен айналысады (27-бет).

«Чуна-Ангара өлкесінің учаскелерін: *жүздеген* үлеске, 900, 460 үлеске және т. с. бөлу белгіленген. Қоныс аударғандар жоқ. Тұруға мүмкін емес. Таулы, батпақты, суы жарамсыз жерлер.

Міне, сонымен, чиновник А. И. Комаров финанс министрі мырза айтпай кеткен кері қайтқан қоныс аударушылар туралы үкіметке *жағымсыз шындықты* айтады.

*«Бір жүз мың ғана жан емес»,*— дейді ол осы күйзелуге және қайыршылыққа ұшырап кері қайтқан қоныс аударушылар жайында.—«Болашақ революцияда, егер ондай бола қалса, аса қорқынышты роль атқарғалы отырған үлгідегі элемент қайтып жатыр,— деп жазады чиновник Комаров... Қайтып жатқан бүкіл өмір бойы батырақ болып келген адам емес... қайтып жатқан кешегі қожайын, өзі мен жер бөлек бола алады дегенді ешқашан ойына да алып келмеген адам, міне бұл адам, оны орналастыра алмай, тек күйзелте алғанына әділетті түрде қан-

ды кек тұтқан — бұл адам мемлекеттік құрылыстың қандайына болса да қорқынышты» (74-бет).

Революциядан үрейленетін чиновник Комаров мырза осылай деп жазады. Комаров мырза *помещиктік* «мемлекеттік құрылыстар» ғана болуы мүмкін деп бекерге ойлайды. Ең тәуір, ең мәдениетті деген мемлекеттерде помещиктерс*із де* тұрады. Халықтың пайдасы үшін Россияда да помещиктерсіз-ақ тұра алар еді.

Комаров байырғы тұрғындардың *күйзелгенін* ашық көрсетеді. Байырғы тұрғындарды осындай талаудың салдарынан «егін шықпау» — ал шынын айтқанда: *аштық* деген тіпті «сибирьлік Италияда» да, яғни Минусинск уезінде де байқала бастады. Комаров мырза мердігерлердің қазынаны тонауын, чиновниктер құрастыратын есептер мен жоспарлардың мүлдем жалған, яғни ойдан шығарылғандығын, олардың миллиондаған қаржыны жұтқан Обь-Енисей каналы сияқты жұмыстарының жарамсыздығын, *жүздеген миллион сом* ақшаны босқа шашып жатқандығын ашып көрсетеді.

Біздің қоныс аударуымыздың бәрі *«тұтасып жатқан бір сорақы анекдот»* (134-бет),— дейді құдайынан қорқатын, қарапайым чиновник.

Финанс министрі мырза айтпай кеткен *кері қайтқан* қоныс аударушылар туралы *шындық*, міне, осындай! Біздегі қоныс аудару саясатының *іс жүзінде* толық *күйреуі* міне осындай! Россияда *да*, Сибирьде *де* — күйзелушілік пен қайыршылық. Жерді талап-таражға салу, орман-тоғай орналасқан жайларды *қирату* — өтірік есептер және ресми жалған мен екіжүзділік.

Хуторлар туралы мәселеге көшейік.

Финанс министрі мырзаның түсінік хаты бізге бұл мәселе жөнінде де, қоныс аудару туралы мәселе жөніндегідей, жалпылама, еш нәрсені білдірмейтін, ресми-екіжүзділік деректерді (дұрысын айтқанда, дерек*сымақтар)* келтіреді.

1912 жылдың қарсаңында $1^1/_2$ (бір жарым) миллионнан астам үй қауымнан біржолата шықты;— миллионнан астам үй хуторларға бөлініп шығарылды, деп хабарлайды бізге.

Хуторлықтардың шаруашылығы шындығында қандай екені жайында үкімет есептерінің *ешбір жерінде, бірде бір* шындық сөз айтылмаған!!

Ал оның бер жағында біз енді — *хуторлықтардың* мүлдем өзгеше екі разряды бар екенін жерге жаңадан орналастыруды адал бақылаушылардың (Иван Андреевич Коновалов марқұм сықылды) сипаттауларынан да және деревня мен шаруалар тұрмысын өзіміздің бақылауларымыздан да біліп отырмыз. Хуторлықтардың бұл екі разрядын араластырып жіберіп, үстірт деректерді келтіріп, үкімет халықты тек алдап отыр.

Хуторлықтардың бір разряды, болмашы ғана азшылығы — жаңадан жерге орналасқанға дейін де өте жақсы тұрып келген ауқатты мужиктер, кулактар. Ондай шаруалар бөлектеніп және кедейлердің үлесті жерін сатып алып, халық бұқарасын бұрынғыдан да гөрі күйзелте, кіріптарлыққа сала отырып, басқалардың есебінен сөзсіз байиды. Бірақ мұндай хуторлықтар, қайталап айтамын, *тіпті аз.*

Хуторлықтардың екінші разряды — қайыршы, күйзелген шаруалар басым, басым болғанда орасан зор көлемде басым, бұлар хуторға мұқтаждықтан барғандар, өйткені олардың басқа барар жері жоқ. «Барар жерің болмаса, ең болмағанда хуторға бар» — дейді бұл шаруалар. Өздерінің жартымсыз шаруашылығында ашығып, азап шеккен соң, олар қоныс аударуға беретін жәрдемге бола, орналасуға беретін қарыз ақшаға бола, суға кеткен тал қармайды дегеннің керін істеді. Олар хуторларда мұзға соғылған балықтай бастарын тауға да, тасқа да соғады; олар банкіге жарна жинап төлеу үшін барлық астықтарын сатады; олар қашан да борыштан шықпайды; сұмдық жоқшылық көруде; қайыршыларша тұрады; оларды *жарна төлемегені* үшін хутордан *қуып жібереді,* сөйтіп олар біржолата кезбелерге айналады.

Егерде ресми статистика бізге ойдан шығарылған жақсы тұрмыстың түк аңғартпайтын елестерін тықпалаудың орнына, егерде осы статистика жеркепелерде тұратын, малдарын да адамдар қысылып-қымтырылып тұратын орындарда ұстайтын, ауыз жарып ас ішпейтін,

киімдері жырым-жырым, ауру-сырқаулы балалары бар осы *қайыршы хуторлықтардың* санын дұрыс көрсетсе,— міне сонда біз *«хуторлар туралы шындықты»* көрген болар едік.

Бірақ мәселенің өзі сонда, үкімет барлық күшін салып хуторлар туралы осы шындықты жасырып отыр. Шаруалардың тұрмысын өз бетімен, тәуелсіз түрде бақылаушыларды қудалайды және деревнядан қуып жібереді. Газетке жазушы шаруаларға өкімет пен полиция тарапынан тіпті Россияда да құлақ естіп, көз көрмеген озбырлыққа, қысымшылыққа және қудалаушылыққа ұшырауға тура келеді.

Ат төбеліндей бай-хуторлықтарды байып келе жатқан шаруалар бұқарасы деп көрсетеді! Кулактар туралы ресми өтірікті деревня туралы шындық деп көрсетеді! Бірақ үкімет шындықты жасыра алмайды. Ашыққан және күйзелушілікке ұшырап бара жатқан деревня туралы шындықты үкіметтің жасыруға тырысуы шаруалардың арасында орынды *ашынуды* және *ызалануды* ғана туғызады. Ондаған миллион шаруалар былтырғы және алдыңғы жылғы сияқты ашығып отырғанда, бұл факт хуторлардың игілікті әсері туралы ертегілердің жалғандығы мен екіжүзділігін ұзақ пайымдаулардан гөрі жақсырақ ашады. Бұл факт үкімет жер жөніндегі саясатын өзгерткеннен *кейін де*, Столыпиннің атышулы реформасынан *кейін де* орыс деревнясының нақ крепостниктік право тұсындағыдай езгімен, қанаумен, қайыршылықпен, правосыздықпен жаншылып қала бергенін айдан анық көрсетеді. Біріккен дворяндар советінің жер жөніндегі *«жаңа»* саясаты *бұрынғы* крепостниктерді және олардың мыңдаған, он мыңдаған десятиналы зор имениелерінің езгісін сол күйінде қалдырды. Жер жөніндегі «жаңа» саясат шаруа бұқарасын бұрынғыдан да күштірек күйзелтіп, *бұрынғы* помещиктер мен ат төбеліндей шаруа буржуазиясын байытты.

Өзінің жер жөніндегі саясатын түсіндіру және ақтау үшін Столыпин марқұм: «біз күштілерге иек артамыз»,— деп лепірген еді. Өте сирек айтылатын ақиқат сөздер ретінде бұл сөздерді атап өтуге және есте сақтауға тұрады, бұлар министрдің ілудегі бір ақиқат сөзі.

Осы ақиқат сөздердің мәнісі *жаңа* заңдар да, жер жөніндегі *жаңа* саясат та *байлар үшін* және *байлардың* қолымен жазылған заңдар,— байлар үшін және оны *байлар* жүзеге асырып отырған саясат екенін шаруалар жақсы түсінді және өз басынан кешіре ұғынды. Мырзалардың Думасы мырзалардың заңын шығаратынын,— үкімет дегеніміз крепостник-помещиктер еркінің органы және олардың Россияға үстемдік етуінің органы болып табылатын «қиындығы *жоқ*» тетік екенін шаруалар түсінді.

Егер Столыпин өзінің «атақты» (масқара атақты): «біз күштілерге иек артамыз» деген сөзімен шаруаларды *осыған* үйреткісі келсе, онда Столыпин күйзелген және ызаланған бұқараның арасынан үкіметтің *кімге* иек артып отырғанын түсініп, *өздерінің де кімге* иек артуының: жұмысшы табы мен оның бостандық жолындағы күресіне иек артуының керек екенін соғұрлым жақсы түсінетін жақсы шәкірттер тапқанына және табатынына біз сенеміз.

Жалаң сөзді болмау үшін Иван Андреевич Коновалов сияқты шебер және өз ісіне жан-тәнімен берілген байқаушының күнделікті тұрмыстан алған бірнеше мысалын келтірейін (Иван Коновалов: «Қазіргі деревня очерктері», СПБ. 1913. Бағасы 1 сом 50 тиын. Цитаттар келтірілген жерде беттері көрсетілген).

Орел губерниясының Ливенск уезінде төрт имение хуторларға бөлінген: ұлы князь Андрей Владимировичтің имениесі — 5000 десятина, Поляковтың имениесі — 900 десятина, Набоковтың имениесі — 400 десятина, Корфтың имениесі — 600 десятина. Барлығы 7000 десятинадай. Хуторлардың көлемі 9 десятина болып белгіленген, тек ерекше жағдайда ғана 12 десятинаға дейін барады, сонымен, барлығы *алты жүзден* астам хутор.

Бұл цифрлардың мәнін айқынырақ түсіндіру үшін мен Орел губерниясы жөніндегі 1905 жылғы ресми статистикадан деректер келтірейін. Бұл губерниядағы *бес* дворянның *143 446* десятина жері болды, яғни әрқайсысына орта есеппен *28 мың десятинадан* келеді. Мұндай адам айтқысыз зор имениелерді иелері тұтас өңдемейті-

ні, олар тек шаруаларды езіп, кіріптар ететіні анық. Үй басына 5 десятинаға дейін үлесті жері бар бұрынғы помещиктік шаруалар 1905 жылы Орел губерниясында 44½ мың үй, ал олардың 173 мың десятина жері болды. Помещикке *28 мың десятинадан, «помещиктік»* кедей мужикке *4 десятинадан* келді.

Үй басына 500 және одан көп десятина жері бар дворяндар 1905 жылы Орел губерниясында *378* адам, оларда барлығы *592* мың десятина жер болды, яғни олардың әрқайсысына орта есеппен *бір жарым мың десятинадан* астам жер келді. Ал үй басына 7 десятинаға дейін үлесті жері бар *«бұрынғы помещиктік»* шаруалар Орел губерниясында — 124 мың үй, оларға *647* мың десятина жер, яғни үй басына *5 десятинадан* келді.

Орел шаруаларын крепостниктік имениелер қаншалықты жаншып отырғанын, ол Ливенск уезіндегі хуторға бөлінген *төрт* имение мұқтаждық пен қайыршылық теңізіндегі болмашы тамшыдай екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Сонда хуторлықтар өздерінің 9 десятиналық учаскелерінде қалай тұрып жатыр екен?

Жердің десятинасы 220 сомнан бағаланған. Жылына 118 сом 80 тиыннан (яғни бір десятина егіске 20 сомға жуық) төлеуге тура келеді. Кедей шаруаның мұндай төлемге шамасы келмейді. Ол әйтеуір ақша табу үшін жерінің бір бөлігін арзан бағамен жалға береді. Банкке жарна төлеу үшін барлық астығын сатады. Сөйтіп оның тұқымға да, ішіп-жеуге де астығы қалмайды. Қарызданады, тағы да кіріптарлыққа түседі. Жалғыз аты бар, сиырын сатып жіберген. Жер өңдейтін құрал-сайманы ескі. Шаруашылықты жақсарту туралы ойлауға да болмайды. «Балалардың аузына ақ тимейтіні былай тұрсын, сүттің қандай екенін де ұмытқан» (198-бет). Қарызын мерзімінде төлемегені үшін оңдай қожайынды учаскеден қуып жібереді, сөйтіп ол әбден күйзеліп болады.

Финанс министрі мырза өзінің түсінік хатында жерге жаңадан орналастыру немесе, дұрысын айтқанда, жер пайдалануды бүлдіру арқылы шаруалардың осындай күйзелушілікке ұшырағанын шімірікпестен бүркеуге тырысты.

Министр мырза түсінік хатының екінші бөлімінің 57-бетінде 1911 жылдың аяғына дейін жерлерін сатқан шаруалардың саны туралы ресми деректер келтіреді. Ондай шаруалар саны — *385 407 семья.*

Сонымен министр мырза: сатып алушылардың саны (362 840) *«сатушылардың санына өте жақын»* (385 407) деп *«жұбатады».* Сатушының біреуіне 3,9 десятинадан, ал сатып алушының біреуіне — 4,2 десятинадан келеді (түсінік хаттың 58-беті).

Мұнда жұбатарлық не бар? Біріншіден, тіпті осы ресми деректердің өзі де сатып алушылардың саны сатушыларға қарағанда *а з* екенін көрсетеді. Демек, деревняның күйзелушілігі мен кедейленуі ұлғайып отыр. Ал, екіншіден, үлесті жерлерді сатып алушылар әйелдерінің, туысқандарының, бөгде адамдар атына жер сатып алып, аз мөлшерден артық сатып алуға тыйым салған заңды орағытып өтіп жүргенін кім білмейді?? Қажеттіктен шаруалардың арасында аренда, тағы сол сияқты басқа да әр түрлі келісімдерді сылтауратып жер сату жүйесінің орасан көп болатынын кім білмейді? Жартылай кадет жартылай октябрист князь Оболенскийдің «Русская Мысльдегі» шығармаларына-ақ қараңызшы,— сонда сіздер байлардың үлесті жерлерді *орасан көп* сатып алып отырған фактісін және осы сатып алуын заңды мыңдаған айла-тәсілмен орағытып өтумен *бүркеп отырған* фактісін нағыз помещиктік көзқарастағы осы помещиктің өзі де мойындайтынын көресіздер!!

Жоқ, мырзалар! Үкімет пен дворяндардың жер жөніндегі «жаңа» саясаты дегеніміз дворян мырзалардың өздерінің меншіктері мен табыстарына тигізбей (көбіне тіпті «шаруа банкісінің» дворяндарға беретін мың түрлі жеңілдіктері және жерді сату бағасын *мықтап көтеру* арқылы өздерінің табыстарын *көбейтіп)* істегендегі *бар* қолдан келгені осы-ақ деген сөз.

Дворяндардың бұл *«бар қолдан келгені» түк емес.* Деревня одан әрі күйзелді, одан әрі *ашына түсті.* Деревнядағы ашыну сұрапыл. Бұзақылық деп аталып жүрген нәрсе негізінде шаруалардың адам айтқысыз ашынуының және *олардың қарсылығының б а с т а п қ ы* түрлерінің салдары болып табылады. Қазір «жерге

орналастырушылар» адам айтқысыз тездікпен, өрескелдікпен және қаталдықпен күйзелтіп отырған миллиондаған аш шаруалардың бұл ашынуын және бұл қарсылығын ешқандай қудалаулар, ешқандай жазаны күшейтушілік тыя алмайды.

Жоқ, жер жөніндегі дворяндық немесе столыпиндік саясат — жағдайдан шығу емес, Россиядағы жер мәселесін жаңадан *шешуге* жасалған ең азапты *қадам* ғана. Бұл шешімнің қандай болуға тиіс екенін жанама түрде болса да тіпті Ирландияның тағдыры да көрсетеді, онда жер иелерінің мың түрлі созбалауларынан, тосқауылдарынан және кедергілерінен кейін жер қайткенмен де фермерлердің қолына көшкен-ді.

Россиядағы жер мәселесінің мәні неде екенін ірі помещиктік жер иелігі туралы деректер бәрінен де айқын көрсетеді. Бұл деректер үкіметтің 1905 жылғы ресми статистикасында бар, кімде-кім орыс шаруаларының тағдыры туралы және біздің елдің бүкіл саясатындағы істің жайы туралы шындап қам жейтін болса, ол осы деректерге назар аударып сөзсіз тоқталуы керек.

Европалық Россиядағы помещиктік ірі жер иелігіне көз жіберелікші. 500 десятинадан астам жері бар помещиктердің саны *27 833,* ал олардың *62 миллион десятина жері* бар!! Осыған уделдік жерлер мен Урал заводшыларының ең ірі имениелерін қоссақ, *30 000*-ға жетпейтін помещиктерде *70 миллион десятина* жер болады. Сонда ірі помещиктердің әрқайсысына орта есеппен *2 0 0 0* десятинадан артығырақ жер келеді. Латифундиялардың, яғни Россиядағы ең ірі имениелердің қандай мөлшерге дейін баратынын мынадан көруге болады: *699* помещиктің әрқайсысының *10 мың десятинадан* астам, ал барлығының — 20 798 504 десятина жері бар. Бұл шонжарлардың немесе ұлықтардың әрқайсысына *30 мың* (29 754) *десятинадан* келеді!!

Ірі крепостниктік жер иелігі мұндай керемет зор мөлшерде сақталған елді Европадан, тіпті бүкіл дүние жүзінен де табу оңай емес.

Ең маңыздысы сол, осы жерлерде ішінара ғана капиталистік шаруашылық жүргізіледі, яғни жер жалдама жұмысшылардың күшімен, жер иелерінің құрал-сайма-

нымен өңделеді. Көбінесе шаруашылық *крепостниктік тәсілмен* жүргізіледі, яғни бұдан жүз, үш жүз және бес жүз жыл бұрынғыдай, помещик жерін *шаруа* атымен, *шаруа құрал-сайманымен* өңдеуге мәжбүр етіп, помещиктер шаруаларды кіріптарлыққа салады.

Бұл капитализм емес. Бұл европалық шаруашылық әдісі емес, оңшыл және октябрист мырзалар, Россиядағы егіншілікті «европаландырғымыз» (яғни европаша қайта құрғымыз) келеді деп мақтанатын сіздер, мұны естеріңізге алып қойыңыздар! Жоқ, бұл мүлдем европаша емес. Бұл *ескі қытайша*. Бұл *түрікше*. Бұл *крепостниктік әдіс*.

Бұл жетілдірілген шаруашылық емес, жер пайдаланудағы өсімқорлық. Бұл — ескі, әбден ескі кіріптарлық. Жарлы шаруа тіпті жақсы жылы да жарлы, жартылай аш болып қала береді, қолында көтерем аты, ескі, болмашы, тозған құрал-сайманы бар шаруа амалсыздан помещикке, *«барингe»* кіріптарлыққа барады, өйткені мужикке басқа барар жер жоқ.

Шаруа кіріптарлыққа бармайынша, «барин» оған арендаға жер де, өткел де, суат та, шабындық та, ағаш материалдарын да бермейді. Шаруаны «заңсыз» ағаш кесіп жатқан жерінен ұстап алса қайтеді? оны қорықшылар, черкестер және сол сықылдылар өлімші етіп сабап салады, ал одан кейін *«барин»*, біздің егіншілігіміздің прогресі туралы және Европаға еліктеу туралы Думада жалынды сөз сөйлейтін осы барин соққыға жығылған мужикке қалағаныңды ал: не түрмеге бар, не екі немесе үш десятина жерді өңде, жырт, тұқым сеп, егінді орып бер дейді! Егінді таптағаны үшін де соны істейді. Қыс мезгіліне қарызға астық бергені үшін де соны істейді. Шабындық немесе жайылым жерлер үшін де, ұшы-қиыры жоқ тағы басқалар үшін де соны істейді.

Бұл помещиктердің ірі шаруашылығы емес. Бұл мужикті *кіріптар ету*. Бұл — мужикті барлық жағынан қысып, тұншықтырып отырған мыңдаған десятиналы имениелер арқылы, помещиктердің имениелері арқылы, миллиондаған қайыршыланған шаруаларды *крепостниктік* әдіспен қанау!!

Хуторлар ат төбеліндей байларға ғана жағдай жасай-

ды. Ал бұқара бұрынғыша ашыға береді. Неліктен Европада көптен бері ашаршылық жоқ, помещик мырзалар? Бізде 1910—1911 жылдарда болған сықылды сұрапыл аштықтар Европада тек крепостниктік право тұсында ғана болғаны неліктен?

Себебі Европада крепостниктік кіріптарлық жоқ. Европада бай және орта шаруалар бар, батырақтар бар, бірақ онда правосыз, езілген, «баринге» тәуелді, тыйтығына жете күйзелген, қайыршылық халге түскен және ғұмыр-бақи көрген мехнат пен азаптан есінен танған миллиондаған шаруалар жоқ!

Не істеу керек? Мұнан құтылатын жол қайда?

Мұнан құтылатын жол біреу: деревняны осы крепостниктік латифундиялардың езгісінен құтқару, осы *жетпіс миллион* десятина жердің помещиктерден шаруалардың қолына көшуі және көшкенде ақысыз-пұлсыз көшуі.

Тек осы жол ғана Россияны европалық елге шын ұқсас ел еткен болар еді. Тек осы жол ғана миллиондаған орыс шаруаларының жеңілдік тауып, есін жинауына мүмкіндік берген болар еді. Тек осы жол ғана Россияны помещиктік кіріптарлықпен жаншылған, аш-жалаңаш, қайыршы шаруалар елінен «европалық прогресс» еліне,—сауатсыздар елінен сауатты елге,—мешеу қалған және үмітсіз тоқыраушылық елінен дамуға және алға басуға қабілетті елге,— правосыз және құлдық елден азаттық еліне айналдыруға мүмкіндік берген болар еді.

Сондықтан жұмысшы табының партиясы ерікті, демократиялық мекемелерден тыс социализмге апаратын жолдың жоқ екенін және болуы да мүмкін емес екенін түсіне отырып, үкімет өзінің жер жөніндегі саясаты мен Россияны тағы да әкеп тіреген тұйықтан шығу жолы бүкіл помещиктік жерді шаруалардың қолына ақысыз-пұлсыз беру, жаңа революция арқылы толық саяси бостандықты жеңіп алу екенін атап көрсетеді.

*Кеш дегенде 1913 ж. 7 (20) июньде жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларында басылған, XVI том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# БІР ӨТІРІК ТУРАЛЫ

## (РЕДАКЦИЯҒА ХАТ)

Егер бірінші мақаласының өзінде-ақ сорақы өтірік болмағанда, Л. Мартовтың: «қазіргі таластың тактикалық мәнісі» туралы мәселені талдауға уәде берген мақалаларының «Лучта» басылуын қай жағынан болса да құттықтаудың жөні бар еді. Менің: жойымпаздармен арадағы талас тіпті де ұйымдық мәселе* жөнінде болып отырған жоқ деген сөздерімді Л. Мартов лепіріп: «мәссаған!», «құдайдың қолдауымен кенет бет бұрыс жасалды», «күтпеген сөздер» деп жариялайды, т. т.

Ал оның бер жағында Л. Мартов бұл арада бет бұрыс дегеннің иісі де сезілмейтінін, күтпеген жайдың белгісі де жоқ екенін жақсы біледі. Бұдан үш жылдан астам бұрын, 1910 жылғы майда, мен Мартовқа өте жақсы белгілі, Париждегі басылымдардың бірінде *«тәуелсіз-жарияшылдар тобы туралы»* («Наша Заря» мен «Возрождениенің» идеялары) «түпкілікті бірігіп, партиядан біржолата қол үзді»** деп жазғанмын.

Таластың бұл арада да мүлдем ұйымдық мәселеде емес (партияны *қалай* құру керек?), ал партияның *болмысы туралы,* партиядан жойымпаздардың бөлініп кетуі туралы, олардың партиядан біржолата ажырасуы туралы мәселеде екені айқын. Мұның ұйымдық мәселе туралы талас емес екенін Мартовтың түсінбеуі мүмкін емес.

---

* Қараңыз: осы том, 197-бет. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 313-бет. *Ред.*

1911 жылғы октябрьде, тағы да Мартовқа сондай жақсы белгілі басылымда, тағы да менің қолым қойылып: «іс жүзінде әсте де ұйымдық мәселе бірінші кезекке қойылып отырған жоқ», қайта партияның *«болмысы»* туралы мәселе* делінген-ді.

Егер Мартов партияның дәл шешімдерін талдаудан жалтарып, қауесет таратса, сөйтіп сорақы өтірікті бастырса, онда жойымпаздардың жағдайы өте жаман-ақ болғаны.

*1913 ж. 7 (20) июньде жазылған*

*1913 ж. 15 июньде «Правда» газетінің 136-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. Ильин*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 367-бет. *Ред.*

## ЕГІНШІЛІКТЕГІ ҰСАҚ ӨНДІРІС

Қазіргі, капиталистік, мемлекеттерде шаруа мәселесі марксистер арасында жиі-жиі түсінбестік пен ауытқушылық, буржуазиялық (профессорлық) саяси экономия тарапынан марксизмге бәрінен де көп шабуыл жасалуын тудыруда.

Капитализм тұсында егіншіліктегі ұсақ өндіріс құрымай қоймайды және адам айтқысыз жаншылған, езілген халге ұшырамай қалмайды,— дейді марксистер. Ірі капиталға тәуелді болғандықтан және егіншіліктегі ірі өндіріске қарағанда мешеу қалғандықтан ұсақ өндіріс тек қажетсінуді мейлінше төмендету арқылы, тиықтататын, азапты еңбек арқылы ғана жан сақтайды. Адам еңбегінің бытырауы мен ұрлануы, өндірушінің тәуелді болуының ең жаман түрлері, шаруа семьясы күшінің, шаруа малының, шаруа жерінің сарқылуы — капитализмнің қайда болса да шаруаға беретіні, міне, осылар.

Шаруаға пролетариаттың, ең алдымен жалдама жұмысшылардың қимылына қосылудан басқа құтылудың жолы *жоқ*.

Буржуазиялық саяси экономия және оның халықшылдар мен оппортунистер түріндегі ұғымы әр кезде бірдей жете бермейтін жақтастары, керісінше, ұсақ өндірісі өміршең, ірі өндірістен гөрі тиімді деп дәлелдеуге тырысады. Капиталистік құрылыс тұсында жағдайы орнықты әрі сенімді шаруа, пролетариатқа емес, буржуазиямен жақындасуға, жалдама жұмысшылардың

тап күресіне емес, меншік иесі әрі қожайын есебіндегі өзінің жағдайын нығайтуға ұмтылуға тиіс — буржуазиялық экономистер теориясының мәні осындай.

Пролетарлық теория мен буржуазиялық теорияның қайсысының негізі барын дәлме-дәл деректер арқылы тексеріп көрейік. Австрия мен Германияның егіншілігіндегі *әйелдер* еңбегі туралы деректерді алайық. Россия жөнінде осы уақытқа дейін толық деректер болмай отыр — мұның өзі үкіметтің барлық ауыл шаруашылық кәсіпорындардың ғылыми негіздегі санағын алуды қаламауының салдары деу керек.

Австриядағы 1902 жылғы санақ ауыл шаруашылығында істейтін 9 070 682 адамның 4 422 981-і, яғни 48,7 проценті әйелдер екенін анықтады. Капитализм едәуір күштірек дамыған Германияда ауыл шаруашылығында істейтін барлық жұмысшылардың ішінде әйелдер *көпшілік*, атап айтқанда 54,8 процент болып шықты. Егіншілікте капитализм неғұрлым күшті дамыған сайын, ол әйелдер еңбегін пайдалануды соғұрлым күшейтеді, яғни еңбекшілер бұқарасының тұрмыс жағдайын *нашарлатады*. Германияның өнеркәсібінде істейтіндердің 25 проценті әйелдер, ал егіншілікте бұдан екі еседен аса көп. Мұның мәнісі өнеркәсіп *тәуір* жұмысшы күшін өзіне алады да, егіншілікке неғұрлым әлсіз жұмысшы күшін қалдырады деген сөз.

Дамыған капиталистік елдерде егіншілік көбінесе әйелдердің кәсібі болып алды.

Ал егер біз мөлшері әр түрлі егіншілік шаруашылықтары туралы деректерді қарасақ, онда біз нақ *ұсақ* өндірісте әйелдер еңбегін пайдаланудың тым өсіп кеткенін көреміз. Керісінше, ірі, капиталистік, өндіріс егіншілікте де көбінесе, бұл жөнінде өнеркәсіпке жете алмаса да, еркектердің еңбегін пайдаланады.

Австрия мен Германия бойынша салыстырмалы деректер мынадай: [310-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Біз екі елдің екеуінде де капиталистік егіншіліктің заңы бірдей екенін көреміз. Өндіріс неғұрлым ұсақ болса, жұмысшы күшінің құрамы соғұрлым *нашар*, ауыл шаруашылығында істейтін адамдардың жалпы санында әйелдер соғұрлым басым келеді.

| Шаруашылықтар | Шаруашылықтар тобы | Қызметкерлердің жалпы санында әйелдер проценті | |
|---|---|---|---|
| | | Австрия | Германия |
| Пролетарлық | ½ гектарға дейін* | 52,0 | 74,1 |
| | ½-ден 2 гектарға дейін | 50,9 | 65,7 |
| Шаруалық | 2 » 5 » » | 49,6 | 54,4 |
| | 5 » 10 » » | 48,5 | 50,2 |
| | 10 » 20 » » | 48,6 | 48,4 |
| Капиталистік | 20 » 100 » » | 46,6 | 44,8 |
| | 100 және одан артық | 27,4 | 41,0 |
| | *Барлығы* | 48,7 | 54,8 |

Капитализм тұсында істің жалпы жайы мынадай болып шығады. Пролетарлық шаруашылықтарда, яғни «қожайындары» негізінен жалдамалы еңбекпен күн көретін (батырақтар, күндікшілер, жалпы ұлтарақтай жері бар жалдама жұмысшылар) шаруашылықтарда *әйелдер еңбегі еркектердің еңбегінен басым,* кейде орасан зор мөлшерде басым.

Бұл пролетарлық немесе батырақтық шаруашылықтардың саны орасан көп: Австрияда барлығы 2,8 миллион шаруашылықтың 1,3 миллионы, ал Германияда барлығы 5,7 миллион шаруашылықтың тіпті 3,4 миллионы екенін ұмытпау керек.

Шаруа шаруашылықтарында еркектер мен әйелдер еңбегі шамамен бірдей тараған.

Ақырында, капиталистік шаруашылықтарда еркектер еңбегі *әйелдердің еңбегінен басым келеді.*

Бұл не деген сөз?

Бұл — ірі, капиталистік шаруашылыққа қарағанда, ұсақ өндірісте жұмысшы күшінің құрамы нашар деген сөз.

Бұл — егіншілікте жұмысшы әйел — пролетар әйел және шаруа әйел — ірі, капиталистік өндірісте істейтін еркек қызметкермен мүмкін қадерінше теңелу үшін, өзінің денсаулығына, балаларының денсаулығына зиян

* Гектар = десятинаның $^9/_{10}$ бөлегі.

келтіріп, бар күшін салып, жанталасып, зорыға жұмыс істеуге тиіс деген сөз.

Бұл — капитализм тұсында ұсақ өндіріс ірі өндірістің қызметкерден сығып алатын еңбегінен де *көп* еңбекті *сығып алумен* ғана өмір сүреді деген сөз.

Шаруа капиталистік тәуелділіктің шым-шытырық торына жалдама жұмысшыдан гөрі көп маталған, көп шырмалған. Шаруаға өзі дербес, өзі «шаруашылығын жөндей алатын» сияқты болып көрінеді, ал іс жүзінде ол жан сақтау үшін жалдама жұмысшыдан да гөрі қинала жұмыс істеуге (капиталдың пайдасына) тиіс.

Мұны егіншіліктегі *балалар* еңбегі туралы деректер одан да айқын көрсетеді*.

*1913 ж. 7 (20) июньде жазылған*

*1913 ж. 18 июльде «Рабочая Правда» газетінің 5-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: осы том, 312—315-беттер. *Ред.*

## ШАРУА ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛА ЕҢБЕГІ

Ұсақ егіншілік өндірісінің капитализм тұсында қандай жағдайға қойылғанын дұрыс бағалау үшін бәрінен де гөрі маңыздысы қызметкердің хал-жайы, оның табысы, еңбек мөлшері, тұрмыс жағдайы туралы,— онан кейін мал ұстау және оны күту сапасы туралы,— ақырында, жер өңдеу тәсілдері, оны тыңдайту, оның құнарын талан-тараж ету туралы және т. б. мәселелер болып табылады.

Бұл мәселелерді орағытып өтсек (буржуазиялық саяси экономия екінің бірінде осылай етеді), бізде шаруа шаруашылығы туралы мүлде теріс ұғым туатынын түсіну қиын емес, өйткені оның *шын* «өміршеңдігі» қызметкердің нақ осы хал-жайына, мал ұстау және жер күту жағдайларына байланысты. Бұл жағынан қарағанда ұсақ өндіріс ірі өндіріспен бірдей жағдайға қойылған деп жайдан жай жорамалдау нақ дәлелдеуді керек ететін нәрсенің өзін дәлелденген нәрсе деп алу болады,— демек, салған жерден буржуазиялық көзқарасқа түсу болады.

Буржуазия шаруа дегеніміз капиталдың жалдама жұмысшы сияқты жаншылған, бірақ одан гөрі маталған, одан гөрі шырмалған құлы емес, нағыз және өміршең «қожайын», деп дәлелдегісі келеді. Егер талас мәселені шешу үшін керекті *деректерді* көңіл қоя және ұқыптылықпен іздеу керек болса, онда ұсақ және ірі өндірістегі *тұрмыс пен еңбек жағдайларының* жүйелі әрі объективтік көрсеткіштерін іздеп табу қажет.

Осындай — ал оның бер жағында өте-мөте маңызды — көрсеткіштердің қатарына *бала* еңбегін қолдану дәрежесі жатады. Бала еңбегін қанау неғұрлым күшті болса, дау жоқ, қызметкердің жағдайы да соғұрлым нашар, оның тұрмысы да соғұрлым ауыр болады.

Австрия мен Германияның ауыл шаруашылық санақтарында ауыл шаруашылығында істейтін барлық адамдардың ішіндегі балалар мен жасөспірімдердің саны туралы мәлімет бар. Оның бер жағында Австрияда 16 жасқа *толмаған* жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің барлығы өз алдына есептелген. Бұлар 9 миллионнан 1,2 миллион, яғни 13 процент болып шыққан. Ал Германияда *14 жасқа дейінгі* балалар ғапа бөлек алынған, ал бұлар он бес миллионнан (15 169 549) алты жүз мың (601 637), яғни 3,9 процент болып шыққан.

Австрия мен Германия деректерінің салыстыруға келмейтіні айқын. Бірақ бұл арада көрінетін пролетарлық, шаруалық және капиталистік шаруашылықтардың арасындағы *арақатынасты* салыстыруға әбден болады.

Пролетарлық шаруашылықтарға біз ұлтарақтай (екі гектарға дейін, яғни шаруашылық басына екі десятинаға жуық) жері барларды жатқызамыз,— бұл жер жалдама жұмысшыларға қосымша табыс береді. Шаруа шаруашылықтарына 2-ден 20 гектарға дейін жері барларды жатқызамыз; мұнда семьялық еңбек жалдама еңбектен басым болады. Ақырында, капиталистік шаруашылықтар, олар — неғұрлым ірі шаруашылықтар, бұларда жалдама еңбек семьялық еңбектен басым келеді.

Осы үш типті шаруашылықтардағы бала еңбегі туралы деректер мынадай [314-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Бұдан біз екі елдің екеуінде де бала еңбегін қанау *бәрінен де* жалпы алғанда нақ *шаруа* шаруашылықтарында, жекелеп алғанда дәл *орта шаруа* шаруашылықтарында (5—10 гектар, яғни $4^1/_2$—9 десятина жері бар) *күштілеу* екенін көреміз.

Сонымен, ұсақ өндірістің жағдайы ірі өндірістен жаман екендігі өз алдына делік. Оның үстіне біз шаруа шаруашылығының тек капиталистік шаруашылықтан

| Шаруашылықтар: | Шаруашылық топтары | Ауыл шаруашылығындағы жүз адамға шаққанда балалардың саны: 16 жасқа дейін Австрияда | 14 жасқа дейін Германияда |
|---|---|---|---|
| Пролетарлық | ½ гектарға дейін | 8,8 | 2,2 |
| | ½-ден 2 гектарға дейін | 12,2 | 3,9 |
| Шаруалық | 2 » 5 » » | 15,3 | 4,6 |
| | 5 » 10 » » | 15,6 | 4,8 |
| | 10 » 20 » » | 12,8 | 4,5 |
| Капиталистік | 20 » 100 » » | 11,1 | 3,4 |
| | 100 және одан артық | 4,2 | 3,6 |
| | *Барлығы* | 13,0 | 3,9 |

ғана емес, тіпті пролетарлық шаруашылықтан да корнеу жаман жағдайға қойылғанын көреміз.

Бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады?

Пролетарлық шаруашылықта егіншілік ұлтарақтай жерде ғана жүргізіледі, оны анығында шынымен «шаруашылық» деуге аузың да бармайды. Мұнда егіншілік *қосымша* кәсіп қана; ал негізгісі — егіншілік пен өнеркәсіптегі жалдама еңбек. Өнеркәсіптің ықпалы жалпы алғанда жұмысшының тұрмыс дәрежесін көтеріңкірейді, ал жекелеп алғанда бала еңбегін қанауды кемітеді. Мысалы, Германиядағы санақ өнеркәсіпте жұмысшылардың 14 жасқа дейінгілері 0,3 процент қана (яғни егіншіліктегіге қарағанда он есе кем) және 16 жасқа дейінгілері 8 процент қана екенін көрсетті.

Шаруа шаруашылығында өнеркәсіптің ықпалы бәрінен де әлсіздеу, ал капиталистік егіншілікпен бәсеке бәрінен де күштілеу. Шаруа өзі зорыға жұмыс істемейінше және балаларына екі есе ауыр жұмыс істетпейінше күнін көре алмайды. Мұқтаждық шаруаны капиталдың жетімсіздігі мен техникалық жетілдірулердің кемдігін маңдай терімен толықтыруға мәжбүр етеді. Ал егер шаруаның балалары бәрінен де гөрі ауыр жұмыс істейтін болса, онда мұның өзі шаруа малының да күтімі нашар, жұмысы ауыр болады деген сөз: барлық күшті салу және бәрінен бірдей «үнемдеу» қажеттігі

шаруашылықтың қай жағынан болса да сөзсіз көрініп отырады.

Германия статистикасы жалдама жұмысшылар арасында балалар бәрінен де гөрі ірі капиталистік шаруашылықтарда (100 және одан да көп десятиналы) көп (4 процент — 3,7 проценттей) екенін көрсетеді. Ал семьялы жұмысшылар арасында балалар бәрінен де гөрі шаруаларда көп, атап айтсақ: 5 процент (4,9 процент —5,2 процент) шамасы. *Уақытша* жалдама жұмысшылар арасында балалар саны ірі капиталистерде 9,0 процентке дейін жетеді, ал уақытша *семьялы* жұмысшылар арасында бұл процент шаруаларда 16,5 проценттен —24,4 процентке жетеді!!

Шаруа жұмыстың қызу кезінде жұмысшы күшінің жеткіліксіздігінен қиындық көреді; ол азғана жұмысшы жалдай алады; сөйтіп өз балаларын жұмысқа көбірек салуға тура келеді. Осының нәтижесінде герман егіншілігінде жалпы алғанда семьялы жұмысшылар арасындағы балалардың проценті жалдама жұмысшылардың арасындағы балалар процентінен *бір жарым* есеге *жуық* артық деген факт келіп шығады. Балалар семьялы жұмысшылар арасында —4,4 процент, ал жалдама жұмысшылар арасында — 3,0 процент.

Жалдама жұмысшыға қарағанда шаруаға жұмысқа *көбірек* күш салуға тура келеді. Мыңдаған жеке байқауларда көрінген бұл факт қазір бірсыпыра елдердің статистикасы арқылы әбден дәлелденіп отыр. Капитализм шаруаларды аса зор езілушілікке және құрып бітуге душар етіп отыр. Бұдан жалдама жұмысшылардың таптық күресіне қосылудан басқа құтылар жол жоқ. Бірақ бұл қорытындыны түсіну үшін шаруаның буржуазиялық алдамшы ұрандардан түңілдіретін ұзақ жылдарды бастан кешіруіне тура келеді.

*1913 ж. 8 (21) июньде жазылған*

*1913 ж. 12 июньде «Правда» газетінің 133-номерінде басылған*
*Қол қойған: В. И.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## ҚЫЗЫҚ СЪЕЗД

Кеше, 12 июньде, Харьковте бір қызық съезд ашылды. Ол екі жағынан қызық. Біріншіден, бұл — халық ағарту статистикасына арналған бірінші жалпы земстволық съезд. Екіншіден, ол әкімшіліктің ерекше назар аудару құрметіне бөленіп отыр. Съездің председателін әкімшілік *тағайындаған*, Б. Веселовскийдің «Русское Слово» айтқанындай, хабардар адамдарды сол әкімшілік «електен өткізген». Баспасөз өкілдері съезге жіберілмеген.

Тіпті «орыс» тұрғысынан алғанның өзінде шамадан тыс... сақтық болып көрінетін бұл шараларды съездің украин орталықтарының бірінде жиналып отырғандығымен түсіндіруге бола қояр ма екен. Жалпы земстволық съезге украин статистиктері мен земствошылары ғана келмейді, Россияның барлық ұлттарының осы саладағы қызметкерлері келеді.

Статистиканы жолға қою туралы, не істелгені, неге аз істелгендігі, көп те, жақсы да істеу керектігі туралы ғана әңгіме болатынына қарамастан, съездің қарастыратын нәрселері әкімшілікке онша ұнамайтын болу керек.

Россияда халық ағарту ісі дүние жүзіндегі қай жердегіден болса да артта қалған. Думаның мүшесі Бадаев өзінің сөзінде: тіпті Америкадағы негрлердің де сауатсыздары не бары 44 процент болады — Европада бір-екі процент — ал Россияда болса сауатсыздар 79 процент— деп көрсетті!

Соңғы уақытта халық ағарту ісі, дегенмен, мыңдаған кедергілерге қарамастан, бұрынғыдан гөрі тезірек өсіп, дамып келеді. Халық ағарту ісінің жайы туралы шындықты білу — жалпы алғанда халық бұқарасының, әсіресе жұмысшылардың тікелей және ең көкейтесті мүддесі.

Халық ағарту статистикасын европаша жолға қою онша қиып болмас еді. Әрбір мұғалім мен мұғалима әрбір оқушы туралы да (жасы, ұлты, семья тұрмысының жағдайы, ата-аналарының шаруашылық жағдайы, т. т.), әрбір оқытып жүрген адам туралы да (білімі, алатын жалақысының мөлшері, жұмыс күні, ұлты және басқалар, т. с.) мәліметтерді жылма-жыл оңай хабарлап отыра алар еді. Статистиктердің шағын бір тобы осындай деректерді жыл сайын қорыта отырып, жас ұрпақты тәрбиелеудің және оқытудың жағдайлары туралы да, халық өмірінің толып жатқан жақтары туралы да мемлекетке әрі мол, әрі бағалы материал беріп отыра алар еді... егерде... егерде... Харьковтегі съезге баспасөз өкілдері жіберілмеген, съездің председателі тағайындалып қойылған, Б. Веселовскийдің «Русское Словодағы» сөздерімен айтқанда, хабардар адамдарды әкімшілік електен өткізген.

Біз халық ағарту ісінің европалық статистикасы туралы біраз сандырақтаппыз. Қайдағы Европа! Абзалы, үндемей-ақ қоялық.

*1913 ж 8 (21) июньде жазылған*

*1913 ж 13 июньде «Правда» газетінің 134-номерінде басылған*
*Қол қойған: N.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## АВСТРАЛИЯДА

Австралияда жуырда парламенттік жаңа сайлау аяқталды. Төменгі палатада 75 депутаттан 44 депутаты болып басшылықта келген жұмысшы партиясы жеңіліп қалды. Оның қазір 75 депутаттан 36 депутаты ғана қалып отыр. Көпшілігі либералдар жағына шықты, бірақ бұл тіптен де берік көпшілік емес, өйткені жоғарғы палатада 36 депутаттан 30 депутат — жұмысшылар.

Жұмысшылар *жоғарғы* палатасында басым болып отырған, ал жуықта олар төменгі палатасында да басым болған, капиталистік құрылысы ешқандай қауіпке ұшырамаған бұл неғылған өзгеше капиталистік ел?

Неміс жұмысшы баспасөзі ағылшын тілшілерінің бірі жуырда буржуазиялық жазушылардың теріс пікірге келуіне өте жиі сылтау болып жүрген осы жағдайды түсіндіріп өтті.

Австралия жұмысшы партиясы тіпті сөз жүзінде де социалистік партия емес. Іс жүзінде ол — либерал-буржуазиялық партия, ал австралиялық либералдар деп аталатындар — консерваторлар.

Партиялардың атын белгілеуде мұндай таңырқарлық және теріс сөз қолдану — некен-саяқ құбылыс емес. Америкада кешегі құл иеленушілер демократтар деп немесе Францияда ұсақ буржуа, социализмнің жаулары, «радикал-социалистер» деп аталады ғой! Партиялардың шын мәнін түсіну үшін атына қарамау керек, олардың

таптық сипатына және әрбір жеке елдің тарихи жағдайларына қарау керек.

Австралия — Англияның жас отары.

Австралияда капитализм әлі мүлдем жас. Ел енді-енді ғана дербес мемлекет болып қалыптасып келеді. Жұмысшыларының көпшілігі Англиядан қоныс аударып келгендер. Олар Англиядан онда либералдық жұмысшы саясаты жеке дара дерлік үстемдік етіп тұрған заманда, ағылшын жұмысшыларының көпшілігі *либералдар* болған заманда кеткен-ді. Англияда осы кезге дейін де маманданған, оқытылған фабрика-завод жұмысшыларының көпшілігі—либералдар және жартылай либералдар. Бұл — Англияның өткен ғасырдың екінші жартысындағы ерекше пайдалы, монополиялық жағдайының нәтижесі. Тек енді ғана Англиядағы жұмысшылардың көпшілігі социализмге қарай бет бұрып (бірақ та баяу) келеді.

Ал егер Англияда «Жұмысшы партиясы» деп аталатын партия — социалистік емес кәсіптік одақтардың барып тұрған оппортунистік «Тәуелсіз жұмысшы партиясымен» *одағы* болса, Австралиядағы жұмысшы партиясы социалистік *емес* жұмысшы кәсіптік одақтарының *таза* өкілдігі болып табылады.

Австралия жұмысшы партиясының көсемдері — кәсіптік одақтардың чиновниктері, барлық жерде де ең баяу және «капиталды тыңдағыш» элемент, Австралияда мүлдем бейбіт, таза либералдық элемент.

Жеке австралиялық мемлекеттердің біртұтас Австралия болып байланысуы әлі өте әлсіз. Жұмысшы партиясының осы байланысты дамыту және нығайту қамын, орталық үкімет құру қамын ойластыруына тура келді.

Австралиядағы жұмысшы партиясы басқа елдерде либералдардың істегенін істеді: тұтас мемлекетке ортақ баж тарифын, жалпыға ортақ мектеп заңын, жалпыға ортақ жер салығын, жалпыға ортақ фабрикалық заңды жүзеге асырды.

Австралия дербес капиталистік мемлекет болып біржола дамығанда және нығайғанда жұмысшылар жағдайының өзгеретіні, орнын *социалистік* жұмысшы партиясына беріп, *либералдық* «жұмысшы партиясының»

да өзгеретіні түсінікті. Австралияның үлгісі — ережеден ауытқитын *ерекшеліктің* қандай жағдайларда мүмкін екенін көрсететін мысалдардың бірі. Бұл ереже — капиталистік елде социалистік жұмысшы партиясының болуы. Ерекшелік — капитализмге жалпы қолайсыз келетін өзгеше жағдайлардың салдарынан тек аз уақытқа ғана пайда болатын либералдық жұмысшы партиясы.

Австралияны мысалға алып, Европа мен Россияда халыққа тап күресінің керексіздігін «үйретпек» болып жүрген либералдар өздерін де, өзгелерді де тек алдайды. Австралияның жағдайларын (ағылшынның либерал жұмысшылары мекендеген, өсіп жетілмеген, жас отар) әлдеқашан қалыптасқан мемлекеті және дамыған капитализмі бар елдерге көшіру туралы ойлау кісі күлерлік нәрсе.

*1913 ж. 8 (21) июньде жазылған*

*1913 ж. 13 июньде «Правда» газетінің 134-номерінде басылған*
*Қол қойған: W.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

## «ХАЛЫҚҚА» АРНАЛҒАН АРЗАН ЕТ

Қандай көкейтесті жаңалық! Жұмысшылардың қандай ең шұғыл мұқтажы қанағаттандырылады десеңізші! Халық үшін арзан ет — қайда? не? қалай?

Москвада қалалық қасапханалардың жанынан «фрейбанк», яғни арзан, зиянсыздандырылған, шартты-жарамды ет сату үшін дүкен ашылған. «Русское Слово» осылай деп хабарлады.

Арзан ет, бұл — жақсы. Алайда бұл не деген сөз: «зиянсыздандырылған», «*шартты*-жарамды» (демек, осындай правомен: *шартты-жарамсыз* деуге де болар!) ет деу ме? Ал мұның мәні, міне, мынадай:

Мал сатуға түскенде, ол мал дәрігерлік бақылаудан өтеді. Ауру малды бракқа шығарады. Оны союға рұқсат етілмейді, өйткені оны тамаққа пайдалану адамдарға түрлі ауру жұққызу қаупін туғызады. Әсіресе туберкулез (құрт аурулы) малды және «финнозды» (жылан құрт ауруы бар) малды жиі бракқа шығарады.

Москва қасапханалары арқылы өтетін жалпы саны 450 000 шамалы малдан *күдікті* делінген 30 000 шамалы мал бракқа шығарылады.

Міне, сөйтіп, осы күдікті делінген, финнозды және туберкулез малды мал дәрігерінің бақылауымен арнайы камерада үш сағаттай уақыт бойы қайнату арқылы зиянсыздандырады. Жылан құрттар мен туберкулез бациллалары осылай қайнатудан өледі.

Шамасы, барлығы немесе барлығы дерлік мүлде өлер

немесе мүлде дерлік өлер! Зиянсыздандырылған, қайнатылған, әрі арзан ет болып шығады.

«Одан өлмеуін, әрине, өлмессің,— дейді халық, «Русское Словоның» пікірі бойынша,— ал дегенмен құрт ауруына шалдығасың немесе ішің ауырып қиналасың, өйткені малдың ауру екені белгілі ғой».

Сатып алушылар тым көп. Жұмысшылар тіпті Москвадан да келеді, ұзақ уақыт кезек күтеді. Таңертеңгі кезекте әйелдер — үй шаруасындағы әйелдер, күндізгі кезекте — жұмысшылар, негізінен құрылыста істейтін жұмысшылар көп.

Қайнатылған, зиянсыздандырылған ет, бұдан өлмеуін өлмессің, бірақ ішің ауырып қиналасың—халыққа дәл арналғаны осы. Тәуір ет алуды халықтың қалтасы көтермейді.

Мал дәрігерлік бақылау неғұрлым ұқыпты болса, ет соғұрлым көп бракқа шығарылады деседі. «Сойтіп,— деп қорытады «Русское Слово»,— бақылаудың ұқыпты болуына халық екі жақты мүдделі: орташа таптар қасапханалардан сатуға таза еттің түсуіне мүдделі; кедейлер жағы малдың көбірек бракқа шығарылып, фрейбанкте еттің ешбір үзілмеуіне мүдделі».

Біз, міне, қандай мәдениетті әрі адамды қадірлейтін заманда өмір сүріп отырмыз: халықты «екі жақтан» «мүдделі» етуді үйрендік. Және де арзан ет үшін қандай «еркіндік» десеңізші: «фрейбанк» немісше «еркін дүкен» деген сөз ғой.

Мәдениет, еркіндік, азықтың арзаншылығы, сауданың жандануы — бәрі халық үшін! «Халықтық пәтерлер қоғамы» деген құлақтандыруды көре қалсаңыз — подвал немесе шатыр іші арзан және дәрігерлік бақылауда болады дей беріңіз: өлмеуін, әрине, өлмессің, бірақ құрт ауруымен ауырасың.

«Халықтық асхана» деген маңдайша жазуын көрсеңіз — іркілмей кіріп барыңыз. Бақылаумен қасапхана арқылы өткен және бақылаусыз қасапхана арқылы өтпеген, қайнатылған арзан ет болады.

«Халықтық кітапхана» деген жазуды көрсеңіз — шаттана беруіңізге болады. Рухани цензураның дәрігерлік бақылауымен орыс халқы одағы[91] немесе ұлтшылдар-

дың бүкіл россиялық клубы бастырып шығарған арзан, тіпті тегін де кітапша болады.

Мал дәрігерлік бақылаумен, яғни менің дәрігерлік бақылаумен деп айтқым келіп еді, зиянсыздандырылған, қайнатылған, әзірленген, шөптен пісірілген... «халықтық» нан үшін—«фрейбанк» таяуда ашылады деседі.

Мәдениет, еркіндік, азықтың арзаншылығы, сауданың жандануы — бәрі халық үшін! Сөйтіп халық онан әрі екі жақты мүдделі бола түседі: байлар өздерінің сатып алатын етінің таза болуына мүдделі, ал кедейлер «фрейбанкте» шартты-жарамды еттің ешбір үзілмеуіне мүдделі.

*1913 ж. 8 (21) июньде жазылған*

*1913 ж. 16 июньде «Правда» газетінің 137-номерінде басылған*
*Қол қойған: В.*

*Газеттің тексті бойынша басылып отыр*

# РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МАЕВКАСЫ

Лена оқиғаларынан және 3 июнь төңкерісінен кейінгі жұмысшылардың революциялық қозғалысының бірінші, батыл, өрлеуінен бері бір жыл өтті. Патша қаражүздігі мен помещиктер, чиновниктер тобыры мен буржуазия Романовтардың Россияны топаушылығының, омыраулай билеуінің және масқаралауының 300 жылдық мерекесін өткізді. IV Дума жиналды, бұрынғы контрреволюциялық жігерінен айрылып қалған ол өзі де сенбейтін «жұмысын» бастады. *Реформаларға* шақырған мылжыңын селсоқ күйсейтін — сөйте тұрып тіпті реформаларға ұқсас нәрсенің де мүмкін емес екенін мойындайтын либералдық қоғамды сасқалақтау мен зерігу меңдеді.

Енді міне Россия жұмысшы табының — әуелі Ригада репетиция жасаған, ал онан кейін ескіше бірінші майда Петербургте батыл бой көрсеткен — маевкасы болды, бұл маевка түнерген, қара көлеңке, тұнжыраған әуедегі ауаны найзағайдай тіліп өтті. Жендеттердің қуғын-сүргіндері мен достардың ренегаттығы әлі де жете жаныштап, жігерін жасыта алмаған жүздеген байырғы революционерлер алдына,— демократтар мен социалистердің миллиондаған жаңа ұрпағы алдына болашақ революцияның міндеттері тағы да өзінің бар кемел тұлғасымен көлденең тартылып, революцияны басқаратын озық таптың күштері көрінді.

Бірінші майдан бірнеше апта бұрын-ақ үкімет дәл есінен танған тәрізді болып, ал фабрикант мырзалар мүлдем бассыз адамдар сияқтанып жүрді. Тұтқынға

алу, тінту әрекеттері астананың барлық жұмысшы кварталдарының астан-кестеңін келтірген секілді болды. Провинция орталықтан қалыспады. Фабриканттар кеңестер шақырып, біріне-бірі қайшы ұрандар тастады, біресе жазалаймын, локаут жасаймын деп қорқытып, біресе күні бұрын жеңілдік беріп және заводтарды жабуға көніп,— біресе үкіметті айуандық әрекеттерге итермелеп, біресе үкіметті кінәлап және оны бірінші май күнін «табельдік» күндер санына қосуға шақырып, жанталасты.

Бірақ, жандармерия қанша күш салса да, фабрикалық мекендерді қанша «тазартса» да, өздерінің ең соңғы «күдіктілер тізімі» бойынша қанша оңды-солды ұстаса да,— ешбір нәрсе көмек болмады. Жұмысшылар патша шайкасы мен капиталистер табының дәрменсіз кіжінуін мазақ етті, қала бастығының қорқыта жазған, бишаралық «құлақтандыруларын» келеке етті, сықақ өлеңдер жазып, оны қолдан-қолға — немесе ауыздан-ауызға — таратты, бесінші жылы бұқараның самодержавие мен монархияны алғаш рет қыспаққа алуына басшылық еткен социал-демократияның бұрынғы, шұпитылмаған, революциялық ұрандарын еске салатын, стачкаға және демонстрацияға шақыратын кішкене-кішкене, нашар басылған, қысқа, қарапайым, бірақ әбден түсінікті «листоктарды» жер астынан суырып алғандай қайта-қайта уыс-уыс шығара берді.

Бірінші май күні жүз мың ереуілші болды — деді келесі күні үкімет баспасөзі. Жүз жиырма бес мың — деп хабарлады буржуазиялық газеттер, алғашқы телеграф хабарлары бойынша («Киевская Мысль»). Жүз елу мың — деп Петербургтен телеграмма берді, герман социал-демократиясы орталық органының[92] тілшісі. Ал келесі күні-ақ бүкіл буржуазиялық баспасөз 200—220 мың деген цифрды келтірді. Стачкашылардың саны шынында *250 мыңға* жеткен еді!

Ал, бірінші май күні ереуілге шыққандардан басқа, онан анағұрлым басымырағы — және анағұрлым мәндірегі — жұмысшылардың көшедегі революциялық демонстрациялары болды. Астананың барлық атыраптарында, қаланың барлық түкпірлерінде революциялық

өлеңдер айтқан, дауыстап революцияға шақырған, қызыл жалаулар көтерген жұмысшылар тобы полиция мен охранканың — үкіметтің он есе күшті жігер жұмсауымен — жиналған күштерімен бірнеше сағат бойы шайқасты. Сөйтіп жұмысшылар бұл күрестің қалжың емес екенін, полицияға қарсы тұрғандар ойыншық, славянофилдік, іспен айналысқан біршоғыр адамсымақтар[93] емес екенін, астананың еңбекші табының *бұқарасы* шып көтерілгенін патша опричниктері ішіндегі ең сотқарларына да сездіре білді.

Пролетариаттың революциялық талпыныстарын — оның шыныққан және жаңа ұрпақтармен нығая түскен революциялық күштерін,— халыққа және Россия халықтарына арнаған революциялық үндеулерін ашық көрсету шын мәнісінде тамаша болып шықты. Егер өткен жылы үкімет пен фабриканттар Лена оқиғасының бұрқ ете қалуын алдын ала болжауға болмаған еді, оның зардаптарына қарсы күреске бірден әзірленуге болмаган еді деп өздерін жұбатқап болса, енді монархияның алдын ала болжауы өте дәл болды, әзірленуге уақыты барынша мол болды, нағыз «жігерлі» «шаралар» қолданылды,— ал нәтижесінде пролетариат бұқарасының революциялық оянуы алдында патша монархиясының *әлсіздігі* толық көрінді.

Иә, Ленадан кейінгі стачкалық күрестің бір жылы, осы жыл — либералдар мен олардың сөзін сөйлеушілердің «стачка құмарлыққа» қарсы, «синдикалистік» стачкаларға қарсы, экономикалық стачканың саяси стачкамен бірігуіне және саяси стачканың экономикалық стачкамен бірігуіне қарсы дәрменсіз байбаламдарына қарамастан,— міне, осы жыл бұқара арасында үгіт жүргізу үшін, оларды ояту үшін, оларды күреске тарту үшін социал-демократиялық пролетариаттың революциялық заманда қандай зор, теңдесі жоқ қару шыңдап алғанын көрсетті. Революциялық бұқаралық стачка дұшпанға тыным да, мұрша да бермеді. Ол жауының қалтасына да соққы берді, ол «күштісымақ» патша үкіметінің саяси беделін бүкіл дүние жүзінің алдында масқаралады. Ол жұмысшылардың жаңа топтарының бірінен соң бірінің бесінші жылғы жеңістердің кішкене бір бөлегін

болса да қайырып алуына мүмкіндік берді және неғұрлым артта қалғандарды қамти отырып, күреске еңбекшілердің жаңа топтарын тартты. Ол көбінесе қысқа мерзімді, қыр көрсету сипатты қимыл бола тұра,— ал сонымен қатар көше демонстрациялары түрінде бұқараның жаңа, неғұрлым басым, неғұрлым революциялық ашық қимылдарын әзірлей отырып та,— жұмысшылардың күшін сарқыған жоқ.

Саяси стачкашылардың Россиядағыдай көп болуы, стачкалардың мұндай табанды, мұндай әр алуан, мұндай жігерлі болуы соңғы жылы дүние жүзінің ешбір елінде болған емес. Міне, осы жағдайдың өзі-ақ орыс жұмысшыларының 1912—1913 жылдардағы тактикасын «европалық» конституциялық дәуірлердің, бұқараны социалистік жолмен ағарту мен тәрбиелеуге негізінен әзірлік жұмыстарын жүргізу дәуірлерінің өлшемі бойынша «түзетпек» болған либерал, жойымпаз сәуегейлердің бүкіл мардымсыздығын, бүкіл жексұрын топастығын көрсетеді.

Өйткені европалық, ең алдыңғы қатарлы, елдердің стачкаларынан орыс стачкаларының орасан басым болуы тіптен де Россия жұмысшыларының ерекше қасиеттерін немесе ерекше қабілеттерін дәлелдемейді,— тек революциялық жағдайы бар екендігі, тікелей революциялық дағдарыстың өршіп келе жатқандығы мағынасындағы қазіргі Россияның *ерекше* жағдайларын ғана дәлелдейді. Европада революцияның осындай өрлеу кезеңі жақындаған кезде (онда бұл, біздегідей буржуазиялық-демократиялық емес, социалистік революция болады), неғұрлым дамыған капиталистік елдердің пролетариаты жалдама құлдықты қорғаушыларға қарсы революциялық стачкалардың, демонстрациялар мен қарулы күрестің теңдесі жоқ зор жігерін өрістете түседі.

Россияда, соңғы бір жарым жыл ішінде болған бірсыпыра стачкалар сияқты, үстіміздегі жылғы май стачкасының дағдылы экономикалық стачкаларға қарағанда ғана емес, сонымен қатар қыр көрсетушілік стачкаларға қарағанда да және конституциялық реформаларды талап ететін, мысалы, соңғы Бельгия стачкасы сияқты, саяси стачкаларға қарағанда да, революцияшыл сипаты

бар. Орыс стачкаларының бүтіндей Россиядағы революциялық жағдайдан шығатын осы өзгешелігін либералдық көзқарастардың шырмауындағы және мәселеге революциялық көзқарас тұрғысынан қарауды ұмытқан адамдар ешбір түсіне алмайды. Контрреволюция мен ренегаттық пиғылдар етек алған заман өздерін социал-демократтармыз деп атағысы келетіндер арасында да осындай адамдарды тым көп қалдырды.

Россияның революциялық жағдайды бастан кешіріп отырған себебі, халықтың орасан көпшілігін, пролетариатты ғана емес, сондай-ақ ұсақ өндірушілердің оннан тоғызын, әсіресе шаруаларды, езу барынша асқынып кетті, ал оның үстіне осы асқынған езгі, аштық, қайыршылық, правосыздық, халықты қорлау Россияның өндіргіш күштерінің жайына да, бесінші жыл оятқан бұқараның сапалылық пен талаптылық дәрежесіне де, барлық көрші, европалық қана емес, азиялық та елдердегі істің жайына да мүлде сәйкес келмей отыр.

Бірақ бұл әлі аз. Бір ғана езушілік, қаншама зор болғанмен де, елде революциялық жағдайды әрқашан да туғыза бермейді. Революцияның болуы үшін *төменгілердің* бұрынғыша тұрғысы *келмеуі* көбінесе жеткіліксіз болады. Ол үшін мұның үстіне *жоғарғылардың* бұрынғыша қожайындық *ете алмауы*, басқара *алмауы* керек. Россияда біз қазір нақ осы жағдайды көріп отырмыз. Саяси дағдарыс жұрттың бәрінің көз алдында пісіп келеді. Контрреволюцияны қолдау үшін және осы контрреволюциялық негізде «бейбіт дамуды» орнату үшін буржуазия қолынан келгенінің *бәрін* істеді. Буржуазия жендеттер мен крепостниктерге тілегенінше ақша берді, буржуазия революцияны жамандап, одан безді, буржуазия Пуришкевичтің табанын жалады, Марков 2-нің қамшысына бас ұрды, олардың малайына айналды, буржуазия бесінші жылғы бейне бір «интеллигенттік» революцияны қаралайтын, оны күнәһар, ұрлықшыл, мемлекетке қарсы революция және тағысын тағылар деп жариялайтын «европалық»-дәлелді теорияларын шығарды.

Ал осы өзінің ақшасын, өзінің арын және өзінің ожданын құрбан етуінің бәріне қарамастан, кадеттерден

бастап октябристерге дейін буржуазияның *өзі* самодержавие мен помещиктер «бейбіт *дамуды»* қамтамасыз *ете алмағанын,* «тәртіп» пен «заңдылықтың» қарапайым жағдайларын қамтамасыз ете алмағанын, буларсыз капиталистік ел XX ғасырда Германиямен және жаңа Қытаймен қатар өмір сүре алмайды деп мойындап отыр.

Жалпы ұлттық көлемдегі саяси дағдарыс Россияда болып жатыр, оның үстіне бұл — мемлекеттік құрылыстың тіптен де анау-мынау жеке жақтарына емес, оның нақ *негіздеріне* қатысты дағдарыс, үйдің қайсыбір қосалқы бөлігіне, қайсыбір қабатына емес, үйдің *іргетасына* қатысты дағдарыс. Біздің либералдарымыз бен жойымпаздарымыз «бізде, құдайға шүкір, конституция бар» деген және бүгінгі кезекте белгілі бір саяси *реформалар* тұр деген (бірінші қағиданың екіншімен тығыз байланысты екенін тек өресі төмен адамдар ғана түсінбейді) жел сөздерді қаншама мылжыңдаса да, осындай реформаторлық сылдыр су қаншама төгілсе де,— мәселе бұрынғы қалпында, бірде-бір жойымпаз және бірде-бір либерал бұл жағдайдан шығудың ешқандай реформаторлық жолын көрсете алмайтын қалпында қала береді.

Әрі Россиядағы халық бұқарасының халі, әрі олардың жағдайының жаңа аграрлық саясатпен (крепостник-помещиктер бұған ең соңғы құтылу амалы ретінде жармасуға тиіс болды) нашарлап кетуі, әрі халықаралық жағдайлар, әрі бізде болып отырған жалпы саяси дағдарыстың сипаты — буржуазиялық төңкерістің міндеттерін осы жолда және осы берілген (үкімет пен канаушы таптарға) құралдармен шешуге мүмкін болмағандықтан Россияның жағдайын революциялық жағдай ететін объективтік шарттардың жиынтығы, міне, осы.

Біздегі өзгеше стачкаларды туғызып отырған қоғамдық, экономикалық және саяси негіз осындай, Россиядағы таптардың өзара арақатынасы осындай; ренегат атаулы кешегі буржуазиялық революциялардан емес (ертеңгі пролетарлық революцияның белгілері бар), ал бүгінгі «конституциялық» жағдайдан үлгі алғысы келетін қазіргі Европада мұндай стачкалардың болуы мүмкін емес. Төменгілердің езілуі де, жоғарғылардың

дағдарысы да әлі революцияны туғыза алмайды,— егер бұл елде езілудің енжар жағдайын ашынудың және көтерілістің белсенді жағдайына айналдыратын революциялық тап жоқ болса,— олар тек елдің іріп-шіруін ғана туғызады.

Осы шын алдыңғы қатарлы, бұқараны революцияға шын мәнісінде көтеретін, Россияны іріп-шіруден шын мәнісінде сақтап қала алатын таптың ролін өнеркәсіп пролетариаты атқарады. Бұл міндетті ол өзінің революциялық стачкалары арқылы жүзеге асырып та отыр. Либералдар жек көретін, жойымпаздар түсінбеген бұл стачкалар (РСДРП-ның февральдағы қарарының сөзімен айтқанда) «ауыл шаруашылық пролетариаты мен шаруалардың торығуын, түңілушілігі мен тозғындауын жоюдың, оны мүмкіндігінше неғұрлым ұйымдасқан, бір мезгілдегі және кең түрдегі *революциялық бас көтеруге тартудың* нағыз шын құралдарының бірі»* болып табылады.

Жұмысшы табы қарапайым праволарынан айрылған және ашыну халіне жеткізілген еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасын революциялық аттаныстарға тартады. Жұмысшы табы оларды революциялық күреске үйретеді, оларды революциялық әрекетке баулиды, оларға жол тауып шығу мен құтылудың қайда және неде екенін түсіндіреді. Жұмысшы табы оларды сөзбен емес, іспен, үлгісімен үйретеді, үйреткенде жеке дара ерлердің авантюралық үлгісімен емес, саяси және экономикалық талаптарды біріктіретін *жаппай* революциялық аттаныстардың үлгісімен үйретеді.

Социализм мен демократия ілімінің әліппесін болса да ұғынатын адал жұмысшының қай-қайсысына да бұл пікірлер қандай оңай, қандай түсінікті, қандай жақын десеңізші! Ал аңқау адамдарды «олар да социал-демократтар» деп сендіріп, жойымпаздық газеттерде «астыртын жұмысты» балағаттап немесе күлкі етіп жүретін интеллигенттер арасынан шыққан социализмнің опасыздары мен демократия сатқындарына бұлар қандай жат десеңізші!

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 22-том, 288-бет. *Ред.*

Петербург пролетариатының, ал онан кейін бүкіл Россия пролетариатының маевкасы қазіргі Россияда революциялық астыртын жұмыстың ұлы тарихи маңызы бар екенін көрерге көзі, естірге құлағы барлардың бәріне көрсеткен үстіне айқын көрсете түсті. РСДРП-ның Петербургтегі бірден-бір партия ұйымы, Петербург комитеті, 9 январь алдындағы сияқты, Романовтардың 300 жылдығының алдындағы сияқты, 4 апрельдегі[94] сияқты, маевка алдында да Петербург комитетінің листоктары фабрикалар мен заводтарда қайта-қайта пайда болған фактісін атап көрсетуге тіпті буржуазиялық баспасөзді де мәжбүр етті.

Бұл листоктар орасан зор құрбандыққа түсті. Кейде олардың сыртқы түрі де көріксіз болды. Олардың кейбіреулері, мысалы, 4 апрельдегі демонстрацияға шақыру, демонстрацияның болатын сағаты мен өтетін жері көрсетілген алты жолдан тұрады, тегі, жасырын, өте асығыс түрде әр түрлі баспаханаларда және әр түрлі әріппен терілген. Бізде «астыртын жұмыстың» осы жағдайларын еске ала келіп, ызалы күлкімен немесе жиіркене ернін жымыра былай деп сұрайтын адамдар («олар да социал-демократтар») бар: «Егерде партия астыртын жұмыспен тынған болса, онда оның қанша мүшесі болар еді? 2—3 жүз бе?». (Ренегаттар органы «Лучтың» 95 (181)-номеріндегі ашық жойымпаз боламын деп ерлігінен опық жеген Седов мырзаны қорғаған *редакциялық* мақаланы қараңыз. «Лучтың» бұл номері маевкадан бес күн бұрын, яғни астыртын жұмыстың *нақ* листоктар әзірлеп жатқан *кезінде* шыққан!)

Осындай масқаралық нәрсені жазып отырған Дан мен Потресов мырзалардың және К°-дің 1903 жылдың өзінде партияда мыңдаған пролетарлар болғанын, 1907 жылы 150 мың болғанын, ал қазірде мыңдаған және он мыңдаған жұмысшылар РСДРП-ның *астыртын* ұяларының мүшелері ретінде *астыртын* листоктар шығарып және таратып жүргенін білмеуі мүмкін емес. Бірақ жойымпаз мырзалар олардың оңбаған өтіріктерін және астыртын жұмыс жөніндегі одан да гөрі жауыздық «бүкпелерін» жария түрде теріске шығарудан олар

столыпиндік «жариялық» арқылы қорғалып отырғанын біледі.

Бұқаралық жұмысшы қозғалысынан және жалпы алғанда революциялық жұмыстан бұл бишара адамдардың қаншалықты қол үзіп отырғанын қараңыздаршы! Олардың тіпті либералдарға лайықтап алған өлшемін-ақ алып көріңіз. Бір минутқа осы астыртын листоктарды әзірлеу және әр жерге тарату ісіне Петербургте «екі-үш жүз» жұмысшы қатынасты деп қараңыз.

Бұдан сонда не шығады? Санкт-Петербург пролетариатының бетке ұстар «екі-үш жүз» жұмысшысы, өздерін тек социал-демократтармыз деп қана атайтындар емес, сонымен қатар социал-демократтарша жұмыс істейтін адамдар, осынысы үшін Россияның *бүкіл* жұмысшы табы қадірлейтін және бағалайтын адамдар, «кеңейтілген партия» туралы сөзуарлыққа салынатындар емес, Россиядағы бірден-бір өмір сүріп отырған астыртын социал-демократиялық партияны іс жүзінде құрайтын адамдар,—астыртын листоктарды осылар әзірлеп, осылар таратып жүр. «Лучтағы» жойымпаздар (столыпиндік цензорлардың қорғауымен) «2—3 жүзді», «астыртын жұмысты», оның маңызын «өсіре көрсетуді» және т. с. жек көре келеке етеді.

Сөйтіп, кенеттен бола қалған, о, керемет-ай! Петербург комитетінің атқару комиссиясының *бес-жеті* мүшесі редакциялаған шешім бойынша,— «екі-үш жүз» адам әзірлеп, таратқан листок бойынша,— Петербургте *екі жүз елу мың* жұмысшы бір кісідей көтеріле қалыпты.

Бұл листоктарда, жұмысшылардың митингілер мен демонстрацияда сөйлеген революцияшыл сөздерінде «ашық жұмысшы партиясы» туралы, «коалиция бостандығы» туралы және либералдар халықты елестерімен ақымақ етіп жүрген басқа да осы сияқты реформалар туралы айтылып отырған жоқ. Олар жағдайдан шығудың бірден-бір жолы революция екені туралы айтып отыр. Олар реформалар жөніндегі либералдық өтірікке қарама-қарсы бостандықты қамтамасыз ететін өзгерісті көрсететін, ол өзгерісті саналы түрде қорғай ала-

тын күштерді көрсететін бірден-бір ұран республика екені туралы айтып отыр.

Әрбір еңбекші мен езілген топтың жүрегіне тереңнен жол табатын революцияға шақырған осы ұрандарды екі миллиондық бүкіл Петербург көріп және естіп отыр. Бүкіл Петербург жағдайдан шығудың жолы қайсы екенін және реформалар туралы либералдық мылжыңның өтірігі неде екенін нақты және толып жатқан мысалдан көріп отыр. Жұмысшылардың мыңдаған байланыстары — және Питердің бұқаралық істері жайында үздіксоздық болса да айтуға мәжбүр болып отырған жүздеген буржуазиялық газеттер — астана пролетариатының табанды стачкалық күресі туралы хабарды бүкіл Россияға жаяды. Стачкалар туралы, жұмысшылардың революциялық талаптары туралы, олардың республика жолындағы, помещиктердің жерлерін шаруалардың пайдасына конфискелеу жолындағы күресі туралы бұл хабар шаруа бұқарасына да, шаруа әскеріне де жетеді. Сөйтіп революциялық стачка халық бұқарасын *революцияға* баяу, бірақ сенімді қозғайды, оятады, көзін ашады және ұйымдастырады.

«Екі-үш жүз» «астыртын жұмыстағылар» миллиондаған және он миллиондаған адамдарға олардың тұйыққа тірелген жағдайы туралы шындықты айтып, оларға революциялық күрестің қажет екенін түсіндіріп, оларды революциялық күреске сендіріп, оларға дұрыс ұрандар беріп, бұл бұқараны буржуазияның жұртқа жайып жүрген және бүтіндей жалған, реформистік ұрандарының ықпалынан шығарып алып, осы *миллиондардың және он миллиондардың* мүдделерін көздеп, мұқтаждарын жоқтайды. Ал «жиырма-отыз» интеллигент жойымпаздар сауаты кем жұмысшыларды шетелден және либерал көпестерден жиналған ақшамен ақымақ етіп алдап, жұмысшылар арасына осы буржуазияның ұрандарын таратады.

1912—1913 жылдардың барлық революциялық стачкалары сияқты, май стачкасы да бізге қазіргі Россияның үш саяси лагерьге бөлініп отырғанын мейлінше айқын көрсетеді. Жендеттер мен крепостниктердің, монархия мен охранканың лагері. Ол айуандық жөнінен

қолынан келетіннің бәрін істеп бақты. Ол енді жұмысшы бұқараға қарсы күресте дәрменсіз. Буржуазия лагері, ол кадеттерден октябристерге дейін бәрі бірдей, реформаларға шақырып, Россияда реформалардың болуы мүмкін деп ойлағаны үшін өзін өзі «ақымақ» деп жариялап, айғай салуда және үһілеуде. Революция лагері, бұл — езілген бұқараның мүдделерін көздейтін бірден-бір лагерь.

Осы лагерьдегі бүкіл идеялық, бүкіл саяси жұмысты әрбір жария мүмкіндікті нақ өз тұрғысынан пайдалана білетін және алдыңғы қатарлы тап — пролетариатпен үздіксіз байланысы бар астыртын жұмыстағы социал-демократия ғана жүргізіп отыр. Бұл алдыңғы қатарлы таптың бұқараны жеңімпаз революцияға жеткізе алатын-алмайтынын күн ілгері ешкім де айта алмайды. Бірақ бұл тап, либералдар мен «социал-демократсымақтардың» барлық ауытқуларына және опасыздықтарына қарамастан, бұқараны осы жағдайдан шығу жолына *бастаушылық* борышын орындап отыр. Орыс социализмі мен орыс демократиясындағы жанды және өміршең нәрсенің бәрі, міне осының бәрі тек пролетариаттың революциялық күресінің үлгісімен және оның басшылығымен ғана тәрбиеленеді.

Үстіміздегі жылдың маевкасы Россия пролетариаты өзінің революциялық жолымен нық басып бара жатқанын, тұншығып және тірідей шіріп бара жатқан Россияның бұдан басқа құтылу жолы жоқ екенін бүкіл дүние жүзіне көрсетіп берді.

*«Социал-Демократ» № 31, 15 (28) июнь, 1913 ж.*

*«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

Россиялықтардың саяси жағынан тәрбиеленбегендігі, әйтседе, талас және маңызды тарихи мәселелер жөнінде дәлме-дәл дәлелдер іздей білмеуінен, мүдделі адамдардың айқайы мен даурықпасына, уәдесі мен антына аңғалдықпен сеніп қалатындығынан көрініп тұрады.

Жойымпаздық туралы мәселенің шатасқан себебінің өзі де нақ сол, мүдделі адамдар (яғни жойымпаздардың өздері) қарғанудан және ант-су ішуден жалықпайды, ал «жұрт» дәлме-дәл дәлелдер іздеуге ерінеді.

Мәселенің мәні неде? Революцияға және астыртын жұмысқа көзқараста, бұқаралық жұмысшы қозғалысына талпынуда.

Не, бұл мәселелер жөніндегі істің нақты жағына жауап беруге дәлме-дәл дәлелдер жоқ болғаны ма?

Әрине, бар. Тек қана даурықпалар мен либералдардың сөзіне сенуді қою керек.

Астыртын жұмыс туралы «мәселе». Бұл мәселені білгісі келетін адамдардың: астыртын жұмыста *кімдер* істейді? астыртын ұйымдарға *кімдер* кіреді? деп сұрағаны жөн емес пе? Өздерін жұмыспен көрсетпейтін астыртын ұйымдардың ноль екені және алдау екені айқын емес пе?

Питерде екі газет бар: біреуі жойымпаздарға қарсы газет, екіншісі — «социал-демократсымақ», жойымпаздық «Луч». Басқа қалаларда әзірше жұмысшылардың газеті жоқ.

Питерде жойымпаздар басқа жерлердегіден гөрі күшті-тірек деп жорамалдауға болмай ма? Питерде *партияда* жұмыс істеп жүрген кімдер?

Буржуазиялық баспасөздің не жазғанын қараңыз. Сіз сонда *Петербург комитетінің листоктары* 9 январь алдында да,— Романовтардың 300 жылдығында да,— 4 апрель қарсаңында да,— маевка алдында да *тарағаны* туралы хабарларды көресіз.

Мұндай факт мәселесінде буржуазиялық баспасөзге сенбеуге сіздің негізіңіз бар ма?

Ондай сенбеушілік білдіруге есті адамның ешқайсысының батылы бармас. Ал кімде-кім социал-демократияға азды-көпті жақындығы болса, ол Петербург комитетінің листоктарын *көрген*.

Пролетариат бұқарасының Питердегі ұлы революциялық аттаныстарының осы ұлы күндеріне байланысты Питердегі жойымпаздық «бастамашы топ» шығарды деген листоктар туралы бірбір газет жазған емес.

Лучшылдар: «олар да социал-демократтар», «астыртын жұмысты жақтаймыз», біздерді «лениншілдер» мен Плеханов бекер «қуғындап» отыр және т. с. деп қаншама «ант-су ішсе» де,— біз «Лучтың» ертегілері мен өтіріктерін теріске шығаратын *фактілерді* көрсетуден жалықпаймыз.

Питерде 9 январь алдында, 4 апрель алдында, 1 май алдында жойымпаздардың листоктары болғанын хабарлайтын буржуазияның газеттерін бізге тауып беріңізші. Ондай газеттер жоқ. *Листоктар болған жоқ*. Жойымпаздар астыртын жұмыс жүргізбейді. Жойымпаздар партияның астыртын ұйымдарын құрып отырған *жоқ*. Жойымпаздар Петербург комитетіне кірмейді. Жойымпаздар *партиядан тысқары* тұр, өйткені астыртын ұйымнан басқа, ал Питерде Петербург комитеті басқаратын ұйымнан басқа, ешқандай партия *жоқ*.

Біз Орталық Комитет пен Ұйымдастыру комитетінің листоктары туралы әдейі айтпай отырмыз, өйткені *олардың* жергілікті жерлерде таралуын дәлелдеу қиынырақ, ал Ұйымдастыру комитетінен біз жыл бойы дерлік 1 майға арналған *веналық* листокты ғана көрдік, оның

Питердегі және Россиядағы жұмысқа ешбір қатысы жоқ.

Жойымпаздардың «астыртын жұмыс» жайында тікелей жауап беруден жалтаратын себебі, *олар онда атымен жоқ*. Қарғану мен ант ішу, балағаттау мен дауырығу бұл фактіні жоя алмайды.

Троцкий, жойымпаздарға адал қызмет ете келіп, өзін және аңғал «европалықтарды» (азиаттық өсекті ұнатушыларды) жария қозғалыста жойымпаздар «күштірек» деп сендірген еді. *Фактілер* бұл өтірікті де теріске шығарады.

Дума сайлауы. II Думада жұмысшы куриясының 47 проценті большевиктерде болды. III Думада — 50 процент. IV Думада — 67 процент. Осы фактілерге сену керек пе немесе Троцкий мен жойымпаздарға сену керек пе?

Жұмысшы баспасөзі. 1912 жыл ішінде жойымпаздарға қарсы газет анағұрлым ерте шығып, жұмысшы топтарын (жиналған қаржы туралы ашық деректер бойынша) өз соңынан орасан көп ертті. «Правдада» 620 жұмысшы тобы, «Лучта» 89 жұмысшы тобы бар.

1913 жыл. Партияшылдарда енді екі газетке қаржы жиналып жатыр, жойымпаздарда *бір* газет зәрушілік көріп, шетелдік және белгісіз (буржуазиялық) көмекпен шығып отыр. «Правданың» 402, сол бағыттағы Москва жұмысшы газетінің 172, «Лучтың» 167 жұмысшы тобы бар.

Осы фактілерге сену керек пе, әлде «Лучтың», Троцкийдің, Ф. Д. және К°-нің ант бергеніне сену керек пе?

Питердегі металлистер одағы. Платформалар бойынша бірінші ашық сайлау[95]. 14-тен 10-ы «Правданы» жақтаушылар. Қолға түскен ұрының: «ұрыны ұстаңдар» деп айқайлайтыны сияқты, жойымпаздар да: жіктелістен сақтаныңдар! деп айқайлайды.

1910 жылы майда жойымпаздарға: олар — партиядан бөлініп кеткен тәуелсіз-жарияшылдар* екені жұрт алдында және айқын айтылған еді («Дискуссионный Листок» № 2[96]). Содан бері *үш жыл* өтті. Тек өтірікке әб-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 306—320-беттер. *Ред.*

ден әккі болғандар ғана немесе мүлдем надандар ғана бұл сөздерді толық дәлелдеген *фактілерді* теріске шығара алады.

Жойымпаздар — социал-демократияның организміндегі паразиттер. «Европа» алдында («Ұйымдастыру комитетінің немісше кітапшасы және Семковский мырзаның «Kampf»-те[97] жазғаны) олар стачкаларды айтып мақтанады, ал Россияда «Лучта» стачкаларға *қарсы,* «стачка құмарлық» туралы, революциялық стачкалардың «синдикализмі» туралы жауыздық мақалалар жазады. Европа алдында олар астыртын жұмысты *жақтайды* (және аңқау Ан алдында да солай). Ал *іс жүзінде* олар астыртын жұмыста жоқ. Жұмысшы табының ішінде әлсіз олар буржуазияның моральдық (және, әрине, тек моральдық *қана емес)* көмегімен күшті. Астыртын жұмысты жақтай отырып, «ашық партия» ұрандарын мойындау үшін «Лучтың» редакциясы (95-номерді қараңыз) жас баланы тәлкек еткендей тәлкек етуге Ан секілді аңқау болу керек! Мұның аты жойымпаздармен *форма* үшін жауыға отырып, *мазмұнды* соларға беріп қою деген сөз. Астыртын жұмысқа қас буржуазияның «ашық партия» ұранын әбден қабылдауы кездейсоқ нәрсе ме, мұны Ан өзі ойлап көрсін!

«Ашық партия» ұраны дегеніміз *«реформизм»* ұраны,— Россиядағы таптар мен саяси күштердің қазіргі арақатынасында,— революциядан *бас тарту* болып табылатын ұран. Астыртын жұмыс ұраны дегеніміз — революция ұраны.

Қазіргі Россияда буржуазия жұмысшыларға *тура* ықпал жасай алмайды. Бесінші жыл жұмысшылардың буржуазияны және оның либерализмін тәлкек ететін жағдай туғызды. «Кадет» деген сөз олардың арасында жаман сөзге айналды. Ал енді келіп жұмысшылардың арасында буржуазияның ролін жойымпаздар атқарып отыр. Олардың объективтік маңызы — буржуазиялық ықпалды, буржуазиялық реформизмді, буржуазиялық оппортунизмді таратушылар болып отырғанында.

Ф. Д.-ның «Лучтағы» мақалаларының бәрі, жойымпаздардың тактикалық алғы шарттарының бәрі реформизмге, революцияны теріске шығаруға негізделген.

Сіздер революцияның болмай қоймайтынын дәлелдеген жоқсыздар — жойымпаздардың бізге айтатын үйреншікті жауабы осы. Сіздердің революция жайындағы «болжауларыңыз» біржақты,— деп мылжыңдайды жойымпаздарға жарамсақтанған Семковский мырза.

Бұған қысқаша жауап берейік. Революцияның басталғандығы, либерал мырзалар, революцияның шабуылға шыққандығымен *ғана* дәлелденеді. Ал революция шабуылға шыққан кезде қорқақ либералдар да және тіпті мүлдем кездейсоқ адамдар мен авантюристер де «революционерлер» бола қоюға епті келеді. 1905 жылдың октябрі мен ноябрі осыны әбден дәлелдеді.

Революционер дегеніміз — революция басталған кезде революцияшыл бола қалатын адам емес, реакцияның ең құтырынған кезінде, либералдар мен демократтардың мейлінше ауытқыған кезінде революцияның принциптері мен ұрандарын қорғайтын адам. Революционер дегеніміз — *бұқараны* революцияшылдықпен күресуге *үйрететін* адам, ал бұл «ғылымның» қорытындысын алдын ала айту («болжам» жасау) бірде-бір адамның қолынан келмейді.

Россияның жағдайы революциялық жағдай. Пролетариат бұқараны революцияға тәрбиелеуде, *революция үшін* жария мүмкіншілік атаулыны пайдалана отырып, *революцияны әзірлеуде,* ал онымен жойымпаздарға қарсылар *ғана* бірге жүріп, келісе жұмыс істеп отыр. Революцияны әзірлеу ісіне немесе, бұл да сол, бұқараны дәйекті демократиялық жолмен тәрбиелеу ісіне, біздің *социалистік* борышымызды орындау ісіне (өйткені демократиядан тыс социализм жоқ) революцияшыл социал-демократия *пайдасын* тигізеді, ал жойымпаздар *зиянын* тигізеді.

Россияда шын социал-демократиялық жұмыс тек реформизмге қарсы, жойымпаздарға қарсы күрес жүргізілгенде ғана мүмкін болмақ.

*«Социал-Демократ» № 31, 15 (28) июнь, 1913 ж.*

*«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ IV ДУМАНЫ ҚОЛДАУҒА ШАҚЫРУЛАРЫ ТУРАЛЫ

Мемлекеттік думаның үкіметке және елге қатысы туралы мәселе баспасөзде барған сайын жиі талқыланып, едәуір назар аударып отыр. Үшінші июньдегі сайлау заңы екі көпшілікті: оңшыл-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілікті жасады. Бұл соңғы, «либералдық», көпшілік, керек десеңіз, III Думада да сан рет құрылған-ды.

Енді, IV Думада октябристік-кадеттік көпшілік одан да жиі байқалып жүр. Алайда мұның өзі октябристердің «солшылдануынан» ғана емес, сонымен қатар кадеттердің *оңшылдануынан* да болып отырғанын ұмытуға болмайды; кадеттердің оңшылдануы, бір жағынан, кадеттердің бір бөлегінің прогрессистерге өтуінен, ал екінші жағынан, прогрессистердің делдалдығы арқасында октябристердің кадеттермен үнемі жасырын келісім жасауынан көрінеді.

Әлбетте, IV Думада октябристік-кадеттік көпшілік қабылдап жатқан оппозициялық шешімдердің жиіленуі Россияда саяси дағдарыстың өскенін дәлелдейді,— үшінші июнь системасының игілігіне, контрреволюцияның ныгаюына ақшасын да, абыройын да, арын да құрбан етуге әзір отырған буржуазияны да қанағаттандырмай бұл системаның түйыққа келіп тірелгенін дәлелдейді.

Ерекше нәрсе мынау: тіпті орыс тілін білетін және неміс Пуришкевичтерінің[98] органында жазып тұратын неміс тарихшысы Шиманн сияқты тоңмойын, келіспес

реакционер де,— әлде таза плевелік[99] рухтағы система түрінде (біз, сірә, осы «системаға» еніп те кеттік білем?), әлде неміс тарихшысы атаған сілкіністер түрінде,— Россияда дағдарыстың пісіп-жетілгені жайында қорытындыға келіп отыр.

Думаның либералдық шешімдерінің осылайша жиіленуінен практикалық саясатта қандай қорытындылар шығады? деген сұрақ туады.

Ішкі істер министрлігінің саясатын октябристердің айыптауы жайында кадеттер өз қорытындысын шығарып та қойды. Бұл қорытынды: IV Думаны «халықтық және қоғамдық қолдауды» талап ету, «қоғамдық пікірді» «Думаны *өз* күшіміз, қоғамдық еріктің тікелей көрінісі деп білуге» шақыру және т. с. («Правданың» 128-номерін қараңыз).

Біз мұндай қорытындының мүлдем жарамсыз екенін көрсетіп те өттік*. Халық ағарту министрлігінің сметасы бойынша дауыс беру біздің берген бағамызды мейлінше айқын түрде растады.

Дума үш формуланы қабылдады: 1) ұлтшылдық, асқан реакциялық формула — оңшылдар мен октябристердің дауыс беруімен өтті; 2) октябристік формула — кадеттердің дауыс беруімен өтті (мұнда халық ағарту министрлігі «іске жат саяси пікірлермен алаң болмасын» деген екіжүзділігі жағынан мүлде сорақы, демократтарға, тіпті адал ниетті либералдарға да, мүлде кешіргісіз тілек бар); ақырында, 3) шаруа тобының тілегі; бұл, сірә, кадеттердің ғана емес, сонымен қатар социал-демократтарға дейінгі демократтардың да көмегімен өткен болу керек. Шаруалардың тілегіне 137 дауыс берілді, 134-і қарсы болды, 4-уі қалыс қалды.

Егер социал-демократтар шаруа формуласына дауыс берген болса, олардың қатесі өз мәлімдемесін немесе декларациясын енгізбегендігінде екеніне күмәндануға бола қояр ма екен. Жақтап дауыс беру жөн, бірақ шаруа формуласының, мысалы, 5-пунктіне өзінің келіспейтінін ескертпей өтуге болмайтын еді. Бұл пунктте *бастауыш* мектептердегі ана тілі туралы айтылған. Де-

* Қараңыз: осы том, 250—252-беттер. *Ред.*

мократия бастауыш мектептермен шектеліп қалмауға тиісті еді. Жалпы алғанда, шаруалардың тілектерін *дәйекті*-демократиялық тілектер деп тануға болмайды.

Жақтап дауыс беру жөн, өйткені шаруалардың формуласында үкіметті жақтайтын пункттер жоқ, екіжүзділік жоқ, бірақ шаруа демократизмінің дәйексіздігіне және қорғалақтығына өзінің келіспейтінін ескерте кету міндетті нәрсе еді. Мысалы, мектептің шіркеуге қатысы жөнінде социал-демократтардың үндемеуі мүлде кешірімсіз және т. т.

Бірақ бұл — жол-жөнекей нәрселер.

Ал басты нәрсе мынау: IV Дума, кадеттер оны қолдауға шақырғаннан *кейін,* ұлтшылдардың формуласын қабылдады!

IV Думаны қолдау *ауытқушы октябристерді* қолдау екенін тек соқыр ғана көре алмауы мүмкін.

Кадеттер бұл қолдауымен октябристерді оппозицияға итермелейміз деп мақтанады. Бір минутқа солай екен делік. Бірақ осы октябристік оппозиция қандай негізде тұр? Ең жақсы дегенде, оппозицияшыл болған *кезінде,* ол контрреволюцияшыл либерализмнің көзқарасында тұратыны сөзсіз. Оның министрлерге *тәуелді* бола беретінін және соларға *жағымпаздана* беретінін оңшылдардың дағдылы сөздерінен жүз есе әлсіз сөздері үшін Щепкинді екі мәжіліс бойы шығарып жіберген кезде, күмән жоқ, *жағымпаздану* саясатын жүргізген тіпті «прогрессист» Н. Львов та дәлелдеді!

Халықты ауытқушы октябристерді қолдауға шақыра келіп, кадеттер демократияны либералдардың ең жамандарының жетегінде жүргізуге дәмеленеді.

Бірақ демократия біздің либералдарымыздың құны қандай екенін бұдан гөрі елеулірек мысалдардан жүздеген рет көрген. Егер демократия тағы да либералдарға ерген болса, ол әлсізденген және бассыз қалған болар еді.

Буржуазияның үкіметпен қақтығысуы — кездейсоқ нәрсе емес, терең, жан-жақты пісіп келе жатқан дағдарыстың көрсеткіші. Сондықтан бұл қақтығысуларға мұқият зер салып отыру — міндетті нәрсе. Егер демократия өзінің міндетін — демократияның міндеттері либе-

рализмнен өзгеше, оған қарама-қарсы, оның ауытқуларына кереғар міндеттер екенін халықтың түсінуін дамытуды бір минут та ұмытпайтын болса, тек сонда ғана демократияның Россия үшін жақсы бір нәрсеге қолы жете алады.

*«Правда» № 139, 20 июнь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР[100]

1. Біздің программамыздың параграфын (ұлттардың өзін өзі билеуі туралы) *саяси жағынан* өзін өзі билеуі, яғни бөліну және дербес мемлекет құру правосы деген мағынадан ешбір өзгеше түсіндіруге болмайды.

2. Россияның социал-демократтары үшін социал-демократиялық программаның бұл пункті *өте-мөте* қажет

(а) жалпы демократияның негізгі принциптері үшін де қажет,

(б) сол сияқты, Россия жерінде, *әсіресе оның шеткері аймақтарында* шаруашылық, тұрмыс және басқа жағдайлары мүлде өзгеше бірсыпыра ұлттар тұрғандықтан да, ал оның бер жағында бұл ұлттар (Россияның великорустардан басқа ұлттарының бәрі сияқты) патшалық монархия тарапынан адам айтқысыз езіліп отырғандықтан да қажет;

(в) ақырында, дүние жүзінің бәрінде, белгілі бір дәрежеде, дербес ұлттық мемлекеттер немесе неғұрлым жақын және бірімен-бірі туысқан ұлттық құрамы бар мемлекеттер құруға жеткізген мемлекеттердің буржуазиялық-демократиялық қайта құрылысы бүкіл шығыс Европада (Австрия мен Балқан) және Азияда — яғни Россиямен шектес елдерде — не аяқталмағандықтан, не ол енді ғана басталып отырғандықтан да қажет.

(г) 1867 жылдан бастап саяси бостандық пен конституциялық құрылыстың негіздері орнаған, ал енді жалпыға бірдей сайлау правосы да еніп отырған — Батыстағы — Австриядан бастап, соңында,— Шығыстағы —

**В. И. Лениннің «Ұлт мәселесі жөніндегі тезистер» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1913 ж.**

*Кішірейтілген*

республикалық Қытайға дейін, айнала қоршаған елдердің *бәрімен* салыстырғанда, Россия қазіргі уақытта ең мешеу және реакциялық мемлекеттік құрылысы бар ел болып табылады. Сондықтан Россияның социал-демократтары өздерінің бүкіл насихат жұмысында барлық ұлттардың жеке мемлекет құру немесе құрамына енгісі келетін мемлекетін олардың еркін таңдап алу правосын қорғап қалуға тиіс.

3. Социал-демократияның барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауы социал-демократтардан мынаны талап етеді.

(а) олар үстем (немесе халықтың көпшілігі болып отырған) ұлттың мемлекеттік жағынан бөлінуді тілейтін ұлтқа қай түрде болса да зорлық жасауының қандайына да сөзсіз қас болуы керек;

(б) олар сондай бөліну туралы мәселені тек қана сол территориядағы халықтың жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын түрде дауыс беруі негізінде шешуді талап етуі қажет;

(в) олар жалпы алғанда ұлттық езудің немесе жеке-леп алғанда ұлттардың өзін өзі билеу правосының бекерге шығарылуын қорғаудың немесе оған жол берудің қандайы жөнінде болсын қаражүздік-октябристік партиялармен де, сондай-ақ либерал-буржуазиялық («прогрессистер», кадеттер, т. с.) партиялармен де үздіксіз күрес жүргізуі қажет.

4. Социал-демократияның барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауы әрбір жеке жағдайда белгілі бір ұлттың мемлекет болып бөлінуінің тиімді-тиімсіздігіне социал-демократтардың дербес баға беруден тіпті де бас тартқаны емес. Қайта, социал-демократтар капитализм дамуының және әр алуан ұлттардың пролетарларын барлық ұлттардың біріккен буржуазиясының езу жағдайларымен де, сондай-ақ демократияның жалпы міндеттерімен де, ең алдымен және бәрінен де гөрі пролетариаттың социализм жолындағы тап күресінің мүдделерімен де санаса отырып, нақ дербес баға беруге тиіс.

Осы тұрғыдан қарағанда өте-мөте мына жағдайды еске алу керек. Россияда неғұрлым мәдениетті және бір-

қатар тарихи және тұрмыс жағдайларына қарай неғұрлым оқшауланған екі ұлт бар, олар өзінің бөліну правосын бәрінен де оңай, бәрінен де «табиғи» түрде жүзеге асыра алар еді. Бұлар — Финляндия мен Польша. 1905 жылғы революцияның тәжірибесі мынаны көрсетті: тіпті осы екі ұлтта да үстем таптар, помещиктер мен буржуазия, Финляндия мен Польшаның революцияшыл пролетариатынан *қорыққандықтан* бостандық жолындағы революциялық күрестен безіп отыр және Россиядағы үстем таптармен, патшалық монархиямен жақындасуды көздеп отыр.

Сондықтан социал-демократия барлық ұлттардың пролетариаты мен еңбекші таптарын «өз» буржуазиясының ұлтшылдық ұрандармен тура алдауынан бар жігерін сала сақтандыруға тиіс; буржуазия «отан» туралы жылтыр немесе жалынды сөздермен пролетариатты *бөлшектеуге* және басқа ұлттардың буржуазиясымен, патшалық монархиямен әрі экономикалық, әрі саяси одақ жасайтын буржуазияның әрекеттерінен пролетариаттың *назарын басқа жаққа аударуға* тырысады.

Жұмысшы ұйымдарының бәрінде түгелдей барлық ұлттар жұмысшыларының нағыз тығыз және толық одағы болмайынша пролетариат социализм жолындағы күресін жүргізе алмайды және өзінің күнделікті экономикалық мүдделерін қорғай алмайды.

Патшалық монархияны құлату және оны демократиялық республикамен алмастыру жолындағы революциялық күрестен басқа жолмен пролетариат бостандыққа жете алмайды. Патшалық монархия ұлттардың бостандығы мен тең праволылығын *жоққа шығарады*, оның үстіне ол Европада да, Азияда да тағылықтың, айуандықтың және реакцияның басты тірегі болып табылады. Ал бұл монархияны барлық ұлттар еңбекші бұқарасының дәйекті демократияшыл және революциялық күреске қабілетті элементін соңынан ерткен Россиядағы барлық ұлттардың біріккен пролетариаты ғана құлата алады.

Сондықтан «өз» ұлтының буржуазиясымен саяси бірігуді барлық ұлттардың пролетарларымен толық бірігуден жоғары қоятын жұмысшы өз мүдделеріне қарсы,

социализмнің мүдделері мен демократияның мүдделеріне қарсы шығады.

5. Дәйекті демократиялық мемлекеттік құрылысты қорғай отырып, социал-демократия ұлттардың сөзсіз тең праволы болуын талап етеді және бір ұлттың немесе бірнеше ұлттың қандай да болса артықшылықтары болуына қарсы күреседі.

Мысалы, социал-демократия «мемлекеттік» тілді бекерге шығарады. Россияда ондай тіл өте-мөте орынсыз, өйткені Россия халқының оннан жетісінен артығы — туыстас славян тайпаларына жатады; олар еркін мемлекеттегі еркін мектеп жағдайында, экономикалық айналымның талаптары бойынша, түсінісу мүмкіндігін тілдердің біреуінің ешқандай «мемлекеттік» артықшылығынсыз-ақ жеңіл тапқан болар еді.

Социал-демократия самодержавиелік-крепостниктік мемлекеттің крепостник-помещиктері мен чиновниктері белгілеген Россияның ескі әкімшілік бөлінуін қазіргі шаруашылық өмірдің талаптарына негізделген және мүмкіндігінше халықтың ұлттық құрамымен үйлестірілген бөлінуімен алмастыруды талап етеді.

Мемлекеттің тұрмыс ерекшеліктері немесе халықтың ұлттық құрамы жағынан айырмашылығы бар облыстарының бәрі жалпыға бірдей, тең және жасырын дауыс беру негізінде құрылған мекемелерде кең түрдегі өзін өзі басқарумен және автономиямен пайдалануға тиіс.

6. Социал-демократия мемлекеттің қай жерінде болсын кез келген аз ұлт халқының правосын қорғайтын жалпы мемлекеттік заң шығарылуын талап етеді. Бұл заң бойынша, көпшілік ұлттың өзіне ұлттық артықшылық жасауға немесе азшылық ұлттың праволарын (оқу ісі саласындағы, белгілі бір тілді қолдану жөніндегі, бюджет ісіндегі және т. б.) кемітуге тырысқан қандай да болсын шарасының күші жоқ деп жарияланып, ал ондай шараны жүзеге асыруға жазалау қаһарымен тыйым салынуға тиіс.

7. Социал-демократия «мәдени-ұлттық» (немесе жай айтқанда «ұлттық») «автономия» ұранын және оны жүзеге асыру жобаларын құптамайды, өйткені бұл ұран (1) пролетариаттың тап күресінің интернационализміне

сөзсіз қайшы келеді,— (2) пролетариатты және еңбекшілер бұқарасын буржуазияшыл ұлтшылдық идеялары ықпалының шеңберіне тартуды жеңілдетеді,— (3) тұтас алғанда мемлекетті дәйекті демократиялық түрде өзгерту міндеттерінен назарды басқа жаққа аударып әкетеді; ал ұлттық бейбітшілікті (капитализм тұсында мұның жалпы мүмкін болғанынша) осындай өзгертулер ғана қамтамасыз етеді.

Социал-демократтар арасында мәдени-ұлттық автономия туралы мәселенің ерекше шиеленісіп отырғандығынан бұл жағдайды біраз түсіндіріп өтелік.

(а) Социал-демократия тұрғысынан *ұлттық* мәдениет ұранын тікелей де, жанамалап та ұсыну жөнсіз. Бұл ұран дұрыс емес, өйткені адамзаттың бүкіл шаруашылық, саяси және рухани тұрмысы капитализмнің тұсында-ақ біртіндеп интернационалданып келеді. Социализм оны түгелімен интернационалдандырады. Барлық елдердің пролетариаты қазірдің өзінде жүйелі түрде жасап жатқан интернационалдық мәдениет өзіне түгелімен «ұлттық мәдениетті» (қандай ұлттық коллективтікі болса да) қабылдамайды, ал *әрбір* ұлттық мәдениеттен оның *бірыңғай* дәйекті демократиялық және социалистік элементтерін алады.

(б) Социал-демократия программаларында ұлттық мәдениет ұранына мардымсыз болса да жақындаудың, сірә, бірден-бір мысалы Австрия социал-демократтарының Брюнн программасының 3-параграфы болар. Бұл 3-параграф былай дейді: «Бір ұлттың өзін өзі басқаратын облыстарының бәрі ұлттық-біртұтас одақ құрайды; ол өзінің ұлттық істерін әбден автономиялы түрде шешіп отырады».

Бұл — компромистік ұран, өйткені мұнда экстерриториялық (дербес) ұлт автономиясының жұрнағы да жоқ. Бірақ бұл ұран да қате және зиянды, өйткені Лодзьдағы, Ригадағы, Питердегі, Саратовтағы немістерді бір ұлт етіп біріктіру әсте россиялық социал-демократтардың ісі емес. Біздің ісіміз — социализмнің интернационалдық мәдениетін қорғау және дамыту ісінде Россиядағы неміс жұмысшыларын басқа ұлттардың бәрінің жұмысшыларымен біріктіру үшін толық демокра-

тизм жолында, *барлық* ұлттық артықшылықтарды жою жолында күресу.

Экстерриториялық (дербес) ұлт автономиясының ұраны — құрылатын (осы ұранның дәйекті жақтаушыларының жоспары бойынша) ұлттық парламенттері және ұлттық статс-секретарьлары (О. Бауэр және К. Реннер) бар автономияның ұраны онан бетер қате. Капиталистік елдердің барлық шаруашылық жағдайларына қайшы келетін, дүние жүзінің бірде-бір демократиялық мемлекетінде сыннан өтпеген мұндай мекемелер дәйекті демократиялық мекемелерді құрудан күдер үзген және буржуазияның ұлттық қырқысуынан құтылу жолын әрбір ұлттың пролетариатын да, буржуазиясын да бірқатар («мәдени») мәселелер жөнінде әдейі оқшаулаудан іздейтін адамдардың оппортунистік қиялы болып табылады.

Жағдай социал-демократтарды кейде уақытша қайсыбір компромистік шешімдерге көнуге мәжбүр етеді, бірақ басқа елдерден біз мұндай компромистік шешімдерді емес, дәйекті социал-демократиялық шешімдерді үлгі етіп алуға тиіспіз. Ал компромистің австриялық сәтсіз әрекетін үлгі етіп алу қазіргі кезде, ол әрекет Австрияда да сепаратизмге және чех социал-демократтарының бөлініп кетуіне әкеліп соғып, толық күйреп отырған кезде, онан бетер ақылсыздық болады.

(в) Россиядағы «мәдени-ұлттық автономия» ұранының тарихы мынаны көрсетеді: оны барлық буржуазиялық еврей партиялары *түгелдей, тек* еврей партиялары ғана, қабылдады; оған, ұлттық-еврейлік парламентті (сейм) және ұлттық-еврейлік статс-секретарьларды дәйексіз түрде теріске шығара отырып, сын елегінен өткізбестен Бунд еріп кетті. Ал оның бер жағында тіпті мәдени-ұлттық автономияның компромистік ұранына жол беретін немесе оны қорғайтын европалық социал-демократтар да еврейлер үшін бұл ұранның мүлде жүвеге аспайтынын мойындайды (О. Бауэр және К. Каутский). «Галициядағы және Россиядағы еврейлер ұлттан гөрі кастаға жақын, сондықтан еврейлерді ұлт деп заңдастыру әрекеті кастаны сақтап қалуға тырысу деген сөз» (К. Каутский).

(г) Цивилизациялы елдерде біз бүкіл мемлекеттік құрылыста және басқару ісінде демократизмді *барынша* жүзеге асырған жағдайда *ғана* капитализм тұсында ұлттық бейбітшілікке едәуір толық (біршама) жақындау болатынын байқаймыз (Швейцария). Дәйекті демократизм ұрандары (республика, милиция, чиновниктерді халықтың сайлап қоюы, т. т.) пролетариат пен еңбекші бұқараны және жалпы алғанда әрбір ұлттың ішіндегі алдыңғы қатарлының бәрін титтей де ұлттық артықшылыққа мүмкіндік бермейтін шарттар үшін күресуге біріктіреді,— ал «мәдени-ұлттық автономия» ұраны ұлттардың мектеп (немесе жалпы «мәдениет») ісі жөнінде оқшаулануын, әр алуан (және соның ішінде ұлттық) артықшылықтардың негіздерін сақтап қалумен әбден сыйысатын оқшауலануды уағыздайды.

Дәйекті демократизм ұрандары барлық ұлттардың пролетариаты мен алдыңғы қатарлы демократиясын (оқшаулануды емес, қайта ұлттардың демократиялық элементтерінің барлық істер жөніндегі, соның ішінде мектеп ісі жөнінде де бірігуін керек ететін элементтерді) *бірлестіреді* — ал мәдени-ұлттық автономия ұраны пролетариатты жеке ұлттардың реакцияшыл және буржуазияшыл элементтерімен байланыстырып, әр түрлі ұлттардың пролетариатын *ажыратады.*

Дәйекті демократизм ұрандары барлық ұлттардың реакционерлеріне де, контрреволюцияшыл буржуазиясына да ымыраға келместей қас,— ал мәдени-ұлттық автономия ұраны кейбір ұлттардың реакционерлері мен контрреволюцияшыл буржуасына әбден қабылдауға боларлық.

8. Сонымен, Россияның экономикалық және саяси жағдайларының бүкіл жиынтығы социал-демократиядан барлық пролетарлық (саяси, кәсіптік, кооперативтік, ағарту, т. т. және т. с.) ұйымдардың *бәрінде* түгелдей барлық ұлттардың жұмысшыларын *бірлестіруді* сөзсіз талап етеді. Партия сапындағы федерация емес және ұлттық социал-демократиялық топтарды құру емес, жергілікті пролетариаттың *барлық* тілдерінде насихат және үгіт жүргізетін, барлық ұлт жұмысшыларының ұлттық артықшылық атаулысына қарсы бірігін

күресетін, партияның жергілікті және облыстық ұйымдарының автономиясы болатын, белгілі бір жердің барлық ұлттары пролетарларының бірлігі керек.

9. РСДРП тарихының он жылдан астамғы тәжірибесі жоғарыда келтірілген қағидаларды растайды. Партия 1898 жылы «россиялық» партия, яғни Россияның барлық ұлттары пролетариатының партиясы ретінде туды. Бундты еврей пролетариатының *бірден-бір* өкілі деп есептеу талабын партия съезі қабылдамағаннан кейін, 1903 жылы Бунд партиядан шығып кеткен кезде де, партия «россиялық» болып қала берді. 1906—1907 жылдары өмір сол талаптың жөнсіздігін әбден ашып көрсетті, бірқатар еврей пролетарлары бірсыпыра жергілікті ұйымдарда ортақ социал-демократиялық жұмысты жұмыла жүргізе берді, сөйтіп Бунд партияға қайта оралды. Стокгольм съезі (1906 ж.) *территориялық* автономияны мойындайтын поляк социал-демократтарын да, латыш социал-демократтарын да біріктірді, мұның өзінде съезд федерация принципін қабылдаған *жоқ*, сөйтіп жергілікті жерлерде барлық ұлттардың социал-демократтарының бірігуін талап етеді. Бұл принцип көптеген жылдар бойы Кавказда жүргізілді, Варшавада (поляк жұмысшылары мен орыс солдаттары), Вильнода (поляк, латыш, еврей, литван жұмысшылары), Ригада жүргізілді, соңғы үш орталықта да сепаратистік түрде бөлініп кеткен Бундқа *қарсы* жүргізілді. 1908 жылы декабрьде РСДРП өзінің конференциясында барлық ұлттар жұмысшыларының федерация *принципіне негізделмеген бірлігін* талап етуді қуаттап, арнаулы қарар қабылдады. Сепаратист-бундшылдардың партия шешімін жікшілдікке салынып орындамауы бүкіл осы «ең нашар түрдегі федерацияның»[101] күйреуіне әкеліп соқты,— Бунд сепаратистерін чех сепаратистерімен және керісінше де жақындастырды («Наша Зарядан» Косовскийдің жазғанын қараңыз және Косовский туралы чех сепаратистерінің органы, «Der cechoslavische Sozialdemokrat» -тың, 1913, 3-номерін қараңыз) — және, ақырында, жойымпаздардың август (1912 ж.) конференциясында бунд сепаратистері мен жойымпаздарының

Кавказ жойымпаздарының бір бөлегімен бірге партияның программасына «мәдени-ұлттық автономияны», оны *шын мәні жағынан қорғамастан, астыртын* өткізіп жіберу әрекетін туғызды!

Польшаның да, Латыш өлкесінің де, Кавказдың да революцияшыл социал-демократ жұмысшылары, бұрынғысынша, территориялық автономия және *барлық* ұлттардың жұмысшы социал-демократтарының *бірлігі* тұрғысындағы көзқараста тұр. Бундтық-жойымпаздық бөліну және Бундтың Варшавадағы социал-демократ *еместермен* одақтасуы барлық социал-демократтардың алдына *бүкіл* ұлт мәселесін оның теориялық маңызы жөнінен де, партия құрылысы ісінде де *кезекке қойып отыр.*

Компромистік шешімдер сол шешімдерді партияның ықтиярына қарсы өткізушілердің дәл өздері тарапынан бұзылды, ал барлық ұлттардың жұмысшы социал-демократтарының бірлігін талап ету бұрынғыдан да күшті қойылып отыр.

10. Патшалық монархияның дөрекі түрде асқынған және қаражүздік ұлтшылдығы, ал онан кейін *буржуазиялық* ұлтшылдықтың — великоруcтық ұлтшылдықтың да (Струве мырза, «Русская Молва», «прогрессистер», т. т.) және украиндық та, поляктік те (халықтық «демократияның»[102] антисемитизмі), грузиндік те, армяндық та ұлтшылдықтың, т. т. жандануы,— міне осының бәрі Россияның барлық түкпірлеріндегі социал-демократиялық ұйымдардан ұлт мәселесіне бұрынғыдан гөрі көбірек көңіл бөлуді және оның дәйекті-маркстік шешімдерін толық мәнді интернационализм рухында және барлық ұлттардың пролетарларының бірлігі рухында жасап шығаруды өте-мөте қатаң талап етеді.

---

($\alpha$) Ұлттық мәдениет ұраны теріс ұран және ол ұлт мәселесін түсінудегі буржуазиялық тар өрістілікті ғана көрсетеді. Интернационалдық мәдениет.

($\beta$) Ұлтқа бөлінуді мәңгілік ету және жымысқы ұлтшылдықты жүргізу — ұлттарды қосу, жақындастыру,

араластыру және *ө з г е*, интернационалдық мәдениеттің принциптерін көрсету.

(γ) Ұсақ буржуаның күдер үзуі (ұлттық қырқысуға қарсы үмітсіз күрес) және радикалдық-демократиялық өзгерістер мен социалистік қозғалыстан қорқу — капиталистік мемлекеттерде тек радикалдық-демократиялық өзгерістер ғана ұлттық бейбітшілік орната алады және тек социализм ғана ұлттық қырқысуды мүлде жоя алады.

(δ) Мектеп ісіндегі ұлттық куриялар[103].

(ε) Еврей мәселесі.

*1913 ж. 26 июньнен (9 июльден) ертерек жазылған*

*Бірінші рет 1925 ж. Лениннің III жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕР

Бесінші жылға дейін социал-демократ болған, ал 17 октябрьден кейін оңшыл либералға дейін... тез «ақылы кірген» белгілі ренегат Изгоев мырза ізгілік көрсетіп, «октябристік» немесе контрреволюциялық либерализмнің басты органы «Русская Мысльде» жиі-жиі социал-демократияға назарын аударып жүр.

Жұмысшы саясатының келелі мәселелерін толық түсінгісі келетін жұмысшыларға Изгоев мырзаның «Русская Мысльдің» осы жылғы соңғы, июньдегі, кітапшасында басылған мақаласын ұсынсақ та болады.

Жойымпаздық *идеология* мен *тактиканы,* яғни жойымпаздықтың негізгі принциптерін Изгоев мырзаның көпірте орынсыз мақтауы жөнінде ойлаған үстіне ойлай түсу пайдалы. Либерал жұмысшы саясатшыларының принциптері мен тактикасын либералдар мақтамай отыра алмайды ғой!

Жойымпаздарға бүтіндей тілектес Изгоев мырзаның өзіне тән тактикалық пайымдаулары жөнінде ойланған үстіне ойлану пайдалы; ол қалай дегенмен де «маркстік бастауыш мектептен» өткен және де партияшылдардың жойымпаздарға қарсы елеулі күресінің елеулі негіздерін іздеу қажеттігін түсінетін адам ғой.

Біз бұл жерде, амал не, Изгоев мырзаның өнегелі мақаласынан өте қысқа цитаттар алып, сол цитаттарды әсте толық емес, шағын түсіндірумен қанағаттануға тиісті болып отырмыз.

Изгоев мырзаның пікірі бойынша, большевизмнің табыстары мынаған байланысты: «Россияның тіпті герман типтес болса да конституциялық бағытта бейбіт дамуына сенудің дәрежесіне байланысты. Германияда бостандықтары бар, күшейтілген күзеттері жоқ, кең дамыған социал-демократиялық жұмысшы партиясы бар монархиялық конституция мүмкін болып отыр ғой. Мұның Россияда болуы мүмкін бе әлде мүмкін емес пе? Іінағаштың бір жағына иіле түсуіне қарай жойымпаздар мен большевиктердің мүмкіндіктері де не көтеріледі, не төмендей түседі...»

«...Егер реакцияның қыспағына шек қойылмаса, егер Россияның конституциялық күштері мемлекеттік бейбіт өзгеріс жасауга жеткіліксіз болып шықса, онда, күмән жоқ, большевизм жеңіп шығады да, жойымпаздарды бір түкпірге апарып тығады». Ал Изгоев мырзаның өзі большевиктерді анархистер деп, ал большевиктік платформаның алғашқы екі пунктін әбден саналы түрде алып тастаған, оларды коалициялар бостандығымен алмастырған жойымпаздарды «нағыз социал-демократтар» деп есептейді!!

«Дауыл өтеді,— деп жазады Изгоев мырза,— оңды жұмыстың кезі келеді, сонда жойымпаздар тағы да (!!?) жұмысшы табын бастайды». Изгоев мырзаның армандары осындай. «Дауыл өткен» кезде жойымпаздық тактика керемет болады-мыс... Ал оның «тактика туралы ойлары» мынадай:

«Егер большевиктік тактика жайында тереңірек ойласақ, онда оның сенімге құрылғанын, Россияда монархиялық конституция үшін күрес... (көп нүкте Изгоев мырзанікі) 3 июньде аяқталғанын мойындауға тура келеді. Мұнан былайғы күрес, бәлкім, тікелей немесе дәйекті демократия үшін жүргізілетін болар, бірақ орыстың түбегейлі тарихи негізі тұсында үшінші июнь конституциясынан өзге конституцияның болуы мүмкін емес. Орыс конституционалистері бостандығы жоқ, ал ерекше жағдайлары бар конституцияны ғана дәме ете алады. Қаражүздік козқарасқа тұпа-тура қарама-қарсы болса да, сонымен тектес большевиктік көзқарасты біз қате және саяси зиянды көзқарас деп есептейміз. Алайда оның мазмұндылығын бекер деуге болмайды. Орыс конституционалистерінің елге праволық құрылыс жөнінде кепілдік беруге көптен бергі дәрменсіздігі келешекте большевиктік пессимизмді ақтауы да мүмкін. Ал

әзірге ол, «Лучтың» дұрыс көрсеткеніндей,.. (қалай десеңізші!)... жартылай анархистік элементтермен араласуға ғана жеткізеді...» («Луч» дегенде қуанышы қойнына сыймайтын Изгоев мырза бұл арада жойымпаздық мақалалардан цитаттар келтіреді).

Жалпы алғанда пессимизм деп Изгоев мырза помещиктер мен буржуазия *жөніндегі* пессимизмді атайды. *Ондай* «пессимизм» ең алдымен пролетариат жөніндегі, ал одан кейін ұсақ буржуазиялық еңбекші бұқара жөніндегі *оптимизммен* айырғысыз дәнекерлер арқылы байланысты емес пе екен, бұл туралы Изгоев мырза ойлауға да қорқады. Ол қалайша қорықпасын!

Ренегаттың жойымпаздарға жалпылдаған бұл сөздеріндегі бәрінен де гөрі таңырқарлық нәрсе, либералдың осы сөздеріндегі бәрінен де гөрі өнегелі нәрсе сол — жойымпаздарға бүтіндей тілектес бола отырып, ол большевиктік тактиканың *мазмұндылығын* бекер *дей алмайды!* Ол, «бейбіт» даму мен жойымпаздық оппортунизмді жақтаушы, нақ сондай дамудың жеңуін әсте уәде ете *алмайды!!* Ол, большевизмнің құтырған жауы, бізге балағат атаулыны аямай (өздерін өздері мақтайтындар, анархистер, бланкистер және басқа т. с.) үйіп-төгуші, ол, жойымпаздардың сүйкімді досы,— егер «Россияда конституциялық күштер жеткіліксіз бола қалса», (яғни егер олар қазір қанша болса, сонша болса...) большевизмнің жеңетінін мойындауға *мәжбүр* болып отыр!!

Өте ашулы, социал-демократиялық істерді жақсы білетін, бірақ онша ұғымтал емес Изгоев мырзаның байқамағаны — бұл пікірлердің бәрімен* . . . .

. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .

оның үстіне Ф. Д., Л. С., Ежов, Ларин, Мартов, Потресов және К⁰ мырзалардың бет пердесін алып тастады.

Сізге рақмет айтамыз, шын жүрегімізден рақмет айтамыз, большевиктерге ашулы Изгоев мырза! Шындық көзге шұқиды. Ал сіз *абайсызда* өз достарыңыз жойымпаздардың көзін шұқып алдыңыз. Сіздің оларды «емірене» құшақтағаныңыз соншалық — тіпті құшағыңызда тұншықтырып отырсыз.

* Қолжазбаның келесі беті табылмады. *Ред.*

Бірыңғай тарихи бір мәселе туралы тағы бірнеше сөз. Контрреволюциялық либерализмге француз конституциясынан гөрі көбірек ұнайтын сол конституцияның Германияда «мүмкін болып отырған» себебі не? Себебі сол, ашулы, бірақ ұғымтал емес Изгоев мырза,— бұл конституция жұмысшыларға бостандық беруден қорыққан Бисмарк пен либералдардың ұмтылыстарымен қырқыншы, елуінші, алпысыншы жылдарда да Германияның *әбден толық* демократиялануына тырысқан жұмысшылардың ұмтылыстарына *бірдей әсер ететін* болып шықты. Германияның жұмысшылары *ол кезде* әлсіз болып шықты. Сондықтан Бисмарк пен Пруссия либералдары *жартылай* жеңді. Егер Германияның жұмысшылары күштірек болса, Бисмарк бір ширек қана жеңген болар еді. Егер олар одан да гөрі күштірек болса, Бисмарк тіпті жеңбеген болар еді. Германия Бисмаркке қарамастан, Пруссия либералдарына *қарамастан,* жұмысшы табының (ішінара ұсақ буржуазиялық демократияның да, бірақ өте шамалы бөлігі) әбден толық демократияландыруға жігерлі де табанды түрде ұмтылуының арқасында *ғана* бостандық алды.

Еш теңеге түсінбей отырсыз ба, Изгоев мырза? Тарих Германия үшін де «большевиктік» тактиканы ақтап шыққанын түсінбейсіз бе? Большевиктерге азырақ ашуланыңыз, либералдарға «еміренуді» азайтыңыз, сонда, бәлкім, түсінетін боларсыз.

*В. И.*

(немесе қол қойылмаған)

P. S. Егер жарамаса, «Просвещениеге» беруді қатты өтінемін. Меніңше, «Правдаға» фельетон етіп басқан тәуір болар еді.

*1913 ж. июльдің басында жазылған*

*Бірінші рет 1925 ж. «Красная Новь» журналының 1-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ӨМІР КӨРІНІСТЕРІ

Жалпы алғанда орыс өміріндегі, әсіресе орыс деревнясындағы крепостниктік тәртіп туралы айтылғанда, бұл біздің либералдардың,— әсіресе өзін марксист дерліктей етіп көрсетуді сүйетін либералдардың,— қарсылығын туғызады. XX ғасырда Россияда қандай крепостниктік тәртіп болушы еді! Бұл жай «үгіт» қана... Ал оның бер жағында крепостниктік тәртіптің өтемөте айқын суреттері қазіргі орыс деревнясында аяқ басқан сайын кездесіп отырады, тек қана «шыдай беретін» россиялық тоғышардың қарғыс атқан топастығы ғана оны осы суреттерді жайбарақаттықпен байқамай өтуге мәжбүр етеді.

Ол суреттердің бірі мынадай; мұны біз Чернигов губерниялық земство жиналысының 1900—1909 жылдардағы 10 жылғы қаулыларының ресми жинағындағы деректерден алып отырмыз.

«Селолардың арасындағы жолдарды заттай міндеткерлік арқылы ұстаудың атам заманғы тәсілін *осы кезге дейін* қалдыру,— деп жазады бұл жөнінде Хижняков мырза («Русское Богатство»),— біздің земствомыздың бетіне жағылған күйе болып отыр... Бұл міндеткерлікті кілең шаруалардың ғана өтеуінің мүлде әділетсіздігін былай қойғанда,.. осы міндеткерлікті өтеу тәсілінің өзі де қыпжылыарлық. Қар ерігеннен кейін, нөсер жауындар өткеннен кейін, селолық старосталар, әдетте полиция урядигінің қатаң бұйрығы бойынша, біздегіше айтқанда, жол түзеуге «халықты айдап апарады». Жұмыс ешқандай берекесіз, тәртіпсіз, ешқандай техникалық нұсқаусыз жүргізіледі. Маған урядниктердің қаһарлы айқайымен, *ұқыпсыздарды қамшымен айдай отырып*, өте жігерлі жүргізілген осындай жұ-

мысты көруге тура келді. Бұл жаздың аяқ шенінде, губернатордың өтуін күтіп отырғанда болды... Үш шақырымдай жер бойына темір күректері бар 500-дей еркектер мен әйелдер қуып әкелінді. Олар урядниктердің әмірі бойынша ешкімге керегі жоқ орлар қазды, кейін бұларды көміп тастауларына тура келді... Ал біздің земство өзінің 50 жылға жуық өмірінің бойында шаруа халқын осы ауыртпалықтан құтқармағаны былай тұрсын, *қайта оны бұрынғыдан да көбейтіп отыр...*»

Бұл земство, орыс земстволарының бәрі сияқты,—помещиктік земство.

Сонымен, помещиктер шаруалардың ескі «міндеткерлігін» бұрынғыдан да көбейтіп отыр. Помещиктердің бұйрығы бойынша, урядниктер мен старосталар «халықты айдап апарады», жүздеген шаруаларды өз шаруашылығынан қол үзуге, «ешбір берекесіз» түрде, *«ұқыпсыздарды қамшымен айдай отырып»,* «ешкімге керегі жоқ орлар қазуға» мәжбүр етеді.

Пуришкевичтердің, Марковтардың және К° өкіметінің тамырлары міне қайда жатыр. Ал біздегі сылап-сипаулы, сыпайы, шын пиетті-реформаторлық либералдық программалар осындай тамырлармен салыстырғанда қандай жексұрын-екіжүзді программалар десеңізші!

*«Правда» № 149, 2 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: Т — и н.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ТАРАТЫЛҒАН ДУМА ЖӘНЕ АБЫРЖЫҒАН ЛИБЕРАЛДАР

IV Думаның таратылғанына[104] бір аптадан артық уақыт өтті, ал газеттерде ол туралы пікір айту және оның қызметіне баға беру әлі тоқталмай отыр. IV Думаға жалпы наразылықты жұрттың бәрі мойындайды. Наразы болып отырған либералдар ғана емес, «жауапты» (помещиктердің алдында) оппозиция ғана емес. Октябристер де наразы. Оңшылдар да наразы.

Қара Думаға реакцияшыл помещиктер мен реакцияшыл буржуазия тарапынан болып отырған бұл наразылықтың ерекше сипатты жәпе назар аударарлық нәрсе екені күмәнсыз. Бұл таптар «бейбіт» «конституциялық» даму деп аталатын дамуды қамтамасыз ету үшін мүмкін болғанның *бәрін* жасады.

*Бәрін* жасады — ендеше *еш нәрсе* шықпағанына көздері жетуі тиіс еді! Осыдан келіп помещиктер мен буржуазияның өздерінің арасында жаппай наразылық туып отыр. Үшінші Думаның заманына тән болған үшінші июнь системасына масайрау, шаттану оңшылдарда да, октябристерде де жоқ.

Біздің «жоғары» таптар, қоғамдық-саяси «жоғарыдағылар» деп аталатындар, Россияның құрылыс, басқару негіздерінің бәрін түгелдей *өздерінің* белгілегеніне, *өздерінің* мүддесіне сай жолға қойғанына қарамастан, Россияны бұрынғыша басқара *алмайды*. Ал «төменгілер» бұл басқаруды өзгертуге барынша құлшынулы.

«Жоғарыдағылар» үшін мемлекеттік істерді ескіше басқаруға мүмкіндіктің жоқтығы мен «төменгілердің»

мұндай басқаруға ешбір көңгісі келмейтіндігінің бір жерден шығуы бүкіл ұлттық көлемдегі (айталық, аздап дәл емес) саяси дағдарыс деп аталатынның нақ өзі болып табылады.

Біздің көз алдымызда бұл дағдарыстың өршуі факт және талассыз дерлік факт.

Жақсылыққа ұмтылудың басым салмағы мүлде Думада емес екені, бұл жөнінде Дума дәл көрсеткіш бола алмайтыны демократтар үшін, тіпті байсалды либералдарға да, осыдан-ақ айқын болуға тиіс сияқты еді.

Бірақ біздің либералдар әлдеқашан-ақ бетімен кеткен. «III Дума да, IV Дума да — халық өкілдігінің пародиясы»,— деп жазды «Речь» бас мақаласының авторы,— *«бірақ нақ осылар* өмір сүріп отыр, сондықтан hic Rhodus, hic salta» (латынның нақыл сөзі, мұның дәл мағынасы мынау: «Родос осы жерде, осы жерде биле», яғни бастысы осында, мәнісі осында, осында дәлелде, осында күрес).

Қателесесіздер, мырзалар! Басқа жерде басталғаны сияқты, «Родос» мұнда *емес*, «биділ» болатын жері де бұл *емес*.

Помещиктер мен ақша қапшығының малайлары ғана IV Думаны демократия үшін «Родос» деп санай алады, Думадан басқа, мысалы, жалпы халықтық маңыз алған жұмысшы қозғалысы *«бар екенін»* ұмыта алады; бұл қозғалыстың осы маңызы жөнінде либералдар қанша ләм демегенімен, оның осы маңызын либералдық жұмысшы саясатшылар — жойымпаздар қанша қырнағанымен, шұнтитқанымен, ол қозғалыс бар.

«Думаға ықпал жасау үшін, оны бізге еруге, біздің талаптарымызды орындауға мәжбүр ету үшін біздер қолымыздан келетіннің бәрін жасадық па?»— деп лепіреді «Речь».

Бұл онша сауатты емес, бірақ айқындығы жеткілікті. «Біздер» деп отырғаны — помещиктер мен буржуазия. «Речь» тек *осы* «қоғамды» көреді, ол тек *осы* «қоғамдық» пікірге, тек осыған ғана көңіл бөледі.

Мейлінше реакцияшыл помещиктерді либерал помещиктер мен либерал буржуазияның «талаптарын орындауға» мәжбүр ету керек; либерал помещиктер мен ли-

берал буржуазия өздерінің нені «талап етуі» керек екенін, нені қалау керек екенін: жақсылық жағына өзгеріс болуын ба, әлде сол өзгерісті жасайтын жұмысшы қозғалысын, оның жалпы халықтық ауқымын әлсіретуді ме?— мұны өздері де білмейді.

Сорлы либералдар-ай!

*«Правда» № 151, 5 июль, 1913 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЖЕЗӨКШЕЛІКПЕН КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕСІНШІ СЪЕЗД

Лондонда жуырда «қыздарды саудага салуга қарсы күрес жөніндегі халықаралық *бесінші* съезд» аяқталды. Герцогинялар, графинялар, епископтар, пасторлар, раввиндер, полиция чиновниктері және әр алуан буржуазиялық филантроптар қалай шарықтады десеңізші! Қаншама салтанатты қонақасылар, той-думанды ресми қабылдаулар болды десеңізші! Жезөкшеліктің зияны және жиреніштілігі жөнінде қаншама салтанатты сөздер сөйлепді десеңізші!

Съездің буржуазиялық сымбатты делегаттары күрестің қандай құралын талап етті? Негізінен екі құралды: дін мен полицияны талап етті. Мұның өзі жезөкшелікке қарсы ең дұрыс, сенімді құрал, десті. Лейпцигтегі «Халық Газетінің»[105] Лондондағы тілшісінің хабарлауынша, ағылшынның бір делегаты: жеңгетайлыққа жүргендігі үшін *дүре соғу* жазасын парламентте өткіздім, деп мақтаныпты. Жезөкшелікке қарсы күрестің осы заманғы «цивилизациялы» батыры, міне, осындай!

Канададан келген бір әйел «азған» әйелдер жөнінде полицияны және полициялық әйелдер бақылауын айтып шаттанды, ал жалақыны өсіру жөнінде: жұмысшы әйелдер тәуір жалақы аларлықтай еңбек сіңірген жоқ деді.

Немістің бір пасторы: осы заманғы материализм барған сайын халыққа көп тарап, еркін махаббаттың етек алуына көмектесіп отыр-мыс деп, материализмді жерден алып, жерден салды.

Австриялық делегат Гертнер жезөкшеліктің әлеуметтік себептері туралы, жұмысшы семьяларының мұқтаждығы мен қайыршылығы туралы, балалар еңбегінің қаналуы туралы, адам тозгісіз пәтер жағдайлары, т. т. туралы мәселе көтермек бола бергенде, дұшпандық ниеттегі дауыстар шешенді сөзін тоқтатуға мәжбүр етті!

Оның есесіне мәртебелі ханымдар туралы — делегаттар топтарында — өнеге боларлық, салтанатты нәрселер айтылды. Мысалы, герман императорының әйелі Берлинде әйелдер босанатын үйлердің біреуіне барғанда, — мәртебелі ханымды некесіз аналардың кейпімен шамдандырып алмау үшін, — «заңсыз» туған балалардың аналарының *қолына сақина кигізеді!!*

Міне бұдан осындай аристократтық-буржуазиялық конгрестерде қандай жиіркенішті буржуазиялық екіжүзділік үстем болатынын көруге болады. Қайырымшыл акробаттар және мұқтаждық пен қайыршылықты қорлаудың полициялық қорғаушылары «жезөкшелікке қарсы күрес» үшін жиналады, ал жезөкшелікті нақ аристократия мен буржуазия қуаттайды...

*«Рабочая Правда» № 1,*
*13 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Рабочая Правда» газетінің текcті бойынша басылып отыр*

# РАБОЧАЯ ПРАВДА

ГАЗЕТА выходитъ ежедневно, кромѣ понедѣльниковъ.

Годъ изданія первый.

СЕГОДНЯ ВЪ НОМЕРѢ:

СТАТЬИ:

СТАЧКИ:

СТРАХОВАНІЕ:

ПО РОССІИ:

ЗА РУБЕЖОМЪ:

ВЪ СПБ.

№ 3. Вторникъ, 16 іюля 1913 г. Цѣна 2 коп.

ОТКРЫТА ПОДПИСКА НА ГАЗЕТУ „РАБОЧАЯ ПРАВДА“

Издательство „ПРИБОЙ“

ПЕЧАТАЮТСЯ

Рига

Слова и дѣла

Кадеты объ украинскомъ вопросѣ.

Къ клеветѣ на Озола.

Новѣйшія данныя о партіяхъ въ Германіи.

«Рабочая Правда» газетінің 1913 ж. 16 июльдегі 3-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Сөз бен іс» (бас мақала), «Кадеттер украин мәселесі туралы» және «Германиядағы партиялар туралы ең жаңа деректер» деген мақалалары жарияланған болатын

*Кішірейтілген*

## СӨЗ БЕН ІС

Бізде жұрт үнемі мынадай қателер жасайды: белгілі бір партияның немесе топтың ұрандарын, тактикасын, жалпы оның бағытын сол топтың өзі айтатын ниеттер мен дәлелдерге қарап бағалайды. Бұлай бағалау түкке тұрмайды. Тозақ та,— әлдеқашан айтылғандай — ізгі ниетпен жасалған.

Әңгіме ниеттерде емес, дәлелдерде емес, сөздерде емес, белгілі бір партияның немесе топтың ұрандарының, тактикасының немесе жалпы алғанда бағытының тағдырын, маңызын айқындайтын олардан тәуелсіз, объективті жағдайда.

Қазіргі жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелерін талдауға осы тұрғыдан келелік. Петербургте 1—3 июльде болған ереуіл, тіпті буржуазиялық газеттердің — «Речь» пен «Русское Словоның» есептері бойынша, 62 мыңнан астам жұмысшыны қамтыған, ал бұл газеттер мұндайда әрдайым мәліметтерді азайтып көрсетеді.

Демек, біз алпыс мыңнан астам бұқараның бой көрсету фактісін көріп отырмыз. Бұған жұмысшы баспасөзін қуғындауға, оны күн сайын конфискелеуге т. т. және т. с. қарсы наразылық тікелей себеп болғаны белгілі. Біз, сондай-ақ, тіпті «Новое Время», «Речь», «Современка»[106], «Русское Слово» сияқты газеттердің хабарынан: жұмысшылар өздерінің сөздерінде және басқа әрекеттерінде өз наразылығының жалпы халықтық маңызын атап көрсеткенін де білеміз.

Орыс қоғамының түрлі таптары бұл оқиғаға қалай қарады? Олар қандай позиция ұстады?

Біз «Россия»[107], «Земщина» және сол сияқты газеттердің әдеттегісінше қатты сөгетін мәлімдемелермен,— екінің бірінде мейлінше дөрекі балағаттаумен, қорқытумен, т. т. көрінгендігін білеміз. Бұл жаңалық емес. Бұл түсінікті. Бұл сөзсіз нәрсе.

Өте-мөте «жаңалық» нәрсе — либералдық газеттердің селқостығынан көрініп отырған буржуазияның ғажап немқұрайдылығы; оның бер жағында бұл селқостық екінің бірінде қарсылық көзқараспен алмасып отырады, ал бір кезде маңызы бұдан кем, қатысушыларының саны жағынан мұншалықты елеулі емес жұмысшы қозғалыстары (бұдан 17—18 жыл бұрын) либерал-буржуазиялық қоғамда айқын тілектестік туғызатын еді. Бұл арада либерализмнің оңға қарай үзілді-кесілді бет бұрғандығы, демократиядан алыстап, демократияға қарсы шығып отырғандығы күмәнсыз.

Россиядағы ең көп тараған газеттің нақ өзі демесек те, ең көп тараған газеттердің бірі (либералдық «Русское Слово») Петербургте 1—3 июльде болған оқиғалар жөнінде былай деп жазды:

«Петербургте шығатын социал-демократиялық газеттердің осы ереуілге қалай қарағаны атап көрсетуге тұрарлық. Социал-демократиялық «Правда» кешегі (3 июльде жазылған) ереуілге мол орын берген, ал жойымпаздар деп аталатындар тобының органы «Луч» газеті ереуіл туралы кішкене заметкамен тынып, саяси ереуілдерге арнап бас мақала берген («Луч», 2 июль); бұл бас мақалада газет жұмысшылардың мұндай бой көрсетулеріне қарсы наразылық білдірген». («Русское Слово», 3 июль, 1913 ж.)

Фактілер осындай. Реакцияның дұшпандығы. Либералдар мен жойымпаздардың селқостығы мен теріске шығарушылығы. Либерализмнің жойымпаздықпен іс жүзіндегі бірлігі. Жұмысшылардың жойымпаздарға қарсы болғанда ғана мүмкін болатын бұқаралық қимыл бірлігі.

Басқаша емес, іс жүзінде либерализмге толық тәуелді жойымпаздармен батыл күресе отырып қана пролетариат өзінің демократиялық борышын орындай ала-

ды, өзінің алдыңғы қатарлы отряд ретіндегі қызметін атқара алады, халық бұқарасына қызмет көрсетіп, көзін ашып, топтастыра алады.

Либералдар да Дума трибунасынан радикалсынғанда марксистерді сағалаушы немесе түрлі ауытқушы элементтерден екінің бірінде кем түспей жатады, бірақ бұл либералдардың бұқараның Думадан тыс демократизміне қарсы күресуіне (жойымпаздардың көмегімен) бөгет болмайды.

*«Рабочая Правда» № 3,*
*16 июль, 1913 ж.*

*«Рабочая Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып отыр*

## КАДЕТТЕР УКРАИН МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Украин мәселесі жөнінде кейбір ықпалды кадеттердің (Струве мырза бас болып) сөйлеген сөздерінің мейлінше әдепсіздігі, реакцияшылдығы және арсыздығы әлдеқашан-ақ баспасөзде де, Дума трибунасынан да, мысалы, социал-демократ Петровскийдің сөзінде[108] де, көрсетілген болатын.

Біз жуық арада конституциялық-демократиялық партияның ресми органы «Речьте» оның тұрақты қызметкері Мих. Могилянский мырзаның мақаласын кездестірдік; бұл мақала жөнінде үндемей қалуға *болмайды.*

Бұл мақала — «сепаратизм» үшін украиндарды шовинистікпен қудалаудың нағыз өзі. «Албырт авантюризм», «саяси сандырақ», «саяси авантюра»,— «демократизмнің» шапанын бүркенген, барып тұрған *нововремяшыл* Мих. Могилянский мырзаның мақаласы, міне, осындай сөздерге тұнып тұр!! Ал конституциялық-«демократиялық» партия бұл мақаланы ұятсыздықпен бүркемелейді, оны тілектестікпен басады, сөйтіп осындай ап-айқын шовинизмді үн-түнсіз мақұлдайды.

Мих. Могилянский мырзаның өзі мынадай фактіні келтіреді: Львовта болған студенттердің бүкіл украиндық съезінде[109] Украинаның саяси тәуелсіздігі ұранына қарсы кейбір украин социал-демократтары — Россиядан келген эмигрант украиндар да сөйледі, социал-демократ Донцовқа қарсы шықты, ал Донцов съезге 2 кісі қарсы болып көпшілікпен қабылданған «дербес Украина» туралы қарар ұсынған болатын.

Демек, барлық социал-демократтар Донцовпен келіссін деген сөз болып та отырған жоқ. Бірақ социал-демократтар өздерінің дәлелдерін келтіріп, Донцовпен таласқан, нақ сол трибунадан, нақ сол аудиторияны иландыра таласқан.

Мих. Могилянский мырзаның ең қарапайым саяси әдептілік сезімін жоғалтқандығы соншалық — ол Донцовқа қарсы және украин студенттерінің бүкіл съезіне қарсы қаражүздіктердің лексиконынан алынған өрескел, балағат сөздерді жаудырып отыр, өзінің қарсыластарына «Речьтің» көзқарасын теріске шығару, сол әлгі трибунада орыс аудиториясы алдында соншалықты батыл, ашық, еркін сөйлеу қаншалықты мүмкін еместігін жақсы біле тұрып жаудырып отыр.

Біздің кадеттер — сорлы демократтар! Кадеттердің осындай қылықтарына барынша наразылық білдірмей шыдап отырғандар да сорлы демократтар. Марксистер ұлттық ұранмен — великорустық, поляктік, еврейлік, украиндық немесе басқа ұран болсын, бәрібір — өзінің басын айналдыруға еш уақытта да көнбейді. Бірақ марксистер сонымен қатар «сепаратизм» үшін қандай да болса ұлтты қудалау атаулыға қарсы күресу, ұлттардың толық және сөзсіз тең праволылығын, олардың өзін өзі билеу правосын мойындау жолында күресу әрбір демократтың ең қарапайым міндеті екендігін ұмытпайды.

Пролетариаттың тұрғысынан қарағанда әрбір жеке жағдайда бұл өзін өзі билеу қандай болуға тиіс екендігі жөнінде түрлі көзқарас ұстауға болар. Донцов сықылды национал-социалдармен таласуға болар және таласу керек те, бірақ «сепаратизм» үшін зұлымдық қудалау, қорғана алмайтын адамдарды қудалау біздің кадеттердің арсыздығының шектен асқандығы болып отыр.

*«Рабочая Правда» № 3,*
*16 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: М.*

*«Рабочая Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

# ГЕРМАНИЯДАҒЫ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕҢ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

Герман статистика бюросы 1912 жылғы парламент (рейхстаг) сайлауы туралы қызықты деректер жариялады. Әсіресе әр түрлі партиялардың *деревнядағы* және *қаладағы* күшін салыстыру сабақ боларлық.

Герман статистикасы, европалық мемлекеттердің көпшілігінің статистикасы сияқты және Россиядан өзгеше, 2000-ға дейін тұрғыны бардың бәрін деревня мекендеріне жатқызады; ал Россияда қала деп «аталған» мекендерді тұрғындардың санына қарамай, мағынасыз, үстіртін-полицейлік түрде, қалай болса солай деревнядан айыру осы уақытқа дейін сақталған.

Герман статистикасы 2 мыңнан 10 мыңға дейін тұрғыны бар мекенді ұсақ қалаға, ал 10 000 және одан көп тұрғыны бар мекенді ірілеу қалаға жатқызады.

Сөйтсе, белгілі бір партияның *прогресшілдігі* («прогресшілдік» деген ұғымды экономикалық, саяси ең кең мағынада алғанда) мен осы партияның *қалаларда,* жалпы алғанда неғұрлым ірі мекендерде күшінің *артуы* арасында таңқаларлықтай дұрыс сәйкестік байқалады екен.

Бұл арада Германиядағы саяси партиялардың төрт тобы айқын көзге түседі:

1) социал-демократтар — жалдама жұмысшылардың бірден-бір толық прогресшіл және осы сөздердің ең жақсы мағынасында «халықтық», бұқаралық партиясы;

2) «прогрессивтік халық партиясы» — ұсақ буржуазиялық демократиялық партия, біздің трудовиктер сияқты (бірақ крепостниктік жағдайдағы емес, қайта толық буржуазиялық қоғам жағдайындағы) бірдеңе;

3) «национал-либералдар» — ірі буржуазияның партиясы, герман октябристік-кадеттік партиясы;

4) қаражүздік помещиктердің, клерикалдардың, реакцияшыл мещандар мен шаруалардың барлық консерваторлық партиялары (антисемиттер, «центр», яғни католиктер, анығында консерваторлар, поляктар, т. с.).

*Партиялар алған дауыстардың үлесі (процент есебімен):*

| | Соц-дем. | Прогрессистер | Национал-либералдар | Барлық консерваторлық партиялар | Бөлшектенгендер және айқындалмағандар | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Деревняларда | 19,0 | 8,8 | 12,8 | 58,6 | 0,8 | 100,0 |
| Ұсақ қалаларда | 35,8 | 12,1 | 15,0 | 36,4 | 0,7 | 100,0 |
| Ірі » | 49,3 | 15,6 | 13,8 | 20,0 | 1,3 | 100,0 |
| *Бүкіл Германияда* | 34,8 | 12,3 | 13,6 | 38,3 | 1,0 | 100,0 |

Германияда жалпыға бірдей сайлау правосы бар. Герман деревнясын, герман шаруаларын (*барлық* европалық, конституциялық, цивилизациялы елдердің шаруалары сияқты) осы уақытқа дейін рухани, саяси жағынан помещиктер мен поптар *түгелдей дерлік* құлдыққа салып отырғанын жоғарыда келтірілген кесте айқын көрсетеді.

Германия деревняларында дауыстардың $^3/_5$ дерлігі (58,6 проценті) консерваторлық, яғни помещиктік және поптық, партияларға беріледі! Шаруа феодалдарға, крепостниктерге және помещиктерге қарсы күрескен кезінде Европаның барлық жерінде революцияшыл *болды*. Бостандыққа, азын-аулақ жерге қолы жеткен соң шаруа, әдетте, помещиктермен және поптармен *бітісіп*, реакционер болып алды.

Бірақ капитализмнің дамуы, өз тарапынан, шаруаны реакцияның құшағынан жұлып ала бастады, сөйтіп оны

социал-демократтардың соңынан ертіп отыр. Германияда социал-демократтар деревняда 1912 жылы барлық деревнялық дауыстың *енді бестен бір дерлік бөлегін* (19,0 процентін) алды.

Демек, қазіргі герман деревнясының саяси жағдайы мынадай. *Бестен бірі* социал-демократтардың соңынан, *бестен бірі* азды-көпті «либерал» буржуазияның соңынан, *бестен үші* помещиктер мен поптардың соңынан еріп отыр. Деревняның саяси санасын көтеру үшін әлі де көп жұмыс істеу керек. Капитализм ұсақ шаруаны күйзелтіп, оны барған сайын езіп-жаншып, реакцияшылдық соқыр сенімді оның басынан күшпен айдап шығып отыр деуге болады.

Ал ұсақ қалаларда жағдай басқаша: социал-демократтар қазірдің өзінде-ақ либерал буржуазияны басып озды (либерал буржуазияда 27 процент, социал-демократтарда 35,8 процент), бірақ дауыстардың 36,4 процентіне ие болып отырған консерваторларды әлі толық қуып жете қойған жоқ. Ұсақ қалалар — мещандардың, көбінесе сауда-өнеркәсіп мещандарының басты тірегі. Мещандар консерваторларға да, социалистерге де, либерал буржуазияға да тұрақты көпшілік бермей бәрінен де гөрі көбірек ауытқып отыр.

Ірі қалаларда социал-демократия жеңіп шықты. Олар өздерінің соңынан халықтың *жартысын* (дауыстардың 49,3 проценті) ертіп отыр,— бұл консерваторлар мен либералдарды қосып есептегендегімен тең (15,6+13,8+ +20=49,4 процент). Мұнда консерваторлар өздерінің соңынан халықтың *бестен бірін* ғана, либерал буржуалар — *оннан үшін*, социал-демократтар — *жартысын* ертіп отыр. Егер ең ірі қалаларды алатын болсақ, онда социал-демократияның басымдығы мұнан да гөрі анағұрлым артық болар еді.

Баршаға мәлім, қалалар қазіргі мемлекеттердің бәрінде де, тіпті Россияда да, деревняға қарағанда анағұрлым тез өсуде, қалалар халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің орталықтары, прогрестің басты қозғаушысы болып табылады. Қалаларда социал-демократияның басымдығы бұл партияның алдыңғы қатар-

лы халық бұқарасының партиясы ретіндегі маңызын айқын суреттейді.

1912 жылы Германияда 65 миллион халықтың 25,9 миллионы ғана деревняларда, 12,3 миллионы ұсақ қалаларда, 26,8 миллионы неғұрлым ірі қалаларда тұрды. Германия біршама ерікті, берік конституциясы және жалпыға бірдей сайлау правосы бар толық капиталистік мемлекет болып алғаннан кейінгі соңғы ондаған жылдарда қала халқы деревня халқымен салыстырғанда ерекше тез өсті. 1882 жылы 45 миллионнан қалада тұрғаны 18,9 миллион, яғни 41,8 процент; 1895 жылы 52 миллионнан — 26, яғни 49,8 процент; 1907 жылы 62 миллионнан — 36, яғни 58,1 процент. Ал 100 000 және одан да көп тұрғыны бар ең ірі қалалардың халқы осы жылдарда — 3—7—12 миллион яғни барлық халықтың 7,4 проценті — 13,6 проценті — 19,1 проценті болды. 25 жылда барлық халық 36,5 процент өсті, қала халқы 89,6 процент, ал ең ірі қалалардың халқы 254,4 процент өсті.

Ақырында, атап көрсетерлік бір нәрсе — қазіргі буржуазиялық Германияда нағыз буржуазиялық партиялар халықтың *азшылығын* ғана соңынан ертіп отыр. Бүкіл Германияда 1912 жылы социал-демократтар берілген дауыстардың жалпы санының *үштен бірінен артығын* (34,8 процентін) алды, консерваторлар (яғни, негізінен помещиктер мен поптар) *бестен екіден* шамалы аз бөлігін (38,3 процентін) алды, ал барлық либерал-буржуазиялық партиялар дауыстардың *төрттен бірін ғана* (25,9 процентін) алды.

Мұны қалай түсіндіру керек? Буржуазиялық Германияда, капитализм өте-мөте тез дамып отырған елде, революциядан (1848 жылғы буржуазиялық революциядан) 60 жылдан астам уақыт өткеннен кейін нағыз буржуазиялық саяси партиялар басым болмай, помещиктік және клерикалдық партиялардың басым болып отырғаны неліктен?

Бұл құбылысты түсіндіру үшін ең басты нәрсені К. Маркс 1848 жылдың өзінде-ақ көрсетіп берген болатын: пролетариаттың дербестігінен шошынған, демократиялық мекемелерді жұмысшылардың *өздері үшін*

және капиталистерге қарсы пайдаланатынын көрген герман буржуазиясы демократиядан сырт айналды, бұрын өзі қорғаған бостандыққа масқара сатқындық жасады, сөйтіп помещиктер мен клерикалдардың алдында малайлық жасауға бет бұрды[110]. Орыс буржуазиясының 1905 жылдан бастап осы малайлық саяси пиғылдар мен малайлық саяси идеяларды герман буржуазиясынан да гөрі құлшына үдетіп отырғаны белгілі.

*«Рабочая Правда» № 3, 16 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Рабочая Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

# АҒЫЛШЫН ОППОРТУНИСТЕРІН ӘШКЕРЕЛЕУ

Англияда жуырда Лёстер (Leicester) қаласында парламентке қосымша сайлау болды.

Бұл сайлаудың орасан зор принциптік маңызы бар, сондықтан жалпы айтқанда пролетариаттың либерал буржуазияға көзқарасы туралы, атап айтқанда ағылшын социалистік қозғалысы туралы ең маңызды мәселеге көңіл қоятын әрбір социалист Лёстердегі сайлау жөнінде мұқият ойлануға тиіс.

Лёстердегі сайлау округі парламентке *екі* мүше жібереді, ал әрбір сайлаушының *екі* даусы бар. Мұндай округтер Англияда көп емес, бірақ дәл осылар социалистердің либералдармен үн-түнсіз *блок* (одақ) жасасуына өте-мөте көмектеседі; мұны Лейпцигтегі «Халық Газетінің» ағылшын тілшісі атап көрсеткен. «Тәуелсіз» (социализмге тәуелсіз, бірақ либерализмге тәуелді) жұмысшы партиясы дейтіннің ең көрнекті деген көсемдері парламентке нақ осындай округтерден өтті. «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» көсемдері — Кейр-Гарди де, Филипп Сноуден де, Рамсей Макдональд та осындай округтерден өтті.

Ал бұл округтерде үстем болып отырған либералдар өз сайлаушыларына директива (нұсқау) береді: бір дауыс социалиске, бір дауыс либералға берілсін,— әлбетте, ол социалист—«ақылды», баяу, «тәуелсіз» болсын, ымыраға келмейтін қайдағы бір эсдек болмасын дейді; мұндай эсдекті ағылшын либералдары мен жо-

йымпаздары анархо-синдикалист, т. т. деп сөгуді орыстардан кем білмейді!

Демек, іс жүзінде либералдардың баяу, оппортунистік социалистермен блогы жасалып жатыр. Іс жүзінде ағылшын «тәуелсіздері» (бұлар дегенде біздің жойымпаздар сондай елжіреп тұрады) либералдарға *тәуелді*. Ағылшын парламентіндегі «тәуелсіздердің» мінез-құлқы осы тәуелділікті үнемі растап отыр.

Міне, сөйтіп, «тәуелсіздердің» Лёстерден сайланған депутаты, партияның көсемі Макдональдтың өзі жеке басына байланысты себептер бойынша өзінің мандатын тапсырды.

Не істеу керек?

Либералдар, әлбетте, өз кандидатын ұсынды.

Лёстер — пролетар халқы басым фабрикалы қала.

«Тәуелсіздердің» жергілікті ұйымы конференция шақырып, 8 дауысқа қарсы 67 дауыспен *өзінің кандидатын ұсынуға* қаулы етті. Айтылды — істелді. Қалалық думаның мүшесі, «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» көрнекті қайраткері Бантонды ұсынды.

Енді сайлауға ақша беру мәселесін шешетіп (ал Англияда сайлау өте қымбат!) осы партияның Орталық комитеті Бантонның кандидатурасын бекітуден *бас тартады!!*

Оппортунистердің орталық комитеті жергілікті жұмысшыларға қарсы шықты.

Ағылшынның басқа бір социалистік партиясының, оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес партияның Лёстердегі ұйымы Лёстердің «тәуелсіздеріне» өзінің өкілін жіберіп, оларға *өз* мүшесі, «Британ социалистік партиясының» мүшесі, жұмысшы қозғалысының аса белгілі қайраткері, «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» бұрынғы мүшесі, бұл партияның оппортунизмі үшін онан кеткен Гартлидің (Hartley) кандидатурасын қолдауды ұсынады.

«Тәуелсіз жұмысшы партиясының» Лёстердегі ұйымы қиын жағдайда қалды: ол Гартлиді шынымен жақтайды, бірақ... бірақ өз партиясының тәртібін, Орталық комитеттің шешімін қайтпек! Лёстерліктер амалын тапты: жиналысты жапты да, *жеке адамдар ретінде,*

*бәрі де* Гартлиді жақтап шықты. Ертеңіне жұмысшылардың орасан зор жиналысы Гартлидің кандидатурасын мақұлдады. Бантонның өзі Гартлиге дауыс беремін деген телеграмма жіберді. Лёстердің кәсіптік одақтары Гартлиді жақтап шықты.

«Тәуелсіздердің» парламенттік фракциясы іске араласып, *либералдық* баспасөзде (оппортунистерге жәрдемдесетін біздің «Речь» пен «Современка» сияқты) Гартлидің кандидатурасына қарсы, Макдональдтың «беделін түсіруге» қарсы *өзінің наразылығын* жариялады!!

Сайлауда, әрине, либералдар жеңді. Олар — 10 863, консерваторлар — 9279, ал Гартли — 2580 дауыс алды.

Түрлі елдердің саналы жұмысшылары ағылшын тәуелсіздеріне көп жағдайда «төзімділік» жасайды. Бұл үлкен қате. Тәуелсіздердің Лёстерде жұмысшы ісіне *опасыздық жасауы* — кездейсоқтық емес, қайта «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» *бүкіл* оппортунистік саясатының нәтижесі. Барлық *шын* социал-демократтардың тілектестігі Англиядағы «Тәуелсіз» жұмысшы партиясының жұмысшыларды либералдық аздыруына қарсы батыл күресіп жатқан ағылшын социал-демократтары жағында болуға тиіс.

*«Рабочая Правда» № 3,*
*16 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: К. Т.*

*«Рабочая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ОЗЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ИДЕЯЛАРЫ

Америкадағы ең көрнекті, ең бай көпестердің бірі, сауда палаталарының халықаралық съезінің вице-председателі Эдуард Альберт *Филена* деген біреу сауда әлемінің аса ықпалды өкілдерімен тікелей жақындасу үшін қазір Парижді, Берлинді, Европаның басқа да ең ірі орталықтарын аралап жүр.

Америка байларының біріне Европаның ең бай адамдарының, әдет бойынша, жасайтын банкеттерінде осы Филена көпестің *дүние жүзілік қуаты* жөніндегі өзінің «жаңа» идеяларын дамытуда. Германияның биржа капиталының органы «Франкфурт Газеті»[111] Американың «алдыңғы қатарлы» миллионерінің пікірін егжей-тегжейлі қайталап отыр.

Біз,— деп шешенсіді американ миллионері,— тарихи ұлы қозғалысты басымыздан кешіріп отырмыз; бұл қозғалыс осы күнгі дүние жүзінің бүкіл билігі сауда капиталы өкілдерінің қолына көшумен аяқталады. Біз — дүние жүзіндегі ең жауапты адамдармыз, сондықтан біз саяси жағынан да ең ықпалды адамдар болуға тиіспіз.

Демократия өсуде, бұқараның күші өсуде — деп пайымдады мистер Филена (бұл «бұқараны» аңқаулар деп есептеуге аздап бейім болса керек). Тұрмыстың қымбатшылығы өсуде. Парламентаризм және күнделікті, миллиондаған дана болып тарайтын, баспасөз халық бұқарасын барған сайын толық хабардар етуде.

Бұқара саяси өмірге өзінің қатысуына, сайлау правосының кеңейтілуіне, табыс салығын енгізуге, т. т. күш салуда. Бүкіл дүние жүзіне билік ету бұқараның қолына, яғни *біздің қызметшілердің қолына* көшуге тиіс — деп ой тұжырымдады қадірлі шешен.

Бұқараның табиғи көсемдері *кәсіпкерлер мен көпестер* болуға тиіс, олар өздерінің мүдделері мен бұқара мүдделерінің ортақтастығын түсінуді барған сайын жақсы үйреніп келеді. (Жақшаға алып айта кетелік: епті Филена мырза, 2500 қызметшісі бар orasan зор сауда үйінің иесі, өзінің қызметшілерін пайдаға, т. с. қатысатын «демократиялық» ұйымға «ұйымдастырған». Өзінің қызметшілерін үмітсіз аңқаулар деп санап, мистер Филена олар толық қанағаттанды, «қамқоршы-әкесіне»... шексіз алғыс айтып отыр деп сенеді).

Қызметшілерді бізге байлап-матайтын, бүкіл дүние жүзіне билік етуді бізге қамтамасыз ететін нәрсе — ақыны көбейту, еңбек жағдайларын жақсарту деді Филена мырза. Дүние жүзінде талантты дегеннің бәрі бізге қызмет істеуге келетін болады.

Бізге керегі — ұйым және ұйым,— күшті, демократиялық ұйым, әрі ұлттық, әрі интернационалдық (халықаралық) ұйым,— деп лепірді американ. Сойтіп ол Париждің, Берлиннің, т. т. сауда әлемін *халықаралық сауда палаталарын* қайта құруға шақырды. Бұлар *барлық* цивилизациялы елдердің саудагерлері мен кәсіпкерлерін біртұтас, қуатты ұйымға біріктіруге тиіс. Барлық интернационалдық елеулі мәселелер осы ұйымда талқылануға және шешілуге тиіс.

«Алдыңғы қатарлы» капиталист Филена мырзаның идеялары осындай.

Бұл идеялардың — бұдан 60 жылдан астам бұрын айтылған марксизм идеяларына кішкене, болмашы, бір жақты, пайдакүнемдік-бишаралық *жақындай түсу* екенін оқушы көріп отыр. «Біз» Маркcті жерден алып, жерден салудың, теріске шығарудың сондай шеберлеріміз; «біз», цивилизацияланған көпестер мен саяси экономияның профессорлары, оны мүлде теріске шығардық!.. Сөйте тұрып біз оны аз-аздап ұрлаймыз да,

бүкіл дүние жүзіне өзіміздің «прогресшілдігімізбен» мақтанамыз...

Аса құрметті Филена мырза! Сіз бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мүлде аңқаулар деп біржолата сенесіз бе?

*«Рабочая Правда» № 4,*
*17 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Рабочая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ҮШІН НЕ ІСТЕУГЕ БОЛАДЫ

Батыс мемлекеттерде тараған шірік соқыр сенімдер аз емес, олардан қасиетті Русь анамыз әзірге аман. Ондағылар, мысалы, жүз мыңдаған, миллиондаған томдары бар орасан зор көпшілік кітапханалары осы кітапханаларды пайдаланатын бір топ ғалымдардың немесе ғалымсымақтардың ғана игілігі болып қалмауға тиіс деп ойлайды. Онда осы орасан зор кітапханаларды, ғалымдар, профессорлар, т. с. мамандар цехының ғана қолы жететін етпей, қайта бұқараның, тобырдың, көшедегілердің қолы жететін ету керек деген таңқаларлық, түсініксіз секілді, жабайы мақсатты көздейді.

Кітапхана ісін неткен сорақы бұрмалаушылық бұл! «Тәртіптің» жоқтығы қандай десеңізші; біз болсақ бұл істе бізде тәртіп бар деп әділ мақтанар едік. Кітаптарды пайдалану үшін жүздеген формальдылықты, шектеуді ойлап шығаратын ондаған чиновниктік комиссиялар талқылап, жасап отырған *ережелердің* орнына,— кітаптардың бай коллекциясын тіпті *балалар да* пайдалана алатындай етуге назар салу; оқушылардың өз үйінде де қазынаның кітабын оқуына қамқорлық көрсету; көпшілік кітапханасының мақтанышы мен даңқы дегенде онда сирек кездесетін кітаптардың қанша екенін айтпай, XVI ғасырдағы қайдағы бір басылымдардың немесе X ғасырдың қолжазбаларының қанша екенін айтпай, қайта кітаптың *халық арасына қалай кең* тарап отырғанын, қанша жаңа оқушылар тартылғанын, мынадай кітап керек деп қойылған кез келген

талаптың қалай тез қанағаттандырылуын, үйге қанша кітап берілгенін, кітап оқуға, кітапхананы пайдалануға қанша бала тартылғанын айту... Батыс мемлекеттерде таңқаларлық соқыр сенімдер тараған, ал біздің қамқор басшыларымыз бізді осы соқыр сенімнің әсерінен қамқорлықпен, мұқият қорғайды, біздің бай көпшілік кітапханаларымызды көшедегілерден, қара тобырдан қорғайды, бұған қалайша қуанбассың!

Менің алдымда Нью-Йорк көпшілік кітапханасының 1911 жылғы есебі жатыр.

Биыл Нью-Йорктегі көпшілік кітапханасын ескі екі үйден қала салған жаңа бір үйге көшірген. Томдардың барлық саны қазір шамамен екі миллионға жетеді. Мынадай жайт болған: келген адамдар үшін оқу залынан бірінші кітап орыс тілінде талап етілді. Бұл Н. Гроттың: «Біздің заманымыздың адамгершілік мұраттары» деген шығармасы еді. Кітапты сұрау билеті таңертең 9 сағат 8 минутта берілді. Кітап оқушыға 9 сағат 15 минутта әкелінді.

Бір жылда кітапханаға 1 658 376 адам келген. Оқу залында 246 950 оқушы болған, бұлар оқуға 911 891 том алған.

Ал мұның өзі де кітапхананың *кітап айналымының* азғантай үлесі. Кітапханаға көп адам бара алмайды. Білім беру ісінің дұрыс жолға қойылғандығы оқушыларға үйде оқуға қанша кітап берілгендігімен,— *халықтың көпшілігіне* қандай қолайлы жағдайлар жасалғандығымен өлшенеді.

Нью-Йорк көпшілік кітапханасының Нью-Йорктің үш округінде, Манхаттанда, Бронксте және Ричмондте (жалпы халқының саны *үш* миллион адамға жуық) *қырық екі* бөлімі бар, ал таяуда олардың саны 43 болады. Мұнда үнемі мынадай мақсат: әрбір тұрғынның өз үйінен қашықтығы *шақырымның төрттен үш бөлегінен* аспайтын,— яғни он минуттан артық жүрмейтін жерде,— көпшілік кітапханасының бөлімшесі болуы көзделеді; бұлар халыққа білім беру жөніндегі әр алуан мекемелер мен кәсіпорындардың *орталығы* болып табылады.

1911 жылы үйге *сегіз миллионға* жуық — 7 914 882

том берілген; бұл 1910 жылдағыдан төрт жүз мың артық. Тұрғындардың әрбір жүзіне, барлық жастағыларын, еркек, әйелдерін қоса есептегенде, үйде оқуға жыл бойында 267 кітап берілген.

Кітапхананың осы 42 бөлімінің әрқайсысы анықтама кітаптарды кітапхананың өзінде оқуға және үйге кітап алуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар кешкі лекциялар оқуға, халық жиналыстарын өткізуге, орынды ойын-сауыққа ыңғайлы үй болып табылады.

Нью-Йорк көпшілік кітапханасында шығыс тілдеріндегі кітаптар 15 000-дай, еврей тілінде — 20 000-дай, славян тілдерінде — 16 000-дай. Негізгі оқу залында *ашық* сөрелерде, жалпы жұрттың еркін пайдалануы үшін 20 000-дай том тұр.

Нью-Йорктегі көпшілік кітапханасы балалар үшін өз алдына оқу залын — орталық зал жасаған; мұндай залдар бірте-бірте бөлімшелерде де ашылады. Кітапханашылар балаларға барлық қолайлы жағдайдың болуын көздейді және оларға анықтама беріп отырады. Балалардың үйге алған кітабының жалпы саны 2 859 888 том, яғни үш миллионнан азғана кем (жалпы санының үштен бірінен артық). Оқу үйіне келген балалар саны 1 120 915-ке жетті.

Кітаптардың жоғалуына келер болсақ, Нью-Йорктегі көпшілік кітапханасы үйге берілетін әрбір 100 000 кітаптан 70—80—90 кітап жоғалады деп есептейді.

Нью-Йоркте, міне, осындай тәртіп бар. Ал бізде ше?

*«Рабочая Правда» № 5,*
*18 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: W.*

*«Рабочая Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып*
*отыр*

## ӨНЕРКӘСІПТІҢ «СӘНГЕ АЙНАЛҒАН» САЛАЛАРЫНЫҢ БІРІ

Капиталистік өндіріс секірмелі, үздік-создық түрде дамиды. Біресе өнеркәсіп «тамаша» гүлденеді, біресе күйреу, дағдарыс, жұмыссыздық болады. Жеке, бытыранды, біріне-бірі тәуелсіз қожайындар ірі кәсіпорындарда мың-мыңдаған жұмысшылардың біріккен еңбегіне жеке меншік правосымен, белгісіз рынокқа «жұмыс істеп» отырған мұндай шаруашылық жүйесінде басқаша болуы мүмкін де емес.

Қазір ерекше тез дамып, бар пәрменімен күйреуге бара жатқан «сәнге айналған» өнеркәсіптің мысалы— автомобиль өнеркәсібі. Мәселен, Германияда, мотоциклетті қоса есептегенде, барлық түрдегі автомобильдердің саны 1907 жылы 27 мың, ал 1912 жылы 70 мың болды.

Франция мен Англияда автомобиль әлдеқайда көп тараған. Салыстырмалы деректер мынадай: Германия— 70 мың, Франция — 88 мың, Англия — 175 мың.

Сонымен, халықтың санына шаққанда Германия автомобильге Англиядан *төрт есе дерлік* кедей, ал Россия, әрине, әлдеқайда артта жатыр.

Халық шаруашылығын капиталистік жолмен ұйымдастыру тұсында автомобильдер бай адамдардың аз тобының ғана игілігі болады. Өнеркәсіп жүздеген мың автомобиль бере *алар еді,* бірақ халық *бұқарасының* қайыршылығы дамуды тежеп, бірнеше жыл «тамаша» өскеннен кейін күйреуді туғызады.

Сөз арасында айта кетелік. Халықтың көпшілігіне қызмет көрсеткен жағдайда, автомобиль ісінің орасан зор маңызы бар, өйткені біріккен жұмысшылар қоғамы егіншілікте және тасымал өнеркәсібінде өте көп жұмыс көлігін автомобильдермен алмастырады. Мұндай алмастыру қазір жылқыға жемшөп өндіруге пайдаланылып отырған *миллиондаған десятинаны* халықтың тамағын жақсарту үшін астық, ет, сүт өндіруге пайдалануға мүмкіндік береді.

Буржуазияшыл экономистер егіншілік жеткілікті астық бере алмайды дегенде тек қорқытып жүр ғой!

*«Рабочая Правда» № 8,*
*21 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: И.*

*«Рабочая Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып отыр*

# ӨЛІ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ТІРІ «РЕЧЬ»

Жойымпаздық «Живая Жизнь» газетінің бірінші номерінде Л. М.-ның «Ескі тақырыпқа» деген мақаласы басылған болатын. Р. Люксембургпен айтысында Каутскийдің «етегінен ұстауға» асығып отырған, еліккен автордың ұсақ тәсілдерін біз келесі жолға қалдыра тұрамыз. Л. М. *мұндай* айтысты неміс оппортунистерінің (реформистерінің) позициясы туралы *мүлде үндемеу* арқылы өршіту және принципті түрде маңызды етіп көрсету жөніндегі либералдардың сілікпесі шыққан тәсілін қайталап отыр!

Каутскийдің бешпетінен ұстағанға Л. М. мырза мәзақ, бірақ «герман социал-демократиялық әдебиеті» туралы пікір айта отырып, ол Л. М. мен «Живая Жизньге» ағайындас реформистердің бай және шынында принципті мәні бар әдебиеті туралы — кішіпейілдіктен болу керек — үндемей қалуды артық көреді.

Қайталап айтамыз, бұған басқа бір жолы тоқтармыз.

Л. М. орыс істеріне немістерді, былайша айтқанда, шашынан сүйреп тартып отыр. Ал бұл істер туралы «Живая Жизньнің» бірінші номері Л. М.-нің мақаласында былай дейді.

...коалициялар бостандығы үшін күресвейінше «орыс жұмысшылары өздерін ұршықша үйірілтетін, ауық-ауық болатын біртектес бұқаралық бой көрсетулерде күштерін орасан көп шығын етуге, шығын еткенде ұйымшылдықтың өсуімен және жеңіп алған саяси позициялардың нығаюымен өтелмейтін түрде шығын етуге душар ететін адам төзгісіз жағдайдан шыға ал-

майды». Алдыңғы қатарлы пролетарлардың күші (деп жазады Л. М., алдыңғы қатарлы *либералдардың ойларын* баяндай отырып) мынаған бағытталуға тиіс: «жұмысшы табын бір күндік ереуілдер майданында ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі басқа майдандарда да шайқасып, жеңістерге жетуге қабілетті ету керек».

Жұмысшы партиясын жоюшылар «ілімінің» мәнісі — осы сөздерде. «Ұршықша үйірілу» — осы сөздер әйгілі сөздерге айналады. Бұл сөздерді «Живая Жизньнің» әрбір номерінде көшіріп басып, оның бүкіл бағытының ұраны ету керек еді. Міне — жойымпаздардың «ұраны» осы!

Тегінде, дапасынғап Л. М., «басқа майдандар» деп және ұршықша үйірілу емес деп петицияларды айтатын болар? Тура айтыңыздар, ұялмаңыздар, мырзалар!

Ал енді шын мәнінде *нақтылы*, яғни жойымпаздықтың өлі доктринасын емес, жанды таптық мүдделерді (әрине, пролетариаттың емес, буржуазияның ғана мүдделерін) қорғайтын «Речь» газетін көріңіздер. 6 июльдегі «Речьтің» бас мақаласын 11 июльдегі «Живая Жизньнен» келтірілген цитаттармен салыстырып көріңіздерші.

Жұмысшы қозғалысы 1905 жылы «ұлттық қозғалыс, ал 1913 жылы — таптық қозғалыс болды» дей келіп, «Речьтің» бас мақаласы жойымпаздардың «стачка құмарлыққа» шабуыл жасауын масаттана қайталап отыр, жойымпаздардың бейне бір «сөз, жиналыс және одақтар бостандығы үшін жұмысшылар тек бір ғана стачкалар арқылы емес, басқа да неғұрлым күрделі (міне қалай!) саяси құралдар арқылы күресе алады және күресуге тиіс» деген нұсқауларын қайталап отыр.

Осы «күрделі» құралдардың дәл қандай екендігі туралы либералдар, әрине, Л. М. сияқты, кішіпейілдікпен үндемейді. Бірақ либералдар мұның есесіне одақтар бостандығы және басқалары орнағаннан кейін, олардың сенімі бойынша, «қым-қуыт әрі өнеркәсіптің берекесін кетіретін кездейсоқ стачкаларға қарсы *елеулі күрес* жүргізу» мүмкін болады деп тура айтады («Речьтің» сол бас мақаласы).

Ал біз тіпті таза экономикалық стачкалардың да жаңа толқыны фактісін қазір жұрттың бәрінің мойындап отырғанын ғана көрсетіп өтеміз. Мұндайда «кездейсоқтық» туралы айтудан асқан әбден күлкілі және аянышты ештеңе жоқ.

Бірақ либералдардың таптық позициясы айқын. Қандай да болсын жұмысшы олардың позициясын бірден түсінеді, «күрделі» құралдар туралы бұлдыр сөздерінің тасасынан буржуазияның мүдделерін бірден көреді. Тірі «Речь» буржуазияның мүдделерін білдіреді. «Живая Жизньдегі» өлі жойымпаздық «басқа салалар» туралы айқын және тура ештеңе айта алмай: «ұршықша үйірілушілік» деп тек кейін, балағаттап, либералдардың соңынан дәрменсіз сүйретіледі...

Жойымпаздардың айтуға аузы барған әйгілі, сопымен бірге масқара ұраны осы!

*«Рабочая Правда» № 10,*
*24 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: П. Осипов*

*«Рабочая Правда» газетінің текcті бойынша басылып отыр*

## ҮЛЕСТІ ЖЕРЛЕРДІ МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ

Жуырда қазыналық «Россия» газетінде үлесті жерлерді мобилизациялау туралы, яғни оларды сатып алу-сату туралы, олардың қолдан-қолға көшуі туралы мәселе жөнінде ішкі істер министрлігі 1912 жылдың жазында жүргізген тексерудің нәтижелері басылып шықты.

Ішкі істер министрлігі тексеру үшін төрт губернияны: Витебск, Пермь, Ставрополь және Самара (Николаев уезі) губернияларын таңдап алды. Назар аударарлық нәрсе сол — Европалық Россиядағы великорус егіншілік «орталығының» губерниялары, крепостниктік правоның қалдықтары бәрінен де күштірек, шаруалардың жағдайы бәрінен де ауырырақ, крепостник-помещиктердің езгісі бәрінен де қаттырақ губерниялар тексеруге *енбеді!* Министрліктің *тексеруден* горі *алдағысы,* істі *зерттеуден* горі *оны бұрмалағысы* келгені айқын.

Ішкі істер министрлігі жинаған, «Россия» баяндап берген статистика адам таңданарлық салдыр-салақтығымен, біркелкі еместігімен, қарадүрсінділігімен көзге түседі: біз кәдімгі нағыз қарапайым істің өзін бүлдірмей отыра алмайтын россиялық чиновниктердің дағдылы «үстіртін жұмысын» көреміз. Бүкіл Россиядан нә бары жүз мыңдай ғана үйді тексеріп шығып, тыңғылықты программа да бере алмады, іс білетін статистиктерді қамтамасыз ете де алмады, тіпті толық емес

бірыңғай программаны барлық жерде біркелкі жүргізе де алмады!

Тексерудің жалпы қорытындылары осындай. Аталған төрт губернияда 1912 жылдың 1 январына дейін 108 095 үй қауымнан шығып, жерге орнығып алған. Демек, қазір Россияда (барлық 12—13 миллион үйден), бәлкім, екі миллион үйге дейін жетіп қалған «орныққандардың» жалпы санының не бары жиырмадан бір бөлігі ғана тексерілген болып шығады. Егер ол тек адал болса, яғни егер оны орыс чиновниктері жүргізбесе және ол орыстың саяси жағдайында жүргізілмеген болса, әрине, мұндай тексеру де бағалы болар еді.

Орнықкандардың *жүз* мыңнан астам үйінің 27 588 үйі, яғни *төрттен бірінен артығырағы* (25,5 проценті) жерін сатып жіберген. Жер сатқан орнықкандардың мұнша көп болуы біздің Россияда атышулы жерге «жеке меншік» дегеніміз ең алдымен шаруаларды жерден *босатудың* құралы екенін бірден корсетеді. Шынында да, жерін сатқан орнықкандардың *он мыңнан* аса үйі (10 380) ауыл шаруашылығымен мүлде айналыс*паған*. Оларды ескі, жартылай орта ғасырлық қауым жерге жасанды түрде матап ұстап келген. Социал-демократтардың талабы — қауымнан шығуға ерік беру — бірденбір дұрыс талап болды: тек осы талап қана полицияның, земство бастықтарының және басқа да сүйкімді «өкімет адамдарының» араласуынсыз, капиталистік қоғамдық өмірдің қатты талап етіп отырған нәрсесін шаруаларға қамтамасыз ете алды. Шаруашылыққа шамасы келмейтін адамды жерге байлап ұстауға болмайды және олай ұстау сорақылық.

Егер бүкіл Россия бойынша орнықкандардың саны 2 миллион үйге дейін жеткен болса, онда келтірілген деректер олардың *200 мыңдай үйі* егіншілікпен айналыспастан жерді бірден сатып жіберген деп ойлауға мәжбүр етеді. «Жеке меншік» жүздеген мың жалған егіншілерді деревнядан дереу түріп шығарған! Бұл кедейлердің жерді қандай бағаға, (бәлкім, болмашы бағаға) сатқандығы туралы ішкі істер министрлігінің статистикасы бір ауыз соз айтпайды. Сорлы статистика!

Орнықкан егіншілерді жер сатуға қандай себептер

мәжбүр етті? 17 260 осындай орныққандардың тек 1791-і ғана, яғни ең болмашы азшылығы ғана жерді шаруашылығын жақсарту үшін немесе жаңа учаскелер сатып алу үшін сатқан. Ал қалған көпшілігінің бәрі жерді онда тұрақтай *алмайтындықтан* сатқан: 4117 үй Сибирьге қоныс аударғандықтан сатады; 768 үй басқа кәсіпке көшетін болғандықтан сатады; 5614 үй мұқтаждықтан, «маскүнемдіктен» (қазыналық статистиктердің пікірі бойынша!) және егін шықпай қалғандықтан сатады; 2498 үй аурулықтан, қартайғандықтан, жалғыз бастылықтан сатады; 2472 үй «басқа» себептерден сатады.

Шалағай статистиктер тек 5614 үйді ғана «шын жерсіз қалғандар» деп көрсетуге тырысады! Әрине, бұл — ура деп айқайлауға жарлық алған адамдардың бейшаралық тәсілі. Іс жүзінде, біздің көріп отырғанымыздай, жер сатушылардың орасан көпшілігі жерсіз қалып, күйзеліп жатыр. Жерді көбінесе жері аздар сатып отырғаны тегін емес: мұны, әрине, дәл және толық деректерден қашқалақтай отырып, тіпті қазыналық статистиканың өзі де мойындайды. Сорлы статистика...

Жер сатқан 27 588 орныққандардың жартысынан көбі (14 182) *барлық* жерін сатып жіберген, қалғандары — жерінің бір бөлігін сатқан. Жерді сатып алушылар 19 472 болды. Сатып алушылардың санын сатушылардың санымен салыстыру жердің шоғырланып жатқанын, оның *аз ғана* адамдардың қолына жиналып жатқанын айқын көрсетеді. Жерді кедейлер сатып, байлар алып жатыр. Қазыналық шимайшылардың бұл фактіні әлсіретпек әрекеттері далбасалық.

Ставрополь губерниясында 14 282 орныққандар жерін сатты, ал жерді 7489 адам сатып алды. Бұлардың 3290-ы *15 десятинадан аса* жер сатып алды, — мұның ішінде 580 адам 50—100 десятинадан, 85 адам 100—500 десятинадан, 7 адам 500—1000 десятинадан сатып алды. Самара губерниясының Николаев уезінде — 142 адам 50—100 десятинадан, 102 адам 100—500 десятинадан, 2 адам 500—1000 десятинадан сатып алды.

Пермь губерниясында 201 адам, Ставрополь губерниясында 2957 адам жерді екі және одан артық келісім

бойынша сатып алды, бұлардың 562-сі 5—9 келісім бойынша, ал 168-і тіпті *10 және одан артық* келісім бойынша сатып алған!

Жердің шоғырлануы орасан зор мөлшерде жүріп жатыр. Жерді мобилизациялауды *тежеу* әрекеттерінің бәрінің, III Дума мен үкімет жүргізіп отырған, кадеттер партиясы арқылы «либералдық» *чиновниктер қорғап отырған* әрекеттердің қаншалық бейшаралық, мағынасыз, реакцияшыл екенін біз айқын көрдік. Кадеттердің кертартпалығы мен чиновниктік топастығы басқадан гөрі нақ осы шаруалардың жерлерін мобилизациялауға қарсы «шараларды» қорғаудан соншалық айқын көрінеді.

Мұқтаж тым қысып кетпесе шаруа жерін сатпайды. Оның правосын тежеуге әрекеттену — оңбаған екіжүзділік жасап, шаруаның жер сату жағдайларын *нашарлату* деген сөз, өйткені өмір мұндай тежеулерді әрқашан мыңдаған тәсілдермен орағытып өте береді.

Халықшылдар капитализм тұсында жердің мобилизациялануы болмай қалмайтынын түсінбей, жерге жеке меншік болуын жоюды талап етіп, анағұрлым демократиялық көзқараста тұр. Мұндай жоюшылықты тек надандар ғана социалистік шара деп санауы мүмкін. Мұнда социалистік дегеннен мүлде ештеңе жоқ. Ең дамыған капиталистік елдердің бірі Англияда фермерлер (арендашы-капиталистер) лендлордтарға (ірі помещиктерге) жататын бөтен жерлерде қожалық етеді. Егер бұл жерлер мемлекеттікі болса, капитализм егіншілікте бұдан да кеңірек және еркінірек дамыр еді. Помещик тарапынан кедергілер болмас еді. Жерді сатып алуға жұмсалатын капиталды өндірістен жырымдап алудың керегі болмас еді. Жерді мобилизациялау, оны сауда айналымына қосу *бұдан да жеңіл* болар еді, өйткені жердің қолдап қолға берілуі еркінірек, оңайырақ, арзанырақ болар еді.

Ел неғұрлым кедей болса, крепостниктік ірі жер иелену оны неғұрлым көбірек езіп, тұншықтырып отырса, жерге жеке меншікті жоюдың, оны толық еркін мобилизациялаудың, егіншіліктегі ескілік рухы мен тоқыраушылықты талқандаудың қажеттігі де (капитал-

измнің *дамуы* мен өндіргіш күштердің өсуі тұрғысынан) соғұрлым күштірек болады.

Ал бізде столыпиндік жер заңы шаруаларды күйзелуден, ал олардың жерін мобилизациялаудан құтқармайтыны былай тұрсын, қайта бұл күйзелісті 100 есе шиеленістіреді, шаруалардың жағдайын («жалпы» капиталистік мөлшерден әлденеше есе артық) ауырлатады, жер сатуда оларды аса қолайсыз шарттарға көнуге мәжбүр етеді.

*«Рабочая Правда» № 12,*
*26 июль, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Рабочая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# РОССИЯДА ТҰТЫНУДЫҢ ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ МӨЛШЕРІН ҚАЛАЙ АРТТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Біздегі өнеркәсіп капиталы озбырларының органы «Промышленность и Торговля» жуырда осындай тақырыппен бас мақала басты. Оның қойып отырған мәселесі Россияның экономикалық (және басқа қандай да болсын) артта қалушылығының себептері туралы түбегейлі мәселе. Ол барынша назар аударуға тұрарлық мәселе.

Біздің сауда және өнеркәсіп озбырлары Россия шойын, мұнай және бірқатар басқа өнімдер өндіру көлемі жағынан ұлы және алдыңғы державалардың қатарынан орын алады, ал *жан басына тұтыну* мөлшері жағынан (яғни маңызды өнімдерді өндірудің халықтың 1 жан басына келетін мөлшері жағынан) ең мешеу елдердің бірі *«Испанияның көршісі болатын»* фактісін «тосыннан қарағанда оғаштық» деп жариялайды.

Мысалы, 1911 жылы халықтың 1 жан басына шойын: Америка Құрама Штаттарында 233 килограмм, Германияда — 136, Бельгияда — 173, Англияда — 105, ал *Россияда не бары 25 килограмм* ($=1^1/_2$ пұт) тұтынылған. Шаруаларды азат еткеннен кейінгі жарты ғасыр ішінде Россияда темірді тұтыну бес есе өскен, әйтсе де Россия адам айтқысыз, өте-мөте мешеу, қайыршы, жартылай жабайы ел, осы заманғы өндіріс құралдарымен Англиядан төрт есе, Германиядан бес есе, Американдан он есе нашар жабдықталған ел болып қалып отыр.

Мәселе неде? «Промышленность и Торговля» барлық мәселе деревнядағы тұрмыс жағдайларында екенін мо-

йындауға мәжбүр болып отыр. Бізде деревня жан басына не бары $^1/_4$ пұттай темір тұтынады, ал «деревнядағы шаруа халқы Россия халқының $^5/_6$-дей».

«Бір статистик: егер қытайлар өздерінің ұлттық киімін бір елі ғана ұзартса, мұның өзі Англияның барлық мақта-мата фабрикаларын тұтас бір жыл жұмыспен қамтамасыз ететінін есептеп шығарған».

Дәл және тауып айтылған ескертпе!

Он миллиондаған орыс шаруалары «өзінің ұлттық киімін ұзартуы» үшін, яғни, әсірелеп айтпағанда, өзінің тұтынуын арттыруы үшін, қайыршылықтан құтылып, ақырында, аз-маз болса да адам болуы үшін не қажет?

Біздің өнеркәсіптің озбырлары бұған: «елдің жалпы мәдени дамуы», өнеркәсіптің, қалалардың және басқалардың өсуі, «шаруа еңбегі өнімділігінің артуы» тағысын-тағылар керек деген секілді бос сөзбен жауап береді.

Бос сөзуарлық, бейшара сылтауратушылық! Россияда мұндай даму, мұндай «көтерілу» жарты ғасырдан астам уақыт *болып келеді*, күмәнсыз болып келеді. *Барлық* таптар «мәдениетке» күш салуда. *Тіпті* қаражүздіктер мен халықшылдар да капитализм тұрғысына көшіп отыр. Мәселе әлдеқашаннан мүлде басқаша қойылып отыр: капитализм мен мәдениеттің бұл дамуы бізде тасбақаша баяу жүріп жатқан *себебі не?* біздің барған сайын артта қала беріп отырған себебіміз не? ал осы өсе түскен мешеуліктің төтенше шапшаңдық пен «стачкаларды» қажет ететін себебі не?

Әрбір саналы жұмысшыға әбден түсінікті осы сұраққа біздің өнеркәсіп озбырларының жауап беруге қорқатын себебінің өзі олардың озбырлар екендігінде. Олар — американ капиталы сияқты еркін және күшті капиталдың өкілдері емес, мемлекеттік көмек арқылы және өзінің орта ғасырлық жер иеленуімен (70 миллион десятина тәуір жерді), өзінің езгісімен халықтың $^5/_6$ бөлігін қайыршылыққа, ал бүкіл елді тоқырауға, іріп-шіруге душар етіп отырған нақ сол қаражүздік помещиктермен мыңдаған айла-шарғылар, келісімдер жасау арқылы қорғалып отырған бір топ монополистер.

«Жан басына тұтыну мөлшері жағынан,— деп лепіреді И. Б — н мырза өзбырлардың журналында,— Испанияға емес, солтүстік Америка Құрама Штаттарына жақындау үшін жұмыс істеу керек». Өзбырлардың жалдамалы шимайшылары қаражүздік помещиктерге «жарамсақтану» *сөзсіз* «Испанияға жақындататынын», ал Америкаға жақындау үшін осы тапқа қарсы барлық жағынан бірдей аяусыз, қалтқысыз күрес жүргізу керек екенін көргісі келмейді.

*«Северная Правда» № 3,*
*3 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Фрей*

*«Северная Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып*
*отыр*

# АВГУСТ БЕБЕЛЬ

Бебельдей адамның қара жер қойнына кіруі герман социал-демократиясының жұмысшылар арасындағы ең ықпалды және бұқараға ең сүйікті көсемінің ғана өлімі болған жоқ: Бебель өзінің өсуінің және өз саяси қызметінің барысында герман социал-демократиясының ғана емес, сонымен қатар халықаралық социал-демократия өмірінің де тұтас бір тарихи дәуірін бейнеледі.

Халықаралық социал-демократияның тарихында ірі екі дәуірді айырып көрсетуге болар еді. Бірінші дәуір— социалистік идеялардың тууы және пролетариаттың тап күресінің басталуы. Өте-мөте көп болған социалистік ілімдер мен секталардың ұзақ та қажырлы күресі. Социализм өз жолын іздейді, өзін іздейді. Ұсақ буржуазиялық «халықтың» жалпы бұқарасынан енді ғана бөліне бастаған пролетариаттың тап күресі Лион тоқымашыларының көтерілісі сияқты жекелеген бас көтерулер сипатында болды. Бұл дәуірде жұмысшы табы да өз жолын енді-енді іздеп таба бастайды.

Бұл дәуір — социализмнің тарихтың сындарынан өткен бірден-бір доктринасы ретінде марксизмнің әзірлену және туу дәуірі. Өткен ғасырдың үш бөлегінің алғашқы екі бөлегіне жуығын қамтитын осы дәуір марксизмнің толық жеңуімен, Маркске дейінгі социализмнің барлық формаларының (әсіресе 1848 жылғы революциядан кейін) күйреуімен және жұмысшы табының ұсақ буржуазиялық демократиядан бөлініп шығуымен, оның дербес тарихи жолға түсуімен аяқталады.

Екінші дәуір — таптық, пролетарлық құрамдағы бұқаралық социалистік партиялардың құрылу, өсу және есею дәуірі. Социализмнің құлашын кең жая таралуы, пролетариаттың сан алуан ұйымдарының керемет өсуі, дүние жүзілік-тарихи ұлы мақсатты орындауға оның алуан түрлі салаларда жан-жақты әзірленуі — бұл дәуірді сипаттайтын нәрселер, міне, осылар. Әзірленген күштер бірқатар дағдарыстарда өз мақсатын жүзеге асыратын үшінші дәуір соңғы жылдары оның орнын басқалы тұр.

Август Бебель жұмысшы болған, ол қажырлы күрес арқылы өзінің социалистік дүние танымын қалыптастырды, өзінің бар мол күш-жігерін социализм мақсаттарына қызмет етуге түгелімен, сарқа жұмсады, өсіп және жетіліп келе жатқан неміс пролетариатымен ондаған жылдар бойы қол ұстасып бірге жүрді, сөйтіп Европаның ең дарынды парламентарийі, реформизм мен оппортунизмге қас халықаралық социал-демократияның нағыз талантты ұйымдастырушысы және тактигі, нағыз ықпалды көсемі болды.

Бебель 1840 жылы 22 февральда Рейн өңірінде, Кёльнде, пруссиялық унтер-офицердің кедей семьясында туды. Көптеген дөрекі соқыр сенімдер оның бойына ана сүтімен сіңген еді, кейін ол бұл соқыр сенімдерден баяу болса да біржола арылды. Рейн бойының халқы 1848—1849 жылдары, Германиядағы буржуазиялық революция заманында, республикашыл пиғылда болған еді. Халық мектебінде тек екі бала — мұның біреуі Бебель болатын — монархияны жақтап сөйлеп, сол үшін жолдастарынан таяқ жеген-ді. Өзінің естелігінде балалық шағындағы осы оқиға туралы айта келіп, Бебельдің өзі қорытқан «моральді» орыс тіліне еркін аударғанда: «ысылғанның біреуі ысылмағанның екеуіне татиды» деуге болар еді.

Контрреволюцияның ұзақ ауыр жылдарынан кейін өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Германияға либералдық «көктем» әкелді, сойтіп бұқаралық жұмысшы қозғалысын қайтадан оятты. Лассаль өзінің тамаша, бірақ ұзаққа созылмаған үгітін бастады. Ол кезде жас токарь-мастердің жәрдемшісі болып жүрген Бебель 48-

жылдың байырғы қайраткерлері шығарып тұрған либералдық газеттерді құмарта оқиды, сөйтіп жұмысшылардың ағарту қоғамдарына қызу ат салысушы болады. Казармалық-пруссиялық соқыр сенімдерден арылған соң, Бебель либералдық көзқарастарға қосылып, социализмге қарсы күреседі.

Бірақ өмір өз дегенін істейді,— сөйтіп жас жұмысшы Лассальдың кітапшаларын оқи жүріп, ол кезде Германияда, контрреволюцияның он жылдан аса езгісінің салдарынан, Маркстің шығармаларымен танысудың қаншалықты қиыншылығына қарамастан, бірте-бірте Маркске де жетеді. Жұмысшы тұрмысының жағдайлары, қоғамдық ғылымдарды байыпты, ұқыпты оқып-үйрену Бебельді социализмге жетектейді. Социализмге оның өзі де келген болар еді, бірақ бұл дамуды тездетуге одан 14 жас үлкен және осы кезде Лондон эмиграциясынан қайтып оралған Либкнехт көмектесті.

Маркстің дұшпандары арасынан шыққан өсекшілер ол кезде Маркстің партиясы үш адамнан тұрады: партияның басшысы — Маркс, оның секретары — Энгельс және оның «агенті» — Либкнехт дейтін еді. Бірақ, егер ақылсыз адамдар эмигранттардың немесе шетелде тұрушылардың «агенті» деп Либкнехттен бойларын аулаққа салса, Бебель Либкнехттен өзіне керек нәрсесін таба білді: Маркстің 1848 жылғы кемеңгерлік сөзімен, сол кезде құрылған, үлкен болмағанмен шын пролетарлық партиямен нақтылы байланысты, маркстік көзқарастар мен маркстік дәстүрдің нақтылы өкілін таба білді.— «Бұл адамда, құдай ақыпа, үйренетін нәрсе бар!» — деген екен десеңі Либкнехт туралы жас токарь Бебель.

60-жылдардың екінші жартысында Бебель өзінің либералдармен байланысын үзеді, жұмысшы одақтарының социалистік бөлегін буржуазиялық-демократиялық бөлегінен ажыратады, сөйтіп, Либкнехтпен бірге, эйзенахтық партияның, марксистер партиясының, алдыңғы сапында болады, бұл партия көп жылдар бойы басқа жұмысшы партияға, лассальдік партияға, қарсы күрескен-ді.

Герман социализмінің жікке бөлінуінің тарихи себебі, қысқаша айтқанда, мынаған келіп саяды. Кезекте Германияны біріктіру мәселесі тұрды. Бұл бірігу, таптардың сол кездегі арақатынасы жағдайында, екі жолмен іске асуы мүмкін еді: не пролетариат бастаған, бүкіл немістік республика орнататын революция жолымен, не біріккен Германияда пруссак помещиктердің гегемондығын нығайтатын Пруссияның династиялық соғыстары жолымен іске асуы мүмкін еді.

Пролетарлық және демократиялық жолдың мүмкіншіліктері кем екенін көргеннен кейін Лассаль мен лассальшылдар юнкер Бисмарктің гегемондығына бейімделіп, бұлталақтаған тактика жүргізді. Олардың қателері жұмысшы партиясын бонапарттық-мемлекеттік-социалистік жолға бұруға келіп сайды. Керісінше, Бебель мен Либкнехт пруссактыққа, бисмаркшылдыққа, ұлтшылдыққа аз да болса кеңшіліктер жасауға қарсы күресе отырып, демократиялық және пролетарлық жолды дәйекті түрде қорғады.

Германияның бисмаркша біріккеніне *қарамастан*, тарих Бебель мен Либкнехттің дұрыстығын растап берді. Бебель мен Либкнехттің дәйекті-демократиялық және революциялық тактикасы ғана, олардың ұлтшылдыққа «кеңшілік жасамағандығы» ғана, олардың Германияның «жоғарыдан» бірігуі мен жаңартылуы жөнінде ымыраға келмегендігі ғана шын социал-демократиялық жұмысшы партиясының берік іргетасын қалауға көмектесті. Ал әңгіме ол кезде партияның нақ осы *іргетасы* туралы болған еді.

Егер лассальшылдардың бисмаркшылдыққа жалбақтауы немесе олардың оған «бейімделуі» герман жұмысшы қозғалысына зиян тигізбесе, онда мұның өзі осы сияқты пиғылдарға Бебель мен Либкнехттің мейлінше жігерлі, аяусыз қатал тойтарыс беруінің арқасында *ғана* болған еді.

Ал мәселе тарихи шешілген кезде, герман империясы құрылғаннан кейін бес жылдан соң, Бебель мен Либкнехт екі жұмысшы партиясын біріктіріп, біртұтас партияда марксизмнің гегемондығын қамтамасыз ете білді.

Бебель герман парламентінің алғаш құрылған кезінен бастап, 27 жастағы мүлде жас кезінде-ақ парламентке сайланған болатын. Сөйтіп жауларға титтей де болса кеңшілік жасамайтын, жұмысшылардың жағдайын аздап болса да жақсартудың титтей мүмкіншілігін де бос жібермейтін және осының өзінде принципті түрде ымыраға келмейтін, әрқашан түпкі мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, герман (және халықаралық) социал-демократиясының парламенттік тактикасының негіздерін — міне осы тактиканың негіздерін Бебель жасады немесе оның тікелей қатысуымен және басшылық етуімен жасалды.

Бисмаркша біріккен, пруссакша және юнкерше жаңарған Германия жұмысшы партиясының табыстарына социалистерге қарсы ерекше заңмен жауап берді. Жұмысшы табының партиясы үшін жария жағдайлар жойылды, ол заңнан тыс деп жарияланды. Ауыр уақыт туды. Жаулардың қуғындауларына ішкі дағдарыс — тактиканың негізгі мәселелері жөніндегі ауытқулар келіп қосылды. Әуелі жария жағдайдың жойылуынан үрейі ұшқан, түңілу, шұнтитылмаған ұрандардан безу, біз тым әрірек кеттік және т. т. деп өзін өзі айыптау әуеніне басқан оппортунистер бас көтерді. Айтпақшы, осы оппортунистік ағым өкілдерінің бірі Хехберг әлі де әлсіз, бірден аяғын қаз басып кете алмаған партияға финанс көмегін де көрсетті.

Лондондағы Маркс пен Энгельс бұл масқара оппортунистік ауытқуларға қарсы қатты шүйілді. Бебель өзін партияның нағыз көсемі ретінде тапытты. Ол қауіпті дер кезінде байқады. Маркс пен Энгельс айтқан сынның дұрыстығын түсінді, партияны ымырасыз күрес жолына бағыттай білді. Құпия «Социал-Демократ» газетінің негізі қаланды, ол әуелі Цюрихте, содан кейін Лондонда шығарылып, Германияға апта сайын жеткізіліп тұрды, оның 10 000-дай жазылушысы болды[112]. Оппортунистік ауытқулар үзілді-кесілді жойылды.

Ол кездегі тағы бір ауытқу өткен ғасырдың 70-жылдарының аяқ кезінде Дюрингпен әуестенушілік болды. Бұл әуестенушілікке шамалы уақыт Бебель де қосылды. Дюрингті жақтаушылар, олардың ең көрнектісі Мост

еді, «солшылдыққа» бой ұрып, анархизмге қарай тез ойысты. Дюрингтің теорияларын Энгельстің өте қатты, өлтіре сынауын көптеген партиялық топтар жақтырмай қарсы алды, ал партияның бір съезінде тіпті бұл сынды орталық органның беттерінен аластау керек деген ұсыныс та жасалды.

Бірақ социализмнің өміршең элементтерінің бәрі — әрине, оларға Бебель бас болды,— «жаңа» теориялардың бүтіндей іріп-шірігенін тез түсінді, олардан және анархистік пиғылдар атаулының бәрінен қол үзді. Бебель мен Либкнехттің басшылығымен партия құпия және жария жұмысты ұштастыра білуге үйренді. Пароход қоғамына қаржы беруді *жақтап* дауыс беру туралы әйгілі мәселеде жария парламенттік социал-демократиялық фракцияның көпшілігі оппортунистік позиция ұстаған кезде,— құпия «Социал-Демократ» фракцияға *қарсы* шықты, сөйтіп төрт апталық күрестен кейін жеңіске жетті.

1890 жылы, 12 жыл өмір сүргеннен кейін, социалистерге қарсы ерекше заң жойылды. 70-жылдардың ортасындағыға шамалас сипатта болған партиядағы дағдарыс тағы да қайталанды. Бір жағынан, Фольмар бастаған оппортунистер шұнтитылмаған ұрандардан және ымыраға келмейтін тактикадан безу үшін жариялылықты пайдалануға әзір болды. Екінші жағынан, «жастар» деп аталатындар «солшылдыққа» бой ұрып анархизмге қарай құлдырады. Егер партиядағы бұл дағдарыс өте қысқа және елеусіз болса, онда бұған сіңірілген еңбектің көбі нақ Бебель мен Либкнехттің үлесіне келеді, олар бұл екі ауытқудың екеуіне де мейлінше қатты тойтарыс берді.

Партия үшін кеңінен және тереңдей тез өсу, пролетариаттың күштерін саяси ұйымдастыруды ғана емес, сонымен қатар кәсіптік, кооперативтік, ағартушылық және басқа жағынан ұйымдастыруды да дамыту дәуірі басталды. Парламентарий, үгітші, ұйымдастырушы ретінде Бебельдің осы салалардың бәрінде атқарған орасан зор практикалық жұмысының есебі жоқ. Міне нақ осы жұмысының арқасында Бебель партияның жұмысшы бұқараға неғұрлым жақын, оларға неғұрлым сүйік-

ті, талассыз және жалпы жұрт таныған көсемі құрметіне ие болды.

Бебельдің мейлінше белсене қатысуына тура келген неміс партиясындағы соңғы дағдарыс «бернштейншілдік» дейтін дағдарыс болды. Бұрынғы ортодокс марксист Бернштейн өткен ғасырдың дәл аяқ кезінде таза оппортунистік, реформистік көзқарастарға келді. Жұмысшы табының партиясын әлеуметтік реформалардың ұсақ буржуазиялық партиясына айналдыруға тырысты. Жаңа оппортунистік құбылыс жұмысшы қозғалысының чиновниктері арасынан, интеллигенция арасынан өзіне көптеген жақтаушылар тапты.

Бебель осы құбылысқа бар жігерімен қарсы шыққанда жұмысшы бұқарасының ниет-пиғылын және оның шұнтитылмаған ұрандар үшін күресу қажеттігіне берік сенімін білдірді. Оның Ганновер мен Дрезденде болған партия съездерінде оппортунистерге қарсы сөйлеген сөздері көпке дейін маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қала береді[113]. Жұмысшы табының күштерін әзірлеу, жинау дәуірі пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік азаттық күресінің дамуында барлық елдерде де қажетті кезең болып табылады. Осы дәуірдің ерекшеліктері мен міндеттерін ешкім де Август Бебельдей айқын түрде жүзеге асырған емес. Өзі де жұмысшы болған Бебель берік социалистік сенімдерге жол таба білді, жұмысшы көсемінің үлгісі, капиталдың жалдама құлдарының адамзат қоғамының ең жақсы құрылысы жолындағы бұқаралық күресінің өкілі мен қатысушысының үлгісі бола білді.

*«Северная Правда» № 6,*
*8 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Северная Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

## ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ ДЕМОКРАТИЯДАН БӨЛІНУІ

Россияда либерализмнің демократиядан бөлінуі туралы мәселе бүкіл азаттық қозғалысының түбегейлі мәселелерінің қатарына жатады.

Оның әлсіздігінің себебі неде? Демократияның либерализмнен *жеткілікті* түрде саналы және тиянақты бөлінбей, оның дәрменсіздігі мен ауытқуларын жұқтырып алғандығында ма? Әлде демократия либерализмнен тым ерте (немесе тым күрт, т. с.) бөлініп, сонысымен «жалпы тегеуріннің күшін» әлсіретуінен бе?

Бостандық ісіне назарын салатын бірде-бір адам мұның түбегейлі маңызы бар мәселе екепіне таласа қояр ма екен. Бұл мәселені әбден айқын шешпей тұрып, бостандықтың саналы жақтаушысы болуға болмайды. Ал оны шешу үшін қандай қоғамдық күштердің, қандай таптардың либерализмді және демократизмді жақтайтынын, бұл таптардың табиғатында қандай саяси талпыныстардың жатқанын түсініп алу керек.

Бұл мақалада біз осы түбегейлі мәселені сыртқы саясаттың көкейтесті оқиғалары тұрғысынан қарап байқағымыз келеді. Нағыз көкейтесті оқиға, әрине,— екінші балқан соғысы, Болгарияның талқандалуы, Бухарестте ол үшін қорлық бітім жасалуы, Россияның «бізді» қолдамадың деп Францияны кінәламақшы және бітім шарттарын қайта қаратпақшы болған сәтсіз әрекеті.

Францияны осылай кінәлау жөнінде, Балқанда Россияның «белсенді» саясатын қайта бастаудың осы әрекеті жөнінде «Новое Время» мен «Речьтің» пікірі бір

жерден шығып отырғаны мәлім. Ал мұның өзі, бір жағынан, крепостник-помещиктер мен реакцияшыл-ұлтшыл билеуші топтар, екінші жағынан, либерал буржуазияның империалистік саясатына талайдан-ақ ойысып келе жатқан неғұрлым саналы, неғұрлым ұйымдасқан топтары бір жерден шықты деген сөз.

Көп тараған провинциялық газеттердің бірі, ұсақ буржуазиялық демократияның белгілі бір топтарының көзқарастарын білдіруші — «Киевская Мысль» 1 августағы өте сабақ аларлық бас мақаласында бұл жөнінде былай деп жазады:

«Орын ауыстырған оппозиция мен ұлтшылдық емес» (Милюков мырза өзінің сыртқы саясат туралы думада сөйлеген белгілі сөзінде осылай деді), «қайта либерализм демократиядан *бөлініп шықты* (курсив «Киевская Мысльдікі»), сөйтіп ол әуелі жасқаншақтап, жалтақтап, ал сонан соң өзінің алдында, славянофилдықтың туы астында ұлтшылдықтың кетіп бара жатқан жолымен, саяси авантюралар жолымен, басын кекірейте жүріп кетті».

Сонан соң газет жалпы «империалистік тенденциялар» бойына сіңген «Речьтің» қалай «шовинистік қызулық» көрсеткені жөніндегі, оның Арменияға, Босфорға қарай қозғалуға қалай шақырғаны жөніндегі жұртқа белгілі фактілерді әділ еске салады.

«Ішкі бағыт осылай болып қала беретін болса, реакцияшыл-ұлтшылдық саясат болмай қоймайтын орыстың сыртқы саясатын тәуекелге бел байлап, үрейлене қолдай отырып,— деп жазады «Киевская Мысль»,— либерализм осы қолдаудың саяси жауапкершілігін де өз мойнына алды».

Талассыз ақиқат. Тек оны ақырына дейін *ойластыру* керек. Егер орыс сыртқы саясатының бағыты ішкі саясатының бағытымен айқындалатыны рас болса (ал бұл сөзсіз дұрыс), онда мұның өзі тек реакцияға ғана қатысты ма? Әлбетте, оған ғана қатысты емес. Әлбетте, мұның өзі либерализмге де қатысты.

Егер либерализм ішкі саясатта демократиядан бөлінбеген болса, онда ол сыртқы саясатта «демократиядан бөліне» алмайтын еді. «Либерализмнің саяси қатесінің сипаты» «бойға біткен терең кеселдің бар екенін дәлел-

дейді» деп, мұны «Киевская Мысльдің» өзі мойындауға мәжбүр болып отыр.

Міне тап солай! Біз бұл біраз тым көтеріңкі жәпе істі көлегейлейтін сөзді қолданбай-ақ: буржуазияның терең таптық мүдделері деп қана қояр едік. Либерализмнің осы таптық мүдделері оны демократиялық қозғалыстан үрейленіп (әсіресе 1905 жылы), ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да *оңға* бұрылуға мәжбүр етті.

Бүгінде кадеттік империализм мен шовинизмнің арасында және 1907 жылдың көктемінде Думаны сақтап қалу жөніндегі кадеттік-октябристік ұранның арасында, 1906 жылдың көктемінде жер жөніндегі жергілікті комитеттерге кадеттердің қарсы дауыс беруінің арасында және 1905 жылдың күзінде Булыгин Думасына бару жөніндегі кадеттердің шешімі арасында байланыстың бар екенін кімде-кім бекерге шығармақ болса, ол түп-тура кісі күлерлік болып шығар еді. Мұның өзі — реакциядан гөрі революциядан көбірек қорқатын бәзбаягы бір таптың сол *бір* саясаты ғана.

Орыс азаттық қозғалысы әлсіздігінің басты себептерінің бірі жалпы алғанда ұсақ буржуазияның қалың топтарының, ал жеке алғанда ұсақ буржуазиялық саясатшылардың, жазушылардың, идеялық көсемдердің осы ақиқатты түсінбеуінде болып отыр.

Либералдардың оңшылдармен ымыраласуға жасаған өздерінің қадамдарын жасыру үшін солшылдардың «ымыраға келмейтіндігіне» меңзеген ертегілеріне қарамастан, жұмысшы демократиясы либералдар мен оңшылдарды ешқашан «тек реакцияшыл көпшілікке»[114] қоса салған емес, олардың алауыздығын (мысалы, Дума сайлауының екінші сатысындағы болса да) азаттық қозғалысының мүдделеріне *пайдаланудан* ешқашан бас тартқан емес. Бірақ жұмысшы демократиясы Столыпиннің немесе Маклаковтың тұсында империализмге «еліктіп кете» алатын либерализмнің тұрлаусыздығын *бейтараптандыруды* өзінің міндеті етіп қойып келді және әрқашан қоюға тиіс.

Либерализмді демократиядан *бөлетін* терең таптық тамырларды ұғынып алмайынша,— осы ұғынушылықты *бұқара* арасына таратпайынша,—сөйтіп либерализмнің

«халық бостандығы» ісіне жасайтын опасыздығы мен тұрлаусыздығын бейтараптандыруға үйренбейінше,— орыс демократиясы ілгері қарай бірде-бір елеулі қадам жасай алмайды. Мұнсыз — азаттық қозғалысының табыстары туралы бостан босқа сөйлеудің де керегі жоқ.

*«Северная Правда» № 9,*
*11 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Северная Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

## ТАМАША ІС[115]

Қасиетті Русь-анамызда күні кешеге дейін крепостниктік право болып келгендей түкпірлер әлі көп. Мысалы, Уралды алыңыз. Мұнда помещиктердің ондаған мың десятина жері бар. Заводтар (яғни әлгі помещиктер) майдагерлердің ұсақ өнеркәсіпті дамытуына тыйым салады. Шаруалар осы кезге дейін помещиктерге тәуелді, оларға осы кезге дейін жер бөлініп берілмеген.

Ал Урал — кішкентай «түкпір» емес, мұның өзі — ұлан-байтақ әрі өте бай аймақ.

Уралдағы Строганов заводтарының жұмысшылары мен өте бай помещик Строгановтың завод басқармасының арасында 1862 *(алпыс екінші!)* жылғы заң бойынша шаруаларға жер бөліп беру туралы іс көп жылдар бойы бітпей келген еді.

Ақырында, бұл іс 1909 жылдың көктемінде, «жоғары мекеме» сенаттың шешімімен аяқталды. Сенат Пермь губерниялық мекемесіне шаруаларға жер бөліп берілсін, 1862 жылғы заң *қолданылсын* деп бұйрық берді.

Сонымен, заң шыққан соң 47 жылдан кейін сенат заңды қолдану жөнінде помещиктерге бұйрық берді.

Сөйтіп, не болды?

Болғаны сол, помещиктер ол кезде ішкі істер министрі болып тұрған жер иеленуші Столыпинге шағым етті. Заң бойынша, сенат — ішкі істер министрінен жоғары, бірақ Столыпин «заңға қысым жасап», Пермь губернаторына: сенаттың указын орындауды тоқтата тұру жөнінде телеграмма жіберді!

Губернатор тоқтатты. Қайтадан қағаз жазысу басталды. Жаңа сөзбұйда туды.

Ақырында, Мемлекеттік совет сенаттың пікіріне қосылды, сөйтіп Мемлекеттік советтің шешімі «ең жоғарғы орынның санкциясына», яғни жоғарғы өкіметтің бекітуіне ие болды?

Сөйтіп, не болды?

Болғаны сол, помещиктер Столыпиннің орнына ішкі істер министрі болған жер иеленуші Н. А. Маклаковқа өтінішпен барды. Урал помещиктерінің депутациясы министрдің «көзін жеткізді». Министр сенат пен Мемлекеттік советтің шешімін «түсініксіз» деп мәлімдеді.

Тағы қағаз жазысу басталды. Жаңа сөзбұйда туды.

Сенат тағы да — 1913 жылдың майында — министрдің пайдасына жатпайтын пікір білдірді.

Урал помещиктері тағы да министрге «хат» жіберді...

Іс осылай тоқтап тұр. Сонымен, осы уақытқа дейін, Урал жұмысшыларына жер бөлу туралы 1862 жылғы заңның шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін де, оларға жер бөлінген жоқ.

Либералдық газеттер, осы тағылым аларлық істі баяндай келіп, Россияда «правоның үстемдік алуы» нашар болып отыр деген қорытындыға келеді. Бұл—шындық. Бірақ бұл бар шындық емес.

Помещиктер заңдарды шығарып та, қолданып та немесе оларды практикада бұзып та отырғанда, «право» туралы сөз ету адам күлерлік нәрсе. Демек, «правоны» өзі жасайтын, өзі жоятын тап бар. Демек, «право» туралы және «реформалар» туралы либералдық сөздің бәрі — бос мылжың.

Помещиктер де «правоны» жақтайды — тек помещиктік правоны, өз правосын, өз табының правосын жақтайды.

Егер осындай тағылым аларлық фактілерді көре отырып, либералдар тап күресі туралы «ілімге» дегенмен де қол сермейтін болса, оны қате және басқа бірдеңе деп атайтын болса, онда мұның өзі либералдық ардың таза еместігін айқын көрсетеді. Либералдар пұрсаттылықтарды помещиктермен *бөліскісі* келіп отырған жоқ

па екен? Онда тап күресі туралы «ілімнің» оларға неге ұнамайтыны түсінікті!

Ал жұмысшылардың «ілімін» өмір растап отырса, олардың жазығы не!

*«Северная Правда» № 14, 18 август, 1913 ж. Қол қойған: И.*

*«Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ЕВРЕЙ МЕКТЕБІН БӨЛЕКТЕУ

Үкімет саясатының бәрі ұлтшылдық рухына толы. «Үстем», яғни великорус ұлтына алуан түрлі пұрсаттылықтар беруге тырысады,— ал Россияда великоростар халықтың *азшылығы,* атап айтқанда: тек 43 проценті ғана.

Россияны мекендейтін басқа ұлттардың бәрінің праволарын барған сайын кемітуге, бір-бірінен оқшаулауға, сөйтіп, олардың арасында өшпенділік туғызуға тырысады.

Қазіргі ұлтшылдықтың шектен шыққан көрінісі — еврей мектебін бөлектеу жобасы. Бұл жоба Одесса оқу округінің қамқоршысынан шықты, ал халық «ағарту» министрлігінде оны ұнатты. Ал осы бөлектеудің мәні неде?

Мұның мәні еврейлерді *ерекше* еврей оқу орындарына (орта дәрежелі) бөліп шығаруға тырысушылықта. Ал қалған оқу орындарының бәріне, жеке меншіктегі оқу орындарына да, үкіметтік оқу орындарына да еврейлерді мүлде жібергісі келмейді. Осы «данышпандық» жоспарға қоса еврей гимназияларында оқушылардың санын әйгілі «проценттік норма» арқылы тежемек болып отыр!

Европалық елдердің бәрінде де еврейлерге қарсы мұндай шаралар мен заңдар тек орта ғасырлардың, инквизицияның, діннен безгендерді өртеудің және басқа кереметтердің қаратүнек заманында ғана болған еді. Европада еврейлер әлдеқашан толық тең праволылық

алды және өздері бірге тұратын халықпен барған сайын қосылып барады.

Ал жалпы алғанда біздің саясатта, әсіресе баяндалып отырған жобада, еврейлерді қыспаққа салып, езумен қатар, ұлтшылдықты қоздыруға, мемлекет ішіндегі ұлттардың бірін екіншісінен оқшаулауға, олардың жатсынуын күшейтуге, олардың мектептерін бөлектеуге ұмтылу бәрінен де зиянды.

Жұмысшы табының мүдделері — жалпы алғанда саяси бостандықтың мүдделері сияқты — қайта, белгілі бір мемлекеттің барлық ұлттарының бірі қалмай мейлінше толық тең праволы болуын және ұлттар арасындағы қандай да болсын кедергілердің жойылуын, қандай да болсын ұлттар балаларының бірыңғай мектептерде қосылуын, т. т. талап етеді. Барлық дөрекі және мағынасыз ұлттық соқыр сепімдерді лақтырып тастағанда ғана, барлық ұлттардың жұмысшыларын бір одаққа біріктіргенде ғана жұмысшы табы күш бола алады, капиталға тойтарыс беріп, тұрмысын айтарлықтай жақсарта алады.

Капиталистерге қараңыздаршы: олар «қарапайым халықтың» арасында ұлттық араздықты қоздыруға тырысады, ал өздері орыстары да, украиндары да, поляктары да, еврейлері де, немістері де бар — бір ғана акционерлік қоғамның өзінде өз істерін тамаша тындыра береді. Барлық ұлттар мен діндердің капиталистері жұмысшыларға қарсы біріккен, ал жұмысшыларды ұлттық араздық арқылы бөлшектеп, әлсіретуге тырысады!

Сөз арасында айта кетейік, еврей мектебін бөлектеудің өте зиянды жобасы «мәдени-ұлттық автономия» дейтін жоспардың, яғни мектеп ісін мемлекеттің қолынан алып, оны әрбір жеке ұлттың өз қолына берудің қаншалықты қате екенін де көрсетеді. Біздің ұмтылатынымыз мүлде бұл емес, біз барлық ұлттардың жұмысшыларын ұлтшылдық *атаулыға* қарсы күреске, шын демократиялық *ортақ* мектеп жолындағы және жалпы алғанда саяси бостандық жолындағы күреске біріктіруге ұмтылуға тиіспіз. Бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің үлгісі — батыс Европада Швейцарияның немесе шығыс Европада Финляндияның үлгісін алсақ

та — бізге мынаны көрсетіп отыр: мектеп ісін ұлтқа қарай әдейі және зиянды түрде бөл*мей*, түрлі ұлттардың неғұрлым тату және адамға лайық түрде (айуандық түрде емес) бірге өмір сүруін тек дәйекті-демократиялық жалпы мемлекеттік мекемелер ғана қамтамасыз етеді.

*«Северная Правда» № 14,*
*18 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Северная Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып*
*отыр*

## ШАРУА ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТЕМІРДІ ТҰТЫНУ

Біздің өнеркәсіп миллионерлерінің, съездер советінің органы «Промышленность и Торговля» өте маңызды өнімдерді жан басына тұтыну туралы сөз болғанда, Россия ең мешеу елдердің бірі Испаниямен көршілес болып шыға келетіні жөнінде жуырда қайдағы бір ақымақтық екіжүзділікпен немесе қайдағы бір екіжүзділік ақымақтықпен өкініш білдірді.

Қазіргі өнеркәсіптің басты өнімдерінің бірі, цивилизацияның іргетасының бірі деуге боларлық — темір жөнінде Россияның мешеулігі мен тағылығы әсіресе керемет.

«Доңғалағы темір құрсаулы арба,— деп мойындады миллионерлердің органы,— орыс деревнясында әлі сирек».

Бірақ орыс деревнясындағы мәдениеттің осы «сиректігі» крепостниктік қатынастардың *көптігіне* және крепостник-помещиктердің билеп-төстеп отырғанына (біздегі капитализмнің «шонжарлары» олардың алдында соншалық жарамсақтанады) байланысты емес пе,— бұл туралы миллионерлер сыпайы түрде үндемейді.

Мәдениет туралы, өндіргіш күштерді дамыту туралы, шаруа шаруашылығын көтеру және т. с. туралы мылжыңдауға — бізде өте шебер-ақ және өте құмар-ақ. Бірақ миллиондаған қайыршы, езілген, аш-жалаңаш, жалаң аяқ, тағы шаруаны «көтеруге» кедергі жасайтын зілқара тасты жолдап алып тастау туралы әңгіме бола

қалса-ақ,— бұл арада біздің миллионерлердің тілі күрмеліп қалады.

Темірді тұтыну мөлшерлері туралы, *яғни* белгілі бір елдегі мәдениеттің осы темір негізінің беріктігі туралы мәселеде помещиктердің шаруаларды жанышқандығының мәнін айқын көрсететін венгер ауыл шаруашылық статистикасының деректері мынадай.

Жұртқа мәлім, Венгрия географиялық жағынан ғана емес, сонымен бірге орта ғасырлықтан орасан көп жерді сақтап қалған реакционер-помещиктерінің күштілігі жағынан да Россияға бәрінен гөрі жақын тұр.

Мысалы, Германияда $5^1/_2$ миллион шаруашылықтың 100 гектардан астам жері бар шаруашылықтары 23 мың, ал олардағы жер бүкіл жердің $^1/_4$ бөлігінен кем, ал Венгрияда мұндай шаруашылықтар 2,8 миллионнан 24 мың, бұлардағы жер елдегі барлық жердің 45 проценті!! Венгриядағы төрт мың алпауыттың әрқайсысының 1000 десятинадан артық жері бар, ал барлығының жері — бүкіл жердің *үштен біріндей.* Көріп отырсыздар, мұның өзі «Россия анамыздан» онша қашық емес.

Венгрия статистикасы (1895 жылғы) әсіресе шаруа шаруашылығындағы темір мәселесін толық зерттеді. Сонда 2,8 миллион шаруашылықтың *бір жарым* миллионы батырақ (немесе пролетарлық) шаруашылығы (5 йохқа дейін, яғни, 2,85 десятинаға дейін), ал сонымен бірге *бір миллион* ұсақ шаруа шаруашылығы (20 йохқа дейін, яғни 11 десятинаға дейін) *ағаш* құрал-саймандармен қанағаттануға мәжбүр болып отыр екен.

Осы $2^1/_2$ миллион шаруашылықта (барлық 2,8 миллион шаруашылықтан) ағаш жетекті плугтар, ағаш жақтаулы тырмалар сөзсіз басым, ал жартысына жуығында ағаш доңғалақты арбалар кең тараған.

Россия жөнінде толық дерек жоқ. Жекелеген жерлер жөніндегі деректерге қарағанда, біздегі шаруа шаруашылықтарының басым көпшілігінің қайыршылығы, жабайылығы және күтімсіздігі Венгриядағыдан анағұрлым күштірек көрінеді.

Басқаша болуы мүмкін де емес. Доңғалағы темір құрсаулы арбаның сирек болмауы үшін ескіліктен қол үзуге қабілетті, құл иеленушілерге күші келетін фер-

мер — мемлекет ішіндегі бүкіл жерге қожалық етуші еркін, мәдениетті, батыл фермер керек. Ал Марковтар мен Пуришкевичтердің жер иелену тәртібімен осы кезге дейін жаншылып келген шаруадан «мәдениет» күту дегеніміз бұл Салтычихадан адамгершілік күтумен бірдей.

Біздің өнеркәсіптің миллионерлері Пуришкевичтермен олардың орта ғасырлық пұрсаттылығын бөлісіп алып, «ата мекенді» орта ғасырлық мәдениетсіздіктен құтқаруды көксеуді тәуір көреді...

*«Северная Правда» № 16,*
*21 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: Н. Н.*

*«Северная Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып*
*отыр*

# МЕТАЛЛИСТЕРДІҢ 1912 ЖЫЛҒЫ СТАЧКАЛАРЫ

Москва өнеркәсіп ауданының заводшылары мен фабриканттарының қоғамы үстіміздегі жылы өзінің 1912 жылғы жұмысы туралы есеп сияқты бірдеңе (Москва, 1913 ж., П. П. Рябушинскийдің баспаханасы) басып шығарды. Осы есептің ең қызықты бөлімі Россияның әр түрлі аудандары бойынша өткен ереуіл қозғалысы туралы деректер болса керек.

I

Москва фабриканттарының қоғамы Россияда ереуіл жасаған жұмысшылардың барлық санын 1911 жылы 96 750 деп, ал 1912 жылы 211 595 деп анықтап отыр. Бұл цифрлар *тек* экономикалық стачкаларға ғана қатысты. Қоғам саяси стачкашыларды 1912 жылы 850 мың, 1911 жылы 8 мың, ал 1910 жылы 4 мың деп есептейді.

Көрсете кетейік, Москва шонжарларының қоғамы фабрикалық инспекцияның бақылауына жатпайтын өндіріс орындарын қамтымайтын «ресми мәліметтермен салыстыруға қолайлы болу үшін», Лenaның 6000 стачкашысын мүлде есепке де алмайды. Әлбетте, мұндай салыстырудың дұрыстығына біздің қалай дегенмен кепілдігіміз жоқ: өз деректерінің толықтығы туралы да, өз есепшілерінің тіпті ұқыптылығы туралы да қам жемей, заводшы мырзалар біздің қазыналық статистиканың жаман жақтарына еліктеуді ойлаған. Мысалы,

стачкашылардың саны туралы жиынтық кестенің (есептің 23-бетінде) мейлінше өрескел қателері тура таңдандырады, жоғарыда келтірілген қорытындыларды бергенде біз бұл қателерді түзетуге тырыстық. Бұл кесте *бүкіл* 1912 жылдың ішінде Польша патшалығында ереуіл жасаған металлистердің санын 2390 адам деп көрсетеді, ал 56-бетте бізге 1912 жылдың *жеті айының* ішінде Польша патшалығында 3790 металлист ереуіл жасады деп хабарлайды!

Біздің Кит-Китычтердің есептей білетін жазушылар жалдап алуын, немесе өз статистикасын жұмысшы кәсіптік қоғамдарына тексеруге және түзетуге беруін тілемеске болмайды.

Фабриканттардың деректері бойынша, 1912 жылғы экономикалық стачкалық қозғалыста металлистердің ролі қандай болғанын қарастырып көрелік.

Стачкашылардың жалпы саны — 211 595 адам, бұл деректер бойынша былай бөлінеді: металлистер — 78 195, тоқымашылар — 89 540 және өнеркәсіптің барлық басқа салаларының жұмысшылары — 43 860 адам. Россияда металлистер тоқымашылардан әлдеқайда аз болғандықтан, бұл деректер бізге өнеркәсіптің басқа салаларының жұмысшыларымен салыстырғанда 1912 жылы *металлистердің* мейлінше қажырлы және табанды стачкалық күрес жүргізгенін бірден көрсетеді. Бұл қорытындыны дәлірек бейнелеу үшін Россиядағы жұмысшылардың жалпы санын 1912 жылғы стачкашылардың санымен салыстырайық:

| | Россияда барлық жұмысшылардың саны | | 1912 жылғы стачкашылардың ішінде |
|---|---|---|---|
| | 1908 жылғы дерек бойынша (кен жұмысшыларын қосқанда) | 1910 жылғы дерек бойынша (кен жұмысшыларын қоспағанда) | (заводшылар қоғамының мәліметтері бойынша) |
| Металлистер | 529 274 | 280 194 | 78 195 |
| Тоқымашылар | 823 401 | 840 520 | 89 540 |
| Басқалары | 901 112 | 831 241 | 43 860 |
| *Барлығы* | 2 253 787 | 1 951 955 | 211 595 |

Бұл деректер стачкалық күрестің қызулығы жағынан металлистердің бірінші орында тұрғанын, екінші орынның тоқымашыларға келетіндігін, ал соңғы орынды өнеркәсіптің басқа салаларының жұмысшылары алып отырғандығын айқын көрсетеді.

Егер «басқа» жұмысшылар да металлистер сияқты жігерлі ереуіл жасаған болса, мұның өзі стачкашылардың санын 90 мыңға арттырар еді.

1912 жылы рынок жағдайының металлистер үшін біршама қолайлырақ болуы олардың стачкалық күресін жеңілдеткені күмәнсыз, бірақ күрестің табандылығы жағынан металлистер барлығынан жоғары тұрған болса, экономикалық стачкалардың *табыстылығы* жағынан көріп отырғанымыздай, «басқалар» өте жақсы жағдайларда болған.

## II

Стачкалық күрестің табандылығы, айта кетелік, стачкалардың орташа ұзақтығымен анықталады. Бұл орташа ұзақтық ереуілден жоғалған жұмыс күндерінің барлық санын ереуілшілердің санына бөлу арқылы көрінеді.

Заводшылар қоғамының цифрлары мынадай:

| | Ереуілдердің орташа ұзақтығы |
|---|---|
| 1895—1904 жылдар | 4,8 күн |
| 1909 жыл | 6,5 » |
| 1911 » | 8,2 » |
| 1912 » | 13,4 » |

«Бұған қарағанда,— деп жазады есеп,— 1912 жылы жұмысшылардың қарсыласуы 1911 жылға қарағанда екі еседей артқан». Бұған мынаны қосайық: егер 1912 жылдың соңғы 7 айының деректерін алсақ (шынын айтқанда, қарастырылып отырған есепте тек осы деректер ғана азды-көпті дұрыс жасалған), онда стачканың орташа ұзақтығы *16 күн* болғанын көреміз.

Демек, жұмысшылардың стачкалық күрестегі табан-

дылығы өсе түсетіні күмәнсыз және барған сайын өсе береді.

Өндіріс салалары бойынша стачканың ұзақтығы мынадай болған:

| | 1911 ж. | 1912 ж. | 1912 ж. соңғы 7 айы ішінде |
|---|---|---|---|
| Металлистерде | 10,0 күн | 14,2 күн | 18,8 күн |
| Тоқымашыларда | 9,2 » | 11,9 » | 14,0 » |
| Басқаларда | 5,0 » | 15,6 » | 16,8 » |
| *Барлық өндірістер бойынша* | 8,2 » | 13,4 » | 16,0 » |

Біз стачкалардың ұзақтығы жағынан металлистер 1911 жылы да, 1912 жылдың екінші жартысында да бірінші орында тұрғанын көреміз. Тек 1912 жылдың бірінші жартысында ғана бұл бірінші орынды «басқалар» алған, ал металлистер екінші орында қалған. Тоқымашылар осы алынып отырған уақыт ішінде стачкалардың ұзақтығы жағынан екінші орында тұрған.

### III

Заводшы мырзалар стачкалардың жалпы нәтижелерін стачкалардан көрген «өнеркәсіптің *зияндарын»* есептеу жолымен айқындайды. Ал жұмысшы табының стачкалардан алған ұтысын біздің капиталистер мүлде есептегісі келмейді! Фабриканттық статистиканың қорытындылары міне мынадай:

| Өнеркәсіп салалары | Өнеркәсіпшілердің стачкалардан (экономикалық) шеккен тікелей зияндары | Жұмысшылардың жалақыдан шеккен шығындары | Елдің кем өндіруден шеккен шығындары |
|---|---|---|---|
| | (мың сом есебімен) | | |
| Металл өнеркәсібі | 558 | 1 145 | 4 959 |
| Тоқыма » | 479 | 807 | 6 010 |
| Басқа » | 328 | 529 | 3 818 |
| *Барлығы* 1912 жыл *ішінде* | 1 365 | 2 481 | 14 787 |
| » 1911 » » | 402 | 716 | 4 563 |

Бұдан капиталистер 1911 жылдағыдан гөрі 1912 жылы стачкалардан *үш есе* артық зиян шеккені көрініп отыр.

Бірақ — деп бізге қарсы дау айтады буржуазиялық саяси экономияның өкілдері —«ел» де үш есе үлкен зиян шекті ғой, жұмысшылар да жалақы жөнінде үш есе үлкен шығын көрді ғой, оның үстіне жұмысшылардың шығыны фабриканттардың зиянынан әлдеқайда елеулі ғой!

Бұлай болғанда,— фабриканттық статистика бойынша және буржуазиялық логика бойынша,— бұл парықсыз жұмысшылар стачкалар арқылы тек өздеріне ғана залал келтіреді де, ал қамқоршы бастықтар ізгі-капиталистермен бірге стачкаларды қуғындай отырып, дәл сол жұмысшылардың мүдделерін ойлайтын болғаны ғой...

Бірақ енді міне әлгі заводшылардың өздері бізге 1911 жылғы 96 730 стачкашы жөнінде стачкалардың нәтижелерін айқындай алғанын хабарлайды.

47 369 жұмысшы (яғни 49 процент) стачкалық күресте *жеңілді,* ал 49 361 жұмысшы (яғни 51 процент) толық немесе ішінара *қанағаттанды,* жеңіп шықты.

Стачкалардың міне осы нәтижесін фабриканттық статистика мен буржуазиялық экономия есепке алуды жақтырмайды! Оны сомға шағып есептей де алмайсың: жеңімпаз стачкалар кезінде жұмысшылардың жалақы көбеюінен алған тікелей ұтысынан басқа тағы бір «ұтыс» бар. Бүкіл жұмысшы табы — демек, бүкіл *ел* (буржуазиялық азшылықтың емес, еңбекші бұқараның елі) жұмысшылардың қанаушы мырзаларға стачкалар арқылы беретін тойтарысынан ұтып шығады. Бұл тойтарыссыз жұмысшылар тұрмыстың қымбатшылығынан жаншылған қайыршыларға мүлде айналып кеткен болар еді,— бұл тойтарыссыз олар адам болудан қалып, капиталдың үмітсіз құлдарына мүлдем айналып кеткен болар еді.

Фабриканттардың статистикасы бойынша, 1912 жылдың екінші жартысында стачкалардың табыстылығы кеміген: ереуілші жұмысшылардың 52 проценті *жеңілген,* тек 36 проценті ғана *жеңіп шыққан,* ал 11 процен-

тінің нәтижелері анықталмай қалған. Бірақ біз бұл арада жалпы алғанда Россияда, әсіресе оның әр түрлі аудандарында ереуіл жасаған металлистердің ролін неғұрлым мұқият қарастыруға тиіспіз.

## IV

Москва заводшыларының қоғамы, біздің жоғарыда ескерткеніміздей, тек 1912 жылдың соңғы 7 айы ішіндегі стачкалар туралы ғана азды-көпті талдап шешілген мәліметтер береді. Бұл мәліметтер Россияның 5 ауданын қамтиды: Москва, Петербург, Прибалтика, оңтүстік және Польша патшалығы.

Көрсетілген айлардың ішінде ереуіл жасаған металлистер аудандарға қарай былайша бөлінеді:

| Аудандар | Ереуіл жасаған (1912 ж. соңғы 7 айы ішінде) жұмысшылар саны | |
|---|---|---|
| | Барлығы | Оның ішінде металлистер |
| Москва | 48 140 | 3 760 |
| Петербург | 35 390 | 15 160 |
| Прибалтика | 13 210 | 1 160 |
| Оңтүстік | 22 195 | 16 605 |
| Польша патшалығы | 12 690 | 3 790 |
| *Барлығы* | 131 625 | 40 475 |

Сонымен, ереуіл жасаған жұмысшылардың жалпы санында металлистер оңтүстікте басым. Петербург ауданында олар ереуіл жасағандардың едәуір бөлігі болған (40 проценттен артық), тек тоқымашылардан ғана кем түскен (Петербург ауданында 16 770 тоқымашы ереуіл жасаған). Москва, Прибалтика және Польша аудандарында металлистер ереуіл жасағандардың шамалы ғана азшылығы болған.

Егер 1912 жылдың алғашқы 5 айын соңғы 7 айымен салыстырсақ, онда біз мынадай көріністі көреміз [425-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Металлистердің стачкадағы жігері жылдың екінші жартысында біраз әлсіреген;— тоқымашылардың стачкалық күресі өте күшті өскен;— ал өнеркәсіптің басқа салалары жұмысшыларының ереуіл қозғалысы шамамен бұрынғы дәрежесінде қалған.

| | 1912 ж. ішінде ереуіл жасаған жұмысшылар саны | |
| --- | --- | --- |
| | алғашқы 5 айда | соңғы 7 айда |
| Металлистер | 37 720 | 40 475 |
| Тоқымашылар | 22 950 | 66 590 |
| Басқалары | 19 300 | 24 560 |
| *Барлығы* | 79 970 | 131 625 |

## V

Заводшылардың москвалық қоғамы стачкалардың табыстылығы туралы мәселе бойынша ереуіл жасаған жұмысшыларды үш топқа бөледі: жеңілгендер, жеңгендер (толық немесе ішінара қанағаттанған) және күресінің нотижелері анықталмаған ереуілшілер.

Бұл мәселе — стачка статистикасының барлық мәселелерінің ішіндегі өте-мөте қызықтыларының бірі. Миллионерлер қоғамы оны жаман жасаған: мысалы, шабуылды стачкалар (яғни жұмысшылар өздерінің тұрмысы мен жұмысының жағдайларын *жақсарту* жөнінде өзгерістер талап ететін стачкалар) туралы және қорғаныс стачкалар (жұмысшы тұрмысының жағдайларын *нашарлату* жөнінде капиталистер енгізетін өзгерістерге жұмысшылардың қарсылық жасау стачкалары) туралы деректер жоқ. Сонан соң, стачкалардың себептері туралы толық мәліметтер жоқ (мұндай мәліметтер тіпті біздің қазыналық статистикада да бар) және т. т.

Оның үстіне, Москва заводшылары қоғамының бар мәліметтердің өзін талдап шешуі де өте-мөте қанағаттанғысыз. Деректерді тіпті тікелей бұрмалаушылық жағдайлар да көзге түседі; мысалы, Москва ауданында жеңіске жеткен металлистердің саны не бары 40 адам деп көрсетілген (3420 адам жеңіліп, ереуіл жасаған 300 адамның күресінің нәтижелері анықталмай отырған жағдайда).

Оның бер жағында, есептің текстінің 35-бетінен мынаны оқимыз: 1912 жылғы июльдің бас кезінде бірқатар әсем бұйым-слесарьлық шеберханаларда жұмысшылар ереуіл жасап, оған 15 кәсіпорнынан барлығы

*1200-ден астам адам* қатысқан. Стачка шабуылды стачка болған: жұмысшылар 9 сағаттық жұмыс күнін, мейрамдар алдында 7 сағаттық жұмыс күнін енгізуді, жалақыны арттыруды, санитарлық жағдайларды жақсартуды талап еткен. Шеберханалардың иелері тойтарыс беру үшін ұйымдасып көрген, кеңшілік жасауға бармауға, ереуілші заводтардан заказ алмауға бір ауыздан шешімге келген. Бірақ жұмысшылар, сірә, қолайлы сәтті алғап болу керек: құрылыс маусымының қызған кезі екен, «бос жұмысшыларды табу қиын болған. *Июльдің аяғына таман шеберханалардың көпшілігінде қожайындар кеңшіліктер жасады».*

Есепте осылай делінген! Ал статистикалық кестеде тек 40 *(қырық!)* металлист қана ереуілде ұтып шықты деп көрсетілген. Фабриканттық статистик мырзалар тап осы жұмысшылардың *жеңістерін* әдейі «ұмытқан» жоқ па екен? деген ой еріксіз келеді. Олар жеңіп шыққан жұмысшылардың санын азайту арқылы Кит Китычтерге жағынуға — әрине, «байқаусызда» — тырысқан жоқ па екен.

Қалай болғанда да, фабриканттардың статистикасына сақтықпен, сенбей қарау және *өзінің,* жұмысшы, стачкалық статистикасын жасауға қажырлы түрде әрекет ету ұйымдасқан және саналы жұмысшылар үшін міндетті іс.

Стачкалардың табыстылығы туралы заводшылар қоғамының жалпы деректері мынадай:

| Стачкашылардың саны | Металлистер | Тоқымашылар | Басқалары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Жеңілгендері | 19 990 | 43 085 | 7 150 | 70 225 |
| Жеңгендері | 17 860 | 20 285 | 9 520 | 47 665 |
| Нәтижелері анықталмаған ереуілшілер | 2 625 | 3 220 | 7 890 | 13 735 |
| *Барлығы* | 40 475 | 66 590 | 24 560 | 131 625 |

Бұдан көрініп отырғаны — өнеркәсіптің *басқа* салалары жұмысшыларының стачкалары бәрінен де гөрі табыстырақ болған: мұнда жеңгендердің саны жеңілгендердің санынан *артық*. Екінші орында металлистер тұр: мұнда жеңгендердің саны дегенмен өте көп, бар-

лық ереуіл жасаушылардың 40 процентінен артық. Бәрінен гөрі тоқымашылардың нәтижелері нашар болды: жеңілгендердің саны жеңгендердің санынан екі еседен де артық.

IV

Жалпы және тұтас алғанда, 1912 жылғы стачкалық күрестің нәтижелері 1911 жылғыдан гөрі нашар болғанымен де, онша жаман емес. Түрлі жылдарды салыстыру оңай болу үшін, нәтижелері анықталмаған ереуілшілердің саны жеңгендер мен жеңілгендерге теңбе-тең бөлінеді делік. Сонда біз 1912 жылдың соңғы 7 айында 132 мың стачкашының 77 мыңы жеңілгендер (яғни 58,4 процент), 55 мыңы жеңгендер (яғни 41,6 процент) болғанын көреміз.

Бұл деректер бұрынғы жылдардың ресми статистикасының деректерімен біртектес деп кепілдік беруге болмайды. Бірақ жұмысшы қозғалысының жақсы жылдары мен жаман жылдарында стачкалардың табыстылығы Россияда *жалпы* қандай болатынын жұмысшылардың ойлап көруі үшін біз дегенмен бұл деректерді де келтірейік.

| | Ереуіл жасаған жұмысшылар саны (мың есебімен) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеңгендер | % | Жеңілгендер | % | Барлығы |
| 1895—1904 (10 жыл ішіндегі қорытынды) | 159 | 37,5 | 265 | 62,5 | 424 |
| 1905 жыл | 705 | 48,9 | 734 | 51,1 | 1 439 |
| 1906 » | 233 | 50,9 | 225 | 49,1 | 458 |
| 1907 » | 59 | 29,5 | 141 | 70,5 | 200 |
| 1908 » | — | — | — | — | — |
| 1909 » | — | — | — | — | — |
| 1910 » | — | — | — | — | — |
| 1911 » | 49 | 51,0 | 47 | 49,0 | 96 |
| 1912 (7 ай) | 55 | 41,6 | 77 | 58,4 | 132 |

Сонымен, 1912 жылдың екінші жартысындағы стачкалардың нәтижелері 1905, 1906 және 1911 жылдардағыдан *нашар,* бірақ 1895—1904 жылдардағыдан *жақсы,* 1907 жылдағыдан да *жақсы.* Қайталап айтайық, біздің

қолымызда бар деректер түрлі жылдардың нәтижелерін толық салыстыруға, сірә, келмейтін шығар, бірақ қалай дегенмен де бұл деректер осы мәселе туралы белгілі бір түсінік бере алады.

Ағылшын стачкалар статистикасы бойынша 1900—1909 жылдардағы 10 жыл ішінде орта есеппен алғанда ереуілде ұтқан жұмысшылар 26,8 процентке, ұтылғандар 31,7 процентке, ал күресті мәмлеге келумен аяқтағандар 41,3 процентке тең болғанын айта кетейік. Соңғыларды жеңгендер мен жеңілгендерге тепе-тең етіп бөлгенде мынаны көреміз: *жеңгендер* — 47,5 процент, ал *жеңілгендер* — 52,3 процент. Россиядағы стачкалар 1905 және 1906 жылдарда —сондай-ақ 1911 жылы да— ағылшын жұмысшыларының ұйымдасқандық пен саяси бостандық жөнінен орасан артықшылығына қарамастан, орташа ағылшын стачкаларынан табыстырақ болды.

## VII

Россияның түрлі аудандарындағы металлистер стачкаларының табыстылығын салыстыру да қызықсыз емес.

Бұл жөнінде Москва мен Петербург аудандарының қалған аудандардың бәрінен де өзгешелігі бар. Металлистердің стачкалары да, жалпы алғанда барлық жұмысшылардың стачкалары да Москва мен Петербург аудандарында 1912 жылдың соңғы жеті айы ішінде біршама табыссыз болды. Ал басқа аудандарда бұған керісінше жағдай байқалды.

Москва мен Петербург аудандары туралы деректер мынадай:

| | 1912 ж. соңғы 7 айында ереуіл жасаған металлистер саны | |
|---|---|---|
| | Москва ауданында | Петербург ауданында |
| Жеңілгендер | 3 420 | 10 840 |
| Жеңгендер | 40 | 4 170 |
| Нәтижелері анықталмағандар | 300 | 150 |
| *Барлығы* | 3 760 | 15 160 |

Жеңілген жұмысшылардың саны жеңгендердің санынан әлдеқайда көп. Екі ауданның тоқымашылары же-

нінде де, Петербург ауданындағы «басқалары» жөнінде де дәл осылай. Тек Москва ауданында ғана «басқалардың» жеңілгендерінен (1230) жеңгендерінің саны (4380) көп.

Сірә, Москва мен Петербург аудандарында өнеркәсіптің барлық салаларында дерлік жұмысшы стачкалары үшін қолайсыз кейбір жалпы жағдайлар болса керек.

Қайта, оңтүстікте, Прибалтика мен Польша аудандарында жалпы алғанда барлық жұмысшылардың, жеке алғанда металлистердің стачкалары табысты болған.

| | 1912 ж. соңғы 7 айында ереуіл жасаған металлистер саны | | |
|---|---|---|---|
| | Оңтүстікте | Прибалтика ауданында | Польша патшалығында |
| Жеңілгендер | 4 390 | 440 | 900 |
| Жеңгендер | 10 040 | 720 | 2 890 |
| Нәтижелері анықталмағандар | 2 175 | — | — |
| *Барлығы* | 16 605 | 1 160 | 3 790 |

Польша ауданында металлистердің жеңісі бәрінен де елеулі, жалпы алғанда бұл ауданда стачкалық күрестің экономикалық жағдайлары жұмысшылар үшін бәрінен де қолайлырақ болған. Олар мұнда өнеркәсіптің *барлық* салаларында жеңіп отыр (оңтүстікте «басқалар» жеңілді, ал Прибалтика өлкесінде тоқымашылардың күресі «теңбе-тең» аяқталды: жеңгендер де, жеңілгендер де 1485-тен болды). 1912 жылдың екінші жартысында жалпы Россия бойынша бәрінен де көбірек жеңілген тоқымашылардың өздері де (жеңгендер 20 мың болып отырғанда жеңілгендер 43 мың) Польша патшалығында тамаша жеңіске жетті: жеңілгендер тек 390, ал жеңгендер 8060.

Россияның батысы мен оңтүстігінде жұмысшылар капиталистерге шабуыл жасап, ірі жеңістерге жетті; Москва мен Питерде де олар шабуыл жасады, бірақ олардың шабуылдары көп ретте тойтарылып тасталды. Амал не, біздің талдап отырған деректеріміз тым жетімсіз болғандықтан, 1911 жылмен салыстыруға мүм-

кіндік бермейді, сондықтан осындай айырмашылықтың себептері туралы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіншілік жоқ.

## VIII

Стачкалардың табандылығы жағынан металлистер, жоғарыда көргеніміздей, бірінші орында, ал тоқымашылар — соңғы орында болып отыр. Металлистердің табысты және табыссыз стачкаларының табандылығын салыстыру қызықты. Бұл туралы деректер мынадай:

| | Ереуіл жасаған металлистер саны | Жоғалған күндер саны (мың есебімен) | Жоғалған күндердің 1 ереуілшіге келетін орташа саны |
|---|---|---|---|
| Жеңілгендер | 19 990 | 230,7 | 11,5 |
| Жеңгендер | 17 860 | 387,3 | 21,7 |
| Нәтижелері анықталмағандар | 2 625 | 145,3 | 55,4 |
| *Барлығы* | 40 475 | 763,3 | 18,8 |

Біз металлистердің табысты стачкалары табыссыз стачкаларынан екі еседей дерлік табандырақ (11,5 күнге қарағанда 21,7 күн) болып отырғанын көреміз. Жеңіс оңайлыққа түскен жоқ. Орасан зор жігер мен табандылық арқасында ғана капиталистерді жеңудің орайы келді. Ал «дұшпандардың» күштері азды-көпті тең түсіп, күрес адам айтқысыз табанды болған стачкалардың нәтижелері, сірә, анықталмай қалған болу керек: мұндай (нәтижесі жөнінен) анықталмаған стачкалардың орташа ұзақтығы — 55,4 күн болған.

Айта кетелік, біз «басқа» жұмысшыларда да табысты стачкалардың табандылығы жоғары болғанын байқаймыз, ал тоқымашыларда мұның керісінше: табыссыз стачкалар табандырақ болған.

Металлистердің түрлі аудандардағы стачкалық күресінің табандылығы туралы деректерді салыстыру мынадай нәтижелер береді [431-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Жалпы алғанда металлистер стачкаларының табандылығы жағынан Петербург ауданы бірінші орында; одан кейін оңтүстік, сонан соң Польша, Прибалтика аудан-

| | Стачканың ереуіл жасаған 1 металлиске орташа ұзақтығы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Москва ауданында | Петербург ауданында | Прибалтика өлкесінде | Оңтүстікте | Польша патшалығында |
| Жеңілгендерде | 11,5 | 12,1 | 5,9 | 12,0 | 5,2 |
| Жеңгендерде | 7,5 | 37,2 | 23,7 | 14,9 | 22,4 |
| Нәтижелері анықталмаған жағдайда | 12,0 | 261,3 | — | 47,1 | — |
| *Барлығы* | 11,5 | 21,4 | 17,0 | 18,4 | 18,3 |

дары, ақырында, Москва ауданы. Москва ауданынан басқа аудандардың бәрінде табысты стачкалар табыссыз стачкалардан әлдеқайда табандырақ.

Күрестің табандылығы жағынан — санымен қатар стачкалық күреске қатысушы жұмысшылардың проценті тұрғысынан алып қарағанда — Петербург металлистері бүкіл Россияның металлистері үшін авангардтық роль атқарады. Ал металлистер, жалпы алғанда, өнеркәсіптің басқа салаларының жұмысшылары үшін дәл сол рольді атқарады.

## IX

Заводшылардың москвалық қоғамының есебінде жеке стачкаларды баяндау өте-мөте қысқалығымен көзге түсіп отыр. Фабриканттық есептерді жасаушы мырзалардың металлистер күресін *қалай* суреттейтінін металлистердің көруі үшін осы баяндаулардан бірнеше үзінді келтірейік.

Москва ауданында әсем бұйым-слесарьлық шеберханаларының 1200 жұмысшысының стачкасы ерекше көзге түседі. Біз бұл туралы айтып өткенбіз.

Петербург ауданында 14 аптаға созылып, 19 августа аяқталған, Сименс пен Гальскедегі стачканы заводшылар ең табанды стачкалардың бірі деп санайды. Заводшылар қоғамының статистикасы бойынша, бұған 1600 жұмысшы қатысқан. Завод әкімшілігі 1 май үшін салынған штрафты жоюға келіспеген, бірақ «оның есесіне рождество күніне сыйлық ретінде жұмысшыларға 3 сомнан беруге ниет білдірген. Бұдан кейін, үкімет та-

рапынан қарсылық болмаса, 1 май күнін мейрамдардың тізіміне енгізуге завод басқармасы келіскен» (есептің 38-беті). «Стачка кезінде,— деп оқимыз есептен,— жұмысшылар жаңадан жалдап алынғандарға талай рет шабуыл жасады, өйткені солардың көмегімен заводтар жұмысын ішінара қайта бастауға мүмкіндік алған еді».

Металлистердің оңтүстіктегі стачкаларынан 3886 адамның Николаев кеме жасау заводтарындағы 155 000-нан аса жұмыс күнін жоғалтқан ереуілі тамаша болды. Жұмысшылар мұнда 8 сағаттық жұмыс күнін, жалақыға 50 процент қосылуын, штрафтардың және мерзімнен тыс жұмыстардың бәрінің жойылуын, старосталардың сайланып қойылуын, т. с. талап етті. Стачка бүкіл июнь айына созылды. «Июньнің аяғында жұмысшылар мен завод әкімшілігі арасында барлық жұмысшыларды өз орындарына қайтару, заводтың старосталарды сайлап қоюын қабылдауы, асхана ашу және жалақыны 18 процент көбейту шартымен келісім жасалды». Ереуіл жасаушылар мен штрейкбрехерлер арасында қақтығысулар болды.

Харьковте паровоз жасау заводының 2000 жұмысшысының ноябрьде бұрқ еткен стачкасы өте-мөте табандылығымен көзге түсті. Заводта қазынаның тығыз заказдары бар еді, сондықтан ол «тұрып қалудан ірі зиян» шекті.

Уралда болған, фабриканттар қоғамының статистикасына *мүлде кірмеген* стачкалардан Сысерт заводтарындағы стачканы атап көрсетейік. Жұмысшылар жалақыларын арттыруға жетті. «Златоустағы қазынаның қару-жарақ заводында машиналардан мертігудің салдарынан үш жұмысшының өлуі стачкаға себеп болған. Стачкашылар сақтандыратын тетіктер қоюды, сонымен қатар жалақыны арттыруды талап еткен».

## X

Стачкалардың фабриканттық статистикасының мардымсыз деректеріне жалпы көз жібере отырып, мынаны атап көрсетпесе болмайды.

Толық, ұқыпты, байыпты өңделген, жарыққа тез шығатын стачкалар статистикасының жұмысшылар үшін теориялық жағынан да, практикалық жағынан да орасан зор маңызы бар. Ондай статистика жұмысшы қозғалысының дүние жүзілік мақсаттарына апаратын оның ұлы жолын толық баяндауға да, күрестің ең таяудағы, күнделікті маңызды міндеттерін баяндауға да бағалы материал береді.

Азды-көпті демократиялық және еркін мемлекеттерде біршама жарамды үкіметтік статистиканың болуы мүмкін. Бізде бұл туралы айтпаса да болады. Біздің үкіметтік статистика жаман, «ведомстволар» арасына бөлшектеліп жіберілген, анық емес және кеш жарық көреді. Фабриканттардың статистикасы сәл жақсырақ, бірақ үйқышыл россиялық чиновниктің статистикасынан кейде жарыққа біраз ерте шыққанымен, бәрібір онша толық емес.

Жұмысшылар стачкалар жөніндегі *өз*, жұмысшы, статистикасы жайында ойлануы керек. Бізде жұмысшы қоғамдары мен жұмысшы баспасөзіне бастырмалата қуғын жасалып отырған жағдайда мұндай статистиканы жасаудың қиыншылығы, әрине, өте-мөте зор. Бұл қиыншылықтарды бірден жою мүмкін емес. Бірақ жұмысшылар қуғын-сүргіннен қорқып, қиыншылықтардан тайсақтауға дағдыланған емес.

Стачкалардың тіпті ішінара жұмысшы статистикасының өзі, яғни жекелеген аудандарды, өнеркәсіптің жекелеген салаларын және азды-көпті шамалы уақытты қамтитын статистиканың өзі орасан зор пайда келтіреді. Мұндай статистика жұмысшыларды істі толығырақ және жақсырақ жүргізуге үйретеді және кейде фабриканттық бейнелеуді, чиновниктік бейнелеуді жұмысшылардың өздерінің бейнелеуімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан біз фабриканттық статистиканы талдауымызды: жұмысшылар барлық кедергілерге қарамастан, стачкалар жөнінде өздерінің, жұмысшылардың, статистикасын тағы да, тағы да жүргізіп көрсін деген тілекпен аяқтағымыз келеді. Екі-үш саналы жұмысшы әрбір стачканы, оның басталған және аяқталған уақытын,

қатысушылардың санын (мүмкін болса, жынысы мен жасына қарай бөліп), стачканың себептерін және оның нәтижелерін дәл баяндап жаза алады. Мұндай баяндаудың бір данасы тиісті жұмысшы одағының басқармасына (кәсіптік немесе басқа одақтың басқармасына немесе кәсіптік орган редакциясына) жеткізілуге тиіс; екінші данасы—жұмысшы баспасөзінің ортақ органына, ақырында, үшінші данасы — танысу үшін Мемлекеттік думадағы жұмысшы депутатқа жеткізілуге тиіс.

Стачкалардың фабриканттық та, үкіметтік те статистикасында олқылықтармен бірге бұрмалаушылықтар да *әрқашан* болып отырады. Тіпті жұмысшыларға тілектес баспасөздің өзінен де кейде стачка — «қызбалықтың» көріністері және т. с. деп стачкаларға масқара-теріс, қисынсыз және бастан-аяқ буржуазиялық рухқа толы баға берілгенін кездестіресіз.

Істі қолға алған жұмысшылардың тек өздері ғана — біраздан соң, табанды еңбектен және қажырлы күш-жігер жұмсаудан кейін — өзінің меншікті қозғалысын жақсы тануға, сөйтіп ол қозғалыстың негұрлым ірі табыстарға жетуін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

*«Металлист» №№ 7, 8 және 10;*
*24 август, 18 сентябрь және 23 октябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Металлист» журналының тексті бойынша басылып отыр*

# РОССИЯЛЫҚ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ РОССИЯЛЫҚ РЕФОРМИЗМ

Салазкин мырзаның Нижний Новгородта түбегейлі саяси реформалардың «шұғыл қажеттігі» туралы премьер-министрге бүкіл россиялық көпестердің атынан мәлімдеме жасауы жұмысшы баспасөзінде атап көрсетіліп, бағасын алған еді. Алайда маңызды екі жағдайды атап көрсету үшін оған тағы тоқталып өткен жөн.

Біріккен дворяндар мен бүкіл россиялық көпестер рольдерін қалай тез алмастырған десеңізші! 1905 жылға дейін қырық жылдан астам уақыт бойы дворяндар либералдық жасап, конституция жайлы ізетпен ескертіп келген еді, ал көпестер олардан гөрі көңілдері тоқ, оппозицияшылдығы кем сияқты болатын.

1905 жылдан кейін мұның керісінше болып шықты. Дворяндар мейлінше реакцияшыл болып алды. 3 июнь конституциясына олар әбден риза, оның тек оңшылдыққа қарай ғана өзгеруін тілемесе, басқа тілек қоймады. Керісінше, көпестер белгілі бір либералдық оппозицияға айналды.

Россия бірден «европаланған» сияқты болды, яғни ол феодал мен буржуаның Европадағы дағдылы өзара қатынасына таяп келді. Әлбетте, бұл Россиядағы саяси топтардың негізінде баяғыдан-ақ таза капиталистік қатынастар жатқандықтан ғана болған еді. Бұл қатынастар 1861 жылдан пісіп жетіле бастап, 1905 жылдың от-жалынында біржола тез пісіп жетілді. Россияның қандай болсын принциптік ерекшелігі туралы халықшылдық сөздердің бәрі, россиялық саясат пен экономи-

ка туралы таптан жоғары немесе таптан тыс тұрғыдан пайымдау әрекеттерінің бәрі бірден қандай да болсын мәнін жойды, көңілсіз, қисынсыз, ескі үлгідегі күлкілі қоқсыққа айналды.

Мұның өзі — бір адым ілгері басқандық. Мұның өзі — зиянды өзін өзі алдаудан құтылғандық, тап күресінсіз жөнді, елеулі бірдеңеге жетемін деген балалық үміттерден құтылғандық. Не ана тап, не мына тап жағына шық, не ана тап, не мына таптық саясатты түсінуге және дамытуға жәрдем ет — міне бесінші жылдың ұнамды формада берген, ал үшінші июнь системасы тәжірибесінің теріс формада дәлелдеген қатал, бірақ пайдалы сабағы осы.

Либерал интеллигенттер мен ұсақ буржуазияшыл халықшылдардың таптан тыс мылжыңы тарихи жолдан ысырылып тасталды. Ысырылып тасталғаны тамаша болды. Мезгілі әлдеқашан жеткен еді!

Екінші жағынан, либерал бүкіл россиялық көпестердің реформизміне қараңыз. Олар 17 октябрь манифесінде көрсетілген «реформалардың шұғыл қажеттігін» мәлімдейді. Онда «азаматтық бостандықтың мызғымас негіздері», «адамның жеке басына ешкімнің тимеуі», «ар-ождан, сөз, жиналыстар және одақтар бостандығы», содан кейін «жалпы сайлау правосы негізінің одан әрі дамытылуы» көрсетілгені баршаға мәлім.

Біздің алдымызда шынында да негізгі саясат реформалар тізімі жатқаны айқын. Бұл реформалардың тіпті жеке алынған біреуін жүзеге асырудың өзі жақсылыққа қарай аса ірі өзгеріс болып табылатыны айқын.

Енді міне осы реформалардың *бәрін* бүкіл россиялық көпестердің *бәрі,* капиталистік Россияның экономика жағынан ең құдіретті табы талап етіп отыр. Бұл талаптың мейлінше немқұрайдылықпен қарсы алынатын себебі не; тыңдап, ішерін ішіп, жерін жеп, жауабын беріп, рақметін айтып, жүріп кеткен премьер-министрден бастап, Салазкиннің сөздері тамаша, бірақ бұлардан ештеңе шықпайды деген москвалық көпеске дейінгі жұрттың бәріне мұның тіпті байыпсыз болып көрінетін себебі не?

Мұның себебі не?

Мұның себебі, Россия Европаның үлкен мемлекеттерінде көптен бері болмаған (бірақ кезінде бұлардың әрқайсысында да болған) ерекше тарихи жағдайды — реформизм айрықша топас, адам күлерлік, дәрменсіз, ал сондықтан да жиренішті болатын жағдайды басынан кешіріп отыр. Күмән жоқ, көпестердің талап етіп отырған реформаларының қайсысын болсын — ар-ождан бостандығын да, одақтар бостандығын да немесе басқа бостандықты да — жүзеге асыру жақсылыққа қарай аса ірі өзгеріс жасағандық болар еді. Алдыңғы қатарлы таптың қай-қайсысы болсын,— оның ішінде және алдымен жұмысшы табы — жақсылыққа қарай бағытталған өзгерістің қандайын болсын жүзеге асырудың ең азғантай реформистік мүмкіншілігіне де екі қолымен бірдей жабысқан болар еді.

Өздерінің данасынған «ішінара талаптарын» алға тарта беретін оппортунистер осы қарапайым шындықты ешбір түсіне алмайды — ал қауіпсіздендірудің «ішінара» (бірақ шын) реформасына өте жақсы жабысқан жұмысшылардың мысалы бұған әркімді де үйретуге тиіс еді.

Бірақ әңгіменің өзі либералдардың саяси реформалар жөніндегі реформизмінде *«шындық»* дегеннен жұрнақ та жоқ екенінде ғой. Басқа сөзбен айтқанда: Салазкиннің талап етіп отырған реформаларының бірде-біреуінде ешқандай реформистік жолдың жоқ екенін және болуы да мүмкін емес екенін жұрттың бәрі, көпестер де, Думада көпшілік болып отырған кадеттер мен октябристер де жақсы біледі. Мұны жұрттың бәрі біледі, түсінеді және сезеді.

Сондықтан қандай да болсын реформалар туралы кең таратылатып, даурықпа, көпірме мылжыңнан гөрі реформистік жолдың жоқтығын жай көрсетуде тарихи реализм, тарихи шындық және пәрменділік анағұрлым көп. Кімде-кім реформистік жолдың жоқтығын мықтап біліп, бұл білгенін басқаға жеткізсе, ол адам реформалар туралы өз сөздеріне өздері сенбейтін көк езулерден гөрі демократия прогресінің мақсаттарына қауіпсіздендіруді де, кез келген «мүмкіншілікті» де пайдалану үшін *іс жүзінде* мың есе артық еңбек сіңіреді.

Қазіргі Россия үшін *айрықша* дұрыс болатын, бүкіл дүние жүзілік тарих жүздеген рет дәлелдеген ақиқат, нақ мынадай: реформалар реформизмнің тар өрістілігі атаулыдан мүлде ада қозғалыстың қосалқы нәтижесі ретінде ғана болуы мүмкін. Осыдан барып либералдық реформизм соншалық өлексе болады. Осыдан барып демократия мен жұмысшы табының реформизмге деген жиреніші соншалық орынды болады.

*«Северная Правда» № 21, 27 август, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 3, 28 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Наш Путь» газетінің текстімен салыстырылған «Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ СОСЛОВИЕЛЕР МЕН ТАПТАРДЫҢ РОЛІ

Бір заң журналында[116] Россиядағы мемлекеттік қылмыстар туралы статистикалық деректер келтірілген. Бұл деректер өте-мөте сабақ аларлық: бұлар әр түрлі тарихи дәуірлердегі азаттық қозғалысындағы сословиелер мен таптардың ролі туралы мәселе жөнінде дәл материал береді.

Амал не, деректер толық емес. Мына дәуірлер ғана келтірілген: 1827—1846 жылдар (крепостниктік право дәуірі); 1884—1890 жылдар («әр текті лер» қозғалысының дәуірі; буржуазиялық-либералдық және либерал-халықшылдық қозғалыстың араласқан дәуірі). Ақырында, тікелей революция алдындағы (1901—1903) дәуір мен революция (1905—1908) дәуірі, яғни буржуазиялық-демократиялық және пролетарлық қозғалыс дәуірлері.

Сословиелердің ролі туралы деректер мынадай болып шығады. Мемлекеттік қылмыстар үшін айыпқа тартылған әрбір 100 адамнан:

| Дәуірлер | Дворяндар | Мещандар мен шаруалар | Діни қызметкерлер | Көпестер |
|---|---|---|---|---|
| 1827 – 1846 | 76 | 23 | ? | ? |
| 1884 – 1890 | 30,6 | 46,6 | 6,4 | 12,1 |
| 1901 – 1903 | 10,7 | 80,9 | 1,6 | 4,1 |
| 1905 – 1908 | 9,1 | 87,7 | ? | ? |

Бұдан XIX ғасырда азаттық қозғалысының қалай тез демократияланғаны және оның таптық құрамының қа-

лай күрт өзгергені айқын көрінеді. Крепостниктік дәуірде (1827—1846 жж.) — дворяндар толық басым. Бұл — декабристерден Герценге дейінгі дәуір. Крепостниктік Россия езіліп-жаншылған, мешеу. Халықтың қолдауынсыз дәрменсіз қалған дворяндардың болмашы азшылығы ғана қарсылық білдіреді. Бірақ дворяндардың таңдаулы адамдары халықты *оятуға* көмектесті.

Әр тектілер дәуірі немесе буржуазиялық-либералдық дәуір (1884—1890) — азаттық қозғалысына қатысушылардың арасында дворяндар енді аз ғана бөлік болып табылады. Бірақ, егер дворяндарға дін қызметкерлері мен көпестерді қосатын болсақ, онда 49 процент, яғни *жартысындайы* болады. Қозғалыс әлі де болса, жарым-жартылай алғанда, пұрсаттылығы бар таптардың: дворяндар мен буржуазия жоғары топтарының қозғалысы болып қала береді. Осыдан жеке адамдардың ерлігіне қарамастан, қозғалыстың дәрменсіздігі келіп шығады.

Үшінші (1901—1903) және төртінші (1905—1908) дәуірлер — шаруа және пролетарлық демократия дәуірлері. Дворяндардың ролі мүлде аз. Мещандар мен шаруалар революция алдында $^8/_{10}$ болады, ал революция кезінде $^9/_{10}$ болады. Бұқара оянып отыр. Бұдан екі қорытынды шығады: 1) елеулі бірдеңеге жетудің мүмкіндігі және 2) либералдардың қозғалысқа өшпенділігі (контрреволюциялық либерализмнің пайда болуы).

Кәсіптер туралы соңғы үш дәуірге ғана тән деректер бұдан да қызығырақ. Азаттық қозғалысына қатысушы (мемлекеттік қылмыстар үшін айыпқа тартылған) әрбір 100 адамнан кәсібіне қарай:

| Дәуірлер | Ауыл шаруашылығындағылар | Өнеркәсіп пен саудадағылар | Либералдық кәсіптегілер мен оқушылар | Кәсіптері белгісіздер мен кәсібі жоқтар |
|---|---|---|---|---|
| 1884–1890...... | 7,1 | 15,1 | 53,3 | 19,9 |
| 1901–1903.... | 9,0 | 46,1 | 28,7 | 8,0 |
| 1905–1908.... | 24,2 | 47,4 | 22,9 | 5,5 |

Мұның өзі — өте-мөте сабақ боларлық цифрлар. Халықшылдық пен халық ерікшілдігі дәуіріндегі (1884—1890) әр тектілердің ролі бірден анықтала қояды: қозғалысқа қатысушылардың *көпшілігі* — оқушылар мен

либералдық кәсіп адамдары (53,3 процент). Оқушылар мен интеллигенттер аса үздік роль атқарған жағдайда буржуазиялық-либералдық және либерал-халықшылдық қозғалыстың араласуы — міне сол кездегі партиялар мен сол кездегі қозғалыстың таптық мәні осы. Шаруалар («ауыл шаруашылығы») мен өнеркәсіп жұмысшылары («өнеркәсіп пен сауда») шамалы азшылық (7 және 15 процент болған). Ал тапсызданғандар деп аталатындар, яғни өз табынан шығып қалған, белгілі бір таппен байланыссыз қалған адамдар,— мұндай адамдар *бестен бір* (19,9 процент), яғни шаруалардан да, жұмысшылардан да көп!

Қозғалыстың өзіндік формалары, ерліктің ұлылығы мен оның дәрменсіздігі, міне, осыдан келіп шығады.

Революцияның алдындағы дәуір (1901—1903) келеді. Бірінші рольді қала жұмысшысы атқарады («өнеркәсіп пен сауда»). Халықтың азшылығы бола отырып, ол қозғалысқа қатысушылардың *жартысына жуығы* (46,1 процент) болады. Интеллигенция мен оқушылар *енді* (либералдар мен жойымпаздардың жұмысшы партиясы жөніндегі ертегілеріне қарамастан) екінші қатарда тұрады. Шаруалардың ролі мардымсыз («ауыл шаруашылығынан» 9 процент), бірақ ол өсіп келеді.

Соңғы дәуір, 1905—1908 жылдар. Қала жұмысшыларының ролі 46,1 проценттен 47,4 процентке дейін өсті. Олар енді шаруалар бұқарасын оятты, ал шаруалар өзінің қозғалысқа қатысу үлесін басқа таптардың бәрінен артық: 9 проценттен 24,2 процентке дейін, яғни *үш еседей* өсірді. Шаруалар енді либерал интеллигенттер мен оқушыларды басып озды (22,9 процент). Тапсызданғандардың, табынан шығып қалғандардың ролі мүлде түкке тұрғысыз (5,5 процент). Біздің революциямыздың «интеллигенттік» мәні жөніндегі либералдық теорияның қысастық-жалақорлық сипаты осыдан айдан анық көрінеді.

Пролетариат пен буржуазиялық демократия (шаруалар) — қозғалыстың қоғамдық күші болатындар, міне, осылар. Бірақ шаруалар жұмысшылар мен қала адамдарына қарағанда орасан зор көпшілік бола отырып, қозғалысқа қатысушылардың не бары *төрттен бірі* (24,2

процент) болып, әлдеқайда артта қалып отыр, өйткені олар әлі оянып жетілмеген.

Қалғандарды да өте ойдағыдай, тез және жігерлі түрде оятып отырған үшінші июньдік (столыпиндік) жер саясатының атына мақтау айтумен пікірімізді аяқтаймыз.

*«Северная Правда» № 22,*
*28 август, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 4,*
*29 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Наш Путь» газетінің текстімен салыстырылған «Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ДУБЛИНДЕГІ ТАПТЫҚ ШАЙҚАС

Ирландияның астанасы Дублинде, жарты миллион халқы бар, өнеркәсібі онша күшті емес қалада, капиталистік қоғам атаулының бүкіл өмірін меңдейтіп тап күресі таптық шайқасқа дейін шиеленісті. Полиция әбден құтырынып алған, мас полицейлер бейбіт жұмысшыларды ұрып-соғуда, үйлерге баса-көктеп кіріп, қарттарды, әйелдер мен балаларды азаптауда. Жүздеген адам (400-деп астам) жараланды, *екі* жұмысшы *өлді* — бұл соғыстың құрбандары осындай. Аса көрнекті жұмысшы көсемдерінің бәрі тұтқынға алынды. Нағыз бейбіт сөз үшін де түрмеге отырғызады. Қала соғыс лагеріне ұқсайды.

Сонда не болды? Бейбіт, мәдениетті, цивилизациялы, еркін мемлекетте мұндай шайқас қалайша тұтанды?

Ирландия — ағылшын Польшасы сияқты бірдеңе, тек варшавалық-лодзьдік-домбровскілік типтен гөрі галициялық типтес. Ұлттық езгі мен католиктік реакция осы бақытсыз елдің пролетарларын қайыршыға айналдырды, шаруаларын — поптардың докір, қараңғы және топас құлдарына, буржуазиясын — ұлтшылдық сөзуарлықпен бүркенген капиталистердің тобырына, жұмысшыға әміріп жүргізетін деспотқа айналдырды; ақырында, әкімшілікті — зорлық атаулыға еті үйренген бандаға айналдырды.

Қазір ирланд ұлтшылдары (яғни ирланд буржуасы) жеңді: олар ағылшын помещиктерінен (лендлордтардан) өз жерлерін сатып алып жатыр; олар ұлттық *өзін өзі басқаруды* (атышулы гомруль[117], бұл үшін Ирландия Англияға қарсы сондай ұзақ және қажырлы күрес жүргізген) алып жатыр; олар «өздерінің» ирланд поп-

тарымен бірлесіп «өз» жерін емін-еркін басқаратын болады.

Енді, міне, Ирландияның осы ұлтшыл буржуазиясы өзінің «ұлттық» жеңісін, өзінің «мемлекеттік» жетілгендігін ирланд жұмысшы қозғалысына қарсы өліспей беріспейтін соғыс жариялау арқылы мейрамдап отыр.

Дублинде Англияның наместнигі тұрады. Бірақ оның билігі іс жүзінде капиталистердің Дублиндегі көсемі, «Independent» («Тәуелсіз» — ойнамаңыз!)[118] газетін шығарушы, қалалық трамвай компаниясының бас акционері және директоры, Дублиндегі толып жатқан капиталистік кәсіпорындарға қатысушы Марфи (Murphy) деген біреудің билігінен әлдеқайда кем. Марфи ирланд кәсіптік одақтарын талқандауға $^3/_4$ миллион фунт стерлинг (7 миллион сомға жуық) жұмсауға әзірмін деп,— әрине, барлық ирланд капиталистерінің атынан,— мәлімдеме жасаған.

Ал бұл одақтар тамаша жақсы дами бастаған еді. Таптық сана-сезімі оянып келе жатқан ирланд пролетариаты өзінің «ұлттық» жеңісін тойлап жатқан ирланд буржуазиясының сұмпайыларын өкпелеп отырды. Ирланд пролетариаты өзіне Ирландия транспорт жұмысшылары одағының секретары *Ларкин* (Larkin) жолдас сияқты талантты көсем тауып алды. Тамаша шешендік таланты бар, ирландық қайнаған жігері бар адам, Ларкин төселмеген жұмысшылардың арасында — британ пролетариатының осы бұқарасының арасында небір кереметтер жасады, ал бұл бұқараны ағылшынның «төселген» (skilled) жұмысшысының қарғыс атқан мещандық, либералдық, аристократтық рухы Англияда алдыңғы қатарлы жұмысшылардан жиі-жиі бөліп тастап отырады.

Ирланд жұмысшы одақтарында жаңа рух оянды. Төселмеген бұқара кәсіптік одақтарға бұрын болып көрмеген жандану енгізді. Тіпті әйелдер де ұйымдаса бастады — католиктік Ирландияда бұл бұған дейін болып көрмеген құбылыс еді. Дублин бүкіл Великобританияда жұмысшылардың ұйымшылдығы жағынан алдыңғы қатарлы қала болу үмітін туғызды. Семіз, былшиған католик поп және мейрамда киетін киім сатып алуға еште-

қесі жоқтықтан тіпті жексенбі күні де алба-жұлба күйі жүретін, қайыршы, аш-жалаңаш жұмысшысы тән ел,— міне осы екі жақты, үш жақты, ұлттық, езгімен жаншылған ел пролетариаттың ұйымдасқан армиясының еліне айнала бастады.

Ларкин мен «ларкинизмге» қарсы Марфи буржуазияның крест жорығын жариялады. Жұмыстан шығару кезінде стачка туғызып, бүкіл күресті *уландыру* үшін әуелі 200 трамвайшыны жұмыстан шығарады. Транспорт жұмысшыларының одағы жұмыстан шығарылғандарды қайтаруды талап етіп, ереуіл жасайды. Марфи жұмысшыларға қарсы локауттар ұйымдастырады. Жұмысшылар стачкалармен жауап береді. Барлық салада айқас болады. Талас-тартыс күшейеді.

Ларкин — айта кетелік, ирланд азаттық қозғалысына қатысқаны үшін 1867 жылы өлім жазасын тартқан атақты Ларкиннің немересі — Ларкин митингілерде қызу сөздер сөйлейді. Ол сөзінде Ирланд «гомрулінің» ағылшын буржуазиялық дұшпандарының партиясы үкіметке қарсылық жасауға ашық шақырып отыр, революция арқылы қорқытып отыр, гомрульге қарулы қарсылық ұйымдастырып отыр, елді революциялық үндеулермен ешбір бөгетсіз бастырмалатып отыр деп те көрсетеді.

Бірақ реакционерлерге, *ағылшын* шовинистеріне, Карсонға, Лондондерриге, Бонар Лоуге (Ирландияны, қырқыстырып жатқан ағылшын Пуришкевичтеріне, ұлтшылдарына) рұқсат етілген нәрсе,— социалист-пролетарға рұқсат етілмейді. Ларкинді тұтқынға алады. Жұмысшы митингісіне тыйым салынады.

Дегенмен, Ирландия Россия емес. Жиналыстар бостандығына зорлық жасау барынша ашу-ыза туғызады. Ларкинді сотқа тартуға *тиіс*. Ал сотта Ларкин айыптаушыға айналып, іс жүзінде Марфидің өзін айыпкердің орындығына отырғызады. Ларкин куәларға жан-жақтан сұрақ қою арқылы өзін, Ларкинді, тұтқынға алудан бір күн бұрын Марфидің наместникпен ұзақ сөйлескенін дәлелдейді. Полиция Марфидің карауында деп мәлімдейді Ларкин,— ал Ларкинді ешкім теріске шығара алмайды.

Ларкинді кепілге босатады (саяси бостандықты бірден жоюға болмайды). Ларкин қайткен күнде де митингіде боламын деп мәлімдейді. Шынында да ол басқаша киініп келіп, жиын топта сөз сөйлей бастайды. Полиция оны танып қалып, ұстап алады, ұрып-соғады. Полицейлік шоқпардың екі күндік диктатурасы, жиын топты ұрып-соғу, әйелдер мен балаларды азаптау басталады. Полиция жұмысшылардың үйлеріне баса-көктеп кіреді. Транспорт одағының мүшесі жұмысшы *Ноланды* өлімші етіп сабайды. Екінші біреу жарадан өледі.

Бейсенбі күні, 4 сентябрьде (ескіше 22 августа), Ноланды жерледі. Дублин пролетарлары өздерінің жолдасының сүйегін 50 000 адам болып шеру тартып алып өтті. Полицейлік айуандар топты ызаландыруға батылы бармай, бой тасалады, сөйтіп тәртіп үлгілі болды. «Бұл — Парнельді» (ирланд ұлтшылдарының атақты көсемін) «жерлеудегіден әлдеқайда асқан ұлы демонстрация» деді бір ирланд қарт неміс тілшісіне.

Дублин оқиғалары Ирландиядағы жұмысшы қозғалысы мен социализмнің тарихында бет бұрыс пункт болады. Марфи ирланд жұмысшы одақтарын талқандаймын деп қоқан-лоққы жасаған еді. Ол тек ирланд ұлтшыл буржуазиясының Ирландия пролетариатына ықпал етуінің ең соңғы қалдықтарын ғана талқандады. Ол Ирландияда дербес, ұлтшыл соқыр сенімдерге жат, революциялық жұмысшы қозғалысының шынығуына жәрдемдесті.

Мұның өзі кәсіптік одақтардың (тред-юниондардың) Манчестерде 1 сентябрьде (ескіше 19 августа) ашылған конгресінде бірден байқалды. Мещандық рухы бар және бастықтардың алдында бас шұлғитын оппортунист-кәсіпшілердің қарсылығына қарамастан — Дублин оқиғалары делегаттардың жігерін тасытты. Дублин жұмысшыларының делегациясы овациямен қарсы алынды. Металлистер одағы Дублин секциясының председателі делегат Партридж полицияның Дублиндегі сорақы зорлық-зомбылықтарын айтып берді. Полиция үйге баса-көктеп кіріп келгенде бір жұмысшы қыз ұйықтағалы жатқан екен. Ол қорқып әжетханаға тығыла қойыпты.

Оны шашынан сүйреп алып шығыпты. Полицейлер мас болғанша ішіпті. Бұл «адамдар» (тырнақшамен айтқанда) он жасар ер балалар мен бес жасар сәбилерді ұрып-соққан!

Судьяның өзі бейбіт сөздер деп мойындаған сөздері үшін Партриджды екі рет тұтқынға алған. Мен, деді Партридж, жұрт алдында «Құдайтағала, жар бола гөр-ді» оқып берсем де, мені тұтқынға алатынына күмәным жоқ.

Манчестер конгресі Дублинге өз делегациясын жіберген. Ондағы буржуазия «ирланд жерінде ағылшындарға бітірер еш нәрсе жоқ»!—деп тағы да ұлтшылдық қаруға жармасқан (біздің Польшадағы, немесе Украинадағы, немесе еврейлер арасындағы буржуа ұлтшылдардың нақ өзі сияқты!). Бірақ ұлтшылдар, *бақытымызға қарай,* жұмысшыларға жүргізетін ықпалынан қазірдің өзінде айрылған*.

Манчестердегі конгресте көптен естілмеген сөздер естілді. Бүкіл конгресті Дублинге көшіру, сөйтіп бүкіл Англияда жаппай стачка ұйымдастыру ұсынылды. Кен жұмысшылары одағының председателі Смайли дублиндік әдістермен ағылшын жұмысшыларының бәрін революцияға баруға мәжбүр ететіндігін және олар қару ұстауға үйрене алатындығын мәлімдеді.

Ағылшын жұмысшы бұқарасы баяу, бірақ сенімді түрде, жаңа жолға — жұмысшы аристократиясының ұсақ пұрсаттылықтарын қорғаудан бұқараның өзінің қоғамды жаңаша құру жолындағы ұлы ерлік күресіне көшіп келеді. Ал осы жолда ағылшын пролетариаты өзінің жігері мен ұйымшылдығы арқасында социализмді қай жердегіден болса да тезірек және бекем жүзеге асырады.

*«Северная Правда» № 23,*
*29 август, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 5,*
*30 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Северная Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

---

* Ирланд ұлтшылдарының тарапынан Ларкин Ирланд тәуелсіз жұмысшы партиясын ұйымдастырады-ау, онымен Ирланд бірінші ұлттық парламентінде санасуға тура келеді-ау деген қауіп қазірдің өзінде естіле бастады.

## ЖЕР «РЕФОРМАСЫНЫҢ» ЖАҢА ШАРАЛАРЫ

Үкімет шаруалардың жер иелігіне қатысы бар заңның жаңа жобасын жасап шығарды. Хуторлық және отрубтық учаскелердің «бөлшектенуін» дереу «шектеу» көзделіп отыр. Помещиктер «ұсақ жер меншігін» бытыраудан, ыдыраудан және ұсақталып кетуден «қорғағысы» келеді.

Заңның мәнісі мынада: шаруалардың *орташа*, хуторлық және отрубтық, учаскелерін бөлшектеуге тыйым салынады. Мұндай учаскелер сатылғанда да, мұраға көшкенде де бір ғана меншік иесінің қолында қалуға тиіс. Басқа мұрагерлестер помещиктік жерге орналастыру комиссияларының нарқы бойынша ақшалай «төлем» алады.

Төлем ақшаны жерді залогке қалдырып, ерекше жеңілдік шарттармен шаруа банкі арқылы береді. Орташа (бөлшектенбейтін) учаскелердің мөлшері указдық үлес туралы 1861 жылғы крепостниктік заңдардың негізінде белгіленеді.

Бұл заң жобасының маңызы айқын. Помещиктер шаруа буржуазиясының пұрсаттылығы бар және капитализмнен қорғалған жер меншігін құрғысы келеді. Помещиктер өздерінің пұрсаттылығы мен крепостниктік жер иелігінің шайқалып тұрғанын сезіп, шаруа буржуазиясының саны жағынан өте аз, бірақ ең бай тобын өз жағына тартуға тырысып отыр. Мен сіздерге өз пұрсаттылықтарымнан аздап бөлісейін — дейді помещик кулактар мен байларға — мен сіздерге күйзелген шаруа-

лар бұқарасының есебінен баюға көмектесейін, ал сіздер мені осы бұқарадан қорғайсыздар, сіздер тәртіптің тірегі боласыздар. Жаңа заң жобасының таптық мәні осындай.

Үшінші июньдік, столыпиндік деп аталатын, жер жөніндегі саясаттың жалпы бағытымен сәйкестік бұл арада мейлінше толық. Бұл да сол бір помещиктік саясат, ал помещиктер, тап ретінде, бесінші жылдан кейін Россияда басқа саясатты жүргізе алмайды. Олар өздерінің пұрсаттылықтарын, тіпті өзінің өмір сүруін басқаша қорғап қала алмайды.

Демократия—жұмысшы демократиясы да, буржуазиялық демократия да (яғни көбінесе шаруалар)—таптық қатынастардың осы талассыз ақиқатын ұғынуға, одан сөзсіз қорытындылар шығаруға тиіс. Шаруа жерлерін *мобилизациялаудан,* яғни ол жерлерді еркін сату-сатып алудан қорқатын либералдар мен халықшылдар ұстап отырған чиновниктік көзқарастан артық ақымақтық және реакциялық ештеңе жоқ. Мысалы, «Речь» жаңа заң жобасы туралы екі бас мақаласында «ұсақ жер меншігін қорғау — қажетті құбылыс» деп мәлімдейді. Байқайсыздар ма, қырсықтың өзі, жер жөніндегі үшінші июнь саясаты «қатаң саяси құрал ретінде кенеттен» қабылданғандықта болып отыр-мыс.

Данасыған либерал саяси құралды помещиктердің пайдасына қолданғаны үшін помещиктердің көсемі Столыпинді соғуші «таптан жоғары» чиновниктің рөлінде көрінбек! Болмай қоймайтын тап күресінен жасырынбақ болған жалтақ тілек тап мүдделерінің тап саясатымен байланысы жөніндегі қыңқыл арқылы бүркемеленіп отыр. Столыпиннің *мұндай* дұшпандарын тек күлкі еткені таңданарлық нәрсе емес.

Либералдар (орыстың) мен халықшылдардың «ұсақ жер меншігін қорғау» деген сүйікті формуласы — реакциялық бос сөз. Жұмысшы табы шаруаларды қолдағанда бұлар демократиялық тұрғыдан бой көрсеткен кезде ғана, яғни қоғамдық даму мен капитализм дамуының мүдделері үшін, елді крепостниктердің езгісінен және олардың пұрсаттылықтарынан құтқару мүдделері үшін бой көрсеткен кезде ғана, тек солай еткен күнде

ғана қолдайды (және оларға басшылық етеді). Ал шаруа жерлерін мобилизациялауды шектеудің қандайы болсын, біріншіден, қисынсыз, капитализмді тоқтата алмайтын, бұқараның жағдайын тек нашарлататын, оның тұрмысын қиындататын, заңды орағытып кетуге мәжбүр ететін шара. Ал, екіншіден, бұл — іс жүзінде *пұрсаттылығы бар* ұсақ буржуаның шағын тобын, прогрестің нағыз падан және топас дұшпандарының тобын жасайтын шара.

Крепостник-помещиктердің таптық саясатына жұмысшы табы «таптан жоғары» рухтағы бос сөздерді емес, халықтың оннан тоғызы болып отырған басқа таптардың мүдделерін қарсы қояды. Ұсақ буржуазиялық бұқара ретінде шаруалар пролетариаттың дәйекті демократизмі мен помещиктердің қайыр-садақасы жөніндәгі, пұрсаттылықтарды олармен бөлісу жөніндегі үміттердің арасында әлі ұзақ толқитын болады.

Бірақ орыс помещиктерінің шаруаларды ауыр жағдайға қойып отырғаны соншалық, мұндай жағдайларда миллиондаған адамдардың аштыққа ұшырауының дағдылы екені сондайлық, кеудесінде жаны барлардың, өмірге қабілеттілердің және саналылардың бәрі кімнің соңынан еретіндігіне күмән болмасқа тиіс.

*«Наш Путь» № 4,*
*29 август, 1913 ж.*
*«Северная Правда» № 24,*
*30 август, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Северная Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

## КӨПЕС САЛАЗКИН ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ Ф. Д.

Көпес Салазкинніӊ сөйлеген сөзініӊ қоғамдық зор маңызы бар екені күмәнсыз. Дворян-помещиктің күңкілдеп, «сенім» туралы өтініш ететін, ал көпестің бас иіп, рақмет айтатын тарихи заманы, «алғашқы қорлану» заманы өтіп кетті.

Бұқара қозғалысынан өлердей қорыққан көпестің Столыпинге сүйсіне, елжірей қараған үшінші июньдік, контрреволюциялық заманның алғашқы кезеңі де өтіп кетті. Екінші кезең, жұмысшы өрлеуінің, «қоғамдық» жанданудың және көпестік либерализмнің кезеңі басталды.

Октябризм мен кадеттер партиясының арасында ортада тұрған осы либерализмге дұрыс баға беру тіпті ұсақ буржуазиялық демократияның өзіне де (оқиғалардың барысы нәтижесінде) барған сайын *таңыла түсіп отыр.* «Северная Правда» жуырда «Киевская Мысльдің» (қараңыз: «Северная Правда», № 9, 11 август*) либерализмнің демократиядан *бөлінуі* туралы, кадеттер либерализмінің — «прогрессистер» туралы айтпағанның өзінде — реакцияшыл ұлтшылдықпен жақындасуы туралы әділ пікірін келтірді.

Бірақ кейбір жазушылар, өзінің оппортунистік доктринасына шырмалып, тіпті ұсақ буржуазиялық демократиядан да артта қалып жүр. Бұл жазушылардың алдында, әрине, жойымпаз Ф. Д. келеді.

---

* Қараңыз: осы том, 406—409-беттер. *Ред.*

Салазкиннің сөзін бағалай келіп, Ф. Д. былай деп жазды («Новая Рабочая Газета», 23 август): Салазкинге қарсы байбалам салып отырған қаражүздіктердікі дұрыс, «бірақ елдің шұғыл қажеттерін қанағаттандыруға бюрократияның табиғи қабілетсіздігін көрсетуші солшыл (либералдық деп оқыңыз) баспасөздікі де дұрыс. Тек бір ғана «Россияникі» дұрыс емес».

«Салазкиннің сөзі,— деп жазды Ф. Д.,—радикалдық программаларды жақсы көргендіктен емес, қайта тәртіп пен заңдылықтың жоқтығынан туған сөз. Көпес бүлік шығарды... Ал осылай болған күнде, көпес радикалдық программаларға қаншалық дұшпандықпен қарағанымен, ол өзінің күштерін елдің негұрлым радикалдық топтарының күштерімен қосуға бүгін болмаса, ертең мәжбүр болады».

Ф. Д.-ның берген бағасы осындай. Ол либерализмді жұмысшылармен қосудан әрі бармайды.

Кереметт емес пе! Көпес күштерінің қаражүздік помещиктің күштерімен қосылуын Ф. Д. байқамайды. Салазкиннің үшінші июнь режимінің «негіздерін» жақтап, осы негіздердің шеңберінде Пуришкевичті ығыстырғысы келетінін ол байқамайды.

Ол, екінші жағынан, либералдардың және Салазкиннің *реформистік* позициясымен,—реформизмнің бейшаралық тар өрістілігіне жат жұмысшы табы позициясының арасындағы айырмашылықты байқамайды. Қазір демократияны либерализмнен елеулі түрде өзгешелеп отырған нәрсені жазушы Ф. Д. көрмей кеткен.

Ф. Д. *тек* бір нәрсеге *ғана:* либералдарды жұмысшылармен «қосуға» ғана көңіл аударады. Қызық... мамандық!

Ф. Д.-ның мақаласына — «жалпы европалық» тұрғыдан (Ф. Д. мен оның достары өздерінің европашылдығы туралы айтуды сондай сүйеді ғой...) — саяси документ деп қарап көріңізші. Сонда сіз мынаны көресіз: Ллойд Джордж бен «жұмысшы партиясының» барып тұрған оппортунистерінің позициясын (ағылшын өлшемінде);— немесе Комб пен Жорестің позициясын (француз өлшемінде);— немесе Берлиндегі солшыл либералдардың органы «Berliner Tageblatt»[119] пен Бернштейннің,

Кольб пен Фольмардың позициясын Ф. Д. толығынан жақтайды.

«Салазкиндердің күштерін елдің неғұрлым радикалдық жіктерінің күштерімен» «қосуға» әрекеттеніп отырған солшыл кадет үшін Ф. Д.-ның мақаласында қабылдауға жарамайтын ештеңе жоқ.

Марксист жұмысшыларға былай дейді: оппозициядан гөрі Пуришкевичтермен әлдеқайда жақын «қосылған» Салазкиндердің ауытқуын бейтарап қалдыра отырып, Салазкиндердің Пуришкевичтермен келіспеушіліктерін пайдаланыңыздар. Либерал жұмысшыларға былай дейді: Салазкиндер өз күштерін сіздердің күштеріңізбен қосуға мәжбүр болады.

Жазушы Ф. Д.-ның жалпы алғанда либералдардың, жеке алғанда Салазкин реформизмінің таптық тамырларын түсіндіруді ұмытқан себебі не? Ф. Д.-ның орыс жағдайларында көпес Салазкиндердің реформизмінің бүкіл қисынсыз, адам күлерлік, масқара тар өрістілігін көрсетуді де ұмытқан себебі не?

Мұның себебі өз табының мүдделеріне және өзінің прогрессистік, яғни жартылай октябристік, жарнамасына *сәйкес* көпес Салазкин тұрған реформизм тұрғысында, өзінің марксистік «жарнамасына» *қарамастан*, жазушының да тұрғандығынан емес пе екен?

*«Северная Правда» № 26,*
*1 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: Болар-болмас ымырашыл*

*«Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# МАРКСИЗМ ҮШІН КҮРЕС

Петербург жұмысшы баспасөзіне жиналатын жұмысшы қаржылары туралы мәселе соңғы уақытта газеттерде қызу талқыланды. Ал бұл мәселені мейлінше егжей-тегжейлі және байыпты талқылаудың сөзсіз қажетті екенін мойындау керек, өйткені бұл — орасан зор принциптік саяси маңызы бар мәселе.

Мәселе қалай қойылып отыр? Жойымпаздар («Новая Рабочая Газета») қаржыларды тең бөлуді жақтайды. Марксистер («Северная Правда») қаржылардың үлес қосып отырған жұмысшылардың дегені бойынша бөлінуін талап етеді. Белгілі бір газеттің бағыты қандай екенін талқылай келіп, қаржыларды *кімге* арнайтынын жұмысшылардың өздері шешуге тиіс.

Бұл мәселе жөніндегі бірінші *документте*, жойымпаздықты жақтаушы 22 выборгтіктің қарарында жай ғана былай делінген (қараңыз: «Новая Рабочая Газета», № 2, 9 август): «жұмысшы газеттерінің пайдасына қаржылар теңбе-тең негізде жиналсын». Сонан соң Нобель мен Путилов заводтары жұмысшыларының бір бөлегінің қарарларында (сонда №№ 6, 8, 9, 10) қаржыларды *үш* бөлімге: марксистерге, жойымпаздарға және халықшылдарға *тең* бөлу жақталып, іс жүзінде жүзеге асырылды. «Новая Рабочая Газетаның» редакциясы мұны үн-түнсіз мақұлдады да, Г. Р. мақаласында қорғады да (№ 9).

Керісінше, «Северная Правда» тең етіп бөлу — маркс-

измнің міндеттері мен мақсаттарына сәйкес келмейтін теріс тәсіл екенін дәлелдеді.

Қайталап айтамыз, әрбір саналы жұмысшы бұл мәселеге зейін қойып, оны өздігінен әбден түсініп алуға тиіс.

Тең бөлуді жақтаудың дәлелдері қандай? «Жұмысшы-марксистердің: барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер! деген қасиетті ұранына» сүйенеді.

Бұл ұран жұмысшы-марксистердің, айталық, маркстік партия мүшелерінің *буржуазиялық* партияларға еріп жүрген жұмысшылармен бірігуін талап ете ме? деген сұрақ туады. Аздап ойланып барып, әрбір жұмысшы талап етпейді дегенге келіседі.

Барлық елдерде де, тіпті ең алдыңғы қатарлы елдерде де, буржуазиялық партияларға еріп жүрген: Англияда либералдарға, Францияда «радикал-социалистерге», Германияда католиктер мен либералдық «халықтық» партияға, Италияда реформистік (ұсақ буржуазиялық) партияға және ал көрші Польшада тіпті ұсақ буржуазиялық ППС-ке («Поляк социалистік партиясына») дейін, т. т. еріп жүрген жұмысшылар бар.

Ұлы ұран жұмысшыларды пролетарлық, дербес, таптық партияға бірігуге шақырады, ал жоғарыда аталған партиялардың *бәрі* — пролетарлық *емес* партиялар.

Біздің халықшылдардың негізгі принципін алыңыз. Халықшылдардың жерге жеке меншікті жою және тең етіп бөлу бейне бір социализм немесе «социализация» болады дейтін көзқарасы тек қате және *буржуазиялық* көзқарас қана болып табылады. Маркс батыл *буржуазияшыл* экономистердің жерге жеке меншікті жоюды талап ете алатынын және талап еткенін әлдеқашан дәлелдеген болатын[120]. Мұның өзі — капитализмнің өрісін *кеңейтетін буржуазиялық* өзгеріс. Біз шаруаларды қолдағанда олардың жер үшін және бостандық үшін крепостник-помещиктерге қарсы күресінде *буржуазиялық* демократия ретінде қолдаймыз.

Бірақ жалдама жұмысшылардың пролетарлық ұйымының ұсақ буржуазиялық шаруа демократиясымен бірлігі марксизмнің ұлы ұранын мейлінше бұзу деген сөз. Мұндай бірлікке жету әрекеті әрқашан тез күйреу-

мен аяқталып, жұмысшы қозғалысына аса зор зиян келтірер еді.

Россияның тарихы (1905—1906—1907 жылдар) халықшылдарда солшыл шаруалардан басқа ешқандай бұқаралық, таптық, тіректің жоқ екенін және болуы да мүмкін емес екенін дәлелдеді.

Демек, жойымпаздар және олардың соңына ерген жұмысшылар марксизмнен кейін шегінді, *таптық* жолдан тайды, жалдама жұмысшылардың ұсақ буржуазиялық партиямен бейпартиялық бірлігі жолына түсті. Өйткені мұның өзі — жұмысшыны: пролетарлық партия қайсы, ұсақ буржуазиялық партия қайсы деп талғап жатпа, тең бөле сал! деп шақыратын нақ *бейпартиялық* бірігу*.

Бұқара «істің мәнісі неде екенін ажыратып жатпайды»,— деп жазды Г. Р. «Новая Рабочая Газетаның» 9-номерінде. Міне, сондықтан да бізге осы «ажыратып жатпайтын» бұқараның *санасын дамыту* үшін, оларға ажырата білу үстіне *ажырата білу* жөнінде *жәрдемдесу* үшін бізге байырғы, сыннан өткен маркстік газет керек.

Ал Г. Р. және сол тәрізді әдебиетшілер ұйымдасқан, маркстік бірігуге *қарсы* (екі партияны біріктіру туралы мәселені мүлде көтермей!) — «істің мәнісі неде екенін ажыратып жатпайтын бұқараға» сілтесе, онда мұның өзі бейпартиялықты *уағыздау* деген сөз, марксизмнен *шегіну* деген сөз, ұсақ буржуазиялық көзқарастар мен ұсақ буржуазиялық саясатты жасырын түрде өткізу деген сөз болады.

---

* Жойымпаздардың осы принципсіз уағызына кейбір жұмысшылардың қалай үн қосып отырғанын «Новая Рабочая Газетаның» 21-номерінде басылған мына қарар бойынша да пайымдауға болады:

«Мұндай шешімді (үш газетке тең етіп бөлуді...) біз қажетті және бірден-бір әділетті шешім деп білеміз: неге десеңіз, біріншіден, жұмысшы газеттері ретінде бұл үш газеттің үшеуі де жазалар мен қуғындауларға бірдей ұшырап отыр және, екіншіден, жұмысшылардың басым көпшілігі, бізде де, басқа жерлерде де, түрлі партиялық ағымдардың ерекшеліктерін әлі толық түсінген жоқ, сондықтан олардың біріне саналы түрде қосыла алмайды, бірақ олардың бәріне бірдей іш тарта қарайды».

Жойымпаздық газет халықшылдық газетті жұмысшы газеті деп санауға болатын-болмайтындығын және оны маркстік газетпен немесе тіпті жойымпаздық газетпен шатастырудың керегі бар-жоғын өз оқушыларына түсіндіруге, олардың оны түсінуіне мүмкіншілік беруге бір рет те әрекет жасаған жоқ. «Новая Рабочая Газета» марксистерге әйтеуір «қолайсыздық» жасау үшін, «стихияға» жармаса кетуді, түсінбегендердің соңынан салпақтауды артық көреді.

Осындай саясатымен жойымпаздар өздерінің жойымпаздар деп аталуын, яғни маркстік ұйымнан шегінушілер, оны қиратушылар деп аталуын ақтап отыр.

Екінші дәлел (Г. Р. мақаласын және «Новая Рабочая Газета» редакциясының 6-номердегі өзінің пікірін қараңыз) — бағыттар бойынша қаржы жинау жұмысшы газеттерін қуғындаушы «реакцияға қарсы бір ауыздан тойтарысты» бұзып жіберетін сияқты-мыс.

Әрбір саналы жұмысшы ойлана келіп, мұның өзі — демократия либералдардан бөлінсе «реакцияға қарсы бір ауыздылық» бұзылады дейтін ескі либералдық дәлел екенін көреді. Бұл буржуазиялық дәлел, барынша қате дәлел.

Жойымпаз Г. Р.-ның сендіруі бойынша: «істің мәнісі неде екенін ажыратып жатпайтын» бейпартиялық бұқара мысалдар арқылы тамаша үйренеді. Кімде-кім әлі өте қараңғы және сапасыз болса, ойлай және «ажырата» білмесе немесе оған ерінсе, ол адам қолды бір-ақ сермеп: «мен де паразымын, бәріне бірдей етіп бөле бер», дейді. Ал кімде-кім ойлай және «ажырата» *бастаса*, ол адам, *оның үстіне, платформалар жөніндегі айтысты*, яғни әрбір бағыттың өз көзқарастарын қорғауын тыңдауға барады, *неғұрлым* саналыларды тыңдай келіп, өзі де аздап үйренеді және немқұрайдылықтан, жұрттың бәріне бірдей іш тартудан газеттер жөнінде белгілі бір ақылға салынған көзқарасқа көшеді.

«Қандай жұмысшы болсын білуге және есте ұстауға тиісті» осы қарапайым ақиқаттардың бәрін жойымпаздар ұмытып кеткен. Жойымпаздар өздерінің «тең етіп бөле бер» деген *жоспары* арқылы: оларды бейпартиялықты уағыздаушылар деп, марксизмнен шегінушілер деп және «пролетариатқа буржуазиялық ықпал етуді» қорғаушылар деп *дұрыс* есептейтінін дәлелдеді (марксистердің 1910 жылғы январьдағы бір ауыздан қабылданған шешімін қараңыз).

Маркстік ұйым *саналы* жұмысшыларды реакцияға, капиталистерге, демократиялық буржуазияға (халықшылдар) және т. т. көзқарас туралы ортақ программамен, ортақ тактикамен, ортақ шешімдермен біріктіреді. Барлық осы *ортақ* шешімдерді — айта кетелік, *рефор-*

*мизмнің* сорақылығы меп құритындығы туралы 1908, 1912 және 1913 жылдардағы шешімдерді — марксистер қорғап, талмай жүзеге асырып келеді.

Партиялар туралы және ортақ тактика туралы айтыстар (әңгімелер, талқылаулар, таластар) қажет; оларсыз бұқара ыдырайды; оларсыз ортақ шешім *мүмкін емес*, ал демек, қимыл бірлігі де мүмкін емес. Онсыз «істің мәнісі неде екенін ажырататын» *жұмысшылардың* маркстік ұйымы *азады*, сөйтіп буржуазияның артта қалғандарға ықпал жүргізуі жеңілдейді.

Бағыттар бойынша қаржы жинауды, платформалар бойынша айтыса келіп қаржы жинауды қорғай отырып. Питердің таңдаулы жұмысшылары бейпартиялықты жақтаушыларға қарсы марксизм үшін күреседі.

Сондықтан біз жұмысшылардың әрқашан және барлық жерде қаржы жинаудың *тек* маркстік жүйесін және бұқараның *көзін ашатын* айтыстарды бар күш-жігермен қорғайтынына сенеміз.

*«Северная Правда» № 27,*
*3 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. Ильин*

*«Северная Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр*

# ДУБЛИНДЕГІ ШАЙҚАСТАН КЕЙІН БІР АПТА ӨТКЕН СОҢ

Жексенбі күні, 7 сентябрьде (ескіше 25 августа) — полицейлік шайқастан кейін дәл бір апта өткен соң — Дублин жұмысшылары ирланд капиталистері мен ирланд полициясының әрекеттеріне қарсы орасан зор наразылық митингісін өткізді.

Митингіні өткен жексенбі күні полиция тыйым салған митингі өткізілуге тиісті көшенің өзінде (О'Коннель көшесі) және тап сол жерде өткізді. Бұл — Дублинде митингілер өткізуге бәрінен де қолайлырақ және бәрінен де жиірек өткізіліп келген тарихи орын.

Полиция бой тасалап қалды. Көшелер жұмысшыларға толып кетті. Топ-топ халық, толық тәртіп болды. «Өткен жексенбіде — деп даусын көтере сөйледі бір ирланд-шешен — мұнда парасатсыз полицейлік шоқпар үстем болған еді, бүгін полицейлік шоқпарсыз парасат үстем болып отыр».

Англияда конституция *бар,*— сондықтан мас полицейлік солдаттарды екінші рет жұмсауға өкімет орындарының батылы бармады. Үш трибуна орнатылды да алты шешен, оның ішінде ағылшын пролетариатының өкілдері бар, халыққа қарсы қылмысты масқаралап, жұмысшыларды интернационалдық топтасуға, біріккен күреске шақырды.

Жиналыстар бостандығы мен коалициялар бостандығын талап ететін, сондай-ақ полицияның өткен жексенбідегі әрекеттері жөнінде — тәуелсіз адамдардың басшылығымен және барлық істің жария жүргізілетініне

кепілдік берумен — дереу тексеру белгілеуді талап ететін қарар бір ауыздан қабылданды.

Лондонда Трафальгар-Скверде ұлан-асыр митинг болды. Социалистер мен жұмысшылардың топтары өз туларымен келді. Көкейтесті мәселеге арналған түрлі суреттері мен жазулары бар көп плакаттар болды. «Үндемеңдер» деген жазуы бар қызыл туды сермеп тұрған полицейдің суреті бар плакатқа жиылған топ ерекше қол шапалақтады.

Шешендердің ішінен Англияның «либералдық» үкіметінің реакциялық үкіметтен ешбір кем соқпайтынын дәлелдеген Бен Тиллет пен полицияның Дублиндегі арсыз зорлық-зомбылықтарын толық баяндаған металлистердің дублиндік секретары Партридж ерекше көзге түсті.

Тағылым аларлық бір нәрсе: Лондон митингісінің де, Дублин митингісінің де басты ұраны коалициялар (одақтар) бостандығын талап ету болды. Мұның өзі әбден түсінікті. Жалпы айтқанда, Англияда саяси бостандықтың негіздері *бар,* конституциялық режим (тәртіп) *бар.* Жұмысшылардың коалициялар бостандығын талап етуі онда реформалардың — шұғыл қажетті және осы конституциялық тәртіп кезінде толығынан қол жететін (айталық, жұмысшыларды қауіпсіздендірудің ішінара реформасына Россияда қалай қол жетсе, дәл солай қол жететін) реформалардың бірі болып табылады.

Коалициялар бостандығы Англия мен Россия жұмысшылары үшін бірдей шұғыл қажетті. Англия жұмысшылары өздеріне қажетті саяси реформа ұранын әбден дұрыс қойып отыр, олар бұл реформаны жүзеге асыру жолын және Англия конституциясы жағдайында оның толық мүмкіндігін өте жақсы түсінеді (орыс жұмысшылары да қауіпсіздендіру заңын белгілі түрде өзгертулердің ішінара талабын қойса, дәл солай дұрыс істеген болар еді).

Ал Россияда саяси бостандықтың нақ осындай жалпы негіздері жоқ, бұл *негіздерсіз* коалициялар бостандығын талап ету тура адам күлерлік және бізде реформистік жолдың мүмкіндігі туралы оймен халықты алдайтын, дағдылы либералдық бос сөз ғана болып шығады. Либе-

ралдардың дәрменсіз және жалған реформизмін реформизмнің жалған үміттері жөнінде кінәлы емес жұмысшылардың дәйекті демократизміне қарама-қарсы қоймайынша Россияда коалициялар бостандығы үшін — жұмысшыларға да, бүкіл халыққа да нағыз шұғыл түрде қажетті бостандық үшін — күрес жүргізуге болмайды.

*«Северная Правда» № 27,*
*3 сентябрь, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 8,*
*3 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В.*

*«Северная Правда» газетінің*
*тексті бойынша басылып*
*отыр*

# САЯСАТТЫҢ ПРИНЦИПТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ЛИБЕРАЛ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ РЕФОРМИЗМ

Миллионер Салазкин Нижний Новгород жәрменкесінде кең саяси реформалар жасалуын өтініп, бүкіл россиялық көпестердің атынан сөз сөйледі. Өздерінің басқарма мүшелерінің тізімін жақтап 150 дауысқа дейін жинаған реформистер металлистердің үш мың адам қатысқан Петербургтегі жиналысында[121] қатты жеңіліске ұшырады.

Салыстыруды өзінен-өзі керек етіп отырған осы екі факті тіпті нағыз принципсіз адамдардың өзін қазіргі орыс саясатының принциптік мәселелеріне итермелейді. Барлық таптар ішіндегі толып жатқан адамдар Россиядағы саясатқа көңіл аударып отыр, бірақ саясат мәселелерін принципті түрде қоюдың маңызын ұғатындары көп емес. Бұл мәселелерге әрқашан ойластырылған, дәл, тұжырымды жауаптар беретін партиялардың маңызын біраздары ғана түсінеді. Ал партиялар белгілі бір таптармен байланысты болғандықтан, онда мұндай жауаптар бұқара арасындағы жұмыстың тәжірибесі негізінде беріліп, осындай жұмыстың әлденеше жылдары бойына тексеріледі.

Үшінші июнь системасын және ол жөніндегі өз міндеттерін мұнан 4$^{1}/_{2}$ жылдан аса уақыт бұрын бағалаған марксистердің жауаптары дәл осындай*. Барлық және әр түрлі салада осы жауаптар рухында нешеме жылдар бойы адал іс-қимыл жасап жүрген жұмысшылар мен

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер. *Ред.*

тиянақты жауаптың бәрінен қорқатын және аяғын басқан сайын реформизм мен жойымпаздыққа сырғып түсетін абыржыған интеллигенттердің арасын тұтас бір тұңғиық бөліп жатыр.

Марксистердің жойымпаздармен күресін байқай келіп, таластардың, жанжалдардың, өзара қырқыстардың, фракцияшылдықтың зияны туралы бейшаралық сөздермен сытылып кететін адамдарды есіркемеске болмайды... Ал мұндай адамдарға көптеген «марксист-сымақтар» және барлық «солшыл» халықшылдар жатады!

Буржуазияны принциптік жақтаушылар мен марксизмнің дұшпандары, «Речь» газетінің либералдары, жоғарыда көрсетілген фактілерге соқпай өте алмады. Олар редакциялық мақалада (№ 234) барлық жауыр болған бейшаралық сөздерді қайталайды — бірақ онымен де тынбайды.

Либералдар «большевиктердің жойымпаздармен күресі барлық жерде жүріп жатыр», «ол күрестің жұмысшы организмін түгелдей меңдегенін» мойындауға мәжбүр болып отыр.

Несі бар? Мұның кездейсоқ болуы мүмкін бе?

Жоқ...

«Түптеп келгенде елдің онан арғы дамуының барысы туралы мәселеге келіп тірелетін ірі принциптік алауыздықтар әлдеқашан-ақ білінген еді».

Ақыры аңғарды-ау! Марксистер мұны 1908 жылдың декабрінде түсіндірген еді, либералдар 1913 жылдың августында түсіне бастады. Ештен кеш жақсы.

«Реформалар жолы мүмкін бе,— деп жалғастырады либералдық газет,— немесе «реформалар реформизмнің тар өрістілігі атаулыдан мүлдем ада қозғалыстың қосымша нәтижесі ретінде ғана болуы мүмкін бе» (цитат «Северная Правдадан»). Міне, мәселе осылай қойылып отыр».

Нақ солай! Жойымпаздық туралы мәселе — марксизмнен бөлінуші бейпартиялық реформистер туралы мәселенің бір бөлегі ғана.

Бірақ либералдар, реформизмнің принциптік жақтаушылары, оны қалай қорғайды? Осыған көз жіберіп көрейікші.

«Әрине, реформалардың «қосымша нәтиже» ретінде ғана болу мүмкіндігі туралы пікірде метафизика мен фатализм көп. Реформаторларсыз және реформизмсіз, «қосымша нәтиже» ретінде болса да реформалардың да болуы мүмкін емес...»

Міне сізге ашулы сөздердің және жауаптан жалтару әрекетінің тағы бір үлгісі! Тарихи тәжірибе, Англияның, Францияның, Германияның, Россияның тәжірибесі, адамзаттың Европа мен Азиядағы күллі ең жаңа тарихының тәжірибесі: елеулі реформалар реформизмнің өрісі тарлығынан мүлдем ада қозғалыстың қосымша нәтижесі ғана болғанын көрсетіп отырғанда, метафизиканың бұл арада қандай қатысы бар?

Дәл сол тәжірибе реформизмге нақ дұшпан таптардың неғұрлым пәрменді әрекетпен көзге түскенін айқын көрсетіп отырғанда, фатализмнің бұл арада қандай қатысы бар?

Немесе, мүмкін, XIX ғасырдың соңғы үштен біріндегі либерал земствошылар мен буржуазияның әрекеттерінен гөрі XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы орыс жұмысшы табының әрекеттерінде «фатализм» әжептәуір көп болғаны ма? Сіздер өздеріңізді адам күлерлік етіп отырсыздар, либерал мырзалар!

Тап болған соң буржуазияның мүдделері мен оның реформизммен шектеліп қалуды көздеуі арасындағы байланысты,— жұмысшы табының жағдайы мен оның керісінше талпынуы арасындағы байланысты көрмейтін сіздер шынымен-ақ соншама надан болғандарыңыз ба?

Жоқ, мырзалар, сіздер жалпы алғанда реформизмнің жаман қорғаушыларысыздар! Бірақ, мүмкін, сіздер қазіргі Россиядағы реформизмді жақсырақ қорғайтын шығарсыздар?

«...Нағыз қарапайым реформаторларға,— деп жалғастырады «Речь»,— олардың күш-жігерінің бүтіндей әурешілік екенін әлденеше рет дәлелдеген қазіргі жағдай адамдардың ойын, әсіресе сезімін, реформизмді теріске шығаруға итермелейтінін мойындау керек».

Мәссаған безгелдек! Демек, тіпті реформизмді принциптік жақтаушылар, сіздердің өздеріңіз, тарихтың тәжірибесіне де, Россияның «қазіргі жағдайына» да су-

йене алмайды екенсіздер ғой. Бұл жағдайдың сіздерге қарсы екенін тіпті өздеріңіздің де мойындауларыңызға тура келеді екен ғой!

Егер, тарихтың тәжірибесіне қарамастан, «қазіргі жағдайдың» тәжірибесіне қарамастан, сіздер реформизмнің принципсіз позициясын ұстай берстін болсаңыздар, сіздер қандай метафизиктер және фаталистерсіздер, мырзалар,— немесе тар өрісті, пайдакүнем, қорқақ ақшалы қапшықтың қандай соқыр құлысыздар. Реформаларға өздеріңіз сенбесеңіздер де, сіздер іс жүзінде басқаның есебінен баюға ұмтылушы буржуазияны қорғап отырған жоқсыздар ма?

Россия жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды, Петербург металлистері, реформистер мен жойымпаздарды олардың өз ортасында өлтіре жеңді, бұл түсінікті. Либералдық және реформистік «Речьтің» деректері бойынша, реформист-жойымпаздар 2000 дауыстан 150 дауыс, яғни әрбір жүз дауыстан $7^1/_2$ дауыс алған. Мұның өзі,— IV Думаға жұмысшылардан сайланғаннан кейін, Питер мен Москвада жұмысшы баспасөзінің пайда болу тарихынан кейін,— жойымпаздардың абыржыған және жартылай либерал интеллигенттер ғана болып отырғанын, саналы жұмысшылар бұқарасы оларды батыл және үзілді-кесілді айыптап, олардан безіп отырғанын дәлелдеген үстіне дәлелдей түспей ме?

*«Северная Правда» № 28,*
*4 сентябрь, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 9,*
*4 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Наш Путь» газетінің текстімен салыстырылған «Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

## ЛИБЕРАЛДАР МЕН ДЕМОКРАТТАР ТІЛ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕ

Кавказ наместнигінің қаражүздік пиғылымен емес, қайта жалтақ «либерализмімен» көзге түсетін есебін газеттер талай рет атап көрсетті. Айта кететін бір нәрсе, бұл наместник әдейі орыстандыруға, яғни орыс емес шағын халықтарды орыстандыруға қарсы пікір айтады. Кавказда орыс емес шағын халықтар өкілдерінің *өздеріақ* балаларын орысша үйретуге тырысады, мысалы, орыс тілін оқыту міндетті емес армян шіркеу мектептерінде жағдай осылай.

Россияда ең көп тараған либералдық газеттердің бірі — «Русское Слово» (№ 198) осыны көрсете келіп, Россияда орыс тіліне дұшпандық көзқарас орыс тілін «әдейі» (зорлықпен деу керек еді) енгізудің салдарынан «ғана болып отыр» деген әділ қорытынды жасайды.

«Орыс тілінің тағдыры туралы абыржудың қажеті жоқ. Бүкіл Россияда ол өзін өзі-ақ танытады»,— деп жазады газет. Бұл дұрыс та, өйткені экономикалық айналымның қажеттері бір мемлекет ішінде тұратын ұлттарды (олардың бірге тұрмақ болып отырған кезінде) көпшіліктің тілін үйренуге әрқашан мәжбүр етеді. Россияның құрылысы неғұрлым демократиялық болған сайын, капитализм де соғұрлым күштірек, тезірек және кеңірек дами түседі, экономикалық айналымның қажеттері де түрлі ұлттарды жалпы сауда қатынастары үшін неғұрлым қолайлы тілді үйренуге соғұрлым көбірек итермелейтін болады.

Бірақ либералдық газет өзін өзі таяқтауға, өзінің либералдық дәйексіздігін дәлелдеуге асығады.

«Россия сияқты ұлан-ғайыр мемлекетте,— деп жазады ол,— жалпы мемлекеттік бір тіл болуға тиіс екеніне және мұндай тіл... тек орыс тілі ғана бола алатынына тіпті орыстандыруға қарсылардың ішінен де біреу-міреу қарсы бола қояр ма екен».

Теріс логика! Кішкентай Швейцарияда жалпы мемлекеттік *бір* тіл жоқ, қайта тұтас үш тіл: неміс, француз және итальян тілдері бар, бұдан ол ұтылып отырған жоқ, қайта ұтып отыр. Швейцарияда халықтың 70 проценті немістер (Россияда 43 проценті великорустар), 22 проценті французлар (Россияда 17 проценті украиндар), 7 проценті — итальяндар (Россияда 6 проценті поляктар, $4^1/_2$ проценті белорустар). Швейцарияда итальяндар жалпы парламентте көбіне французша сөйлейтін болса, олар мұны қайсыбір тағы полицейлік заңның (Швейцарияда ондай заң жоқ) таяғымен істеп отырған жоқ, қайта демократиялық мемлекеттің цивилизациялы азаматтарының өздері көпшілікке түсінікті тілді артық көретіндігінен ғана істеп отыр. Француз тілін итальяндар жек көрмейді, өйткені бұл — еркін, цивилизациялы ұлттың тілі, жексұрып полицейлік шаралардың таңып отырған тілі емес.

Ал енді бұдан анағұрлым ала-құла, керемет мешеу, «ұлангайыр» Россия тілдердің біреуі үшін қандай да болсын бір пұрсаттылық сақтап қалу арқылы өзінің дамуын неге *тежеуге* тиісті? Мұның керісінше емес пе, либерал мырзалар? Егер Россия Европаны қуып жеткісі келетін болса, онда ол қандай да болсын пұрсаттылық атаулының бәрін де мүмкін болғанынша тезірек, мүмкін болғанынша толығырақ, мүмкін болғанынша батылырақ жоюға тиісті емес пе?

Егер пұрсаттылық атаулының бәрі жойылса, егер тілдердің бірін зорлап таңу тыйылса, онда барлық славяндар бірін-бірі оңай, тез түсінуге үйренеді де жалпы парламентте әр түрлі тілдерде сөз сөйленеді екен деген «қорқынышты» пікірден үрейленбейтін болады. Ал сауда қатынастарының мүдделері үшін осы елдің қай тілін білу көпшілікке *тиімді* болса, сол тілді экономикалық

айналымның қажеттері өз-өзінен *анықтап береді.* Сонымен, әр түрлі ұлттардың халқы мұны неғұрлым ерікті түрде қабылдайтын болса, бұл анықтау соғұрлым берік болады, демократизм неғұрлым дәйекті болса, соның арқасында капитализм неғұрлым тезірек дамыса, бұл анықтау соғұрлым тезірек және кеңірек болады.

Либералдар, барлық саяси мәселелер сияқты, тіл мәселесіне де бір қолын (ашықтан-ашық) демократияға созып, екінші қолын (жасырын) крепостниктер мен полицейлерге созатын екіжүзді саудагерлерше қарайды. Біз пұрсаттылықтарға қарсымыз — деп даурығады либерал, ал жасырын түрде крепостниктерден өзіне біресе бір пұрсаттылықты, біресе екінші пұрсаттылықты саудалап алып отырады.

Либерал-буржуазиялық ұлтшылдық *атаулының бәрі* осындай,— великорус ұлтшылдығы ғана емес (өзінің зорлықшыл сипаты болғандықтан және Пуришкевич мырзалармен туыстығынан ол бәрінен де жаман), сонымен қатар поляк, еврей, украин, грузин ұлтшылдығы да, басқа ұлтшылдық атаулының бәрі де осындай. Австрияда да, Россияда да *барлық* ұлттардың буржуазиясы «ұлттық мәдениет» деген ұранды бетке ұстап, *іс жүзінде* жұмысшыларды бөлшектеуде, демократияны әлсіретуде, халық праволары мен халық бостандығын сату туралы крепостниктермен саудагерлік келісімдер жасауда.

Жұмысшы демократиясының ұраны «ұлттық мәдениет» емес, қайта демократизм мен бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті. Буржуазия қайдағы бір «позитивтік» ұлттық программалар арқылы халықты алдай берсін. Саналы жұмысшы оған былай деп жауап береді: ұлт мәселесінің бір ғана шешімі бар (өйткені капитализм дүниесінде, пайда тауып баю, қырқысу және қанау дүниесінде жалпы оны шешу мүмкін болғандықтан), ал бұл шешім — дәйекті демократизм.

Мұның дәлелі: батыс Европада ескі мәдениеттің елі— Швейцария, шығыс Европада жас мәдениеттің елі — Финляндия.

Жұмысшы демократиясының ұлттық программасы мынадай: бірде-бір ұлтқа, бірде-бір тілге тіптен ешқандай пұрсаттылық берілмесін; ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі туралы мәселе, яғни олардың мемлекеттік тұрғыдан бөлінуі туралы мәселе барынша еркін, демократиялық жолмен шешілетін болсын; ұлттардың біреуінің қандай да болсын пұрсаттылығын көздейтін, ұлттардың тең праволылығын немесе аз ұлттардың праволарын бұзатын шараның қандайын болса да (земстволық, қалалық, қауымдық, т. б., т. с.) заңсыз және күші жоқ деп жариялайтын, сонымен қатар мемлекеттің әрбір азаматы конституцияға қарсы шара болып табылатын мұндай шараның жойылуын, ал оны жүзеге асыра бастаған адамдарды қылмыскер ретінде жазалауды талап етуге праволы болатын жалпы мемлекеттік заң шығарылсын.

Әр түрлі буржуазиялық партиялардың тіл туралы, т. т. туралы мәселеден туатын ұлттық қырқысуына жұмысшы демократиясы мына талапты: *барлық* жұмысшы ұйымдарында, кәсіптік, кооперативтік, тұтынушылар, ағарту ұйымдарында және басқа да ұйымдарда *барлық* ұлттар жұмысшыларының сөзсіз бірлігі болу және толық қосылу талабын буржуазиялық ұлтшылдық атаулының қандайына болса да қарама-қарсы қояды. Тек осындай бірлік пен қосылу ғана демократияны қорғай алады, қазірдің өзінде-ақ интернационалдық болып отырған және барған сайын интернационалдық болып келе жатқан капиталға қарсы жұмысшылардың мүдделерін қорғай алады, адамзаттың пұрсаттылық пен қанаушылық атаулыға жат, жаңа тұрмыс укладына қарай даму мүдделерін қорғай алады.

*«Северная Правда» № 29,*
*5 сентябрь, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 12,*
*7 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Наш Путь» газетінің текстімен салыстырылған «Северная Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЦИФРЛАР ТІЛІ[122]

I

Жұртқа мәлім, бүкіл Россия бойынша фабрика-завод жұмысшыларының еңбек ақысы нақ бесінші жылы және бесінші жылдан кейін күрт өсті. Фабрикалық инспекторлардың есептері бойынша, Россиядағы фабрика-завод жұмысшысының орташа еңбек ақысы 1901—1905 жылдардағы бес жыл ішінде 206 сомға, ал 1906—1910 жылдардағы келесі бес жыл ішінде — 238 сомға тең болды.

Москва губерниясында жұмысшылардың еңбек ақысы Россия бойынша орташа еңбек ақыдан біраз төмен. Фабрикалық инспектор Козьминых-Ланиннің статистикасы бойынша, 1901—1905 жылдарда ол 201 сом болды, ал 1906—1909 жылдардағы келесі 4 жыл ішінде —235 сомға тең болды.

Сонымен, бесінші жылдың арқасында Москва жұмысшыларының еңбек ақысы орта есеппен 1 жұмысшыға — *34 сом,* яғни 17 процент дерлік өсті. Москва губерниясындағы фабрика-завод жұмысшыларын 300 мыңнан 350 мыңға дейін деп есептегенде, барлық жұмысшылардың *жылдық* ұтысының сомасы *11 миллион сом* болады.

Біз 1905 жылғы стачкаларда жұмысшылар шеккен құрбандықтар жұмысшылардың экономикалық жағдайының елеулі түрде жақсаруы арқылы өтелгенін көреміз.

Ал, 3 июнь системасы, яғни контрреволюциялық (революцияға қарсы) система жеңгеннен кейін жұмысшы-

лардың бірқатар жеңістері қайта тартып алынса да, капитал еңбек ақыны бәрібір бұрынғы төмен дәрежесіне түсіре алмады. Москва губерниясында 1901 жылдан 1905 жылға дейін жұмысшылардың еңбек ақысы жылына 200 сомдай болып, әр жылда 197 сомнан (1902 жыл) 203 сомға дейін (1905 жыл) ауытқып отырды. 1906 жылы, бесінші жылдың нәтижелері алғаш білінген кезде, еңбек ақы 228 сомға дейін, сонан соң 1907 жылы 237 сомға дейін көтерілді, 1908 жылы аздап төмендеді ($236^1/_2$ сом), 1909 жылы тағы да 237 сомға жетті.

Цифрлар мынаны көрсетеді: 1905—1906 жылдардың жетістіктері болмағанда жұмысшылар мүлде адам төзгісіз қайыршыланатын еді, өйткені тұрмыстың қымбатшылығы соңғы он жыл ішінде барған сайын өсіп келеді.

II

Москва губерниясының ірі фабрикаларында жұмысшылардың еңбек ақысы, жалпы алғанда, ұсақ фабрикалардағыдан жоғары. Мысалы, біздің губернияның фабрика-завод жұмысшыларының жалпы санының 68 проценті, яғни үштен екісінен артығы болып табылатын тоқымашылардың орташа жылдық еңбек ақысы 1909 жылы мынадай болды:

| | Сом | % есебімен |
|---|---|---|
| 1000-нан астам жұмысшысы бар фабрикаларда | 219 | 100 |
| 501—1000 » » | 204 | 93 |
| 101— 500 » » » | 197 | 90 |
| 51— 100 » » » | 188 | 86 |
| 21— 50 » » » | 192 | 88 |
| 20 және одан кем » » | 164 | 75 |
| *Барлығы* | 211 | 96 |

Фабрика неғұрлым ірі болса, жұмысшының еңбек ақысы да соғұрлым жоғары. Металлистерден де тап осыны көреміз. Ірі фабрикада жұмысшылардың бірігіп, капиталға тойтарыс беруі, өз талаптарын бірлесіп қорғауы оңайырақ. Ұсақ фабрикалар мен шеберханалардың жұмысшылары өздерінің алдыңғы қатарлы жолдаста-

рын қуып жету үшін одақтарға (кәсіптік, ағарту, кооперативтік және басқаларына) ынтыға бірігіп, өздерінің жұмысшы газетінің төңірегіне тығызырақ топтасуға тиіс.

Ірі фабрикаларда жұмысшылардың көбірек топтасқандығы арқасында — мұнда жұмысшылардың стачкалары да оңайырақ ұйымдастырылып, табыстырақ өтеді. Ірі фабрикалар 1905 және 1906 жылдардағы стачкалық қозғалысқа ұсақ фабрикалардан гөрі көбірек қатысты.

Осыған орай біз мынаны көреміз: ең ірі фабрикалардың жұмысшылары бұл жылдардағы стачкалардан ұсақ кәсіпорындардың жұмысшыларына қарағанда *көбірек ұтып* шықты. Москва губерниясындағы барлық өндірістердің жұмысшылары жөніндегі деректер мынадай:

| Жұмысшыларының санына қарай фабрикалардың разрядтары | 1 жұмысшының орташа жылдық еңбек ақысы | | |
|---|---|---|---|
| | Бес жыл ішінде (1901—1905) | Төрт жыл ішінде (1906—1909) | Сом есебімен артуы |
| 1 000-нан астам адамы барлары | 196 | 234 | +38 |
| 501 – 1 000 » » | 186 | 231 | +45 |
| 101 – 500 » » | 211 | 238 | +27 |
| 51 – 100 » » | 215 | 240 | +25 |
| 21 – 50 » » | 216 | 241 | +25 |
| 20 және одан кем » | 193 | 207 | +14 |
| *Барлығы* | 201 | 235 | +34 |

Бұл цифрлар жөнінде ең алдымен мынаны: ұсақ фабрикаларға қарағанда ірі фабрикаларда еңбек ақыны артық ететін, жоғарыда келтірілген ережеден ерекшелікті (сырт қарағанда) түсіндіру керек. Мәселе мынада, металлистер, баспаханашылар және басқа бірқатар жұмысшылар тоқымашылардан әлдеқайда артық табады (211 сомға қарағанда 360 сом, 310 сом және т. с.). Ал ең ірі фабрикаларда жұмысшылардың жалпы санындағы тоқымашылардың *үлесі* орташа және ұсақ фабрикалардағыдан едәуір артық. Осыдан келіп, ерекше нәрсе сияқты болып көрінетін жағдай шығады: орташа және ұсақ фабрикаларда еңбек ақы ірі фабрикаларға қарағанда артық сияқты көрінеді.

Бесінші жылдан кейін ірі және ұсақ фабрикаларда еңбек ақының көбеюі жөнінде біздің қандай қорытындымыз бар?

Ірі фабрикаларда (500 және одан артық жұмысшысы бар) бұл өсім жылына шамамен 40 сомдай болады, яғни бір сомға 20 тиыннан келеді.

21-ден 500-ге дейін адамы бар орташа және ұсақ фабрикаларда өсім 25 сомдай болады, яғни бір сомға 12 тиынға жуық келеді.

Ең ұсақ фабрикаларда (20 және одан аз адамы бар) өсім не бары 14 сом, яғни бір сомға 7—8 тиыннан келеді.

Сонымен, ірі фабрикалардағы жұмысшылардың анағұрлым жігерлі және ұйымшыл стачкалық күресі нәтижесінде жалақының өте-мөте көбеюіне қол жеткен. Ұсақ фабрикалардың жұмысшылары одақтарга бірігe отырып, бұл жөнінде ірі фабрикалардың жұмысшыларымен теңесе алатынын біз жоғарыда айтып өттік.

III

Жұмысшылардың бесінші жылғы стачкалық күрестен ие болған жетістіктері жалақының көбеюінен ғана көрінген жоқ. Оның үстіне, жалпы алғанда, жұмысшының барлық жағдайы жақсара түсті.

Жұмысшылар жағдайының осылай жақсаруының дәл мөлшерін цифрлармен көрсетуге болмайды, бірақ әрбір жұмысшы 1905—1906 жылдары осы жақсаруды жақсы түсінді және сезді де.

Фабрикалық инспектор Козьминых-Ланиннің деректері тек бесінші жылдың жұмысшыларға *штраф салуға* тигізген әсерін анықтауға ғана мүмкіндік береді. Жұмысшыларға штраф сала отырып, капиталист өзіне судьяның ролін алады. Сондықтан жұмысшылар жөнінде әрқашан ерекше көп болатын зорлық-зомбылық, ал кейде тіпті жұмысшыларды тікелей қорлау штрафтарға байланысты. Әрине, жұмысшылар әрқашан штрафтарды *жоюды,* капиталистерден өзінің меншікті ісінде судья болу правосын алуды талап етеді.

Москва губерниясының барлық жұмысшыларына штраф салу туралы әр жылдың деректері мынадай:

| Жылдар | Орта есеппен 1 жұмысшыға келетін штраф тиын есебімен |
|---|---|
| 1901 | 30 |
| 1902 | 27 |
| 1903 | 27 |
| 1904 | 29 |
| 1905 | 17 |
| 1906 | 12 |
| 1907 | 15 |
| 1908 | 18 |
| 1909 | 21 |

Біз бұл арада штрафтардың сомасын жұмысшылардың қалай айтарлықтай «қысқартқанын» көріп отырмыз. 1905 жылға дейін штрафтар бір жұмысшыға 27 тиыннан 30 тиынға дейін келетін.

Бесінші жыл туады. Штрафтар бірден екі еседей: 17 тиынға дейін төмендейді. Бесінші жылдың нәтижелері 1906 жылы онан сайын айқын көрінеді: штрафтар 12 тиынға дейін төмендейді.

Революция өтеді. Капиталистер батылдана түседі. Штрафтар тағы да—15—18—21 тиынға дейін көтеріледі.

Бірақ тіпті 1909 жылдың өзінде,— бұл жыл мүлде меңіреу, ең ұзақ толастау жылы болған,— капиталистер штрафтарды бұрынғы, сорақы, деңгейіне дейін көтере алмайды. Пуришкевичтің алдында капиталист қаншалық жалбақтаса да, бәрібір екі «айрылмас дос» ескілікке кері орала алмайды: *Россиядағы жұмысшы енді бұрынғы жұмысшы емес.* Россиядағы жұмысшы енді біраз нәрсені үйреніп қалған!

Егер штрафтардың сомасын жұмысшылардың еңбек ақысының сомасымен салыстыратын болсақ — ал мұндай салыстыру қажет, өйткені жиырма тиынды бір сомдық еңбек ақыдан төлеу мен біржарым сомдық еңбек ақыдан төлеу бірдей емес,— онда жұмысшылардың бесінші жылғы жеңісі онан сайын айқын көрінеді.

Жұмысшылардың орта есеппен алынған 100 сом еңбек ақысына жылына тиын есебімен штрафтар мынадай болып келді:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1901 жылы | 15 | 1906 жылы | 5 |
| 1902 » | 14 | 1907 » | 6 |
| 1903 » | 13 | 1908 » | 8 |
| 1904 » | 14 | 1909 » | 9 |
| 1905 » | 9 | | |

Демек, бесінші жылдың нәтижесінде Москва губерниясының жұмысшылары сорақы штрафтарды *үш есе* қысқартуға жетті. Штрафтарды толық жоюға да жететіп болады.

IV

Қорытындыда Москва жұмысшылары еңбек ақысының қандай үлесін қолма-қол ақшалай алатыны туралы мәселеге аздап тоқтала кетейік.

Бұл жөнінен Москва жұмысшыларының жағдайы ауыр. 1909 жылы олар барлығы 73 миллион сом жалақы алды; оның $61^1/_2$ миллион сомы, яғни 84,2 проценті ақшалай қолға берілді. Ақының оннан бір болігіндей, 7,2 миллион сомы, фабрикалық дүкендердің азық-түліктері және товарлары түрінде берілді. Ақының бұл түрі жұмысшыларды қожайындарға крепостниктік тәуелділікке түсіріп, қожайындарға «үстеме пайда» береді.

Бұл жөнінде мақта өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылардың жағдайы өте-мөте нашар: табыстың бестен бір бөлігінен астамы (28,8 миллион сомның 5,9 миллион сомы) азық-түлік түрінде берілген. Егер жұмысшылардың еркін жұмысшы кооперативтеріне қолы жеткен болса, онда капитал құлдарының жүз мыңдаған сомының сақталуы былай тұрсын, оның үстіне *қожайын* дүкендеріне жартылай крепостниктік тәуелділік те жойылған болар еді.

Сонан соң, жалақының $3^3/_4$ миллион сомы (5 проценттін) жұмысшылардың тұтыну қоғамдарының дүкендерінен, т. б. алған өнімдердің төлеміне кетті. Ақырында, жалақының 680 мың сомы (0,9 проценті) қожайындар-

дың азық-түлігімен тұратын жұмысшылардың тамақтануына жұмсалды.

Жұмысшыларды мыңдаған түрлі крепостниктік сипаты бар жеке тәуелділікке душар ететін ақының мұндай түрі жібек пен зығыр, одан кейін тамақ пен мал өнімдерін өңдеу өндірістерінде едәуір көп сақталған.

Бесінші жылдың жалақы формаларына тигізген әсеріпе келетін болсақ, онда бұл жөнінде ешқандай дерлік жеңіске қол жетпеген. 1901 жылдан бергі деректер мынадай:

| Жылдар | Жұмысшылар еңбек ақысының барлық сомасы (млн. сом есебімен) | Оның ішінде төленгені (% есебімен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ақшалай берілгені | Фабрика дүкенде-рінің товарлары түрінде | Тұтынушылар қоғамдарынан алынғаны | Жұмысшыларды қожайынның азық-түлігімен тамақтандыру арқылы |
| 1901 | 53 | 81,4 | 8,9 | 7,3 | 2,4 |
| 1902 | 54 | 81,5 | 9,1 | 7,0 | 2,4 |
| 1903 | 57 | 83,0 | 8,3 | 6,6 | 2,1 |
| 1904 | 55 | 82,7 | 9,0 | 6,5 | 1,8 |
| 1905 | 57 | 82,8 | 9,2 | 6,5 | 1,5 |
| 1906 | 64 | 85,1 | 7,6 | 5,8 | 1,5 |
| 1907 | 71 | 83,8 | 9,4 | 5,3 | 1,5 |
| 1908 | 73 | 82,9 | 10,4 | 5,2 | 1,5 |
| 1909 | 73 | 84,2 | 9,8 | 5,1 | 0,9 |

1905 жылдан кейін ақшалай төлеу мүлде болмашы мөлшерде ғана артқан. Сондай-ақ, қожайындардың азық-түлігімен жұмысшыларды тамақтандыру жүйесі де аз қысқарған. Қайта, фабрикалық дүкендер арқылы төлеу тіпті біраз артып кеткен.

Жалпы және тұтас алғанда, жағдай бұрынғысынша жаман күйінде қалды. Москва жұмысшыларының қолға ақшалай төлетуге күш салып, фабрикалық дүкендерді жұмысшылардың еркін тұтынушылар қоғамдарымен ауыстыруы жолында күресуіне тура келеді.

*«Наш Путь» №№ 13 және 14; 8 және 10 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И л ь и н*

*«Наш Путь» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# БУРЖУА МЫРЗАЛАР «ЕҢБЕК» ЕГІНШІЛІГІ ТУРАЛЫ

Киевтегі ауыл шаруашылығы съезінде, бүкіл Россияның 1000 помещигі алдында, профессор Косинский мырза «еңбек шаруашылығының» егіншіліктегі жеңісін дәлелдей отырып, бірінші баяндама жасады.

«Еңбек» шаруашылығы туралы мәселе — егіншіліктегі капиталистік қатынастарды анықтау үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Оның үстіне, Россияда халықшылдардың (оның ішінде «солшылдардың») буржуазиялық партиясы бар, бұл партия бәрінен гөрі нақ осы «еңбек» шаруашылығын көбірек айтып, өзінің социалистік сипатына жұмысшыларды сендіруге тырысып отыр. Сондықтан әрбір саналы жұмысшының «еңбек» шаруашылығының не екенін түсініп алуы қажет.

Буржуазиялық профессор Косинский мырза, тіпті ешқандай деректер келтірмей-ақ, шаруа шаруашылығы өсіп келеді, ал жалдама еңбекті қанап отырған ірі шаруашылықтар ыдырап, құрып барады деп сендірді. Осы тұста профессор мырза

«шаруа шаруашылығының үш түрін ажыратып берді: 1) парцеллалық (тым кішкене) шаруашылықтар, шаруа бір жерде фабрикада істейді, ал үйінде, деревняда, тек усадьбасы мен огороды бар, огородты өңдеу оның табысын аздап қана толықтырады; 2) күн көрістік шаруашылықтар — шаруаның әлгіден едәуір үлкен жері бар, бірақ оны өңдеу семьясының барлық қажеттерін өтеуге жеткіліксіз; сондықтан семья мүшелерінің біразы басқа жерде істейді; 3) еңбек шаруашылықтары — шаруаның семьясы түгел жұмыс істейтін, толық шаруа шаруашылығы. Аграрлық эволюция (даму) күн көрістік шаруа-

шылықтарды жоюға, оларды еңбек шаруашылықтары мен парцеллалық шаруашылықтардың ығыстырып шығаруына әкеп соғады. Негізінен еңбек шаруашылықтарының болашағы қамтамасыз етілген. Олардың жерінің орташа мөлшері орыс өлшемімен 50 десятинадай. Еңбек шаруашылығының салтанат құруы деревняны тіптен де пролетарландырмайды» («Киевская Мысль» № 242).

Халықшылдар қабылдаған «еңбек» егіншілігінің буржуазиялық теориясының негіздері деген міне осы. Саяси экономиямен аздап болса да таныс әрбір жұмысшы буржуа мырзаның парцеллалық немесе тым кішкене шаруашылықтар деп *пролетарлық*, батырақтық шаруашылықтарды, *жалдама* жұмысшылардың «шаруашылықтарын» атайтынын бірден-ақ аңғарады.

Ол, сірә, «күн көрістік» шаруашылықтар деп көбінесе айырбастық, саудалық емес, қайта натуралдық (өзіне тамақ табатын) ұсақ шаруа шаруашылықтарын атайтын болу керек. Бұл шаруашылықтардың ығыстырылатынын мойындай отырып, біздің санасы төмен буржуазиялық профессор мүнысымен капитализмнің жеңісін, айырбастың өсуін және ұсақ шаруашылықтың ығыстырылуын мойындайды. *Қандай* шаруашылықтар ығыстырады? Біріншіден, пролетарлық шаруашылықтар ығыстырады. Мұның өзі пролетарландыру деп аталады, санасы төмен профессор мырза! Екіншіден, орташа мөлшері 50 десятинадай —«еңбек» шаруашылықтары ығыстырады.

Маған санасы төмен профессор мен оның эсер (халықшыл) шәкірттеріне «еңбек» шаруашылықтары дегеніміздің өзі *ұсақ буржуазиялық, капиталистік* шаруашылықтар екенін дәлелдеу ғана қалып отыр.

Капитализмнің басты белгісі қандай? — Жалдама еңбекті қолдану. Біздің профессорлар мен эсерлердің бұл ақиқатты білетін уақыты жеткен сияқты.

Шаруа шаруашылығындағы жалдама еңбек туралы европалық, ғылыми статистика бізге не дейді? Ол мынаны айтады: 50 десятиналық шаруашылықтар ғана емес, тіпті *10 гектардан аса* жері бар (гектар = бір десятинадай) шаруашылықтардың өзі де *көп жағдайда* жалдама еңбексіз тұра алмайды!

*Германия.* 1907 жылғы соңғы санақ. 10—20 гектар жері бар шаруашылықтардың саны —412 741. Олардағы жалдама жұмысшылар — 711 867. Тіпті 5—10 гектар жері бар шаруашылықтардың 652 798 шаруашылыққа 487 704 жалдама жұмысшысы бар. Басқаша айтқанда: тіпті бұларда да жалдама жұмысшылардың саны шаруашылықтар санының жартысынан артық. Ал ұсақ шаруалардың қыруар көп жағдайда бір жалдама жұмысшыдан артық жұмысшы ұстамайтынын әркім-ақ біледі.

*Австрия.* 1902 жылғы соңғы санақ. 10—20 гектар жері бар шаруашылықтардың саны — 242 293. Олардың ішінде жалдама жұмысшысы барлары *көпшілік* — 142 272, яғни $^3/_5$ бөлігі дерлік. Қоса айта кетелік, Австрия — капитализмінің дамуы жөнінде Германиядан әлдеқайда артта қалған ел. Австрияның бүкіл егіншілігінде жалдама жұмысшылардың проценті (14 процент) герман егіншілігіндегіден (30 процент) *екі есе* төмен.

*Швейцария.* 1905 жылғы соңғы санақ. 10—15 гектар жері бар шаруашылықтардың саны— 19 641. Олардың ішінде жалдама жұмысшысы барлары 11 148, яғни *көпшілік.* 5—10 гектар жері бар шаруашылықтардың жалдама жұмысшысы барлары Швейцарияда 36 процент шамасы, Австрияда 33 процент.

Халықшылдар соңынан ерген және «күн көрістік» шаруашылықтарды, біріншіден, пролетарлық шаруашылықтардың, екіншіден, «еңбек» шаруашылықтарының ығыстырғанын *мойындай отырып,* жалдама жұмысшылары бар шаруашылықтарды осы тәтті сөзбен атай келіп, деревняның пролетарлануын *теріске шығарып* отырған буржуазиялық профессордың шексіз надандығын немесе мүлде ұятсыздығын осыдан-ақ аңғаруға болады!

Капитализм тұсындағы «еңбек» егіншілігінің табыстарын дәріптейтіндердің бәрі (оның ішінде біздің солшыл халықшылдар да) жұмысшыларды алдаушы буржуа. Алдаудың мәнісі, біріншіден, буржуазияны боямалап көрсетуде. Жалдама еңбекті қанаушы «еңбекші»

қожайын деп аталады! Алдаудың мәнісі, екіншіден, орасан көп пролетарлық шаруашылықтар мен болмашы азшылық капиталистік шаруашылықтардың арасындағы терең айырманы көмескілеуде.

Буржуазияның мүдделері капитализмді боямалауды және таптық терең айырманы көмескілеуді талап етеді. Пролетариаттың мүдделері капитализмді және жалдама еңбекті қанауды әшкерелеуді талап етеді, таптық айырманың тереңдігіне бұқараның көзін жеткізуді талап етеді.

1907 жылғы санақ бойынша, герман егіншілігіндегі таптық терең айырма туралы қысқаша деректер мынадай. Барлық шаруашылық — 5,7 миллион. Бұлардың ішінен пролетарлық шаруашылықтар (2 гектарға дейін жері бар) — 3,4 миллион. Бұл «қожайындардың» басым көпшілігі — ұлтарақтай жері бар *жалдама жұмысшылар.*

Бұлардан кейін келетіні ұсақ шаруашылық (2—5 гектар; 1,0 миллион шаруашылық). Бұл — ең кедей шаруалар. Бұлардың жартысынан азы (495 мың) — қосымша кәсібі *жоқ* дербес егіншілер. Көпшілігі қосымша кәсіпке мұқтаж, яғни өзінің жұмыс күшін сатуға мұқтаж. Бұл шаруалардың пролетариатқа қосылуы бәрінен де гөрі жеңіл.

Оларды біріктіріп *1-топқа* қосалық: пролетарлық және ұсақ шаруа шаруашылықтары.

2-топ: орта шаруа шаруашылықтары (5—10 гектар). Бұлардың едәуір көпшілігі жалдама жұмысшыларды қанайды, біз мұны көрдік. Орта шаруа дегеніміз — пролетариат пен буржуазияның арасында ауытқушы ұсақ буржуа.

3-топ — қалған шаруашылықтар, яғни капиталистер (20 гектар және одан көп жері барлар) мен ірі шаруалар (10—20 гектар жері барлар). Ірі шаруалардың *көпшілік бөлігі* жалдама жұмысшыларды қанайтынын біз көрдік.

Сонымен, 1-топ: пролетарлық және ұсақ шаруа шаруашылықтары; 2-топ: орта шаруа шаруашылықтары; 3-топ: ірі шаруа және таза капиталистік шаруашы-

лықтар. Бұл топтардың қанша жері мен малы бар екеніне көз салып көрелікші:

| Топтар | Олардағы (миллион есебімен) Шаруашылықтардың саны (млн.) | Жұмысшылар | Жер (гектар есебімен) | Мал (ірі қараға шаққанда) | Машиналар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-топ | 4,4 | 7,3 | 5,0 | 7,0 | 0,2 |
| 2-топ | 0,6 | 2,5 | 4,6 | 5,1 | 0,4 |
| 3-топ | 0,7 | 5,4 | 22,2 | 17,3 | 1,2 |
| *Барлығы* | 5,7 | 15,2 | 31,8 | 29,4 | 1,8 |

Қазіргі егіншіліктің, профессорлық емес, халықшылдық емес, бірақ оның есесіне шын бейнесі міне осындай. Жердің, малдың, машиналардың *көпшілік бөлегі*— болмашы азшылықтың (5,7-ден $^{1}/_{8}$ — 0,7-ден аздауы) капиталистер мен буржуа-шаруалардың қолында. *Орасан көп* «қожайындардың» (5,7 миллионның 4,4 миллионы) 1 шаруашылыққа екіден аз жұмысшысы, екі десятинадан аз жері, екіден аз малы бар. Бұлар — қайыршылар. Бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінде бұлардың үлесі болмашы ғана. Капитализм тұсында аман қалу мүмкіншілігіне сендіріп, оларды әншейін алдап жүр.

Түрлі топтардағы еңбек өнімділігін салыстырыңыз (ягни 1 десятина жерге, 1 бас малға неше жұмысшыдан келеді), сонда сіз ұсақ шаруашылықта еңбектің адам айтқысыз ыдырап, ысырап болып жүргенін көресіз. Ал барлық машина түгелдей дерлік капиталистердің қолында, оларда еңбек өнімділігі де жоғары.

Түрлі топтардағы малдың санын жердің (соның ішінде шабындықтардың, жемшөптік алқаптың және басқалардың) көлемімен салыстырыңыз. Сонда сіз ұсақ шаруашылықта малдың аш болатынын, ал ат төбеліндей жоғарғы топта капиталистік «керемет табыс» бар екенін көресіз.

Марксистер бұқараның мүдделерін қорғай отырып, шаруаларға: пролетарлық күреске қосылмайынша, сіздерге аман қалу жоқ деп түсіндіреді. Буржуа-профес-

сорлар мен халықшылдар капитализм тұсындағы «еңбекші» ұсақ егіншілік жайындағы ертегілермен бұқараны алдап отыр.

*«Наш Путь» № 15,
11 сентябрь, 1913 ж.
«Правда Труда» № 4,
14 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин*

*«Правда Труда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр*

## ГАРРИ КВЕЛЧ

Сәрсенбі күні, 17 сентябрьде (ескіше 4 сентябрьде), Лондонда, ағылшын социал-демократтарының көсемі Гарри Квелч (Quelch) жолдас қайтыс болды. Ағылшын социал-демократтарының ұйымы «Социал-демократиялық федерация» деген атпен 1884 жылы құрылған болатын. 1909 жылдан ол «Социал-демократиялық партия» деп атала басталған, ал 1911 жылдан, оған кейбір жеке социалистік топтар қосылғаннан кейін,—«Британ социалистік партиясы» деп аталған.

Гарри Квелч ағылшын социал-демократиясының ең жігерлі және шын берілген қызметкерлерінің бірі еді. Ол жұмысшы табының социал-демократиялық, партиялық ұйымының ғана емес, сонымен бірге кәсіптік ұйымының да қайраткері болды. Баспаханашылар кәсіптік одағының лондондық бөлімі оны бірнеше рет өзінің председателі етіп сайлады. Ол, сондай-ақ, «Қолөнер советі» («Trades Council») кәсіптік одақтарының Лондон бюросының председателі де болған-ды.

Квелч ағылшын социал-демократтарының орталық органы—«Справедливость» («Justice»)[123] деген апталық газеттің редакторы, сондай-ақ айына бір рет шыққан партиялық әрайлық — «Социал-Демократтың»[124] редакторы болды.

Ол партия жиналыстары мен халық жиналыстарында үнемі сөз сөйлеп, ағылшын социал-демократиясының барлық жұмысына етене араласты. Халықаралық конгрестер мен Халықаралық социалистік бюрода Квелч

әлденеше рет ағылшын социал-демократиясының өкілі болды. Айта кететін бір нәрсе, Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресте Квелч Вюртемберг үкіметі тарапынан қуғынға да ұшырады; халық жиналысында Квелчтің Гаага конференциясын «a thief's supper» (сөзбе-сөз: ұрылар жиналысы) деп атағаны үшін бұл үкімет Квелчті Штутгарттан (сотсыз, полицейлік бұйрық бойынша, шетел адамы ретінде) *қуып жіберді*. Квелчті қуып жібергеннен кейін, екінші күні, конгрестің мәжілісі ашылғанда ағылшын делегаттары Квелч отырған орындықты бос қалдырып, оған: «бұл орында кеше Вюртемберг үкіметі қуып жіберген Гарри Квелч отырған» деген жазуы бар плакатты іліп қойды.

Оңтүстіктің немістері төрешілдігі, бюрократизмі, полицияшылдығы басым пруссактарды өздерінің жек көретінін айтып жиі мақтанады,—бірақ олардың өздері іс пролетар-социалиске қатысты болған кезде ең жаман пруссактарша әрекет жасайды.

Квелч көсемі болған ағылшын социал-демократиясы қызметінің тарихи жағдайлары өте-мөте өзгеше. Капитализм мен саяси бостандықтың ең алдыңғы қатарлы елінде ағылшын буржуазиясы (ол XVII ғасырдың өзінде тежеусіз монархияны біршама демократиялық тәсілмен бір жайлы еткен-ді) XIX ғасырда ағылшын жұмысшы қозғалысын *жікке бөле* алды. XIX ғасырдың ортасында Англия дүние жүзілік рынокта толық дерлік монополиямен пайдаланған еді. Монополия арқасында ағылшын капиталының пайдалары ғаламат көп болды: бұл пайдалардың болмашы бөлігін жұмысшы аристократиясымен,— оқыған завод жұмысшыларымен аздап бөлісуге болатын еді.

Сол кезде біршама тәуір еңбек ақысы бар осы жұмысшы аристократиясы пролетариат бұқарасынан бөлініп, саясатта либерал буржуазияның жағында болды, тар өрісті, бас пайдасын ойлайтын-цехтық одақтарға түйықталды. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар арасында либералдардың Англиядағыдай көптігі дүние жүзінің ешбір жерінде, сірә, осы күнге дейін де жоқ шығар.

Бірақ XIX ғасырдың соңғы ширегінде істің жайы өзгере бастады. Англияның монополиясын Америка,

Германия, т. б. әлсіретті. Ағылшын жұмысшыларының арасындағы тар өрісті, мещандық, кәсіпшілдіктің және либерализмнің экономикалық негізі күйреді. Англияда социализм қайтадан еңсесін көтеріп, бұқара арасына сіңе бастады, сөйтіп, ағылшынның социалистіксымақ интеллигенциясының оршеленген оппортунизміне *қарамастан* тоқтаусыз өсіп келеді.

Квелч ағылшын жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатына қарсы табанды, сенімді түрде күрескендердің алдыңғы сапында болды. Рас, бұқарадан қол үзу кейде ағылшын социал-демократтарына кейбір сектанттық сипат берді. Англия социал-демократиясының көсемі, әрі негізін қалаушы Гайндман тіпті шовинизмге дейін құлдырады. Бірақ социал-демократиялық партия оған тойтарыс берді, сөйтіп, бүкіл Англияда *тек* британ социал-демократтары ғана ондаған жылдар бойы маркстік рухта үздіксіз насихат пен үгіт жүргізіп отырды. Мұның өзі — Квелчтің және оның жолдастарының сіңірген аса ұлы тарихи еңбегі. Марксист Квелчтің істеген қызметінің жемістері ағылшын жұмысшы қозғалысында ең таяу жылдарда толық күшпен көрінеді.

Қорытындысында Квелчтің орыс социал-демократтарына тілектестігін және оларға көрсеткен көмегін атап өтпеске болмайды. Осыдан 11 жыл бұрын орыс социал-демократиялық газеті[125] Лондонда басылуға тиіс болды. Сонда Квелч бастаған ағылшын социал-демократтары өз баспаханасын шын көңілмен берді. Бұл үшін Квелчтің өзінің «қысылып-қымтырылуына» тура келді: оған редактор бөлмесінің орнына баспаханадан бір бұрыш жұқа тақтаймен бөлініп берілді. Бұл бұрышқа шағын ғана кітап сөресі бар тіпті кішкентай жазу столы мен орындық қана сиятын. Осы жолдарды жазушы сол «редактор бөлмесіне» Квелчке барғанында екінші орындықты қоюға орын болмаған еді...

*«Правда Труда» № 1,*
*11 сентябрь, 1913 ж.*
*«Наш Путь» № 16,*
*12 сентябрь, 1913 ж.*
*Қол қойған: В. И.*

*«Правда Труда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

# «МАРКСИЗМНІҢ ҮШ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ҚҰРАМДАС ҮШ БӨЛІМІ»* ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Социализм, оның мазмұны

(*езілген* таптардың езушілік системасына қарсы наразылығы жәпе күресі).

Утопиялық социализм.

Францияның дамуы, бірсыпыра тарихи себептерден барып, дамудың қозғаушы күштерін: ***тап*** күресін бәрінен де айқын көрсетіп берді.

| | |
|---|---|
| Саясат хаостан жәпе алдаудан ғылымға айналды, etc -ті *тексеруге* болады. | Organisierte Massenbewegung**: {жұмысшыларды азат ету — жұмысшылардың өз ісі. |

Утопиялық социализм ғылыми социализмге айналды, **тап күресі** теориясын қабылдады.

Марксизм саясатының іргетасы.

---

ΣΣ *** Философиялық сындарлы дүние таным.

Экономикалық құрылысты талдау, жалдама құлдықтың себептерін жәнс капитализмнің даму заңдарын айқындау.

Тап күресі — жағдайдан шығу құралы.

Σ **** = пролетариат ілімі.

*1913 ж. мартта жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. «Вопросы истории КПСС» журналының 4-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: осы том, 45—51-беттер. *Ред.*

** — Ұйымдасқан бұқаралық қозғалыс. *Ред.*

*** — Summa summarum — Жалпы қорытынды. *Ред.*

**** — Summa — Қорытынды. *Ред.*

# ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ РЕФЕРАТҚА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР*

## 1

*Кіріспе.* Ұлт мәселесінің көкейтестілігі. Ұлтшыл реакцияның өршеленуі. Социалистік партиялардағы ұлт мәселесі.

I (A)

1. Орта ғасырлық партикуляризм. Диалектілер — *n + 1.* Халық тілі және латынь.
2. Ұлттық мемлекеттің экономикалық және демократиялық талаптары.
3. Демократиялық централизм — «қалыпты» мемлекеттердің жалпы типі.
   Централизм *versus*** жергілікті өзін өзі басқару. «Ұлттық мемлекет»
   + *«теория»* { а — е; (1) — (5).

(B)

Ұлттардың өзін өзі билеуін талап ету, оның маңызы және қажеттілігі.

4. Жалпы демократиялық және тарихи-орыстық. (Тезистер § 1—2 (а) — (г))
5. Оның мағынасы. Тезистер § 3 — § 4.
6. Норвегияның мысалы.

(C)

7. Ұлттардың тең праволылығы және ұлттық пұрсаттылықтар.

---

* Қараңыз: осы том, 344—353-беттер. *Ред.*
** — осыған байланысты. *Ред.*

8. *Мемлекеттік тіл.* Швейцария versus Россия.
9. Территориялық автономия ма әлде дербес автономия ма? Территорияның маңызы.
10. Россияның ұлт облыстары.
11. Мәдени-ұлттық автономия
   (α) ұлттық мәдениет ұраны дұрыс емес.
   (β) интернационализмге қайшы келеді.
   (γ) буржуазиялық ұлтшылдықтың ықпал өрісіне тартады...
   (δ) абсолюттік және жымысқы ұлтшылдық.
   (ε) демократиялық міндеттерден басқа жаққа бұру.
   (ζ) ұлттардың әр текті әлеуметтік құрамы.
   (η) қалалар және селолар.
   (ϑ) мәдени-ұлттық автономия — клерикализм

Брюнн
және
Сталин
украиндар

   (ι) жасанды сипат («сеймдер»).
   (χ) құтқармайды.
   (λ) ұлттық куриялар.
   (μ) оның мақсаты — «бөлініп аулақтау», ал қажеттісі — біріктіру.

*11 b i s.* Брюнн программасы: § 3.
Брюнн съезі. Мәдени-ұлттық автономияның *сәтсіздікке ұшырауы.*

*11 t e r.* Еврейлер.

|| Рецепция. *Т е з и с т е р, 13-бет.*

12. Жалпы мемлекеттік заң және азшылықтың праволарына кепілдік беру.
Тезистер § 6.
Бұзғандық үшін қуғындау правосы respective* жоюды талап ету.

* — тиісінше. *Ред.*

Медемнің қарсылықтары және оларды талдау*.

D 13. Австрия

Вимберг
Брюнн
О. Бауэрден келтірілген цитаттар
Чехтар және сепаратизм
Күйреу

14. Россия. Тезистер § 9 (17-бет).

15. Жойымпаздардың август конференциясы versus социалист-революционерлердің конференциясы

* Қараңыз: осы том, 134—136, 247—249-беттер. *Ред.*

2

*Үш бөлімі:*

I
A) Ұлт, буржуазиялық-демократиялық постулат және ұран.
B) Ұлттың өзін өзі билеуін право ретінде талап ету.

II
C) Мәдени-ұлттық автономия.
Д) Австриялық және россиялық социал-демократиялық программалар.

*Украина:* Бачинский

Украиншылдық және Струве.
Буржуазия бөледі.
Ұлттық күрестің түп тамырлары.
Украиншылдықпен күрес.

Judenfrage. К. Каутский.
Норвегия.

Австрия — Түркиядан *соңғы* «сырқат адам».

Австрияның жасанды сипаты (1848)

Австрияның құлауы ма әлде демократиялық ұлттық мемлекеттердің федерациясы ма?

К. Каутский versus Renner-Springer und O. Bauer.
Балқандағы славяндардың ұлттық қозғалысы.

Азия және оның демократиялық эволюциясы. Түркия — Персия — Қытай — Индия.

Мәдени-ұлттық автономия және клерикализм (Брюнн).

Түрлі ұлттардың әр текті әлеуметтік құрамы. Капитализм — ұлттардың диірмені. Қалалар және деревнялар. Ұлттық құрамы түрліше.

Тағдырдың мазағы: территориясы бар ұлттар ұлттардың экстерриториялық автономиясын қабылда*майды*,— ал территориясы жоқ ұлтты *тіпті* ұлттық автономияны принципті түрде жақтаушылар да ұлт деп танымайды.

Россиядағы «мәдени-ұлттық автономияның» рецепциясы. Еврейшілдіктің *европалық* буржуазиялық партиялары және мәдени-ұлттық автономия.

Норвегия және оның 1905 жылы бөлінуі.

Швейцария және оның «тілдік» (respective *ұлттық)* тәртіптері.

Дарақылық (Франциядағы провансал тілі және оны жаңдандыру әрекеттері). Idem *Германияда Plattdeutsch* жөнінде. Денационализация.

*1913 ж. 26 июньнен (9 июльден) ертерек жазылған*

*Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

# ЕСКЕРТУЛЕР

# КӨРСЕТКІШТЕР

# В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

# В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

*(Март — сентябрь, 1913)*

## РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КРАКОВТЕГІ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесі, мұнда, сірә, Ленин сөз сөйлеуі мүмкін, 1913 жылы 10—13 (23—26) мартта Краковте өтті. Осы кеңесте «Правда» газетінің көлемін ұлғайту және редакция құрамын кеңейту мәселесі қойылған еді.

Мұндай кеңестің болғаны туралы мәліметтер полиция департаментінің материалдарында бар, ол материалдар Москваның Орталық мемлекеттік тарихи архивінде (ЦГИАМ) сақтаулы.

## «ҚАЗІРГІ РОССИЯ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ДЕГЕН БАЯНДАМА

В. И. Ленин 1913 жылы 5 (18) апрельде Краковтегі Халық университетінде осы тақырыпта баяндама жасаған.

Поляктің «Naprzód» («Алға») газетінің 1913 жылғы 22 апрельдегі 92-номерінде бұл баяндама жөнінде мынадай есеп берілді: «Бұдан бірнеше күн бұрын Краковте орыс социал-демократиясының аса көрнекті көсемдерінің бірі Ленин жолдас баяндама жасады. Баяндаманың қысқаша мазмұнын келтіреміз...». Баяндама жөніндегі газет есебі осы томның 59—63-беттерінде басылып отыр.

## ««ЛУЧ» ГАЗЕТІНІҢ 189-НОМЕРІНДЕГІ БАС МАҚАЛА ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БАСЫ

Мақала 1913 жылы 10 (23) майдан ертерек жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақала қолжазбасының бір бөлігі — 7-беттен 14-бетке дейін сақтаулы.

## МАҚАЛАЛАР

«ДӨРЕКІ АЛДАУ». . 1913 жылы 10 (23) майда жазылған.

««ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ» ЖӨНІНДЕ». 1913 жылы 11 (24) майда жазылған.

«ЛИБЕРАЛДЫҚ САЯСАТ». 1913 жылы 17 (30) майда жазылған.

«КАДЕТ МЫРЗАЛАР ПУРИШКЕВИЧТІ ЖАҚТАЙДЫ». 1913 жылы 28 майда (10 июньде) жазылған.

«ХАЛЫҚТАРДЫ СОҒЫСҚА ИТЕРМЕЛЕП ОТЫРҒАН КАПИТАЛИСТЕРДІҢ АГЕНТТЕРІ». 1913 жылы 28 майда (10 июньде) жазылған

«ГЕРМАНИЯДА». 1913 жылы 30 майда (12 июньде) жазылған.

«БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУ». 1913 жылы 7 (20) июньде жазылған.

Бұл мақалалар жөніндегі мәліметтер В. И. Лениннің 1913 жылғы майда және июньде «Правда» газеті үшін жазып, газетте басылмаған мақалалар тізімінің қолжазбасында бар. (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## «ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ» СӨЗДІҢ ЖОБАСЫ

В. И. Ленин «Ұлт мәселесі туралы» сөздің жобасын Думаның 1913 жылғы 20 майдағы (2 июньдегі) мәжілісінде сөз сөйлеген IV Мемлекеттік думаның большевик депутаты Г. И. Петровскийге арнап 1913 жылы 18 апрельден (1 майдан) ертерек жазған.

Сөздің жобасы туралы мәліметтер Н. К. Крупскаяның 1913 жылғы 18 апрельде (1 майда) Н. И. Подвойскийге жазған хатында бар: «Редакцияға екі сөзді жібердім:... 2) Ұлт мәселесі туралы... Екінші сөз дөрекі мәдени-ұлттық автономияға *қарсы* принципті түрде шабуыл жасауы тұрғысынан өте-мөте маңызды» (««Звезда» және «Правда» дәуірлерінен (1911—1914 жж.)», III кітап, М.—П., 1923, 24-бет), сондай-ақ Г. И. Петровскийдің естеліктерінде айтылады, ол сөздің жобасын В. И. Ленин жазды дейді (қараңыз: «Пролетарская Революция» журналы, 1924, № 3, 226—227-беттер).

## А. С. ЕНУКИДЗЕГЕ ЗАПИСКА

1913 жылы 22 майда (4 июньде) жазылған осы записка туралы А. С. Енукидзенің 23 майда (5 июньде) С. Г. Шаумянға жазған хатында айтылады: «Күні кеше одан бірнеше жолдық хат алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## «ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛ ЖЕЛӨКПЕЛЕР (ПОТРЕСОВ ТУРАЛЫ)» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БІРІНШІ БЕТІ

Мақала 1913 жылы 27 майда (9 июньде) жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақаланың 2-беттен 4-бетке дейінгі қолжазбасы сақтаулы.

## Н. Д. КИКНАДЗЕГЕ ХАТ

1913 жылы 3 (16) июньнен ертерек жазылған осы хат туралы Н. Д. Кикнадзенің В. И. Ленинге жазған хатынан белгілі (қараңыз: «Вопросы истории КПСС», 1961, № 4, 145-бет).

## «ПАРТИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ»

1913 жылы 3 (16) июньде жазылған осы заметка туралы В. И. Ленин дәл сол күні «Правданың» редакциялық коллегиясына жолдаған хатында былай деп жазды: «Мен осыған қоса жіберіліп отырған заметканың *толық* басылуын қатты талап етемін... Егер баспайтын болсаңыздар, *«Просвещениеге»* беріңіздер (осы том, 271-бет), сонымен қатар бұл заметка 1913 жылы май — июнь айларындағы мақалалар тізіміне енгізілген; тізімді В. И. Ленин жасаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## «ТЕРІС БАҒА («ЛУЧ» МАКЛАКОВ ТУРАЛЫ)» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БІРІНШІ БЕТІ

Мақала 1913 жылы 4 (17) июньде жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақаланың 2-бетінен 7-бетіне дейінгі қолжазбасы сақтаулы.

## БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРИЖ СЕКЦИЯСЫНА ХАТ

1913 жылы 12 (25) июньнен ертерек жазылған бұл хат жөнінде полиция департаментінің материалдарынан белгілі: «Ленин большевиктердің Париж секциясына хат жолдап, онда құпия әдебиетті және партияның Орталық Органы «Социал-Демократты» жүйелі түрде шығару мәселесін жолға қою жөнінде шаралар қолдапуды ұсынған» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## «ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕР» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ АЛТЫНШЫ БЕТІ

Мақала 1913 жылы июльдің басында жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақаланың қолжазбасы сақтаулы, онда мақаланың алтыншы беті жоқ.

## «ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ» БАЯНДАМА

Баяндаманы В. И. Ленин РСДРП-ның шетелдік ұйымының II конференциясында Бернде 1913 жылы 21 июльде (3 августа) жасаған. Бұл баяндама туралы «РСДРП шетелдік ұйымда-

ры Комитеті бюллетенінің» 1913 жылғы 2 (15) октябрьдегі 3-номерінде мынадай қысқаша хабар басылды: «Партия ішіндегі істің жайы туралы баяндама (Ленин). Бұл баяндама негұрлым толық қалпында өңделіп, жеке қосымша болып шығады», сондай-ақ Г. Л. Шкловскийдің естеліктерінде айтылады (қараңыз: «Ленин институтының записскалары», 1-том, 1927, 121-бет).

## РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ПОРОНИНДЕГІ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесі, мұнда, сірә, В. И. Ленин сөз сөйлеуі мүмкін, 1913 жылы 27 июльде (9 августа) Поронинде өтті. Бұл кеңес туралы полиция департаментінің хабарлама хатында былай делінген: «осы жылғы 27 июльде, Австрияда, Поронин деревнясында (Закопаньеден 6 шақырым жерде) Ленин тұрған дачада жеке кеңес болып өтті» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Кеңесте мына мәселелер талқыланды: партия ішіндегі істің жайы және оның кезектегі міндеттері туралы, Думадағы социал-демократиялық фракция туралы, партия мектебі туралы, баспасөз, атап айтқанда Москвада большевиктік газет құру туралы, «Правда» туралы, Орталық Орган — «Социал-Демократ» газеті туралы, «Просвещение» журналы, «Прибой» кітап баспасы туралы, приказчиктердің съезі мен кооперация съезі туралы және басқалар.

# В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

## «ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ

№ 3 — март, 1913 ж.
№ 4 — апрель, 1913 ж.
№ 5 — май, 1913 ж.
№ 6 — июнь, 1913 ж.
№ 7 — июль, 1913 ж.
№ 8 — август, 1913 ж.
№ 9 — сентябрь, 1913 ж.

## «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 31 — 15 (28) июнь, 1913 ж.

# ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары»* деген мақаланы В. И. Ленин Карл Маркстің қайтыс болғанына 30 жыл толуына арнап жазды; мақала «Правда» газетінің 1913 жылғы 1 марттағы 50-номерінде жарияланды.

*«Правда»* («Шындық») — күнделікті большевиктік жария газет; газеттің бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының жұмыс барысында қабылданды. «Правданы» шығаруды әзірлеуде «Звезда» газеті үлкен роль атқарды, ол 1911 жылдың аяғынан бастап күнделікті жұмысшы газетін құру жолында кең науқан ашқан болатын. «Звезда» Петербург жұмысшыларының осындай газетті құруды ұсынған және оны ерікті түрде жиналатын жарналардың есебінен қаржыландырып отыруға әзір екендіктерін білдірген көптеген хаттары мен мақалаларын жариялады. Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының инициативасы бүкіл Россия жұмысшыларынан қызу қолдау тапты.

«Правда» Ленадағы атқылауға байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар толқыны кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. «Жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуі,*— деп жазды В. И. Ленин,— жұмысшы газеті «Правданы» құрғандығы осыдан көрініп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 478-бет).

Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржыға шығарылып тұрды; ол 40 мың данаға дейін таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға дейін жетіп жүрді. Күнделікті жұмысшы газетін шығаруды жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшылары жүзеге асырған ұлы тарихи іс деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн

сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды, принципті мәселелер бойынша жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны сынап отырды. «Правдада» Лениннің: В. Ильин, В. Фрей, К. Т., В. И., И., Правдист, Статистик, Оқушы, М. Н. деген және басқа бүркеншік аттармен қол қойылған 270-тен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка, А. И. Ульянова-Елизарова және басқалар түрлі уақыттарда «Правда» редакциясының мүшелері және белсенді қызметкерлері болды. IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары газетке белсене қатысып тұрды. М. Горький «Правдада» өзінің шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күн сайын байланыстырып отырды. Газет төңірегінде жұмысшы тілшілердің толып жатқан армиясы қалыптасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылып отырды. Екі жылдан астам уақыт ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан аса корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің правосыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждықтарын көрсететін мысалдар келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысы туралы жазды, өскелең революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі партияның саясатын түсіндірді, бұқараны пролетарлық ынтымақ, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Правда» жұмысшылар арасында зор беделге ие болды. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндауға едәуір орын берілді. Газетте «Шаруалар бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин болашақ революциядағы пролетариаттың гегемондығы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі. IV Мемлекеттік думаның сайлауы науқаны кезінде газет маңызды роль атқарды.

1912 жылғы декабрь — 1913 жылғы январьда РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков кеңесінде «Правда» редакциясының жұмысы туралы мәселе арнайы талқыланды. Кеңес В. И. Ленин әзірлеген ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарарды қабылдады, онда редакцияның қызметін жақсарту жөнінде шаралар белгіленді.

«Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұялары өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы

мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. Газет өмір сүрген алғашқы жылдың өзінде ғана оның редакторларына қарсы 36 рет сот ісі қозғалды. Редакторлар жалпы алғанда 48 айға жуық түрмеде отырды. Газеттің 41 номері конфискеленді. Патша үкіметі газетті сегіз рет жауып тастады, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайларда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правданың» 636 номерін шығарды. 1914 жылы 8 (21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5 (18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің органы ретінде шыға бастады. 5 (18) апрельде, шетелден қайтып келген соң, В. И. Ленин редакция құрамына кіріп, «Правдаға» басшылық етуді өз қолына алды. 1917 жылы июль — октябрьде контрреволюциялық буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий» «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап, партияның Орталық Органы өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революция тарихында «Правданың» маңызы ерекше зор. Партия саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте газет коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды. Ол партиялық жолындағы күрестің бел ортасында болып, жойымпаз-меньшевиктермен, шақырымпаздармен, троцкистермен батыл күрес жүргізді, олардың сатқындық ролін әшкерелеп отырды.

«Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күресті. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Ол партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарының топтасуына, оның бұқарамен байланысының нығаюына көмектесті. «Правданың» қызметі нәтижесінде бұқаралық большевиктік партияның берік іргетасы қаланды. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңызды орын алады. Ол тұңғыш жария шығатын бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россияның жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. 1914 жылдан бастап «Правданың» бірінші

номері шыққан күп жұмысшы баспасөзінің мереке күніне айналды.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» онжылдық мерекесіне» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; Шығармалар, 20-том, 374—382, 517—560, 574—582-беттер; 33-том, 345—348-беттер). — *1.*

2 *«Герман социал-демократиялық партиясының Басқармасына хат»* большевиктер жойымпаздарға қарсы шиеленіскен күрес жүргізіп жатқан кезеңде РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінің тапсыруы бойынша 1913 жылы 2 (15) мартта жазылды. Хат неміс социал-демократтары лидерлерінің большевиктер мен жойымпаздарды біріктіру мақсатымен олардың біріккен кеңесін шақыру жөніндегі ұсынысына жауап болып табылады. —*5.*

3 *IV Мемлекеттік дума* өзінің жұмысын 1912 жылы 15 (28) ноябрьде бастады. IV Мемлекеттік думаның сайлауы 1907 жылғы 3 (16) июньдегі реакциялық сайлау заңы негізінде 1912 жылдың күзінде өтті, оған Думада үкіметке қолайлы келетін қаражүздік көпшілікті жасауға бағытталған бірқатар үкіметтік шаралар ұштастырылды. Жұмысшы табын Думадағы өкілдігінен айыруға ұмтылған үкімет жұмысшы депутаттардың сайлануына алуан түрлі кедергілер жасап бақты, сайлауды дөрекі түрде бұрмалауға дейін барды, алдыңғы қатарлы жұмысшыларды қуғынға салды. В. И. Ленин «Сайлаудың қорытындылары» деген мақаласында IV Мемлекеттік дума сайлауы науқанына сипаттама, сайланған думаның таптық және партиялық құрамына баға береді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 355—385-беттер).

IV Мемлекеттік думада оңшылдар мен ұлтшылдарда 185 орын, октябристерде — 98, кадеттерде — 59, прогрессистер мен буржуазияшыл ұлтшылдарда — 69, трудовиктерде — 10 және социал-демократтарда — 14 орын болды. Сонымен, IV Думада (III Думадағы сияқты) екі контрреволюциялық көпшілік: оңшыл-октябристік (283 дауыс) және октябристік-либералдық (226 дауыс) көпшілік болды.

IV Думадағы социал-демократиялық фракцияға алты большевик: А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов және Р. В. Малиновский (кейін анықталғанындай, арандатушы болып шықты), жеті меньшевик және фракцияның меньшевиктерге қосылған толық пра-

волы емес бір мүшесі (Варшава қаласынан депутат — Е. И. Ягелло) кірді. Большевик-депутаттар Россия пролетариатының бестен төрт бөлігі шоғырланған негізгі өнеркәсіпті губерниялардан сайланды. Меньшевик депутаттар думаға елдің өнеркәсіпті емес аудандарынан өтті. Фракциядағы сан жағынан сәл артықшылығын пайдаланған меньшевиктер фракцияның жұмысын қиындатты, большевиктер ұсынған бірқатар шешімдерді өткізуге кедергі жасады. 1913 жылдың октябрінде большевик-депутаттар партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша біріккен социал-демократиялық фракциядан шығып, дербес большевиктік фракция құрды, ол Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы деп аталатын болды.

Ленин большевик-депутаттардың жұмысына күнделікті басшылық етіп, оларды Дума трибунасын революциялық мақсатқа пайдалануға үйретіп отырды. Ол маңызды мәселелер жөнінде депутаттарға нақты нұсқаулар берді. IV Мемлекеттік думаның жұмысы басталысымен-ақ Ленин «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» деген тезистер жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 217—222-беттер), бұл тезистер социал-демократиялық фракцияның декларациясына негіз болды. Осы томда большевик-депутаттар үшін Ленин жазған: «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» (137—148-беттер) және «Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты (жалпы) туралы мәселе жөнінде» (287—305-беттер) деген документтер жарияланып отыр. Лениннің социал-демократиялық депутаттардың жұмысына қалай басшылық еткенін, олардың сөйлейтін сөздерінің жоспарын қалай белгілегенін, сөйленетін сөздердің жобасын қалай дайындағанын корсететін документтер КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Большевик-депутаттар шетелдегі Ленинге барып тұрды, оның нұсқаулары депутаттарға Думада ұстайтын батытты дұрыс белгілеуге көмектесті. Большевик-депутаттар Думада партияның көзқарасын қорғай отырып, жұмысшы табының талаптары туралы батыл мәлімдеп отырды, империалистік соғысты әзірлеуге қарсы шықты, жұмысшылар мен шаруалардың күйзелген жағдайы туралы, ұлттық езгі туралы айтты. Патша өкіметінің халыққа қарсы саясатын әшкерелей отырып, большевик-депутаттар өмірдің көкейтесті мәселелері бойынша Дума арқылы үкіметке сұрау қою сияқты насихат формаларын кеңінен қолданды. IV Думаға Ленадағы оқиғалар жайында, жұмысшылардың кәсіптік одақтарын қуғындау, жиналыстарға және қауіпсіздендіру органдарын сайлауға тыйым салу, Охта заводындағы жарылыс, каторгалық түрмелерде саяси тұтқындарды азаптау, стачкашыларға қарсы жазалаулар, тоқыма фабрикаларындағы локауттар туралы және басқа сұраулар қойылды.

Елдің объективті дамуы алға қойып отырған мәселелерді шешуге Мемлекеттік дума қабілетсіз болып шықты, оның жұмысы күннен-күнге құрғақ жарыс сөздерге көбірек саятын болды. IV Думаның заң шығару қызметі самодержавиенің сот, шіркеу, полиция сияқты тіректерін нығайтуға бағытталды. Мемлекеттік дума Россияның бірінші дүние жүзілік соғысқа кіруін мақұлдады. Думаның 1914 жылғы 26 июльдегі (8 августағы) мәжілісінде барлық буржуазиялық-помещиктік фракциялардың өкілдері патша үкіметінің империалистік саясатын толық қолдайтынын мәлімдеді. Меньшевиктер мен эсерлер қорғампаздық позицияда болды. Тек большевиктер партиясы ғана соғысқа үзілді-кесілді қарсы шықты. Большевиктік фракция соғыс кредитін жақтап дауыс беруден бас тартып, бұқара арасында революциялық насихат жүргізді. 1914 жылы ноябрьде IV Думаның большевик-депутаттары тұтқынға алынып, сотқа берілді. Большевиктік фракция мүшелерінің сотта самодержавиені әшкерелеген ер жүректік сөздері антимилитаристік насихатта үлкен роль атқарды.

1915 жылы августа IV Мемлекеттік думадағы буржуазиялық-помещиктік фракциялар «Прогрестік блок» дейтінді құрды, оған Думаның барлық депутаттарының жартысынан астамы кірді. В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, бұл «Германияны жеңу үшін реформалар жасау және өнеркәсіпті мобилизациялау программасы бойынша патшамен келісім жасау үшін либералдық-октябристік блоктың құрылуы» болды (Шығармалар, 21-том, 387-бет). Соғыстың барысында Россияның жағдайы нашарлауына, шаруашылық күйзелістің күшеюіне және революцияның жақындап қалуына байланысты «Прогрестік блоктың» лидерлері үкіметтің соғысты жеңіспен аяқтауға дейін жеткізуге қабілетсіздігіне наразылық білдіре бастады. II Николайдың орнына басқа, буржуазияға қолайлырақ келетін патшаны отырғызу үшін олар сарай төңкерісін әзірлеуге қатысты. 1917 жылы 26 февральда (11 мартта) патша IV Мемлекеттік думаның таратылғанын хабарлады. Алайда Мемлекеттік думаның мүшелері ашық наразылық білдіруге батылдары бармай, мәжілісті ресми емес жағдайда жалғастыра беруді ұйғарды. Олар революцияға қарсы күресу және монархияны сақтап қалу үшін 27 февральда (12 мартта) Мемлекеттік думаның Уақытша комитетін құрды, бұл Уақытша комитет Петроград Советінің эсерлік-меньшевиктік өкілдерімен келісімге келіп, буржуазиялық Уақытша үкімет құру туралы шешім қабылдады. Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшелері революцияның белсенді жаулары ретінде әрекет етті, олар өздерінің «жеке» кеңестерінде әскери диктатура жариялауды және Советтердің жойылуын талап етті. Революциялық бұқараның қысымымен буржуазиялық Уақытша үкімет Мемлекеттік думаны тарату туралы 1917 жылы 6 (19) октябрьде қаулы шығаруға мәжбүр болды. — 7.

[4] «*Vorwärts*» («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал одан соң, партия жікке бөлінгеннен кейін,— меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды. — *8.*

[5] Бұл арада 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өткен *РСДРП Бүкіл россиялық алтыншы (Прага) конференциясы* айтылып отыр. Іс жүзінде Прага конференциясы съездің ролін атқарды. Конференцияға Ленин басшылық етті. Ол конференция ашыларда, оны зандастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, Орталық Органның жұмысы туралы, ашаршылықпен күресте социал-демократияның міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, шетелдегі партия ұйымының жұмысы туралы және басқа мәселелер жөнінде хабарлама жасады, сондай-ақ жарыс сөзде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіне қойылған барлық аса маңызды мәселелер бойынша қаралар жобаларының авторы болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 133—172-беттер).

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасында және конференцияның қарарында елдегі саяси жағдайға терең талдау жасалды, бұқараның революциялық пиғылының өсіп келе жатқаны көрсетілді. Конференция шаруаларды өзінің соңынан ерткен пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндеті бұрынғысынша Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала беретінін атап көрсетті.

Партияны оппортунистерден тазарту конференцияның аса маңызды ісі болды. Конференция қабылдаған «Жойымпаз-

дық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қарарлардың орасан зор принциптік және практикалық маңызы болды. Жойымпаздар жария екі журналдың — «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» төңірегіне топтасты. Конференция ««Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өз қылығымен өзін біржолата партиядан тыс қойды» деп мәлімдеді. Жойымпаздар РСДРП қатарынан шығарылды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға жәрдемдесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп таныды және «Социал-демократиялық жұмыстың орыстық орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын шетелдік топтарды РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Бұл қарарлар Россиядағы маркстік партияның бірлігін нығайтуда орасан зор роль атқарды.

IV Мемлекеттік дума сайлауы науқанына қатысу туралы мәселе конференцияның жұмысында үлкен орын алды. Конференция партияның сайлаудағы және социал-демократиялық фракцияның Думаның өзіндегі негізгі міндеті социалистік таптық насихат пен жұмысшы табын ұйымдастыру екенін атап көрсетті. Конференция программа-минимумның негізгі талаптарын: демократиялық республиканы, 8 сағаттық жұмыс күнін, бүкіл помещиктік жерді конфискелеуді партияның Дума сайлауы кезіндегі басты сайлау ұрандары етіп ұсынды.

Конференция «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарар қабылдады, партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің Ленин ұсынған жобасын бекітті, партияның Орталық Органы етіп «Социал-Демократ» газетін бекітті, партияның Орталық Комитетін сайлады және Орталық Комитеттің Орыс бюросын құрды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясының, жаңа типті партияның құрылысында аса үздік роль атқарды. Конференция большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресіндегі тұтас бір тарихи кезеңнің қорытындысын шығарды, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жойымпаз-меньшевиктер партиядан қуылды. Конференция шешімдері негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтаса түсті. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Конференция жаңа революциялық өрлеу жағдайында партияның саяси бағыты мен тактикасын белгілеп берді. Оппортунистерден арылған большевиктер партиясы халық бұқарасының революциялық күресінің қуатты жаңа өрлеуін басқарды. Прага конференциясының халықаралық зор маңызы болды. Конференция II Интернационал партияларының революциялық элементтеріне оппортунизмге қарсы

батыл күрес жүргізудің үлгісін көрсетіп, бұл күресті оппортунистерден ұйымдық жағынан толық ажырасуға дейін жеткізді. — *8.*

6 *Ұйымдастыру комитеті (ҰК)*—меньшевиктердің басшы орталығы; 1912 жылы жойымпаздардың август конференциясында құрылды; 1917 жылдың августында меньшевиктік партияның Орталық Комитетін сайлағанға дейін жұмыс істеді. — *8.*

7 *«Луч»* («Сәуле»)— жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті, 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы 5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен либералдардың ақшалай жәрдемі есебінен өмір сүрді. Газетке идеялық басшылық ету П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік ұранды уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға әрекет жасады. Ленин ««Луч» либералдық саясаттың құлдығына түскен» деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады.— *8.*

8 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna).

*ПСД* — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД).— *9.*

9 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *13.*

10 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бос-

тандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда жүріп, кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. — *13.*

11 В. И. Ленин келтіріп отырған сөздер Н. А. Некрасовтың «Бесік жыры» өлеңіндегі:

«Сыртың жылмаң чиновник
Боларсың бір жаны азғын»

деген екі жолдың өзгертіп алынған түрі.—*19.*

12 *1907 жылғы 3 (16) июньде* II Мемлекеттік думаны тарату және сайлау заңын өзгерту жөнінде патша манифесі шықты. Жаңа заң Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1 (14) ноябрьде жиналған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік дума болды.

Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс Столыпин реакциясы дәуіріне жол ашты. — *23.*

13 *IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның декларациясын* большевик және меньшевик депутаттар бірлесіп әзірледі. Декларация қабылданбас бұрын фракция ішінде қиян-кескі күрес болды. Социал-демократиялық фракцияның мүшесі большевик А. Е. Бадаев өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Біздің фракция декларацияны талқылауға бірнеше мәжілісін арнады, ал талқылау Дума ашылардан бұрын басталған-ды. Жарыс сөздер тым қызу өтіп, кейде түн ортасына дейін созылатын. Декларацияны әзірлеуге екі жақтан да, депутаттардан басқа, сол кезде Пе-

тербургте болған партия қызметкерлері де қатысты... Ұзаққа созылған табан тірескен күрестен соң, меньшевиктермен болған бірнеше қызу шайқастан кейін біз, ақырында, большевиктердің барлық негізгі талаптарын декларацияға енгізуге қол жеткіздік» (А. Бадаев. «Большевиктер Мемлекеттік думада. Естеліктер». М., 1954, 67-бет).

В. И. Лениннің «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 22-том. 217—222-беттер) деген тезистері декларацияның негізіне алынды. Лениннің нұсқауларына сәйкес, декларацияға РСДРП-ның программа-минимумының басты пункттерінің барлығы дерлік енді. Алайда меньшевиктер дегенмен де мәдени-ұлттық автономияны талап еткен пунктті өткізе алды. 1912 жылы 7 (20) декабрьде социал-демократиялық фракцияның декларациясы Мемлекеттік думаның мәжілісінде жарияланды. 1912 жылы 8 (21) декабрьде «Правдада» Дума мәжілісінің стенограммасы декларацияның текстімен жарияланды. Декларацияны жариялағаны үшін «Правданың» номері конфискеленді, ал газет редакторы сотқа тартылды. — *26.*

14 *«Цайт»* («Уақыт») — апталық газет, Бундтың органы, 1912 жылғы 20 декабрьден (1913 ж. 2 январьдан) 1914 жылғы 5 (18) майға дейін Петербургте еврей тілінде шығып тұрды.— *26.*

15 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырып шығарушылардың қолында болып, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағытта болған газет, 1876 жылы А. С. Суворин оның бастырып шығарушысы болғаннан соң, реакциялық-дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүзділердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. — *28.*

16 «Ескерте кетейік, қайдағы бір...» деген сөздерден бастап *«...500 миллион сом болады!»* деген сөздерге дейінгі текст 1941 жылы табылды; бұл қосымша мақаланың «Правданың» 1913 жылғы 15 марттағы 62-номерінде бірінші рет жарияланған текстінде, сондай-ақ В. И. Ленин Шығармаларының екінші және үшінші басылымдарында басылған жоқ. — *29.*

17 *Октябристер*—Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь ода-

ғы» партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *33.*

[38] *Прогрессистер* — орыс либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы, ол Мемлекеттік думалар сайлауларында және Думаларда әр түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардың элементтерін «бейпартиялықтың» туы астында біріктіруге әрекет жасады.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорыққан прогрессистер патша үкіметінің «ушқарылығын» сынауға дейін барды, олардың ойынша, патша үкіметі өзінің қасарысуымен солшыл, революциялық күштердің қызметіне жағдай туғызып отыр. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауында прогрессистер кадеттермен блок жасасты, өзінің жалған бейпартиялығымен оларға «буржуазиялық үшінші нөмір сайлаушысының» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 348-бет.) дауыстарын қағып ала беруге көмектесті.

1912 жылы ноябрьде прогрессистер дербес саяси партия болып қалыптасты, мынадай программасы болды: баяу тар цензді конституция, ұсақ реформалар, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет, революциялық қозғалысты басу. В. И. Ленин өзінің құрамы, өзінің идеологиясы жағынан прогрессистер — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп көрсетті; ал прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,— Германияда да біздің көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 364, 272-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер партиясы өзінің қызметін жандандыра түсіп, әскери басшыларды ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтаждарын өтеуге жұмылдыруды және орыс буржуазиясы өкілдерінің қатысуымен «жауапты министрлік» құруды талап етті. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің ішінде Москваның белгілі фабриканттары: П. П. Рябушинский мен А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов болды. Прогрессистер әр кезде өзде-

рінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник» журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды. — *33.*

19 Ленин бұл арада «Гегельдің право философиясына сын жөнінде» деген еңбегіне Кіріспедегі Маркстің мына сөздерін айтып отыр: «Бүгінгі күннің насықтығын кешегі күннің насықтығымен ақтайтын мектеп, крепостнойлардың қамшыға қарсы білдірген ашу-ызасы атаулыны, егер бұл қамшы ескіден келе жатқан, мұраға қалған, тарихи қамшы болса бүлік деп жариялайтын мектеп... *правоның* осы *тарихи мектебі* сондықтан да егер өзі неміс тарихының ойлап шығарғаны болмаса, неміс тарихын ойлап шығарар еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 416-бет). — *34.*

20 Россияның мұнай өнеркәсібі аса ірі халықаралық акционерлік қоғамдардың бақылауында болды. 1912—1913 жылдары мұнай өндірудің барлығы дерлік ірі компаниялардың қолында болды, ал бұл компаниялар шетел капиталымен (ағылшын-француз, неміс, ағылшын-голланд капиталымен) байланысты еді және көбінесе концерндерге біріккен болатын. Керосинмен және мұнай қалдықтарымен сауда жасаудың 70 проценті екі фирманың: «Ағайынды Нобельдер серіктігі» мен «Мазут» қоғамының қолында шоғырланды. — *35.*

21 *Сенат*—патшалық Россиядағы жоғары үкімет органдарының бірі. I Петрдің указы бойынша 1711 жылы Боярлар думасының орнына ағымдағы басқару істері жөніндегі жоғары әкімшілік-жарлық органы ретінде құрылған. Сенаттың мүшелерін жоғары дәрежелі чиновниктерден патша тағайындап отырды.

*Мемлекеттік совет* — патшалық Россиядағы жоғары мемлекеттік органдардың бірі. 1810 жылы М. М. Сперанскийдің жобасы бойынша заң жөніндегі кеңесші мекеме ретінде құрылды, оның мүшелерін патша тағайындап, бекітіп отырды. Мемлекеттік совет реакциялық мекеме болды, ол тіпті Мемлекеттік дума қабылдаған баяу заң жобаларын да қабылдамай тастап отырды.— *36.*

22 *Бірінші Балқан соғысы (октябрь, 1912—май, 1913)*—Түркия мен Балқан одағы елдері: Болгария, Сербия, Черногория және Греция арасындағы соғыс. Соғыс Түркияның талқандалуымен аяқталды, ол Лондон бітім шарты бойынша өзінің Балқандағы жерлерінен түгел дерлік айрылды. Славян облыстары — Македония мен Фракия азат етілді; албан халқы мемлекеттік тәуелсіздік алды. Балқан елдерінің монархиясы мен буржуазиясы бұл соғыста династиялық, басқыншылық мақсаттар көздегеніне қарамастан бірінші Балқан соғысының тұтас алғанда прогрестік сипаты болды—Балқан халықтарын түрік езгісінен азат ету ісі аяқталды, крепостниктік тәр-

тіптің қалдықтарына соққы берілді. В. И. Ленин бірінші Балқан соғысын «Азия мен шығыс Европадағы орта ғасырлықтың күйрегенін білдіретін дүние жүзілік оқиғалар тізбегіндегі буындардың бірі» деп бағалады.— *41.*

23 *«Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі»* деген мақаланы В. И. Ленин Карл Маркстің қайтыс болуының 30 жылдығына арнап жазды, мақала «Просвещение» журналының 1913 жылғы 3-номерінде жарияланды.

*«Просвещение»* («Ағарту») — ай сайын шыққан большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті.

Журнал Москвада шығып тұрған, патша үкіметі жауып тастаған большевиктік «Мысль» журналының орнына В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Крупская, В. М. Молотов, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып тұрды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету ісіне А. М. Горькийді тартты. Ленин Париждеи, ал кейін Краков пен Поронинней «Просвещениеге» басшылық етіп отырды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен ұдайы хат жазысып тұрды. Журналда Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген және басқа еңбектері жарияланды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін жазып тұрды, IV Мемлекеттік дума сайлауы науқаны тұсында большевиктік ұрандарды насихаттады; ол II Интернационал партиялары ішіндегі ревизионизмге және центризмге қарсы шықты. Журнал Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалдық тәрбие беруде үлкен роль атқарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журналды шығару қайта қолға алынды, бірақ бір ғана (қосарланған) номері шықты, онда Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» және «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген еңбектері басылды.— *45.*

24 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 339—382-беттер); Ф. Энгельс «Анти-Дюринг», 1957;

К. Маркс пен Ф. Энгельс «Коммунистік партияның манифесі» (Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 419—459-беттер).— *46.*

25 Бұл арада большевиктік «Правда» және жойымпаздық-меньшевиктік «Луч» газеттері туралы айтылып отыр.— *52.*

26 *«Қазіргі Россия және жұмысшы қозғалысы»* — баяндама, бұл баяндаманы В. И. Ленин Краковта 1913 жылғы 18 апрельде (жаңаша) жасады. Баяндама туралы газет есебі Галиция мен Силезияның Поляк әлеуметтік-демократиялық партиясының органы — «Naprzód» («Алға») газетінде жарияланды, газет 1892 жылдан 1943 жылға дейін Краковта шығып тұрды.— *59.*

27 Бұл арада *Бүкіл россиялық октябрь стачкасы* — Россияда 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачка туралы айтылып отыр, ол 1905—1907 жылдардағы революцияның аса маңызды кезеңдерінің бірі болды. Стачка пролетариаттың 1905 жылғы революциялық күресінің оған дейінгі бүкіл барысында әзірленді. Ереуіл жасаған жұмысшыларға ұсақ қызметшілер, студенттер, адвокаттар, дәрігерлер және басқалар қосылды. Стачкаға Россиядағы түрлі ұлттардың жұмысшылары қатысты. *«Бүкіл россиялық саяси стачка,*— деп жазды Ленин,— бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» *барлық халықтарын* біріктірді» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 2-бет). Стачкашылар саны екі миллион адамнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Стачкамен қат-қабат бұқаралық митингілер мен демонстрациялар болып жатты, олар полициямен және әскермен қақтығыстарға жиі ұласып отырды. Бүкіл россиялық октябрь стачкасының барысында елдің көптеген қалаларында жұмысшы депутаттарының Советтері пайда болды.— *60.*

28 *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иелігін және дворяндардың пұрсаттылығын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын белгілеуге мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет ор-

ганына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді.— *61.*

29 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы»)— ай сайын шыққан журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен Мемлекеттік думалардағы трудовиктердің көрнекті мүшелері болған публицистер осы «Русское Богатствоның» төңірегіне топталды. 1906 жылдан бастап «Русское Богатство» жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестер) органына айналды.— *62.*

30 Ленин бұл арада жұмысшы қозғалысының қысымымен III Мемлекеттік дума қабылдаған аурудан және бақытсыздық оқиғалардан қауіпсіздендіру жөніндегі 1912 жылғы 23 июньдегі (6 июльдегі) заңдарды айтып отыр. Бұл заңдар өнеркәсіп жұмысшыларының 20 процентіне ғана қатысты болды; мүгедектіктен, картайғандықтан, жұмыссыздықтан қауіпсіздендіру көзделген жоқ.— *62.*

31 Бұл арада Австрия социал-демократиясы ішіндегі ұлттық күрес айтылып отыр; осы күрестің салдарынан біртұтас партия бөлшектеліп кетті. 1897 жылы Вимберг (Вена) съезінде біртұтас партия жойылды да, оның орнына алты ұлттық «социал-демократиялық топтың»: неміс, чех, поляк, русин, итальян және оңтүстік славян топтарының федерациялық одағы құрылды. Осы топтардың бәрі бір-бірімен ортақ съезд арқылы және ортақ Орталық басқарма арқылы ғана байланысты болды. 1899 жылы Брюнн съезінде партияның Орталық басқармасы ұлттық социал-демократиялық партиялардың атқару комитеттерінен құралатын федерациялық орган болып қайта құрылды.— *63.*

32 Бұл арада 1912 жылы 4 (17) апрельде Сибирьде Лена алтын кен орнында қарусыз жұмысшыларды атқылау айтылып отыр.

Ленадағы қантөгіс оқиға туралы хабар Россия жұмысшы табының ашу-ызасын туғызды. Наразылық білдірілген көше демонстрациялары, митингілер, ереуілдер бүкіл елге жайылды. Думадағы социал-демократиялық фракция Ленадағы атқылау жайында патша үкіметіне сұрау қойды. Патша министрі Макаровтың бұған: «Осылай болды, алдағы уақытта да осылай болмақ!»— деген арсыздық жауабы жұмысшылардың ашу-ызасын күшейте түсті. Ленадағы атқылауға қарсы наразылық білдіру стачкаларына 300 мыңға дейін жұмысшы қатысты. Бұл стачкалар бірінші май стачкаларына келіп ұласты, оларға 400 мыңға дейін жұмысшы қатысты. «Лена

қырғыны,— деп көрсетті В. И. Ленин,— бұқараның революциялық ниет-пиғылының бұқараның революциялық өрлеуіне айналуына түрткі болды» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 377-бет).— *64.*

33 *«Ағылшын Жұмысшы партиясы»* (Labour Party) — парламентке жұмысшы өкілдерін өткізу мақсатымен кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі («Жұмысшы өкілдер комитеті») ретінде 1900 жылы негізі қаланды. 1906 жылы Комитеттің аты Жұмысшы (лейбористік) партиясы деп өзгертілді. Партиялық жарналарды төлеген жағдайда тред-юниондардың мүшелері өзінен-өзі партияның мүшелері болып саналады. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советі және Кооперативтік партияның Атқару Комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды. Лейбористік партияға коллективтік мүше правосында кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы лейбористік партияға тығыз жақындасады. Әуелде құрамы жағынан жұмысшы партиясы ретінде қалыптасқан лейбористік партия (кейіннен оған едәуір мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) өзінің идеологиясы мен тактикасы жөнінен оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылғаннан бастап-ақ оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақ саясатын жүргізіп келеді. «Жұмысшы партиясы бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер — толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер — басшылық етіп отыр...» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 259-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) лейбористік партияның лидерлері социал-шовинистік позиция ұстады. Лейбористер талай рет (1924, 1929, 1945 және 1950 жылдарда) үкімет басына келді; бұл үкіметтер ағылшын империализмінің саясатын бұлжытпай жүргізіп отырды. Лейбористік партия басшыларының реакциялық саясатына ағылшын еңбекшілерінің наразылығы партияда солшыл ағымның пайда болуына әкеп соқтырды; бұл ағым партия басшыларының ресми саясатына қарсы бағытталған.— *67.*

34 *Британ социалистік партиясы* 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуінің нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» партия болды (осы том, 378-бет). Алайда партияның сан жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) партия ішінде интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин,

Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған тұрлаусыз элементтер болды.

1916 жылдың февралында Британ социалистік партиясының бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партияның жергілікті ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді қолдап шықты.

Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде Британ социалистік партиясы жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға келіп қосылды.— *67.*

35 *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партиялардан тәуелсіздік алу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди басқарды. Барлық өндіріс құрал-жабдықтарын коллектив болып иелену, коллектив болып болу мен айырбастау, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, балалар еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қауіпсіздендіруді және жұмыссыздық жөнінен жәрдем берілуін енгізу жолында күресуді партия өзінің программасы етіп қойды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).— *67.*

[36] *«Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем») — апталық газет, 1891 жылдан шығады; 1893 жылдан — Англия тәуелсіз жұмысшы партиясының органы. Газет 1922 жылдан «New Leader» («Жаңа Көсем») деген атпен шықты, ал 1946 жылдан «Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деген атпен шығады.— *67.*

[37] Бұл арада 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) Парижде өткен *РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы* айтылып отыр.

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасы конференцияның жұмысында басты орын алды. Конференция Ленин ұсынған қарарды азғана өзгерістермен қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер). Сондай-ақ басқа мәселелер бойынша да большевиктік шешімдер қабылданды. Ол мәселелер мыналар: «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы»; ұйымдық мәселе бойынша, жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы және басқалар. Конференция жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде үзілді-кесілді айыптап, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы мейлінше батыл идеялық және ұйымдық күрес жүргізуге шақырды. Сонымен бірге шақырымпаздарға да соққы берілді. Конференцияның маңызын бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (бұл да сонда, 388-бет).— *72.*

[38] Әңгіме 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) Стокгольмде өткен РСДРП IV (Бірігу) съезінде қабылданған меньшевиктердің жерді муниципализациялау жөніндегі аграрлық программасы жайында болып отыр. В. И. Лениннің «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде меньшевиктердің аграрлық программасы сыналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер және 16-том, 205—444-беттер).— *74.*

[39] *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ не бары бір-ақ номері шықты.

1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шығып, құпия партия ұйымдарын қорғады. Алайда ол стра-

тегияның және тактиканың негізгі мәселелері жөнінде меньшевиктік позицияларда қалды.— *75.*

[40] *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққап жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалар қатысты. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: «социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 166-бет).— *75.*

[41] Әңгіме *РСДРП Орталық Комитеті пленумының,* 1910 жылы 2—23 январьда (15 январь — 5 февральда) Парижде өткен «бірігу» деген атпен мәлім болған пленумының шешімдері жайлы болып отыр.

Орталық Комитеттің Январь пленумы жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері қатысты. Пленумда ымырашылдар көпшілік болды. Ленин пленумда жойымпаздарға, впередшілдерге, троцкистерге және ымырашылдарға қарсы табанды күрес жүргізіп, большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындастыру бағытын ұстады. Лениннің талап етуімен пленум «Партия ішіндегі істің жайы» деген қарар қабылдады, ол қарар жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады, бұл ағымдардың қауіпті екенін және оларға қарсы күресудің қажеттігін мойындады. Ленин Январь пленумының маңызына баға бере келіп, былай деп көрсетті: пленум РСДРП V (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының қарарын дамыта отырып, жойымпаздық пен шақырымпаздық — пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі деп қаулы қабылдап, партияның контрреволюция кезеңіндегі тактикалық бағытын біржолата белгілеп берді. Пленум сондай-ақ партияның шын бірлігін осы тарихи кезеңдегі партияның идеялық-саяси міндеттеріне байланысты етіп құру жөнінде мәселе қойды. Сонымен қатар Ленин пленумның ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады. Пленум жұмысы, онда болған күрес В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330-беттер) жан-жақты баяндалған.— *76.*

[42] Ленин РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы Январь пленумының жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптаған шешімінен цитат келтіріп отыр (қараңыз: «КПСС съез-

дерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 316-бет). —*77.*

43 *Впередшілдік, «Вперед» тобы* — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антипартиялық тобы; ультиматистік-шақырымпаздық фракциялық орталық — Капридегі мектеп сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, 1909 жылы декабрьде А. Богданов пен Г. А. Алексинскийдің инициативасымен құрылды; «Вперед» деп аталатын баспа органы болды, ол 1910—1911 жылдары Женевада шығып тұрды. Прага партия конференциясынан кейін впередшілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірігіп кетті. «Вперед» тобының антипартиялық және антимаркстік принципсіздік іс-әрекеттері жұмысшыларды одан бездірді. «Бұл топтың ықпалы,— деп жазды Ленин,— әрқашан өте мардымсыз болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген және дәрменсіз әр түрлі шетелдік топтармен келісімпаздықтың арқасында ғана амалдап тіршілік етті» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 231-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы іс жүзінде 1913—1914 жылдары тарап кетті; ол формальды түрде 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *77.*

44 *«Возрождение»* («Жаңару») — жойымпаз-меньшевиктердің жария журналы; 1908 жылғы декабрьден 1910 жылғы июльге дейін Москвада шығып тұрды. Журналға Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және басқалар қатысты.— *80.*

45 *«Невский Голос»* («Нева Үні») — жойымпаз-меньшевиктердің апталық жария газеті; 1912 жылғы 20 майдан (2 июньнен) 31 августқа (13 сентябрьге) дейін Петербургте шығып тұрды. Барлығы 9 номері шықты. Д. Ф. Костров «Живое Дело» газетінің орнына шығарып тұрды. Газетке П. Б. Аксельрод, Л. Мартов, А. Мартынов, Ю. Чацкий және басқалар қатысты.— *80.*

46 *«Живая Жизнь»* («Нақты Өмір») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті, 1913 жылдың июлінде Петербургте шығып тұрды.— *81.*

47 *«Новая Рабочая Газета»* («Жаңа Жұмысшы Газеті») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті, 1913 жылғы 8 (21) августан 1914 жылғы 23 январьға (5 февральға) дейін Петербургте «Живая Жизньнің» орнына шығарылып тұрды.— *82.*

48 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал; 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905

жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархистік либерализм идеяларын уағыздады. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылып (ал 1904 жылғы январьда қалыптасты), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституционалистермен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттер) ұйтқысы болды.— *85.*

49 Әңгіме патшаның *1905 жылғы 17 октябрьдегі* манифесі жайында болып отыр. Манифесте «азаматтық бостандықтар» беруге және «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етілгенді. Манифест революция патша өкіметінен күшпен алған жеңілдік еді. Патша үкіметі уақыттан ұтқысы келді, революциялық күштерді бөлшектеп, Бүкіл россиялық стачканы болғызбауға және революцияны жаныштап тастауға тырысты. Большевиктер самодержавиенің бұл саяси айла-шарғысын әшкереледі. 1905 жылы 18 (31) октябрьде РСДРП Орталық Комитеті «Орыс халқына!» деген үндеу шығарып, онда патша манифесінің бүкіл жалғандығын түсіндірді, революциялық күресті одан әрі жүргізе беруге шақырды. 17 октябрь манифесі туралы В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Революцияның бірінші жеңісі» және «Түйін шешілуге жақын» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 28—36, 74—84-беттер).— *85.*

50 *«Вехи»* — кадеттердің көрнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяев, С. Н. Булгаков, М. О. Гершензон, А. С. Изгоев, Б. А. Кистяковский, П. Б. Струве және С. Л. Франктың мақалалар жинағы; жинақ 1909 жылы көктемде Москвада шықты. Кадеттік қаражүзділіктердің жинағына В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—188-беттер) сын тұрғысынан талдау жасап, саяси баға берді.— *85.*

51 Әңгіме «заң шығаратын» Мемлекеттік думаны шақыру туралы *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң* жайында болып отыр, оны патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызған кезде жариялаған болатын. Заң Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басымдылығын қамтамасыз етті. 1905 жылғы 11 декабрьдегі заң бойынша сайланған бірінші Дума кадеттік Дума болды.— *86.*

52 *«Саблер батюшкалары»* деп Ленин синодтың обер-прокуроры реакционер Саблердің нұсқауы бойынша патша үкіметіне жағымды депутаттардың сайлануын қамтамасыз ету үшін IV Мемлекеттік дума сайлауына белсене қатыстырылған священниктерді атайды. Бұл жөнінде Лениннің «Сайлаудағы

дін басылары және дін басыларымен бірге жүргізілген сайлау» деген мақаласын қараңыз: (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 143—146-беттер).— *86.*

53 *«Промышленность и Торговля»* («Өнеркәсіп және Сауда») — журнал; өнеркәсіп және сауда өкілдері съездерінің Советі 1908 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығарып тұрды.— *98.*

54 *«Техниканың ұлы жеңістерінің бірі»* деген мақала тас көмір қабаттарынан тікелей жер астында газ өндіру проблемасына арналған. Көмірді жер астында газға айналдыру мүмкіндігін орыстың ұлы ғалымы Д. И. Менделеев 1888 жылы жарияланған «Донец жағалауындағы тұнып жатқан болашақ күш» деген еңбегінде бірінші рет теориялық тұрғыдан тұжырымдап айтқан болатын. Көмірді жер астында газға айналдыру идеясын 1912 жылы ағылшын химигі Вильям Рамсей айтты, ол 1913 жылы тәжірибе жасауға әзірлене бастаған еді, бірақ империалистік соғыс кедергі болды.

Көмірді жер астында газға айналдыру идеясын практикада іске асыру жолында үлкен қиыншылықтар бар еді, міне осы қиындықтар көмір кен орындарын пайдаланудың бұл әдісін өнеркәсіпте қолдануға богет жасады. Табиғи жағдайда көмірді жер астында газға айналдыру жөніндегі тәжірибе іс і СССР-де басталды. Дон бассейнінде 1932—1934 жылдары Лисичанск және Горловка тәжірибе станциялары салынды. 1936—1941 жылдар ішінде Донбасста және Москва іргесінде көмірді жер астында газға айналдыратын жартылай өнеркәсіптік типтегі бірнеше станциялар салынып, пайдалануға берілді. Ұлы Отан соғысынан кейін көмірді жер астында газға айналдыру жөніндегі тәжірибелер қайта басталды.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін мұндай тәжірибелер шетелде бірқатар елдерде жүргізілді.— *100.*

55 *«Звезда»* («Жұлдыз») — большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 (29) декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге (5 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқыда газет апта сайын шықты; 1912 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) бастап аптасына 2 рет, ал 8 (21) марттан — аптасына үш рет шығарылды. «Звезданың» жиі-жиі конфискеленуіне байланысты «Невская Звезда» газеті шығарылды, ол «Звезданың» тікелей жалғасы болды. «Звезданың» тиражы шығарыла бастаған кезде 7—10 мың дана болды. 1912 жылғы Лена күндерінде газеттің тиражы 50—60 мың данаға жетті.

Россияда революциялық қозғалыстың жаңдана бастауына байланысты жария маркстік баспасөзді қалпына келтіру мәселесі аса күшті қойылды. 1910 жылы күзде Копенгагенде Халықаралық социалистік конгресс жұмыс істеп жатқан кезде кеңес өтті, оған В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі

большевик Н. Г. Полетаев және басқалар қатысты. Кеңесте Россияда жария орган шығару және оған партияшыл-меньшевиктердің қатысуы жөнінде келісімге қол жетті. Осы келісімнің негізінде «Звезда» редакциясының құрамына В. Д. Бонч-Бруевич (большевиктерден), Н. И. Иорданский (партияшыл-меньшевиктерден) және И. П. Покровский (III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядан) кірді. Газетті шығаруды жолға қоюда Н. Г. Полетаев үлкен роль атқарды. «Звезда» бұл кезеңде Думадағы социал-демократиялық фракцияның органы болып саналды. 1911 жылы 11 (24) июньде 25-номерінен бастап газетті шығару уақытша тоқтатылды. 1911 жылы октябрьде «Звезда» редакциялық құрамы өзгеріп, партияшыл-меньшевиктердің қатысуынсыз қайта шығарылды.

В. И. Ленин «Звездаға» идеялық басшылық етті; ол редакция мүшелерімен хат-хабар алысып, олардың жұмысын бағыттап отырды, «Звезданың» қателерін, әсіресе ол шыға бастаған бастапқы кездегі қателерін сынға алды, газеттің ұстамды маркстік бағыты болуы үшін күрес жүргізді. «Звезда» мен «Невская Звезда» В. И. Лениннің 50-ге жуық мақаласы жарияланды, оларға былай деп қол қойылған: В. Ильин, В. Ф., Вильям Фрей, Ф. Л-ко, К. Т., Т., Б. К., М. Ш., П. П., Р. Силин, Р. С., Б. Г., Либерал емес скептик, К. Ф., Ф. Ф., М. М. және т. б.

«Звездада» Н. Н. Батурин, Н. Г. Полетаев, К. С. Еремеев, М. С. Ольминский орасан зор редакциялық және ұйымдастыру жұмысын жүргізді. В. Д. Бонч-Бруевич, Демьян Бедный және басқалар газетке белсене қатысып тұрды. «Звездада» Г. В. Плехановтың бірқатар мақалалары басылды. Ленин «Звездаға» қатысуға А. М. Горькийді тартты.

Лениннің басшылығымен «Звезда» айбынды маркстік газетке айналды. Ол революциялық марксизм принциптерін қорғады және насихаттады, маркстік партияны нығайту жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы жолында жойымпаздарға және шақырымпаздарға қарсы күресті, IV Мемлекеттік дума сайлауында большевиктердің сайлау платформасын қорғады. «Звезда» Думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің сөйлеген сөздерін және фракцияның Думаға қойған сұрауларын басып отырды. Газет РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдерін жүзеге асыру жолында белсенді күрес жүргізді.

«Звезда» фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылармен тұрақты тығыз байланыс орнатты; жұмысшы қозғалысы бөлімінде газет жұмысшылардың ең көкейтесті мұқтаждарына үн қосып отырды. Россияның жұмысшылары арасында «Звезданың» үлкен беделі болды. 1912 жылы көктемде жұмысшы қозғалысының өрлеуіне байланысты «Звезданың» ролі орасан зор артты. Әсіресе жұмысшы хроникасы бөлімі айрықша кеңейді, онда Лена оқиғаларына байланысты пікір-

лер басылды. Газетте Россияның түрлі қалаларынан ереуілдер, демонстрациялар мен митингілер туралы көптеген хабарлар жарияланды, жұмысшылардың «Звездаға» жазған хаттары, жұмысшылар жиналыстарында Ленадағы атқылауға қарсы наразылық білдіріп қабылданған қарарлар басылды.

Газет редакциясына патша үкіметі тарапынан үнемі болып тұрған: газет номерлерін конфискелеу, штрафтар салу, газетке тыйым салу, редакторларды тұтқынға алу сияқты қудалау жағдайында жұмыс істеуге тура келді. 1912 жылғы Лена күндерінде «Звезданың» әрбір номері конфискеленді, бірақ конфискеленгенге дейін тираждың біраз бөлегі жұмысшылар арасына таратылып үлгерілетін еді.

«Звезда» газеті күн сайын шығып тұрған жоқ және пролетариаттың алдыңғы қатарлы тобына арналған болатын. Большевиктік күнделікті бұқаралық газет шығару қажет болды. «Звезда» сондай органды құру идеясын насихаттауда үлкен роль атқарды. «Звезда» редакциясы жариялаған күнделікті жұмысшы газетінің қорына қаржы жинау жұмысшылар бұқарасы арасында қызу қолдау тапты. «Звезда» жұмысшылардың үн қосуы жөнінде өз оқушыларына үнемі хабарлап, жаңа баспасөз органын шығару қорына жиналған қаржының сомасы жөнінде есеп жариялап отырды. «Звезда» газеті бұқаралық жария большевиктік газет — «Правданы» шығаруды әзірлеп берді.— *104.*

56 Әңгіме *«Наш Путь»* («Біздің Жол») газеті жайында болып отыр. Москвада жария жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы Ленин 1912 жылдың жазында-ақ айтқан болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 482-бет). Сонымен бірге Ленин әуелі «Правданы» нығайтып алу қажет, ал содан соң Москвада —«Московская Правданы», А. М. Горькийге жазған хатында ол газетті осылай атады, ұйымдастыру қажет деп есептеді. Москвада партиялық органды шығару туралы мәселе РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1913 жылы 27 июльде (9 августа) Поронинде өткен кеңесінде талқыланған болатын.

Москваның жұмысшы газетіне ақша жинау «Правда» редакциясы арқылы ұйымдастырылды. 1912 жылы 24 ноябрьде «Правда» Москваның бір топ жұмысшыларының хатын басты, онда Москвада жұмысшы газетін ашудың маңыздылығы және мұның дер кезінде қойылып отырғандығы көрсетілді. Жұмысшылар газет қорына ақша жинауға шақырған үндеу тастады. Үндеуді жұмысшылар қолдап, іліп әкетті. Газетті шығару Москваның партия қызметкерлерінің біразының тұтқынға алынуы салдарынан кідіріп қалды.

Москваның жұмысшы газеті — «Наш Путьтің» бірінші номері 1913 жылы 25 августа (7 сентябрьде) шықты. В. И. Ленин газетке белсене қатысты, ол өзінің мақалаларын «Правдаға» да, «Наш Путьке» де жіберіп отырды. «Наш

Путь» газетінде Лениннің бірқатар мақалалары басылды, олар: «Россиялық буржуазия және Россиялық реформизм», «Азаттық қозғалысында сословиелер мен таптардың ролі», «Дублиндегі таптық шайқас», «Дублиндегі шайқастан кейін бір апта өткен соң», «Саясаттың принциптік мәселелері», «Гарри Квелч» және басқалар.

«Наш Путь» газеті қызметкерлері ішінде мыналар болды: А. М. Горький, Демьян Бедный, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары — А. Е. Бадаев, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов.

«Наш Путь» газеті жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды, жұмысшылардың 395 тобы өздерінің жинаған ақшасымен газетті қолдап отырды. Газет полиция тарапынан үздіксіз қуғынға ұшырады, сөйтіп 1913 жылы 12 (25) сентябрьде жабылды; барлығы 16 номері шықты. Газеттің жабылуына Москва жұмысшылары ереуіл жасап қарсылық білдірді, бірақ оны қайтадан шығарудың сәті түспеді.— *104.*

57 *«Новая Русь»* («Жаңа Русь») — либералдық-буржуазиялық күнделікті «Русь» газетінің жалғасы, 1903 жылдың декабрінен бастап Петербургте шығып тұрды, газеттің шығарушы-редакторы А. А. Суворин болды. 1905 жылғы революция кезінде «Русь» кадеттерге жақын болды. «Русь» 1905 жылы 2 (15) декабрьде жабылды. Кейіннен газет, арасына үзілістер салып, «Русь», «Молва», «XX Век», «Око», «Новая Русь» деген әр түрлі аттармен шықты.— *113.*

58 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды. 1905 жылғы революциядан кейін — кадеттер партиясы оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. Ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *119.*

59 *Кен істері, металлургия және машина жасау жөніндегі Бүкіл россиялық II съезд* 1913 жылы 17 апрельден 24 апрельге дейін Петербургте өтті. Съездің жұмысына 756 адам қатысты, бұлардың ішінде түрлі жоғары техникалық оқу орындарының, орыс техникалық қоғамы бөлімдерінің, кен инженерлері қоғамының және т. т. өкілдері болды. Съездің жұмысы кен ісі, машина жасау, металлургия және ауыл шаруашылық машиналарын жасау, технология секцияларында өтті; кейбір мәселелер барлық секциялардың біріккен мәжілістерінде талқыланды. Барлығы 156 баяндама жасалды, олардың ішінде «Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары жөнінде», «Кен заводтары жұмысшыларының

өмір және еңбек жағдайлары», «Завод басқарудың ғылыми негіздері» деген және басқа баяндамалар бар.— *121.*

60 *«Киевская Мысль»* («Киев Ойы) — буржуазиялық-демократиялық бағыттағы күнделікті газет, 1906 жылдан 1918 жылға дейін Киевте шығарылып тұрды. 1915 жылға дейін апта сайынғы суретті қосымшамен шықты; 1917 жылдан — таңертең және кешке шығарылды.— *121.*

61 *«Земщина»* («Земствошылдық») — қаражүздік күнделікті газет, 1909 жылғы июньнен 1917 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды.— *126.*

62 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXV том, 1936, 544-бет.— *127.*

63 *Үш жақты одақ* — Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның 1879—1882 жылдары қалыптасқан империалистік блогы. 1879 жылы Австро-Венгриямен одақтасу жөнінде шарт жасасқан Германия үш жақты одақ құрудың инициаторы болды, бұл одаққа 1882 жылы Италия қосылды. Үш жақты одақ туралы шарт одаққа қатысушылардың бірлесіп әрекет жасауын көздеді және ол ең алдымен Россия мен Францияға қарсы бағытталды. Англияға финанс жағынан тәуелді болып отырған Италия Үш жақты одаққа мынадай: одақтың қарсыластарының арасында Англия болмаған жағдайда ғана өзінің міндеттемесін орындайды деген ескертпемен кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басында Италия өзінің бейтарап екендігін мәлімдеді, ал 1915 жылдың майында Антанта державалары жағына шығып, өзінің бұрынғы одақтастары — Австро-Венгрияға және Германияға қарсы соғыс ашты. Сөйтіп, Үш жақты одақ өмір сүруін тоқтатты.

*Үш жақты келісім, Үш жақты келісу* (басқаша айтқанда— Антанта) — Англияның, Францияның және патшалық Россияның империалистік блогы; ол Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның империалистік Үш жақты одағына қарама-қарсы 1907 жылы біржола қалыптасып болды. Антанта құрылар алдында 1891—1893 жылдары француз-орыс одағы және 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды. 1907 жылы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылуы Антантаның құрылуын аяқтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Англияның, Францияның және Россияның блогына Америка Құрама Штаттары, Жапония, Италия және басқа бірқатар мемлекеттер қосылды. — *132.*

64 Бұл арада партияның мына шешімдері:— 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде қабылданған «Бундты РСДРП-мен біріктіру шарттарының жобасы» және 1908 жылы РСДРП Жалпы

россиялық бесінші конференциясы қабылдаған «Жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы» қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 195—196, 278-беттер).— *134.*

65 *Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресі* (II Интернационалдың VIII конгресі) 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін өтті. Конгресс әр мемлекеттегі кәсіптік қозғалыс бірлігінің қажеттілігі туралы және сепаратизмге ұмтылуды айыптайтын 1907 жылғы Штутгарт конгресінің шешімін мақұлдайтын қарар қабылдады. Қарар 222 дауыспен қабылданды, 5 дауыс (сепаратистер) қарсы болды, 7 дауыс қалыс қалды.— *135.*

66 *«Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде»*— большевик депутаттың Думада сөйлейтін сөзінің Ленин жазған жобасы. 1913 жылы 4 (17) июньдегі мәжілісте халық ағарту министрлігінің 1913 жылға арналған шығыс сметасы жөніндегі бюджет комиссиясының баяндамасын талқылаған кезде осы мәселе бойынша А. Е. Бадаев сөз сөйледі. Ол Думада Ленин әзірлеп берген жобаны сөзбе-сөз дерлік айтып берді, бірақ оның сөзі аяқталмады. «Бұл үкімет халықтың оны қуып жіберуіне тұрарлық болып отырған жоқ па?»— дегені үшін Бадаевтың одан әрі сөйлеуіне тыйым салынды.— *137.*

67 Большевиктік «Просвещение» журналының 2-номерінде (1913 жылғы февраль) Демьян Бедныйдың «Шырақ» деген мысалы басылды. Осы үшін журналдың номері конфискеленді, ал редакторы тұтқынға алынды.— *145.*

68 *Бельгиядағы жаппай стачка* 1913 жылы 14 апрельден 24 апрельге (жаңаша) дейін болды. Бельгия жұмысшылары конституцияны өзгертуді, жалпыға бірдей және тең сайлау правосы болуын талап етті. Стачка кең етек алды: жалпы саны бір миллионнан астам жұмысшының 400—500 мыңы стачкаға қатысты. «Правда» ереуілдің барысын үнемі жазып тұрды, орыс жұмысшыларының ереуілшілерге арнап жинаған жәрдемі туралы хабарлар басты.— *161.*

69 *«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»* («Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Хабаршысы»)—финанс министрлігінің апталық журналы; 1883 жылдың ноябрінен 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды (1885 жылдың январына дейін «Финанс министрлігі жөніндегі үкімет жарлықтарының көрсеткіші» деген атпен шықты). Журналда үкімет жарлықтары, экономикалық мақалалар мен шолулар басылды.— *166.*

70 *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі») — күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (байқау ретіндегі бірінші номері 1894 ж. шықты); И. Д. Сытин шығарып тұрды. Ресми түрде бейпартиялық делінген газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу либералдық позициядан қорғады. Газетте хабарға кең орын берілді. Бұл елдің барлық ірі қалаларына және дүние жүзінің көптеген астаналарына меншікті тілшілерін жіберген Россиядағы бірінші газет болды.

1917 жылдың ноябрінде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылдың январынан бастап біраз уақыт газет «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды, ал 1918 жылы июльде біржола жабылды.— *166.*

71 Англия *социал-демократиялық федерациясы* 1884 жылы құрылды. Реформистермен (Гайндман және басқалар) бірге Социал-демократиялық федерацияға революцияшыл социал-демократтар, Англия социалистік қозғалысының сол қанатын құраған марксизмді жақтаушылар тобы (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс және басқалар) кірді. Догмашылдығы мен сектанттығы үшін, Англияның бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі және оның ерекшеліктерін елемегендігі үшін Социал-демократиялық федерацияның басшыларын Ф. Энгельс қатты сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия деп аталды; бұл партия 1911 жылы Тоуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірігіп, Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партия Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды.— *171.*

72 *«Русская Молва»* («Орыс Үні») — күнделікті газет, буржуазиялық-помещиктік прогрессистер партиясының органы; 1912 жылғы 9 (22) декабрьден 1913 жылғы 20 августқа (2 сентябрьге) дейін Петербургте шығып тұрды.— *176.*

73 *«Торгово-Промышленная Газета»* («Сауда-Өнеркәсіп Газеті») — «Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Хабаршысына» күнделікті қосымша; 1893 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 1894 жылдан бастап газет дербес басылым ретінде шықты.— *179.*

74 Бұл арада *РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі* айтылып отыр; кеңес 1912 жылғы 26 декабрь — 1913 жылғы 1 январьда (1913 жылғы 8—14 январьда) Краковта өтті. Оның жұмысына В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, Н. Р. Шагов және басқалар қатысты. Кеңесте Петербургтің, Москва облысының, Оңтүстіктің, Уралдың және Кавказдың құпия партия ұйымдарының өкілдері болды. Краков

кеңесі В. И. Лениннің председательдік етуімен өтті. Ол «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері», «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» деген баяндамалар жасады (баяндамалардың тексті сақталмаған), кеңестің барлық қарарларын әзірледі және редакциялады, РСДРП Орталық Комитетінің кеңесі туралы «Хабарын» жазды.

Кеңес жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелері жөнінде мынадай шешімдер қабылдады: жаңа революциялық өрлеуге және стачкалық қозғалыстың өсуіне байланысты партияның міндеттері туралы, құпия ұйымды құру туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы туралы, қауіпсіздендіру науқаны туралы, партиялық баспасөз туралы, ұлттық социал-демократиялық ұйымдар туралы, жойымпаздыққа қарсы күрес және пролетариат партиясының бірлігі туралы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 277—300-беттер).

Кеңестің шешімдері партияны және оның бірлігін нығайтуда, партияның еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын ұлғайтуда және нығайтуда, жұмысшы қозғалысы өрлеп келе жатқан жағдайда партиялық жұмыстың жаңа формаларын жасауда үлкен роль атқарды. Краков кеңесінің қарарларын РСДРП Орталық Комитеті бекітті.— *197.*

75 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясы оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» ерекше ұштастырды деп көрсетті. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *212.*

76 *«Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның жобасын»* Ленин 1913 жылы майда Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезін шақыруға әзірлікке байланысты латыш большевиктері үшін жазған болатын.

Реакция дәуірінде, патша үкіметі 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін партияның негізгі белсенді мүшелерін — большевиктерді түгелдей дерлік түрмеге отырғызып, жер аударып, ыдыратып жіберген немесе эмиграцияға кетуге мәжбүр еткен кезде, Латыш өлкесі социал-демократиясының барлық орталық мекемелерін (Орталық Комитетті, Орталық Органды, Шетелдік комитетті) жойымпаз-меньшевиктер мен ымырашылдар басып алған еді. Революциялық қозғалыс өрлеген жылдарда латыш большевиктері бірқатар

жергілікті ұйымдарда нығайып, Латвия жұмысшыларының революциялық қозғалысына басшылық етеді, партияның меньшевиктік басшыларына қарсы белсенді күрес жүргізеді. Латыш өлкесі социал-демократиясының ішінде большевиктік пиғылдағы жұмысшыларға арқа сүйеген латыш большевиктері өздерінің ұйымдық жағынан қалыптасқан фракциясын құрды. Шетелде латыш эмигрант-большевиктері өз орталығын — Шетелдік топтар бюросын құрды, ол 1912 жылдың күзінен бастап өз органы — «Бюллетень, Шетелдік топтар бюросының басылымын» шығарып тұрды.

Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясындағы партия ішіндегі күрестің барысын мұқият қадағалап отырды, латыш большевиктерінің жойымпаздық басшылыққа қарсы күресінде оларға көмек көрсетті. Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның Ленин жазған жобасы 1913 жылы августа «Ciņas Biedris» газетінің 4-номерінде жарияланды және 1913 жылы ноябрьде «Бюллетеньнің» («Biletens») 8-номерінен алынып, «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған біздің платформамыз» деген тақырыппен жеке оттиск болып басылып шықты, одан кейін платформаның жобасы «Бюллетеньнің» 1913 жылы 20 ноябрьде шыққан 9—10-номерлерінде бас мақала ретінде жарияланды. «Бюллетеньнің» редакциясы өз ішіндегі ымырашыл элементтердің ықпалымен Лениннің текстін жариялаған кезде ұлт мәселесіне арналған маңызды бөлімді қалдырып кетті және басқа бөлімдерді ішінара қысқартып, өзгеріс енгізді.

Ленин Шығармаларының басылымдарында «Платформаның жобасы» орыс тілінде сақталған қолжазба бойынша толық басылып келеді.

*Латыш өлкесі социал-демократиясы* 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп аталды. 1905 жылы июньде ЛСДЖП-ның II съезінде партияның программасы қабылданды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесі социал-демократиясы деп атала басталды.— *222.*

77 Әңгіме 1912 жылы августа Венада өткен *жойымпаздардың август конференциясы* дейтін жайында болып отыр; осы конференцияда антипартиялық Август блогы құрылды, оның ұйымдастырушысы Троцкий болды. Конференцияға Бундтың, Закавказье облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және шетелдегі жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық топсымақтардың («Голос Социал-Демократа», Троцкийдің Венадағы «Правдасы» редакцияларының және «Вперед» тобының) өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың Петербургтегі және Москвадағы «инициативалы топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық басылым-

дар «Наша Заря» мен «Невский Голос» редакциялары делегаттар жіберді; сондай-ақ конференцияға «Спилки» шетелдік комитетінің өкілі қатысты. Делегаттардың көпшілігі шетелдерде тұратын, Россияның жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті жердегі партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды. Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері бойынша антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады, құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты.

Жойымпаздардың Россияда өзінің центристік партиясын құрмақ болған әрекетін жұмысшылар қолдамады. Жойымпаздар Орталық Комитетті сайлай алмады да, Ұйымдастыру комитетін құрумен шектелді. Ала-құла элементтерден құралған антибольшевиктік блок конференцияның үстінде-ақ ыдырай бастады, ал мұндай блокты құру конференцияның басты мақсаты болған еді. Конференцияның аяқталуын күтпей-ақ впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, одан соң қалған қатысушылар кетті. Август блогы большевиктердің соққысынан бір — бір жарым жылдан кейін іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: ««Август» блогының ыдырауы», ««Августық» жалғандықты әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі айқаймен бүркеніп, бірлікті бұзу туралы» (Шығармалар, 20-том, 155—158, 181—184, 333—357-беттер).— *224.*

78 Бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезінің (1906) және РСДРП Бесінші (Жалпы россиялық) конференциясының (1908) шешімдері айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 219—244, 268—281-беттер).— *247.*

79 Ленин бұл арада Петербург жұмысшыларының, көбінесе тоқымашылардың 1895 жылғы, әсіресе 1896 жылғы стачкаларын айтып отыр. 1896 жылғы стачка 23 майда Калинкин мануфактурасында басталды; II Николайдың таққа отыруына байланысты жұмыс істелмеген күндер үшін жұмысшыларға жалақыны толық төлеуден фабриканттардың бас тартуы стачканың басталуына себеп болды. Стачка Петербургтің барлық негізгі мақта-мата және тоқыма кәсіпорындарын тез қамтыды, ал одан соң ірі машина жасау заводтарына, резина мануфактурасына, жазу қағазын шығаратын фабрика мен қант заводына таралды. Петербург пролетариаты қанаушыларға қарсы тұңғыш рет кең майдан құрып күреске шықты. 30 мыңнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Стачка Петербург «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығымен өтті, ол жұмысшыларды өз праволарын ұйымшылдықпен және табандылықпен қорғауға шақырған листовкалар мен прокламациялар шығарды. «Күрес одағы»

стачкашылардың негізгі талаптарын: жұмыс күнін 10½ сағатқа дейін қысқарту, нарықты арттыру, жалақыны уақытында төлеу, т. с. талаптарын басып шығарды және таратты.

Петербургтегі стачкалар Москвада, Россияның басқа да қалаларында жұмысшы қозғалысының дамуына себін тигізді, үкіметті фабрикалық заңдарды қайта карауды тездетуге, фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін 11½ сағатқа дейін қысқарту туралы 1897 жылғы 2 (14) июнь заңын шығаруға мәжбүр етті. Бұл стачкалар, деп жазды В. И. Ленин кейіннен, «содан бастап үздіксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының,— біздің бүкіл революцияның осынау бір ең қуатты факторының заманын ашты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 101—102-беттер).— *251.*

80 *Пруссиялық октябристер және кадеттер* деп Ленин «прогрессистерді» — 1861 жылы құрылған либерал буржуазия партиясын атады.— *252.*

81 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 433-бет).— *261.*

82 *«Новый Экономист»* («Жаңа Экономист») — апталық журнал; 1913 жылғы 26 январьдан (8 февральдан) 1917 жылғы декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды; шығарушы-редакторы профессор П. П. Мигулин. Журналды шығаруға октябристер мен кадеттер қатысты.— *266.*

83 Лениннің *«Богданов мырза және «Вперед» тобы туралы мәселе жөнінде»* деген хаты Богдановтың 1913 жылы 26 майда «Правда» газетінде жарияланған мәлімдемесіне байланысты жазылды. Богданов онда Лениннің «Даулы мәселелер» деген мақалада думадағы жұмысты және басқа да жария мүмкіндіктерді пайдалануды мойындамаушылық «впередшілдікпен» байланысты болды деп көрсеткен фактісін теріске шығаруға тырысты (қараңыз: осы том, 77-бет). «Правданың» редакциясы Богдановтың мәлімдемесін мынадай қосымшамен бірге басты: «95-номердегі «Даулы мәселелер» деген мақалада дамытылған көзқарасты толығынан қуаттай отырып, редакция ешкімге де іш тартпау мақсатымен өзіміздің тұрақты қызметкеріміз Богданов жолдастың төмендегі мәлімдемесін басуды мүмкін деп табады». Бұл қосымша Лениннің қатты наразылығын туғызды, ол «Правдаға» «Богданов мырза және «Вперед» тобы туралы мәселе жөнінде» деген хатпен бірге Богдановтың партия тарихын бұрмалауына қарсы заметканы қоса жіберді (бұл заметка ол кезде жарияланбады және осы күнге дейін табылған жоқ). Ленин өзінің хаттарында Богдановтың большевиктік газетте қызмет етуіне жол беруге болмайтыны туралы «Правда» редакциясын талай рет ес-

кертті. Махистік көзқарасты ашықтан-ашық насихаттаған «Идеология» деген мақаласын жазғаннан кейін Богданов «Правданың» қызметкерлері қатарынан шығарылды.— *270.*

84 Бұл мақаланың В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 19-томында және Лениннің XXX жинағында «Кадет Маклаковтың сөйлеген сөзі жөнінде» деген редакция қойған тақырыбы болды. 1954 жылы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты. Польшадан В. И. Лениннің Краков-Поронин архивінен ішінде «Правда» газетіне арнап жазылған мақалалардың Ленин жасаған тізімі бар бірқатар документтер алды. Осы тізімнің арқасында бұл мақалаға Лениннің «Теріс баға («Луч» Маклаков туралы)» деген тақырып қойғаны анықталды. —*273.*

85 *Чартизм* (ағылшынша charter — хартия дегеннен шыққан) — ағылшын жұмысшыларының XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы бұқаралық революциялық қозғалысы; бұл қозғалыс олардың экономикалық ауыр жағдайынан және саяси правосыздығынан туды. В. И. Лениннің жазғанындай, бұл «бірінші, кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалыс» болды (Шығармалар, 29-том, 305-бет). Пролетариат қозғалысының ұйымдық орталығы «Жұмысшылардың Лондон ассоциациясы» болды. Ассоциация басшылығы парламентке петиция әзірледі, ол 1838 жылы майда жарияланды. Бұл Халықтық хартия мынадай алты пункттен тұратын программа ұсынды: 21 жасқа толған еркектер үшін жалпыға бірдей сайлау правосының болуы, дауыстың жасырын берілуі, сайлау округтерінің тең болуы, парламентке депутаттыққа кандидаттар үшін мүлік цензін жою, депутаттарға ақша төлеу, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыру. Қозғалыс орасан зор митинг-демонстрациялармен басталып, Халықтық хартияны жүзеге асыру жолындағы күрес ұранымен өтті. 1840 жылы июльде «Ұлттық чартистік ассоциация» құрылды, ол жұмысшы қозғалысы тарихында жұмысшылардың тұңғыш бұқаралық партиясы болды.

1842 жылы 2 майда парламентке чартистердің енді әлеуметтік сипаты бар бірқатар талаптар (жұмыс күнін қысқарту, жалақыны арттыру және басқалар) қосылған екінші петициясы тапсырылды. Петицияны парламент қабылдамай тастады. Чартистер бұған жауап ретінде жаппай ереуіл жасады.

1848 жылы чартистер үшінші петициямен парламентке жаппай шеру тартып бармақшы болды, бірақ үкімет әскер шақырып, бұл шеру тартуды болғызбай тастады. Петиция көп ай өткен соң қаралды, бірақ қабылданбады. 1848 жылдан кейін чартистік қозғалыс құлдырап кетті. Чартистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауының басты себебі оның айқын программасы мен тактикасының және дәйекті революциялық

пролетарлық басшылығының жоқтығы болды. Алайда чартистер Англияның саяси тарихына да, сондай-ақ халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына да орасан зор ықпалын тигізді.— *277.*

86 Бұл арада 1913 жылы майда IV Мемлекеттік думада ішкі істер министрлігінің сметасын талқылаған кезде октябристердің, прогрессистердің және кадеттердің ұстаған ұлтшылдық, шовинистік позициясы айтылып отыр. Бұл мәселе жөнінде осы томның 239—241, 242—244-беттерін қараңыз.— *280.*

87 Әңгіме 1913 жылғы 29 майдан (11 июньнен) 5 (18) июньге дейін Петербургте өткен *Дәрігерлердің XII Пирогов съезі* жайында болып отыр. Съезге 1500-ге жуық адам қатысты.— *281.*

88 *Неомальтусшілдік* — ағылшын буржуазиялық экономисі — священник Р. Мальтустің (1766—1834) реакцияшыл, адамды жек көрушілік теориясының бір түрі; бұл теория капитализмді қорғауға бағытталып, капитализмге байланысты әлеуметтік апаттардың бәрін табиғи себептермен түсіндіруге және осы арқылы еңбекшілер бұқарасының назарын капиталистік құрылысқа қарсы күресуден басқа жаққа бұруға әрекеттенді. Мальтус еңбекшілердің қайыршылыққа ұшырауының себептері — капитализм мен қанаушылық емес, қайта халық саны өсуінің күн көріс заттарын өндірудің өсуінен асып түсуі, сондықтан тек халық санының өсуін қолдан тежеу жолымен, яғни некелесу мен бала туудан тыйылу арқылы ғана барлық әлеуметтік апаттарды жоюға мүмкін болады деп дәлелдеді.

Россияда мальтусшілдік идеяларды П. Струве, М. Туган-Барановский, С. Булгаков, т. б. уағыздады; олар Россиядағы шаруалар бұқарасының қайыршылық пен күйзеліске ұшырауын халық санының артуынан деп түсіндірмек болды.

Жұқпалы ауруларды, соғыстарды халық санын азайтудың құралы ретінде ақтайтын мальтусшілдікті империализмнің қазіргі идеологтары отаршылдық пен соғысты әзірлеудің реакцияшыл саясатын ақтау үшін кеңінен пайдалануда.— *281.*

89 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 426-бет).— *285.*

90 *«Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты (жалпы) туралы мәселе жөнінде»* деген сөздің жобасын Ленин Думада большевик депутаттың сөйлеуі үшін әзірлеген. Бұл сөзді 1913 жылы 9 (22) июньде Думада мемлекеттік жер мүліктері департаментінің сметасы бойынша бюджет комиссиясының баяндамасы талқыланған кезде депутат Н. Р. Шагов сөйледі. Сөзді оқыған кезде оңшыл депутаттар айқай-шу көтеріп отырды

және Дума председателі сөздер оқуға тыйым салатын ескертпені бұзғаны үшін шешенді сөзден айырамын деп бірнеше рет ескерту жасады. Шагов сөздің бәрін сөйлеп шыға алмады, Ленин жазған тексттің бірсыпыра жерін оқымай кетуге тура келді, тексттің тек жартысына жуығы ғана оқылды. — *287.*

91 *«Орыс халқы одағы»* — монархистердің барып тұрған реакциялық, қаражүздік ұйымы; революциялық қозғалыспен күресу үшін Петербургте 1905 жылғы октябрьде құрылды. «Одақ» реакцияшыл помещиктерді, ірі үй иелерін, көпестерді, полиция қызметкерлерін, дін басыларын, қала мещандарын, кулактарды, таптық сипатынан айрылған және қылмыскер элементтерді біріктірді.

«Одақ» патша самодержавиесінің бұлжымастығын, жартылай крепостниктік помещиктік шаруашылықтың, дворяндық пұрсаттылықтың сақталуын қорғады. Оның программалық ұраны крепостниктік право тұсындағы «православие, самодержавие, халықтық» деген монархиялық ұлтшылдық ұран еді. «Одақ» ойран жасауды, кісі өлтіруді революцияға қарсы күрестің басты әдісі етіп алды.— *322.*

92 Бұл арада Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — күнделікті газет «Vorwärts» («Алға») айтылып отыр.— *325.*

93 Әңгіме 1913 жылы 17, 18 және 24 мартта (30, 31 мартта және 6 апрельде) Петербургте реакцияшыл ұлтшыл элементтер бірінші Балқан соғысы кезінде сербтер мен болгарлардың түріктерді жеңуі құрметіне ұйымдастырған славянофильдік манифестациялар жайында болып отыр. Реакцияшыл элементтер Балқан халықтарының ұлт-азаттық күресін орыс патша өкіметінің Таяу Шығыстағы ұлы державалық саясаты мүдделеріне пайдалануға тырысты.— *326.*

94 Бұл арада 1912 жылы Ленада жұмысшыларды атқылаудың бір жылдығы күні, 1913 жылы 4 апрельде, Петербургте өткізілген бір күндік ереуіл айтылып отыр; ереуілге 85 мыңнан астам адам қатысты.— *331.*

95 Металлистердің Петербург кәсіптік одағы басқармасының сайлауы 1913 жылы 21 апрельде (4 майда) өтті. Жиналысқа 800-ге таяу адам қатысты, ал 400-ден астам адам үйге сыймағандықтан жиналысқа қатыса алмады. Большевиктер басқармаға ұсынылатын кандидаттардың тізімін жасады, ол тізім «Правда» газетінің 91-номерінде жарияланды және жиналысқа қатысушыларға таратылып берілді. Жойымпаздар «бағыттарының қандай екеніне қарамастан» сайлай беруді талап етсе де, жиналысқа қатысушылардың көпшілігі «Правда» ұсынған тізімді жақтап дауыс берді; басқарманың 14

мүшесінің 10-ы большевиктік тізім бойынша сайланды.— *337.*

96 *«Дискуссионный Листок»* («Айтыс Листогы») — РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократқа» қосымша; РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы Январь пленумының қаулысы бойынша 1910 жылғы 6 (19) марттан 1911 жылғы 29 апрельге (12 майға) дейін Парижде шығып тұрды. Үш номері шықты. Редакцияның құрамына большевиктерден, меньшевиктерден, ультиматистерден, бундшылдардан, плехановшылдардан, поляк социал-демократиясынан және Латыш өлкесі социал-демократиясынан өкілдер кірді. «Дискуссионный Листокта» В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары», «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні», «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақалалары жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330, 389—409-беттер; 20-том, 252—263-беттер). —*337.*

97 *«Der Kampf»* («Күрес») — ай сайын шығып тұрған журнал, Австрия социал-демократиясының органы; 1907 жылдан 1934 жылға дейін Венада шығып тұрды; оппортунистік, центристік позиция ұстады, оны солшыл лепірме сөздермен бүркемеледі. О. Бауэр, А. Браун, К. Реннер, Ф. Адлер және басқалары журналдың редакторлары болды.— *338.*

98 1848 жылғы июньнен Берлинде шығарыла бастаған немістің реакциялық күнделікті газеті *«Neue Preußische Zeitung»*-ты («Жаңа Пруссия Газеті») Ленин неміс Пуришкевичтерінің органы деп атады; газет сарай маңындағы контрреволюциялық сұрқиялардың және Пруссия юнкерлерінің органы болды. Сондай-ақ, бұл газет «Kreuzzeitung» («Кресті Газет») деген атпен де белгілі, өйткені оның тақырыбында крест бейнеленген болатын. 1939 жылға дейін шығып тұрды.— *340.*

99 Бұл арада патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі В. К. Плеве жүргізген саясат айтылып отыр; ол шаруалар қозғалысын қатыгездікпен басты, бірқатар земстволарды талқандады, еврей ойрандарын ұйымдастырды, Россияның шет аймақтарында реакциялық орыстандыру саясатын жүргізді.— *341.*

100 *«Ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді»* Ленин 1913 жылы 9, 10, 11 және 13 июльде (жаңаша) Швейцарияның: Цюрих, Женева, Лозанна және Берн қалаларында ұлт мәселесі жөнінде оқыған өзінің рефераттарына байланысты жазған. Бұл рефераттарға тек большевиктер ғана емес, сонымен бірге басқа социалистік партиялардың эмиграттық топтарының өкілдері де қатысты. Осы томның дайындық материалдарында рефераттардың жоспарлары басылып отыр (қараңыз: 490—494-беттер). Лениннің XVII жинағында осы рефераттар

бойынша жарыс сөзге шыққандардың сөздерінің толық жазбасы басылған.— *344.*

101 *«Ең нашар типтегі федерация»* — партияның 1912 жылғы Прага конференциясының шешімдерінде ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен арадағы қарым-қатынас осылай деп сипатталды; мұндай қарым-қатынас РСДРП-да IV (Бірігу) съезінен бастап, «ұлт өкілдері» «орыс ұйымдарынан мүлдем оқшау» жұмыс істеген кезде өмір сүрді, мұның өзі РСДРП-ның бүкіл жұмысына өте-мөте нұқсан келтірді. Польша мен Литваның, Латыш өлкесі социал-демократиялық ұйымдары және Бунд РСДРП-ға кіргеніне қарамастан, олар өздерін іс жүзінде оқшау ұстады. Олардың өкілдері жалпы россиялық партиялық жұмысқа басшылық ету ісіне қатыспады; олар жойымпаздардың антипартиялық қызметіне тікелей немесе жанамалап көмектесті (бұл туралы мыналарды қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 147—148-беттер, 22-том, 254—255-беттер). — *351.*

102 *Халықтық демократтар партиясы* (халықтық демократия, национал-демократия, эндектер) — поляк помещиктері мен буржуазиясының басты реакциялық, ұлтшылдық партиясы, бұл партия католиктік шіркеумен тығыз байланысты еді. 1897 жылы құрылды, оның лидерлері Р. Дмовский, З. Балицкий, В. Грабский және басқалар болды. Эндектер «таптық үйлесімділік» және «ұлттық мүдделер» деген ұрандарды ұсына отырып, халық бұқарасын өз ықпалына бағындыруға және оларды өздерінің реакциялық саясатының арнасына тартуға тырысты. Поляк халқының социалистік және жалпы демократиялық қозғалысымен күресудің құралы ретінде нағыз өршеленген ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздап, эндектер поляк халқын орыс революциялық қозғалысынан оқшаулап тастауға тырысты. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Польша Корольдігінің автономиясы негізінде патша өкіметімен мәмлеге келуге күш салып, эндектер патша өкіметін қолдау және революциямен «жасырын шағым беру, локаут жасау және кісі өлтіруге дейін барлық құралдарды» (Шығармалар толық жинағы, 15-том, 42—43-беттер) қолданып күресу жолына ашықтан-ашық түсті. РСДРП бесінші (Лондон) съезі «Халықтық демократия туралы» арнаулы қарарында «революцияға қарсы күресте патша өкіметінің одақтастары болып отырған национал-демократтардың контрреволюцияшыл, қаражүздік сиқы мен істерін қажымастан және аяусыз әшкерелеудің» қажеттігін атап көрсетті (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 234-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) эндектер патшалық Россияның жеңетіндігіне, Австрия мен Германияның езгісіндегі поляк жерлерінің қосылуына, сөйтіп Россия импе-

риясы шеңберінде Польшаға автономия берілуіне үміттеніп, Антантаны сөзсіз қолдады. Патшалық режимнің құлатылуы эндектерді француздармен жақындасу бағытына көшуге итермеледі. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетінің қас жаулары болған эндектер, солай бола тұрса да, өздерінің немістерге қарсы дәстүрлі позициясына сәйкес, 1926 жылдан бастап Польшаны билеп-төстеген пилсудскийшілдер тобының авантюристік антисоветтік сыртқы саясатын үнемі толық қолдап отырған жоқ. Қазіргі уақытта эндектер партиясының жекелеген топтары поляк эмиграциясының реакцияшыл элементтері арасында әрекет жасауда.— *352.*

103 Әңгіме мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлу жайында болып отыр; бұл «мәдени-ұлттық автономияның» буржуазиялық-ұлтшылдық программасының негізгі талабы болатын.— *353.*

104 Бұл арада бірінші сессия аяқталғаннан кейін IV Мемлекеттік дума депутаттарының жазда таратылғаны айтылып отыр. Дума жұмысындағы үзіліс 1913 жылғы 25 июньнен 15 октябрьге дейін (8 июльден 28 октябрьге дейін) созылды.— *360.*

105 *«Лейпциг Халық Газеті»* («Leipziger Volkszeitung») — неміс социал-демократиялық күнделікті газеті. Газет 1894 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *363.*

106 Әңгіме кадеттердің күнделікті газеті — *«Современное Слово»* («Қазіргі Сөз») жайында болып отыр; 1907 жылғы сентябрьден 1918 жылғы 3 (16) августқа дейін Петербургте шығып тұрды.— *367.*

107 *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық-сатқын газетсымақ» деп атады.— *368.*

108 Ленин бұл арада Мемлекеттік думаның 1913 жылғы 20 майдағы (2 июньдегі) мәжілісінде ішкі істер министрлігінің сметасын талқылаған кезде большевик депутат Г. И. Петровскийдің сөйлеген сөзін айтып отыр. Сөздің жобасын Ленин жазған болатын. Н. К. Крупская 1913 жылы 18 апрельде (1 майда) Краковтан Петербургке жазған хатында сөз өтеөте маңызды болғандықтан оның толық оқылуы үшін бар күшті салу керек деп жазды. Сөздің қолжазбасы табылған жоқ.— *370.*

109 *Студенттердің бүкіл украиндық екінші съезі* 1913 жылы 19—22 июньде (2—5 июльде) Львовта өтті; съезд украинның ұлы жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері, революцияшыл демократ Иван Франконың мерекесі құрметіне арналған салтанатқа тұстас келтірілді. Съездің жұмысына Россияның украин студенттерінің өкілдері де қатысты. Съезде украин социал-демократы Донцов «Украина жастары және ұлттың қазіргі жағдайы» деген тақырыпта баяндама жасады, ол «дербес» Украина ұранын қорғады. Бұл ұранды национал-демократтар қолдады, бірақ Россиядан келген эмигранттар, украин социал-демократтары тобы тарапынан наразылық туғызды. — *370.*

110 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Жаңа Рейн Газетіндегі» «Революция туралы Берлинде болған айтыстар» деген мақаласын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 63—65-беттер).— *376.*

111 *«Frankfurter Zeitung»* («Франкфурт Газеті») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы. 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы.— *380.*

112 *«Социал-Демократ»* («Der Sozialdemokrat») — газет, Герман социал-демократиялық партиясының социалистерге қарсы ерекше заң заманындағы орталық органы; 1879 жылғы 28 сентябрьден 1888 жылғы 22 сентябрьге дейін Цюрихте және 1888 жылғы 1 октябрьден 1890 жылғы 27 сентябрьге дейін Лондонда шығып тұрды. Энгельстің идеялық басшылығы «Социал-Демократтың» маркстік бағытта болуын қамтамасыз етті. «Социал-Демократ», жекелеген қателіктеріне қарамастан, революциялық тактиканы табандылықпен қорғады және герман социал-демократиясының күштерін жинап, ұйымдастыруда аса көрнекті роль атқарды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін «Социал-Демократты» шығару тоқтатылды, партияның орталық органы қайтадан «Vorwärts» («Алға») газеті болды.— *403.*

113 Ленин бұл арада А. Бебельдің Герман социал-демократиясының Ганновердегі (1899 жылғы 9—14 октябрьдегі (жаңаша)) съезінде «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына шабуыл» деген мәселе бойынша және Дрездендегі (1903 жылғы 13—20 сентябрьдегі (жаңаша)) съезінде «Партияның тактикасы» және «Буржуазиялық баспасөзге қатысу» деген мәселелер бойынша сөйленген сөздерін айтып отыр.— *405.*

114 Ленин бұл арада жұмысшы табына қалған таптардың бәрі тек реакцияшыл көпшілік қана болып саналады деген белгілі лассальшылдық тезисті айтып отыр. Бұл тезис 1875 жы-

лы Готадағы съезде қабылданған Германия социал-демократиялық партиясының программасына енгізілді. Бұл тезисті К. Маркс өзінің «Гота программасына сын» деген еңбегінде сынады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 21—22-беттер).— *408.*

115 Бұл мақалада әңгіме граф Строгановтардың Пермь майораттық имениесіне (Пермь губерниясының Оханск уезінде) кірген Павлов және Очерск заводтарының мастеровойларына жер бөліп беру жайында болып отыр. Өздерінің меншігіне үлесті жер беру туралы Очерск заводының мастеровойлары 1867 жылдан бастап, ал павловтықтар 1874 жылдан бастап граф С. Г. Строгановтан өтінген болатын; бұл мәселелер үкіметтік органдарда Очерск заводы бойынша 1890 жылдан бастап, Павлов заводы бойынша 1897 жылдан бастап қаралды. Сенатқа Павлов заводы мастеровойларына жер бөлу туралы іс 1903 жылы, ал Очерск заводы бойынша — 1904 жылы түсті. Тек 1909 жылы ғана сенат Павлов заводының мастеровойларына жер бөлу туралы шешім қабылдады, бұл Очерск заводы мен басқа да заводтар жөнінде тап осындай шешімдердің қабылдануына жеткізді. 1913 жылы сенат осындай істер жөнінде тағы да бірнеше указдар қабылдады. Алайда мастеровойлар қайтсе де жер ала алмады.

«Либералдық газеттермен» айтысқанда В. И. Ленин кадеттер партиясының органы «Речьті» айтып отыр, ол газеттің 1913 жылғы 7 августағы номерінің бас мақаласы және оның алдында 1913 жылғы 4 августағы номеріндегі корреспонденция Строганов заводтары мастеровойларының айтыс-тартыстары туралы мәселеге арналған еді. Бұл мәселе жөнінде «Русское Слово» газетінің 1913 жылғы 4 августағы номерінде де жазылды. Осындай материалдар басқа газеттерде де жарияланған болатын.— *410.*

116 Ленин бұл арада либералдық «Право» журналын айтып отыр, онда 1913 жылы 18 (31) августа Я. Берманның «Әлеуметтік-праволық және экономикалық факторлардың мемлекеттік қылмыс жасауға ықпалы» деген мақаласы басылған еді.— *439.*

117 Әңгіме Ирландия либерал буржуазиясының Британия империясы шеңберінде саяси жағынан өзін өзі басқару үшін күресі жайында болып отыр. Гомруль туралы заң жобасы ағылшын парламентіне бірнеше рет ұсынылды, бірақ оны әрқашан қабылдамай тастап отырды. 1912 жылы Ирландияда жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысы орістеген кезеңде заң жобасы парламентке үшінші рет ұсынылды, король оны 1914 жылы бекітті.— *443.*

118 Бұл арада күнделікті газет *«Irish Independent»* («Тәуелсіз Ирландиялық») жайында айтылып отыр, газет 1891 жылдан

шыға бастады; Ирландия ұлтшылдарының басты органы.— *444.*

119 *«Berliner Tageblatt und Handelszeitung»* («Берлиндік Күнделікті Листок және Сауда Газеті»); немістің буржуазиялық газеті; 1872—1939 жылдары шықты.— *452.*

120 Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», II бөлім, 1957, 34-бет. — *455.*

121 Металлистердің Петербург одағы басқармасын қайтадан сайлау 1913 жылы 25 августа (7 сентябрьде) өтті. Жиналысқа үш мыңға таяу адам қатысты. Жойымпаздардың жиналғандарды одақтың большевиктік басқармасына қарсы қоюға тырысқан әрекеттеріне қарамастан, басқарманың атқарған жұмысы үшін оған алғыс айтқан қарар зор көпшілік дауыспен қол шапалақтау үстінде қабылданды. Жойымпаздардың тізімі 150-дей ғана дауыс алды. «Северная Правда» газетінде алдын ала басылған большевиктердің тізімі дауыстың басым көпшілігіне ие болды.— *462.*

122 *«Цифрлар тілі»* деген мақала «Наш Путь» газетінің 1913 жылғы 8 және 10 сентябрьдегі 13—14-номерлерінде мынадай редакциялық ескертумен басылды: «Редакция мақалаға жасалған *қажетті* қысқартулар мен өзгертулер үшін автордан кешірім сұрайды». Мақалаға нақ қандай өзгертулер жасалғаны анықталмады, өйткені мақаланың қолжазбасы табылған жоқ.— *470.*

123 *«Справедливость»* («Justice») («Әділет») — апталық газет; Лондонда 1884 жылдың январынан 1925 жылдың басына дейін шығып тұрды; Социал-демократиялық федерацияның органы, 1911 жылдан — Британ социалистік партиясының органы. 1925 жылдың февралынан 1933 жылдың декабріне дейін «Social-Demokrat» («Социал-Демократ») деген атпен шықты.— *483.*

124 *«Социал-Демократ»* («The Social-Democrat») — ағылшын социал-демократтарының журналы, 1897 жылдан 1911 жылға дейін Лондонда шығып тұрды. — *483.*

125 Әңгіме *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және Россияда жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған жалпы орыстық тұңғыш маркстік құпия газет жайында болып отыр. 1902 жылғы июньнен 1903 жылдың көктеміне дейін газет Лондонда шығып тұрды. — *485.*

# В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

*Аграрная программа, [принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП]*.— В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. ЦК, [1906], стр. 1. (РСДРП). — *74.*

*Аксельрод, П. Б. На очередные темы.* (Из писем П. Б. Аксельрода к друзьям). —«Наша Заря», Спб., 1912, № 6, стр. 8—20. — *80.*

— *На очередные темы.* (Из писем П. Б. Аксельрода к друзьям). —«Невский Голос», Спб., 1912, № 6, 5 июля, стр. 2—3. — *80.*

*Алексинский, Г. А. [Рецензия на книгу:]* А. Богданов. «Культурные задачи нашего времени». Изд. Дороватовского и Чарушникова. Москва. 1911 г. Ц. 60 коп. —«Современный Мир», [Спб., 1911], № 7, стр. 345—348, в отд.: Критика и библиография. — *271.*

*Ан — қараңыз:* Жордания, Н. Н.

*Б—н, И. —қараңыз:* Брагин, И.

*Бедный, Д. Свеча.* Басня. —«Просвещение», Спб., 1913, № 2, стр. 20—21. — *145—146.*

*Берман, Я. Влияние социально-правового и экономического факторов на государственную преступность.* (По данным свода статист. свед. по делам угол.). —«Право», Спб., 1913, № 33, 18 августа, стлб. 1912—1924. — *439—442.*

*Богданов, А. Фактическое разъяснение.* (Письмо в редакцию).— «Правда», Спб., 1913, № 120 (324)), 26 мая, стр. 2—3. — *270—272.*

*[Брагин, И.] Потребление железа в России.* —«Промышленность и Торговля», Спб., 1913, № 14 (134), 15 июля, стр. 69—72. Подпись: И. Б—н. — *396—398, 416, 417.*

*В Государственной думе.* Бюджетные прения. Сессия I, заседание 44. —«Речь», Спб., 1913, № 129 (2441), 14 (27) мая, стр. 4—5. Подпись: Л. Неманов. — *190—191.*

*В Гос[ударственной] думе.* Прения по смете м-ва внутренних дел. Сессия I, заседание 49. —«Речь», Спб., 1913, № 136 (2448), 21 мая (3 июня), стр. 3—4. Подпись: Л. Неманов. — *239—241, 280.*

*В Гос[ударственной] думе.* Сессия I, заседание 31,— «Речь», Спб., 1913, № 80 (2392), 23 марта (5 апреля), стр. 5—6. — *35—38.*

*В Гос[ударственной] думе.* Сессия I, заседание 32.— «Речь», Спб., 1913, № 85 (2397), 28 марта (10 апреля), стр. 4—5. — *60.*

*В Гос[ударственной] думе.* Сессия I, заседание 34. —«Речь», Спб., 1913, № 91 (2403), 3 (16) апреля, стр. 5. — *64.*

*В Гос[ударственной] думе.* Сессия I, заседание 52. —«Речь», Спб., 1913, № 137 (2449), 22 мая (4 июня), стр. 3—4. Подпись: Як. Лив—ъ. — *239—241, 242—244, 250.*

*В Государственной думе.* Сессия I, заседание 57. —«Речь», Спб., 1913, № 143 (2455), 28 мая (10 июня), стр. 4—5. Подпись: Л. Неманов. — *273—275.*

*В Гос[ударственной] думе.* Сессия I, заседание 64 и 65.—«Речь», Спб., 1913, № 151 (2463), 6 (19) июня, стр. 3—5. Подписи: Л. Неманов и Як. Лив—ъ.—*341, 342.*

**Варзар, В. Е. Статистика стачек рабочих на фабриках и заводах за трехлетие 1906—1908 гг.* Спб., тип. Киршбаума, 1910, 72, 220 стр., 1 диагр., 1 картогр. (М. Т. и П. Отдел промышленности). — *236, 237, 427.*

*— *Статистика стачек рабочих на фабриках и заводах за 1905 год.* Спб., тип. Киршбаума, 1908. 111 стр., 1 диагр., 1 картогр. (М. Т. и П. Отдел промышленности). —*59, 233, 234, 235—238, 427.*

*Статистические сведения о стачках рабочих на фабриках и заводах за десятилетие 1895—1904 года.* Спб., тип. Киршбаума, 1905. 79 стр. (М. Т. и П. Отдел промышленности). — *59, 236, 237, 427.*

*Веселовский, Б. Статистика народного образования.* —«Русское Слово», М., 1913, № 128, 5 (18) июня, стр. 1. — *316—317.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— *Строительство в городах.* —«Русское Слово», М., 1913, № 100, 1 (14) мая, стр. 2. — *166—168.*

*«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»,* Спб. — *166.*

**Вехи.* Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909. II, 209 стр. — *85, 119, 126.*

*Виноградов, П. Г. Политические письма.* —«Русские Ведомости», М., 1905, № 210, 5 августа, стр. 3. — *213.*

*Власов, А. К организационному вопросу.* —«Луч», Спб., 1913, № 109 (195), 14 мая, стр. 2. — *85, 196—197.*

*Вместо обзора печати.* —«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 6, 14 августа, стр. 2. — *456—458.*

*Вниманию товарищей-рабочих.*—«Луч», Спб., 1913, № 106 (192), 10 мая, стр. 1. Подпись: Раб. Герман. — *184—189.*

*«Возрождение»,* М. — *82—83, 306.*

— 1910, № 5, 30 марта, стлб. 47—52; № 6, 14 апреля, стлб. 71—78. — *80.*

[*Воронцов-Дашков, И. И.*] *Всеподданнейший отчет за восемь лет управления Кавказом генерал-адъютанта графа Воронцова-Дашкова.* Спб., гос. тип., 1913, 36 стр. — *466.*

*Г. Р. — қараңыз:* Левицкий, В.

*Государственная дума.* Заседание 20-го мая. Прения по смете мин-ва вн. дел. Речь с.-д. Петровского. —«Правда», Спб., 1913, № 116 (320), 22 мая, стр. 3. — *370.*

*Государственная дума.* (По телефону от нашего специального корреспондента). Заседание 6-го июня. —«Русское Слово», М., 1913, № 130, 7 (20) июня, стр. 3—4. — *407.*

*Государственная дума.* Сессия V. Заседание 107-е. —«Речь», Спб., 1912, № 104 (2058), 17 (30) апреля, стр. 4—5. Подпись: С. Л. — *143—148.*

*Грот, Н. Я. Нравственные идеалы нашего времени.* Фридрих Ницше и Лев Толстой. Из журнала «Вопросы Философии и Психологии». 3-е изд. М., типолит. Кушнерева, 1894. 28 стр. — *384.*

*Гучков, А. И. Ответ князю Е. Н. Трубецкому.* —«Русские Ведомости», М., 1906, № 224, 10 сентября, стр. 2. — *60.*

*Гушка, А. О. — қараңыз:* Ермапский, О. А.

*Д—лов, А. Мобилизация надельных земель.* —«Россия», Спб., 1913, № 2336, 28 июня (11 июля), стр. 1; № 2337, 29 июня (12 июля), стр. 1. — *391—394.*

---

* Бірінші рет Лениннің III жинағында жарияланды, 1925, 460—463-беттер.

*О месте Бунда в партии.* [Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде РСДРП].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 12, 62. (РСДРП).— *134, 350—352.*

*О современном моменте и задачах партии.* [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—5. (РСДРП).— *223—225, 457, 462, 463—464.*

*Об объединении национ[альных] орган[изаций] на местах.* [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— Там же, стр. 6.— *134, 247, 351.*

*Обзор переселения и землеустройство за Уралом (1906—1910 гг.).* С прилож. карт, планов, фотографий и таблиц. Пг., [1911]. 70 стр. (Переселенч. упр. Гл. упр. землеустройства и земледелия).— *111.*

*Оболенский, В. А. Очерки хуторской России.* Старое и новое в жизни деревни Николаевского уезда, Самарской губернии.— «Русская Мысль», М.— Пб., 1913, кн. I, стр. 68—84; кн. II, стр. 32—50.— *302.*

*Общество заводчиков и фабрикантов Московского промышленного района в 1912 году.* М., тип. Рябушинского, 1913. 144 стр. — *214—221, 233—235, 236—238, 419—434.*

*Объяснительная записка к проекту государственной росписи доходов и расходов на 1913 год.* Ч. I.— В кн.: Проект государственной росписи доходов и расходов на 1913 год с объяснительною запискою министра финансов. Спб., тип. Киршбаума, 1912, стр. 1—140.— *28, 29, 137, 140—142.*

*Объяснительная записка министра финансов к проекту государственной росписи доходов и расходов на 1913 год.* Ч. II.— В кн.: Проект государственной росписи доходов и расходов на 1913 год с объяснительною запискою министра финансов. Спб., тип. Киршбаума, 1912, стр. I—VII, 1—246. Подпись: В. Коковцов.— *22, 23, 292—294, 296—298, 301—303.*

*«Освобождение»,* Штутгарт — Париж.— *85.*

— Париж, 1905, № 72, 21 (8) июня, стр. 353—355.— *60.*

*От анархизма к оппортунизму.*— «Правда», Спб., 1913, № 99 (303), 1 мая, стр. 1—2, в отд.: За рубежом. Подпись: Ю. К.— *253.*

*От группы рабочих-металлистов заводов Путиловского, Химического и Александровского.* (За Нарвской заставой).— «Но-

*Пироговский съезд.* (По телефону от нашего петербургского корреспондента).— «Русское Слово», М., 1913, № 127, 4 (17) июня, стр. 4—5.— *281—282.*

*Плеханов, Г. В. Враждующие между собою братья.*— «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 2, август, стр. 37—49.— *245—246.*

— *Еще одна раскольничья конференция.*— «За Партию», [Париж], 1912, № 3, 15 (2) октября, стр. 1—3. — *226—228.*

— *Иосиф Дицген.*— «Современный Мир», Спб., 1907, № 7—8, август, стр. 59—75.— *129—130.*

— *Товарищам, собравшимся на конференцию, созванную ОК.*— «За Партию», [Париж], 1912, № 2, 26 сентября (9 октября), стр. 4.— *226—227.*

*По вопросу о культурно-национальной автономии.* [Резолюция, принятая на августовской конференции ликвидаторов 1912 г.].— В кн.: Извещение о конференции организаций РСДРП. Изд. ОК. [Wien], сентябрь 1912, стр. 42. (РСДРП).— *26, 228, 351.*

*«По поводу печальной статьи».*— «Луч», Спб., 1913, № 93 (179), 24 апреля, стр. 2; № 94 (180), 25 апреля, стр. 2. Подпись: А. Б.— *125—126, 187—189.*

*Подоходный налог в Соедин. Штатах.*— «Новый Экономист», Спб., 1913, № 21, 25 мая, стр. 17.— *266, 267—268.*

*Поживем — увидим!* [Передовая].— «Северная Правда», Спб., 1913, № 18, 23 августа, стр. 1.— *435.*

*Показатель товарных цен* (Index number).— «Промышленность и Торговля», Спб., 1913, № 9 (129), 1 мая, стр. 421, в отд.: Торгово-промышленная статистика.— *198.*

*Политические требования промышленников.*— «Русское Слово», М., 1913, № 190, 18 (31) августа, стр. 6—7.— *436.*

*Положение дел в партии.* [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии.— *75—79, 80—82, 83—84, 226—227, 245, 457—458.*

*Положение о выборах в Государственную думу.* [6 (19) августа 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 2—4.— *59—60.*

*Положение о выборах в Государственную думу.* [3 (16) июня 1907 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1907, отд. I, № 94, 3 июня, ст. 845, стр. 1303—1380.— *7—8, 23, 60, 85—86, 276, 340, 435.*

*Положение о выкупе крестьянами, вышедшими из крепостной зависимости, их усадебной оседлости и о содействии правительства к приобретению сими крестьянами в собственность полевых угодий.* 19 февраля 1861 г.— В кн.: Положения о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости. Спб., 1861, стр. 1—32.— *448.*

[*Поляков, С. Л.*] *Парламентский дневник.* 27 февраля.— «Речь», Спб., 1913, № 57 (2369), 28 февраля (13 марта), стр. 2. Подпись: С. Литовцев.— *13, 16.*

*Потресов, А. Н. Критические наброски.* О том, почему пустяки одолели.— «Наша Заря», Спб., 1910, № 2, стр. 50—62.— *79—80.*

*Потресов, А. Н. Я обвиняю Плеханова.*— «Луч», Спб., 1913, № 84 (170), 11 апреля, стр. 2. Подпись: А. Потресов-Старовер.— *245—246.*

*«Правда»*, Спб.— *7, 24—25, 71—73, 77, 87, 93—95, 103—106, 107, 108—109, 110, 124—126, 187, 188, 196, 228, 247, 248—249, 270, 335, 337, 357, 456—457.*

— 1912, № 80, 1 августа, стр. 1.— *103, 108—109.*

— 1912, № 103, 29 августа, стр. 1.— *103.*

— 1912, № 188, 8 декабря, стр. 2—3.— *26.*

— 1913, № 44 (248), 22 февраля, стр. 3.— *25.*

— 1913, № 55 (259), 7 марта, стр. 1.— *15.*

*— 1913, № 56 (260), 8 марта, стр. 1.— *14.*

— 1913, № 59 (263), 12 марта, стр. 1.— *108—109.*

— 1913, № 85 (289), 12 апреля, стр. 1—2.— *76, 82—84, 124, 125, 126, 187.*

— 1913, № 95 (299), 26 апреля, стр. 2.— *79, 82—84, 124—126, 187, 270.*

— 1913, № 96 (300), 27 апреля, стр. 2.— *169.*

— 1913, № 99 (303), 1 мая, стр. 1—2.— *253.*

— 1913, № 102 (306), 5 мая, стр. 1.— *187—189.*

— 1913, № 104 (308), 8 мая, стр. 2.— *247—249, 491.*

— 1913, № 108 (312), 12 мая, стр. 1.— *196.*

— 1913, № 110 (314), 15 мая, стр. 2.— *79, 82—84.*

— 1913, № 115 (319), 21 мая, стр. 1.— *306.*

— 1913, № 116 (320), 22 мая, стр. 3.— *370.*

— 1913, № 120 (324), 26 мая, стр. 2—3.— *270—272.*

*Резолюция по отчетам, [принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)]*.— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4. (РСДРП).— *71, 72—76, 79; 81—82, 83—84, 226—227, 245, 457—458, 463.*

*Резолюция, принятая декабрьской 1908 года Всероссийской конференцией РСДРП и подтвержденная последней конференцией 1912 года.*— В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 32—34. (РСДРП). — *224.*

[*Резолюция, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП в дополнение к проекту условий объединения Бунда с РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 392.— *134, 247, 351—353.*

*Результаты обложения городских недвижимостей по закону 6 июня 1910 г.*— «Промышленность и Торговля», Спб., 1913, № 9 (129), 1 мая, стр. 403—406. Подпись: О. Н—овъ.— *199—200.*

*«Речь»*, Спб.— *134, 371, 379, 388—389, 407.*

— 1912, № 104 (2058), 17 (30) апреля, стр. 4—5.— *143—148.*

— 1913, № 51 (2363), 21 февраля (6 марта), стр. 4—5.— *18—19.*

— 1913, № 57 (2369), 28 февраля (13 марта), стр. 2. — *13, 16.*

— 1913, № 70 (2382), 13 (26) марта, стр. 4.— *33—34.*

— 1913, № 73 (2385), 16 (29) марта, стр. 1.— *42.*

— 1913, № 80 (2392), 23 марта (5 апреля), стр. 5—6.— *35—38.*

— 1913, № 85 (2397), 28 марта (10 апреля), стр. 4—5.— *60.*

— 1913, № 91 (2403), 3 (16) апреля, стр. 5.— *64.*

— 1913, № 117 (2429), 1 (14) мая, стр. 1—2.— *169.*

— 1913, № 122 (2434), 7 (20) мая, стр. 1.— *183—184.*

— 1913, № 129 (2441), 14 (27) мая, стр. 4—5.— *190—192.*

— 1913, № 134 (2446), 19 мая (1 июня), стр. 2.— *212—213.*

— 1913, № 136 (2448), 21 мая (3 июня), стр. 3—4.—*239—241, 280.*

— 1913, № 137 (2449), 22 мая (4 июня), стр. 1, 3—4.— *239—241, 242—244, 250.*

— 1913, № 139 (2451), 24 мая (6 июня), стр. 1.— *242, 250—252, 341—342.*

199 стр.; L стр. табл. (Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел).— *11—12, 302—304.*

[*Статья 129 уголовного уложения*].— В кн.: Уголовное уложение... утвержденное 22 марта 1903 г. с очерком существенных отличий его от действующего уложения и предметным алфавитным указателем. Изд. неофициальное. М., кн. маг. «Правоведение» Голубева, [1903], стр. 50—51.— *177—178.*

*Стенографические отчеты* [*Государственной думы*]. 1908 г. Сессия первая. Ч. II. Заседания 31—60 (с 21 февраля по 6 мая 1908 г.). Спб., гос. тип., 1908. XV стр., 2962 стлб. (Государственная дума. Третий созыв). — *61, 91—92, 223—224, 242, 329—330.*

*Столыпин, П. А. Речи в Государственной думе. 1906—1911.* Б. м., [тип. мин. внутр. дел], б. г. 398 стр. — *289, 290, 299, 300.*

*Страховые общества.* —«Промышленность и Торговля», Спб., 1913, № 9 (129), 1 мая, стр. 419, в отд.: Акционерная статистика. — *205—206.*

*Струве, П. Б. Русская революция и мир.* Открытое письмо к Жану Жоресу. —«Освобождение», Париж, 1905, № 72, 21 (8) июня, стр. 353—355. — *60.*

*«Сын Отечества»*, Спб., 1905, № 54, 20 апреля (3 мая), стр. 2—3. — *285—286.*

*Тарский, М. Земское представительство.* —«Промышленность и Торговля», Спб., 1913, № 3 (123), 1 февраля, стр. 110—114. — *98—99.*

*Товарищам рабочим.* —«Северная Правда», Спб., 1913, № 8, 10 августа, стр. 1—2. Подпись: Семен. — *454.*

*Товарищи!* [Листовка. Спб., апрель 1913]. 2 стр. (РСДРП). Подпись: Петербургский комитет РСДРП. — *330—331, 336—337.*

*Товарищи!* [Листовка. Спб., апрель 1913] 1 стр. (РСДРП). Подпись: Петербургский комитет РСДРП. — *330—331, 336—337.*

*Товарищи!* [Листовка, Спб., до 4 апреля 1913]. 1 стр. (РСДРП). Подпись: Петербургский комитет РСДРП. — *330—331, 336—337.*

*Товарищи!* [Листовка. Спб., февраль 1913]. 2 стр. (РСДРП). Подпись: Петербургский комитет РСДРП. — *330—331, 336—337.*

*Товарищи рабочие Спб.* День 9 января... [Листовка. Спб., январь 1913]. 2 стр. (РСДРП). Подпись: Петербургск. комитет Рос. соц.-дем. рабочей партии. — *330—331, 336—337.*

*«*Торгово-Промышленная Газета*», Спб., 1913, № 100, 2 (15) мая, стр. 1. — *179—181*.

*1912 год*. —«Новое Время», Спб., 1913, № 13221, 1 (14) января, стр. 2—3. — *28—30*.

*Указ правительствующему Сенату* [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу*. 11 (24) декабря 1905 г.].—«Правительственный Вестник», Спб,. 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *85—86*.

[*Условия слияния СДКПиЛ с РСДРП, принятые на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. — В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 345—348. — *351—352*.

*Ф. Д.* — *қараңыз:* Дан, Ф. И.

*Формы национального движения в современных государствах*. Австро-Венгрия. Россия. Германия. Под ред. А. И. Кастелянского. Спб., «Общественная Польза» 1910. XIII, 821 стр.— *135, 247, 491*.

*Французский официоз о Кавале*. —«Новое Время», Спб., 1913, № 13425, 28 июля (10 августа), стр. 2—3. Под общ. загл.: С.-Петербург, 27 июля. — *406—408*.

*Фрейбанк*. —«Русское Слово», М., 1913, № 128, 5 (18) июня, стр. 6—7, в отд.: Москва. Подпись: Вл. Б—ий. — *321—323*.

*Хижняков, В. М. Из истории одного земства*. —«Русское Богатство», Спб., 1913, № 3, стр. 316—343. — *358—359*.

*Хижняков, В. М. Свод постановлений Черниговского губернского земского собрания XXXVI—XLVI сессий 1900—1909 годов*. Т. 1—2. Сост. по поруч. губ. зем. управы В. М. Хижняков. Чернигов, тип. губ. земства, 1912. 2 т. — *358*.

«*Цайт*», Пб., 1913, № 9, 21 февраля (6 марта), стр. 1. На евр. яз. — *26*.

*Что же дальше?* —«Луч», Спб., 1912, № 53, 17 ноября, стр. 1. — *326—327, 337—338, 433—434*.

[*Шингарев, А. И.*] *Новая Дума и старые задачи*. —«Речь», Спб., 1913, № 70 (2382), 13 (26) марта, стр. 4. — *33—34*.

*Эзоп. Хвастун*. — *361*.

*Энгельс, Ф. Анти-Дюринг*. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг. — *46, 128, 403—404*.

— *Берлинские дебаты о революции.* 13—14 июня 1848 г. — *375—376.*

— *Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии.* Начало 1886 г. — *46, 129—130.*

---

*Bauer, O. Die Nationalitätenfrage und die Sozialdemokratie.* Wien, Brand, 1907. VIII, 576 S. (Marx-Studien. Blätter zur Theorie und Politik des wissenschaftlichen Sozialismus. Hrsg. von M. Adler und R. Hilferding. Bd. 2). — *230—231, 348—350, 492, 493—494.*

*Bebel, A. Aus meinem Leben.* 1. Teil. Stuttgart, Dietz, 1910. VIII, 221 S. — *400.*

*«Berliner Tageblatt».* — *452.*

*«Bulletin of the New York Public Library Astor Lenox and Tilden foundations»,* New York, 1912, Vol. XVI, No. 2, February, p. 77—219. — *384—385.*

*«Der Čechoslavische Sozialdemokrat»,* Prag, 1913, Nr. 3, 15. April, S. 23. — *135, 231, 247, 351.*

*Chasles, P. Le parlement Russe.* Son organisation — ses rapports avec l'Empereur. Avec une préface de Anatole Leroy-Beaulieu. Paris, Rousseau, 1910. XV, 218 p. — *13—14, 15, 16—17.*

*Dietzgen, J. Das Acquisit der Philosophie und Briefe über Logik.* Speziell demokratisch-proletarische Logik. Stuttgart, Dietz, 1895. VI, 232 S. — *127.*

*— *Kleinere philosophische Schriften.* Eine Auswahl. Stuttgart, Dietz, 1903. 272 S. — *127, 129.*

*— *Die Religion der Sozialdemokratie.* Sechs Kanzelreden. — In: Dietzgen J. Kleinere philosophische Schriften. Eine Auswahl. Stuttgart, Dietz, 1903, S. 12—76. — *129.*

*— *Sozialdemokratische Philosophie.* Sieben Kapitel. — Ibidem, S. 94—142. — *127, 129.*

— *Streifzüge eines Sozialisten in das Gebiet der Erkenntnistheorie.* Hottingen — Zürich, 1887. 60 S. (Sozialdemokratische Bibliothek. XVIII). — *127—128, 129.*

*— *Das Wesen der menschlichen Kopfarbeit.* Dargest. von einem Handarbeiter. Eine abermalige Kritik der reinen und praktischen Vernunft. Hamburg, Meißner, 1869. VIII, 129 S. — *127.*

*— *Der wissenschaftliche Sozialismus.* — In: Dietzgen, J. Kleinere philosophische Schriften. Eine Auswahl. Stuttgart, Dietz, 1903, S. 1—11. — *127.*

*Dublin unter dem Polizeiknüppel.* (Von unserem Korrespondenten). Dublin, 4. September 1913. — «Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 231, 6. September, S. 1—2. — *446—447.*

*«Frankfurter Zeitung»*, Frankfurt am Main, 1913, Nr. 199, 20. Juli. — *380—382.*

*Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie.* Vom 21. Oktober 1878. — «Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *403—405.*

*Harry Quelch gestorben.* — «Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 243, 18. September, S. 3. Unter der Rubrik: Aus der Partei. — *484.*

*Huge Armaments Profits.* — «The Labour Leader», [London], 1913, No. 15, April 10, p. 9. — *66.*

*«Irish Independent»*, Dublin. — *444.*

*Die internationale Sozialdemokratie und der Nationalitätenstreit in Österreich.* [Die Resolution des Gesammtparteitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn]. — In: Verhandlungen des Gesammtparteitages des Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn vom 24. bis 29. September 1899 im «Arbeiterheim». Nach dem stenographischen Protokolle. Wien, Brand, 1899, S. XIV—XVI. — *230—232, 348—350, 491—493.*

*Die Jahreskonferenz der British Socialist Party.* — «Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 115, 22. Mai. 1. Beilage zu Nr. 115 «Leipziger Volkszeitung», S. 3. — *171—172.*

*«Justice»*, London. — *483.*

*«Der Kampf»*, Wien, 1913, Nr. 8, 1. Mai, S. 357—365. — *337—338, 339.*

*Kautsky, K. Nationalität und Internationalität.* [Stuttgart, Singer, 1908]. 36 S. (Ergänzungshefte zur Neuen Zeit, Nr. 1. Ausgegeben am 18. Januar 1908). — *230—231, 349, 492, 493, 494.*

*Eine Kundgebung des Dubliner Proletariats.* — «Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 234, 9. September, S. 1. — *459—460.*

*«The Labour Leader»*, London, 1913, No. 14, April 3, p. 9. — *67—68.*

— 1913, No. 15, April 10, p. 9. — *66.*

— 1913, No. 21, May 22, p. 3—5. — *193—194.*

— 1913, No. 24, June 12, p. 1—2. — *285.*

*Die Lage der Sozialdemokratie in Rußland.* Hrsg. vom «Boten» des Organisationskomitees der Sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands. Berlin, 1912. 47 S. — *337—338.*

**Landwirtschaftliche Betriebsstatistik.* Hrsg. vom kaiserlichen Statistischen Amte. Teil 2 b. Zusammenfassende Darstellung

der Ergebnisse. Verlag des Statistischen Reichsamts. Berlin [1912]. 100, 189 S.; 6 Kart. (Statistik des Deutschen Reichs. Bd. 212, 2 b. Berufs-und Betriebszählung vom 12. Juni 1907). — *256—258, 310—311, 313—315, 417, 478—482.*

*Landwirtschaftliche Statistik der Länder der Ungarischen Krone.* Bd. 4. Verteilung der Wirtschaften nach Karakter und Grösse. Im Auftrage des Kön. Ungarischen Ackerbauministers. Verfasst und hrsg. durch das Kön. Ungarische statistische Central-Amt. Budapest, Pester Buchdruckerei, 1900. X, 445 S. — *417.*

*«Leipziger Volkszeitung»,* 1913, Nr. 106, 10. Mai. 3. Beilage zu Nr. 106 «Leipziger Volkszeitung», S. 1—2. — *159—160.*

— 1913, Nr. 115, 22. Mai. 1. Beilage zu Nr. 115 «Leipziger Volkszeitung», S. 3. — *171—172.*

— 1913, Nr. 138, 18. Juni, S. 1—2. — *318—319.*

— 1913, Nr. 150, 2. Juli, S. 1—2. — *377—379.*

— 1913, Nr. 158, 11. Juli. 1. Beilage zu Nr. 158 «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *363—364.*

*Die Maifeier in Rußland.* Petersburg, 14. Mai. (Privattelegramm des «Vorwärts»). —«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 117, 15. Mai. 1. Beilage zu Nr. 117 des «Vorwärts», S. 2. In der Rubrik: Aus der Partei. — *325—326.*

*Marx, K. u. Engels, F. Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S. — *1.*

*«Neue Preussische Zeitung»,* Berlin, 1913, Nr. 279, 18. Juni. — *340—341.*

[*Newbold, W.*] *The war trust scandal.* British and German armaments firms in one ring. Liberal politicians and exadmirals implicated. —«The Labour Leader», [London], 1913, No. 21, May 22, p. 3—5. — *193—195.*

— *Worse than the Marconi scandal.* Cabinet ministers and bishops as shareholders in war trust. Unholy alliance of church, state, press and jingoes.—«The Labour Leader», [London], 1913, No. 24, June 12, p. 1—2. — *285.*

*Österreichische Statistik hrsg. von der K. K. statistischen Zentralkommission.* LXXXIII. Bd. I. Heft. Ergebnisse der landwirtschaftlichen Betriebszählung. Vom 3. Juni 1902 in den im Reichsrate vertretenen Königreichen und Ländern. I. Heft: Analytische Bearbeitung. Summarische Daten für das Reich, die Verwaltungsgebiete und Länder, nebst Anhang, enthaltend Übersichten nach natürlichen Gebieten. Bearb. von dem Bureau der K. K. statistischen Zentralkommission.

Wien, 1909. [4], XLV, 65 S. — *256—257, 258, 310—311, 312—315, 479—480.*

*Der Parteitag der British Sozialist Party.* London, 14. Mai. (Eig. Ber.). —«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 119, 17. Mai, S. 4. In der Rubrik: Aus der Partei. — *171—173.*

*Programm der deutschen Arbeiterpartei.* —In: Protokoll des Vereinigungskongresses der Sozialdemokraten Deutschlands, abgehalten zu Gotha vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875, S. 3—4. — *408.*

*Protokoll des Sozialistenkongresses zu Gotha vom 27. bis 29. Mai 1877.* Hamburg, 1877. 92 S. — *403—404.*

*Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands.* Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1903. 448 S. — *405.*

*Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozial-demokratischen Partei Deutschlands.* Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1899. 304 S. — *405.*

*Ravesteyn, W. Das Erwachen Insulindens.* —«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 106, 10. Mai. 3. Beilage zu Nr. 106 «Leipziger Volkszeitung», S. 1—2. — *159—160.*

*«Reichsgesetzblatt»,* Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *403, 404—405.*

*Die Reichstagswahlen von 1912.* Bearb. im kaiserlichen Statistischen Amte. Hft. 3. Berlin, Buchh. für Staats- und Rechtswissenschaft, 1913. 125 S.; 3 Tafeln. (Statistik des Deutschen Reichs, Bd. 250, 3). — *372—376.*

[*Renner, K.*] *Springer, R. Der Kampf der Österreichischen Nationen um den Staat.* T. 1: Das nationale Problem als Verfassungs- und Verwaltungsfrage. Leipzig — Wien, Deuticke, 1902. IV, 252 S. — *63, 348—350, 494.*

*Report for the Year ending December 31, 1911.* —«Bulletin of the New York Public Library Astor Lenox and Tilden foundations», New York, 1912, Vol. XVI, No. 2, February, p. 77—219. — *384—385.*

*Resolution,* [*angenommen auf der ersten Konferenz der deutschen und französischen Parlamentarier zu Bern am 11. Mai 1913*].—«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 115, 13. Mai, S. 3, in der Korrespondenz: Deutsch-französische Verständigungskonferenz in Bern. — *157, 158.*

*Resolution über die Einigkeit,* [*angenommen auf dem Internationalen Sozialistenkongreß zu Kopenhagen 1910*].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Kopenhagen. 28. August bis

3. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910, S. 16. — *135, 231, 248—249.*

[*Rotstein, Th.*] *Die australische Arbeiterpartei.*—«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 138, 18. Juni, S. 1—2. — *318—319.*

— *Eine lehrreiche Ersatzwahl.* Leipzig, 2. Juli. —«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 150, 2. Juli, S. 1—2. — *377—379.*

— *Mädchenhandel und Mumpitz.* —«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 158, 11. Juli. 1. Beilage zu Nr. 158 «Leipziger Volkszeitung», S. 1. In der Rubrik: Politische Übersicht. — *363—364.*

*Schiemann, Th. Die äussere Politik der Woche.* —«Neue Preussische Zeitung», Berlin, 1913, Nr. 279, 18. Juni. — *340—341.*

*Semkovsky, S. Die Wiederbelebung des russischen Proletariats.* — «Der Kampf», Wien, 1913, Nr. 8, 1. Mai, S. 357—365. — *337—339.*

*«Social-demokrat»,* London. — *483.*

*«Der Sozialdemokrat»,* Zürich — London.—*403, 404—405.*

*Statistical abstract of the United States.* 1911. No. 34. Prepared by the Bureau of statistics, under the direction of the secretary of commerce and labor. Washington, 1912. 803 p. (Department of commerce and labor). — *22—23, 37—38, 140—141, 142, 143, 267—268.*

*Streiks und Aussperrungen im Jahre 1909.* Bearb. im kaiserlichen Statistischen Amte. Berlin, Puttkammer u. Mühlbrecht, 1910. 62 S. (Statistik des Deutschen Reichs. Bd. 239). — *237, 238.*

*Taylor, F. W. The principles of scientific management.* New York — London, Harper, 1911. 144 p. — *20, 21.*

[*Trotzki, L.*] *Aus dem russischen Parteileben.* —«Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage zu Nr. 72 des «Vorwärts», S. 1. — *336—338.*

*«Vorwärts»,* Berlin. — *8.*

— 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage zu Nr. 72 des «Vorwärts», S. 1. — *336—338.*

— 1913, Nr. 115, 13. Mai, S. 3. — *157, 158.*

— 1913, Nr. 117, 15. Mai. 1. Beilage zu Nr. 117 des «Vorwärts», S. 2. — *325—326.*

— 1913, Nr. 119, 17. Mai, S. 4. — *171—173.*

— 1913, Nr. 231, 6. September, S. 1—2. — *446—447.*

— 1913, Nr. 234, 9. September, S. 1. — *460.*

— 1913, Nr. 243, 18. September, S. 3. — *484.*

*Die Weltmacht des Kaufmanns.* —«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main, 1913, Nr. 199, 20. Juli. — *380—381.*

*Eine Wendung zum Besseren.* —«Der Čechoslavische Sozialdemokrat», Prag, 1913, Nr. 3, 15. April, S. 23. Unter der Rubrik: Notizen. — *135, 231, 248, 363.*

*Where were other Labour M. P.' s?*—«The Labour Leader», London, 1913, No. 14, April 3, p. 9. — *67—68.*

# ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

шын әскери-өнеркәсіп фирмасының өкілі; фирма 1937 жылға дейін өмір сүрді.— *66.*

*Астрахан, И. Д.* (1862—1918) — дәрігер, әлеуметтік қауіпсіздендіру, травматизммен күрес, т. б. мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. 900-жылдардың басынан Москва қаласының Хамовники ауданындағы тоқыма фабрикаларында фабрикалық дәрігер болып істеді. 1903 жылы фабрикалық дәрігерлер қоғамын құрушылардың бірі болды, 1909 және 1911 жылдары фабрика-завод дәрігерлерінің бүкіл россиялық съездерін ұйымдастыруға қатысты. — *281—283.*

## Б

*Б — н, И.— қараңыз:* Брагин, И.

*Бадаев, А. Е.* (1883—1951) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь, кейіннен советтің партия және мемлекет қайраткері. 1904 жылы РСДРП-ға кірді, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. Петербург губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді; Думадағы жұмыстарға қоса Думадан тыс үлкен революциялық жұмыстар жүргізді: большевиктік «Правда» газетіне жазылып тұрды, Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков және Поронин кеңестеріне қатысты. 1914 жылы ноябрьде өзге большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін айдаудан қайтып келіп, Петроградта большевиктік ұйымның жұмысына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін—басшы партия, совет жұмысында және шаруашылық жұмыста болды. 1938—1943 жылдары—РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының председателі және СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1925 жылдан — Орталық Комитеттің мүшесі. «Большевиктер Мемлекеттік думада» деген кітаптың авторы, кітап бірнеше рет қайта басылып шықты.— *316.*

*Балашов, П. Н.* (1871 ж. туған) — ірі помещик, 1900—1909 жылдары — Подольск губерниясының Брацлав уезіндегі дворяндар жетекшісі. Подольск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Дума — орыс ұлтшылдары мен баяу оңшылдар фракциясының лидері. Шовинистік Бүкіл россиялық ұлт одағының председателі болды.— *42.*

*Бантон* (Banton), *Олдерман Джордж* (1856—1932) — ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясының белсенді қайраткері. Лёстер қаласының қалалық басқарма мүшесі, қала мәрі болды. 1922—1924 жылдары — парламент мүшесі.— *378, 379.*

*Бауэр* (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, реформизмнің бір түрі — «австромарксизм» деп аталатын теорияның идеологы. Бауэр «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды. 1918—1919 жылдары — Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *230, 349, 492, 494.*

*Бачинский, Ю.* (1870 ж. туған) — Галиция социал-демократы. «Мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теорияны жақтаушы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде әсіре ұлтшылдық ұйым — «Украинаны азат ету одағына» кірді, бұл ұйым Австрия монархиясының көмегімен «дербес» Украина деген ұранды жүзеге асыруға тырысты. 1918 жылы — галициялық Украин ұлттық радасының мүшесі, 1919 жылы — осы раданың Америка Құрама Штаттарындағы елшісі.

1910 жылы Львовта шыққан «Взаімні відносини соціял-демократичних партій, украінскоі і польскоі, в східній Галичині» («Шығыс Галициядағы украин және поляк партияларының қарым-қатынасы») деген кітапшаның авторы. — *493.*

*Бебель* (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Осы томдағы «Август Бебель» деген мақаланы қараңыз.— *157, 399—405.*

*Бедный, Демьян (Придворов, Е. А.**) (1883—1945) — аса көрнекті совет ақыны, 1912 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. 1911 жылдан бастап большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне жазып тұрды. Оның өлеңдері мен мысалдары капиталистік құрылысқа және оның қорғаушыларына қарсы тап күресінің рухына толы болды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде майдандарда үгітші болды. Бедныйдың поэмаларында, мысалдарында, өлеңдерінде, памфлеттерінде социалистік құрылыс жылдарындағы совет адамдарының өмірі бейнеленді.— *145.*

*Беннигсен, Э. П.* (1875 ж. туған) — граф, помещик, октябрист. Уездік дворяндар жетекшісі, Старорус уездік земствосы мен Новгород губерниялық земствосының және Петербург қалалық думасының мүшесі болды. Новгород губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат.— *42.*

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

*Бернштейн* (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизмнің және реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде социал-шовинистік позицияда болды. Кейінгі жылдарда Бернштейн империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *405, 453.*

*Бисмарк* (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті, сөйтіп 20 жыл бойы Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда жұмысшы қозғалысына болмашы қайыр-садақа беру арқылы іріткі салу әрекеті табысқа жеткен жоқ. 1890 жылы орнынан түсті.— *16, 90, 252, 255, 273—275, 357, 402.*

*Богданов, А.* (*Малиновский, А. А.*) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, кәсібі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі) деп аталған өз жүйе-

сін жасауға тырысты, бұл жүйені Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *270—272.*

*Брагин, И.* (Б—н, И.) — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін білдірген «Промышленность и Торговля» журналының қызметкері (1913 ж.).— *398.*

*Бронштейн, С. Ю.— қараңыз:* Семковский, С.

*Буржуа* (Bourgeois), *Леон Виктор Август* (1851—1925) — француздың саяси қайраткері, радикалдар лидерлерінің бірі. 1888 жылы парламентке сайланды. 1895—1896 жылдары Франция үкіметін басқарды. 1902—1904 жылдары—депутаттар палатасының председателі. 1905 жылдан — сенатор. Бірқатар кабинеттерде министрлік қызметте болды. 1919 жылдан бастап Ұлттар лигасында француз делегациясын басқарды. — *254.*

*Бэйкон* (Bacon), *Реджинальд Хью Спенсер* (1863—1947) — ағылшынның әскери-теңіз істері жөніндегі ірі маман, 1909 жылдан — контр-адмирал. 1910—1915 жылдары Ковентридегі артиллерия заводтарының директоры болды.— *194.*

## В

*Ван-Равестейн — қараңыз:* Равестейн, Вилем ван.

*Веселовский, Б. Б.* (1880—1954) — әдебиетші, тарихшы және экономист. 1901—1902 жылдары Москва социал-демократиялық ұйымына қосылды. 1905 жылдан бастап Петербургте ғылыми және әдеби жұмыспен айналысты. «Образование», «Современный Мир» журналдарына жазып тұрды, 1913 жылдан бастап «Русское Слово» газетінің земство бөліміне басшылық етті. 1907—1912 жылдары III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін РСФСР Орталық архивінде, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді, жоғары оқу орындарында сабақ берді. Төрт томдық «Земство тарихының» авторы, земство, қалалық шаруашылық және аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы және редакторы.— *166, 316, 317.*

*Вигдорчик, Н. А.* (1874—1954) — дәрігер, әлеуметтік қауіпсіздендіру және кәсіби аурулар мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. 90-жылдарда Киевте социал-демократиялық қозғалысқа араласты, РСДРП I съезінің жұмысына қатысты.

1906 жылдан бастап белсенді саяси қызметтен қол үзіп, Петербургте дәрігерлік қызметпен айналысты және ғылыми жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін өзінің мамандығы бойынша жұмыс істеді, 1924—1951 жылдары — Ленинградтың дәрігерлер мамандығын жетілдіру институтының профессоры.— *281.*

*Виноградов, П. Г.* (1854—1925) — тарихшы, Москва университетінің, кейін Оксфорд университетінің профессоры. Өзінің саяси көзқарастары жөнінде кадеттерге қосылды. Революциялық қозғалысқа қарсы шықты, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» көрінеді. Осы хаттарда ол, В. И. Ленин көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 244-бет.). Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметіне дұшпандықпен қарады.— *213.*

*Власов, А.*— «Ұйымдық мәселе жөнінде» деген мақаланың авторы, мақала 1913 жылы 14 майда жойымпаз-меньшевиктердің «Луч» газетінің 109 (195)-номерінде жарияланды.— *85, 196—197.*

*Вольский, С. (Соколов, А. В.)* (1880 ж. туған) — социал-демократ. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — шақырымпаздар лидерлерінің бірі, Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектептерді ұйымдастыруға және оның жұмысына қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің әскери секциясында істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, шетелге эмиграцияға кетті, бірақ көп кешікпей Советтік Россияға қайтып келді. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, Сауда халық комиссариатында істеді. 1927 жылдан әдеби жұмыспен шұғылданды.— *271.*

## Г

*Г. Р.— қараңыз:* Левицкий, В.

*Гайндман* (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдарда — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады.— *171—172, 485.*

*Гарди* (Hardie), *Джеймс Кейр* (1856—1915) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, реформист, Тәуелсіз жұмысшы партиясы лидерлерінің, лейбористік партияның негізін салушылардың бірі. Саяси қызметін Шотландия көмір қазушылары кәсіподақ ұйымының басшысы ретінде бастады. 1888 жылы Шотландия жұмысшы партиясының негізін қалады. 1892 жылы парламентке сайланды, буржуазиялық партиялардың өкілдерімен келісімпаздық саясат жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басында центристік позиция ұстады, онан соң социал-шовинистерге ашықтан-ашық қосылды.— *377.*

*Гартли* (Hartley), *Эдуард* (1855—1918) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. Социал-демократиялық федерация атқару комитетінің құрамына кірді, Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі болды, кейіннен — Британ социалистік партиясының мүшесі.— *378—379.*

*Гегель* (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы еді, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болды. Алайда Гегель диалектикасының идеалистік сипаты барды, бұл диалектика оның консервативтік, метафизикалық системасымен тығыз байланыста болды. Өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастары жағынан алғанда Гегель конституциялық монархияны жақтады.

Гегельдің басты шығармалары: «Рух феноменологиясы», «Логика ғылымы», «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» және басқалар.— *47.*

*Гертнер* (Gärtner) — австрия қатынас жолдары министрлігінің чиновнигі, жезөкшелікпен күрес жөніндегі халықаралық қоғамның мүшесі.— *363—364.*

*Герцен А. И.* (1812—1870) — орыстың ұлы революционер-демократы, философ-материалист, публицист және жазушы; «орыс», «шаруа» социализмінің негізін қалаушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристер дәстүрін жалғастырған дворян революционері ретінде келді. 1852 жылы Лондонда орыс баспаханасын ашты, сөйтіп шетелде еркін орыс баспасөзінің негізін қалады. 1855 жылы бірнеше революциялық прокламация, кітапша және мақала шығарғаннан кейін «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылы Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады.

Герценнің орыс азаттық қозғалысы тарихындағы роліне В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 284—291-беттер) баға берді.— *440.*

*Гутовский, В. А.— қараңыз:* Маевский, Е.

*Гучков, А. И.* (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. Бірінші орыс революциясы кезеңінде жұмысшы табы мен шаруаларға үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтады. 1910—1911 жылдары — III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант.— *42, 60.*

*Гушка, А. О.— қараңыз:* Ерманский, А.

## Д

*Дан, Ф. И. (Гурвич, Ф. И.,* Ф. Д.) (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. РСДРП IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция және революциялық жаңа өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін – Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *79, 80, 87, 90, 108, 130, 259, 331, 337, 338, 356, 451—453.*

*Дицген* (Dietzgen), *Иосиф* (1828—1888) — немістің жұмысшы-былғарышысы, өз бетімен диалектикалық материализмге келді. 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшыраған соң Германиядан эмиграцияға кетті. 20 жыл бойы Америка мен Европаны кезіп жүрді, әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді, сонымен бірге философиялық зерттеулермен шұғылданды. 1864 жылдан 1868 жылға дейін Россияда тұрды, Петербургте былғары заводында жұмыс істеді. Мұнда Дицген «Адамның ми жұмысының мәні» деген кітап және К. Маркстің «Капиталының» бірінші томына рецензия жазды. 1869 жылы Германияға қайта оралып, К. Маркспен танысты. Герман социал-демократиялық партиясының жұмысына белсене қатыса бастады. 1884 жылы Дицген қайтадан Америка Құрама Штаттарына кетті, онда ол американ Социалистік жұмысшы партиясы Атқару комитетінің органы —«Der Sozialist» («Социалист») газетін редакциялады. —*127—130.*

*Добролюбов, Н. А.* (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және серігі. 1857 жылдың күзінен бастап Добролюбов «Современник» журналының сын-библиография бөлімін басқарды, кейіннен журналдың «Свисток» атты сатиралық бөліміне де басшылық етті. Добролюбов самодержавие мен крепостниктік тәртіптің ымырасыз жауы болды, патша самодержавиесі үкіметіне қарсы халықтық көтерілісті жақтады. А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен бірге, Добролюбов Россиядағы революциялық социал-демократияның ізашарларының бірі болды.— *122.*

*Добросердов, К.*— «Мемлекеттік дума және халыққа білім беру» деген мақаланың авторы, мақала 1912 жылы 22 майда большевиктік «Невская Звезда» газетінің 6-номерінде жарияланды.— *146.*

*Домов — қараңыз:* Покровский, М. Н.

*Донцов, Д.*— ұсақ буржуазиялық Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі, Львовтағы «Шляхи» газетінің және Москвада шыққан «Украинская Жизнь» журналының қызметкері. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық ұйым — «Украинаны азат ету одағын» құрушылардың бірі болды, бұл ұйым Австрия монархиясының көмегімен «дербес» Украина деген ұранды жүзеге асыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — эмигрант.— *370—371.*

*Дюмон* (Dumont), *Шарль Эмиль Этьенн* (1867 ж. туған) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, радикал-социалист. 1912 жылы қоғамдық жұмыстар министрі, 1913 және 1930 жылдары — финанс министрі, 1931—1932 жылдары теңіз министрі болды. 1924 жылдан — сенатор.— *254.*

*Дюринг* (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Негізгі еңбектері: «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы», «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы», «Философия курсы».— *403.*

## Е



## Ж

рес демократияны, халық бостандығын қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі арқылы емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Жорестің оны оппортунизм жолына итермелеген реформистік көзқарастарын Ленин қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.— *452.*

### З

*Засулич, В. И.* (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. «Еңбекті азат ету» тобын құруға және оның жұмысына қатысты. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *81.*

### И

*Изгоев (Ланде), А. С.* (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына ауып кетті. Кадеттердің органдары: «Речь» газетіне, «Южные Записки» және «Русская Мысль» журналдарына жазып тұрды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін декаденттенуші интеллигенттер тобының журналы — «Вестник Литературыға» қатысып тұрды. Контрреволюциялық публицистік қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды.— *120, 354—357.*

*Ильин, В.— қараңыз:* Ленин, В. И.

### К

*Кант* (Kant), *Иммануил* (1724—1804) — неміс классикалық философиясының негізін салушы, 1770 жылдан Кёнигсберг университетінің профессоры. Канттың философиясы субъективтік идеализм мен агностицизмнің бір түрі, бірақ сонымен бірге онда «өзіндік зат» туралы ілімнен және біздің білімдеріміздің тәжірибелік сипатын мойындаудан көрінетін белгілі бір материалистік тенденция да бар. Буржуазиялық философия тарихында

канттшылдық зор роль атқарды, оның ықпалымен классикалық неміс идеализмінің кейінірektегі өкілдері (Фихте, Шеллинг, Гегель) қалыптасты, буржуазиялық философиялық ойдың неокантшылдық, позитивизм және басқалар сияқты бағыттары пайда болды. Кантқа қайтып оралуға немесе марксизмді кантшылдықпен ымыраластыруға тырысу ревизионистерге әрқашан да тән болды.

Кант философиясының қайшылығы мен дәйексіздік сипаты «оңнан» да (неғұрлым дәйекті субъективтік идеалистер), «солдан» да (Фейербах, Чернышевский, диалектикалық материализмнің өкілдері) сынға алынды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 18-том, 216—228, 410—413-беттер).

Канттың негізгі шығармалары: «Жалпы табиғи тарих және аспан теориясы», «Таза парасат сыны», «Практикалық парасат сыны», «Пікір қабілетінің сыны» және басқалар.— *128.*

*Карсон* (Carson), *Эдуард Генри* (1854—1935) — ағылшынның реакцияшыл саяси қайраткері, консерватор, лорд, Ирландияның өзін өзі басқаруына өршелене қарсы шықты. Ирландия ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресу мақсатымен Карсон 1912 жылы Олстерде (Ирландияның солтүстік бөлегі) қарулы қаражүздік «юнионистер» бандасын (ағылшын-ирланд униясын жақтаушылар) ұйымдастырды. 1915 жылы Асквиттің коалициялық үкіметінің құрамына кірді. 1917—1918 жылдары—Ллойд-Джорджның кабинетінде портфельсіз министр болды. 1921 жылы белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *445.*

*Кассо, Л. А.* (1865—1914) — ірі помещик, Харьков, одан соң Москва университеттерінің профессоры. 1910—1914 жылдары халық ағарту министрі болды. Бастауыш, орта және жоғары мектептер жөнінде реакциялық саясат жүргізді, революцияшыл студенттер мен прогресшіл профессорларды аяусыз жазалады.— *139, 140.*

*Катков, М. Н.* (1818—1887) — помещик, реакцияшыл публицист. Саяси қызметін баяу дворяндық либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады. 60-жылдардың бас кезінде реакциялық лагерьге ауды. 1863—1887 жылдары монархиялық реакцияның жаршысына айналған «Московские Ведомостидің» шығарушы-редакторы болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген реакцияның бейнесіне айналды. — *61, 287.*

*Каутский* (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін. революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.— *230, 349, 388, 493, 494.*

*Кауфман, А. А.* (1864—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі және статистигі, публицист; кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1887 жылдан 1906 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Аграрлық реформаның кадеттік жобасын жасауға қатысты. «Русские Ведомости» газетіне жазып тұрды; Октябрь социалистік революциясынан кейін орталық статистикалық мекемелердің жұмысына қатысты.— *169.*

*Квелч* (Quelch), *Гарри* (1858—1913) — ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Осы томдағы «Гарри Квелч» деген мақаланы қараңыз.— *172, 483—486.*

*Кейр-Гарди — қараңыз:* Гарди, Джеймс Кейр.

*Клемансо* (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1902 жылы Сенатқа сайланды, 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—нағыз шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде соғыс диктатурасы режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны ұйымдас-

*Комаров, А. И.*— орман-тоғай ведомствосының чиновнигі, ұзақ жылдар бойы Сибирьде орман-тоғай ревизоры және орманшы болып істеді. 1908—1910 жылдары либералдық-буржуазиялық «Новая Русь» газетінде бірнеше мақала жариялап, оларда қоныс аудару ісін ұйымдастыруды сынады. Қызметтен кеткеннен кейін 1913 жылы сол мақалаларын «Қоныс аудару ісі туралы шындық» деген атпен жеке кітап етіп шығарды.— *112—118, 294—297.*

*Комб* (Combes), *Жюстен Луи Эмиль* (1835—1921) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, радикал. 1895—1896 жылдары — ағарту министрі. 1902—1905 жылдары француз үкіметін басқарды. Комб үкіметі жекелеген антиклерикалдық шаралар жүргізді: Ватиканмен дипломатиялық қатынасты үзді, шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы заң жобасын әзірледі (Комб кабинеті отставкаға кеткеннен кейін көп ұзамай қабылданды), кейбір монах ордендеріне тыйым салды, т. т. 1915—1916 жылдары Бриан кабинетіне Комб портфельсіз министр болып кірді.—*452.*

*Коновалов, А. И.* (1875 ж. туған) — ірі фабрикант және помещик, буржуазиялық прогрессистер партиясы лидерлерінің бірі. Кострома губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат. 1915—1916 жылдары — Орталық әскери-өнеркәсіп комитеті председателінің орынбасары. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің алғашқы екі құрамында сауда және өнеркәсіп министрі, Уақытша үкіметтің соңғы құрамында Керенскийдің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *176—177, 178.*

*Коновалов, И. А.* (1883—1911) — революциялық қозғалысқа 1900 жылдан бастап қатысты. Өмірінің соңғы жылдарында арандатушы болды, онысы 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін ғана анықталды.— *298, 300.*

*Косинский, В. А.* (1866 ж. туған) — халықшылдық бағыттағы аграршы-экономист. 1904—1909 жылдары — Одессадағы Новороссийск университетінің, кейіннен — Киев политехникалық институтының профессоры. Мына еңбектің авторы: «Аграрлық мәселе жөнінде», I кітап («Шаруа шаруашылығы және помещиктік шаруашылық») және II кітап («Меншікті жерлерді мобилизациялаудағы негізгі тенденциялар және олардың әлеуметтік-экономикалық факторлары»). 1918 жылы гетман Скоропадскийдің контрреволюциялық үкіметінде еңбек министрінің орынбасары болды, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті.— *477—478.*

*Косовский, В. (Левинсон, М. Я.)* (1870—1941)—Бунд лидерлерінің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Вильноның социал-демократиялық үйірмелеріне кірді; 1897 жылы Бундтың құрылтай съезіне қатысты, Орталық Комитетке сайланды және Бундтың

орталық органы «Die Arbeiter Stimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болып тағайындалды. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл; съезден кейін — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздардың «Наша Заря» журналы мен «Луч» газетіне жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде германофильдік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, революциядан кейін эмиграцияға кетіп, Польшадағы Бунд ұйымдарында жұмыс істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті.— *90—91, 130, 135, 247—249, 351—352.*

*Крезо — қараңыз:* Шнейдер.

*Кривошеин, А. В.* (1858—1923) — патша чиновнигі, 1905 жылдан — жерге орналастыру мен егіншілік бас басқарушысының орынбасары, одан соң басқарушысы, Столыпиннің аграрлық саясатын белсенді түрде жүзеге асырып отырды. Министрлер советінің және Мемлекеттік советтің мүшесі, финанс министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін ірі буржуазия мен помещиктердің «оңшыл орталық» дейтін контрреволюциялық ұйымы басшыларының бірі. 1920 жылы Қырымда ақ гвардиялық үкіметті басқарды. Врангель әскері талқандалғаннан кейін шетелге қашып кетті.— *113—114, 294.*

*Крупенский, П. Н.* (1863 ж. туған) — Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, ірі помещик. IV Думада центр фракциясы лидерлерінің бірі, солшыл партияларға қарсы оларды ойрандауға шақырған сөздер сөйледі. 1910 жылдан 1917 жылға дейін — патша сарайының камергері. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде шетел соғыс интервенциясына жәрдемдесті.— *42.*

*Крупп* (Krupp) — герман империализмінің негізгі арсеналдарының бірі — Германиядағы соғыс-металлургиялық концернді басқаратын ірі өнеркәсіпшілер семьясы. Концерн 1811 жылы Фридрих Крупп (1787—1826) негізін қалаған шағын фирмадан өсіп, ұлғайды. Концерн басшылары бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстарды әзірлеуге белсене қатысты, соның нәтижесінде аса зор пайда түсірді. 1945 жылғы Ялта және Потсдам шешімдеріне сәйкес концерннің соғыс заводтары жойылуға тиіс еді. Батыс Германияда бұл шешімдер орындалған жоқ, ал Крупп семьясының заводтары Германия Федерациялық республикасының кекшіл армиясы үшін қару-жарақ өндіруін тоқтатпай отыр.— *66.*

*Кугельман* (Kugelmann), *Людвиг* (1830—1902) — неміс социал-демократы, К. Маркстің досы, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, I Интернационалдың мүшесі. Кугельман Интернационалдың Лозанна (1867) және Гаага

(1872) конгрестеріне делегат болды, Маркстің «Капиталының» басылуына және таратылуына жәрдемдесті. 1862 жылдан 1874 жылға дейін К. Маркспен хат-хабар алысып, Германиядағы істің жайын оған хабарлап тұрды. Маркстің Кугельманға жазған хаттары бірінші рет 1902 жылы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; 1907 жылы бұл хаттар орыс тіліне аударылып, В. И. Лениннің алғы сөзімен басылып шықты.— *127—128.*

*Кускова, Е. Д.* (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін негұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). Бірінші орыс революциясы қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің газеті — «Товарищтің» белсенді қызметкері болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ол ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *92.*

## Л

*Л. М.— қараңыз:* Мартов, Л.

*Л. С.— қараңыз:* Кольцов, Д.

*Ланде, А. С.*— қараңыз: Изгоев, А. С.

*Ларин, Ю. (Лурье, М. А.)* (1882—1932) — социал-демократ, реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» журналын шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында істеді.— *90, 356.*

*Ларкин* (Larkin), *Джеймс* (1878—1947) — Ирландия жұмысшы қозғалысының қайраткері, тред-юниондар басшыларының бірі. 1909 жылы Ирландия транспорт және мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағының негізін қалаушылардың бірі болды. 1911 жылы порт жұмысшыларының стачкасына және 1913 жылы Дублинде жаппай стачкаға басшылық етті. 1914—1923 жыл-

дары Америка Құрама Штаттарында болды, онда жұмысшы қозғалысына қатысқаны үшін қудаланды. Ирландияға қайтып келгеннен кейін Ирландияның солшыл жұмысшы одағын ұйымдастырды, бұл одақ біраз уақыт Профинтернге кірді. 1924 жылдан — Великобритания Коммунистік партиясының мүшесі. Кейіннен коммунистік қозғалыстан қол үзіп, лейбористермен және Ирландияның буржуазиялық ұлтшылдарымен ынтымақтасу жолына түсті.— *444, 445—446, 447.*

*Ларкин* (Larkin), *Майкл* (1834—1867) — Ирландия ұлт-азаттық қозғалысының белгілі қайраткері, ағылшын үстемдігіне қарсы қарулы көтеріліс дайындаған фенийлер қоғамында болды. Фенийлердің түрмеге жөнелтілген екі лидерін босатып алуға әрекет жасаған жерде тұтқынға алынып, Манчестерде жазаланып өлтірілді.— *445—446.*

*Лассаль* (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «еркті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет жасады. Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс «Гота программасына сын»; В. И. Ленин «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *400, 401.*

*Левинсон, М. Я.— қараңыз:* Косовский, В.

*Левицкий, В. (Цедербаум, В. О.,* Г. Р.) (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа жойымпаздық-меньшевиктік мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейіннен әдеби жұмыспен шұғылданды.— *80, 454, 456—457, 458.*

каданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. Бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, 1922 жылы, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді. — *452.*

*Лондондерри* (Londonderry), *Чарльз Стюарт* (1852—1915)— ағылшынның реакцияшыл саяси қайраткері, консерватор, маркиз. 1886—1889 жылдары Ирландияның вице-королі болды, 1902—1905 жылдары ағарту министрлігін басқарды. Лордтар палатасында Ирландия үшін гомрул (өзін өзі басқару) туралы заң жобасына қарсылардың лидері болды. — *445.*

*Лоу (Law), Эндрью Бонар (*1858—1923)—ағылшынның реакцияшыл саяси қайраткері, консерваторлар лидерлерінің бірі. Ирландия үшін гомрул (өзін өзі басқару) туралы заң жобасына қарсы күресті. 1915—1916 жылдары — отарлар министрі, 1916—1918 жылдары — финанс министрі, ал 1922—1923 жылдары — премьер-министр. Ағылшын империализмінің антисоветтік саясатына дем берушілердің бірі. — *445.*

*Луначарский, А. В.* (1875—1933) — профессионал-революционер, кейіннен көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясында болды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін— халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1930 жылдан—академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *250.*

*Лурье, М. А. — қараңыз:* Ларин, Ю.

*Львов, Н. Н.* (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша—«контрреволюцияшыл дворянсымақ». 1906 жылы кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, кейіннен «Бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. Саратов губерниясынан I, III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. III және IV Думаларда «прогрессистердің» лидері ретінде көрінді. 1913 жылы Дума председателінің орынбасары болды. 1917 жылы помещиктер одағы басшыларының құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *342.*

*Люксембург,* (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысып, онда большевиктерді қолдады. Алайда реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Люксембург жойымпаздарға ымырашылдық тұрғыдан қарады, 1912 жылы поляк социал-демократиясында большевиктерге неғұрлым жақын тұрған «розламовыйлар» оппозициясы деп аталатынды айыптады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *388.*

*Люц, Л. Г.* (1880 ж. туған) — помещик, октябрист, Симферополь округтік соты жанындағы прокурордың орынбасары болды. Херсон губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. IV Думада сұраулар қою жөніндегі комиссия председателінің орынбасары, жиналыстар жөніндегі комиссияның председателі болды. — *64.*

*Лядов (Мандельштам), М. Н.* (1872—1947) — профессионал революционер. 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы тұтқынға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралған соң Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінен кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктермен белсене күрес жүргізді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты, партияның Москва комитетінің құрамына кірді. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, Капридегі (Италия) фракциялық мектеп лекторларының бірі болды, антипартиялық «Вперед» тобына енді (1911 жылы топтан шығып кетті).

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары, меньшевиктік позицияда болды. 1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, одан соң Халық ағарту комиссариатында қызмет етті; 1923 жылдан—Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры. Партия тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *271.*

М

*Маевский, Е. (Гутовский, В. А.)* (1875—1918) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Наша Заря» журналына, «Луч» газетіне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. — *87, 130.*

*Макдональд* (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі реакциялық теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты; жұмысшы табын жікке болу саясатын жүргізді. 1924 және 1929—1931 жылдары Макдональд премьер-министр болды. Макдональдтың лейбористік үкіметі ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты аяусыз басып отырды, жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» деп аталатын үкіметті басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды. — *377, 378, 379.*

*Маклаков, В. А.* (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант. — *273—274, 275.*

*Маклаков, Н. А.* (1871—1918) — помещик, қаражүздік. 1900—1909 жылдары финанс министрлігінде қызмет істеді, 1913—1915 жылдары — ішкі істер министрі, 1915 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. — *140, 408, 411.*

*Мартынов, А. (Пикер, А. С.)* (1865—1935)—«экономистер» лидерлерінің бірі, көрнекті меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаздардың органы «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан—«Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі. — *80.*

*Марфи* (Murphy), *Уильям Мартин* (1844—1921)— Ирландияның ірі капиталисі, ұлтшыл. Ирландияның «Irish Independent» («Тәуелсіз Ирландиялық») деген ұлтшылдық газетін бастырып шығарушы болды. — *444, 445, 446—447.*

*Маслов, П. П.* (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — академик. — *130.*

*Массэ* (Massé), *Луи Франк Альфред Пьер* (1870 ж. туған) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, радикал-социалист. Сауда министрі, депутаттар палатасының вице-президенті болды. — *254.*

*Медем (Гринберг), В. Д.* (1879—1923)— Бунд лидерлерінің бірі. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, онда оңшыл социалистік еврей газеті —«Vorwards»-тың («Алға») беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды. — *130, 135—136, 247, 248—249, 492.*

*Менжинский, В. Р.* (Степинский) (1874—1934) — большевик, кейіннен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. РСДРП-ға 1902 жылы кірді, Ярославльде және Петербургте партия жұмысын жүргізді. Бірінші орыс революциясы кезінде армияда белсенді революциялық жұмыс жүргізді, большевиктік «Казарма» газеті редакторларының бірі болды. 1906 жылы тұтқынға алы-

нып, түрмеге жабылды. 1907 жылы шетелге қашып барып, антипартиялық «Вперед» тобына қосылды (1911 жылы ол топтан шықты). 1917 жылы июльде Россияға қайтып келіп, большевиктік әскери ұйымда істеді, Петроградта Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — финанс халық комиссары, Берлинде РСФСР бас консулы, 1919 жылдан бастап Бүкіл россиялық төтенше комиссияда істеді, 1923—1926 жылдары СССР Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы председателінің орынбасары, ал 1926 жылдан — председателі болды. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. — *271.*

*Меньшиков, М. О.* (1859—1919) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Новое Время» газетінің қызметкері. В. И. Ленин Меньшиковты «патшалық қаражүздіктің сенімді қарғылы төбеті» (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 152-бет) деп атады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, 1919 жылы контрреволюциялық қызметі үшін атылды.— *154—156.*

*Мигулин, П. П.* (1870 ж. туған) — профессор-экономист, 1907 жылдан — жерге орналастыру мен егіншілік бас басқармасы советінің мүшесі. 1913—1917 жылдары ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының мүдделеріп білдірген «Новый Экономист» журналының шығарушы-редакторы болды. 1914 жылдан — финанс министрі советінің мүшесі.— *266.*

*Милюков, П. Н.* (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1902 жылдан либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *13—14, 15—17, 18—19, 42, 61, 91, 177—178, 223—224, 407.*

*Милютин, Н. А.* (1818—1872) — патшалық россияның мемлекет қайраткері, граф. 1859 жылдан бастап ішкі істер министрі орынбасарының міндетін атқара отырып, 1861 жылғы 19 февральдағы Ережені әзірлеуді басқарды, баяу-либералдық реформаларды жүзеге асыру арқылы патша өкіметін нығайту мүмкін деп санады; революциялық қозғалысқа дұшпандықпен қарады, Польшадағы 1863 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы белсене күресті. Бірқатар статистикалық-экономикалық еңбектердің авторы.— *18—19.*

*Могилянский, М. М.* (1873—1942) — адвокат, публицист. 1906 жылы кадеттер партиясына қосылды, осы партияның орталық органы «Речь» газетіне және басқа да орыс, сондай-ақ украин мерзімді басылымдарына жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кадеттер партиясынан шықты. 30-жылдары Украин ССР Ғылым академиясында істеді.— *370—371.*

*Моргандар* — банкир-миллиардерлер семьясы, Америка Құрама Штаттары финанс олигархиясының ең ірі топтарының бір өкілі. Джуниус Спенсер Морган (Morgan) (1813—1890) Моргандар банкир үйінің негізін салды. Моргандар тобы ықпалының сферасына ірі банктер, күшті қауіпсіздендіру және темір жол компаниялары, соғыс-металлургия, авиация, электр техникасы өнеркәсібі кәсіпорындары, т. т. жатады. Моргандар Америка Құрама Штаттарының ішкі және сыртқы саясатын белгілеуде маңызды роль атқарады. — *101.*

*Морли* (Morley), *Джон* (1838—1923) — ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері және жазушы. 1883 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1910 жылдары — Индия істері жөніндегі статс-секретарь, ұлт-азаттық қозғалысты басу саясатын жүргізді; кейіннен — Советтің лорд-председателі. 1914 жылы отставкаға шықты.— *97.*

*Морозовтар* — орыстың аса ірі тоқымашы фабриканттары. 1913—1914 жылдары Морозовтардың төрт компанияда біріккен барлық кәсіпорындарында 54 мың жұмысшы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Морозовтар әскери-өнеркәсіп комитеттерінде зор роль атқарды.— *101.*

*Мост* (Most), Иоганн Иосиф (1846—1906) — неміс социал-демократы, одан соң анархист. 1874—1878 жылдарда рейхстагтың депутаты болып сайланды. 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заң шығарылғап соң, Мост Лондонға эмиграцияға кетіп, онда анархистік «Freiheit» («Бостандық») газетін шығарды. 1882 жылы Мост Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетіп, мұнда «Freiheit»-ті шығаруды жалғастырды. Кейінгі жылдары жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *403—404.*

*Муранов, М. К.* (1873—1959) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь. 1904 жылдан РСДРП мүшесі, Харьковта партия жұмысын жүргізді. Харьков губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді; Думадағы қызметімен қатар Думадан тыс та үлкен революциялық жұмыс жүргізді, большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды. 1914 жылы ноябрьде өзге большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында істеді, партияның VI, VIII және IX съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. 1922

жылдан 1934 жылға дейін ВКП(б) Орталық бақылау комиссиясының мүшесі болды.— *9, 92—93, 94—95.*

### Н

*Нобель* (Nobel) — швед кәсіпкерлері семьясы. Л. Э. Нобель (1831—1888) Россиядағы ең ірі мұнай өнеркәсіп фирмасы — «Ағайынды Нобельдер серіктігінің» негізін салды, фирма Октябрь социалистік революциясына дейін Бакуде орасан зор мұнай кәсіпшіліктерінің иесі болды. Оның інісі Альфред Нобель (1833—1896, Россияда туған) 1867 жылы динамит жасауға патент алып, содан соң Францияда, Германияда, Англияда және басқа елдерде нитроглицерин қопарғыш заттарын өндіретін фабрикалар салды.— *36, 279.*

*Нолан* (Nolan), *Джеймс* (1913 ж. қайтыс болған) — Ирландия жұмысшысы, Ирландия транспорт және мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағының мүшесі.— *446.*

*Ньюболд* (Newbold), *Джон Тернер Уолтон* (1888—1943) — ағылшынның саяси қайраткері, әдебиетші, экономист. Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі болды, 1921 жылы Великобритания Коммунистік партиясына кірді. 1922 жылы парламентке сайланды, сөйтіп ол Англиядағы тұңғыш коммунист депутат болды. 1923 жылы Коминтерннің IV конгресіне қатысты, Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. 1924 жылы компартиядан шықты.— *285.*

### О

*Оболенский В. А.*— князь, ірі помещик, кадеттік «Русская Мысль» журналына және прогрессистер органы — «Русская Молва» газетіне жазып тұрды.— *302.*

### П

*Пантелеев, Л. Ф.* (1840—1919) — жазушы, публицист және қоғам қайраткері, 60-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатынасушы. 1877 жылдан баспа қызметімен шұғылданды, бірқатар мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Кейіннен кадеттер партиясына кірді. 1910 жылдан — әдебиет қоры комитетінің председателі.— *212—213.*

*Парнелл* (Parnell), *Чарлз Стюарт* (1846—1891) — Ирландия ұлттық қозғалысының көрнекті қайраткері, либерал. 1875 жылы ағылшын парламентіне сайланды, онда ағылшын үкіметінің реакциялық шараларына қарсылық жасау әдісі ретінде парламенттік обструкцияны ұйымдастырушылардың бірі болды. Ирландия үшін гомрулды (өзін өзі басқаруды) жақтаушылардың лидері болды. 1879 жылы бұқаралық шаруалар ұйымы — Жер

лигасын құруға жәрдемдесті. Кейіннен Ирландия шаруалары қозғалысының күшейе түскенінен қорқып, ағылшын буржуазиясымен астыртын блоктар жасасу, ымыраға келу тактикасын жүргізе бастады.— *446.*

*Партридж* (Partridge), *У. П.*— Ирландия жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, машина жасаушылар кәсіптік одағының Дублин секциясының председателі. 1913 жылдан — Ирландия транспорт және мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағы лидерлерінің бірі. Ирландияның тәуелсіздігі жолындағы 1916 жылғы Дублин көтерілісіне белсене қатысты. Көтерілісті басқаннан кейін 10 жыл түрмеге қамалуға кесілді, бірақ денсаулығына байланысты мерзімінен ертерек босатылды да, көп ұзамай қайтыс болды.— *446—447, 460.*

*Петровский, Г. И.* (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, кейіннен советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан партия мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде — Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы өзге большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Айдауда жүріп те революциялық жұмысты жүргізе берді. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл Украиналық Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті Председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Революция музейі директорының орынбасары.— *60, 370.*

*Пешехонов, А. В.* (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдарда — либерал халықшыл. «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан—осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан—ұсақ буржуазиялық «халықтық-социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан—ақ эмигрант. — *86, 88.*

*Пикер, А. С.— қараңыз:* Мартынов, А.

*Плеханов, Г. В.* (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.— *6, 75, 91—92, 129, 227, 228, 245, 246, 336.*

*Победоносцев, К. П.* (1827—1907) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрған кезде іс жүзінде үкімет басшысы және крепостниктік реакцияның басты дем берушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылы октябрьде революцияның өрлеуі кезінде отставкаға шығуға мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді.— *61, 287.*

*Покровский, М. Н.* (Домов) (1868—1932) — 1905 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, көрнекті тарихшы. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, 1911 жылы бұл топтан қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды. 1918 жылдан — РСФСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. Әр жылдарда Коммунистік Академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын және т. б. басқарды. 1929 жылдан — академик. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.— *271.*

*Поляков, С. Л.* (Литовцев, С.) (1875—1945) — буржуазияшыл жазушы және журналист. Кадеттік «Речь», «Современное Слово» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті, ақ эмиграниттық басылымдарға белсене қатысты.— *13, 16.*

*Потресов, А. Н.* (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқа органдарында басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жапқан мақалалар жазды.— *79, 80, 130, 245—246, 331, 356.*

*Придворов, Е. А.— қараңыз:* Бедный, Демьян.

*Прокопович, С. Н.* (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ кезінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *92.*

*Пуришкевич, В. М.* (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа

ұйым—«Михаил архангел палатасы » ұйымын құрды; Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *40, 78, 115, 163, 176, 177, 201, 244, 275, 328, 340—341, 359, 418, 445, 452, 453, 468, 474.*

## Р

*Равестейн* (Ravesteijn), *Вилем ван* (1876 ж. туған) — Голландия социалисі. 1900 жылдан — Голландия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі, партияның сол қанатына қосылды. Партияның сол қанатының органы «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың (1907) және оның редакторларының бірі болды. 1909 жылы өзге де «трибунистермен» бірге партиядан шығарылды, бұдан кейін революциялық Социал-демократиялық партияны құруға қатысты. 1918 жылдан Голландия Коммунистік партиясында болды. Кейіннен коммунистік қозғалыстан қол үзді, сөйтіп 1926 жылы Коммунистік партиядан шығарылды.— *159.*

*Рамсэй* (Ramsay), *Уильям* (1852—1916) — ағылшын химигі және физигі; Бристоль университетінің және Лондондағы университет колледжінің профессоры, Петербург Ғылым академиясының құрметті мүшесі; органикалық және физикалық химия саласындағы еңбектерімен танылды. Рамсэй Менделеевті зор құрмет тұтты және онымен хат-хабар алысып тұрды. Менделеевтен бөлек, одан едәуір кейінірек, Рамсэй тас көмірді жер астында газға айналдыруды іске асыруды, ал бөлініп шығатын газды техникалық мақсаттарға пайдалануды ұсынды.

Рамсэйдің негізгі еңбектері: «Химия системасы», «Атмосфера газдары», «Қазіргі химия», «Өмірбаяндық және химиялық очерктер» және басқалар.— *100, 101.*

*Реннер* (Renner), *Карл* (Шпрингер) (1870—1950) — австриялық саяси қайраткер, Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының және «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті.— *63, 349, 493.*

*Рикардо* (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары», «Егіншілікке қамқорлық туралы» деген және басқа еңбектердің авторы; бұл еңбектерде классикалық буржуазиялық саяси экономия қорытылып аяқталды. Феодализм қалдықтарымен күресте буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Ри-

кардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Рикардо жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын анықтады. Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналған.— *48.*

*Родзянко, М. В.* (1859—1924) — ірі помещик, октябристер партиясы лидерлерінің бірі, монархист. 1911 жылдың мартынан — III, ал одан соң IV Мемлекеттік думалардың председателі; революциялық қозғалыспен күресте патша үкіметін қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде Мемлекеттік думаның «Уақытша комитет» деп аталатын контрреволюциялық орталығын, одан соң Мемлекеттік дума мүшелерінің «Жекеше кеңесін» ұйымдастырды. Корниловшылдар басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, сонан соң эмиграцияға кетті.— *42, 177.*

*Рокфеллерлер* — Америка Құрама Штаттарындағы аса ірі финанс магнаттарының семьясы. Әулеттің негізін салушы — Джон Дэвисон Рокфеллер (Rockfeller) (1839—1937) Америка Құрама Штаттарының мұнай өнеркәсібін өз монополиясына алған «Стандарт ойл» тресін құрды. Қазіргі кезде Рокфеллерлер — Америка Құрама Штаттарының негізгі финанс-монополиялық топтарының бірі; елдің сыртқы және ішкі саясатын белгілеуде маңызды роль атқарады.— *101.*

*Романовтар* — 1613 жылдан 1917 жылға дейін патшалық еткен орыс патшалары мен императорларының әулеті.— *324, 331, 336.*

*Ротштейн, Ф. А.* (1871—1953) — социал-демократ, кейіннен совет дипломаты, тарихшы. 1890 жылы Россиядан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Англияда тұрды, ағылшын Социал-демократиялық федерациясына кіріп, оның сол қанатына қосылды. 1901 жылы РСДРП-ға кірді. Орыстың және шетелдік социалистік баспасөзіне жазып тұрды. 1918—1920 жылдары Англияда «Тарт қолыңды Россиядан!» деп ұран көтерген бұқаралық қозғалыс басшыларының бірі болды, Великобритания Коммунистік партиясын құруға қатысты. 1920 жылы отанына оралды. 1921—1922 жылдары Иранда уәкілетті өкіл болып істеді, 1923—1930 жылдары — Сыртқы Істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. Советтік жоғары мектепті және советтік ғылымды дамытуға белсене қатысты. Дүние жүзілік шаруашылық және дүние жүзілік саясат институтының директоры болды. 1939 жылдан академик. Империализм тарихының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *96.*

*Рубакин, Н. А.* (1862—1946) — библиограф және жазушы, Россиядағы кітап ісінің библиографиясы мен тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің, география, жаратылыс тану ғылымдары жөніндегі және басқа ғылыми-көпшілік очерктердің авторы. 1907 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, өмірінің ақырына дейін сонда тұрды. Рубакиннің негізгі библиографиялық еңбегі — «Кітаптар әлемінде». Осы еңбектің II томына В. И. Ленин рецензия жазып, онда былай деп атап көрсетті: «Бірде-бір байсалды кітапхана Рубакин мырзаның шығармасын алмай тұра алмайтын болады» (Шығармалар, 20-том, 260—261-беттер). В. И. Ленин Рубакинмен шетелде кездесіп, оның кітапханасындағы кітаптарды пайдаланды. Кейін Рубакин Совет Одағымен тығыз байланыс жасап тұрды, өзінің жинаған сирек кітаптарын (80 мың шамалы том) СССР-ге мұра етіп қалдырды, олар В. И. Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапханасында сақтаулы.— *285.*

*Рябушинский, П. П.* (1871 ж. туған) — Москваның ірі банкирі және өнеркәсіпші, контрреволюция басшыларының бірі. Буржуазиялық прогрессистер партиясын құруға белсене қатысты, ірі буржуазияның мүдделерін қорғаған «Утро России» газетін шығарды. 1917 жылдың августында революцияны «аштықтың арбиған қолымен» тұншықтыруға қоқан-лоққы көрсетті, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Францияға эмиграцияға кетіп, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық әрекет жүргізді. — *101, 214, 419.*

## С

*Салазкин, А. С.* (1870 ж. туған) — ірі көпес және жер иесі, кадет, Рязань губерниясынан II және IV Мемлекеттік думалар-

рациясының председателі. Оның басшылығымен 1912 жылы көміршілердің ірі стачкасы өткізілді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — пацифист. 1923—1929 жылдары — парламент депутаты. 1928 жылы — тред-юниондар конгресі Бас советінің мүшесі, оның сол қанатына қосылды.— *447.*

*Смит* (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» деген еңбегінде, өндірістің қай саласына жұмсалса да, еңбек атаулының бәрі құнның қайнар көзі деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, Смит жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлегі болып табылады және ол жұмысшының күнкөріс құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі болып табылады деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның таптық құрылымын тұңғыш рет сипаттап, оның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистерден және жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет көрсетіп берді. Бірақ дүниеге буржуазиялық көзқарас шегінде қалған ол капиталистік қоғамда тап күресінің бар екенін теріске шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытудағы еңбектерін атап айта келіп, Маркс сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазиялық тар өрістілігін, қайшылықтарын және қателігін атап көрсетті. Товар құнының оған сіңірілген жұмыс уақытымен дұрыс анықталуын Смит еңбектің өзінің құнымен шатастырды. Капитализм тұсында құн тек қана табыстардан — жалақыдан, пайдадан және рентадан құралады деп пайымдай отырып, товар өндірген кезде жұмсалған тұрақты капиталдың құнын қалдырып қойып, қате жасады. Смиттің қате қағидаларын буржуазияшыл тұрпайы экономистер капитализмді идеологиялық жағынан қорғау мақсатында пайдаланды.— *48.*

*Сноуден* (Snowden), *Филипп* (1864—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы оң қанатының өкілі, оған 34 жыл (1927 жылға дейін) мүше болды, лейбористік партия лидерлерінің бірі. 1903—1906 және 1917—1920 жылдары Тәуелсіз жұмысшы партиясының председателі болды. 1906 жылдан — парламент мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист; буржуазиямен коалиция жасасуды жақтады. 1924 жылғы Макдональд кабинетінде, сондай-ақ 1929—1931 жылдары — казначейлік канцлері. Коммунизмнің қас жауы.— *377.*

*Соболевский, В. М.* (1846—1913) — либерал публицист, 1873 жылдан — «Русские Ведомости» газетінің қызметкері, 1876—1882 жылдары — осы газет редакторының көмекшісі, ал 1882 жылдан — шығарушы-редакторы.— *212.*

*Соколов, А. В.— қараңыз:* Вольский, С.

*Соловьев, Я. А.* (1820—1876) — патша чиновнигі, 1861 жылғы «шаруалар» реформасының қайраткері. 1843—1857 жылдары мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді, 1857 жылдан — ішкі істер министрлігі земство бөлімінің басқарушысы, 1867 жылдан — сенатор.— *18.*

*Сологуб, Ф. (Тетерников, Ф. К.)* (1863—1927)—декадент-жазушы. «Әзәзіл» (1905) деген романында мещандық провинциялық тұрмыстың көрінісін суреттеді. Бірінші орыс революциясы жылдарында Сологуб өлеңдерінен көтеріліске шыққан жұмысшыларға деген тілектестік аңғарылады; реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында оның творчествосы пессимистік сипат алды.— *144—145.*

*Сталин (Джугашвили), И. В.* (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланган Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республиканың Революциялық әскери советінің мүшесі ретінде бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, Қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының

көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, партиялық мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі Орталық Комитеттің жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *491.*

*Степинский — қараңыз:* Менжинский, В. Р.

*Столыпин, П. А.* (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдары — министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы Столыпин реакциясы) оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен ірің-шіріген самодержавиені нығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1911 жылы Столыпинді Киевте эсер Богров өлтірді. — *61, 113, 274, 287, 291, 294, 299—301, 408, 410, 411, 449, 451.*

*Строгановтар* — XVI және XVII ғасырларда — ірі көпестер, өнеркәсіпшілер; XVIII, XIX ғасырлар мен XX ғасырдың бас кезінде — ірі помещиктер және оралдағы заводтар иелері, олардың көпшілігі патшалық Россияда жоғары әкімшілік, дипломатиялық және әскери қызметтерде болды.— *410.*

*Струве, П. Б.* (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *60, 85, 86, 89, 122, 352, 370, 493.*

*Сунь Ят-сен* (1866—1925) — Қытайдың аса көрнекті демократ-революционері және мемлекет қайраткері. Білімі жөнінен дәрігер. 1894 жылы Синчжунхуэй (Қытайды қайта жаңғырту одағы) революциялық ұйымын құрды; бұл ұйым маньчжур әулетін күшпен құлатуды өзінің алдына мақсат етіп қойды. 1905 жылы Сунь Ят-сен Синчжунхуэйді өзгертіп, неғұрлым кең революциялық программасы бар анағұрлым бұқаралық ұйым— Тунмынхуэйді (Одақтық лига) құрды. Жаңа ұйымның программасына Сунь Ят-сен талдап жасаған үш принцип: ұлтшылдық (маньчжур әулетін құлату), халық өкіметі (республика құру) және халықтың молшылыққа кенелуі (жерге деген правоны теңдеу) негіз етіліп алынды. Бұл программаның революциялық-демократиялық мәнін Ленин жоғары бағалады, сонымен қатар ол Сунь Ят-сеннің қайсыбір қате халықшылдық көзқарастарын сынады. Тунмынхуэй Қытайда 1911—1913 жылдардағы революцияны әзірлеуде басты саяси ұйым болды. Бірақ Сунь Ят-сен бастаған Қытай демократиясы революция барысында халықтың қалың бұқарасын жұмылдыра және ұйымдастыра алмады, дәйекті антиимпериалистік және антифеодалдық программаны ұсына да, жүзеге асыра да алмады. Республиканың уақытша президенті болып сайланған Сунь Ят-сен 1912 жылы февральда бұл қызметтен бас тартты. Тунмынхуэй ұйымы негізінде 1912 жылы августа Гоминдан партиясы құрылды. Партияның председателі болып Сунь Ят-сен сайланды.

Сунь Ят-сен кейінгі жылдарда да ішкі реакция мен шетел империалистеріне қарсы күресті тоқтатқан жоқ. Октябрь социалистік революциясы Сунь Ят-сеннің дүниеге көзқарасына үлкен ықпал жасады, ол Октябрь революциясын құттықтады. Қытай мен Советтік Россия арасында достық қарым-қатынас орнатуға шақырды. Елді демократияландыру және оның тәуелсіздігі жолындағы күрестің жалпы ұлттық майданын құру мақсатын көздеп, Сунь Ят-сен Гоминданның Қытай Коммунистік партиясымен ынтымақтасуын белсенді түрде алға тартты. — *32, 151, 152, 153.*

## Т

*Тейлор* (Taylor), *Фредерик Уинслоу* (1856—1915)—американ инженері, жұмыс күнін мейлінше толық пайдалануды көздеген еңбек ұйымдастыру системасының негізін салушы. Капитализм жағдайында бұл система еңбекшілерді қанауды күшейту үшін пайдаланылады. — *20—21.*

*Тетерников, Ф. К.* — *қараңыз:* Сологуб, Ф.

*Тиллет* (Tillett), *Бенджамин* (Бен) (1860—1943) —ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. 1887—1922 жылдары — өзі құрған порт жұмысшылары кәсіптік одағының бас секретары, бірнеше ірі стачкалардың ұйымдастырушысы. Тәуелсіз

жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1917 және 1929 жылдары ағылшын парламентіне сайланды. 1921 жылдан 1931 жылға дейін тред-юниондар конгресі Бас советінің мүшесі (1928—1929 жылдары председателі) болды. — *460.*

*Тимошкин, Ф. Ф.* (1872 ж. туған) — ауқатты шаруа-коммерсант, Закавказьенің орыс тұрғындарынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада оңшылдар фракциясына кірді, қаражүздік сипатта сөздер сөйледі. — *86.*

*Толстой, Л. Н.* (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі аса ұлы жазушылардың бірі.

Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин бірқатар еңбектерін арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 225—233-беттер; 20-том, 20—25, 40—43, 76—77, 108—112-беттер). — *216.*

*Троцкий (Бронштейн), Л. Д.* (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «ауданаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызмет орындарында болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *78, 82, 336—338.*

*Трубецкой, Е. Н.* (1863—1920)—князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің бірінші орыс революциясын жаныштауында және елде столыпиндік режим орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — орыс империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл. — *60.*

## Ф

*Ф. Д. — қараңыз:* Дан, Ф. И.

*Фейербах* (Feuerbach), *Людвиг Андреас* (1804—1872)—немістің аса көрнекті материалист-философы және атеист, марксизм ізашарларының бірі. Фейербах Гегельдің идеалистік философиясын сынға алды, идеализмнің дінмен байланысын көрсетті; алайда қоғамдық құбылыстарды түсінуде Фейербах идеалист болып қала берді. Оның материализмі метафизикалық және меңзеу материализмі болды. Фейербах таным және қоғамдық даму процесіндегі практиканың ролін түсіне алмады. Фейербах өмірінің соңғы жылдарында социалистік әдебиетке ынта қойды, Маркстің «Капиталын» оқыды және 1870 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді.

Фейербах философиясына К. Маркстің «Фейербах туралы тезистерінде» және К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Неміс идеологиясында», Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген еңбегінде, сондай-ақ В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде жан-жақты талдау жасалған. — *46—47.*

*Филена—қараңыз:* Филин, Эдуард Альберт.

*Филин* (Filene), *Эдуард Альберт* (1860—1937)—ірі американ капиталисі, сауда-өнеркәсіп қайраткері, сауда палаталары халықаралық съезінің вице-председателі. — *380—382.*

*Фольмар* (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығып тұрған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып әлденеше рет сайланды. 90-жылдардың басынан реформизм мен ревизионизм идеологтарының бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позицияларында болды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *404, 453.*

*Франк* (Frank), *Людвиг* (1874—1914) неміс социал-демократы, ревизионистер лидерлерінің бірі, социал-шовинист, кәсібі жөнінен адвокат. 1907 жылдан — рейхстаг мүшесі. Магдебург партейтагінде (1910) соғыс кредиттеріне дауыс беруді жақтап сөйледі. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басында өз еркімен армияға барды, майданда қаза тапты. — *276—277.*

## Х

*Хвостов, А. Н.* (1872—1918) — ірі помещик. Москва округтік соты прокурорының орынбасары, Туланың вице-губернаторы болды. 1906—1910 жылдары — Вологданың, одан соң Нижний Новгородтың губернаторы. Қаражүздік іс-әрекетімен аты шықты. Орел губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думада оңшылдар лидерлерінің бірі, 1915—1916 жылдары—ішкі істер министрі және жандармдар корпусының шефі. — *36.*

*Хёхберг* (Höhberg), *Карл* (1853—1885) — немістің оңшыл социал-демократы, журналист. 70-жылдардың соңында, 80-жылдардың басында «Die Zukunft» («Болашақ»), «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» («Әлеуметтік ғылым және саясат әржылдығы») және «Staatswirtschaftliche Abhandlungen» («Саяси-экономикалық зерттеулер») деген журналдар шығарып тұрды. Социалистерге қарсы ерекше заң қабылданғаннан кейін Шраммен және Бернштейнмен бірігіп, буржуазиямен одақ жасауға және пролетариат мүдделерін оған бағындыруға шақырып, партияның революциялық тактикасына қарсы шықты. Бұл оппортунистік көзқарастар К. Маркс пен Ф. Энгельс тарапынан қатты наразылық туғызды, олар мұндай көзқарастарды партияға опасыздық жасау деп санады. — *403.*

*Хижняков, В. М.* (1842—1917) — земство қайраткері, бірнеше жылдар бойы губерниялық земство мүшесі болды, 1875 жылдан 1886 жылға дейін — Чернигов қаласының қала басшысы, 1887—1896 жылдары — Чернигов губерниялық земство басқармасының председателі. Земство басқармасының тапсырмасы бойынша 1900—1909 жылдардағы «Чернигов губерниялық земство жиналысы қаулыларының жинағын» құрастырды, «Земство қайраткерінің естелігі» деген кітаптың (1916) авторы. — *358—359.*

## Ц

*Цедербаум, В. О. — қараңыз:* Левицкий, В.

*Цедербаум, С. О.* (Ежов, В.) (1879—1939) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің газеттері мен журналдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзі-

лік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *80, 356.*

*Цедербаум, Ю. О. — қараңыз:* Мартов, Л.

## Ч

*Чернов, В. М.* (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлердің орталық органы —«Революционная Россия» газетінің редакторы. Марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазып, Маркстің теориясы ауыл шаруашылығына қолдануға жарамайды деп дәлелдеуге тырысты, 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау шараларын қолдану саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ. — *246.*

*Чернышевский, Н. Г.* (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россия революциялық күштерінің үні еді. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды, 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына отырғызды, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский айдауда 20 жыл болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қалды. — *14, 122—123.*

*Читатель (оқушы) — қараңыз:* Ленин, В. И.

*Чхенкели, А. И.* (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен юрист. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында —жойымпаз. Батум және Карс облыстары мен Сухуми округінен IV Мемлекеттік думаға депутат. Думада меньшевиктік фракция құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан соң ақ эмигрант. — *26.*

## Ш



## Щ



## Э

(В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер). — *1, 46, 127—128, 129—130, 401, 403.*

*Эрве* (Hervé), *Гюстав* (1871—1944) — француз социалисі, публицист және адвокат. 1906 жылы «La Guerre Sociale» («Әлеуметтік Соғыс») газетінің негізін салды, газет бетінде милитаризммен күресу жөнінде жартылай анархистік программаны насихаттады. II Интернационалдың Штутгарт конгресінде (1907) осы көзқарасты қорғап, соғыс атаулыға қарсы стачкамен, көтеріліспен жауап беруді ұсынды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде эрвеизмнің ұсақ буржуазиялық сипатын ашып берді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы күресті. 1918 жылы Франция Социалистік партиясынан шығарылды. 30-жылдарда Франция мен фашистік Германияның жақындасуын жақтады. — *253.*

*Эрвинг* (Irving), *Давид Даниель* (1854—1924) — ағылшын социалисі, темір жолшы. Тред-юниондарды ұйымдастырушылардың бірі. Бірнеше жылдар бойы — ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшесі, Британ социалистік партиясының мүшесі болды және партия басқармасының құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басынан—социал-шовинист. 1918 жылы ағылшын парламентіне сайланды. — *172.*

*Эссад-паша Топтани* (Essad Pasha) (1863—1920) — албан саяси қайраткері, генерал. Албанияның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін (ноябрь, 1912 ж.) 1913 жылы октябрьде Дуррес қаласын резиденция етіп Орта Албания үкіметін құрды. — *131.*

## Ю

*Юань Ши-кай* (1859—1916) — Қытайдың саяси қайраткері. 1898 жылы либералдық қозғалысқа қосылды, бірақ көп кешікпей оны сатып кетті. Шаньдуннің және астаналық Чжили провинциясының губернаторы болды. Маньчжур әулеті құлатылғаннан кейін ішкі реакция мен шетел империалистерінің қолдауымен Қытай президенті болды, елде соғыс диктатурасы режимін орнатты. 1915 жылы өзін император етіп жарияламақшы болған әрекеті сәтсіз аяқталды. — *151, 152, 183.*

*Юм* (Hume), *Давид* (1711—1776)—ағылшын философы, субъективтік идеалист, агностик; буржуазиялық тарихшы және экономист; философияда Дж. Беркли бастаған істі—Дж. Локктың сенсуализмін идеалистік рухта дамытуды одан әрі жалғастырды. Түйсіктерді танымның негізі деп мойындай отырып, ол жай түйсіктерді және олардан құралатын түсініктерді комбинациялау (әдетке сүйеніп) танымның міндеті деп есептеді. Себептілікті материалистік тұрғыдан түсінуді теріске

шығарды, құбылыстардың тек уақыттық кезектілігін ғана мойындады, сыртқы дүниенің бар екендігі туралы мәселені шешілмейтін мәселе деп білді. Юмның көзқарастары идеалистік буржуазиялық философияның одан әрі дамуына едәуір ықпалын тигізді. — *128.*

## Я

*Ягелло* (Jagiełło), *Е. И.* (1873 ж. туған) — поляк жұмысшы қозғалысының қайраткері, Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» мүшесі, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауы кезінде Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» мен Бундтың блогы Ягеллоны Думаға депутаттыққа кандидат етіп ұсынды, сөйтіп поляк социал-демократтарының наразылығына қарамастан депутат болып сайланды. Большевиктердің қатты наразылығына қарамастан, меньшевиктік «жетеудің» даусы арқылы Ягелло Думадағы социал-демократиялық фракцияға қабылданды. Бірінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін поляк жұмысшы қозғалысының сол қанатына қосылды, кейіннен саяси қызметтен шеттеп кетті. — *9.*

*Ягов* (Jagow), *Траугот* (1865—1941) — Пруссия чиновнигі. 1909 жылдан—Берлин қаласының полиция бастығы. 1916—1918 жылдары — Бреслауда үкіметтік президент. — *277.*

# В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

*(Март—сентябрь, 1913)*

| | |
|---|---|
| *Март — сентябрь.* | Ленин Польшада тұрады (Краковта, Поронинде); осы жерден Россиядағы бүкіл партиялық жұмысқа басшылық етеді. |
| *1 (14) март.* | Лениннің «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары» деген мақаласы «Правда» газетінің 50-номерінде жарияланды. |
| *2 (15) март.* | Ленин РСДРП Орталық Комитеті атынан Герман социал-демократиялық партиясының Басқармасына жазған хатында неміс оппортунистерінің большевиктердің жойымпаздармен «бірігу» конференциясын шақыру туралы ұсынысын қабылдамайтындығын айтады. |
| | Лениннің «Россиядағы ірі помещиктік жер иелігі мен шаруалардың ұсақ жер иелігі» деген мақаласы «Правда» газетінің 51-номерінде жарияланады. |
| *7 (20) март.* | Лениннің «Жалған әуендер» деген мақаласы «Правда» газетінің 55-номерінде жарияланды. |
| *8 (21) март.* | Лениннің «Міндет түйіні» деген мақаласы «Правда» газетінің 56-номерінде жарияланды. |
| *9 (22) март.* | Лениннің «Крепостниктік тәртіпті либералша боямалау» деген мақаласы «Правда» газетінің 57-номерінде жарияланды. |
| *10—13 (23—26) март.* | Ленин РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің Краковтегі кеңесіне басшылық етеді. |

| | |
|---|---|
| *10 (23) марттан кешірек — 11 (24) майдан ертерек.* | Ленин Мемлекеттік думаға енгізілген есептерден, сұраулар мен заң жобаларынан көшірмелер жасайды, сондай-ақ Думаның «Анықтама листоктары» бойынша өзіне қажетті кітаптардың тізімін құрастырады. |
| *13 (26) март.* | Лениннің «Тер сығып алудың «ғылыми» жүйесі» деген мақаласы «Правда» газетінің 60-номерінде жарияланды. |
| *14 (27) март.* | Лениннің «Біздің «табыстарымыз»» деген мақаласы «Правда» газетінің 61-номерінде жарияланады. |
| *15 (28) марттан ертерек.* | Ленин өзінің ««Басы артық ақша»» деген мақаласына қосымша жазады. |
| *15 (28) март.* | Лениннің «Келісім бе әлде жікке бөліну ме? (Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі алауыздықтар туралы мәселе жөнінде)» және ««Басы артық ақша»» деген мақалалары «Правда» газетінің 62-номерінде жарияланды. |
| *16 (29) марттан ертерек.* | Ленин Л. Б. Каменевке жазған хатында И. В. Сталиннің ұлт мәселесі жөніндегі еңбегіне жақсы баға береді, сонымен бірге Сталиннің және басқа да большевиктердің тұтқынға алынғанын хабарлайды, Россияда партиялық істердің жақсарғанын атап көрсетеді, «Правда» мен «Лучтың» тираждарының салыстырма цифрларын береді, Р. Люксембургтің «Капиталдың қорлануы» деген кітабын сынайды. |
| *22 март (4 апрель).* | Лениннің «Қытай республикасының ірі табысы» деген мақаласы «Правда» газетінің 68-номерінде жарияланды. |
| *23 март (5 апрель).* | Ленин «Правданың» редакциясына жолдаған хатында IV Мемлекеттік Думаға депутат большевиктік «алтауды» олардың меньшевиктік «жетеуге» қарсы күресінде қолдау туралы, «Правдаға» жазылу науқанын күшейту туралы, және құпия әдебиет шығаруды ұлғайту туралы нұсқаулар береді. |
| *Ерте дегенде 23 март (5 апрель).* | Ленин синдикаттар туралы мақаланың жоспарын жасайды. |

| | |
|---|---|
| *26 март (8 апрель).* | Лениннің «Ескі міндеттер және либерализмнің қаусаған кәрілігінің белгісі» деген мақаласы «Правда» газетінің 71-номерінде жарияланды. |
| *Ерте дегенде 26 март (8 апрель).* | Ленин Америка Құрама Штаттарында мұнай өндіру және оның бағасы жөнінде американ және орыс деректемелерінен кошірмелер жасайды, олар ««Мұнай тапшылығы» туралы» деген мақалада пайдаланылды. |
| | Ленин ««Мұнай тапшылығы» туралы» деген мақаланы Думада мұнай синдикаты туралы мәселенің талқылануына байланысты жазады. |
| *27 март (9 апрель).* | Лениннің «Жиналыстар туралы кадеттік заң жобасы» деген мақаласы «Правда» газетінің 72-номерінде бас мақала болып жарияланады. |
| *29 март (11 апрель).* | Лениннің «Балқан соғысы және буржуазиялық шовинизм» деген мақаласы «Правда» газетінің 74-номерінде жарияланды. |
| *Март.* | Ленин ««Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген мақаланың жоспарын» жазады. |
| | Ленин Р. Люксембургтің «Капиталдың қорлануы» деген кітабына сын ескертпелер жазады. |
| *Март — апрель.* | Ленин «Роза Люксембургтің Маркс теориясына сәтсіз қосымшасы» деген мақаланың жоспарын құрастырады. |
| | Ленин «Әңгіме» деген мақала жазады. |
| *Март — август.* | Ленин «Monatliche Übersicht der bedeutenderen Erscheinungen des deutschen Buchhandels». 48. Jahrg., 1913. J. C. Hinrichs'sche Buchhandlung in Leipzig. («Неміс кітап рыногының азды-көпті көрнекті деген жаңа кітаптарына ай сайынғы шолу». Шыға бастағанына 48 жыл, 1913. Лейпцигтегі Хинрикстің кітап магазині) деген анықтаманы үнемі қарап отырады. |
| *5 (18) апрель.* | Ленин Краковте Халық университетінде «Қазіргі Россия және жұмысшы қозғалысы» деген тақырыпта баяндама жасайды; баяндама |

туралы есеп поляктің «Naprzód» («Алға») газетінің 1913 жылғы 22 апрельдегі 92-номерінде жарияланды.

*6 (19) апрель.* «Просвещение» журналының Карл Маркстің қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған 3-номері шығады, онда В. И. Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген мақаласы басылады.

*10 (23) апрель.* Лениннің «Білімпаз депутаттар» деген мақаласы «Правда» газетінің 83-номерінде жарияланды.

*11 (24) апрель.* Лениннің ««Кімге тиімді?»» деген мақаласы «Правда» газетінің 84-номерінде жарияланды.

*12 (25) апрель.* Лениннің «Англияда» деген мақаласы «Правда» газетінің 85-номерінде жарияланады.

*12 (25) апрель — 2 (15) июнь.* Лениннің «Даулы мәселелер» деген жалпы тақырыппен жазылған сериялы мақалалары «Правда» газетінің 85, 95, 110, 122, 124 және 126-номерлерінде жарияланды.

*13 (26) апрель.* Ленин Лейпцигте «Россиядағы қоғамдық өрлеу және социал-демократтардың міндеті» деген тақырыпта реферат оқиды.

*14 (27) апрель.* Лениннің «Мәдениетті европалықтар және жабайы азиаттар» деген мақаласы «Правда» газетінің 87-номерінде жарияланды.

*18 апрельден (1 майдан) ертерек.* Ленин ұлт мәселесі жөнінде өзі жазған сөздің жобасын Думада сөйлеуі үшін IV Мемлекеттік дума депутаты Г. И. Петровскийге жібереді.

Ленин «Правданың» редакциясына бірінші майға арналған листовкаларды жібереді.

*18 апрель (1 май).* Ленин Краковте жұмысшылардың бірінші майға арналған жиналысына қатысады.

*20 апрель (3 май).* Лениннің «Көпестердің есебі» деген мақаласы «Правда» газетінің 90-номерінде жарияланды.

*21 апрель (4 май).* Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарына жазған хатында өзіне жаңа заң жобалары мен Думаның анықтама мате-

риалдарын және Думаға түсіп жатқан арыздарды жіберіп тұруды өтінеді; «Правданы» шығару жақсара түскенін атап көрсетеді.

Лениннің «Техниканың ұлы жеңістерінің бірі» деген мақаласы «Правда» газетінің 91-номерінде жарияланды.

*23 апрельден (6 майдан) ертерек.* Ленин латыш социал-демократы И. Э. Германға жазған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясының алдағы IV съезіне большевик-латыштардың платформасын әзірлеп, жариялауға кеңес береді, платформаның негізгі пункттерін баяндайды.

*23 апрель (6 май).* «Правданың» шыға бастағанына бір жыл толуына арналған мерекелік номерінде (№ 92) Лениннің «Қорытындылар мен фактілер жайында» және ««Правданың» бір жылдығы (Жұмысшы газетін жұмысшылардың қолдауы)» деген мақалалары жарияланады.

*23 немесе 24 апрель (6 немесе 7 май).* Ленин мен Крупская жазға салым Поронин деревнясына (Краковке таяу) көшіп келеді.

*26 апрель (9 май).* Ленин «Буржуазияның халықаралық саясаты» деген мақала жазады. Мақала 4 (17) майдағы «Правда» газетінің 101-номерінде жарияланды.

Ленин «Россиядағы сепаратистер мен Австриядағы сепаратистер» деген мақала жазады. Мақала 8 (21) майда «Правда» газетінің 104-номерінде жарияланады.

*Ерте дегенде 26 апрель (9 май).* Ленин А. М. Горькийге жазған хатында одан «Просвещение» журналының май айындағы номеріне арнап мақала немесе әңгіме жазуын өтінеді; металлистер одағының жаңа басқармасының сайлауында большевиктердің жойымпаздарды жеңіп шыққанын хабарлайды; Н. К. Крупскаяның сырқаттанып қалғанын айтады; «Правданың» мерекелік номері жөнінде және Демьян Бедныйдың мысалдары жөнінде пікір сұрайды.

*27 апрель (10 май).* Ленин большевик депутат А. Е. Бадаевтың Думада сөйлеуі үшін «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» деген сөздің жобасын жазады.

Ленин «Капитализм және әйелдер еңбегі» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) майда «Правда» газетінің 102-номерінде жарияланды.

*27 апрель және 1 май (10 және 14 май).* Лениннің «Қоныс аудару ісінің маңызы» деген мақаласы «Правда» газетінің 96 және 99-номерлерінде жарияланады.

*28 апрель (11 май).* Ленин «Қытайдағы партиялар күресі» деген мақала жазады. Мақала 3 (16) майда «Правда» газетінің 100-номерінде жарияланды.

Ленин «Деревняның «тыныштанғаны» туралы помещиктің әуені» деген мақала жазады. Мақала 4 (17) майда «Правда» газетінің 101-номерінде жарияланды.

*29 апрель (12 май).* Металлистер одағы басқармасын сайлауда большевиктердің жеңіске жетуіне байланысты Ленин «Правда» газетінің редакциясына хат жазып, онда жойымпаздарға қарсы күресте одақтың бірлігін нығайту туралы және «Металлист» журналына көмектесу туралы нұсқаулар береді.

*29—30 апрель, (12—13 май).* Ленин қарындасы М. И. Ульяноваға жазған хатында Поронинdегі тұрмыстың жайын хабарлайды; «Правданың» мерекелік номерінің шығуына байланысты өзінің қанағаттанған сезімін білдіреді.

*Апрель — июнь.* Ленин Поронинде ашылғалы отырған партия мектебін ұйымдастыру және оған адамдарды іріктеп алу жұмыстарына басшылық етеді; оқу программасын жасайды, оған саяси экономияны, Россиядағы социализмнің теориясы мен практикасын, ұлт мәселесі мен аграрлық мәселені енгізеді; Г. В. Плеханов пен А. М. Горькийге хат жазып, оларды лекция оқу және тыңдаушылармен әңгімелер өткізу үшін осында келуге шақырады.

*2 (15) май.* Ленин «Буржуазия және бейбітшілік» деген мақала жазады. Мақала 7 (20) майда «Правда» газетінің 103-номерінде бас мақала болып жарияланды.

Ленин «Бельгиядағы стачканың сабақтары» деген мақала жазады. Мақала 8 (21) майда

«Правда» газетінің 104-номерінде жарияланды.

*май.* Ленин «Жұмысшы табы және ұлт мәселесі» деген мақала жазады. Мақала 10 (23) майда «Правда» газетінің 106-номерінде бас мақала болып жарияланды.

*май.* «Просвещение» журналының 4-номері шығады, онда Лениннің «Вехишілдер және ұлтшылдық» деген мақаласы басылды.

Лениннің «Либералдар және одақтар бостандығы» деген мақаласы «Правда» газетінің 101-номерінде бас мақала болып жарияланады.

Ленин «Тағы да қоныс аудару мәселесі туралы» және «Құрылыс өнеркәсібі және құрылыс жұмысшылары» деген мақалалар жазады. Мақалалар 9 (22) майда «Правда» газетінің 105-номерінде жарияланды.

*май.* Лениннің ««Луч» пен «Правда» оқушыларының есіне» және «Иосиф Дицгеннің қайтыс болуының жиырма бес жылдығына» деген мақалалары «Правда» газетінің 102-номерінде жарияланады.

Ленин ««Британ социалистік партиясының» съезі» деген мақала жазады. Мақала 14 (27) майда «Правда» газетінің 109-номерінде жарияланды.

Ленин «IV Думаға баға» деген мақала жазады. Мақала 15 (28) майда «Правда» газетінің 110-номерінде жарияланды.

*май.* Лениннің «Азияның оянуы» деген мақаласы «Правда» газетінің 103-номерінде жарияланады.

*май.* Ленин «Шаруалар әлденіп келе ме әлде кедейленіп бара ма?» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) майда «Правда» газетінің 111-номерінде жарияланды.

Ленин «Артта қалған Европа және алдыңғы қатарлы Азия» және «Помещиктер шет кәсіптегі ауыл шаруашылық жұмысшылары туралы» деген мақалалар жазады. Мақалалар 18 (31) майда «Правда» газетінің 113-номерінде жарияланды.

Ленин «Дөрекі алдау» деген мақала жазады.

*Ерте дегенде 10 (23) май.* Ленин ««Луч» газетінің 189-номеріндегі бас мақала жөнінде» деген мақала жазады.

*11 (24) май.* Ленин «Даулы мәселелер» деген мақаланың үшінші тарауын жазады. Бұл тарау 15 (28) майда «Правда» газетінің 110-номерінде жарияланды.

Ленин ««Шетелдіктердің жетістіктері» жөнінде» деген мақала жазады.

*Ерте дегенде 10 (25) май.* Ленин «Правданың» редакциясына жазған хатында правдистерді газеттің жақсарғанымен құттықтайды және «жүз мың оқушыны өз жағына тартуға» қалай жету жөнінде практикалық кеңестер береді.

*16 (29) май.* Ленин «Жерге орналастырудың помещиктік тәсілі», «Қарулану және капитализм» деген мақалалар және «Дәрменсіздік және сасқалақтау туралы» деген заметка жазады. Мақалалар мен заметка 21 майда (3 июньде) «Правда» газетінің 115-номерінде жарияланды.

*17 (30) май.* Ленин «Либералдық саясат» деген мақала жазады.

Ленин «Тұрмыс қымбатшылығы және капиталистердің «ауыр» тұрмысы» және «Герман социал-демократиясы және қарулану» деген мақалалар жазады. Мақалалар 22 майда (4 июньде) «Правда» газетінің 116-номерінде жарияланды.

*19 май (1 июнь).* Лениннің «Жақсы емес!» деген мақаласы «Правда» газетінің 114-номерінде жарияланды.

Ленин «Даулы мәселелер» деген мақаланың төртінші тарауын жазады. Бұл тарау 16 (29) майда «Правда» газетінің 122-номерінде жарияланды.

Ленин «Капиталистік байлықтың өсуі» деген мақала жазады. Мақала 9 (22) июньде «Правда» газетінің 131-номерінде жарияланды.

*20 май (2 июнь).* — Ленин «Неміс католиктерінің бұқараны ұйымдастыруы» деген мақала жазады. Мақала 26 майда (8 июньде) «Правда» газетінің 120-номерінде жарияланды.

Ленин «Жұмысшыларға берілетін демалыс туралы» деген мақала жазады. Мақала 31 майда (13 июньде) «Правда» газетінің 124-номерінде жарияланды.

*21 майдан (3 июньнен) ертерек.* — Ленин «Даулы мәселелер. Ашық партия және марксистер» деген мақаланың V және VI тараулары жоспарының нобайын жазады.

*21 май (3 июнь).* — Ленин «Даулы мәселелер» деген мақаланың бесінші тарауын жазады. Бұл тарау 31 майда (13 июньде) «Правда» газетінің 124-номерінде жарияланды.

— Ленин «Либералдың бүкпесіз айтқан сөздері» деген мақала жазады. Мақала 1 (14) июньде «Правда» газетінің 125-номерінде жарияланды.

*22 майдан (4 июньнен) кешірек.* — Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жазған хатында адресат алған 1500 франкті ереуіл жасап жатқан Бельгия жұмысшыларына көмек ретінде орыс жұмысшылары жинағанын хабарлайды.

*23 май (5 июнь).* — Ленин «Даулы мәселелер» деген мақаланың алтыншы тарауын жазады. Бұл тарау 2 (15) июньде «Правда» газетінің 126-номерінде жарияланды.

*23—25 май (5—7 июнь).* — Ленин «Фабриканттар жұмысшы стачкалары туралы» деген мақала жазады. Мақала 30 майда (12 июньде), 2 (15), 5 (18), 9 (22) июньде «Правда» газетінің 123, 126, 127 және 131-номерлерінде жарияланды.

*25 майдан (7 июньнен) ертерек.* — Ленин латыш большевиктеріне Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның жобасын жазады. Жоба 1913 жылы августа латыш тілінде «Ciņas Biedris» газетінде жарияланды.

Ленин латыш социал-демократы И. Рудису-Гипслиске хат жазып, онда И. Э. Германға Латыш өлкесі социал-демократиясының IV

съезіне арналған большевиктік платформаның жобасын жібергенін хабарлайды.

*25 май (7 июнь).* Ленин «1912 және 1905 жылдардағы экономикалық стачкалар» деген мақала жазады. Мақала 8 (21 июньде) «Правда» газетінің 130-номерінде жарияланды.

Ленин «1912 жылғы стачкалардың бұрынғыға қарағанда табыстылығы» деген мақала жазады. Мақала 12 (25) июньде «Правда» газетінің 133-номерінде жарияланды.

*27 май (9 июнь).* Ленин ««Тарихи» формуланың мацызы» деген мақала жазады. Мақала 2 (15) июньде «Правда» газетінің 126-номерінде жарияланды.

Ленин «Қолдайтын кім?» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) июньде «Правда» газетінің 127-номерінде жарияланды.

Ленин «Жұмысшы партиясы және либерал желөкпелер (Потресов туралы)» деген мақала жазып, онда Г. В. Плехановтың жойымпаздыққа қарсы позициясына шабуыл жасағаны үшін А. Н. Потресовты сынайды.

*Ерте дегенде 27 май (9 июнь).* Ленин 1913 жылғы «Новый экономист» журналының 21-номерінің деректері бойынша Америкадағы табыс салығы туралы статистикалық кесте құрастырады. Материалдар «Капитализм және салықтар» деген мақалада пайдаланылды.

*28 май (10 июнь).* Ленин «Халықтарды соғысқа итермелеп отырған капиталистердің агенттері» және «Кадет мырзалар Пуришкевичті жақтайды» деген мақалалар жазады.

Ленин ««Правда» бундшылдардың сепаратизмін дәлелдеді ме?» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) июньде «Правда» газетінің 127-номерінде жарияланды.

Ленин «Либералдар IV Думаны жақтаушылар ролінде» деген мақала жазады. Мақала 6 (19) июньде «Правда» газетінің 128-номерінде бас мақала болып жарияланды.

*30 май (12 июнь).* Ленин «Франциядан» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) июньде «Правда» газетінің 127-номерінде жарияланды.

Ленин «Шаруалар және жұмысшы табы» деген мақала жазады. Мақала 11 (24) июньде «Правда» газетінің 132-номерінде жарияланды.

Ленин «Германияда» деген мақала жазады.

*Май.* Лениннің «Тап күресінің либералдық және маркстік ұғымы туралы» деген заметкасы «Просвещение» журналының 5-номерінде жарияланды.

*1 (14) июнь.* Ленин «Капитализм және салықтар» деген мақала жазады. Мақала 7 (20) июньде «Правда» газетінің 129-номерінде жарияланды.

*3 (16) июнь.* Ленин Богдановқа қарсы «Партия тарихындағы негізгі мәселе (Богданов)» деген заметка жазып, оны «Правданың» редакциясына жібереді.

Ленин «Правданың» редакциясына жазған хатында газеттің ұлғайтылған форматпен шығуымен құттықтайды; газет тиражын көбейту жөнінде практикалық кеңестер береді; көпшілікке арналған жексенбілік қосымшалар шығаруға ақыл қосады; жіберілген қателер үшін сынап, оларды түзетуді талап етеді; «Правданың» А. Богдановтың хаттарын басуына өзінің теріс қарайтындығын хабарлайды.

Ленин М. С. Ольминскийге (Витимскийге) хат жазады, онда М. С. Ольминскийдің 10 (23) майда және 30 майда (12 июньде) «Правданың» 106 және 123-номерлерінде басылған «Кім кіммен бірге?» және ««Правда»» деген мақалаларына пікір айтады, сондай-ақ «Правданың» редакциялық коллегиясына арнап «Богданов мырза және «Вперед» тобы туралы мәселе жөнінде» деген тақырыппен екінші хат жазады.

Ленин Петербургке металлистер кәсіподағы басқармасына мүше большевиктерге хат жазады, онда «Металлист» журналына мақалалар жазып тұруға және басқа авторларды тартуға уәде етеді; жойымпаздарға қарсы күресті күшейту жөнінде нұсқаулар береді.

*4 (17) июнь.* Ленин «Теріс баға («Луч» Маклаков туралы)» деген мақала жазады.

| | |
|---|---|
| *5 (18) июнь.* | Ленин «Депутат Франк бұқаралық стачканы жақтайды» деген мақала жазады. Мақала 11 (24) июньде «Правда» газетінің 132-номерінде жарияланды. |
| *6 (19) июнь.* | Ленин «Жұмысшы табы және неомальтусшілдік» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) июньде «Правда» газетінің 137-номерінде жарияланды. |
| | Ленин «Буржуазияшыл жылпос-финансистер мен саясатшылар» деген мақала жазады. Мақала 23 июньде (6 июльде) «Правда» газетінің 142-номерінде жарияланды. |
| *Кеш дегенде 7 (20) июнь.* | Ленин депутат Н. Р. Шаговтың Думада сөйлеуіне арнап «Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты (жалпы) туралы мәселе жөнінде» деген сөздің жобасын жазады. |
| *7 (20) июнь.* | Ленин «Бір өтірік туралы» деген тақырыппен «Правданың» редакциясына хат жазады. Хат 15 (28) июньде «Правда» газетінің 136-номерінде жарияланды. |
| | Ленин «Буржуазиялық үкіметке қатысу» деген мақала жазады. |
| | Ленин «Егіншіліктегі ұсақ өндіріс» деген мақала жазады. Мақала 18 (31) июльде «Рабочая Правда» газетінің 5-номерінде жарияланды. |
| *8 (21) июнь.* | Ленин «Шаруа шаруашылығындағы бала еңбегі» деген мақала жазады. Мақала 12 (25) июньде «Правда» газетінің 133-номерінде жарияланды. |
| | Ленин «Қызық съезд» деген мақала жазады. Мақала 13 (26) июньде «Правда» газетінің 134-номерінде жарияланды. |
| | Ленин «Австралияда» деген мақала жазады. Мақала 13 (26) июньде «Правда» газетінің 134-номерінде жарияланды. |
| | Ленин ««Халыққа» арналған арзан ет» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) июньде «Правда» газетінің 137-номерінде жарияланды. |
| *8 (21) июньнен кешірек.* | Ленин май және июнь айларында жазған мақалаларының тізімін жасайды. Бұлардың біразы «Правда» газетінде жарияланды. |

| | |
|---|---|
| *9—11 (22—24) июнь.* | Н. К. Крупскаяның сырқаттануына байланысты Ленин онымен бірге Поронинннен Бернге барады. Бернге бара жатқан жолда олар Венаға аялдайды. |
| *12 (25) июньнен ертерек.* | Ленин большевиктердің Париж секциясына хат жазып, социал-демократиялық құпия әдебиетті және Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетін шығаруға көмектесуді өтінеді. |
| *12 (25) июнь мен 24 июль (6 август) аралығында* | Бернде ауруханада жатқан Н. К. Крупскаяға Ленин күн сайын барып тұрады; кітапханаларда жұмыс істейді. |
| | Ленин орыс студенттерінің өзара жәрдем кассасы ұйымдастырған концертте болады. Ленин М. С. Кедровқа барып тұрды, оның орындауында Бетховеннің және басқа композиторлардың шығармаларын тыңдады. |
| *12 (25) июнь.* | Лениннің «Капиталистер және қарулану» деген мақаласы «Правда» газетінің 133-номерінде жарияланды. |
| *Ерте дегенде 12 (25) июнь.* | Ленин «Правданың» редакциясына жолдаған хатында А. Богдановқа қарсы жазған заметкасының басылмай жатқаны үшін редакцияны сынайды. |
| *13 (26) июнь.* | Ленин Парижге Л. Б. Каменевке жазған хатында Швейцарияның төрт қаласында «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген тақырыпта реферат оқығысы келетінін хабарлайды; РСДРП Орталық Комитеті мүшелері кеңесінің август айына дейін кейінге қалдырылғаны жайында жазады. |
| *15 (28) июнь.* | Лениннің «Революцияшыл пролетарпаттың маевкасы» (бас мақала) және «Публицистің заметкалары» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 31-номерінде жарияланады. |
| *16 (29) июнь.* | Ленин Л. Б. Каменевке жазған хатында Петербург Комитеті мен металлистер одағы жөнінде жақсы хабарлар алғаны туралы, Поронинде ұйымдастырылып жатқан партия мектебі туралы, А. М. Горькийдің осы мектепте лекция оқуға келісім бергені туралы жазады. |

| | |
|---|---|
| *17 (30) июнь.* | Ленин Петербургке Н. И. Подвойскийге жолдаған хатында Думадағы социал-демократиялық фракцияның өз қызметі туралы есепті әзірлеуіне байланысты меньшевик-депутаттар жөніндегі тактика туралы IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарына нұсқаулар береді. |
| *20 июнь (3 июль).* | Лениннің «Либералдардың IV Думаны қолдауға шақырулары туралы» мақаласы «Правда» газетінің 139-номерінде жарияланады. |
| *26 июньнен (9 июльден) ертерек.* | Ленин «Ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді» құрастырумен шұғылданады және ұлт мәселесі жөніндегі рефераттың жоспарларын әзірлейді. |
| *26 июнь (9 июль).* | Ленин Цюрихте ұлт мәселесі жөнінде реферат оқиды; жарыс сөздерді жазып алады. |
| | Петербург сот палатасы Н. Лениннің ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсақ»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» (СПБ., 1907) деген кітапшасын жойып жіберу туралы шешім шығарады. |
| *26 июнь мен 24 июль (9 июль мен 6 август) аралығында.* | Ленин ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді талдап жасауға байланысты бірқатар деректемелерден үзінділер жазып алады. |
| *27 июнь (10 июль).* | Ленин Женевада бір күн болғанда ондағы большевиктер тобын партиядағы істің жайымен хабардар етеді. |
| | А. Ф. Ильин-Женевскийден Петербургтегі орта мектеп оқушыларының кәсіптік ұйымының жұмысы туралы сұрастырады. |
| | Ленин Женевада «Социал-демократия және ұлт мәселесі» деген тақырыпта реферат оқиды; жарыс сөздерді жазып алады. |
| *28 июнь (11 июль).* | Ленин Лозаннада ұлт мәселесі жөнінде реферат оқиды. |
| *30 июнь (13 июль).* | Ленин Бернде ұлт мәселесі жөнінде реферат оқиды; жарыс сөздерді жазып алады. |
| *Июльдің басы.* | Ленин «Өнегелі сөздер» деген мақала жазады. |

| | |
|---|---|
| *2 (15) июль.* | Лениннің «Өмір көріністері» деген мақаласы «Правда» газетінің 149-номерінде жарияланды. |
| *5 (18) июль.* | Лениннің «Таратылған Дума және абыржыған либералдар» деген мақаласы «Правда» газетінің 151-номерінде бас мақала болып жарияланды. |
| *Ерте дегенде 7 (20) июль.* | Ленин «Frankfurter Zeitung» газетінің 1913 жылғы 20 июльдегі номерінде басылған хабарлар бойынша статистика және саясат мәселелері жөнінде шыққан кітаптар туралы библиографиялық заметкалар (неміс тілінде) құрастырады. |
| *12 (25) июль.* | Ленин А. М. Горькийге жазған хатында «Правданың» жабылуына байланысты большевиктік газетті қайтадан шығаруға Горькийдің көмек ету мүмкіндігі туралы мәселені талқылау үшін онымен өзінің Берннен Поронинге қайту сапарында Бернде, Цюрихте немесе Мюнхенде кездесуді ұсынады. |
| *13 (26) июль.* | Ленин анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында Н. К. Крупскаяға жасалған операцияның сәтті өткенін, таяу арада Поронинге қайта оралатындығын хабарлайды және қандай қалаларда тоқталмақ ниеті барын айтады. |
| | Лениннің «Жезөкшелікпен күрес жөніндегі халықаралық бесінші съезд» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 1-номерінде жарияланды. |
| *16 (29) июль.* | Лениннің «Сөз бен іс» (бас мақала), «Кадеттер украин мәселесі туралы», «Германиядағы партиялар туралы ең жаңа деректер» және «Ағылшын оппортунистерін әшкерелеу» деген мақалалары «Рабочая Правда» газетінің 3-номерінде жарияланды. |
| *17 (30) июль.* | Лениннің «Озық капиталдың идеялары» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 4-номерінде жарияланды. |
| *18 (31) июль.* | Лениннің «Халыққа білім беру үшін не істеуге болады» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 5-номерінде жарияланды. |

| | |
|---|---|
| *21 июль (3 август)* | Лениннің «Өнеркәсіптің «сәнге айналған» салаларының бірі» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 8-номерінде жарияланды. |
| | Ленин Бернде РСДРП шетелдік ұйымының II конференциясында «Партия ішіндегі істің жайы туралы» баяндама жасайды. |
| *22—24 июль (4—6 август).* | Ленин мен Крупская Берннен Поронинге жүріп кетеді; жолшыбай Цюрихте, Мюнхенде және Венада аялдайды. |
| *24 июль (6 август).* | Лениннің «Өлі жойымпаздық және тірі «Речь»» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 10-номерінде жарияланды. |
| *25 июль (7 август).* | Ленин «Прибой» тобын РСДРП Орталық Комитетінің баспасы деп тану жөнінде РСДРП Орталық Комитетінің осы топпен келісімінің жобасын жазады. |
| *26 июль (8 август).* | Лениннің «Үлесті жерлерді мобилизациялау» деген мақаласы «Рабочая Правда» газетінің 12-номерінде жарияланды. |
| *27 июль (9 август).* | Ленин Поронинде РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесіне басшылық етеді. Кеңесте партиядағы жағдай және оның кезектегі міндеттері туралы, Думадағы социал-демократиялық фракция туралы, партия мектебі туралы, баспасөз, атап айтқанда, Москвада большевиктік газет құру туралы, «Правда» туралы, Орталық орган — «Социал-Демократ» газеті, «Просвещение» журналы, «Прибой» кітап баспасы туралы, приказчиктер съезі мен кооперация съезі туралы мәселелер талқыланады. |
| | Ленин РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің Орталық Комитетке жаңа мүшелерді кооптациялау және Орталық Комитеттің агенттерін—«сенім артылған адамдарды» іріктеп алу жөніндегі оңаша кеңесіне қатысады. |
| *3 (16) август.* | Лениннің «Россияда тұтынудың жан басына шаққандағы мөлшерін қалай арттыруға болады?» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 3-номерінде жарияланды. |
| *4 (17) август.* | Лениннің Август Бебельдің қайтыс болуына байланысты РСДРП Орталық Комитеті аты- |

нан көңіл айтуы «Vorwärts» газетінің 211-номерінде жарияланды.

*8 (21) август.* Лениннің «Август Бебель» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 6-номерінде жарияланды.

*8 (21) август пен 29 сентябрь (12 октябрь) аралығында.* Ленин «Северная Правда» газетінің редакциясына жазған хатында «В. Засулич жойымпаздықты қалай талқандап отыр» деген өзінің мақаласын «Просвещение» журналына жібергенін хабарлайды және бұл мақаланы сондай-ақ газетте де басуды өтінеді; газетті күн сайын емес, апта сайын шығаруға кеңес береді; өзіне «Рабочая Правда», «Живая Жизнь», «Северная Правда», «Новая Рабочая Газета» газеттерін жіберіп тұруды сұрайды.

*11 (24) август.* Лениннің «Либерализмнің демократиядан бөлінуі» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 9-номерінде бас мақала болып жарияланды.

Ленин С. Г. Шаумянға жазған хатында ұлт мәселесі туралы материалдар және Кавказдағы ұлттардың статистикасын жіберуді өтінеді.

*12 (25) август.* Ленин В. М. Каспаровқа жазған хатында «Северная Правданың» 1-номерінен басқа барлық номерлерін, «Новая Рабочая Газета» мен «Наш Путьті» жіберуді және А. С. Енукидзеге (Авельге) бұл газеттерді Петербургтен буржуазиялық газеттерге орап салу керектігін айтуды өтінеді.

*18 (31) август.* Лениннің «Тамаша іс» және «Еврей мектебін бөлектеу» деген мақалалары «Северная Правда» газетінің 14-номерінде жарияланды.

*21 август (3 сентябрь).* Лениннің «Шаруа шаруашылығында темірді тұтыну» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 16-номерінде жарияланды.

Петербург сот палатасы Н. Лениннің «Мартов пен Череваниннің буржуазиялық баспасөздегі әрекеті» (СПБ., 1906) деген кітапшасын жойып жіберу жөнінде шешім шығарады.

| | |
|---|---|
| *Ерте дегенде 23 август (5 сентябрь).* | Ленин большевиктік «Рабочая Правда» мен «Северная Правда» газеттеріне жұмысшылар жинаған қаржыны есептеп шығарады. |
| *24 август — 25 октябрь (6 сентябрь — 7 ноябрь).* | Лениннің «Металлистердің 1912 жылғы стачкалары» деген мақаласы «Металлист» журналының 7, 8 және 10-номерлерінде жарияланды. |
| *25 және 29 август (6 және 11 сентябрь) аралығында.* | Ленин металлистердің кәсіптік одағы басқармасынан одақ басқармасын сайлау кезінде большевиктердің жеңіске жетуіне байланысты құттықтау телеграмма алады. |
| *Ерте дегенде 27 август (9 сентябрь).* | Ленин «Северная Правда» және «Новая Рабочая Газета» газеттері бойынша металлистердің кәсіптік одағы басқармасына және тексеру комиссиясына мүшелікке кандидаттардың тізімін жасайды және олардың жалпы санын есептеп шығарады. |
| *27 және 28 август (9 және 10 сентябрь).* | Лениннің «Россиялық буржуазия және Россиялық реформизм» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 21-номерінде және «Наш Путь» газетінің 3-номерінде жарияланды. |
| *28 және 29 август (10 және 11 сентябрь).* | Лениннің «Азаттық қозғалысындағы сословиелер мен таптардың ролі» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 22-номерінде және «Наш Путь» газетінің 4-номерінде жарияланды. |
| *29 және 30 август (11—12 сентябрь).* | Лениннің «Дублиндегі таптық шайқас» және «Жер «реформасының» жаңа шаралары» деген мақалалары «Северная Правда» газетінің 23 және 24-номерлерінде, «Наш Путь» газетінің 4 және 5-номерлерінде жарияланды. |
| *31 август (13 сентябрь).* | Ленин Герман социал-демократиялық партиясының партиялық архивіне—Берлинге Макс Грюнвальдқа хат жазып, онда В. М. Каспаровқа орыс социал-демократиясының архивінде жұмыс істеуге рұқсат етуді өтінеді. |
| *Август.* | Лениннің «Біздің партияның «кәкейтесті мәселелері». «Жойымпаздық» және «ұлттық» мәселелер» деген мақаласы поляктың «Pismo Dyskucyjne» журналының 1-номерінде жарияланады. |

*1 (14) сентябрь.* Ленин «Прибой» баспасының өкіліне жария партиялық әдебиет пен қауіпсіздендіру мәселелері жөнінде журнал шығаруды жолға қою туралы, сондай-ақ «Просвещение» журналының өкіліне журналды бұдан былай қалай шығару туралы нұсқаулар береді.

Лениннің «Көпес Салазкин және жазушы Ф. Д.» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 26-номерінде жарияланды.

*3 (16) сентябрь.* Лениннің «Марксизм үшін күрес» және «Дублиндегі шайқастан кейін бір апта өткен соң» деген мақалалары «Северная Правда» газетінің 27-номерінде жарияланды. Екінші мақала сондай-ақ «Наш Путь» газетінің 8-номерінде жарияланды.

*4 (17) сентябрь.* Лениннің «Саясаттың принциптік мәселелері» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 28-номерінде және «Наш Путь» газетінің 9-номерінде жарияланды.

*5 және 7 (18 және 20) сентябрь.* Лениннің «Либералдар мен демократтар тіл туралы мәселеде» деген мақаласы «Северная Правда» газетінің 29-номерінде және «Наш Путь» газетінің 12-номерінде жарияланды.

*6 (19) сентябрь.* Петербург сот палатасы Н. Лениннің «Социал-демократия және Дума сайлауы» (СПБ., 1907) деген кітапшасын жойып жіберу туралы шешім шығарады.

*7 (20) сентябрь.* Лениннің «Буржуазия және үкімет» деген мақаласын «Наш Путь» газетінің 12-номерінен цензура алып тастады.

*8 және 10 (21 және 23) сентябрь.* Лениннің «Цифрлар тілі» деген мақаласы «Наш Путь» газетінің 13 және 14-номерлерінде жарияланды.

*11, 12 және 14 (24, 25 және 27) сентябрь.* Лениннің «Буржуа мырзалар «еңбек» егіншілігі туралы» және «Гарри Квелч» деген мақалалары «Наш Путь» газетінің 15 және 16-номерлерінде, «Правда Труда» газетінің 1 және 4-номерлерінде жарияланды.

# МАЗМҰНЫ



---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР



---

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.
Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 23. Март — сентябрь, 1913.
648 бет.

## ТҮЗЕТУ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 20-томы 361-бетінің бірінші жолы «...татулығы болуы мүмкін емес екендігіне көзін әбден жеткізді» деп, одан әрі текст бойынша оқылсын.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
*Л. Ф. Никольская* мен *Е. Ф. Полковникова*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
*Я. С. Цырульников*

Есімдер көрсеткішін дайындаған
*Б. М. Яковлев*

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 300

Сдано в набор 28/X-76 г. Подписано к печати 16/IX-77 г.
Формат 84×108 1/32—21,125+1 вклейка 1/16 печ. листа=35,70 усл. печ. л. (30,68 уч.- изд. л.)
Тираж 15000 экз. Бумага тип. № 1. Цена 65 коп.
Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 926. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.